Том 1

г. Балхаш, з. 4806—100000—1989г.

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

1

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК
ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША БАСЫЛЫП ОТЫР

*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚАЗАҚСТАН
КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР.

ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА при ЦК КПСС

В. И. ЛЕНИН

ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ

ИЗДАНИЕ ПЯТОЕ

ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
МОСКВА · 1971

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ—ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

ОРЫСША БЕСІНШІ БАСЫЛУЫНАН АУДАРЫЛДЫ

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1973

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ–КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ–ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

ЛЕНИН

1
ТОМ

1893–1894

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1973

3 К 2
Л 40

Л $\frac{0112-234}{М\ 401\ (07)-73}$ 3 — 73

ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысы бойынша КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты В. И. Ленин Шығармаларының 55 томдық толық жинағын шығарып отыр.

В. И. Ленин Шығармаларының бірінші басылуы партияның IX съезінің қаулысы бойынша 1920 жылдан 1926 жылға дейінгі кезеңде 20 том болып жарық көрді. Барлығы 26 кітап шықты (6 том 2 бөлімнен құралды), бұл кітаптарда В. И. Лениннің 1500-ден астам шығармасы басылды. В. И. Ленин Шығармаларының бірінші басылуы әсте толық емес еді, оған Лениннің «Искра», «Пролетарий», «Правда» газеттерінде қолы қойылмай немесе бүркеншік аттармен жарияланған көптеген мақалалары енгізілмеді, өйткені бұлардың Лениннің мақалалары екені ол кезде әлі анықталмаған еді; сондай-ақ Лениннің басқа еңбектері мен хаттары да енгізілмеген болатын.

Шығармалардың екінші және мазмұны жағынан онымен бірдей үшінші басылулары СССР Советтерінің II съезі мен партияның XIII съезінің қаулысы бойынша 1925 жылдан 1932 жылға дейінгі кезеңде жарық көрді. Бұл басылулардың әрқайсысы 30 томнан тұрады. Бұл томдарға В. И. Лениннің 2700-ден астам шығармасы енді. Бірақ Шығармалардың екінші және үшінші басылулары да толық емес еді.

В. И. Ленин Шығармаларының төртінші басылуы партияның Орталық Комитетінің қаулысы бойынша 1941, 1946—1950 жылдары жарық көрді. Ол 35 томнан (мұның ішінде екі томы хаттар) тұрады. Бұл басылуына 2927 шығарма енді. Үшінші басылуымен салыстырғанда төртінші басылуына көптеген жаңа документтер (бұлардың 62-сі тұңғыш рет жарияланып отыр) енгізілді. Төртінші басылуын әзірлеген кезде В. И. Лениннің барлық шығармаларының тексті түп нұсқаларымен тағы да салыстырылды, осының нәтижесінде В. И. Лениннің қолжазбаларын ажыратып оқудағы кейбір қателер мен ағаттықтар, бұрынғы басылуларында жаңылыс жазылған сөздер түзетілді. Көптеген шығармалар төртінші басылуында жаңа, неғұрлым дәл және толық түп нұсқалар бойынша, мәселен, теріліп басылған текстің орнына қолжазбалар бойынша, газеттердегі қысқа есептердің орнына стенограммалар бойынша басылды. Бүкіл басылуына арнап атау, алфавит және басқа бірқатар көрсеткіштерді қамтитын екі бөлімді анықтауыш том шығарылды.

Алайда төртінші басылуына кезінде жарық көрген, сондай-ақ жарық көрмеген бірқатар документтер және көптеген дайындық материалдар енгізілмеген еді. Төртінші басылуын жаздырып алушылардың тілегін орындай отырып, Марксизм-ленинизм институты бұл басылуына қосымша 10 том шығарды.

Ленин еңбектерінің бесінші басылуына—В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағына үшінші және төртінші басылуларында жарық көрген материалдардың бәрі енеді, мұның өзі 3000-нан астам документ. Шығармалар жинағына Лениннің мынадай данышпандық еңбектері: ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?», «Россияда капитализмнің дамуы», «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы», «Материализм және эмпириокритицизм», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы», «Мемлекет және революция», «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский», «Комму-

низмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы», «Азық-түлік салығы туралы», «Кооперация туралы» және басқалары хронологиялық тәртіппен енгізіліп отыр. Бұл басылуына В. И. Лениннің «Искра», «Вперед», «Пролетарий», «Социал-Демократ», «Правда» газеттерінде, большевиктік журналдар мен жинақтарда басылған мақалалары, сондай-ақ орыс және шетел баспасөзінің әр түрлі органдарында жарық көрген мақалалары мен интервьюлері енгізіледі; сондай-ақ В. И. Лениннің партия съездерінде, конференцияларда, Советтер съездерінде, Коминтерн конгрестерінде жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздері, партияның басшы орталықтарының мәжілістерінде, бұқаралық жиналыстар мен митингілерде сөйлеген сөздері, В. И. Ленин авторы болған листовкалар, мәлімдемелер, үндеулер, программалық документтер, қарарлардың жобалары, декреттер, құттықтаулар, Лениннің хаттары, телеграммалары, записскалары, тура провод арқылы сөйлескен сөздерінің жазып алынған нұсқалары, анкеталар және басқа материалдар да енгізіледі.

Шығармалардың толық жинағына аяқталған шығармалармен қатар дайындық материалдары: жоспарлар, конспектілер, нобайлар, заметкалар, басқа авторлар жазған документтерге енгізілген түзетулер, сондай-ақ В. И. Лениннің басқа авторлардың кітаптарына, кітапшалары мен мақалаларына жасаған ескертпелері мен қойған белгілері, кітаптардан, журналдар мен газеттерден көшіріп алынған үзінділері де енгізіледі.

Шығармалардың толық жинағына «Философиялық дәптерлер», «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы» деген кітапқа арналған дайындық материалдары бар «Империализм жөніндегі дәптерлер», «Мемлекет және революция» деген кітапқа арналған дайындық материалдары бар «Марксизм мемлекет туралы» деген дәптер енгізіледі.

В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабына арналған дайындық материалдары, «Аграрлық мәселе жөніндегі материалдар», В. И. Лениннің К. Маркс пен Ф. Энгельстің жазысқан хаттарының 1913 жылы неміс тілінде шыққан төрт томдығын оқы-

ғанда жасаған конспектісі осы басылуына қосымша кітаптар ретінде шығарылады.

Бұдан бұрынғы басылуларымен салыстырғанда бесінші басылуының томдары «Искра» дәуіріне қатысы бар жаңа материалдармен — В. И. Лениннің Г. В. Плехановқа, Г. М. Кржижановскийге, С. И. және И. И. Радченколарға, В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хаттарымен, Лениннің бірінші орыс революциясы қарсаңына және осы революция кезеңіне қатысы бар едәуір жаңа документтерімен, сонын ішінде партияның III съезінің кейбір материалдарымен толықтырылды.

Шығармаларға тұңғыш рет енгізілген бірқатар документтер В. И. Лениннің реакция жылдарындағы және жұмысшы қозғалысының жаңа революциялық өрлеуі дәуіріндегі қызметін сипаттайды. Бұлар — негізінен Г. В. Плехановқа, В. А. Карпинскийге, Ф. А. Ротштейнге, Л. Тышкаға және басқаларға жазған хаттары. Бұл хаттарда В. И. Лениннің партияны сақтау және нығайту жолында жойымпаздарға қарсы күресі, марксизмнен идеялық жағынан ауытқушылықтар мен ауа жайылушылыққа қарсы күресі бейнеленеді.

В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағына аграрлық және ұлт мәселелері жөніндегі толып жатқан жаңа материалдар: хаттар, жоспарлар, оқылған кітап беттерінің жиегіне қойылған белгілер, кітаптардан көшіріп алынған үзінділер және олар жөніндегі ескертпелер, статистикалық мәліметтер және т. с. енгізіледі; бұлардың көбі тұңғыш рет жарияланып отыр.

Бұл басылуына бірінші дүние жүзілік соғысқа қатысы бар бірқатар жаңа документтер: «Европадағы соғыс және европалық социализм» деген жазылмай қалған кітапшаның жоспары, Циммервальд конференциясының материалдары, бірсыпыра хаттар енгізіліп отыр. Бұл документтердің бәрі В. И. Лениннің империалистік соғысқа қарсы, социал-шовинизм мен центризмге қарсы, жұмысшылардың интернационалдық топтасуы жолындағы күресін бейнелейді.

Шығармаларға Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы мен Октябрь социалистік революциясы туралы көптеген документтер: 1917 жылғы апрель-

дің 3-нен 4-не қараған түні Кшесинская сарайында болған большевиктер жиналысында сөйлейтін сөзінің материалдары, жазылып бітпеген өмірбаяны, күйзеліске қарсы күрестің экономикалық шаралары туралы қарардың конспектісі, хаттары және басқалар тұңғыш рет енгізіліп отыр.

Шығармаларға тұңғыш рет енгізіліп отырған, совет дәуіріне қатысы бар жаңа документтердің орасан зор маңызы бар. Бұл документтердің бірсыпырасы В. И. Лениннің елдің халық шаруашылығына басшылық ету жөніндегі қызметін, оның шаруашылық құрылысты басқарудың негізгі ережелерін талдап жасағанын бейнелейді. Мәселен, Шығармалардың толық жинағына «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген белгілі еңбегінің жоспарлары енгізілген; В. И. Ленин бұл еңбегінде социалистік құрылыстың программасын белгіледі, еңбек өнімділігінің, социалистік жарыстың маңызын түсіндірді. Осы және басқа шығармаларында В. И. Ленин шаруашылық құрылысқа басшылық етудегі демократиялық централизм принципін жан-жақты талдап жасады. Бірқатар документтерде В. И. Ленин жергілікті тәжірибені зерттеу, оны насихаттау және тарату қажеттігі туралы нұсқаулар береді, жұмысты қандай тәсілдер арқылы жақсартуға болатынын айқын көрсетеді.

Көптеген жаңа документтер советтік мемлекеттік аппараттың жұмысына арналған. Олар В. И. Лениннің бюрократизмге қарсы, аппаратты арзандату және ықшамдау, оның халықпен байланысын күшейту және еңбекшілердің ең қалың топтарын мемлекетті басқару ісіне тарту жолындағы, совет заңдарын қатаң сақтау жолындағы күресін бейнелейді. Шығармаларға «Программаның жалпы саяси бөлімінің үшінші пунктінің жобасы (партияның VIII съезінің программалық комиссиясы үшін)» енгізіліп отыр; бұл жобада В. И. Ленин пролетарлық, нағыз халықтық советтік демократияның мәнін, оның буржуазиялық демократиядан түбегейлі айырмашылығын айқын көрсетті.

Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңін қамтитын жаңа документтер В. И. Лениннің Жұ-

мысшы және Шаруа Қорғаныс Советінің председателі ретіндегі ұшан-теңіз қызметін, оның Қызыл Армияны нығайтуға, интервенттерді және ішкі контрреволюцияны талқандауға күш жұмылдыруға тынбастан жасаған қамқорлығын, оның әскери-стратегиялық жоспарлар мен директиваларды дайындау ісіне басшылығын сипаттайды.

Шығармаларға тұңғыш рет енгізілген бірқатар документтер В. И. Лениннің қоғамдық-саяси құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принциптерін негіздегенін, оның Совет мемлекетінің сыртқы саясатына басшылығын, бейбітшілік жолында, барлық елдермен іскерлік байланыстарды нығайту жолында жүргізген дәйекті күресін баяндайды.

Шығармалардың толық жинағында халықаралық жұмысшы қозғалысы туралы материалдарға көп орын берілген. Бұл басылуына «III Интернационалдың міндеттері туралы» деген мақаланың жоспары, халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы Коминтернның II конгресінде жасалатын баяндаманың жоспары, Коминтернның III конгресінің жұмысына байланысты документтер, «Біртұтас майдан туралы тезистерге ескертпелер» және басқалар тұңғыш рет енгізіліп отыр.

В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағына Лениннің 1922 жылғы декабрь мен 1923 жылғы январь аралығында айтып жаздырған аса маңызды документтері: «Өсиет» деген атпен мәлім болған «Съезге хаты», «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына заң шығару функцияларын беру туралы», «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хаттары енгізілген. Бұл документтер В. И. Лениннің «Күнделік дәптердің беттері», «Кооперация туралы», «Біздің революция туралы», «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек», «Аз да болса жақсы болсын» деген программалық маңызы бар соңғы еңбектеріне жалғасады.

В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағына тұңғыш рет енгізіліп отырған документтер көлемі жағынан 20 томға жуық. Лениннің жинақтарында, жур-

налдар мен газеттерде басылған бұл документтер оқушыларға онша таныс емес еді. Бұл документтердің Шығармаларға енгізілуі оларды қалың бұқараның оқыпүйренуін неғұрлым жеңілдете түседі.

Лениндік документтердің бәрі жаңа басылуда хронологиялық тәртіппен орналастырылады.

Тек әр кездерде жазылған шығармалардың тұтастығы мен өзара байланыстылығын сақтау қажет болған реттерде ғана хронологиялық тәртіп сақталған жоқ. Томдардың ішінде барлық материалдар жазылған уақытына қарай (сөздер мен баяндамалар — сөйленген және жасалған уақытына қарай), ал жазылған уақыты анықталмаған документтер жарияланған уақытына қарай орналастырылады. Ленин еңбектерінің жоспарлары мен конспектілері, мәселен, «Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы» деген мақаласының жоспарлары, «Империализм және социализмнің жіктелісі» деген еңбегінің жоспарлары осы еңбектер жарияланған томдарда «Дайындық материалдар» деген жалпы атпен томның айрықша бөлімінде беріледі.

Хат-хабарлар (хаттар, телеграммалар, бұйрықтар, жарлықтар, запискалар және т. с.) айрықша томдарға жинақталып, бүкіл басылудың соңында жариялапып отыр. В. И. Лениннің туған-туысқандарына жазған хаттары жеке том болады.

В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағының кейбір томдарына қосымшалар берілген, оларға арыздар, өтініштер, өмірбаяндық сипаттағы басқа да материалдар енгізілген.

Шығармалардың толық жинағы үшін В. И. Ленин шығармаларының тексті түп нұсқаларымен: Лениннің қолжазбаларымен, Лениннің өзі баспаға дайындаған еңбектерінің басылымдарымен, Лениннің көзі тірісінде газеттер мен журналдарда басылған мақалаларымен, Лениннің өзі редакциялап берген стенограммалармен, т. с. қайтадан салыстырылды. В. И. Лениннің шетел тілдерінде жазған еңбектері түп нұсқа тілінде және орыс тіліндегі аудармалары бойынша басылып отыр.

Шығармалардың толық жинағына В. И. Лениннің еңбектерін оқушылардың оқып-үйренуіне көмектесетін

ғылыми-анықтауыш аппарат: бүкіл басылуына арналған жалпы алғы сөз және әрбір томға сол томға енгізілген шығармалар жазылған тарихи жағдайдың қысқаша сипаттамасы көрсетілген алғы сөз беріледі, сондай-ақ В. И. Лениннің осы шығармаларда айтылатын негізгі идеялары олардың дамуы тұрғысынан баяндалады. Анықтауыш материалға, сондай-ақ В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің томда қамтылатын дәуірге қатысы бар кезеңдері, тарихи оқиғаларға, жекелеген фактілерге, баспасөз органдарына және т. с. берілетін ескертулер, еңбекте аталған адамдар жөнінде қысқаша өмір-баяндық анықтама беретін есімдер көрсеткіші, В. И. Ленин цитат келтірген және ауызға алған әдебиеттердің көрсеткіші де кіреді.

Бет соңындағы ескертулерде шетел тіліндегі текстінің аудармалары, В. И. Лениннің тексте аталатын немесе цитат келтірілетін шығармаларына библиографиялық сілтемелер және түрліше алынған аса маңызды сөздердің нұсқалары берілген.

В. И. Ленин еңбектерінің редакция қойған аттары томдардың мазмұнында жұлдызшамен белгіленген.

* *
*

В. И. Лениннің шығармалары — баға жетпес идеялық қазына, қоғамдық дамудың заңдары туралы, коммунизм құрылысының жолдары туралы білімдердің нағыз сарқылмас қайнар бұлағы. Совет Одағы Коммунистік партиясын құрушы және оның көсемі, Советтік социалистік мемлекеттің негізін қалаушы В. И. Лениннің еңбектерінде марксизмнің ұлы ілімі жаңа тарихи жағдайда — империализм мен пролетарлық революциялар заманында, капитализмнен коммунизмге өту заманында одан әрі дамытылды. В. И. Лениннің еңбектерінде марксизмнің құрамдас үш бөлімінің бәрі — философия, саяси экономия, ғылыми коммунизм теориясы одан әрі дамытылды. В. И. Ленин марксизмді жаңа тұжырымдармен және қағидалармен байытты, жаңа тарихи дәуірде жұмысшы табының және оның партиясының алдына қойылған жаңа міндеттерге сәйкес марксизмді

осы жаңа тарихи заманға бейімдеп творчестволықпен дамытты. В. И. Ленин өзінің мәңгі жасайтын еңбектерінде халықаралық пролетариаттың алдына жаңа тарихи заман қойған түбегейлі мәселелердің бәріне жауап берді.

В. И. Ленин партия туралы, оның басшылық ролі, оның ұйымдық, саяси және идеологиялық негіздері, стратегиясы мен тактикасы, оның саясаты туралы сындарлы ілім жасады; пролетарлық партия құрудың интернационалдық принципін негіздеп берді. Ол алдыңғы қатарлы революциялық теориямен қаруланған жаңа түрпатты маркстік партияның басшылығы болмайынша, жұмысшы табы жаңа, коммунистік қоғамның орнатушысы ретіндегі өзінің тарихи міндетін орындай алмайтындығын үнемі атап көрсетіп отырды.

В. И. Лениннің шығармалары оның партия қатарының бірлігі, құрыштай берік топтасқандығы мен тазалығы жолында, партияның бұқарамен тығыз байланысы жолында, аса қатаң партиялық тәртіпті, партия тұрмысының нормаларын және ең басты принципі коллективтілік болып табылатын партиялық басшылық принциптерін дәйекті түрде жүзеге асыру жолында тынбастан күрес жүргізгенін көрсетеді.

В. И. Ленин капитализмнің соңғы сатысы — империализмге тұңғыш рет маркстік терең талдау жасады, оның шешілмейтін қайшылықтарын ашты. Ол капитализмнің бұл сатыдағы дамуы мейлінше әр келкі, секірмелі сипат алатынын көрсетіп берді, сөйтіп империализм заманында социализмнің әуелі аздаған елдерде немесе тіпті жеке алған бір елде жеңуі мүмкін деген бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар тұжырым жасады. Бұл данышпандық тұжырым Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісімен, СССР-де социализм орнатумен, халықтық демократия елдеріндегі социализм құрылысымен айқын дәлелденді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының тәжірибесін қорытындылай және оның халықаралық маңызын айқындай келіп, В. И. Ленин бұл революцияның түбегейлі заңдылықтары мен белгілері барлық елдердегі социалистік революция үшін ортақ екенін көрсетті. Боль-

шевизм, деп жазды Ленин, дүние жүзілік коммунистік қозғалыс үшін теория, программа мен тактика жасап берді. «Большевизм *тактиканың үлгісі ретінде барлық елдер үшін жарамды»* (Шығармалар, 28-том, 294-бет).

В. И. Ленин мемлекет туралы маркстік теорияны, пролетариат диктатурасы туралы теорияны дамытты. Ол пролетариат диктатурасы туралы мәселе Маркстің іліміндегі ең басты мәселе екенін дәлелдеп берді. Таптар күресін мойындауды пролетариат диктатурасын мойындауға дейін жеткізетін адам ғана марксист,— деп түсіндірді Ленин. В. И. Ленин пролетариат диктатурасы демократияның жоғары типі, нағыз халықтық демократия екендігін атап көрсетті. В. И. Ленин Россия жұмысшы табының революциялық творчествосы тудырған Советтерді пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы деп бағалады; бұл ретте ол әр түрлі елдердің нақты тарихи жағдайларына байланысты пролетариат диктатурасының саяси формалары да түрліше болмай қалмайтындығын болжай білді, мұны халықтық демократия тәртібінің орнығуы тамаша дәлелдеп берді.

В. И. Ленин СССР-дегі социалистік құрылыстың программасын талдап жасады, коммунистік қоғам орнатудың жолдары туралы негізгі нұсқаулар берді. Лениндік программа елді социалистік жолмен индустриялапдыруды, ауыр өнеркәсіпті барынша өркендетуді, бүкіл халық шаруашылығын электрлендіруді, ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құруды, мәдени революция жүргізуді көздеді. Лениндік программаны жүзеге асыру елімізде социализм орнатуға, СССР-ді қуатты социалистік индустриялы және колхозды державаға айналдыруға жеткізді.

В. И. Ленин өзінің еңбектерінде пролетариаттың басшылық ролі туралы, қоғамдық дамудың шешуші күші — пролетариаттың шаруалармен одағы туралы мәселені талдап берді. Жұмысшы табы басты роль атқаратын жұмысшы табы мен шаруалар одағын Ленин Коммунистік партияның басшылығымен қоғамды жаңа, социалистік негіздерде қайта құра алатын дүние жүзіндегі ең ғажайып күш деп атады.

В. И. Ленин ұлт мәселесін талдап шешуге орасан зор үлес қосты. Ол өзінің еңбектерінде ұлттардың өз алдына бөлінуге және дербес мемлекет болып өмір сүруге дейін өзін-өзі билеу правосы бар екенін қорғады. Ол пролетарлық интернационализм принциптерін дәйектілікпен жүзеге асыру, әлеуметтік және ұлттық езгіден құтылу жолындағы күресте барлық ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының мейлінше тығыз одақтасуы қажеттігін, буржуазиялық ұлтшылдық пен шовинизмге қарсы ымырасыз күрес жүргізу қажеттігін үнемі атап көрсетіп отырды.

В. И. Ленин буржуазиялық идеологияға қарсы, буржуазияның жұмысшы қозғалысындағы агенттері — ревизионистерге, оппортунистерге қарсы ымырасыз күрес жүргізді және осылай күрес жүргізуге үйретті. В. И. Ленин оппортунизмді жұмысшы қозғалысы ішіндегі басты жау деп есептеді. В. И. Лениннің шығармалары оның «жария марксистерге», «экономистерге», меньшевиктерге, троцкийшілдерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға, анархистерге қарсы жүргізген күресін баяндайды. Бұл күрестің орасан зор халықаралық маңызы бар. Сондай-ақ В. И. Лениннің догматизмге қарсы, марксизмді қатып қалған қағидалар мен өмірден, практикадан қол үзген формулалардың жиынтығына айналдыруға қарсы күресі оның барлық еңбектерінің өн бойынан айқын көрініп отырады.

* *
*

В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағының жарыққа шығуы — Совет Одағы Коммунистік партиясының идеялық өміріндегі зор оқиға. Бұл басылуы миллиондаған совет адамдарының кемеңгер Лениннің мәңгі жасайтын туындыларын бұрынғыдан да терең меңгеруіне және оларды іске асыру жолында неғұрлым ойдағыдай күрес жүргізуіне көмектеседі.

Коммунистік қоғам құру жолындағы өзінің бүкіл қызметінде біздің партиямыз, оның Орталық Комитеті ленинизмнің ұлы идеяларын басшылыққа алады, бұл идеяларды жүзеге асыру жолында тынбастан күрес

жүргізіп, маркстік-лениндік ілімді творчестволықпен дамытып отырады. Партия өзінің барлық табыстарына ленинизмге адалдығы арқасында жетіп келеді.

Барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары марксизм-ленинизмді творчестволықпен дамытуда. Марксизм-ленинизм СССР-дегі коммунизм құрылысының, социалистік достық ынтымақ елдеріндегі социализм құрылысының тәжірибесімен, сондай-ақ әлі капитализм үстемдік етіп отырған елдердегі еңбекшілер күресінің тәжірибесімен, ұлт-азаттық қозғалысының тәжірибесімен байи түсуде.

Марксизм-ленинизм — интернационалдық ілім. Барлық адамзатқа жарқын болашақтың жолын көрсететін марксизм-ленинизмнің ізгі идеялары бүкіл дүние жүзінің еңбекшілер бұқарасы арасында барған сайын кеңінен тарап, дүние жүзілік тарихтың барысына онан сайын көбірек ықпал жасап отыр. Марксизм-ленинизмнің жеңімпаздықпен шеру тартуын ешқандай күш тоқтата алмайды. Маркстік-лениндік ұлы идеялардың толық салтанат құратыны сөзсіз.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

БІРІНШІ ТОМҒА АЛҒЫ СӨЗ

Бірінші томға В. И. Лениннің 1893—1894 жылдарда—революциялық қызметінің бастапқы дәуірінде жазған шығармалары кіреді.

90-жылдар Россия үшін өнеркәсіптің тез дамыған, жұмысшы табы өсіп, жұмысшы қозғалысы жалпы өрлеген кезең болды. Ірі өнеркәсіптің жоғары дәрежеде шоғырлануы жұмысшылардың топтасуы мен ұйымшылдығына себепші болды. Стачкалық күрес едәуір күшейді. Жұмысшылар арасына марксизм идеялары тарай бастады.

Россияның жұмысшы қозғалысында жаңа кезеңнің басталуы Лениннің есімімен байланысты. 1893—1894 жылдары жазған шығармаларында В. И. Ленин XIX ғасырдың аяғындағы елдің қоғамдық-экономикалық құрылысына маркстік терең талдау жасады, Россияның жұмысшы табы мен социал-демократиясы революциялық күресінің негізгі міндеттерін белгілеп берді. Ленин Россия социал-демократтарының алдына маркстік партияны құру міндетін қойды. Марксизмнің революциялық теориясына творчестволықпен қарап, Ленин Россиядағы болашақ буржуазиялық-демократиялық революцияның ерекшеліктері, оның қозғаушы күштері және социалистік революцияға ұласуы туралы мәселені марксистердің арасында бірінші болып талдап шешті.

В. И. Ленин бұл томға енген шығармаларында негізгі соққыны халықшылдардың философиялық және экономикалық көзқарастарына, сол дәуірде Россияда

марксизм мен социал-демократиялық қозғалысты тарату жолында басты идеялық кедергі болған олардың саяси платформасы мен тактикасына қарсы бағыттады. Бұл еңбектерінде Ленин сонымен бірге «жария марксизм» өкілдерінің марксизмді буржуазиялық рухта бұрмалауына қарсы күресті.

Бірінші томда В. И. Лениннің төрт шығармасы бар. Олар: «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер (В. Е. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітабы жөнінде)», «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде», ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі? («Русское Богатствоның» марксистерге қарсы мақалаларына жауап)», «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы)».

Томның бет ашары «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақала,— В. И. Лениннің сақталып қалған әдеби еңбектерінің алғашқысы; Ленин оны өз қызметінің бастапқы кезеңінде, Самарада, 1893 жылдың көктемінде жазған болатын. Бұл мақала жас Лениннің маркстік теорияны шаруалар өмірін зерттеуге қандай шебер, дербес, терең, әрі дәйекті түрде қолданғанын көрсетеді. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітабында келтірілген земстволық статистика мәліметтерін пайдалана және кітаптың авторын дәйексіздігі мен методологиялық қателері үшін сынай отырып, Ленин деревняның жағдайына маркстік сипаттама береді, ауыл шаруашылығында капитализмнің даму процестері мен формаларын ашып корсетеді, капитализм қаймағын бұзбаған «қауымдық» шаруалар жайындағы халықшылдық аңызды күл-талқан етеді. Халықшылдық теорияларға қарама-қарсы, В. И. Ленин Россияда капитализмнің тегеурінді күшпен дамып келе жатқанын, шаруалардың шындығында ымыраға келмейтін таптарға — капитализм тұсында ыдырай беретін орта шаруалардың есебінен өсіп отырған село буржуазиясы мен село пролетариатына жіктелгенін дәлелдеді. Аса бай материал негізінде

Ленин шаруалар қауымының ұсақ буржуазиялық сипатын, шаруалар қауымы — социализмнің негізі дейтін халықшылдық түсініктердің жалғандығы мен зияндылығын ашып көрсетеді. Ол шаруалар арасында буржуазиялық экономикалық қатынастардың мықтап тамыр жайғанын дәлелдеп берді.

«Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақала жария баспасөзге арналып жазылған болатын. Сол кездегі жазған хаттарының бірінде В. И. Ленин мақалада баяндалған қағидалардың осы мақалада айтылғандағыдан әлдеқайда маңызды әрі әлдеқайда алысқа меңзейтін қорытындылар жасау үшін өзіне негіз болатындығын атап көрсетті.

В. И. Лениннің В. Е. Постников кітабының беттеріне қойған белгілері, шығарған есептері және астын сызған жерлері өзінің мазмұны жөнінен «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақалаға жанасады; ал бұлар осы томда «Дайындық материалдар» деген бөлімде басылған. Лениннің бұл шығарған есептерінің кейбіреулері тұңғыш рет жарияланып отыр.

В. И. Ленин 1893 жылдың күзінде жазылған «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген еңбегінде К. Маркстің экономикалық теориясын Россиядағы шаруашылық тәртіптерді зерттеуге творчестволықпен қолданудың үлгісін көрсетті. Маркстің «Капиталын» терең білуі негізінде, диалектикалық методты қолдана отырып, Ленин қоғамдық еңбек бөлінісінің өсуі нәтижесінде ұсақ өндірушілердің натуралды шаруашылығының товар шаруашылығына, ал товар шаруашылығының өзі де капиталистік шаруашылыққа қалай бірте-бірте айналатындығын, осы еңбек бөлінісі өндірушілердің таптарға жіктелуіне және ішкі рыноктың өсуіне қалай жеткізбей қоймайтынын айқын көрсетіп берді. Сөйтіп, Ленин Россияда капитализмнің дамуына негіз жоқ дейтін кең тараған халықшылдық теорияларды теріске шығарды да, капитализмнің қазірдің өзінде «Россия шаруашылық өмірінің негізгі сипаты» (осы томның 108-бетін қараңыз) болып отырғанын дәлелдеп берді. Сонымен бірге ол Г. Б. Красиннің капиталистік өндіріс

қосымша құнды орналастыру үшін сыртқы рыноктарды қажетті түрде керек етеді және өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру тұтыну заттарын өндірумен байланысты емес деген, кейінірек «жария марксистер» қорғаған пайымдауларын сынады. Ленин бұл сияқты көзқарастардың рыноктар туралы мәселе жөніндегі халықшылдық көзқарастардан шын мәнінде ешбір айырмашылығы жоқ екенін көрсетіп, марксистер буржуазияға арналған рыноктар жөнінде емес, қайта пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресін өрістету жөнінде қамқорлық жасауға тиіс деген ойды баса айтты.

«Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген еңбегінде Ленин Маркстің қоғамдық өндірістің екі бөлімінің арақатынасы туралы қағидасын дамытып, бірінші бөлімнің озық дамитындығын, бұл ұлғаймалы ұдайы өндірістің экономикалық заңы екендігін анықтап берді. Ұдайы өндірістің Маркс жасаған схемасы негізінде ол техникалық прогрестің нәтижесінде ұлғаймалы ұдайы өндірісте болып жататын өзгерістерді көрсетті.

В. И. Лениннің 1894 жылдың көктемі мен жазында жазған ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген аса көрнекті еңбегі бірінші томда басты орын алады.

1893 жылдың аяғында төңірегіне либерал халықшылдар топталған «Русское Богатство» журналы және басқа халықшылдық журналдар марксизмге қарсы жорық жариялады. Бұл журналдарда қоғам туралы, революция туралы, социализм туралы маркстік ілімді әдейі бұрмалаған мақалалар басылды; халықшылдар орыс марксистерінің көзқарастарын өрескел бұрмалады. Россияда өздерінің баспасөз органдары болмаған марксистер ашық баспасөз бетінде халықшылдарға лайықты тойтарыс бере алмады. Лениннің жасырын басылып шыққан кітабы халықшылдықты талқандауда зор роль атқарды. Революцияшыл марксизмнің осы бір шын мәніндегі манифесінде, оның программалық документінде ғылыми дүние тануға, диалектикалық және тарихи материализмге, Маркстің экономикалық іліміне терең сипаттама берілген және либерал халықшылдардың фи-

лософиялық, экономикалық және саяси көзқарастары, олардың программасы мен тактикасы жан-жақты сынға алынған. В. И. Ленин осы жалған «халық достарының» саяси программасы кулактардың мүддесін білдіретінін көрсетіп берді; патша самодержавиесімен революциялық күрес жүргізуге қарсы шығып, оны таптардан тыс тұрған және халықтың жағдайын жақсарта алатын өкімет деп бейнелеген либерал халықшылдардың кәдімгі реформаторлар екепін әшкереледі. В. И. Ленин Россияның ерекше, капитализмнен тыс даму жолы туралы халықшылдық теориялардың қисынсыздығы мен қателігін ашты және либерал халықшылдардың деревнядағы капиталистік қанау фактілерін қалай әдейі бүркемелеп отырғанын көрсетіп берді.

В. И. Ленин өзінің шығармасында халықшылдардың теоретиктері социологиядағы ғылымға қарсы, субъективтік әдістің өкілдері екенін, қоғамдық даму заңдарының объективтік сипатын және халық бұқарасының тарихтағы шешуші ролін теріске шығаратын идеалистер екенін әшкереледі. Халықшылдар тарихтың барысын жекелеген «аса көрнекті» адамдардың тілегіне сай ырықсыз бағыттай салуға болады деп жорамалдады. Ленин бұл субъективистік көзқарастардың тас-талқанын шығарып, оған қоғамдық өмірді материалистік тұрғыдан түсінуді қарама-қарсы қойды; ол қоғам туралы маркстік ілімнің мазмұнын ашып түсіндірді, тарихтың барысы объективтік даму заңдарымен белгіленетінін, қоғамдық дамудың басты қозғаушы күші — халық, таптар екенін, олардың күресі қоғамның дамуын белгілейтінін көрсетіп берді.

««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінде В. И. Ленин тұңғыш рет Россия социал-демократтарының алдына маркстік жұмысшы партиясын құру міндетін қойды, патша өкіметін, помещиктер мен буржуазияны құлатудың және коммунистік қоғам орнатудың басты құралы ретінде жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық одағы идеясын ұсынды.

Россия жұмысшы табының ұлы тарихи ролін атап көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Социал-

демократтар өздерінің барлық назарын, өздерінің бүкіл қызметін жұмысшылар табына аударады. Жұмысшы табының алдыңғы қатарлы өкілдері ғылыми социализм идеяларын, орыс жұмысшысының тарихи ролі туралы идеяны ұғынған кезде, бұл идеялар кең өріс алып, жұмысшылар арасында жұмысшылардың қазіргі бытыраңқы экономикалық айқасын саналы тап күресіне айналдыратын берік ұйымдар құрылған кезде,— сол уақытта барлық демократияшыл элементтерді бастап аттанған орыс **ЖҰМЫСШЫСЫ** абсолютизмді құлатып, **ОРЫС ПРОЛЕТАРИАТЫН (БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ** пролетариатымен қатар) *ашық саяси күрестің тура жолымен* **ЖЕҢІМПАЗ КОММУНИСТІК РЕВОЛЮЦИЯҒА** бастап апарады» (328—329-беттер).

Бірінші том «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы)» деген еңбекпен аяқталады; Ленин бұл еңбегін 1894 жылдың аяғында — 1895 жылдың басында жазды. Лениннің сөзіне қарағанда, бұл еңбек көп жағынан алғанда оның кейініректегі экономикалық еңбектерінің, әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының конспектісі болып табылады. Бұл шығармасында В. И. Ленин халықшылдар ұсақ өндірушінің мүддесін білдірушілер екенін, ал халықшылдықтың тірегі — реформадан кейінгі капиталистік Россияда ұсақ өндірушілер табының басымдығы деп атап көрсетті. Бұдан бұрынғы шығармаларында халықшылдық көзқарастарды сынауды жалғастыра отырып, Ленин «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген еңбегінде либерал халықшылдардың экономикалық талаптарының таза буржуазиялық сипатын, олардың саяси программаларының утопиялылығы мен реакцияшылдығын, олардың социологиялық көзқарастарының идеалистік мәнін көрсетіп берді.

Халықшылдық көзқарастар жүйесін қатты сынай отырып, Ленин сонымен бірге буржуазиялық революция қарсаңында тұрған елдегі революциялық-демократиялық ағым — 60—70-жылдардағы халықшылдықтың

марксистің көзімен қарағандағы ұнамды белгілері мен тәуір жақтарына оқушылардың назарын аударады.

Сонымен бірге бұл шығармасында В. И. Ленин «жария марксизмнің» өкілі П. Струвенің марксизмді буржуазиялық рухта бұрмалауын сынға алды. Ленин «жария марксистердің» марксизмді революциялық мазмұннан жұрдай қылуға тырысқан әрекеттерін әшкереледі, «жария марксистер» көзқарасының негізінде капитализмді ақтап, таптық қайшылықтарды бүркемелейтін буржуазиялық объективизм жатқанын көрсетіп берді. Ленин струвизмде, «жария марксизмде», халықаралық ревизионизмнің ұрығы бар деп білді. Буржуазиялық объективизмді сынауға байланысты В. И. Ленин қоғамдық ғылымның, философияның партиялылығы принципін негіздеп берді. «...Материализм,— деп көрсетті Ленин,— өз мағынасына, былайша айтқанда, партиялылықты енгізеді, оқиғаға қандай да болсын баға бергенде белгілі бір қоғамдық топтың көзқарасын тікелей әрі ашық жақтауды міндеттейді...» (443—444-беттер).

В. И. Ленин ғылымдағы объективизм дейтіннің буржуазиялық қоғам жағдайында үстем қанаушы таптардың таптық арам ниеттерін бүркемелеу болып табылатынын көрсетіп берді. Жұмысшы табымен ашық әрі мызғымас берік байланысты маркстік ғылым қоғамды революциялық жолмен қайта құру ісіне қызмет етеді, қоғамдық дамудың заңдарын ашуға мүдделі болады. Сондықтан оның партиялылығы ғылыми сипатымен сәйкес келеді.

Өзінің революциялық қызметінің бастапқы дәуірінде-ақ Ленин әр түрлі жалған социалистік және ревизионистік теорияларды принципті сынға алудың үлгісін, жұмысшы табының мүддесі үшін жан аямай күресудің үлгісін көрсетті. В. И. Лениннің шығармалары марксизмді творчестволықпен ұғынудың, оны Россияның экономикалық және саяси жағдайына талдау жасауға, Россия жұмысшы қозғалысы алдында тұрған міндеттерді белгілеуге шебер қолданудың айқын дәлелі.

В. И. Лениннің шығармалары халықаралық пролетариатты, барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партияларын жұмысшы қозғалысын буржуазияның

мүддесіне пайдалануға тырысатын қазіргі заманғы толып жатқан «халық достары» мен ревизионистерді әшкерелей білуге үйретеді.

Бірінші томға берілген қосымшаларда В. И. Ленин Шығармаларында тұңғыш рет «В. И. Ульяновтың (Лениннің) 1887—1893 жылдардағы өтініштері» беріліп отыр. Бұл документтер — В. И. Лениннің өмірбаянына қосымша материал. Екі өтініш: 1893 жылғы 5 январьда Самара округтік сотына және 1893 жылғы 16 августа Самара округтік сотының председателіне жолдаған өтініштері тұңғыш рет басылып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН
1890—1891

ШАРУАЛАР ӨМІРІНДЕГІ ЖАҢА ШАРУАШЫЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

В. Е. ПОСТНИКОВТЫҢ «ОҢТҮСТІК ОРЫС ШАРУАЛАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ» ДЕГЕН КІТАБЫ ЖӨНІНДЕ[1]

1893 ж. көктемінде жазылған

Бірінші рет 1923 ж. «Партияның бірінші съезінің жиырма бес жылдығына (1898—1923)» деген жинақта басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр



Новыя хозяйственныя движенія въ крестьянской жизни.

По поводу книги В. Е. Постникова «Южно-русское крестьянское хозяйство»

I

Вышедшая въ прошломъ году книга В. Е. Постникова — «Южно-русское крестьянское хозяйство» (Москва, 1891 г. Стр. XXXII + 391) представляетъ изъ себя чрезвычайно подробное и обстоятельное описаніе крестьянскаго хозяйства въ губерніяхъ Таврической, Херсонской и Екатеринославской, преимущественно же въ материковыхъ (сѣверныхъ) уѣздахъ Таврической губерніи. Описаніе это основано, во 1°. — и главнымъ образомъ — на земско-статистическихъ изслѣдованіяхъ трехъ указанныхъ губерній; во 2°, на личныхъ наблюденіяхъ автора,¹) произведенныхъ имъ отчасти по долгу службы, отча-

¹) Авторъ служилъ чиновникомъ по устройству крестьянъ-[illegible] въ Таврической губерніи.

В. И. Лениннің «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген қолжазбасының бірінші беті — 1893 ж.
Кішірейтілген

I

В. Е. Постниковтың бұдан үш жыл бұрын шыққан «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітабында (Москва, 1891 ж. XXXII + 391 бет) Таврия, Херсон және Екатеринослав губернияларындағы, көбінесе Таврия губерниясының материктік (солтүстік) уездеріндегі шаруалардың шаруашылығы өте-мөте толық және жете суреттелген. Бұл суреттеу, біріншіден,— және негізінен алғанда — осы көрсетілген үш губерниядағы земство-статистика зерттеулеріне, екіншіден, 1887—1890 жылдары автордың ішінара қызмет бабына байланысты *, ішінара шаруалар шаруашылығын әдейі зерттеу мақсатымен жүргізген өз байқауларына негізделген.

Бүтін бір аудан бойынша земство-статистика зерттеулерін тұтас бір еңбекке жинақтау және олардың нәтижелерін жүйелі түрде баяндау әрекеті өз-өзінен алғанда да керемет назар аударарлық нәрсе, өйткені земство статистикасы [2] шаруалардың экономикалық жағдайы туралы орасан көп және егжей-тегжейлі материал береді, бірақ оны жұрт үшін бұл зерттеулерден жөнді із қалмайтындай түрде береді: земство-статистика жинақтары дегеніміз — том-том кестелер (әдетте әрбір уезге жеке том арналған), осы кестелерді айтарлықтай көрнекті және айқын-анық тарауларға саралай құрастырудың өзі арнайы жұмыс істеуді талап етеді.

* Автор Таврия губерниясында қазыналық жерге орналастыру жөнінде чиновник болып қызмет атқарған.

Земство статистикасының мәліметтерін жинақтау және оларды өңдеу қажеттігі көптен-ақ сезіліп отыр. Осы мақсатпен соңғы кезде «Земство статистикасының қорытындыларын» басып шығару ісі қолға алынды. Бұл басылымның жоспары мынадай: шаруалар шаруашылығын сипаттайтын белгілі бір жеке мәселе алынады да, осы мәселе жөнінде земство статистикасындағы мәліметтердің бәрін жинақтауға өз алдына жеке зерттеу арналады; Россияның қара топырақты оңтүстігіне де, қара топырақсыз солтүстігіне де, бірыңғай егіншілікпен айналысатын губернияларға да, кәсіпшілікпен шұғылданатын губернияларға да қатысты мәліметтер өз ара біріктіріледі. «Қорытындылардың» басылып шыққан екі томы осы жоспар бойынша құрастырылған; бірінші том «шаруалар қауымына» (В. В.), екінші том «шаруалардың жерді үлестен тыс арендалауына» (Н. Карышев)[3] арналған. Құрастырудың мұндай тәсілінің дұрыстығына күмәндануға болады: өйткені, біріншіден, экономикалық жағдайлары әр қилы болып отырған әр түрлі шаруашылық аудандарға қатысты мәліметтерді бір жерге жинақтауға тура келеді (бұл ретте земство зерттеулері аяқталмағандықтан және көптеген уездер қамтылмай қалғандықтан әрбір ауданға жеке сипаттама беру өте-мөте қиын: бұл қиыншылықтар «Қорытындылардың» 2-томына да әсер еткен; Карышевтың земство статистикасындағы мәліметтерді әр түрлі белгілі бір аудандарға бөліп жіберуге ұмтылған әрекеті іске аспаған); екіншіден, шаруалар шаруашылығының басқа жақтарын былай қалдырып, белгілі бір жағын ғана жеке алып суреттеу тіпті мүмкін емес; онда белгілі бір мәселені қисынсыз бөліп алуға тура келеді, сөйтіп әлгі мәселе жөніндегі түсінігіміз толық болмай шығады. Шаруалардың жерді үлестен тыс арендалауы үлесті жер арендаларынан, шаруалардың экономикалық топтарға бөлінуі туралы, егіс көлемінің мөлшері туралы жалпы мәліметтерден бөлініп қалады; шаруалардың жерді үлестен тыс арендалауы шаруалар шаруашылығының тек бір бөлігі ретінде ғана қаралып жүр, ал дұрысында олар көбінесе жеке меншікті шаруашылықты жүргізудің ерекше бір тәсілі болып табылады. Сондықтан,

меніңше, шаруашылық жағдайлары біртектес белгілі бір аудан бойынша земство статистикасының мәліметтерін құрастырған тәуір болар еді.

Земство-статистика зерттеулерін қорытудың дұрысырақ тәсілі туралы ойларымды, «Қорытындыларды» Постниковтың кітабымен салыстырудан туған ойларымды жол-жөнекей айта кетумен қатар, әйтсе де мен Постниковтың, тегінде, *қорыту* мақсатын көздемегенін ескерте кетуге тиіспін: ол цифр материалдарын соңғы кезекке қалдырған да, бар назарын суреттеудің толық және айқын болу жағына аударған.

Өзінің суреттеуінде автор экономикалық, әкімшілік-юридикалық (жер иелену формалары) және техникалық (жер шекарасын белгілеу мәселесі; шаруашылық жүйесі; егіннің шығымы) сипаты бар мәселелерге бірдей дерлік көңіл бөліп тоқталып өткен деуге болады, бірақ экономикалық мәселелерді ол біріншi кезекке коймақшы болған.

«Мойындауым керек,— дейді Постников мырза Алғы сөзде,— шаруалар шаруашылығының техникасына көбірек көңіл бөлуге болатын болса да, мен оған көңілді аз бөліп отырмын; бұлай етіп отырған себебім, менің ойымша, шаруалар шаруашылығында техникаға қарағанда экономикалық сипаты бар жағдайлардың ролі неғұрлым маңыздырақ. Біздің баспасөзімізде... әдетте экономикалық жағы еленбейді... Біздің шаруалардың шаруашылығы үшін түбегейлі экономикалық мәселе болып табылатын аграрлық және жер шекарасын белгілеу мәселелерін зерттеуге көңіл өте аз бөлінеді. Бұл кітапта нақ осы мәселелерді, әсіресе аграрлық мәселені анықтауға көбірек орын беріліп отыр» (Алғы сөз, IX бет).

Экономикалық және техникалық мәселелердің біршама маңыздырақ екені туралы автордың пікіріне толық қосыла отырып, мен де өз мақаламды Постников мырза еңбегінің тек шаруалар шаруашылығы саяси-экономикалық жағынан зерттелген бөлігін ғана баяндауға арнамақшымын *.

* Бұлай баяндау артық болмас деп ойлаймын, өйткені соңғы жылдардағы біздің экономикалық әдебиетіміздегі неғұрлым үздік шығар-

Бұл зерттеудің басты-басты пункттерін автор алғы сөзде былай сипаттайды:

«Шаруалар егіншілігінде соңғы кезде машиналардың көп қолданыла бастауы және шаруалардың ауқатты бөлігінің шаруашылық көлемінің көріне ұлғаюы біздің аграрлық өмірімізде жаңа кезең туғызады; шаруашылықтың быйылғы ауыр жағдайлары, сөз жоқ, бұл жаңа кезеңнің дамуына жаңадан дем береді. Шаруашылық көлемінің ұлғаюына және машиналарды қолдануға байланысты шаруа еңбегінің өнімділігі және семьяның жұмыс істеу қабілеті айтарлықтай артады, шаруа семьясының ұқсата алатын жерінің көлемін белгілеген кезде бұл жағдай осы уақытқа дейін ескерілмей келді...

Шаруалар шаруашылығында машиналарды қолдану тұрмысқа елеулі өзгерістер енгізеді: машиналарды қолдану егіншілікте жұмыс қолы қажеттігін азайтып, біздің егіншілікте адамдардың басы артық болып отырғандығын шаруаларға бұрынғыдан да гөрі каттырақ сездіре отырып, ол селода басы артық болып қалып, табысты сырттан іздеуге, сөйтіп іс жүзінде жерсіздер санатына қосылуға тиіс болған семьялар санының көбеюіне себепші болады. Шаруалар шаруашылығында ірі машиналарды қолдану егіншіліктің қазіргі тәсілдері мен оның экстенсивтілігі жағдайында-ақ шаруалардың әл-ауқатын бұған дейін ойлауға да болмайтындай жоғары сатыға көтереді. Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістердің қуатты күшінің кепілі де міне, осы жағдайда жатыр. Оңтүстік орыс шаруалары арасындағы осы өзгерістерді атап көрсетіп, оны анықтау осы кітаптың таяудағы міндеті болып табылады» (Алғы сөз, X бет).

Автордың пікірі бойынша, бұл жаңа шаруашылық өзгерістердің не екенін баяндауға кіріспестен бұрын мен тағы да екі ескерту жасауға тиістімін.

малардың бірі болып отырған Постников мырзаның бұл кітабы елеусіз қалды деуге болады. Мүмкін, бұған, бір жағынан, автордың экономикалық мәселелердің зор маңызын мойындай отырса да, бұл мәселелерді тым үздік-создық баяндағаны, оның үстіне басқа мәселелерді егжей-тегжейлеп, өзінің баяндауын қиындатып жібергені де себеп болған болар.

Біріншіден, жоғарыда атап көрсетілгеніндей, Постников Херсон, Екатеринослав және Таврия губернияларының туралы мәліметтер келтірген, бірақ тек Таврия губерниясына қатысты мәліметтері ғана барынша толық болып шыққан, онда да бүкіл губернияны толық қамтымаған; автор шаруашылық жағдайлары біршама басқаша түрде жолға қойылған Қырым туралы мәлімет бермей, Таврия губерниясының материктегі солтүстік үш уезімен—Бердянск, Мелитополь және Днепр уездерімен ғана шектелген. Мен тек осы үш уездің мәліметтерін ғана алмақшымын.

Екіншіден, Таврия губерниясында орыстардан басқа немістер мен болгарлар да бар, әйтсе де орыс халқына қарағанда олардың саны онша көп емес: Днепр уезіндегі 19 586 үйдің 113 үйі ғана неміс колонистері, яғни не бары 0,6-ақ процент. Мелитополь уезінде 34 978 үйдің тек (1874+285=) 2159 үйі ғана немістер мен болгарлар, яғни 6,1 проценті. Ақырында, Бердянск уезінде 28 794 үйдің 7224 үйі ғана немістер мен болгарлар, яғни 25 процент. Осы үш уездегі 83 358 үйден колонистер не бары 9496 үй, яғни $^{1}/_{9}$ бөлігіне жуығы ғана. Демек, колонистер саны жалпы алғанда өте мардымсыз, ал Днепр уезінде тіпті жоқтың қасы. Автор колонистер шаруашылығын орыс шаруашылығынан әрқашан бөлек алып, толық суреттеген. Мен бұл суреттеулердің бәрін де былай қойып, тек орыс шаруаларының шаруашылығына ғана тоқталамын. Рас, цифр мәліметтерінде орыстар мен немістер бірге есептелген, бірақ немістердің қосылуы, олар тым аз болғандықтан, жалпы арасалмақты өзгерте алмайды, сондықтан орыс шаруалары шаруашылығын осы мәліметтер негізінде-ақ толық сипаттап шығуға болады. Таврия губерниясындағы осы өлкеге соңғы 30 жыл ішінде келіп қоныстанған орыс халқының басқа орыс губернияларындағы шаруалардан айырмашылығы олардың неғұрлым ауқаттылығында ғана. Қауымдасып жер иелену, автордың айтуынша, бұл өңірде әбден «қалыптасқан және тұрақты» * жағдай; бір сөзбен айтқанда, колонистерді шығарып таста-

* Тек 5 селода ғана жерді үй басына иелену бар.

ғанда, Таврия губерниясындағы шаруалар шаруашылығында орыс шаруалары шаруашылығының жалпы типінен оқшау тұрған ешбір түбірлі айырмашылық жоқ.

II

«Қазіргі уақытта,— дейді Постников,— орыстың оңтүстіктегі қайсыбір онша-мұнша үлкен деген селосында (Россияға қараған жерлердің дені туралы да, бәлкім, осыны айтуға болар) халқының жеке топтарының экономикалық жағдайы әр түрлі болғаны соншалық, жеке селоларды тұтас алып, олардың әл-ауқаты пәлендей деп айту және олардың әлгі әл-ауқатын орташа цифрлармен көрсету өте қиын. Мұндай орташа цифрлар шаруалардың экономикалық тұрмысын айқындайтын кейбір жалпы жағдайларды көрсетеді, бірақ олар шын өмірдегі экономикалық құбылыстардың сан алуан түрлері туралы ешбір ұғым бермейді» (106-бет).

Сәл кейінірек Постников бұдан да гөрі айқынырақ етіп, былай дейді:

«Экономикалық әл-ауқаттың әр қилылығы,— дейді ол,— халықтың жалпы ауқаттылығы туралы мәселені өте-мөте қиындатады. Таврия губерниясының үлкен селоларын атүсті аралап өткен адамдар әдетте жергілікті шаруалар өте ауқатты екен деген қорытынды шығарады; бірақ селодағы шаруалардың тең жартысы байлар болып, қалғандары үнемі жоқшылық азабында жүрсе, ол селоны ауқатты деп атауға бола ма? Ал қайсыбір селоның қаншалық ауқатты немесе ауқаты кем екенін қандай белгілеріне қарап айырған жөн? Сірә, бүкіл бір село немесе аудан халқының жағдайын сипаттайтын орташа цифрлар шаруалардың ауқаттылығы туралы қорытынды жасау үшін жеткіліксіз болар. Шаруалардың ауқаттылығы туралы тек *халықты топқа бөле отырып,* көптеген мәліметтердің жиынтығы бойынша ғана пікір айтуға болады» (154-бет).

Шаруалар арасындағы топқа жіктелуді бұлай көрсетуде ешқандай жаңалық жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін: шаруалар арасындағы топқа жіктелу жайында жалпы шаруалар шаруашылығына арналған әрбір шы-

ғармада дерлік айтылып жүр. Бірақ істің мәні мынада: әдетте жұрт бұл фактіні еске алғанымен, оған маңыз бермейді, оны маңызсыз немесе тіпті кездейсоқ нәрсе деп есептейді, шаруалар шаруашылығының типін орташа цифрлармен сипаттай отырып, оның осындай типі жайында айтуға болады деп ойлайды, әр түрлі практикалық шаралардың бүкіл шаруалар жөнінде қандай маңызы бар екенін талқыға салады. Постниковтың кітабында оның әлгіндей көзқарастарға қарсы екендігі көрініп тұр. Ол «қауым ішіндегі жеке үйлердің экономикалық жағдайының өте-мөте әр қилы екендігін» (323-бет) көрсетеді (бір емес, әлденеше рет көрсетеді) және «біздің қаладағы интеллигенциямыз осы уақытқа дейін әлі түсініп келгеніндей, шаруалар қауымын әлдеқалай біртұтас және біртектес дүние деп қарауға тырысушылыққа» (351-бет) қарсы шығады. «Соңғы он жыл ішіндегі земство-статистика зерттеулері,— дейді ол,— біздің селолық қауымымыздың 70-жылдары біздің публицистеріміз түсінгеніндей мүлде біртектес нәрсе емес екенін, соңғы он жылдар ішінде қауымдағы халықтың экономикалық ауқаттылығы мейлінше әр түрлі дәрежедегі топтарға жіктеліп бөлінгенін анықтады» (323-бет).

Постников өзінің пікірін кітабының өн бойында келтірілген толып жатқан мәліметтермен дәлелдейді, сондықтан бұл пікірдің дұрыстығын тексеру үшін, шаруаларды біртектес дүние деп қарайтын «қаладағы интеллигенцияның» айтқаны дұрыс па әлде шаруалардың әртектілігі өте көп дейтін Постниковтың пікірі дұрыс па? және сонан соң бұл әртектілік қаншалықты зор? бұл әртектілік шаруалар шаруашылығын, тек қана орташа мәліметтерге сүйеніп, саяси-экономикалық жағынан жалпы сипаттауға бөгет жасамай ма? бұл әртектілік түрлі топтағы шаруалар жөнінде жүргізілетін практикалық шаралардың әсері мен ықпалын өзгерте ала ма? — деген мәселені шешу үшін біз енді кітаптағы осы мәліметтердің бәрін бір жүйеге келтіре жинақтаумен шұғылдануға тиіспіз.

Бұл мәселелерді шешуге қажетті материал боларлықтай цифрларды келтірмес бұрын бұл тәрізді мәлі-

меттердің бәрін Постниковтың Таврия губерниясы жөніндегі земство-статистика жинақтарынан алғанын ескерте кеткен жөн. Алғашында земство статистикасы санақ жүргізгенде әрбір шаруаның үйі туралы мәлімет жинамай-ақ жалпы қауымдық мәліметтермен шектелген. Алайда, көп ұзамай-ақ бұл үйлердің мүлік жағдайындағы айырмашылықтарды көріп, үй басы сайын санақ жүргізуге кірісті — мұның өзі шаруалардың экономикалық жағдайын тереңірек зерттеу жолындағы алғашқы қадам болды. Келесі қадам құрама кестелерді қолдану болды: қауым [4] ішінде шаруалардың мүлік жөніндегі айырмашылықтары шаруалардың әр түрлі заң жүзіндегі разрядтары арасындағы айырмашылықтарынан тереңірек деген сенімге сүйене отырып, статистиктер шаруалардың экономикалық жағдайының барлық көрсеткіштерін белгілі мүлік айырмашылықтары бойынша топтастыра бастады, мысалы, шаруаларды үй басына келетін егіс десятинасының мөлшеріне, жұмыс көлігінің санына, үлесті егістік жерінің көлеміне, тағы басқаларына қарай топқа бөлетін болды.

Таврия земство статистикасы шаруаларды топқа егіс десятинасының мөлшеріне қарай бөлген. Постников топқа осылайша бөлуді «дұрыс екен» (XII бет) деп санайды, өйткені «Таврия уездерінің шаруашылығы жағдайында егіс көлемі шаруалардың әл-ауқатының неғұрлым мәнді белгісі болып табылады» (XII бет). «Оңтүстіктегі далалық өлкеде,— дейді Постников,— шаруалардың егіншіліктен басқа кәсіпшіліктерінің қандай түрінің болса да өркендеуі әзірге оншалықты мардымды емес, село халқының басым көпшілігінің қазіргі кездегі негізгі кәсібі — егін салуға негізделген диқаншылық». «Земство статистикасының мәліметі бойынша, Таврия губерниясының солтүстік уездерінде селодағы тұрғын халықтың 7,6 проценті тек қана кәсіпшілікпен шұғылданады, сонымен бірге халықтың 16,3 процентінің өз егіншілігінде қосалқы кәсіпшіліктері бар» (108-бет). Шынында да, шаруаларды топқа бөлудің, мысалы, үй басына келетін үлесті десятинасының немесе үлесті егістік жерінің мөлшері бойынша топқа бөлудің земство статистиктері қабылдаған басқа негіздерінен

гөрі оларды егіс көлеміне қарай топқа бөлу тіпті Россияның басқа жерлері үшін де анағұрлым дұрыс болып шығады, өйткені: бір жағынан, үлесті жердің мөлшері сол үйдің ауқаттылығын тура көрсетпейді, өйткені үлес жердің көлемі семьядағы ревизиялық[5] жанның немесе еркек адамдардың санына қарай белгіленеді және қожайынның ауқаттылығына тек жанама түрде ғана байланысты болады, ақырында, оның себебі, шаруа үлесті жерін пайдаланбай, оны жалға беруі мүмкін, құрал-сайманы болмаған соң оны пайдалана да алмайды. Екінші жағынан, халықтың негізгі кәсібі егіншілік болса, онда егіс көлемін анықтау өндірісті есепке алу үшін, шаруаның тұтынатын, сатып алатын және сатуға шығаратын астығының мөлшерін анықтау үшін қажет болады, өйткені бұл мәселелерді анықтап алмайынша, шаруалар шаруашылығының аса бір мәнді жағы көрсетілмей қалады, оның егіншілік шаруашылығының сипаты, мұның басқа табыстармен салыстырғандағы маңызы, тағы басқалары анықталмай қалады. Ақырында, шаруа үйі шаруашылығын шаруаның жер иеленушілік және егіншілік нормалары деп аталатын нормалармен, азық-түлік (Nahrungsfläche) және жұмыс (Arbeitsfläche) қолы нормасымен салыстыруға мүмкіндік болу үшін шаруаларды топқа бөлу негізіне дәл егіс көлемін алу қажет. Бір сөзбен айтқанда, егіс көлеміне қарай топқа бөлу тек орынды ғана емес, сонымен бірге ең жақсы және сөзсіз қажет болып шығады.

Таврия статистиктері шаруаларды егіс көлеміне қарай 6 топқа бөледі: 1) егін екпейтіндер; 2) үй басына 5 десятинаға дейін егетіндер; 3) 5-тен 10 десятинаға дейін егетіндер; 4) 10-нан 25 десятинаға дейін егетіндер; 5) 25-тен 50 десятинаға дейін егетіндер және 6) 50 десятинадан артық егетіндер. Үш уезд бойынша бұл топтардың үй саны жөніндегі арасалмағы мынадай: [12-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұлардың жалпы арасалмағы (бұл проценттер, немістерді де қоса, барлық халық жөнінде берілген) немістерді шығарып тастағанда да аз өзгереді: мәселен, автор Таврия уездерінде егінді аз егетіндер (10 десятинаға дейін) барлығы 40%, орташа мөлшерде егетіндер

Үйлердің проценттері	Уездер Бердянск %	Мелитополь %	Днепр %	Барлық 3 уезде орта есеппен 1 үйге келетін егіс десятинасы
Егін екпейтіндер	6	7,5	9	—
5 дес. дейін егетіндер	12	11,5	11	3,5
5—10 » » »	22	21	20	8
10—25 » » »	38	39	41,8	16,4
25—50 » » »	19	16,6	15,1	34,5
50 дес. артық »	3	4,4	3,1	75

(10-нан 25 десятинаға дейін) 40% және көп егетіндер 20% деп есептейді. Ал немістерді шығарып тастағанда соңғы цифр $^{1}/_{6}$ бөлігіне дейін (16,7%, яғни не бары 3,3% кем) кемиді, егінді аз егетіндер саны тиісінше көбейеді.

Осы топтардың әртектілік дәрежесін анықтай отырып, енді жерді иелену мен жерді пайдаланудан бастайық.

Постников мынадай кестені келтірген (жердің мұнда көрсетілген үш тобының қосынды санын автор есептеп шығармаған (145-бет)): [13-беттегі жоғарғы кестені қараңыз. *Ред.*]

«Бұл цифрлар,— дейді Постников, — Таврия уездеріндегі шаруалардың неғұрлым ауқаттырақ тобының үлесті жерді көбірек пайдаланып қана қоймайтынын, мұның өзі семья құрамындағы адамдардың көп болуы себебінен де болар, сонымен бірге оның жерді неғұрлым көбірек сатып алатын және оны неғұрлым көбірек арендаға алатын топ екенін де көрсетеді» (146-бет).

Бұл жөнінде тек мынаны ғана ескерте кеткен жөн: меніңше, үлесті жердің шаруалардың төменгі тобынан жоғарғы тобына қарай арта беруі семья құрамындағы адамдардың көбеюінен болып отыр деу *толық* түсінік бола алмайды. Постников үш уездегі шаруалар топтарының семья құрамы туралы мынадай кесте келтірген: [13-беттегі төменгі кестені қараңыз. *Ред.*]

Еркек, әйел жан басы мен қызметкер санына қарағанда үй басына келетін үлесті жер мөлшері төменгі топтан жоғарғы топқа қарай әлдеқайда тез өсетіндігі

Шаруалар топтары	Әрбір үйге орта есеппен келетін егістік жердің десятинасы											
	Бердянск уезі				Мелитополь уезі				Днепр уезі			
	үлесті жер	сатып алынған жер	арендаға алынған жер	барлығы	үлесті жер	сатып алынған жер	арендаға алынған жер	барлығы	үлесті жер	сатып алынған жер	арендаға алынған жер	барлығы
Егін екпейтіндер	6,8	3,1	0,09	10	8,7	0,7	—	9,4	6,4	0,9	0,1	7,4
5 дес. дейін егетіндер	6,9	0,7	0,4	8,0	7,1	0,2	0,4	7,7	5,5	0,04	0,6	6,1
5—10 » » »	9	—	1,1	10,1	9	0,2	1,4	10,6	8,7	0,05	1,6	10,3
10—25 » » »	14,1	0,6	4	18,7	12,8	0,3	4,5	17,6	12,5	0,6	5,8	18,9
25—50 » » »	27,6	2,1	9,8	39,5	23,5	1,5	13,4	38,4	16,6	2,3	17,4	36,3
50 дес. артық »	36,7	31,3	48,4	116,4	36,2	21,3	42,5	100	17,4	30	44	91,4
Уезд бойынша	14,8	1,6	5	21,4	14,1	1,4	6,7	22,2	11,2	1,7	7,0	19,9

	Орта есеппен 1 семьяға келетін жан саны					
	Бердянск уезі		Мелитополь уезі		Днепр уезі	
	еркек, әйел жан басы	қызметкері	жаны	қызметкері	жаны	қызметкері
Егін екпейтіндерде	4,5	0,9	4,1	0,9	4,6	1
5 дес. дейін егетіндерде	4,9	1,1	4,6	1	4,9	1,1
5—10 » » »	5,6	1,2	5,3	1,2	5,4	1,2
10—25 » » »	7,1	1,6	6,8	1,5	6,3	1,4
25—50 » » »	8,2	1,8	8,6	1,9	8,2	1,9
50 дес. артық »	10,6	2,3	10,8	2,3	10,1	2,3
Уездер бойынша	6,6	1,5	6,5	1,5	6,2	1,4

осы кестеден көрініп тұр. Днепр уезі бойынша төменгі топ үшін цифрларды 100 деп алып, осы айтқанымызды дәлелдейік:

	үлесті жер	қызметкері	еркек, әйел жан басы
Егін екпейтіндерде	100	100	100
5 дес. дейін егетіндерде	86	110	106
5—10 » » »	136	120	117
10—25 » » »	195	140	137
25—50 » » »	259	190	178
50 дес. артық »	272	230	219

Үлесті жердің аз-көптігіне, семьядағы адам санымен қатар, шаруа үйінің ауқаттылығы да себеп болатыны айқын.

Біз әр түрлі топтардағы сатып алынған жердің мөлшері туралы мәліметтерді тексере келіп, ондай жерді түгелдей дерлік 25 десятинадан артық егісі бар жоғарғы топтардың және — негізінен алғанда — үй басына 75 десятина егісі бар өте ірі егіншілердің сатып алатынын көреміз. Демек, сатып алынған жер туралы мәліметтер Постниковтың шаруалар топтарының әртектілігі жайындағы пікірін толық қуаттайды. Ал, мәселен, автордың «Таврия уездерінің шаруалары 96 146 десятина жер сатып алды» деп, 147-бетте келтірген мәліметі бұл құбылысты мүлде сипаттай алмайды, өйткені: бұл жердің бәрі дерлік қазірдің өзінде үлесті жермен барынша қамтамасыз етіліп отырған болмашы азшылықтың, Постников айтқандай, «ауқатты» шаруалардың қолында, ал мұндайлар халықтың $^{1}/_{5}$ бөлігінен көп емес.

Аренда жайында да осыны айтуға тура келеді. Жоғарыда келтірілген кестеде арендаға алынған жердің, үлесті және үлестен тыс жердің жалпы саны бар. Бақсақ, шаруалар неғұрлым дәулетті болған сайын аренда көлемі де соған толық сайма-сай арта береді екен, демек, шаруаның өз жері неғұрлым көп болса, ол соғұрлым жерді арендаға көп алады екен, сөйтіп ең кедей топтарды оларға қажетті жер көлемінен айыра береді екен.

Мұндай жағдайдың бүкіл Россияға ортақ құбылыс екенін айта кеткен жөн. Профессор Карышев бүкіл Россия бойынша земство-статистика зерттеулері жүргізілген өңірлердегі шаруалардың жерді үлестен тыс арендалау қорытындысын шығара келіп, арендааның көлемі мен арендатордың дәулеттілігі арасындағы тікелей байланыстылықты жалпыға бірдей заң * ретінде тұжырымдаған.

Әйтсе де, арендааның (үлесті және үлестен тыс жерлерді қосқанда) бөлінуі туралы Постников бұрынғыдан да толық цифрлар келтірген, мен осы цифрларды келтіріп отырмын:

	Бердянск уезі			Мелитополь уезі			Днепр уезі		
	Арендалаушы үйлердің %	Арендалаушы үйге келетін егіндік	1 десятинаның бағасы	Арендалаушы үйлердің %	Арендалаушы үйге келетін егіндік	1 десятинаның бағасы	Арендалаушы үйлердің %	Арендалаушы үйге келетін егіндік	1 десятинаның бағасы
5 дес. дейін егетіндерде	18,7	2,1	11	14,4	3	5,50	25	2,4	15,25
5—10 » » »	33,6	3,2	9,20	34,8	4,1	5,52	42	3,9	12
10—25 » » »	57	7	7,65	59,3	7,5	5,74	69	8,5	4,75
25—50 » » »	60,6	16,1	6,80	80,5	16,9	6,30	88	20	3,75
50 дес. артық »	78,5	62	4,20	88,8	47,6	3,93	91	48,6	3,55
Уездер бойынша	44,8	11,1	5,80	50	12,4	4,86	56,2	12,4	4,23

Біз бұл жерде де орташа цифрлардың құбылыс мәнін мүлде сипаттап бере алмайтынын көреміз: мысалы, Днепр уезінде шаруалардың 56 проценті арендаға жер алады десек, біз бұл аренда туралы өте жарытымсыз түсінік берген боламыз, өйткені өзінің жері жеткіліксіз болып отырған (мұны төменде көрсетеміз) топтарда арендаторлардың проценті анағұрлым аз — 1-топта 25 процент қана, ал оның бер жағында жері өзіне толық жететін жоғарғы топтың бәрі дерлік (91 проценті)

* «Земство статистикасының мәліметтері бойынша Россияны экономикалық жағынан зерттеудің қорытындылары», II том, *Н. Карышев.* Шаруалардың жерді үлестен тыс арендалауы. Дерпт. 1892, 122, 133, тағы басқа беттер.

арендаға жер алады. Арендаға жер алушы 1 үйге келетін арендаланған десятина мөлшеріндегі айырмашылық одан да зор: жоғарғы топтағы шаруалар төменгі топтағылардан 30—15—24 есе көп арендалайды. Әлбетте, бұл жағдай аренда сипатының өзін де өзгертеді, өйткені аренда жоғарғы топтағыларға коммерциялық іс болса, бұл төменгі топтағыларға ауыр мұқтаждықтан туған әрекет болуы мүмкін. Аренда ақысы туралы мәліметтер осы соңғы болжамды растайды: бақсақ, төменгі топтар жерді жоғарғы топтағыларға қарағанда қымбатқа, кейде тіпті төрт есе қымбатқа (Днепр уезінде) алады екен. Бұл жөнінде мынаны еске сала кеткен жөн: аренданың көлемі азайған сайын аренда ақысының арта беретіндігі біздің оңтүстіктің ерекшелігі емес: Карышевтің еңбегі бұл заңның жалпыға бірдей қолданылатындығын дәлелдейді.

«Таврия уездерінде,—дейді Постников осы мәліметтер жөнінде,— арендаға жер алумен көбінесе өзіне жетерлік үлесті және меншікті егістігі бар ауқатты шаруалар айналысып жүр; бұл арада әсіресе үлестен тыс жерлердің, яғни селолардан едәуір қашығырақ жатқан иеліктегі және қазына жерлерінің арендаға алынатындығы туралы айтқан жөн. Шынында да бұлай болуы өте табиғи нәрсе: неғұрлым қашықтағы жерді арендалау үшін жеткілікті жұмыс көлігі болу керек, ал ауқаты кем шаруалардың мұнда өзінің үлесті жерін ұқсатуға жетерліктей де жұмыс көлігі жоқ» (148-бет).

Аренданың осылайша бөлінуі жерді жеке-жеке жалға алуға байланысты болып отыр деп ойламау керек. Жерді қоғамдасып жалға алғанда да істің жайы түк өзгермейді, өзгермейтін себебі: жер бұрынғы бір тәртіп бойынша, яғни «ақшаға қарай» бөлінеді.

«Мемлекеттік мүлік басқармасының салық кітаптары бойынша,— дейді Постников,— 1890 жылы үш уездің контракт бойынша арендаға берілген 133 852 десятина қазыналық жерінен шаруалар қоғамдарының пайдалануында 84 756 десятина жарамды жер болған, яғни бұл — бүкіл жер көлемінің 63 процентіне жуығы. Бірақ шаруалар қоғамдары арендаға алып отырған жер біршама азғантай ғана үй қожайындарының, оның

үстіне көбінесе ауқатты шаруалардың пайдалануында болған. Земствоның үй басы сайын жүргізген санағы бұл фактіні соншама айқын-анық көрсетеді» (150-бет) *: [18-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

«Сөйтіп,— деп қорытынды шығарады Постников,— Днепр уезінде арендаға алынған барлық егістіктің $^1/_2$ бөлігінен көбірегі, Бердянск уезінде $^2/_3$ бөлігінен көбірегі, ал қазыналық жер арендаға бәрінен гөрі көбірек алынатын Мелитополь уезінде арендалы жер көлемінің тіпті $^4/_5$ бөлігінен де артығырағы шаруалардың ауқатты тобының пайдалануында болып келді. Ал барлық осы уездерде арендаға алынған жердің не бары 1938 десятинасы немесе 4 процентке жуығы ең кедей шаруалардың (10 десятинаға дейін егетіндердің) тобында болды» (150-бет). Осыдан кейін автор шаруалар қоғамдары жалға алған жердің біркелкі бөлінбейтіні жөнінде толып жатқан мысалдар келтіреді, бірақ бұларды көрсетіп жатудың қажеті жоқ.

Арендаың арендаторлардың дәулетіне байланысты екені туралы Постниковтың қорытындылары жөнінде земство статистиктерінің бұған қарама-қарсы пікірін атап көрсету өте-мөте қызықты.

Кітаптың бас жағында Постников өзінің «Таврия, Херсон және Екатеринослав губернияларындағы земство-статистика жұмыстары туралы» (XI—XXXII бет) деген мақаласын басқан. Айтпақшы, мұнда ол 1889 жылы Таврия земствосы шығарған, бүкіл зерттеуге қысқаша қорытынды жасалған «Таврия губерниясының естелік кітапшасын» талдап шығады. Осы кітаптың арендаға арналған бөліміне талдау жасай келіп, Постников былай дейді:

«Земство статистикасы біздің жері көп оңтүстік және шығыс губернияларымызда ауқатты шаруалар процентінің әжептәуір көп екенін анықтады; бұлар өз меншігіндегі едәуір үлесті жерінің үстіне сырттан арендаға едәуір көп жер алады. Бұлардың шаруашы-

---

* Бұл кестенің соңғы бағанасын (3 уездің жиынын) Постников келтірмеген. Кестеге[6] ол: «арендалау шарттары бойынша шаруалар арендаға алынған жердің тек $^1/_3$ бөлігін ғана жыртуға праволы» деп ескерту жасаған.

Шаруалар топтары	Бердянск уезінде: Саны: арендалаушы үйлер	Бердянск уезінде: Саны: арендаға алынған жер (дес.)	Бердянск уезінде: Арендаға алушы әрбір үйге келетіні	Мелитополь уезінде: Саны: арендалаушы үйлер	Мелитополь уезінде: Саны: арендаға алынған жер (дес.)	Мелитополь уезінде: Арендаға алушы әрбір үйге келетіні	Днепр уезінде: Саны: арендалаушы үйлер	Днепр уезінде: Саны: арендаға алынған жер (дес.)	Днепр уезінде: Арендаға алушы әрбір үйге келетіні	Үш уезд бойынша: Саны: арендалаушы үйлер	Үш уезд бойынша: Саны: арендаға алынған жер (дес.)	Үш уезд бойынша: % есебімен	Үш уезд бойынша: Арендаға алушы әрбір үйге келетіні
5 дес. дейін егетіндер	39	66	1,7	24	383	16	20	62	3,1	83	511	1	6,1
5—10 » » »	227	400	1,8	159	776	4,8	58	251	4,3	444	1 427	3	3,2
10—25 » » »	687	2 642	3,8	707	4 569	6,4	338	1 500	4,4	1 732	8 711	20	5,0
25—50 » » »	387	3 755	9,7	672	8 564	12,7	186	1 056	5,7	1 245	13 375	30	10,7
50 дес. артық »	113	3 194	28,3	440	15 365	34,9	79	1 724	21,8	632	20 283	46	32,1
Барлығы	1 453	10 057	7	2 002	29 657	14,8	681	4 593	6,7	4 136	44 307	100	10,7

лығы тек семьяның өз қажетін қанағаттандыруды ғана емес, сонымен бірге бірсыпыра артық өнім, табыс кіргізуді де көздейді, осының арқасында шаруалар өзінің қора-жайларын оңдайды, машиналар алады, қосымша жер сатып алады. Бұл әбден орынды ниет, мұның ешбір айып-шамы жоқ, өйткені мұнда әлі ешбір кулактық элементтер байқалмайды». [Мұнда кулактық элементтер шынында да жоқ, бірақ қанаушылық элементтері, сөзсіз, бар: жерді қажетінен әлдеқайда артық көлемде арендалай отырып, ауқатты шаруалар кедейлердің азық-түлік өндіруіне керекті жерін қағып әкетеді; ауқатты шаруалар шаруашылық көлемін ұлғайта келіп қосымша жұмыс күшін керек қылады, сөйтіп кісі жалдай бастайды.] «Бірақ земство статистиктерінің кейбіреулері шаруалар өміріндегі мұндай көріністерді, тегінде, заңсыз нәрсе деп есептеп, олардың маңызын кемітуге тырысады, шаруалар арендаға жерді көбінесе азық-түлікке мұқтаж болғандықтан алады, ал дәулетті шаруалар жерді көп арендалап отырса да, дегенмен үлесті жер көлемінің ұлғаюына байланысты осы арендаторлар проценті ұдайы азайып келеді деп дәлелдеуге тырысады» (XVII бет) — «Естелік кітапшаны» құрастырушы Вернер мырза осы пікірді дәлелдеу үшін *бүкіл* Таврия губерниясындағы 1—2 қызметкері және 2—3 жұмыс көлігі бар шаруаларды үлесті жер көлеміне қарай топқа бөлген. Бақсақ, «үлесті жер көлеміне қарай арендалаушы үйлердің проценті бірден-бірге кеміді де, арендаға алынған жердің бір үйге келетін мөлшері үздік-создық кемиді екеп» (XVIII бет). Бұл сияқты әдіс тіпті дәлелді емес деп Постников өте дұрыс айтады, өйткені шаруалардың *бір бөлегі* (2—3 жұмыс көлігі барлары ғана) беталды ала салынған және де нақ ауқатты шаруалар есепке кірмей қалған, оның үстіне Таврия губерниясының материктік уездері мен Қырымды бірге есептеуге болмайды, өйткені бұларда арендалау шарттары бірдей емес: Қырымдағы халықтың $^1/_2$—$^3/_4$ бөлігі — жерсіздер (десятинашылар деп аталатындар), ал солтүстік уездерде тек 3—4 проценті ғана жерсіз. Қырымда арендаға жер табу әрдайым дерлік оңай; солтүстік уездерде — кейде бұл мүмкін емес.

Шаруалар өмірінің табыс келтіру мақсатымен жер арендалау сияқты әлгідей «заңсыз» көріністерін бүркемелеу үшін басқа губерниялардағы земство статистиктерінің де осындай әрекеттер (әрине, бұлар да сәтсіз болған) жасағаны байқалғанын айта кету қажет (Карышевтің жоғарыда аталған шығармасын қараңыз).

Сөйтіп, шаруалардың үлесті жерден тыс арендаға алған жерінің бөліну түрі жеке шаруалар шаруашылықтары арасында тек сан жағынан (жерді көп арендалайтыны, аз арендалайтыны жағынан) ғана емес, сапа жағынан да (азық-түлікке мұқтаж болғандықтан арендалайтыны, коммерциялық мақсатпен арендалайтыны жағынан да) айырмашылықтар болып отырғанын көрсетсе,— онда мұны *үлесті* жерді арендаға алу туралы бұдан да гөрі баса айтуға тура келеді.

«Шаруалардың өздеріндей шаруалардан арендаға алатын барлық үлесті жері,—дейді Постников,—1884—1886 жылдары үй басы жүргізілген санақ бойынша Таврияның 3 уезінде 256 716 десятина болған, бұл — осындағы шаруалардың барлық үлесті егістігінің $^1/_4$ бөлігі, бұған шаруалардың селоларда тұратын әртектілерге, сондай-ақ шаруалар құрамына қосылмайтын және үй басы санақ жүргізгенде есепке алынбайтын писарьларға, мұғалімдерге, дін иелеріне, тағы басқа да адамдарға жалға беретін жері әлі кірмей қалған. Осы жерлердің бәрін түгелдей дерлік ауқатты шаруалар арендаға алады, оны мына цифрлардан көруге болады. Үй қожайындарының көршілерінен жалға алатын үлесті егістігінің санақта есепке алынған десятина саны:

Үй басына 10 десятинаға дейін егетіндер	16 594 дес.,	яғни	6 %
» » 10-нан 25 » » »	89 526 »	»	35 »
» » 25 десятинадан артық »	150 596 »	»	59 »
Барлығы	256 716 дес.		100 %

Ал осы жалға берілетін жердің ең көбі, сол сияқты жалға жер берушілердің өздері де егін екпейтін, шаруашылығы жоқ және егінді аз егетін шаруалар тобына жатады. Сөйтіп, Таврия уездеріндегі шаруалардың

едәуір бөлігі (шамамен алғанда бүкіл халықтың 1/3 бөлігіне жуығы) ішінара өздері тілемегендіктен, ал көп реттерде шаруашылығын жүргізуге қажетті көлігі мен құрал-сайманы болмағандықтан, өздерінің үлесті жерін түгел пайдаланбай, оны арендаға береді, сөйтіп шаруалардың екінші бір ауқаттырақ жартысының пайдаланатын жерін молайтады. Жерін жалға берушілердің көпшілігі, сөз жоқ, күйзелген, құлдырап бара жатқан үй қожайындары» (136—137-беттер).

Бұл айтылғандарды «Таврия губерниясының 2 уезі бойынша (земство статистикасы Мелитополь уезінің мәліметтерін келтірмеген) үлесті жерін жалға беретін үй қожайындарының салыстырмалы санын, олардың жалға беретін үлесті егістігінің процентін көрсететін» (135-бет) мына бір кішкене кесте дәлелдейді:

	Бердянск уезі		Днепр уезі	
	үлесті жерін жалға беретін үй қожайындарының %	жалға берілетін үлесті жердің %	үлесті жерін жалға беретін үй қожайындарының %	жалға берілетін үлесті жердің %
Егін екпейтіндер	73	97	80	97,1
5 дес. дейін егетіндер	65	54	30	38,4
5—10 » » »	46	23,6	23	17,2
10—25 » » »	21,5	8,3	16	8,1
25—50 » » »	9	2,7	7	2,9
50 дес. артық »	12,7	6,3	7	13,8
Уездер бойынша	32,7	11,2	25,7	14,9

Шаруалардың жер иеленуі мен жерді пайдалануы туралы әңгімеден құрал-сайманның бөлінуіне көшейік. Шаруалар топтарындағы жұмыс көлігінің саны туралы Постников барлық үш уезді бірге қосып, мынадай мәліметтер келтіреді: [22-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл цифрлар өздігінен шаруалардың топтарын сипаттамайды — бұл сипаттама кейінірек, егіншілік техникасын суреттеген кезде және шаруаларды экономикалық топқа бөлген кезде беріледі. Бұл жерде тек мынаны атап өтеміз: қолдарындағы жұмыс көлігінің

	Барлық аттар	Барлық өгіздер	1 үйге орта есеппен келетіні: жұмыс көлігі	басқалары*	барлығы*	жұмыс көлігі жоқ үйлердің %
Егін екпейтіндерде	—	—	0,3	0,8	1,1	80,5
5 дес. дейін егетіндерде	6 467	3 082	1,0	1,4	2,4	48,3
5—10 » »	25 152	8 924	1,9	2,3	4,2	12,5
10—25 » »	80 517	24 943	3,2	4,1	7,3	1,4
25—50 » »	62 823	19 030	5,8	8,1	13,9	0,1
50 дес. артық »	21 003	11 648	10,5	19,5	30	0,03
Барлығы	195 962	67 627	3,1	4,5	7,6	—

саны жағынан шаруалар топтары арасындағы айырмашылықтың зор екені сонша, біз жоғарғы топтардың малы олардың семьясына қажетті мөлшерден анағұрлым артылып қалатынын, ал төменгі топтардың малы (әсіресе жұмыс көлігі) аз екені сонша, олардың шаруашылығын өз бетімен дербес жүргізе алмайтынын көреміз.

Құрал-сайманның бөлінуі туралы мәліметтер де дәл осы тәріздес. «Үй басы жүргізілген санақ шаруалардың плуг пен буккерден тұратын құрал-сайманын есепке алып, уездердің барлық халқы жөнінде мынадай мәліметтер берген» (214-бет):

	Үйлердің %: жер жыртатын құралы жоқтар	тек буккері барлар	плуг және басқа құралдары барлар
Бердянск уезі	33	10	57
Мелитополь »	37,8	28,2	34
Днепр »	39,3	7	53,7

Бұл кесте қаншама көп шаруалар тобының өз шаруашылығын *өз бетімен* дербес жүргізуге мүмкіндігі жоқ екенін көрсетеді. Жоғарғы топтарда істің жайы қандай болып отыр, мұны егісіне қарай бөлінген әр түрлі топтардағы үй басына келетін құрал-сайманның саны туралы мынадай мәліметтерден көруге болады;

* Ірі қараға шаққанда.

Үй басына келетін құрал-сайман

	Бердянск уезі		Мелитополь уезі		Днепр уезі	
	Жүк тасситын (арба және басқалар)	Жер жыртатын (плуг және буккер)	Жүк таситын	Жер жыртатын	Жүк таситын	Жер жыртатын
5—10 дес. егетіндерде	0,8	0,5	0,8	0,4	0,8	0,5
10—25 » »	1,2	1,3	1,2	1	1	1
25—50 » »	2,1	2	2	1,6	1,7	1,5
50 дес. артық »	3,4	3,3	3,2	2,8	2,7	2,4

Құрал-сайманның саны жағынан жоғарғы топ төменгі топтан (5 десятинаға дейін егетін шаруалар тобын автор мүлде есептен шығарып тастаған) 4—6 есе басым; ал қызметкерлер * саны жағынан жоғарғы топ сол төменгі топтан $^{23}/_{12}$ есе, яғни екі есеге жуықтай басым. Осының өзінен-ақ жоғарғы топ жұмысшы жалдауға тиісті болғанда, төменгі топтағы үйлердің тең жартысында жер жыртатын құрал-сайманы жоқ екені (N. B. ** Бұл «төменгі» топ — төменнен санағанда үшінші топ), олай болса, шаруашылығын өз бетімен дербес жүргізуге мүмкіндігі жоқ екені көрініп отыр.

Жер мен құрал-сайман мөлшеріндегі жоғарыда көрсетілген айырмашылықтар егістік жер көлемінде де айырмашылықтар болуын керек ететіні табиғи нәрсе. 6 топтың әрбір үйіне келетін егістің десятина саны жоғарыда келтірілді. Таврия губерниясындағы шаруалардың жалпы егіс көлемі топтарға былайша бөлінген:

	Егіс десятинасы	% есебімен				
5 дес. дейін егетіндерде »	34 070	2,4	егістің	12%	халықтың	40%-інде
5—10 » » »	140 426	9,7				
10—25 » » »	540 093	37,6	»	38%	»	40% »
25—50 » » »	494 095	34,3	»	50%	»	20% »
50 дес. артық »	230 583	16				
Барлығы	1 439 267	100%				

* Шаруалар топтары бойынша семья құрамы туралы жоғарыда келтірілген кестені қараңыз.

** — Nota bene — есіңізде болсын. *Ред.*

Бұл цифрлар өзінен-өзі түсінікті. Бұған тек мынаны қоса кеткен жөн: Постниковтың есебі бойынша (272-бет), семья тек егіншілікпен ғана күн көре алатындай орташа егіс көлемі үй басына 16—18 десятина болу керек.

III

Осының алдындағы тарауда әр түрлі топтардағы шаруалардың дәулеттілік дәрежесін және олардың шаруашылығының мөлшерін сипаттайтын мәліметтер қорытылды. Енді әр түрлі топтардағы шаруалар шаруашылығының сипатын, шаруашылық жүргізудің тәсілі мен жүйесін анықтайтын мәліметтерді қорытқан жөн.

Ең алдымен Постниковтың «шаруашылық көлемінің ұлғаюына және машиналарды қолдануға байланысты шаруалар еңбегінің өнімділігі және семьяның жұмыс істеуге қабілеттілігі едәуір артады» (X бет) деген қағидасына тоқталып өтелік. Автор бұл қағиданы әр түрлі экономикалық топтардағы *белгілі бір* егіс көлеміне қызметкер мен жұмыс көлігінің қаншадан келетінін есептеп шығара келіп дәлелдеген. Бұл арада семьялар құрамы туралы мәліметтермен пайдалануға болмайды, өйткені «төменгі экономикалық топтар өз қызметкерлерінің бір бөлігін сыртқа жалдануға жібереді, ал жоғарғы топтар өздері батырақ жалдап алады» (114-бет). Таврия земство статистикасы жалданатын және жалдануға жіберілетін жұмысшылар санын көрсетпейді, сондықтан Постников бұлардың санын земство статистикасының қызметкерлер жалдаған үйлердің саны туралы мәліметтерін және белгілі бір мөлшерлі егіс көлеміне қанша қызметкер қажет болатынын негізге ала отырып, шамамен есептеп шығарған. Осы есептеп шығарған мәліметтерінің толық дәл келе бермейтінін Постниковтың өзі де мойындайды, бірақ ол өзінің есебі тек жоғарғы 2 топтағы семья құрамын едәуір өзгерте алады деп ойлайды, өйткені қалған топтарда жалданушылар саны көп емес. Семьялардың құрамы туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерді төмендегі кестемен салыстыра отырып, оқушы бұл көзқарастың дұрыс-бұрыстығын тексере алады:

Таврия губерниясының үш уезі бойынша

	Қызметкерлер жалдап алынған	Қызметкерлер жалдануға жіберілген	Айырмасы	1 үйге келетіні: семьядағы жан саны (жалданушылармен қоса)	1 үйге келетіні: қызметкерлер
Егін екпейтіндерде	239	1 077	— 838	4,3	0,9
5 дес. дейін егетіндерде	247	1 484	—1 237	4,8	1,0
5—10 » » »	465	4 292	—3 827	5,2	1,0
10—25 » » »	2 846	3 389	— 543	6,8	1,6
25—50 » » »	6 041	—	+6 041	8.9	2,4
50 дес. артық »	8 241	—	+8 241	13,3	5
Барлығы	18 079	10 242	+7 837	—	—

Осы соңғы бағананы семьялар құрамы туралы мәліметтермен салыстыра келіп, біз Постниковтың төменгі топтардағы жұмысшылар санын біраз кемітіп, жоғарғы топтардағы жұмысшылар санын арттырғанын көреміз. Өйткені оның мақсаты — шаруашылықтың көлемі ұлғаюына байланысты белгілі бір егіс көлеміне келетін жұмысшылар саны кеми беретіндігін дәлелдеу болған, олай болса, автордың шамамен шығарған есебі бұл кемушілікті күшейтуден гөрі бәсеңдетуі мүмкін еді.

Алдын ала жасалған осы есептен кейін Постников шаруалардың әр түрлі топтарындағы егіс көлемі мен қызметкерлердің, жұмыс көлігінің, онан кейін жалпы халықтың саны арасындағы арасалмақты көрсететін мынадай кестені келтіреді (117-бет):

	Бір пар жұмыс көлігіне келетін егіс	100 дес. егіске келетіні: үйлер	100 дес. егіске келетіні: барлық жан (жалданушылармен қоса)	100 дес. егіске келетіні: қызметкерлер	100 дес. егіске келетіні: жұмыс көлігі
5 дес. дейін егетіндерде	7,1 дес.	28,7	136	28,5	28,2
5—10 » » »	8,2 »	12,9	67	12,6	25
10—25 » » »	10,2 »	6,1	41,2	9,3	20
25—50 » » »	12,5 »	2,9	25,5	7	16,6
50 дес. артық »	14,5 »	1,3	18	6,8	14
Барлығы	10,9 дес.	5,4	36,6	9	18,3

«Сонымен, шаруалар шаруашылығының және жыртқан жерінің көлемі ұлғаюына байланысты жұмыс күшін, адам мен жұмыс көлігін ұстауға жұмсалатын шығын, ауыл шаруашылығындағы осы ең негізгі шығын кеміген үстіне кеми береді және шаруалардың егінді көп егетін топтарының бір десятина егіске жұмсайтын шығыны жерді аз жыртатын топтардікінен 2 есе дерлік аз болып шығады» (117-бет).

Қызметкерлер мен жұмыс көлігіне жұмсалатын шығын — ауыл шаруашылығындағы ең басым шығын деген қағиданы автор төменде бір меннонит[7] шаруашылығының толық бюджетін мысалға келтіру арқылы дәлелдейді: мұнда барлық шығынның ішінен шаруашылыққа жұмсайтын шығыны — 24,3 процент; жұмыс көлігіне жұмсайтын шығыны — 23,6 процент және қызметкерлерге жұмсайтыны — 52,1 процент (284-бет).

Шаруашылықтың көлемі ұлғайған сайын еңбек өнімділігі де арта береді деген өзінің қорытындысына Постников зор маңыз береді (бұл оның алғы сөзі ішіндегі жоғарыда келтірілген цитаттан да көрініп тұр), оның осы қорытындысының шынында да маңызды екенін — біріншіден, әр түрлі топтардағы біздің шаруаларымыздың экономикалық тұрмысын және шаруашылықтың сипатын зерттеу жөнінде; екіншіден, ұсақ және ірі шаруашылықтардың арасалмағы туралы жалпы мәселе жөнінде маңызды екенін мойындамауға да болмайды. Осы соңғы мәселені көп авторлар әбден шатастырған, бұл шатастырудың басты себебі сол, әр түрлі қоғамдық жағдайларға қойылған, шаруашылықты жүргізу типінің өзінде айырмашылықтары бар әртекті шаруашылықтар салыстырылған; мысалы, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру арқылы табыс кіргізетін шаруашылықтар басқа шаруашылықтардың жерге мұқтаждығын пайдалану арқылы табыс кіргізетін шаруашылықтармен (мәселен, тура 1861 жылғы реформадан[8] кейінгі дәуірдегі шаруалар мен помещиктер шаруашылықтары) салыстырылған. Постников мұндай қатеден мүлде аулақ және салыстырудың негізгі ережесін: салыстырылатын құбылыстар біртектес болуы керек деген ережені ұмытпаған.

Таврия уездері жөніндегі өзінің қағидасын толығырақ дәлелдей отырып, автор, біріншіден, әрбір уезд туралы мәліметтерді бір бөлек; екіншіден, орыс халқы туралы, атап айтқанда, оның ең саны көп тобы — бұрынғы мемлекеттік шаруалар туралы мәліметтерді бір бөлек келтіреді (273—274-беттер):

	Бір пар жұмыс көлігіне келетін егіс десятинасы					
	жалпы уездер бойынша			бұрынғы мемлекеттік шаруалар тобында		
	Бердянск	Мелитополь	Днепр	Бердянск	Мелитополь	Днепр
5 дес. дейін егетіндерде	8,9	8,7	4,3	—	—	—
5—10 » » »	8,9	8,7	6,8	8,9	9,1	6,8
10—25 » » »	10,2	10,6	9,7	10,3	10,9	9,6
25—50 » » »	11,6	12,4	12,3	12,3	12,8	11,9
50 дес. артық »	13,5	13,8	15,7	13,7	14,3	15
Орта есеппен	10,7	11,3	10,1	—	—	—

Бұдан шығатын қорытынды да сондай: «көлемі шағын шаруашылықта белгілі бір егіс көлеміне келетін жұмыс көлігінің салыстырмалы саны шаруалардың «толық» шаруашылығындағы осындай саннан $1^1/_2$ — 2 есе көп болып шығады. Үй басы жүргізілген сапақ басқа, ұсағырақ топтардың бәрі үшін де: бұрынғы помещиктік шаруалардың, арендаторлардың және басқалардың топтары үшін де және жергілікті жердегі барлық, бір болыстың және тіпті бір селоның көлемінен аспайтын ең шағын деген аудандарда да осы заңның қолданылып отырғанын көрсетті» (274-бет).

Егістің көлемі мен шаруашылық шығындарының арақатынасы сондай-ақ шығынның басқа түрі жөнінен де: құрал-сайман мен өнім беретін мал ұстауға жұмсалатын шығын жөнінде де ұсақ шаруашылықтарға пайдалы емес екен.

1 үйге келетін құрал-сайман мен өнім беретін мал санының төменгі топтан жоғарғы топқа қарай қалай тез өсетінін біз жоғарыда көрдік. Егер осы құрал-сай-

манды белгілі бір егіс көлеміне бөліп есептесек, ол уақытта оның төменгі топтан жоғарғы топқа қарай өткен сайын *кеми беретінін* көреміз (318-бет):

	100 десятина егіске келетіні		
	онім беретін мал	плугтар мен буккерлер	арбалар
5 дес. дейін егетіндерде	42 бас	4,7	10
5—10 » » »	28,8 »	5,9	9
10—25 » » »	24,9 »	6,5	7
25—50 » » »	23,7 »	4,8	5,7
50 дес. артық »	25,8 »	3,8	4,3
Үш уезд бойынша:	25,5 бас	5,4	6,5

«Бұл кесте үй басына келетін егіс көлемінің ұлғаюына қарай белгілі бір егіс көлеміне келетін аса ірі құрал-саймандардың (жер өңдеу және тасымал құралдарының) саны кеміген үстіне кеми беретінін, сондықтан жоғарғы топтардың шаруашылығында жер өңдеу және тасымал құралдарын ұстауға жұмсалатын шығынның бір десятина жерге келетін мөлшері біршама азырақ болуға тиіс екенін көрсетеді. Үй басына 10 десятинаға дейін егісі бар топтың кейбір ерекшелігі бар: бұл топтың үй басына 16 десятина егісі бар екінші бір топқа қарағанда жер өңдеу құралдары біршама азырақ, ал оның себебі тек мынау: бұл топтағы көптеген шаруалар жұмысты оз меншігіндегі құрал-сайманмен емес, жалға алған құрал-сайманмен істейді, бірақ бұдан құрал-сайманға жұмсалатын шығып тіпті де кемімейді» (318-бет).

«Шаруалар шаруашылығының көлемі неғұрлым үлкенірек болса,— дейді Постников,— жыртылатын жердің белгілі бір көлеміне келетін құрал-сайман, жұмыс адамдары мен жұмыс көлігі соғұрлым аз болатынын земство статистикасы даусыз фактілермен айқын-анық көрсетіп отыр» (162-бет).

«Таврия уездерінде,— дейді Постников одан әрі,— осы құбылыс шаруалардың барлық топтарында және жергілікті жердегі барлық аудандарда орын алып отырғаны бұдан бұрынғы тарауларда көрсетілді. Земство

статистикасының мәліметтеріне қарағанда, шаруалар шаруашылығындағы бұл құбылыс шаруалар шаруашылығының басты саласы егіншілік болып табылатын басқа губернияларда да байқалып отыр. Сөйтіп, бұл құбылыс кең өріс алып, экономикалық зор маңызы бар заң түріне айналып барады, өйткені бұл заң ұсақ егіншілік шаруашылығының экономикалық мәнін елеулі дәрежеде жояды» (313-бет).

Постниковтың соңғы пікірі сәл ертерек айтылған пікір: ірі шаруашылықтардың ұсақ шаруашылықтарды ығыстырмай қоймайтынын дәлелдеу үшін ірі шаруашылықтардың зор тиімділігін (өнімді көп арзанға түсіретінін) анықтау жеткіліксіз; оның үстіне ақшалы (дәлірек айтқанда: товар шаруашылығының) шаруашылықтың натуралды шаруашылықтан басымдығын да анықтау қажет, өйткені өнімі рынокқа апарылмай, өндірушінің өз тұтынуына жұмсалатын натуралды шаруашылық жағдайында арзан өнім рынокта қымбат өніммен кездеспейді, сондықтан ол қымбат өнімді ығыстыра да алмайды. Бұл жайында кейін толығырақ әңгіме болады.

Жоғарыда анықталған заңды бүкіл Россияға қолдануға болатындығын дәлелдеу үшін Постников земство статистикасы халқын экономикалық топтарға саралай бөлген уездерді алады да, әр түрлі топтарда бір пар жұмыс көлігі мен бір қызметкерге келетін егістік жерді есептеп шығарады. Бұдан да бұрынғыдай қорытынды шығады: «шаруалардың шағын көлемді шаруашылығы жағдайында егістік жердің жұмыс күштерін ұстауға жұмсайтын шығыны неғұрлым мол көлемді шаруашылықтағыдан $1^1/_2$ — 2 есе көп болуға тиіс» (316-бет). Бұл Пермь губерниясы үшін қандай дұрыс болса (314-бет), Воронеж губерниясы үшін де сондай дұрыс, Саратов губерниясы үшін қандай дұрыс болса, Чернигов губерниясы үшін де сондай дұрыс (315-бет), демек, бұл заңды бүкіл Россияға қолдануға болатынын Постников сөзсіз дәлелдеп шықты.

Енді шаруалар шаруашылықтарының әр түрлі топтарының «табысы мен шығыны» туралы (IX тарау)

және олардың рынокқа қатысы туралы мәселеге келейік:

«Өз алдына дербес бір шаруашылық болып табылатын әрбір шаруашылықта,— дейді Постников,— жер көлемі мынадай 4 бөліктен тұрады: бір бөлігі жұмыс істейтін семьяға және шаруашылықтағы қызметкерлерге *тамақ* өндіреді; бұл—тар мағынада алғанда—шаруашылықтың тамақ егістігі; екінші бөлігі шаруашылықтағы жұмыс малының азығын өндіреді, сондықтан мұны *мал азығы* егістігі деп атауға болады. Үшінші бөлігіне үй іргесіндегі жер, жолдар, тоғандар, тағысын-тағылар және егістік жердің себуге арналған тұқым өндіретін бөлігі жатады; оны *шаруашылық* егістігі деп атауға болады, өйткені ол бөле-жармай бүкіл шаруашылыққа қызмет етеді. Ақырында, төртінші бөлігі шикі немесе өңделген күйінде шаруашылықтан рынокқа шығарылатын астық пен өсімдіктер өндіреді. Бұл — шаруашылықтың *сауда* немесе *рынок* егістігі. Жердің жоғарыда көрсетілген төрт бөлікке бөлінуі әрбір жекеше шаруашылықта егілетін дақылдардың түріне қарай емес, оларды өсіргенде көзделген ең таяу мақсатына қарай белгіленеді.

Шаруашылықтың ақшалай табысы оның жерінің сауда бөлігіне қарай белгіленеді, сондықтан осы сауда егістігінің көлемі неғұрлым көп болса және одан алынатын өнімдердің салыстырмалы құндылығы неғұрлым жоғары болса, село қожайындарының рынокқа қоятын тілегі де, елдің өз рыногы аймағында егіншіліктен тыс жұмсай алатын еңбегінің мөлшері де соғұрлым көп болады, ел үшін оның ауыл шаруашылығының мемлекеттік (алым-салық төлеу) және мәдени маңызы соғұрлым жоғары болады, сондай-ақ қожайынның өзінің таза табысы да, оның ауыл шаруашылығына жұмсаған қаржыларын өндіруге және оны жақсартуға қажетті қоры да көп болады» (257-бет).

Егер де елеулі маңызы бар бір түзету енгізсе, Постниковтың бұл пікірі мүлде дұрыс болып шығар еді: автор бұл арада шаруашылықтың сауда егістігінің жалпы ел үшін қандай маңызы болатыны жайында сөз етіп отыр, ал, дұрысында, сірә, әңгіме ақшалы шаруашылы-

ғы басым, өнімдерінің көпшілігі *товар* түрінде болатын ел туралы ғана болуы мүмкін. Бұл шартты ұмыту, оны өзінен өзі түсінікті нәрсе деп санау, сөз болып отырған елге бұл шарттың қаншалықты үйлесімді екенін нақты зерттемей қалдырып кету — тұрпайы саяси экономияның қатесіне ұрынғандық болар еді.

Бүкіл шаруашылықтан оның рынок егістігін бөліп алудың маңызы өте зор. Ішкі *рынок* үшін өндірушінің жалпы табысы емес (бұл өндірушінің әл-ауқаты осыған, яғни табысына қарай болады), оның *ақшалай* кіргізетін табысының ғана зор маңызы бар. Ақшалай қаржысының болу-болмауы өндірушінің әл-ауқатына тіпті де байланысты емес: айталық, өз участкесінен өзінің тұтынуына жетерліктей мөлшерде өнім алатын, бірақ натуралды шаруашылық жүргізетін шаруа,— ауқатты тұрады, бірақ оның ақшалай қаржысы болмайды; шалажансарпы күйзелген, участкесінен өзіне керекті астықтың аз ғана бір бөлігін алатын, қалған астықты (аз болса да және сапасы нашар болса да) көлденең «табыспен» келтіретін шаруа ауқатты тұрмайды, бірақ оның ақшалай қаржысы болады. Бұдан шаруа табысының ақшалай бөлігін есепке алмай, шаруалар шаруашылықтарының және олардың тапқан табысының рынок үшін маңызы туралы айтылған пікірлердің қандайының болса да ешбір құны болмайтыны айқын көрініп отыр.

Әр түрлі топтарға жататын шаруалар шаруашылығындағы егіс көлемінің жоғарыда көрсетілген төрт бөлігінің қаншалықты аз-көптігін анықтау үшін Постников әуелі бір жыл бойы тұтынылатын астықтың есебін шығарады, бұл үшін жан басына шамамен 2 ширектен астық бөледі (259-бет), сонда жан басына $^2/_3$ десятинадан егіс келеді. Сонан соң әрбір атқа келетін мал азығы егісін $1^1/_2$ десятина, ал егіс көлемін жыртылатын жердің 6 проценті деп белгілейді, сөйтіп мынадай мәліметтер келтіреді * (319-бет):

* Ақшалай табысты анықтау үшін Постников былай істеді: бүкіл сауда егістігіне ең қымбат астық — бидай себілген деп есептеді, оның орташа шығымдылығын және бағасын өзі білгендіктен осы егіс көлемінен алынатын табыс мөлшерін де есептеп шығарды.

	100 десятина егістен келетіні:			Ақшалай түсетін табыс		
	шаруашылық егістігі	тамақ егістігі	мал азығы егістігі	сауда егістігі	1 десятина егіске	1 үйге
					(сом)	
5 дес. дейін егетіндерде	6	90,7	42,3	—39	—	—
5—10 » » »	6	44,7	37,5	+11,8	3,77	30
10—25 » » »	6	27,5	30	36,5	11,68	191
25—50 » » »	6	17	25	52	16,64	574
50 дес. артық »	6	12	21	61	19,52	1 500

«Жеке топтардағы шаруашылықтың ақшалай табыстарындағы көрсетілген айырмашылық,— дейді Постников,— шаруашылық мөлшерінің маңызын барынша айқын сипаттайды, бірақ егістіктердің табыстылығы арасындағы бұл айырмашылық шын мәнінде шаруашылық топтарында бұдан да артық болуға тиіс, өйткені жоғарғы топтардың десятинадан алатын өнімі көп және сатылатын астығы құндырақ болады деп шамалау керек.

Табыстылықты бұлайша есептегенде біз шаруашылықтың барлық жерін алмай, тек егістік жерін ғана есепке алдық, өйткені Таврия уездерінің шаруалар шаруашылықтарындағы малдың жеке түліктеріне қажет болатын басқа жерлер туралы бізде анық мәліметтер жоқ; бірақ тек егіншілікпен ғана шұғылданатын оңтүстік орыс шаруаларының ақшалай табысы түгелдей дерлік егістік жерден алынатын болғандықтан, жоғарыда келтірілген цифрлар шаруалардың әр түрлі топтарындағы шаруашылықтан түскен ақшалай табыстағы айырмашылықты соншама дәл сипаттайды. Бұл цифрлар егіс көлеміне қарай осы табыстың қаншалықты көп өзгеретінін де көрсетеді. 75 десятина егісі бар семья жылына 1500 сомға дейін ақшалай кіріс келтіреді, $34^1/_2$ десятина егісі бар семьяның бір жылдағы кірісі 574 сом, ал $16^1/_3$ десятина егісі бар семьяның кірісі тек 191 сом ғана. 8 десятина егетін семья 30 сом ғана кіріс келтіреді, яғни көлденең кәсібі болмаса, бұл ақша шаруашылыққа жұмсаған ақшалай шығындарын өтеуге жетпейді. Әрине, жоғарыда келтірілген цифрлар шаруа-

шылықтан алынатын рентаны әлі көрсетпейді, ал осы рентаны алу үшін шаруашылық бойынша салыққа, құрал-сайманға, қора-қопсыға, киім-кешек, аяқ киім сатып алуға, тағысын-тағыларға жұмсалған барлық ақшалай шығындарды сол саннан шығарып тастау керек. Бірақ бұл шығындар шаруашылық көлемінің ұлғаюымен теңбе-тең өсіп отырмайды. Семьяны асырауға жұмсалатын шығындар семьядағы жан басының көбеюімен теңбе-тең өсіп отырады, ал семья құрамының өсуі, кестеден көрініп отырғанындай, топтардағы егіс көлемінің ұлғаюынан анағұрлым баяу болады. Ал енді барлық шаруашылық шығындарды (жер салығы мен аренда ақысын төлеу, қора-қопсы мен құрал-сайман жөндеу шығындарын) алатын болсақ, шаруашылықта бұл шығындардың өсуі қалай болғанда да шаруашылық көлемінің өсуінен озып кетпейді, оның бер жағында шаруашылықтан түсетін жалпы ақшалай табыс, осының алдындағы кесте көрсетіп отырғанындай, егіс көлемінің өсуінен озып кетеді. Ал осы шаруашылық шығындарының бәрі шаруашылықтың жұмыс күштерін ұстау жөніндегі негізгі шығынымен салыстырғанда өте аз. Сөйтіп, біз шаруалар шаруашылығында егіншіліктен алынатын рентаның десятина басына келетін мөлшері шаруашылық көлемі кеміген сайын үсті-үстіне кеми береді деген құбылысты тұжырымдай аламыз» (320-бет).

Сөйтіп, Постниковтың мәліметтерінен біз мынаны көреміз: рынокқа қатысы жағынан алғанда әр түрлі топтардағы шаруалардың егіншілік шаруашылығының елеулі айырмашылығы бар: жоғарғы топтар (үй басына 25 десятинадан артық егісі барлар) қазірдің өзінде коммерциялық шаруашылық жүргізіп отыр; бұлардың астық өндірудегі мақсаты — табыс алу. Ал оның керісінше, төменгі топтарда егіншілік семьяның қажетті мұқтажын өтемейді (мұның үй басына 10 десятинаға дейін егін салатын егіншілерге қатысы бар); егер шаруашылықтағы барлық шығынды дәлірек есептейтін болсақ, онда, сірә, осындай топтардағы шаруашылықтың пайдасынан зияны асып түсетінін көрсек керек.

Рыноктан талап етілетін зат мөлшеріне шаруалардың әр түрлі топтарға бөлінуінің қандай әсер ететіні туралы мәселені шешу үшін Постников келтірген мәліметтерді пайдаланып қалу да өте-мөте қызықты. Біз рыноктан талап етілетін заттың мөлшері сауда егістігінің көлеміне байланысты екенін, ал сауда егістігі шаруашылық көлемінің ұлғаюына қарай өсіп отыратынын білеміз; бірақ жоғарғы топтардағы шаруашылық көлемдерінің осылай өсуімен қатар төменгі топтардағы шаруашылықтың көлемдері кеми береді ғой. Үй саны жағынан төменгі топтар жоғарғы топтардан екі есе көп: Таврия уездерінде төменгі топтар 40 процент, жоғарғы топтар тек 20 процент қана. Олай болса, жалпы және тұтас алғанда шаруашылықтың жоғарыда көрсетілгендей бөлінуі рыноктан талап етілетін зат мөлшерін кемітпей ме? Шынын айтқанда, біз бұл сұраққа долбарлы ой-пікірлер негізінде-ақ кемімейді деп жауап бере аламыз: істің мәні мынада: төменгі топтарда шаруашылық көлемінің шағын болғаны соншалық, семьяның барлық мұқтажын егіншілік өтей алмайды; сондықтан аштан өлмес үшін осы төменгі топтар өкілдеріне өздерінің жұмыс күшін рынокқа апаруға тура келеді; жұмыс күшін сату бұларға белгілі мөлшерде ақшалай қаржы береді және шаруашылық көлемдерінің кемуінен туған, рыноктан талап етілетін зат мөлшері азаюының орнын (белгілі дәрежеде) осылайша толтырады. Бірақ Постниковтың мәліметтері қойылған сұраққа анығырақ жауап беруге мүмкіндік туғызады.

Белгілі бір көлемдегі егісті, мысалы, 1600 десятина егісті алайық та, оны екі түрлі бөлінген екен дейік: біріншіден, экономикасы біртектес шаруалар арасында, екіншіден, қазір өзіміз Таврия уездерінде көріп отырғанымыздай, әртекті топтарға жіктелген шаруалар арасында бөлінген екен дейік. Бірінші жағдайда шаруалардың орташа шаруашылығына 16 десятина егіс келеді деп ойласақ (Таврия уездерінде іс жүзінде осылай болып отыр), сонда өз мұқтажын егіншілікпен толық өтейтін 100 шаруашылық шығады. Рыноктан талап етілетін зат 191×100=19 100 сом болады. Екінші жағдайда: 1600 десятина егіс сол 100 үйге басқаша түрде, атап

айтқанда, Таврия уездерінде егіс көлемі шаруалар арасында шын мәнісінде қалай бөлінсе, мұнда да дәл солай бөлінген: 8 үйдің ешбір егісі жоқ; 12 үй 4 десятинадан егеді; 20 үй 8 десятинадан, 40 үй 16 десятинадан, 17 үй 34 десятинадан және 3 үй 75 десятинадан егеді (сонда барлық егіс 1583 десятина, яғни 1600 десятинадан да сәл кемірек болады). Осылай бөлінген күнде шаруалардың айтарлықтай бөлігі (40 проценті) өз жерінен барлық мұқтажын өтеуге жетерліктей табыс ала алмайды. Үй басына 5 десятинадан артық егісі бар шаруашылықтарды ғана есепке алғанда, рыноктан алынуға тиіс ақша мөлшері мынадай болады: $20 \cdot 30 + 40 \cdot 191 + 17 \cdot 574 + 3 \cdot 1500 = 21\,350$ сом. Сонымен, біз тұтас 20 үйді [өзінің өнімдерін сатып табыс таппағанмен, қалай да сөзсіз ақшалай табыс кіргізетін] шығарып тастасақ та, егіс көлемінің 1535 десятинаға дейін кемігеніне қарамастан,— рыноктан алынуға тиіс ақшаның жалпы мөлшері артып отырғанын көреміз [9].

Төменгі экономикалық топтардағы шаруалар өздерінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болатыны жоғарыда айтылып өтті; ал оның керісінше, жоғарғы топтардың өкілдері жұмыс күшін сатып алуға тиісті, өйткені өздерінің көлемді егістік жерін өңдеу үшін олардың өз жұмысшылары қазірдің өзінде жеткіліксіз. Енді біз осы маңызды құбылысқа толығырақ тоқталуға тиіспіз. Постников бұл құбылысты «шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістерге» қоспайтын сияқты (қалай болғанда да ол еңбегінің нәтижелерін қорытқан алғы сөзінде бұл туралы еш нәрсе айтпайды), бірақ бұл құбылысқа ауқатты шаруалардың машиналарды енгізуінен немесе егістік жерді ұлғайтуынан гөрі анағұрлым көбірек көңіл бөлу қажет болады.

«Таврия уездеріндегі неғұрлым ауқатты шаруалар,— дейді автор,— жалпы алғанда жалдама қызметкерді едәуір көбірек пайдаланады және өзінің шаруашылығын өз семьяларының шама-шарқынан әлдеқайда асып түсетіндей жер көлемінде жүргізеді. Мәселен, 3 уезде шаруалардың барлық топтары бойынша 100 семьяға келетін жалдама қызметкер ұстауы мынадай:

Егісі жоқтарда	3,8%
5 дес. дейін егетіндерде	2,5
5—10 » » »	2,6
10—25 » » »	8,7
25—50 » » »	34,7
50 дес. артық »	64,1
Барлығы	12,9%

Бұл цифрлар көбінесе ауқатты, егісі едәуір көбірек қожайындардың жалдама қызметкерлер ұстайтынын көрсетіп отыр» (144-бет).

Топтардағы жалданушылары жоқ семьялардың (үш уезді жеке-жеке алғанда) және жалданушылары бар семьялардың (үш уезді қоса алғанда) құрамы туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерді салыстыра отырып, біз үй басына 25-тен 50 десятинаға дейін егін егетін қожайындар кісі жалдау арқылы өз шаруашылығында жұмыс күшінің санын шамамен $^1/_3$ есе (бір семьяға 1,8—1,9 қызметкерден 2,4 қызметкерге дейін) арттыратынын, ал үй басына 50 десятинадан артық егісі бар қожайындар жұмысшы санын екі есе дерлік (2,3-тен 5-ке дейін) арттыратынын көреміз; автордың есебінше, тіпті екі еседен де артық көбейтеді, олар өздерінің 7129 адамының үстіне 8241 қызметкерге дейін жалдауға тиіс (115-бет), деп есептейді автор. Төменгі топтар жұмысшыларды басқа жаққа едәуір көбірек жіберуге тиіс екені осы топтардағы егіншілік шаруашылығының әлгі жұмысшыларға өздерін асырауға жетерліктей мөлшерде өнім бере алмайтындығынан-ақ көрініп тұр. Амал не, біздің қолымызда басқа жаққа жіберілетін қызметкерлердің саны туралы анық мәлімет жоқ. Бұлардың санын өзінің үлесті жерін жалға беретін үй қожайындарының санына қарап шамалауға болады: жоғарыда Таврия уездеріндегі халықтың $^1/_3$ бөлігіне жуығы өзінің үлесті жерін толық пайдаланбайтыны туралы Постниковтың мәлімдемесі келтірілді.

IV

Жеке үйлердің экономикалық жағдайында «орасан үлкен әр қилылық» бар екені туралы өзінің қағидасын Постниковтың әбден дәлелдегені жоғарыда келтірілген мәліметтерден көрініп отыр. Бұл әр қилылық тек шаруалардың дәулеттілік дәрежесіне және олардың егіс көлеміне ғана емес, сонымен қатар тіпті әр түрлі топтардағы шаруашылықтың сипатына да жатады. Ол ол ма. Тіпті «әр қилылық», «жіктелу» деген терминдердің өзі бұл құбылысты толық сипаттау үшін жеткіліксіз екен. Егер бір шаруаның 1 жұмыс көлігі, екінші шаруаның 10 жұмыс көлігі болса, біз мұны жіктелу деп атаймыз, ал егер бір шаруа жерді пайдалану арқылы табыс табуды ғана бірден-бір мақсат етіп, өзін қамтамасыз ететін үлесті жерінің үстіне ондаған десятина жерді арендаға алса, сөйтіп ол екінші шаруаны өзінің семьясын асырау үшін арендаға жер алу мүмкіншілігінен айырса,— онда біздің, сірә, жіктелуден әлдеқайда күрделірек бір нәрсеге кез болғанымыз; біз мұндай құбылысты «алалық» (323-бет), «экономикалық мүдделердің күресі» (XXXII бет) деп атауға тиіспіз. Бұл терминдерді қолданғанда, Постников бұлардың бүкіл маңызын жете бағаламайды; сондай-ақ ол осы соңғы терминдердің де жеткіліксіз екенін байқамайды. Халықтың кедейленген тобының үлесті жерін арендаға алу, өз шаруашылығын жүргізуден қалған шаруаны батырақтыққа жалдау,— бұл тек алалық қана емес, бұл — нағыз қанаушылық.

Осы заманғы шаруалар арасындағы экономикалық алалықтың күшті екенін мойындай отырып, біз шаруаларды дәулеттілік дәрежесіне қарай бірнеше жікке бөліп қоюмен ғана шектеле алмаймыз. Егер жоғарыда көрсетілген әрқилылықтың бәрі сандық айырмашылықтарға келіп тірелетін болса, онда бұлай бөлу жеткілікті болар еді. Бірақ бұл олай емес. Егер шаруалардың бір бөлегі егіншілікті коммерциялық пайда табу мақсатымен жүргізіп, соның нәтижесінде ақшалай көп табыс алатын болса, ал екінші бөлегінің егіншілігі тіпті семьясының күнделікті қажетін де өтемейтін болса, егер ша-

руалардың жоғарғы топтары өздерінің жақсы жолға қойылған шаруашылыгын төменгі топтарды күйзелту негізінде құрып отырса, егер ауқатты шаруалар едәуір дәрежеде жалдама еңбекті пайдаланып отырса, ал кедей шаруалар лажсыздан өздерінің жұмыс күшін сататын болса,— онда бұл, сөз жоқ, сапалық айырмашылықтар, сондықтан біздің ендігі міндетіміз шаруаларды олардың шаруашылығы сипатының өзіндегі айырмашылықтарға қарай топқа бөлу болуға тиіс (шаруашылықтың сипаты дегенде техниканың емес, экономиканың өзгешеліктерін айтамыз).

Постников осы соңғы айырмашылықтарға өте аз көңіл бөлген; сондықтан ол «халықты неғұрлым жалпылама түрде топтарға бөлудің» (110-бет) қажеттігін мойындай тұрса да және осылай етіп бөлуге әрекеттеніп отырса да, бірақ оның бұл әрекеті түгелдей сәтті болып шықты деп тануға болмайтынын біз қазір көреміз.

«Халықты экономикалық топтарға неғұрлым жалпылама түрде бөлу үшін,— дейді Постников,— біз басқа бір белгіні пайдаланып көреміз, бұл белгінің жер-жерде біртекті экономикалық маңызы болмаса да, ол шаруалардың өздерін-өздері топтарға бөлуіне және барлық уездерде земство статистиктері де байқаған бөлінушілікке көбірек үйлеседі. Шаруаларды бұлайша бөлу үй қожайындарының үйдегі жұмыс көлігінің санына қарай шаруашылықты жүргізу тәсілдеріндегі дербестік дәрежесі бойынша жасалады» (110-бет).

«Қазіргі кезде оңтүстік орыс ауданындағы шаруаларды үй қожайындарының шаруашылық жөніндегі дербестік дәрежесіне қарай, сонымен бірге олардың шаруашылықты жүргізу тәсілдеріне қарай мынадай басты-басты үш топқа бөлуге болады:

1) Күш-көлігі бар, яғни өз алдына плугі немесе оның орнына жер жыртатын басқа құралы бар және көлік жалдамай, ешкіммен мойынсерік[10] болмай, егіс жұмысын өз көлігімен істейтін үй қожайындары. Плугпен немесе буккермен жұмыс істегенде бұл үй қожайындарының өзінде 3—2 пар немесе одан да көбірек жұмыс көлігі және, осыған сәйкес, үйінде 3 ересек қызметкері

немесе, ең болмағанда, 2 ересек қызметкері мен бір қолғабысшы адамы болады.

2) Күш-көлігі толық емес немесе мойынсеріктес, яғни дербес жегуге жетерліктей жұмыс көлігі болмағандықтан егіс жұмыстарын атқару үшін өзара бірлесіп мойынсерік болатын үй қожайындары. Мұндай қожайындардың үйінде бір немесе $1^1/_2$ пар, тіпті кейбір реттерде 2 пар жұмыс көлігі және, осыған сәйкес, бір немесе екі ересек қызметкері болады. Жері қатты болып, 3 пар көлік жегілетін плугпен (немесе оның орнына жарайтын буккермен) жұмыс істеу қажет болған жағдайда мұндай үй қожайындары 2 пар жұмыс көлігі бола тұрса да, мойынсерік болып бірлеспей тұра алмайды.

3) Күш-көліксіз немесе ешбір көлігі жоқ «қаражаяу», немесе бір ғана жұмыс көлігі бар (көбінесе бір аты бар, өйткені өгізді әдетте парымен ұстайды және тек парымен жегеді) үй қожайындары. Мұндайлар басқа біреудің көлігін жалдап жұмыс істейді немесе егін өнімінің бір бөлегін алатын болып, өзінің жерін жалға береді де, өзінің мүлде егісі болмайды.

Шаруалардың өздері әдетте шаруашылықтарды топқа шаруалар өміріндегі негізгі шаруашылық белгісіне қарай бөледі, бұл жағдайда негізгі шаруашылық белгісі жұмыс көлігінің саны мен көлік жегу тәсілі болып отыр. Бірақ осылай топқа бөлуде жоғарыда аталған әрбір жеке топтың ішінде де, сондай-ақ осы топтардың өзара жіктелуінде де үлкен айырмалықтар бар» (121-бет).

Жалпы үй санының ішінде осы топтардағы адамдар құрамы процентпен алғанда мынадай (125-бет):

	I	II	III	
	Меншікті көлігімен жұмыс істегендер	Мойынсерік болып жұмыс істегендер	Жалдама көлікпен жұмыс істегендер	Егісі жоқтар
Бердянск уезі	37	44,6	11,7	6,7
Мелитополь уезі	32,7	46,8	13	7,5
Днепр уезі	43	34,8	13,2	9

Осы айтылған уездердегі күш-көлігінің құрамын білу үшін автор осы кестені келтірумен қатар үйлерді қолындағы жұмыс көлігінің санына қарай мынадай топтарға бөлген:

	Жалпы үй саны ішінде көлікті, көліксіз үй проценті			
	Жұмыс көлігі бар үйлер			Жұмыс көлігі жоқ үйлер
	4 және одан да көп жұмыс көлігі барлары	2—3 жұмыс көлігі барлары	1 жұмыс көлігі барлары	
Бердянск уезі	36,2	41,6	7,2	15
Мелитополь уезі	34,4	44,7	5,3	15,6
Днепр уезі	44,3	36,6	5,1	14

Демек, Таврия уездерінде күш-көлігі толық болу үшін бір үйдің жұмыс көлігі 4-тен кем болмауы керек.

Постниковтың бұлайша топқа бөлуін толығынан сәтті шыққан деп тануға болмайды, өйткені ең алдымен осы 3 топтың әрқайсысының өз ішінде зор айырмашылықтар байқалады:

«Күш-көлікті үй қожайындары тобынан,— дейді автор,— біз оңтүстік Россияда үлкен әр қилылық бар екенін кездестіріп жүрміз: ауқатты шаруалардың күш-көлігі көп те, кедейлеу шаруалардың күш-көлігі аз. Күш-көлігі көптердің өзі де күш-көлігі толық үйлер (6—8 жұмыс көлігі бар) және күш-көлігі толық емес үйлер (4—6 жұмыс көлігі бар) болып екіге бөлінеді... «Қаражаяу» үй қожайындары категориясында да ауқаттылық дәрежесі жөнінде толып жатқан әр қилылық бар» (124-бет).

Постниковтың шаруаларды топқа бөлуінің тағы бір қолайсыз жері сол, земство статистикасы халықты топқа бөлгенде, жоғарыда көрсетілгеніндей, жұмыс көлігінің санына қарай емес, егіс көлеміне қарай бөлген. Сондықтан әр түрлі топтардағы шаруалардың мүлік жағдайын анық білдіре алу үшін халықты егіс көлеміне қарай топқа бөлуге тура келеді.

Осы белгі бойынша Постников халықты дәл сондай үш топқа бөледі: егінді аз егетін үй қожайындары —

10 десятинаға дейін егетіндер мен егісі жоқтар; егінді орташа егетіндер — 10—25 десятина егісі барлар; егінді көп егетіндер — үй басына 25 десятинадан артық егісі барлар. Автор бірінші топты «кедей», екіншіні — орташа, үшіншіні — ауқатты топ деп атайды.

Осы топтардың сан құрамы туралы Постников былай дейді:

«Жалпы алғанда Таврия шаруаларының ішінде (колонистерді қоспағанда) егінді көп егетіндер барлық үй санының $^1/_6$ бөлігіндей, орта мөлшерлі егісі барлар 40 процент шамасы, ал егінді аз егетін және екпейтін үйлер 40 проценттен сәл артығырақ. Ал Таврия уездеріндегі жалпы халықтың (колонистермен бірге) егінді көп егетіндері халықтың $^1/_5$ бөлігі немесе 20 процентке жуығы, орта мөлшерде егін егетіндері — 40 процент, ал егінді аз егетіндері мен екпейтіндері — 40 процент шамасы» (112-бет).

Демек, немістерді қосқанда топтардың құрамы сәл ғана өзгереді, олай болса бүкіл уезд туралы жалпы мәліметтерді пайдалану теріс болмайды.

Біздің ендігі міндетіміз осы топтардың әрқайсысының экономикалық жағдайын жеке-жеке алып, мүмкін болғанынша анығырақ сипаттау, сөйтіп шаруалар арасындағы экономикалық алалықтың мөлшері мен себептерін анықтауға тырысу болу керек.

Постников өзінің алдына мұндай міндетті қоймаған; сондықтан оның келтірген мәліметтері өте бытыраңқы болып шыққан, ал топтар туралы жалпы пікірі жеткілікті айқын емес.

Төменгі — кедейлер тобынан бастайық, Таврия уездеріндегі халықтың $^2/_5$-сі осы топқа жатады.

Бұл топтың шынында қаншалықты кедей екенін бәрінен де жұмыс көлігінің (ауыл шаруашылығындағы негізгі өндіріс құралы) санына қарап білуге болады. Таврия губерниясының үш уезіндегі барлық 263 589 жұмыс көлігінен төменгі топта (117-бет) 43 625 жұмыс көлігі бар, яғни не бары 17 процент, орташа мөлшерден $2^1/_3$ есе кем. Жұмыс көлігі жоқ үйлердің проценті туралы мәліметтер жоғарыда келтірілді (төменгі топтың 3 бөлімшесі бойынша 80 процент — 48 процент —

12 процент). Постников осы мәліметтерге сүйене келіп: «өзінің меншікті малы жоқ үй қожайындарының проценті егісі жоқ және үй басына 10 десятинаға дейін егісі бар топтарда ғана едәуір болып отыр» (135-бет) деген қорытынды жасады. Бұл топ егісінің мөлшері мал санына сәйкес келеді: барлығы 962 933 десятина егістен (3 уезд бойынша) бұл топ өз жерінде 146 114 десятина егін егеді, яғни 15 процент. Арендаға алынған жерді қосқанда оның егісі 174 496 десятинаға дейін ұлғаяды, бірақ мұндай жағдайда басқа топтардың да егісі артады және төменгі топқа қарағанда көп мөлшерде артады, осының нәтижесінде төменгі топтың егісі барлық егістің тек 12 проценті ғана болады, яғни халықтың $^{3}/_{8}$ бөлігінен көбірегіне егістің $^{1}/_{8}$ бөлігі ғана тиеді. Егер автордың нақ Таврия шаруасының орта мөлшерлі егісін қалыпты мөлшердегі (яғни семьяның барлық мұқтажын өтейтін) егіс деп санайтынын еске алсақ, онда орта мөлшерден $3^{1}/_{3}$ есе кем егісі бар төменгі топтың қаншама үлесі кетіп отырғанын көру қиын емес.

Мұндай жағдайда бұл топтағы егіншілік шаруашылығының өте-мөте нашар халде болып отырғаны өзінен-өзі айқын нәрсе: Таврия уездеріндегі халықтың 33—39 процентінің — демек, төменгі топтағы халықтың басым көпшілігінің жер жыртатын құралы мүлде жоқ екенін біз жоғарыда көрдік. Құрал-сайманы болмағандықтан шаруалар лажсыздан жерін тастап, үлесті жерлерін арендаға беруге мәжбүр болады: Постниковтың есебінше, жерін осылай жалға берушілер саны (сөзсіз, мүлде берекесі кеткен шаруашылығы барлар) халықтың $^{1}/_{3}$ бөлігіне жуық, яғни тағы да сол кедей топтың анағұрлым көпшілігі. Жол-жөнекей айта кетелік, земство статистикасы осы үлесті жерін «сату» (шаруалардың кәдімгі өз сөзімен айтқанда) құбылысының барлық жерде және аса едәуір көлемде кездесетінін анықтап отыр. Осы фактіні атап көрсеткен баспасөз қазірдің өзінде-ақ бұған қарсы шараны да, үлесті жерлерді жалға бергізбеу шарасын ойлап тауып та қойды. Әкімдердің беретін әмірінің күшіне осы авторлардың чиновникше сене қалатынып эпикерелейтін бұл сияқты шаралардың ақиқаттығына Постников өте әділ қарсы шыққан. «Жерді

арендаға беруді тыйып қана қоюдың өзі,— дейді ол,— бұл құбылысты жоймайтыны күмәнсыз, өйткені бұл құбылыстың тамыры шаруалар тұрмысының қазіргі экономикалық құрылысында өте тереңде жатыр. Өз шаруашылығын жүргізу үшін құрал-сайманы мен қаржысы жоқ шаруа өзінің үлесті жерін іс жүзінде пайдалана алмайды, сондықтан оны шаруашылықты жүргізуге қажетті қаржысы бар басқа шаруаларға жалға беруге тиісті болады. Жерді жалға беруге түп-тура тыйым салу осы жалға берудің өзін құпия, бақылаусыз және, сірә, жерді жалға беруші үшін қазіргіге қарағанда қолайсыз жағдайда жүргізуге мәжбүр етеді, өйткені жерін жалдайтын адам оны бермей отыра алмайды. Опан соң, қазына салығынан қалған берешегін шаруалардан өндіру үшін олардың үлесті жері селолық расправа [11] арқылы екінің бірінде жалға беріп жіберілетін болады, ал жерді бұлай жалға беру кедей шаруаларға бәрінен де тиімсіз» (140-бет).

Бүкіл кедей топта шаруашылықтың әбден құлдырап кеткендігі байқалады:

«Шын мәнінде,— дейді Постников,— егін екпейтін үй қожайындары мен егінді аз егетін, өз жерін біреуден жалдап алған көлікпен өңдейтін үй қожайындарының шаруашылық жағдайында үлкен айырмашылық жоқ. Егін екпейтіндер өзінің барлық жерін селоластарына арендаға береді, егінді аз егетіндер жерінің бір бөлегін ғана арендаға береді, бірақ бұлардың екеуі де не өзінің селоластарына *батырақ болып қызмет істейді, не* өз усадьбасында тұра беріп, *көлденең кәсіп істейді, көбінесе егіншілік кәсібімен шұғылданады.* Сондықтан *шаруалардың екі категориясын — егін екпейтіндерін де, егінді аз егетіндерін де бірге қарауға болады;* егін екпейтіндер де, егінді аз егетіндер де өзінің шаруашылығынан айырылып бара жатқан, көп реттерде шаруашылығы күйзелген немесе күйзеліп бара жатқан, шаруашылығын жүргізуге керекті көлігі мен құрал-сайманы жоқ үй қожайындарының қатарына жатады» (135-бет).

«Егер шаруашылығы жоқ және егін екпейтін үйлер көп реттерде күйзелген шаруашылықтар болса,— дейді Постников бұдан сәл кейінірек,— онда егінді аз егетін,

өзінің жерін жалға беретін үйлер — күйзелгендердің қатарына қосылуға таяу тұрған шаруашылықтар. Егін жөнді шықпай қалған кезде немесе өрт шығу, ат жоғалып кету және сол сияқты кездейсоқ бақытсыздық болғанда әрдайым үй қожайындарының бір бөлігі осы топтан ығысып шығып, шаруашылығы жоқтар мен батырақтар қатарына қосылады. Қандай да бір себеппен жұмыс көлігінен айырылған үй қожайыны күйзеліске қарай алғашқы қадам жасайды. Біреудің көлігін жалдап жер өңдегенде кездейсоқ жағдайлар көп болады, жұмыста тәртіп болмайды, сөйтіп әдетте жыртылатын жер көлемін азайтуға мәжбүр етеді. Жергілікті селолық несие-жинақ кассалары мен селоластары мұндай мужикке несие бермейді [ескертуде былай делінген: «Таврия уездеріндегі үлкен селоларда несие-жинақ серіктіктері өте көп, олар мемлекеттік банктен алған қарыздың көмегімен жұмыс істейді, бірақ бұл қарызды тек ауқатты, әлді үй қожайындары ғана пайдаланады»]; «құдіретті» шаруаларға қарағанда мұндай мужик әдетте қарызды анағұрлым ауыр шартпен алады. «Кейіннен төлейтін түгі болмаған соң,— дейді шаруалар,— оған қалай қарыз берерсің». Борышқа батқаннан кейін ол бақытсыздыққа алғаш ұшырағанда-ақ, әсіресе оның үстіне қазынаға берешегі болса, жерінен де айырылады» (139-бет).

Кедей топтағы шаруалардың егіншілік шаруашылығының қандай дәрежеге дейін құлдырағанын бәрінен де жақсы сипаттайтын дәлел мынау: олар өздерінің осы шаруашылығын нақ қалай жүргізіп отыр деген сұраққа автор тіпті жауап беруден бас тартқан. Үй басына 10 десятинадан кем егін егетін шаруашылықтардың, дейді ол,— «егіншілік кәсібі өте-мөте кездейсоқ жағдайда болғандықтан, ол белгілі бір әдістермен жүргізіледі деп сипаттауға келмейді» (278-бет).

Төменгі топтағы шаруалардың шаруашылығына берілген сипаттамалар көп бола тұрса да, өте-мөте жеткіліксіз: бұлар — шаруашылықтың тек қана нашар жағын көрсететін сипаттамалар, ал шынында тәуір сипаттама да болуға тиіс қой. Осы күнге дейін біздің естіп келгеніміз тек мынау ғана: бұл топтағы шаруаларды шаруашылығын дербес жүргізетін егінші қожайындар

қатарына қосуға болмайды, өйткені олардың егіншілігі әбден күйзелген, өйткені олардың егіс көлемі өте-мөте аз, өйткені, ақырында, олардың егіншілігі қалай болса солай жүргізіледі: «Тұқымнан мұқтаждық көрмейтін дәулетті, ауқатты қожайындар ғана егінді белгілі бір тәртіппен еге алады,— дейді Бахмут уезін суреттеген статистиктер,— ал кедейлер болса кез келген жерге, қалай болса солай, қолындағы барын егеді» (278-бет). Алайда төменгі топқа кіретін барлық шаруалар бұқарасы (Таврияның 3 уезінде мұндай үйлер 30 мыңнан асады, барлық еркек, әйел жаны 200 мыңнан артығырақ) кездейсоқ табыспен күнелтіп отыр деуге болмайды. Егер олар өз меншігіндегі шаруашылық өнімімен күнелтіп отырмаса, онда олар немен тіршілік етіп отыр? Негізінен алғанда өздерінің жұмыс күшін сатып күнелтіп отыр. Постниковтың осы топтағы шаруалардың батырақтықпен және колденең табыстармен күнелтіп отыр дегенін біз жоғарыда көргенбіз. Оңтүстікте кәсіпшілік жоқтың қасы, сондықтан бұл табыстар — көбінесе егіншіліктен түсетін табыстар, демек, ауыл шаруашылығы жұмыстарына *жалдану* арқылы табылады. Төменгі топтағы шаруалар шаруашылығының басты белгісі — нақ еңбегін сату екендігін толығырақ дәлелдеу үшін осы топты земство статистикасы бөлген разрядтары бойынша қарап көрелік. Егін екпейтін үй қожайындары жайлы сөз етудің де қажеті жоқ: бұлар нағыз батырақтар. 2-разрядқа жататындар үй басына 5 десятинаға дейін (орта есеппен 3,5 десятина) егісі бар егіншілер. Мұндай егістің мүлде жеткіліксіз екені жоғарыда келтірілген, егіс көлемін шаруашылық, мал азығы, тамақ және сауда егістігі деп бөлуден көрініп отыр. «Үй басына 5 десятинаға дейін егісі бар бірінші топтың,— дейді Постников,— өз егісінде рынок, сауда егістігі болмайды; бұл топ тек жалшылыққа жүрумен және басқа жолдармен тапқан көлденең табысымен ғана күнелтуі мүмкін» (319-бет). Енді қалатыны соңғы разрядтағылар — үй басына 5—10 десятина егісі бар қожайындар. Бұл топтағы шаруалардың дербес егіншілік шаруашылығының «табыс» дейтінге қандай қатысы бар? — дейсіз ғой. Бұл сұраққа дәл жауап беру үшін *осы топтағы*

қожайындарға қатысы бар бірнеше *осыған лайық* шаруа бюджетін алып қарау қажет болар еді. Постников бюджет туралы мәліметтердің қажеттілігін және маңыздылығын толық мойындайды, бірақ «ондай мәліметтерді жинау өте қиын, ал көп жағдайда статистиктер үшін тіпті мүмкін емес» дейді (107-бет). Соңғы пікірмен келісе қою өте қиын: Москва статистиктері өте-мөте қызықты және толық жасалған бірнеше бюджет жинастырған («Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағын» қараңыз. Шаруашылық статистикасы бөлімі. VI—VII томдар); автордың өзі көрсетіп отырғанындай, Воронеж губерниясының кейбір уездері бойынша бюджет туралы мәліметтер тіпті үй басы сайын жиналған.

Амал не, Постниковтың бюджет туралы өз мәліметтері тіпті жеткіліксіз: ол неміс колонистерінің 7 бюджетін және орыс шаруасының бір ғана бюджетін келтірген, оның үстіне келтірген бюджеттерінің бәрі егінді көп егетін шаруаларға (minimum — орыстың — $39^1/_2$ дес. егісі бар), яғни земство статистикасындағы мәліметтер бойынша да шаруашылығының қандай екенін анық білуге болатын топтағы шаруаларға ғана қатысты. «Ел аралап жүрген кезде шаруалардың көп бюджетін жинай алмадым» деп өкініш білдіре келіп, Постников былай дейді: «бұл бюджеттерді дәл анықтау — тегі оңай іс емес. Тавриялықтар өздерінің шаруашылығы туралы мәліметтерді бүкпесіз ашып айтады, бірақ табысы мен шығынының дәлме-дәл саны қандай екенін көп жағдайда олардың өздері де білмейді. Шаруалар өз шығынының жалпы санын немесе аса ірі кірістері мен шығындарын есінде дұрысырақ сақтайды, ал ұсақ-түйектер әрдайым дерлік олардың жадында қала бермейді» (288-бет). Алайда земствоның үй басы сайын жүргізген санағы бойынша жете анықталатын шаруашылық жағдайын, автор сияқты, «90 рет суреттеп, баға бергеннен де» бүге-шігесіне дейін талданбаған болса да, бірнеше бюджетті жинаған жақсы болар еді.

Бюджеттер болмағаннан кейін бұл топтағы шаруашылықтың сипатын анықтау үшін біздің қолымызда тек екі түрлі мәлімет қана қалып отыр: біріншіден, ор-

таша семьяны асырау үшін бір үйге керекті егіс мөлшері туралы Постниковтың есебі бар, екіншіден, егіс көлемін 4 бөлікке бөлу туралы және жергілікті шаруалардың ақшалай шығынының орташа мөлшері туралы (бір жылда бір семьяға шаққанда) мәліметтер бар.

Семьяның тамағына, тұқымға және мал азығына қажетті егістің десятина мөлшері туралы толық есептерге сүйене отырып, Постников мынадай үзілді-кесілді қорытынды жасайды:

«Жан құрамы мен ауқаты орташа, тек қана егіншілікпен күнелтетін және өзінің кірісі мен шығынын дұрыс ұштастырып отыратын шаруа семьясының, егін шығымдылығы орташа болған жағдайда, өзінің егістік жерінде $6^1/_2$ жаны бар семьяның тамағына 4 десятина, 3 жұмыс атының жеміне $4^1/_2$ десятина, егіс тұқымын жинап алу үшін $1^1/_2$ десятина және рынокқа астық шығарып сату үшін 6—8 десятина, барлығы 16—18 десятина егісі болуға тиіс. ...Тавриялық орташа шаруаның үй басына 18 десятинаға жуық егісі бар, бірақ Таврияның 3 уезіндегі халықтың 40 процентінің егісі үй басына 10 десятинадан да кем келеді, егер халық дегенмен егіншілікпен шұғылданып отырса, тек көлденең табыс тауып, жерін жалға беріп, табысының бір бөлегін содан алатын болғандықтан ғана шұғылданады. Халықтың бұл бөлігінің шаруашылық жағдайы қалыпты емес, аумалы-төкпелі, өйткені ол көбінесе қиын-қыстау жылға арнап қор жасай алмайды» (272-бет).

Біз қарастырып отырған топта үй басына келетін егістің орта мөлшері — 8 десятина, яғни қажетті мөлшердің (17 десятинаның) жартысынан да кем болғандықтан, бұл топтағы шаруалар кірісінің көбін «көлденең табыстан» алады, яғни өзінің еңбегін сатып табады, деп қорытынды шығаруға хақымыз бар.

Екінші есеп: егіс көлемінің бөлінуі туралы Постниковтың жоғарыда келтірілген мәліметтеріне қарағанда, 8 десятина егістің 0,48 десятинасы тұқымға, 3 десятинасы мал азығына (бұл топта жұмыс көлігі үй басына 3-тен емес, 2-ден келеді), 3,576 десятинасы семьяның тамағына (семьяның құрамы да орташадан төмен — $6^1/_2$ жан емес, $5^1/_2$ жан шамасы) арналады, сөйтіп сауда

егістігіне 1 десятинадан кем (0,944) жер қалады, ал бұдан түсетін табысты автор 30 сом деп есептейді. Бірақ тавриялық шаруаға керекті ақшалай шығын сомасы анағұрлым көп. Бюджет туралы мәліметке қарағанда, ақшалай шығынның мөлшері туралы мәліметтер жинау анағұрлым жеңіл, дейді автор, өйткені шығын туралы есепті көбінше шаруалардың өздері есептеп шығарады. Бұл есеп бойынша былай болып шығады екен:

«Жап құрамы орташа, яғни қызметкер еркегі, әйелі, жас және жеткіншек 4 баласы бар семья арендаға жер алмай, шаруашылығын өзінің меншікті жерінде, шамасы 20 десятинадай жерде жүргізсе, мұндай семья үшін бір жыл ішінде жұмсауға қажетті ақшалай шығынның сомасы, тавриялықтардың есебі бойынша, 200—250 сом болу керек. Не керегінің бәріне шек қойып отыратын шағын семьяның жұмсауға тиісті ақшалай шығыны ең кемінде 150—180 сом болуы тиіс. Жылдық табыс бұл цифрдан кем болуы мүмкін емес деп есептеледі, өйткені бұл жерлерде тегін тамақ ішіп, дайын үйде тұрып батырақ болып жұмыс істейтін ерлі-зайыпты екі адам жылына 120 сом табады, оның үстіне мал, құрал-сайман ұстауға, тағы басқаларға ешбір шығын шығармайды және өздері селоластарына жалға берген жерінен «пайда» табуына болады» (289-бет). Қарастырылып отырған топ орташадан төмен болғандықтан, біз орташа ақшалай шығынды емес, ең аз шығынды, тіпті minimum-ның ең төменгі цифрын,— «көлденең табыспен» табылуға тиісті 150 сомды аламыз. Бұл есеп бойынша, қарастырылып отырған топтағы шаруа меншікті шаруашылығынан (30+87,5*=) 117,5 сом, ал өзінің еңбегін сатудан 120 сом табыс алады. Олай болса, біз тағы да осы топтағы шаруалар дербес егіншілік шаруашылығымен өзінің ең аз шығынының *жартысынан кемін* ғана өтей алатынын көреміз **.

---

* Тамаққа арналған $3\frac{1}{2}$ десятина егіс 1 десятинасынан 25 сомдық өнім береді (25×3,5=87,5) — Постниковтың есебі, 272-бет.

** Южаков мырзаның «Русская Мысльдің» [12] 1885 жылғы 9-номерінде келтірген есебі («Халықтың жер иелену нормалары») бұл қорытындыны толық растайды. Оның есебінше, Таврия губерниясы үшін үлесті жердің азық-түліктік, яғни төменгі нормасы үй басына 9 десятина егіс болу керек. Бірақ Южаков мырза үлесті жердің есебіне *тек дәнді* дақылдардың азық-түлік өнімдері мен салықтарды ғана қо-

Сонымен, төменгі топтың барлық бөлімшелеріндегі шаруашылықтың сипатын қарастыру мынадай күмәнсыз қорытындыға келтіреді: шаруалардың көпшілігінің аздаған егісі бола тұрса да, олардың күн көрісіне керекті қаржының негізгі көзі өздерінің жұмыс күшін сату болып табылады. Бұл топтағы шаруалардың бәрі егінші қожайыннан гөрі жалдама жұмысшыға көбірек ұқсас.

Постников төменгі топтағы шаруалар шаруашылығының сипаты туралы бұл мәселені көтермеген және шаруаның өз шаруашылығына көлденең табыстың қандай қатысы бар екенін анықтамаған — бұл оның еңбегінің ірі кемшілігі. Осының салдарынан ол төменгі топтағы шаруалардың жері аз бола тұрса да оны неге тастап кететіні, оны неге жалға беретіні сияқты былай қарағанда таңқаларлық осы құбылысты жеткілікті анықтамаған; соның салдарынан төменгі топтағы шаруалардың өндіріс құрал-жабдықтарының (яғни жері мен құрал-саймандарының) мөлшері орташа топтағылардан көп кем болатыны сияқты осы зор факт шаруашылықтың жалпы сипатымен байланыстырылмай қалған. Жоғарыда көргеніміздей, өндіріс құрал-жабдықтарының орташа мөлшері семьяның тек ең қажетті тұтынуын ғана қамтамасыз ететін болғандықтан, кедей шаруалардың өндіріс құрал-жабдықтарына мұқтаждығы оларға өзінің еңбегін жұмсау үшін сөзсіз басқа біреудің өндіріс құрал-жабдықтарын іздетпей қоймайды, яғни жалданбай тұра алмайды.

сады, ал қалған шығындар көлденең табыспен өтеледі деп ұйғарады. Земство статистикасының бюджеттері шығындардың екінші түрі барлық шығынның жартысынан астамы болатынын дәлелдейді. Мәселен, Воронеж губерниясында шаруа семьясының орташа шығыны заттай және ақшалай шығындарды қосқанда — 495,39 сом. Осы соманың 109,10 сомы малды бағып-күтуге жұмсалады [N. В. Южаков малды бағып-күту шығындарын егіндік жердің есебіне қоспай, шабындықтар мен қосалқы жерлердің есебіне жатқызады], 135,80 сомы өсімдік тамақ өнімдеріне және салыққа жұмсалады, 250,49 сомы басқа шығындарға — киім-кешекке, құрал-сайманға, арендалауға, түрлі шаруашылық мұқтаждарына және сондайларға жұмсалады [«Острогожск уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағындағы» 24 бюджет].— Москва губерниясында семьяның орташа жылдық шығыны — 348,83 сом, оның ішінде 156,03 сомы дәнді дақылдардың азық-түлік өнімдері мен салыққа, 192,80 сомы қалған шығындарға жұмсалады. [Москва статистиктері жинаған 8 бюджеттің орташа есебі,— I. с. (loco citato — цитатқа алынған жерінде. *Ред.*)]

Екінші — *орташа* топқа келейік, бұл да халықтың 40 процентін қамтиды. Бұған үй басына 10-нан 25 десятинаға дейін егісі бар қожайындар кіреді. «Орташа» деген термин бұл топқа әбден үйлесімді, тек оның өндіріс құрал-жабдықтары орташа мөлшерден біраз (аздап) кемірек екенін ескерте кетуіміз керек: бұлардың үй басына 16,4 десятина егісі бар, ал барлық шаруалар үшін орташа егіс мөлшері — 17 десятина. Мал басы бір үйге 7,3-тен келеді, орташа мөлшері — 7,6 (жұмыс көлігі — 3,2, ал орташа мөлшері — 3,1). Үй басына барлық егістік жер 17—18 десятинадан келеді (үлесті, сатып алынған және арендаға алынған), ал уездердегі орташа мөлшері — 20—21 десятина. 1 үйге келетін егістің десятина санын Постников көрсеткен нормамен салыстырғанда, бұл топтың меншікті жеріндегі шаруашылығы тек күн көрістік қана өнім беретінін көрсетеді.

Осы мәліметтердің бәріне қарап, бұл топтағы шаруалардың шаруашылығы неғұрлым тұрақты келетін шығар деп ойлауға болатын сияқты: шаруа өзінің барлық шығынын өз шаруашылығымен өтейді: шаруа табыс табу үшін емес, өзінің ең ділгер қажеттерін қанағаттандыру үшін еңбек етеді. Бірақ, шынында, біз нақ қарама-қарсы жағдайды көреміз: бұл топтағы шаруалар шаруашылығы мейлінше тұрақсыз келеді.

Алдымен бұл топта егістің орташа мөлшері — 16 де-

	10—25 десятина егісі бар топтағы барлық		Барлық егілген егістің öз көлігімен	
	үйлер	егіс дес.	үйлер	дес.
Мелитополь уезінде	13 789	226 389,21	4 218	79 726,55
Днепр уезінде	8 234	137 343,75	4 029	71 125,2

Сонымен, екі уезд бойынша орташа топтағы үйлердің азшылығы: Мелитополь уезінде — үйлердің $^1/_3$ бөлігінен азы, Днепр уезінде — $^1/_2$ бөлігінен азы жерді өз көлігімен өңдейді. Демек, жоғарыда барлық 3 уезд бойынша алынып отырған мойынсеріктестердің саны ($^1/_2$) әсте асыра көрсетілмеген, қайта өте кем көрсетілуі ық-

сятина жеткілікті деп саналады. Демек, 10 десятинадан 16 десятинаға дейін егісі бар қожайындар барлық шығындарын егіншілікпен өтей алмайды, сондықтан олар да көлденең табыс іздеуге мәжбүр болады. Постниковтың жоғарыда келтірілген шамамен алған есебінен біз бұл топта 2846 жұмысшы жалданатынын, 3389 жұмысшы босатылатынын, яғни 543 жұмысшы артық босатылатынын көреміз. Демек, бұл топтағы шаруашылықтардың тең жартысына жуығы толық қамтамасыз етілмеген.

Онан соң, бұл топта жұмыс көлігі бір үйге 3,2-ден айналады, ал жегуге 4 жұмыс көлігі керек болатынын біз жоғарыда көрдік. Демек, бұл топтағы қожайындардың едәуір бөлігі жерді өңдегенде өзінің жұмыс көлігі жетпейді де, басқалармен мойынсерік болады. Бұл топтағы мойынсерік болушылар саны да $^1/_2$ бөліктен кем емес: осылай деп ойлауға болатын себебі, көлігі бар шаруашылықтардың жалпы саны 40 процентке жуық, оның 20 проценті жоғарғы ауқатты топқа, ал қалған 20 проценті орташалардың санатына қосылады, сонда орташа топтағылардың кемінде $^1/_2$ бөлігі көліксіз қалады. Постников бұл топтағы мойынсеріктестердің дәл санын көрсетпейді. Земство статистикасының жинақтарын қарап шыққанда (екі уезд бойынша) * мынадай мәліметтерді көреміз.

ішінен өңдейтіндері:

мойынсерік болып		көлік жалдап		басқа тәсілмен	
үйлер	дес.	үйлер	дес.	үйлер	дес.
9 201	141 483,26	321	4 405,8	49	773,3
3 835	61 159,05	320	4 352,5	50	707,25

тимал. Әрине, жерді өз көлігімен өңдей алмаудың өзі-ақ шаруашылықтың тұрақсыздығын жеткілікті сипаттай-

* «Мелитополь уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағы» (Таврия губерниясы бойынша жинақтың I томына қосымша). Симферополь, 1885. Б 195-бет. «Днепр уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағы» (Таврия губерниясы бойынша жинақтың II томы). Симферополь, 1886. Б 123-бет.

ды, бірақ мұны суреттеу үшін Постников келтірген мойынсеріктің сипаттамасын берейік, тек бір өкініштісі, Постников экономикалық жағынан да, тұрмыс жағынан да өте назар аударарлық осы құбылысқа тым аз көңіл бөлген.

«Мойынсерік болып жұмыс істейтін үй қожайындарының,— дейді Постников,— еңбек сіңіретін жер көлемінің нормасы төмен [өз көлігімен жұмыс істейтін шаруаларға қарағанда], өйткені механиканың бәз-баяғы ережесі бойынша бірге жеккен 3 аттың күші бір аттың күшінен 3 есе артық болып шықпайды. Өзара мойынсеріктескендер селоның әр шетінде тұруы мүмкін (мойынсеріктесетіндердің көпшілігі туысқан адамдар), оның үстіне, екі қожайынның егіс учаскелерінің көлемі (3 қожайын да мойынсерік болып бірігеді) бір қожайындікінен екі есе көп болады. Мұның бәрі жүріс-тұрыс шығындарын көбейтеді. [Ескертуде былай делінген: «Жерді бөлгенде әр үй белгілі егіс танабынан өзінің жанына қарай тұтас учаске алады, сондықтан жаны аздардың учаскесі шағын болады. Таврия губерниясында мойынсерік болудың шарттары мүлде әр қилы. Мойынсеріктестердің қайсысында буккер болса, соған артық бір десятина жер жыртылады, мысалы, біреуіне 10 десятина, ал екіншісіне 11 десятина жыртылады, немесе буккері жоқ серіктес жұмыс уақытында буккерді жөндеу шығынының бәрін көтереді. Мойынсеріктестердің жегетін көлік саны бірдей болмаған кезде де осылай етеді: біреуіне жерді бір күн артық жыртады және т. т. Каменка селосында буккердің иесі бір көктемде 3 сомнан 6 сомға дейін ақша алады. Мойынсеріктестердің арасында келіспеушіліктер өте жиі болып тұрады».] Олардың келісуі үшін де белгілі уақыт кетеді, ал кейде жұмыс аяғына дейін бұл келісім қайта бұзылады. Кейбір жағдайларда мойынсеріктестердің жыртылған жерді тырмалауға аттары жетпейді, ондайда буккерді доғарады: бір атты суға жіберсе, екіншісімен жерді тырмалайды. Юзкуях селосында біреулер маған мойынсеріктестердің буккермен күніне көп болғанда 1 десятина, яғни нормадан екі есе аз жер жыртатынын айтты» (233-бет).

Жұмыс көлігінің жеткіліксіздігіне құрал-саймандардың аздығы тағы қосылады. Әр түрлі топтағы 1 үйге келетін құрал-сайманның саны туралы жоғарыда келтірілген кестеден барлық уездердегі орташа топта 1 үйге ең кемі жер жыртатын 1 құрал-сайман келетіні көрініп отыр. Бірақ іс жүзінде тіпті сол топтың өз ішінде құрал-сайманның бөлінуі бір қалыпты емес. Бір өкініштә жері, Постников бұл туралы мәлімет келтірмеген, сондықтан бізге земство статистикасының жинақтарын пайдалануға тура келеді. Днепр уезінде 8227 үйдің 1808-де жер жыртатын құрал мүлдем жоқ; Мелитополь уезінде 13 789 үйдің 2954-де жер жыртатын құрал жоқ; бұл уездердің біріншісінде құрал жоқ үйлер 21,9 процент, екіншісінде — 21,4 процент. Жер жыртатын құралы жоқ үй қожайындары өздерінің экономикалық жағдайы жөнінен, сөз жоқ, төменгі топқа жақындап қалады, ал үй басына 1-ден артық құралы бар үй қожайындары жоғарғы топқа жақындайды. Плугі жоқ үй қожайындарының саны бұдан да көп: Днепр уезінде 32,5 процент, Мелитополь уезінде — 65,5 процент. Ақырында, егін оратын машиналар (оңтүстіктегі орыс шаруаларының шаруашылығында бұл машиналардың аса зор маңызы бар, өйткені бұл жақта егінді қолмен оруға жұмысшы жеткіліксіз және егістіктер ұзын алқапты [13] келеді, осының салдарынан астық тасымалы айлап созылады) бұл топтың қожайындарында мүлдем аз: Днепр уезінде бүкіл топта 20 косилка мен жатка бар (400 үйге 1-ден); Мелитополь уезінде — $178^1/_2$ (700 үйге 1-ден).

Бұл топтағы шаруалар шаруашылығының жалпы жүйесін Постников былай суреттейді:

«Жұмыс көлігі 4-тен кем үй қожайындары жер жырту және тұқым себу үшін міндетті түрде мойынсерікке бірігеді. Бұл разрядтағы үй қожайындарының үй басына 2 немесе бір жұмыс адамы болады. Мұндай қожайындардың жұмыс қабілетінің біршама төмендеуі шаруашылық көлемінің шағындығы, мойынсеріктестік және құрал-саймандардың тапшылығы салдарынан болады. Мойынсеріктестер жерді көбінесе шағын, үш ту-

ренді буккермен жыртады, оның жұмысы баяу келеді. Егер мұндай қожайындар егінін көршілерінен жалдап алған машинамен жинайтын болса, онда машинаны көршісі өзінің астығын орып болғаннан кейін ғана ала алады. Егінді қолмен орғанда жұмыс ұзаққа созылады, кейбір жағдайда күндікші жұмысшылар жалдауға тура келеді, ал бұл қымбатқа түседі. Үй ішінің кейбір тығыз істері немесе қоғамдық міндетін атқару жалғызілікті қожайынның жұмысын тоқтатып қояды. Егер жалғызілікті қожайын көп жағдайда апта жатып, жер жырту және тұқым себу жұмыстарын қатар аяқтап қайтатын шаруалардай алыс жердегі егіс жұмысына барса, оған үйде қалған семьясының хал-жайын білу үшін селоға жиірек келу қажет болады» (278-бет). Қаралып отырған топта осындай жалғызілікті қожайындар (бір қызметкері барлар) көпшілік екені Постниковтың төменде келтірген кестесінен көрініп отыр; бұл кестеде Таврия губерниясының барлық 3 уезі бойынша түрлі егістік топтардағы семьялардың жұмысшы құрамы көрсетілген (143-бет).

	100 үйдің ішінен			
	еркек қызметкері жоқтары	1 қызметкері барлары	2 қызметкері барлары	3 және одан да көп қызметкері барлары
Егін екпейтіндер	19	67	11	3
5 дес. дейін егетіндер	9	77,6	11,7	1,7
5—10 » » »	4,2	74,8	17,7	3,3
10—25 » » »	1,7	59	29	10,3
25—50 » » »	1,2	40	35,7	23,1
50 дес. артық »	0,9	25	34,3	39,8
Барлығы	4,3	60,6	24,6	10,5

Бұл кестеден орташа топтағы семьялардың $^{3}/_{5}$ бөлігінде бір-бірден ғана қызметкері бар немесе тіпті жоқ екені көрінеді *.

* Жалғызілікті үй қожайындарына қарағанда семьясы көп (яғни қызметкерлері көп) үй қожайындары шаруашылықтарының едәуір артықшылығы бары туралы өзінің қағидасын дәлелдеу үшін Постников Трироговтың «Қауым және алым-салық» деген белгілі кітабына сүйенеді.

Орташа топтың жоғарғы топқа қатысын және жалпы алғанда орташа топ шаруашылығының тұрақтылығын суреттеу үшін Днепр уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағынан деректер келтірейік, онда шаруалардың қарамағындағы барлық жердің және соның ішінде егістік жер көлемінің топтарға қалай бөлінгені көрсетіледі *. Сонда мынадай кесте шығады: [56—57-беттердегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл кестеден үлесті жерлердегі егістіктің мөлшері жөнінен орташа топ бәрінен де алда екенін көреміз: барлық жердің 46,5 проценті оның қолында болған. Үлесті жердің жеткіліксіздігі шаруаларды арендаға жер алуға мәжбүр етті, соның арқасында шаруалардың пайдаланатын жер көлемі жалпы алғанда бір жарым еседен астам көбейді. Орташа топтың жері де *абсолютті* жағынан көбейді, бірақ *относительді* түрде кеміді: онда барлық жер көлемінің 41,2 проценті, егістің 43 проценті ғана қалды; бірінші орынды жоғарғы топ алды. Демек, төменгі топ қана емес, орташа топ та өздерінің жерін тартып әкетіп жатқан жоғарғы топтан қысым көреді.

Жоғарыда баяндалғандардың бәрі бізге орташа топтың экономикалық жағдайын былайша сипаттауға право береді. Бұл топқа тек өзінің егісінен алған табыспен ғана күнелтетін егінші қожайындар жатады; бұлардың егіс көлемі жергілікті шаруалардың орташа егіс көлемімен бірдей дерлік (немесе біраз кем) және семьяның өз тұтынуына ғана жетеді де қояды. Бірақ жұмыс көлігі мен құрал-сайманның жеткіліксіздігі және оның бөлінуінің әркелкі болуы, әсіресе, жоғарғы топтың төменгі және орташа топтарды ығыстыруға ұмтылатын қатерлі тенденциясы жағдайында бұл топтағы шаруалар шаруашылығын тұрақсыз, әлсіз етеді.

Соңғы топты — ауқатты шаруаларды қамтитын жоғарғы топты алайық. Таврия уездерінде үй басына 25 десятинадан артық егісі бар халықтың $^1/_5$ бөлігі осы

* Бұл мәліметтер бүкіл Днепр уезіне жатады, оның ішінде болыстарға тіркелмеген селолар да бар.— «Пайдаланудағы барлық жер» деген графаның мәліметін өзім есептеп шығардым — үлесті жер, арендаға алынған, сатып алынған жерлер қосылды да, арендаға берілген жер шығарылып тасталды.— Днепр уезінің алыну себебі — ол тұтас дерлік орыстардан тұрады.

Шаруалар топтары	Топтың құрамы үйлердің %-і	Үлесті егістік		Сатып алынған жер	
		десятина	%	дес.	%
Кедей топ	39,9	56 444,95	25,5	2 003,25	6
Орташа	41,7	102 793,7	46,5	5 376	16
Ауқатты	18,4	61 844,25	28	26 530,75	78
Барлығы	100	221 082,9	100	33 910	100

топқа жатады. Басқаларға қарағанда бұл топтың жұмыс көлігі, құрал-сайман, үлесті және басқа жерлер жөнінен шын мәнісінде қаншалықты бай екендігі туралы жоғарыда жеткілікті мәліметтер келтірілді. Бұл топтың шаруалары орташа шаруаларға қарағанда дәл қаншалықты дәулетті екенін көрсету үшін енді тек егіс туралы мәліметтерді ғана келтірейік: Днепр уезінде ауқатты топтың егісі үй басына 41,3 десятинадан келеді, ал уездегі орташа мөлшер — 17,8 десятина, яғни екі еседен де азырақ. Тегі, істің бұл жағын, егінді көп егетін шаруалардың өте ауқаттылығын Постников толық айқындаған, бірақ ол екінші, бұдан анағұрлым маңызды мәселеге: ауданның жалпы ауыл шаруашылық өндірісінде осы топ шаруашылығының қандай маңызы бар екеніне және жоғарғы топтың баюы қандай бағамен (басқа топтар үшін) түсіп отырғандығына мүлдем дерлік назар аудармаған.

Әңгіме бұл топтың сан жағынан өте аздығында: оңтүстіктің ең ауқатты облысы — Таврия губерниясында бұл топ халықтың тек 20 проценті ғана. Сондықтан бүкіл аймақтың шаруашылығында оның маңызы зор емес деп ойлауға болар еді *. Бірақ іс жүзінде біз дәл мұның

* Мысалы, Слонимский мырза Постниковтың кітабы туралы мақаласында: «Шаруалардың ауқатты тобы кедей бұқараның ішінде кө-

Арендаға алынған жер		Арендаға берілген жер	Топтың пайдалануындағы барлық жері		Егіс көлемі	
дес.	%		дес.	%	дес.	%
7 838,75	6	21 551,25	44 735,7	12,4	38 439,25	11
48 397,75	35	8 311	148 256,45	41,2	137 343,75	43
81 645,95	59	3 039,25	166 981,7	46,4	150 614,45	46
137 882,45	100	32 901,5	359 973,85	100	326 397,45	100

керісінше екенін көреміз: ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы өндірісінде бұл ауқатты азшылықтың ролі басым болып отыр. Таврия губерниясының 3 уезінде 1 439 267 десятина егіс көлемінің 724 678 десятинасы, яғни жартысынан көбі осы ауқатты шаруалардың қолында. Әрине, бұл цифрлар жоғарғы топтың басымдығын әсте де дәлме-дәл көрсетпейді, өйткені Постниковтың жоғарыда келтірген сипаттамасы бойынша ешқандай дұрыс шаруашылық жүргізбейтін кедей және орташа шаруаларға қарағанда ауқатты шаруалардың егінінің шығымдылығы анағұрлым жоғары болады.

Негізінен жоғарғы топтағы шаруалар астықты осылайша өндіреді, сондықтан (мұның ерекше маңызы бар, бірақ бұл көбінесе тіпті еленбейді) ауыл шаруашылығына берілген әр түрлі сипаттамалар, егіншілік мәдениетін жақсарту туралы пікірлер және т. с. бәрінен бұрын және көбінесе (кейде түгелінен) ауқатты азшылық туралы айтылған болып шығады. Мысалы, жақсартылған құрал-сайманның таралуы туралы мәліметтерді алайық.

рінбей қалады, ал кейбір жерлерде мүлдем жоқ сияқты болып кетеді» деп, осындай қателікке ұрынып отыр. («Вестник Европы» [11], 1893 ж., № 3, 307-бет).

Таврия шаруаларының құрал-саймандары туралы Постников былай деп жазады:

«Аздаған өзгешелігі болмаса, шаруалардың құрал-саймандары неміс колонистеріндегідей, бірақ түр-түрі аз, сапа жағынан біршама төмен, сондықтан арзанырақ. Днепр уезінің халық сирек және аз қоныстанған оңтүстік-батыс бөлігі бұған қосылмайды; мұнда әлі күнге дейін малороссиялықтардың қарадүрсін құрал-саймандары — ауыр ағаш плуг, темір тісті жерағаш сақталып қалған. Таврия уездерінің басқа аудандарында шаруалар жаппай жақсартылған темір плугті қолданады. Плугпен қатар топырақты өңдеуде буккер де бірінші орын алады, ол көпшілік жағдайда шаруаның жер жыртатын бірден-бір құралы да болып саналады. Бірақ буккер көбінесе плугпен қатар қолданылады... Жер тырмалауға барлық жерде де темір тісті ағаш тырмалар қолданылады, олар 2 түрлі болады: бірі — ені 10 фут. жерді қамтитын пар ат жегілетін тырма, екіншісі — ат дара жегілетін, ені бір сажындай тырмалар... Буккер үш, төрт және бес түренді болып келетін құрал... Көбінесе буккердің алдыңғы жағына кішкене сеялка орнатады, ол буккердің жүретін доңғалағымен жалғасып жұмыс істейді. Сеялка тұқым себеді, буккер оны топыраққа сіңіріп отырады. Топырақты өңдейтін басқа құрал-саймандардан шаруаларда, онша жиі болмаса да, ағаш мала кездеседі, тұқым сепкеннен кейін онымен жерді тегістейді. Егін оратын машиналар шаруаларға әсіресе соңғы 10 жылда тарады. Шаруалардың айтуынша, ауқатты селолардағы үйлердің $^1/_2$ бөлігінде дерлік егін оратын машина бар... Жнейкаларға қарағанда косилкалар шаруаларда анағұрлым сирек кездеседі... Сондай-ақ ат тырмасы мен молотилка да аз тараған. Веялкалар барлық жерде жаппай қолданылады... Тасымал жұмысы үшін кілең неміс бричкалары мен үлкен ағаш арбалар қолданылады, оларды енді орыстың көптеген селоларында істеп шығаратын болды... Астық бастыру үшін барлық жерде ұзын немесе қысқарақ буылтық малалар қолданылады» (213—215-беттер).

Бұл құрал-саймандардың қалай бөлінетінін білу үшін, мәліметтері толық болмағанмен, земствоның ста-

тистикалық жинақтарын пайдалануға тура келеді: тавриялық статистиктер тек плугтер мен буккерлерді, жнейкалар мен косилкаларды және делижандарды (яғни, бричка немесе ағаш арба) ғана тіркеген. Мелитополь және Днепр уездері бойынша мәліметтерді жинақтағанда, барлық (46 522) плуг пен басқа да жер жыртатын құралдардың 19 987-сі, яғни 42,9 проценті, 59 478 бричканың 23 747-сі, яғни 39,9 проценті, ақырында, 3061 жнейка мен косилканың 2841-і, яғни 92,8 проценті жоғарғы топтың қолында екенін көреміз.

Шаруалардың жоғарғы тобының еңбек өнімділігі орташа және төменгі топтарға қарағанда едәуір жоғары екенін көрсететін мәліметтер келтірілді. Енді ірі егіншілердің шаруашылығындағы осындай ерекшелікке техниканың қандай өзгешеліктері себеп болғанын қарайық.

«Шаруалардың жерді иелену және жерді пайдалану мөлшері,— дейді Постников,— сондай-ақ едәуір дәрежеде егіншілік жүйесі мен сипатын да белгілейді. Бұл екеуінің арасындағы осы тәуелділікті, амал не, шаруалар шаруашылығын зерттеушілеріміз осы кезге дейін аз зерттеп келді, олар үшін шаруалар шаруашылығы село халқының барлық топтарында көбінесе бір тектес болып көрінеді. Егіншілік жүйесі туралы сөз қозғамай-ақ, шаруалардың жеке топтарындағы шаруашылық техникасының осы ерекшеліктерін өзімнің Таврия уездерін аралағанымда анықтағаным бойынша қысқаша қорытуға тырысып көрейін.

Мойынсерікке қосылмай, өзінің меншікті малымен жұмыс істейтін үй қожайындары шаруашылығында 4—5—6 және одан да көп жұмыс көлігін ұстайды* және соның өзінде олардың шаруашылық жағдайында көптеген айырмашылық болады. Төрт түренді буккерге 4 көлік жегу қажет, ал бес түренді буккерге 5 көлік керек болады. Жерді жыртысымен тырмалау ілесе жүреді, ал егер қожайынның артық аты болмаса, онда ол жерді жыртқан бойда ізінше тырмаламай, жыртып болғаннан кейін тырмалайды, яғни тұқым топырақ біраз кебіңкіреп кеткеннен кейін жабылады, мұның өзі оның

* Ауқатты топтағы шаруалардың үй басына 6—10 жұмыс көлігі бар (жоғарыдан қараңыз).

көктеуіне қолайсыз болады. Егер жер жырту селодан қашық жүргізіліп, су мен жемшөпті жеткізу қажет болса, онда да артық аттың болмауы жұмысты тоқтатады. Жұмыс көлігінің жеткілікті болмауы салдарынан осындай жағдайлардың бәрінде де уақыт босқа шығын болады, егіс кешеуілдейді. Жұмыс көлігі көп болып, жерді көп түренді буккермен жыртса, шаруа егінін тез егеді, қолайлы ауа райын жақсы пайдаланады, тұқымды дымқылы мол жерге сіңіреді. Сонымен көктемгі егіс техникасының артықшылықтары үйінде 6, ең жақсысы 7 жұмыс көлігі бар «қоңды» қожайынның қолында болады. Жегетін 7 аты болса, 5 түренді буккер мен 2 тырманы қатар жүргізуге болады. Мұндай қожайынның,— дейді шаруалар,— «жұмысында тоқтау болмайды».

Егер егіннің шығымдылығы жақсы болса, оны орып алғаннан кейін дереу жергілікті шаруашылықта жұмыс күшінің барынша толық жұмсалуын керек ететін кезінде бұл қожайындардың жағдайындағы айырмашылықтың онан да зор маңызы бар. 6 жұмыс көлігі бар қожайын астықты тасумен қабат бастырып жатады, астықты маяламайды, соның арқасында, әрине, уақыт пен жұмыс күші үнемделеді» (277-бет).

Осы ірі егіншілер шаруашылығының сипатын толық суреттеу үшін егіншілердің бұл тобында, Постниковтың ескертуінше, егіс «коммерциялық» кәсіп екенін де айта кетуге тиіспіз. Сауда жасауға арналып егілген егістің көлемі туралы жоғарыда келтірген мәліметтер автордың сипаттамасын толығынан растайды, өйткені егіс көлемінің басым бөлігінен алынған өнім рынокқа шығарылады, атап айтқанда, 25 десятинадан 50 десятинаға дейін егісі бар шаруашылықтарда бүкіл егіс көлемінің 52 процентінің, 50 десятинадан астам егісі бар шаруашылықтарда 61 процентінің өнімі рынокта сатуға арналады. Ақшалай түсетін табыстың мөлшері де осыны дәлелдейді:ауқатты топ үшін бұл табыстың ең *minimum* мөлшері үй басына 574 сомнан келеді — қажетті ақшалай шығынның (200—250 сом) сомасынан екі еседен артығырақ болады, сөйтіп артық ақшалай қор жиналады, ол шаруашылықты ұлғайтуға және жақсартуға жұмсалады. Постниковтың айтуынша, «үй басына 50

десятинадан артық егісі бар неғұрлым ауқатты шаруалардың» тіпті «мал шаруашылығының бір саласы — қылшық жүнді қой өсіру де — қазірдің өзінде-ақ рыноктық сипат алып отыр» (188-бет).

Енді Постников жете талдамаған (тіпті сөз қозғамаған дерлік) екінші бір мәселеге көшейік: шаруалардың азшылық бөлігінің шаруашылық табыстары бұқараға қалай әсер етеді? Сөз жоқ, мүлдем қолайсыз әсер етеді: жоғарыда көрсетілген мәліметтер (әсіресе аренда туралы) бұған жеткілікті дәлел бола алады, сондықтан бұл жерде тек қорытынды шығарумен ғана шектелуге болады. Таврия губерниясының барлық 3 уезі бойынша шаруалардың арендаға алған барлық жері (үлестен тыс және үлесті) 476 334 десятина, соның ішінен ауқатты топтың алатыны — 298 727 десятина, яғни $^3/_5$ бөлігінен астамы (63 процент). Кедей топтың үлесіне тек 6 процент қана, ал орташаның үлесіне 31 процент келеді. Егер арендаға жер алуға бәрінен де бұрын — тіпті тек қана солар демесек — төменгі 2 топ ділгер екенін еске алсақ (Днепр уезінде жер көлемінің шаруалар топтары арасында бөлінуі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтер жоғарғы топта егіс мөлшерінің «тиімді» болуы үшін үлесті жердің бір өзі толық дерлік жеткілікті екенін көрсетеді), онда ауқатты шаруалардың егісті коммерциялық мақсатпен ұлғайтуынан төменгі топтағылардың жер жөнінен қандай қатты қысым көретіні түсінікті болады *.

Үлесті жер арендасының бөлінуі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерден де дәл осындай қорытынды шығады. Үлесті жерді арендалаудың әр түрлі топтағы шаруалар үшін қандай маңызы бар екенін көрсету үшін Постников шығармасының IV тарауынан осы құбылысты суреттеген жерін келтірейік.

«Үлесті жер,— дейді ол,— қазір оңтүстіктегі орыс шаруаларының өмірінде кең өріс алған саудагерлік кәсіп болып отыр. Таврия шаруалары арасында өте көп

* «Неміс жергілікті шаруаны арендаға немесе сатып алуына болатын іргелес жерден құр қалдырып... оған қысымшылық жасап отыр» (292-бет),— дейді Постников. Тегі, бұл тұрғыдан алып қарағанда орыстың ауқатты шаруасы өзінің кедей ағайынынан гөрі неміс колонисіне жақынырақ болса керек.

тараған нәрсе: олар жерін кепілге салып, қолынан вексель беріп қарыз алады, сонда жерден түсетін табыс борышын өтегенге дейін сол қарыз берушінің пайдасында қалады, жер бір жылға, екі жылға және одан да ұзақ мерзімге, 8, 9 және 11 жылға арендаға беріледі немесе сатылады, үлесті жерді осылай беру болыстық және селолық басқармаларда ресми түрде куәландырылады. Жексенбі күндері мен мейрам күндері үлкен селоларда селолық басқарма үйінің алдында топтанып, дабырласып тұрған халықты көрген кездерім болды. Не себепті жиналғандарын сұрағанымда, үлесті жерді сатып, соны тойлап жатқандықтарын, бұл туралы селолық өкімет орындарының кітабына арнайы белгі соғылып қоятынын айтты... Үлесті жерді бөтен адамның пайдалануына сатып жіберу жерді ревизиялық жандар бойынша бөліп қойған және оны түбегейлі қайта бөлу жүзеге асырылмайтын селоларда да, сондай-ақ жерді қазіргі жан басына қарай бөлетін және түбегейлі қайта бөліп отыратын селоларда да болып отырады, тек бұл селоларда жерді сатып жіберу мерзімі әдетте қысқа болады және ол жерді қайта бөлу мерзіміне ыңғайлайды; бұл мерзім соңғы уақытта мұнда қауымның жерді қайта бөлу туралы үкімімен көпшілік жағдайда күнілгері белгіленіп қойылады. Оңтүстіктегі орыс селоларында осы үлесті жерлерді сатып жіберу қазіргі уақытта жергілікті ауқатты шаруалардың өмірлік мүдделеріне мейлінше сай болып отыр, ал мұндай шаруалардың саны, әсіресе, Таврия уездерінде өте көп. Айтпақшы, ол жер жыртуды ұлғайтудың басты шарттарының бірі саналады және мұны тавриялық ауқатты шаруалар кеңінен қолданып, экономикалық көп пайда тауып жүр. Сондықтан да ауқатты шаруалар қазіргі уақытта өздерінің тұрмысындағы өзгеріс атаулының бәріне сезікті қарайды, өйткені олар өзгеріс көбінесе арзанға түсіп отырған, оның үстіне жақын орналасқан жерді арендалау мүмкіндігінен айырады деп қауіптенеді» (140-бет). Бұдан кейін шаруа істері жөніндегі Мелитополь уездік мекеменің [15] үлесті жерді жалға әрдайым селолық жиналыстың рұқсатымен беруді талап еткендігі, мұндай жарлықтың шаруаларға ауыр тигені, «соның салдарынан әзірге рас-

правалардан жер туралы шарт кітаптарының жоғалып кеткені, бірақ олардың, сірә, ресми емес кітап түрінде әлі де қолданылып жүргені» (140-бет) айтылған.

Ауқатты шаруалардың жерді орасан көп мөлшерде арендаға алуына қарамастан, жерді бірден-бір дерлік сатып алушылар да осылар болып отыр: Днепр уезінде сатып алынған барлық жердің 78 проценті, Мелитополь уезінде барлық 48 099 десятина жердің 42 737 десятинасы, яғни 88 проценті солардың қолында.

Ақырында, кредитті де шаруалардың тек осы тобы ғана пайдаланады: оңтүстіктегі селолық кассалар туралы автордың жоғарыда келтірілген заметкасына қосымша ретінде олардың мынадай сипаттамасын келтірейік: «Қазір бізде жер-жерде таралған — мысалы, Таврия уездерінде олар өте көп,— селолық кассалар мен несие-жинақ серіктіктері негізінен ауқатты шаруаларға көмектеседі. Олардың көмегі елеулі деп айтуға болады. Осы серіктіктер бар жерлердегі тавриялық шаруалардан: «құдайға шүкір, енді біз жөйттерден құтылдық» деген сөздерді талай естігенім бар, бірақ мұны айтатындар әлді шаруалар. Әлсіз шаруалар өзіне кепіл болатын адам таба алмайды, сондықтан олар қарыз ала алмайды» (368-бет). Кредитті осындай монополияға айналдыру таңданарлық нәрсе емес: кредиттік келісім — ақшасын кейін төлейтін алыс-беріс саудасынан басқа еш нәрсе де емес. Оны тек қаржысы барлар ғана төлей алатыны әбден табиғи нәрсе, ал оңтүстіктегі орыс шаруалары арасында ондайлар — азшылық болып отырған ауқатты шаруалар ғана.

Өзінің өндіргіш қызметінің нәтижесі жөнінен басқа топтардың бәрін қосып есептегенде олардан асып түсетін бұл топтың шаруашылық сипатын толық суреттеу үшін тек мынаны ескертіп өту керек: бұл топ «едәуір мөлшерде» жалдама еңбекті пайдаланады, ал оларға лажсыз жалданатындар сол төменгі топтың өкілдері. Бұл жөнінде мынаны айту қажет: ауыл шаруашылық өндірісіндегі жалдама еңбектің анық есебін алу өте қиын, ал біздің земство статистикасы бұл қиыншылықты әлі де жеңе алмаған сияқты. Егіншіліктегі еңбектің жыл бойына тұрақты және бірқалыпты болып тұруын

талап етпей, тек уақыттың белгілі бір кезеңінде ғана қарқынды жүргізілуін қажет ететіндіктен, тұрақты жалдама жұмысшылардың өзін ғана есепке алу жалдама еңбекті қанау дәрежесін эсте толық көрсетпейді, ал уақытша жұмысшыларды (көбінесе кесімді ақы алатын) есепке алу өте қиын. Әрбір топтағы жалдама жұмысшылардың санын шамамен есептей келіп, Постников ауқатты топта 1 қызметкердің жұмыс нормасына 15 десятина егісті алған *. Автор шығармасының бір жұмысшыға шын мәнісінде қанша жер көлемі келетінін жан-жақты талдаған VII тарауынан мұндай норманы астықты тек машинамен орғанда ғана орындауға болатыны көрінеді. Ал оның бер жағында тіпті ауқатты топта да жаткалар көп емес: мысалы, Днепр уезінде 10 үйге 1 жаткаға жуықтан келеді, сондықтан автордың машиналардың қожайындары өзінің астығын орып болғаннан кейін машиналарын жалдайды деген мәлімдемесін ескергеннің өзінде де, шаруалардың басым көпшілігі астығын машинасыз жинауға, демек, күндікші жұмысшылар жалдауға бәрібір тиіс болады. Сондықтан жоғарғы топта жалдама еңбекті пайдалану автордың есептеп шығарғанынан гөрі көп болуға тиіс, олай болса, бұл топтың шаруалары алатын ақшалай көп табысы көп жағдайда (егер барлық жағдайда да болмаса) *капиталдан* алынған табыс болып саналады, бұл термин ғылыми саяси экономия берген өзіне тән мағынасында алынып отыр.

3-топ туралы айтылғандарды қорыта келгенде, бұл топтың мынадай сипаттамасын көреміз: өндіріс құрал-жабдықтары орташа топтағылардан анағұрлым жоғары болып отырған және соның арқасында еңбек өнімділігі артық болып отырған ауқатты шаруалар бүкіл аудан бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін ең басты, басқа топтарға қарағанда мейлінше көп өндіруші болып табылады; бұл топтың шаруашылығы өзінің сипаты жағынан — едәуір дәрежеде жалдама еңбекті қанауға негізделген коммерциялық шаруашылық.

* Бұл 1,8—2,3 қызметкерге 27—34,5 десятинадан келеді, ал ауқатты топтың шаруалары 34,5—75 десятина егін егеді. Демек, бұл топқа тән жалпы сипат мынау,— оның шаруашылығының мөлшері семьяның жұмыс нормасынан әлдеқайда көп.

Жергілікті халықтың 3 тобы шаруашылығындағы саяси-экономикалық айырмашылықтар жөніндегі бұл қысқаша шолу оңтүстіктегі орыс шаруаларының шаруашылығы туралы Постниковтың кітабындағы материалды жүйеге келтіру негізінде жасалды. Меніңше, бұл шолу шаруаларды топқа бөлмейінше, шаруалар шаруашылығын зерттеу (саяси-экономикалық жағынан) тіпті мүмкін емес екенін дәлелдейді. Жоғарыда айтқанымыздай, Постников мұны мойындайды және земство статистикасын қаптаған цифрларға қарамастан, оның жүйелеуі «айқын емес», «ол ағаштың тасасынан орманды көрмейді» деп кінәлайды (XII бет). Постниковтың земство статистикасын бұлай кінәлауы орынды бола қояр ма екен, өйткені оның өзі де шаруаларды жүйелі түрде «айқын» топтарға бөлген жоқ, бірақ оның мұндай талабының дұрыстығы күмән туғызбайды. Жеке шаруашылықтар арасында сан жағынан ғана емес, сапа * жағынан да айырмашылықтар бар екенін мойындағаннан кейін шаруаларды «ауқаты» жағынан емес, шаруашылығының қоғамдық-экономикалық сипаты жағынан да ажыратылатын топтарға бөлу сөзсіз қажет болып табылады. Земство статистикасы кешіктірмей осыны істер деп үміттенуге болар.

V

Шаруалар арасында экономикалық алалық бар екенін сипаттап қана қоймай, Постников бұл құбылыстың күшейгенін де айтады:

«Әр түрлі топтардағы шаруалардың әл-ауқатындағы айырмашылық бізде барлық жерде бар және ежелден болып келді,— дейді ол,— бірақ соңғы он жылда шаруа халқының мұндай жіктелуі өте айқын көріне бастады және, тегі, күшейе беретін болса керек» (130-бет). 1891 жылдың [16] шаруашылық жағдайының ауырлығы,

* Шаруашылықтың сипаты — өзі тұтынушылық, коммерциялық; еңбекті қанау сипаты — күн көрістің басты табыс көзі есебінде өзінің жұмыс күшін сату және егісті семьяның өз шамасы келетін мөлшерден артық көбейтудің қажетті салдары ретінде жұмыс күшін сатып алу.

автордың пікірінше, бұл процеске жаңа түрткі болуға тиіс.

Бүкіл шаруа халқына соншама зор әсер етіп отырған бұл құбылыстың себептері қандай?— деген сұрақ туады.

«Таврия губерниясы,— дейді Постников,— Европалық Россиядағы неғұрлым жері мол, шаруаларға үлесті жер көп берілген губерниялардың бірі, онда жерді жан басына азды-көпті тең бөлуді жүзеге асырған қауымдық жер иелену кеңінен таралған жәпе егіншілік село халқының бірден-бір кәсібі деуге болады; алайда үй басына жүргізілген санаққа қарағанда мұндағы село халқының 15 процентінде ешбір жұмыс көлігі жоқ, халықтың $^1/_3$ бөлігіне жуығында өзінің үлесті жерін баптау үшін жеткілікті құрал-сайманы жоқ» (106-бет). «Топтардағы әр қилылықтың мұндай көп болуының себебі неде,— деп сұрайды автор,— атап айтқанда, тек қана егіншілік шаруашылығы жағдайында егісі мен жұмыс көлігі жоқ үй қожайындары процентінің осы айтылып отырған аудандағыдай көп болуының себебі не?» (130-бет).

Осы құбылыстың себептерін іздестіруге шығып, Постников (бір жақсысы, ұзаққа емес) жолдан мүлдем адасады да, «қаңғыбастық», «маскүнемдік» туралы, тіпті өрт пен ат ұрлаушылық жөнінде де сөз қозғауға кіріседі. Соның өзінде «істің неғұрлым мәндірек жағы» мұндай себептерде емес деген қорытынды шығады. Сол сияқты, семьяның жетімдігі, ягни ересек қызметкерлердің жоқтығы да ешбір себеп бола алмайды: Таврия уездеріндегі шаруашылығы жоқ (ягни егісі жоқ) барлық үйлердің ішінде жетім семьялар тек 18 процент.

«Шаруашылығы жоқтықтың басты себептерін,— деп қорытады автор,— шаруалардың экономикалық тұрмысының басқа факторларынан іздестіріп табу керек болады» (134-бет). Постников пақ былай деп санайды: «Жеке үй қожайындарының шаруашылығын күйзеліске душар етіп отырған жоғарыда көрсетілген себептердің ішінде ең негізгісі деп санауға болатын және, амал не, осы күнге дейін біздің земство статистикасының әлі анықтап жетпеген себеп — *үлесті жердің ұсақталуында*

және шаруалардың жерді пайдалану мөлшерінің аздығында, шаруалар шаруашылығының орташа мөлшерінің кемуінде болып отыр» (141-бет). «Россияның экономика жағынан кедейлігінің негізгі себебі,— дейді автор,— шаруаның иеленген жері мен шаруашылығының мөлшері шағын болып, оның шаруа семьясының бүкіл жұмыс қабілеттілігін пайдалануға мүмкіндік бермеуінде болып отыр» (341-бет).

Постниковтың бұл қағидасын түсіндіру үшін,— ол мүлдем теріс баяндалған, өйткені шаруалар шаруашылығының орташа мөлшері (17—18 дес. егіс) семьяның мұқтаждық көрмей күнелтуіне жетіп тұратынын, шаруашылықтың мөлшері жөнінде барлық шаруаларға бет алды жалпы сипаттама беруге мүмкін еместігін автордың өзі айтқан болатын,— шаруашылықтың мөлшері артқан сайын шаруалар еңбегінің өнімділігі де арта беретіні туралы жалпы заңды жоғарыда оның өзі тұжырымдағанын ескертіп өту қажет. Оның есебінше, семьяның жұмыс күшін (жұмыс көлігін де) тек жоғарғы топта ғана, мысалы, Таврия уездерінде тек ауқатты шаруалар ғана толық пайдалана алады; ал халықтың басым көпшілігі көп күшін босқа жұмсап, «жерді өнімсіз шұқылай береді» (340-бет).

Еңбектің өнімділігі шаруашылықтың мөлшеріне байланысты екенін және шаруалардың төменгі топтарында еңбек өнімділігі өте төмен екендігін автордың толық дәлелдегеніне қарамастан, шаруалардың жіктелу себебін (Постников оны Россияның егіншілігінде артық халықтың болуынан, егіншілікте еңбектің мейлінше шектен тыс молдығынан деп атайды) бұл заңнан көруге болмайды: мәселе нақ осында — шаруалар осыншама әр түрлі топтарға неліктен бөлініп отырғандығында ғой, ал егіншілікте артық халық болуының өзі осындай жіктелуді керек етеді; ал автор ол туралы ұғымның өзін шағын және ірі шаруашылықтарды және олардың табыстылығын салыстыру арқылы тұжырымдады. Сондықтан «топтардағы әр қилылықтың көп болуы неге байланысты?» — деген сұраққа егіншілікте артық халықтың болуынан деп жауап беруге болмайды. Мұны, тегі, Постниковтың өзі де түсінетін сияқты,

бірақ ол өзіне белгілі бір міндет — құбылыстың себептерін зерттеу міндетін қойған жоқ, сондықтан оның ескертпелеріндегі пікірлері біраз үздік-создық болып отыр: жете айтылмаған, көмескі қағидалармен қатар дұрыс пікірлер де бар. Мәселен, ол былай дейді:

«Қазір село өмірінде жер иелену төңірегінде болып жатқан кескілескен күрес болашақта халықтың арасында қауымдық және ынтымақтық негіздің дамуына жәрдемдеседі деп дәмеленуге болмайды. Ал бұл кездейсоқ жағдайдан туып отырған уақытша күрес емес... Бұл қауымдық дәстүрлер мен село өмірінде өріс алып отырған жеке-дарашылдық арасындағы күрес емес, тек экономикалық мүдделердің күресі екенін, жердің аз болуы салдарынан халықтың бір бөлігін ойсыратып барып тынатын күрес екенін көріп отырмыз» (XXXII бет).

«Ақиқат барынша айқын,— дейді Постников екінші бір тұста,— жері аз және шаруашылықтың мөлшері шағын жағдайда, жеткілікті кәсіпшілік болмаған жағдайда шаруалардың ауқатты болуы мүмкін емес, сондықтан шаруашылық тұрғыдан әлсіздердің бәрі ерте ме, кеш пе, әйтеуір қайткен күнде де шаруалар егіншілігінен аласталуға тиіс» (368-бет).

Бұл ескертпелерде сұраққа анағұрлым дұрыс жауап берілген, оның үстіне бұл халықтың жоғарыда көрсетілген жіктелуіне толық сай келетін жауап болып отыр. Жауап мынадай: шаруашылығы жоқ үйлердің қаптап кетуін және олардың санының артуын шаруалар арасындағы экономикалық мүдделердің күресі белгілейді. Бұл күрес қандай негізде және қандай құралдармен жүргізіледі? Ал құралға келетін болсақ, ондайға тек жердің жетіспеушілігі ғана жатып қоймайды және онша жата да алмайды (Постниковтың жаңағы келтірілген пікірінен осылай ойлап қалуға да болады), бұған шаруашылықтың мөлшерін арттырумен жалғас жүретін өндіріс шығындарын азайту жатады,— бұл туралы жоғарыда жеткілікті айтылды. Ал енді күресті тудыратын негізге келсек, ол туралы Постниковтың мына ескертпелері жеткілікті түрде айқын көрсетіп отыр:

«Шаруашылық жер көлемінің белгілі бір minimum-ы бар, шаруа шаруашылығы одан төмен құлдырай алмайды, өйткені бұлай болғанда ол пайдасыз болады немесе оны жүргізу тіпті мүмкін болмайды. Семьяны және малды (?) асырау үшін шаруашылыққа тамақ өндіретін белгілі жер көлемі керек; көлденең кәсіптері жоқ немесе ондайлары болымсыз шаруашылықта мұның үстіне рынокқа өткізуге арнап өнім өндіретін белгілі жер көлемі болу керек; шаруа семьясы бұл өнімдерді сатып, алған ақшасымен алым-салығын төлейді, киім-кешек пен аяқ киім сатып алады, шаруашылыққа керекті құрал-сайман алады, қора-қопсы салдырады және сондайлар. Егер шаруа шаруашылығының мөлшері осы минимумнан төмен түссе, оны жүргізуге мүмкіншілік болмайды. Ол жағдайда шаруаға өзінің шаруашылығын тастап, батырақ болу пайдалырақ, өйткені батырақтың шығыны кемірек, ал қажетін жалпы табысы азырақ болғанда да толығырақ өтей алады» (141-бет).

Егер, бір жағынан, шаруа өзінің егісін өзі тұтынатын астық мөлшерінен әлдеқайда асырып көбейтуді пайдалы деп тапса, онда ол мұны өзінің өнімін сата алатын болғандықтан істейді. Егер, екінші жағынан, шаруа өзінің шаруашылығын тастап, батырақ болу пайдалы деп ұйғарса, онда бұл оның қажетінің көпшілігін қанағаттандыруға ақшалай шығын жасауды, яғни сатуды * талап ететіндіктен болады; өз шаруашылығының өнімін сатқанда ол рынокта бақталасын кездестіреді, ал онымен белдесе алмайды, міне, осыдан кейін оған өзінің жұмыс күшін сатудан басқа еш нәрсе қалмайды. Бір сөзбен айтқанда, жоғарыда баяндалған құбылыстың пайда болу негізі сатуға арнап өнім өндіру болып табылады. Шаруалар арасында экономикалық мүдделер күресі туудың негізгі себебі — қоғамдық өндіріс-

* Тамақ және сауда егісінің көлемі туралы (тек осы егістен түсетін кіріс қана егіншіліктің емес, егіншінің мұқтажын өтеуге жұмсалады, яғни бұл өндіріс шығыны емес, шын мағынасындағы кіріс болып табылады) жоғарыда келтірілген мәліметтерді, сондай-ақ тавриялық шаруаның азық-түлікке жұмсалатын астық мөлшеріне (еркек, әйел жан басына 2 ширектен) байланысты орташа ақшалай шығыны туралы мәліметтерді салыстырыңыз.

ті реттеуші рынок болып отырған тәртіптердің өмір сүруінде.

«Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістерді» суреттеуді және оларды түсіндіру әрекетін аяқтағаннан кейін, Постников «аграрлық мәселені» шешуге тиіс практикалық шараларды баяндауға көшеді. Біз авторға ілесіп бұл салаға бармаймыз, өйткені, біріншіден, ол ұсынылып отырған мақаланың жоспарына кірмейді; екіншіден, Постников шығармасының бұл бөлігі — ең нашар жағы. Егер қайшылықтар мен пікір көмескілігі көбіне-көп автордың нақ шаруашылық процестерін түсіндіруге тырысқан жерлерінде кездесетінін еске алсақ, оның нашар болатын себебі әбден түсінікті болады, ал ол процестерді толық және айқын түсіндірмейінше, қандай да болсын практикалық шараларды ұсыну туралы сөз болуы да мүмкін емес.

РЫНОКТАР ТУРАЛЫ ДЕЙТІН МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ [17]

1893 ж. күзінде жазылған

Бірінші рет 1937 ж. 7 ноябрьде «Большевик» журналының 21-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр


1

По поводу такъ-называемаго вопроса о рынкахъ.

I.

Можетъ-ли у насъ въ Россіи развиваться и вполнѣ развиться капитализмъ, когда масса народа бѣдна и бѣднѣетъ все больше? Вѣдь для развитія капитализма необходимъ широкій внутренній рынокъ, а разореніе крестьянства подрываетъ этотъ рынокъ, грозитъ совсѣмъ закрыть его и сдѣлать невозможной организацію капиталистическихъ порядковъ. Говорятъ, правда, что превращая натуральное хозяйство нашихъ непосредственныхъ производителей въ товарное, капитализмъ тѣмъ самымъ создаетъ себѣ рынокъ, но мыслимо-ли допустить, чтобы на счетъ жалкихъ остатковъ натуральнаго хозяйства у нищихъ крестьянъ могло раз-

В. И. Лениннің «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1893 ж.

Кішірейтілген

I

Халық бұқарасы кедей болып отырғанда және онан сайын кедейленіп бара жатқанда, бізде, Россияда, капитализм дами ала ма және толық дами ма? Өйткені капитализмнің дамуы үшін кең ішкі рынок қажет қой, ал шаруалардың күйзелуі бұл рынокты әлсіретіп, оның мүлде жабылу қаупін және капиталистік тәртіптерді ұйымдастыруға мүмкіндік қалмау қаупін туғызады ғой. Рас, капитализм біздегі тікелей өндірушілердің натуралды шаруашылығын товар шаруашылығына айналдырады, сөйтіп өзіне рынок құрып алады деседі, бірақ жартылай қайыршы шаруалардың натуралды шаруашылығының сілімтігі шыққан қалдықтары арқылы бізде, өзіміз Батыста көріп отырғандай, қуатты капиталистік өндіріс дами алады деп ойлауға бола ма? Бұқараның кедейленуі салдарының бір өзінен-ақ біздің капитализміміз еліміздің бүкіл өндірісін қамти алмайтын және қоғамдық шаруашылығымыздың *негізі* бола алмайтын дәрменсіз, тірексіз бірдеме болып шығатыны айқын емес пе?

Әдебиетіміздің барлық жерлерде орыс марксистеріне қарсы қойып жүрген сұрақтары міне осындай; рыноктың жоқтығы туралы пікір Маркстің теориясын Россияға қолдануға қарсы айтылып жүрген ең басты дәлелдердің бірі болып табылады. Оның бер жағында біз талдағалы отырған *«Рыноктар туралы мәселе»* деген реферат осы дәлелді теріске шығаруға арналған.

II

«Капиталистік өндірістің жалпы және ерекше үстемдігі» туралы жорамал референт үшін негізгі тиянақ болып отыр. Осы тиянаққа сүйеніп, референт «Капиталдың» II томының XXI тарауының мазмұнын (3-бөлім — «Бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысы») баяндайды.

Маркс бұл арада қоғамдық өндіріс өнімнің жұмысшылар мен капиталистердің жеке басының қажетін өтеуге жұмсалатын бөлігі мен өндіргіш капиталдың элементтерін жасауға кететін бөлігінің орнын қалай толтыратынын зерттеуді өзіне міндет етіп қояды. Сондықтан егер I томда *жеке* капиталдың өндірілуі мен ұдайы өндірісін зерттеген кезде капитал мен өнімнің құрамды бөліктерін олардың құнына қарай — [өнімнің құны, «Капиталдың» I томында көрсетілгендей, c (тұрақты капитал) $+v$ (өзгермелі капитал) $+m$ (қосымша құннан) құралады] талдаумен тынуға болған болса,— онда бұл арада өнімнің материалдық құрамына қарай бөлінуін еске алу қажет болады, өйткені өнімнің капитал элементтерінен құралатын бөлігі адамның жеке басының тұтынуына жұмсала алмайды және, керісінше, өнімнің адамның жеке басының тұтынуына жұмсалатын бөлігі капитал элементтерін құрай алмайды. Осыған байланысты Маркс бүкіл қоғамдық өндірісті — демек, бүкіл қоғамдық өнімді де,— екі бөлімге: I) өндіріс құрал-жабдықтарын, яғни өндіргіш капиталдың элементтерін,— тек өндіріс қажетіне ғана тұтынылатын товарлар өндіруге және II) тұтыну заттарын, яғни жұмысшылар табы мен капиталистер табының жеке басының тұтынуына жұмсалатын товарлар өндіруге бөледі.

Зерттеудің негізіне мына схема алынады [араб цифрлары бағалы зат өлшемдерін — мысалы, миллиондаған сомды, ал рим цифрлары қоғамдық өндірістің жоғарыда айтылған бөлімдерін көрсетеді. Қосымша құн нормасы 100 процент деп алынады]:

$$\begin{array}{ll} \text{I} & 4000\,c+1000\,v+1000\,m=6000 \\ \text{II} & 2000\,c+\ \ 500\,v+\ \ 500\,m=3000 \end{array} \left\{ \begin{array}{l} \text{Капитал}=7500 \\ \text{Өнім}\qquad=9000 \end{array} \right.$$

Әуелі жай ұдайы өндіріспен істес болып отырмыз, яғни өндіріс ұлғаймайды, үнемі бұрынғы мөлшерінде қала береді делік; мұның өзі капиталистер барлық үстеме құнды[18] өнімсіз тұтынады, қорлану үшін емес, жеке бастарының қажетіне жұмсайды деген сөз. Бұл жағдайда, біріншіден, II 500 v мен II 500 m-ді сол II бөлімнің капиталистері мен жұмысшылары тұтынуға тиіс екені айқын, өйткені бұл өнім адамның жеке басының қажетін қанағаттандыруға арналған тұтыну заттары формасында болып отыр. Онан соң, I 4000 c-ті өзінің заттай түрінде сол I бөлімнің капиталистері тұтынуға тиіс, өйткені өндіріс мөлшерінің өзгермеу шарты өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру үшін сол капиталдың өзін келесі жылға сақтауды керек етеді; демек, капиталдың осы бөлігінің орнын толтырудың да ешқандай қиындығы жоқ: көмір, темір, машиналар және тағы сол сияқты заттар формасындағы өнімнің тиісті бөлігі өндіріс құрал-жабдықтарын өндірумен шұғылданатын капиталистер арасында айырбасталынады да, соларға бұрынғысынша тұрақты капитал болады. Сөйтіп, I (v+m) және II c. қалады. I 1000 v+I 1000 m — өндіріс құрал-жабдықтары формасындағы өнім, ал II 2000 c — тұтыну заттары формасындағы өнім. I бөлімнің жұмысшылары мен капиталистері (жай ұдайы өндіріс, яғни бүкіл үстеме құнды тұтыну шартымен) құны 2000 [1000 (v)+1000(m)] тұтыну заттарын тұтынуға тиіс. II бөлімнің капиталистері өндірісті бұрынғы мөлшерінде жүргізе алатындай болу үшін өзінің тұрақты капиталының (2000 II c) орнын толтыру мақсатында 2000-ға өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға тиіс. Демек, I v+I m-нің II c-ға айырбасталуы тиіс екені осыдан айқын көрініп тұр, өйткені мұнсыз бұрынғы мөлшердегі өндіріс мүмкін емес. Жай ұдайы өндіріс үшін I бөлімнің өзгермелі капиталы мен үстеме құн сомасы II бөлімнің тұрақты капиталымен тең болуы шарт: I (v+m) = II c. Басқаша айтқанда, бұл заңды былай тұжырымдауға болады: жыл бойы *жаңадан* өндірілген *барлық* құнның (екі бөлімнің ексуінде де) сомасы тұтыну заттары формасындағы өнімнің жалпы

құнына тең болуға тиіс: $I(v+m)+II(v+m)=II(c+v+m)$.

Бүкіл қоғамның өндірісі жыл сайын бұрынғы мөлшерінде қала алмайтындықтан, сол сияқты қорлану капиталистік тәртіптердің заңы болып табылатындықтан, шындығында, жай ұдайы өндірістің болуы, әрине, мүмкін емес. Сондықтан мөлшері ұлғая беретін қоғамдық өндірістің немесе қорланудың қалайша болып отырғанын қарастырып өтейік. Қорлану жағдайында капиталистер жеке басының қажетіне үстеме құнның тек бір бөлігін ғана тұтынады, ал екінші бөлігі өнімді тұтынылады, яғни өндірісті ұлғайту үшін өндіргіш капитал элементтеріне айналдырылады. Сондықтан қорлану жағдайында $I(v+m)$ мен $II\ c$-тің тең болуы мүмкін емес: I бөлімдегі үстеме құнның ($I\ m$) бір бөлігі тұтыну заттарына айырбасталмай, өндірісті ұлғайтуға жұмсалуы үшін $I(v+m)$-нің $II\ c$-тен көп болуы қажет. Сонымен мынадай болып шығады

А. *Жай ұдайы өндірістің схемасы:*

$$\begin{aligned} &I\ \ 4000\,c + 1000\,v + 1000\,m = 6000.\\ &II\ \ 2000\,c + 500\,v + 500\,m = 3000.\\ &I\ (v+m) = II\ c. \end{aligned}$$

Б. *Қорланудың негізгі схемасы:*

$$\begin{aligned} &I\ \ 4000\,c + 1000\,v + 1000\,m = 6000.\\ &II\ \ 1500\,c + 750\,v + 750\,m = 3000.\\ &I\ (v+m) > II\ c. \end{aligned}$$

Енді қорлану жағдайында қоғамдық өндіріс қалайша жүруге тиіс екенін қарап көрейік.

Бірінші жыл.

$$\left.\begin{aligned} &I\ \ 4000\,c+1000\,v+1000\,m=6000.\\ &II\ \ 1500\,c+750\,v+750\,m=3000. \end{aligned}\right\} \quad \left\{\begin{aligned} &\text{Капитал}=7250\\ &\text{Өнім}=9000 \end{aligned}\right\}$$

$I\ (1000\,v+500\,m)$ $II\ 1500\,c$-ға айырбасталады (жай ұдайы өндіріс тұсындағы сияқты).

$I\ 500\,m$ қорға жиналады, яғни өндірісті ұлғайтуға жұмсалады, *капиталға* айналады. Егер бұрынғыша тұ-

рақты және өзгермелі капиталға бөлінуді алсақ, онда мынадай болып шығады

$$\text{I } 500\,m = 400\,c + 100\,v.$$

Қосымша тұрақты капитал (400 c) I өнімнің өзінде бар (оның заттық формасы — өндіріс құрал-жабдықтары); ал қосымша өзгермелі капитал (100 v) II бөлімнің капиталистерінен алынуы керек, демек, олар да қор жинауға тиіс: олар өздерінің үстеме құнының бір бөлігін (II 100 m) өндіріс құрал-жабдықтарына (I 100 v) айырбастап, бұл өндіріс құрал-жабдықтарын қосымша тұрақты капиталға айналдырады. Демек, олардың тұрақты капиталы 1500 c-тен 1600 c-ке дейін өседі; оны жарату үшін қосымша жұмыс күші — ***50 v***,— қажет болады, бұл тағы да сол II бөлімдегі капиталистердің үстеме құнынан алынады.

I және II бөлімдердегі қосымша капиталды алғашқы капиталға қоссақ, өнімнің бөлінуі мынадай болып шығады:

$$\begin{array}{l} \text{I } \ 4400\,c + 1100\,v + (500\,m) = 6000. \\ \text{II } \ 1600\,c + \ \ 800\,v + (600\,m) = 3000. \end{array}$$

Жақшаның ішіне алынған үстеме құн капиталистердің тұтыну қорын, яғни үстеме құнның қорлануға түспей, капиталистердің жеке басының қажетіне жұмсалатын бөлігін көрсетеді.

Егер өндіріс бұрынғы қалпынша жүре беретін болса, онда жыл аяғында мынадай болып шығады:

$$\begin{array}{l} \text{I } 4400\,c + 1100\,v + 1100\,m = 6600 \\ \text{II } 1600\,c + \ \ 800\,v + \ \ 800\,m = 3200 \end{array} \left\{ \begin{array}{l} \text{Капитал} = 7900 \\ \text{Өнім} \quad\ \ = 9800 \end{array} \right\}$$

I (1100 v + 550 m) II 1650 c-ға айырбасталады, соның өзінде қосымша 50 c 800 II m-нен алынады [сонда *c*-тің 50-ге көбеюі *v*-ның 25-ке көбеюін туғызады].

Бұдан әрі 550 I m бұрынғыша қорланады:

$$\begin{array}{l} 550\ \text{I } m = 440\,c + 110\,v \\ 165\ \text{II } m = 110\,c + 55\,v. \end{array}$$

Енді алғашқы капиталға қосымша капиталды қоссақ [I 4400 с-ға — 440 с-ны; I 1100 v-ге — 110 v-ні. II 1600 с-ға — 50 с мен 110 с-ны; ал II 800 v-ге — 25 v және 55 v-ні], мынадай болып шығады:

$$\begin{aligned} &\text{I}\ \ 4840\,c + 1210\,v + (550\,m) = 6600. \\ &\text{II}\ \ 1760\,c + \ 880\,v + (560\,m) = 3200. \end{aligned}$$

Өндіріс бұдан былай өсе келе мынадай болып шығады:

$$\begin{aligned} &\text{I}\ \ 4840\,c + 1210\,v + 1210\,m = 7260 \\ &\text{II}\ \ 1760\,c + \ 880\,v + \ 880\,m = 3520 \end{aligned} \left\{ \begin{aligned} &\text{Капитал} = \ 8\,690 \\ &\text{Өнім} \quad\ = 10\,780 \end{aligned} \right\}$$

және тағысын-тағылар.

Бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі туралы мәселе жөніндегі Маркстің зерттеулері нәтижелерінің ең мәнді жақтары, міне, осы. Бұл зерттеулер (ескерте кету қажет) осы арада өте қысқаша беріліп отыр; Маркс толық талдаған өте көп мәселелер,— мәселен, ақша айналысы, бірте-бірте тозатын негізгі капиталдың орнын толтыру және т. с. — бұл арада сөз болмады, өйткені қаралып отырған мәселеге бұлардың бәрінің де тікелей қатысы жоқ.

III

Маркстің осы зерттеулерінен референт қандай қорытындылар шығарады? Амал не, ол өзінің қорытындыларын әбден дәл және айқын етіп тұжырымдамайды, сондықтан олар жөнінде бір-бірімен толық үйлесе бермейтін кейбір ескертпелері бойынша өзіме қорытынды жасауға тура келеді. Мысалы, біз мынаны оқимыз:

«Біз бұл арада,— дейді референт,—I бөлімде өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінде қорланудың қалай жасалатынын көрдік: ...бұл қорлану тұтыну заттары өндірісінің қозғалысына да, кімдікі болуына қарамастан, жеке бастың тұтынуына да тәуелсіз түрде жасалады» ($^{15}/_{3}$ парақ).

Қорланудың тұтыну заттары өндірісіне «тәуелсіздігі» туралы, әрине, сөз қылуға да болмайды, себебі өн-

дірісті ұлғайту үшін жаңа өзгермелі капитал, демек, тұтыну заттары да керек болады; автор бұл сөзімен, сірә, тек схеманың ерекшелігін, I бөлімдегі тұрақты капиталды — I с-ті ұдайы өндіру II-бөліммен айырбассыз болып отыратынын, яғни жыл сайын қоғамда, айталық, көмірдің белгілі бір бөлігі тағы сол көмір шығару үшін өндірілетінін басымырақ көрсеткісі келген болу керек. Әрине, бұл өндіріс (көмір шығару үшін көмір өндіру) кейінгі бірқатар айырбастар арқылы тұтыну заттары өндірісімен байланысады:— бұлай болмаған күнде көмір өнеркәсіп иелері де, олардың жұмысшылары да күн көре алмас еді.

Екінші бір жерінде референттің үні едәуір бәсең шығады: «Капиталистік қорланудың *ең басты* қозғалысы,— дейді ол,— тікелей өндірушілердің қандайынан болса да тәуелсіз, халықтың қандай тобының болса да жеке басының тұтынуынан (өте ерте дәуірлерді айтпағанда) тәуелсіз болып отырады және тәуелсіз болып келді» (8-парақ). Бұл жерде енді капитализмнің тарихи дамуында өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің тұтыну заттары өндірісінен басым екені ғана көрсетіліп отыр. Мұны тағы да бір рет қайталап көрсеткен: «Егер капиталистік қоғамға, бір жағынан, қорлану үшін қорлану, жеке бастың тұтынуы емес, өндіргіш тұтыну тән болса, онда, екінші жағынан, оған дәл өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру де *тән* болады» ($2^1/_2$ парақ). Егер автор осы пікірлері арқылы капиталистік қоғамның өзінен бұрын болған экономикалық ұйымдардан өзгешелігі — нақ машиналарды және оларға қажетті заттарды (көмірді, темірді және т. с.) дамытуында екенін айтқысы келген болса, онда мұнысы әбден дұрыс. Техниканың дәрежесі жағынан капиталистік қоғам басқа қоғамдардың бәрінен де жоғары тұрады, ал техника прогресінің өзі адам еңбегінің барған сайын машина еңбегінен ығысып, кейін шегінуін білдіреді.

Сондықтан референттің көмескі мәлімдемелерін сынаумен шұғылданудың орнына Маркстің тура өзіне жүгініп, оның теориясынан I бөлімнің II бөлімнен «басымдығы» туралы қорытынды шығаруға болатын-бол-

майтынын және бұл басымдылықты қандай мағынада түсіну керектігін қараған артық.

Маркстің жоғарыда келтірілген схемасынан I бөлімнің II бөлімнен басымдығы туралы ешқандай қорытынды шығаруға болмайды: онда екеуі де қатар дамып отырады. Бірақ бұл схемада нақ сол техникалық прогресс ескерілмейді. «Капиталдың» I томында Маркстің дәлелдегеніндей, техникалық прогрестің белгісі — өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы $\left(\frac{v}{c}\right)$ бірте-бірте азая береді, ал схемада бұл қатынас өзгермейтін қалпында алынған.

Егер бұл өзгерісті схемаға енгізсе, ол уақытта өндіріс құрал-жабдықтары тұтыну заттарымен салыстырғанда неғұрлым тез өсетіні өзінен-өзі түсінікті болады. Дегенмен, біріншіден, айқын болу үшін, екіншіден, бұл тиянақтан теріс қорытындылар шығару мүмкіндігінен сақтандыру үшін, менiңше, осы есепті келтіріп өту артық болмас деп ойлаймын.

[Төменде келтірілген кестеде қорлану нормасы өзгермейтін болып алынған: үстеме құнның жартысы қорға түседі де, жартысы жеке бастың тұтынуына жұмсалады.]

[Төменде келтірілген схеманы аттап өтіп, тура келесі беттегі содан шығатын қорытындыға көшуге болады. *д.* әрпі өндірісті ұлғайтуға жұмсалатын қосымша капиталды, яғни үстеме құнның қорға жиналатын бөлігін көрсетеді.]

1-ші I 4000 c+1000 v+1000 m =6000 .... v : (c+v)=20,0%
жыл) II 1500 c+ 750 v+ 750 m =3000 .... » » 33,3%
I (1000 v+ 500 m)=II 1500 c
д. I 500 m=450 c+50 v .... » » $\frac{1}{10}$
д. II 60 m= 50 c+10 v .... » » $\frac{1}{6}$
I 4450 c+1050 v+(500 m)=6000
II 1550 c+ 760 v+(690 m)=3000

2-ші I 4450 c+1050 v+1050 m=6550 .... » » 19,2%
жыл) II 1550 c+ 760 v+ 760 m=3070 .... » » 32,9%

I (1050 v + 525 m) = II 1575 c
II (1550 c + 25 m)

д. II 28 m = 25 c + 3 v .... » » » $\frac{1}{9}$ шамасында

д. I 525 m = 500 c + 25 v .... » » » $\frac{1}{21}$ шамасында

д. II 28 m = 25 c + 3 v .... » » » $\frac{1}{9}$ шамасында

I 4950 c + 1075 v + (525 m) = 6550
II 1602 c + 766 v + (702 m) = 3070

3-ші жыл) I 4950 c + 1075 v + 1075 m = 7100 .... » » » 17,8%
II 1602 c + 766 v + 766 m = 3134 .... » » » 32,3%

I (1075 v + $537\frac{1}{2}$ m) = II $1612\frac{1}{2}$ c
II (1602 c + $10\frac{1}{2}$ m)

д. II $11\frac{1}{2}$ m = $10\frac{1}{2}$ c + 1 v .... » » » $\frac{1}{12}$ шамасында

д. I $537\frac{1}{2}$ m = $517\frac{1}{2}$ c + 20 v .... » » » $\frac{1}{26}$ шамасында

д. II 22 m = 20 c + 2 v .... » » » $\frac{1}{11}$

I $5467\frac{1}{2}$ c + 1095 v + ($537\frac{1}{2}$ m) = 7100

II $1634\frac{1}{2}$ c + 769 v + ($730\frac{1}{2}$ m) = 3134

4-ші жыл) I $5467\frac{1}{2}$ c + 1095 v + 1095 m = $7657\frac{1}{2}$ .... » » » 16,7%

II $1634\frac{1}{2}$ c + 769 v + 769 m = $3172\frac{1}{2}$ .... » » » 32,0%

және тағысын-тағылар[19].

Енді қоғамдық өнімнің түрлі бөлімдерінің өсуі жөнінде осы схемадан алынған қорытындыларды салыстырайық[20]: [84-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, біз өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру бәрінен де жылдам өсіп отыратынын, одан кейін тұтыну заттарына арналған өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру өсетінін, ал тұтыну заттарын өндіру бәрінен де баяу дамитынын көреміз. Бұл қорытындыға Маркстің «Капиталының» II

	Өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс		Тұтыну заттарына арналған өндіріс		Тұтыну заттары		Бүкіл қоғамдық өнім	
	құрал-жабдықтары	% есебімен	құрал-жабдықтары	% есебімен		% есебімен		% есебімен
1-жыл	4 000	100	2 000	100	3 000	100	9000	100
2-жыл	4 450	111,25	2 100	105	3 070	102	9620	107
3-жыл	4 950	123,75	2 150	107,5	3 134	104	10234	114
4-жыл	5 467$^1/_2$	136,7	2 190	109,5	3 172	106	10828$^1/_2$	120

томындағы зерттеулерінсіз-ақ, тұрақты капиталдың өзгермелі капиталдан жылдам өсу тенденциясы бар деген заң бойынша да келуге болар еді: өндіріс құрал-жабдықтарының өте жылдам өсетіні туралы қағида бұл заңды бүкіл қоғамдық өндіріске бейімдеп тек басқа сөзбен айтып шыққандық.

Бірақ, мүмкін, тағы да ілгері бір аттау керек болар? Егер біз v-нің $c+v$-ге қатынасы үнемі кеміп отырады деп алған болсақ, онда v нольге тең болады, жұмысшылардың сол бұрынғы саны өндіріс құрал-жабдықтарының көп мөлшері үшін жеткілікті болып қала береді деп неге алмаймыз? Сонда үстеме құнның қорға түсетін бөлігі I бөлімдегі тұрақты капиталға тура қосылып отыратын болады, сөйтіп қоғамдық өндіріс тек өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтары есебінен ғана өсетін болады, ал II бөлім * мүлдем тоқырап қалады.

---

* Мен бұл сияқты бірлі-жарым құбылыстың болуы мүлде мүмкін емес дегім келмейді. Бірақ бұл арада әңгіме оқыс бір оқиға туралы емес, капиталистік қоғам дамуының жалпы заңы туралы болып отыр ғой.

Не туралы әңгіме болып отырғанын түсіндіру үшін схема арқылы көрсетейін:

I 4000 c+ 1000 v+1000 m=6000
II 1500 c+ 750 v+ 750 m=3000
I (1000 v+ 500 m)=II 1500 c
I 500 m I 4000 c-ға қосылып, қорға жиналады:
I 4500 c+1000 v+(500 m)=6000
II 1500 c+ 750 v+ 750 m =3000
I 4500 c+1000 v+1000 m =6500
II 1500 c+ 750 v+ 750 m =3000
I (1000 v+ 500 m)=II 1500 c
I 500 m бұрынғыша қорға жиналады және т. т.

Бұл, әрине, схемалар жасаумен орынсыз әуестенгендік болар еді, өйткені ондай қорытынды ешқандай қисыны жоқ жорамалдарға негізделеді және сондықтан да дұрыс болмайды. *v*-нің *c*-ға қатынасын кемітетін техника прогресі II бөлімді толық тоқыратып тастап, тек I бөлімде ғана болады деу жөн бе? Сонда II бөлімде қорланудың мүлдем болмауы әрбір капиталистен құрып кетпейін демесе кәсіпорнын кеңейтуді *талап ететін* капиталистік қоғамның заңдарына үйлесе ме?

Сонымен, Маркстің жоғарыда баяндалған зерттеулерінен шығаруға болатын бірден-бір дұрыс қорытынды мынау: *капиталистік қоғамда өндіріс құрал-жабдықтары өндірісі тұтыну заттары өндірісінен тезірек өсіп отырады.* Жоғарыда айтылып өткеніндей, бұл қорытынды — капиталистік өндіріс өткен уақыттармен салыстырғанда өлшеусіз үздік дамыған техника жасайды деген әркімге белгілі қағиданың тікелей салдары *. Маркс — әдейі осы мәселе жөнінде — тек бір-ақ жерде ғана әбден айқын айтып өтеді және бұл жері жасалған тұжырымның дұрыстығын толық растайды.

«Капиталистік қоғамның тағы адамнан айырмашылығы әсте Сениор ойлаған айырмашылықтай емес; оның ойынша, тағы адамның артықшылығы мен айырмашылығы — оның жұмсаған еңбегінің зая кететіндігінде, бұл еңбектің оған табысқа, яғни тұтыну заттарына айналарлық ешқандай өнім бермейтіндігінде-міс, ал айырмашылық мынада:

а) капиталистік қоғам өзінің қарамағындағы жылдық жұмыс уақытының денін [Nota bene **] өндіріс құрал-жабдықтарын (ergo *** — тұрақты капиталды да) өндіруге жұмсайды; ал бұлар жалақы формасында

---

* Сондықтан баяндалған қорытындыны біраз басқаша да тұжырымдауға болады: капиталистік қоғамда өндірістің (демек, «рыноктың» да) дамуы не тұтыну заттарының өсуі есебінен немесе — және бұл — ең бастысы — техниканың прогресі, яғни қол еңбегін машиналы еңбектің ығыстырып шығаруы есебінен болуы мүмкін,— өйткені *v*-нің *c*-ға қатынасының өзгеруінің өзі сол қол еңбегі рөлінің кемігендігін білдіреді.

** — Есіңізде болсын. *Ред.*

*** — демек. *Ред.*

да, қосымша құн формасында да табыс бола алмайды, бірақ бұлар тек капитал ретінде ғана қызмет ете алады» (Das Kapital», II Bd., Seite 436 *).

IV

Енді баяндалған теорияның «рыноктар туралы атышулы мәселеге» қандай қатысы бар?—деген сұрақ туады. Себебі ол теория «капиталистік өндіріс әдісінің жалпы және тек өзінің үстемдік құруы» туралы жорамалды негізге алады, ал енді «мәселенің» өзі Россияда капитализмнің толық дамуы «мүмкін бе» дегенде болып отыр ғой. Рас, бұл теория капитализмнің дамуы жөніндегі дағдылы ұғымға түзету енгізеді, бірақ *жалпы алғанда* капитализмнің қалай дамитынын ұғыну Россияда капитализмнің даму «мүмкіндігі» (және қажеттігі) туралы мәселені аз да болса әсте ілгері бастырмайтыны анық.

Алайда референт капиталистік жолмен ұйымдастырылған бүкіл қоғамдық өндірістің барысы туралы Маркстің теориясын баяндаумен шектелмейді. Ол «капиталдың қорлануындағы *елеулі айырмашылығы бар* екі жағдайды: 1) капиталистік өндірістің натуралды шаруашылықты ығыстырып және соның есебінен кеңейе отырып, еңбектің дайын сфераларын өзінің уысына жинап алып, кеңейе дамуын және 2) капиталистік өндірістің натуралды шаруашылыққа тәуелсіз, яғни оның капиталистік өндіріс әдісінің жалпы және тек өзінің үстемдік құруы жағдайында кеңейіп, егер осылай деп айтар болсақ, кеулей дамуын» ажырату қажеттігін атап көрсетеді. Бұл ажыратуды әзірге сынамай-ақ, турасынан автордың капитализмнің кеңейе дамуы деп нені айтқысы келетінін қарастыруға көшейік: капиталистік шаруашылықтың натуралды шаруашылықты алмастыратынын сипаттайтын осы процесті анықтау бізге орыс капитализмінің қалайша «бүкіл елді қамтитынын» көрсетуге тиіс.

Референт капитализмнің кеңейе дамуын мына схема бойынша суреттейді.

* — «Капитал», II т. 436-бет [21]. *Ред.*



A — капиталистер; *W* — тікелей өндірушілер.
a, a_1, a_{11} — капиталистік кәсіпорындар.
Стрелкалар айырбасталатын товарлардың
алмасу жолын көрсетеді.
c, v, m — товарлар құнының құрамды бөліктері.
I, II — товарлардың заттық формасы.
I — өндіріс құрал-жабдықтары;
II — тұтыну заттары.

«А мен W орындарының елеулі өзгешелігі,— дейді референт,—А-дағылар — өндірушілер — капиталистер, бұлар өздерінің үстеме құнын өнімді тұтынады, ал W-дағылар — тікелей өндірушілер, бұлар өздерінің үстеме құнын (мен бұл жерде өнім құнының өндіріс құрал-жабдықтары мен қажетті тамақ өнімдері құнынан асып түсетін артығын айтып отырмын) өнімсіз тұтынады.

Схема бойынша стрелкалардың бағытына көз салсақ, А-дағы капиталистік өндірістің W-ны бірте-бірте өзіне тартып, ондағы тұтыну есебінен қалай дамып отыратынын оңай көреміз». Капиталистік кәсіпорын — *а*-ның өнімі тұтыну заттары формасында «тікелей өндірушілерге» жіберіледі; «тікелей өндірушілер» оның айырбасына өндіріс құрал-жабдықтары формасында тұрақты капиталды (c) және тұтыну заттары формасында өзгермелі капиталды (v), ал қосымша өндіргіш капитал элементтері формасында c_1+v_1 үстеме құнды (m)

қайтарып отырады. Бұл капитал жаңа капиталистік кәсіпорынды — a_1-ді құру үшін жұмсалады: бұл кәсіпорын да дәл алғашқыдай өзінің өнімін тұтыну заттары формасында «тікелей өндірушілерге» жіберіп отырады және т. т. «Капитализмнің кеңейе дамуы жөнінде келтірілген схема бүкіл өндіріс «сыртқы» рыноктардағы тұтынумен, бұқараның тұтынуымен (жалпы көзқарас тұрғысынан алғанда бұл бұқараның қайда тұратыны,— мейлі, капиталистердің қасында тұрсын, мейлі мұхиттың арғы бетіндегі бір жерде тұрсын,— бәрібір) өте тығыз байланысты екенін көрсетеді. *A*-дағы өндірістің кеңеюі, яғни капитализмнің осы бағытта дамуы *W*-дағы тікелей өндірушілердің барлығы товар өндірушілерге айналысымен-ақ тоқталатыны айқын, өйткені, жоғарыда көргеніміздей, әрбір жаңа кәсіпорны (немесе ескі кәсіпорынның кеңеюі) *W*-дағы тұтынушылардың жаңа тобына арналған. Капиталистік қорлану туралы, яғни кеңейтілген мөлшердегі капиталистік ұдайы өндіріс туралы кеңінен таралған түсінік,— дейді референт қорытындысында,— мәселеге тек осындай көзқарас тұрғысынан қараумен шектеледі, тікелей өндірушілері бар елдердің, яғни сыртқы рынок деп аталатындардың болу-болмауына қарамастан, капиталистік өндірістің кеулей дами беретінін сезбейді».

Айтылып өткендердің бәрінің ішінен тек бір-ақ пәрсемен — капитализмнің кеңейе дамуы туралы бұл түсінік және оны бейнелейтін схема халықшылдардың осы жөніндегі жұртқа тарап жүрген көзқарасына толық сәйкес келетіндігімен ғана келісуге болады.

Шындығында да, жұртқа тарап жүрген көзқарастың сондайлық сорақылығын, мазмұнсыздығын жоғарыда келтірілген схемадағыдан гөрі анығырақ, көрнектірек бейнелеу қиын.

«Жұртқа тарап жүрген түсінік» біздегі капитализмге әрқашан «халықтық құрылыстан» қол үзген, одан оқшау тұрған бір нәрсе,— дәл схемада көрсетілгендегіден аумайтын бір нәрсе деп қарап келді: екі «орынның», капиталистік және халықтық дегеннің байланысы неде екені схемадан мүлдем көрінбейді. *A*-дан жөнелтілетін товарлар *W*-ға барып неліктен тұтынуға орын табады?

W-дағы натуралды шаруашылықтың товар шаруашылығына айналуы неден болады? Жұртқа тарап жүрген көзқарас бұл сұрақтарға еш уақытта жауап берген емес, өйткені ол айырбасқа белгілі бір *шаруашылық системасы* деп қарамай, қайдағы бір кездейсоқ нәрсе деп қарап келді.

Онан соң, жұртқа тарап жүрген көзқарас біздегі капитализмнің қайдан және қалайша туғанына еш уақытта *түсінік* берген емес, дәл сол сияқты мұны схема да түсіндірмейді: істің жайы, тегі, капиталистер сол «тікелей өндірушілердің» арасынан шықпай, қайдағы бір сырттан келген сияқты болып көрінеді. Капиталистердің а, a_1 және т. т. кәсіпорындары үшін қажет «басы бос жұмысшыларды» қайдан тауып алатыны түсініксіз болып қалады. Шындығында, бұл жұмысшылардың нақ сол «тікелей өндірушілерден» алынатындығын жұрттың бәрі біледі, бірақ схемадан товар өндірісінің *W* «орнын» қамти отырып, онда басы бос жұмысшылар контингентін туғызатыны титтей де көрінбейді.

Бір сөзбен айтқанда, бұл схема — сол жұртқа тарап жүрген көзқарас сияқты — біздегі капиталистік тәртіптердің құбылыстарынан еш нәрсе түсіндірмейді, сондықтан да түкке жарамайды. Схема жасалғанда көзделген мақсатына — капитализмнің бүкіл елді қамти отырып, натуралды шаруашылықтың есебінен қалай дамитынын түсіндіру мақсатына — тіпті де жете алмайды, өйткені референттің өзінің де көріп отырғанындай,— «егер талдап отырған көзқарасты дәйектілікпен ұстайтын болсақ, онда капиталистік өндіріс әдісінің барлық жерде бірдей дамуына жете алмайтыны жөнінде қорытынды шығару қажет».

Бұдан кейін автордың «капитализм өзінің қаз-қаз басқан сәбилік дәуірінде шынында да (?) осындай оп-оңай (sic!? *) тәсілмен (оп-оңай болатын себебі, бұл арада еңбектің дайын тұрған салалары қамтылады), дамыды, бір есептен ол қазір де (??) осы бағытта дамып отыр, өйткені жер шарында натуралды шаруашылықтың қалдықтары әлі де бар және халық көбейіп ке-

* — солай!? *Ред.*

леді» деген сөзіне қарап, бұл көзқарасқа, там-тұмдап болса да, оның өзінің де қосылып отырғанына тек таңданудан басқа еш нәрсе қалмайды.

Іс жүзінде бұл — капитализм дамуының «оп-оңай» тәсілі емес, бұл бар болғаны — процесті «түсінудің оп-оңай тәсілі», «оп-оңайлығы» соншалық, оны мүлдем түсінбеушілік деп атаған дұрысырақ болар еді. Россияның неше алуан сарынды халықшылдары осы күнге дейін әлгі «оп-оңай» тәсілдермен күн өткізіп жүр: олар біздегі капитализмнің қалай пайда болғанын және оның қалай қызмет етіп отырғанын *түсіндіруді* еш уақытта естеріне де алмайды, олар біздегі тәртіптердің, капитализмнің, «дімкес жерін» «сау жерімен» — тікелей өндірушілермен, «халықпен» салыстырумен ғана шектеледі; біріншісі — сол жаққа, екіншісі — оң жаққа қойылады да, барлық терең деген пікірлері «адамның қоғамдық тұрмысына» не нәрсе «зиянды», не нәрсе «пайдалы» деген көлгірсіген сөздермен аяқталады.

V

Жоғарыда келтірілген схеманы түзету үшін істі сөз болып отырған ұғымдардың мазмұнын анықтаудан бастау қажет. Товар өндірісі деп өнімді оқшауланған, жеке өндірушілер өндіретін, оның үстіне бұлардың әрқайсысы қайсыбір өнімді өндіруге маманданатын, сөйтіп қоғамдық мұқтаждарды қанағаттандыру үшін өнімді рынокта сатып алу және сату (сол себептен де ол товарға айналады) қажет болатын қоғамдық шаруашылықтың ұйымдасуын айтады. Капитализм деп товар өндірісінің дамуындағы адам еңбегінің өнімдері ғана емес, сонымен қатар адамның жұмыс күші де товарға айналатын сатысын айтады. Сонымен, капитализмнің тарихи дамуында екі жағдайдың маңызы бар: 1) тікелей өндірушілердің натуралды шаруашылығының товар шаруашылығына айналуы және 2) товар шаруашылығының капиталистік шаруашылыққа айналуы. Бірінші жағдай қоғамдық еңбек бөлінісінің пайда болуынан — оқшауланған [NB: бұл товар шаруашылығының бұлжымас шарты], жеке өндірушілердің өнер-

кәсіптің тек бір ғана саласында істейтін болып мамандануынан келіп қалыптасады. Екінші жағдайдың қалыптасу жолдары мынадай: жеке өндірушілер рынокқа шығаратын товарларды әрқайсысы өз алдына, жеке өндіріп, бір-бірімен бәсекелік қатынасқа түседі: олардың әрқайсысы қымбатқа сатып, арзан алуға ұмтылады; мұнан туатын нәтиже — әлді күшейеді, әлсіз құлдырайды, азшылық байиды, бұқара күйзеледі, сөйтіп дербес өндірушілер жалдама жұмысшыларға айналады, толып жатқан ұсақ өндіріс орындары аздаған ірі өндіріс орындарына айналады. Сонымен, схема капитализмнің дамуындағы осы екі кезеңнің екеуін де және бұл дамудың рынок көлеміне, яғни товарға айналатын өнімдердің санына енгізетін өзгерістерді де көрсетерлік етіп жасалуы тиіс.

Төменде келтірілетін схема [92—93-беттерді қараңыз. *Ред.*], міне, осы жоспар бойынша жасалды: капитализмнің дамуындағы көрсетілген жағдайлардың *бір өзінің* ғана рынокқа жасайтын ықпалын талдап тексеру үшін басқа жағдайлардың бәрі (мәселен, халықтың саны, еңбек өнімділігі және басқа көптеген жағдайлар) абстрактылы түрде, яғни өзгермейтін қалпында алынды.

Енді 6 өндірушіден құралған қауым шаруашылығы жүйесінде дәйекті түрде болатын өзгерістерді көрсететін осы схеманы талдап көрейік. Схемада натуралды шаруашылықтың капиталистік шаруашылыққа айналу сатыларын көрсететін 6 кезең келтірілген.

1-кезең. 6 өндіруші бар, олардың әрқайсысы өзінің еңбегін өнеркәсіптің барлық 3 саласында да (*a*-да, *b*-де және *c*-де) жұмсайды. Алынған өнім (әрбір өндірушіде — 9: $a+b+c=9$) өз шаруашылығында өз қажетіне жұмсалады. Сондықтан біздің мұнымыз натуралды шаруашылықтың таза түрі; өнімдер рынокқа мүлдем түспейді.

2-кезең. I өндіруші өзінің еңбек өнімділігін өзгертеді: ол *b* өнеркәсібін тастайды, сөйтін бұрын өнеркәсіптің осы саласына пайдаланған уақытын енді *c* өнеркәсібіне жұмсайды. Бір өндірушінің осылай мамандануына байланысты басқалары *c* өндірісін қысқартады да, I өндірушіге арнап өнім өндіру үшін *b* өндірісін күшей-

	Өндірушілер	Өндіріс: өнеркәсіп салалары a	b	c	барлығы	Заттай тұтыну
1.	I	a	b	c	9	9
	II	a	b	c	9	9
	III	a	b	c	9	9
	IV	a	b	c	9	9
	V	a	b	c	9	9
	VI	a	b	c	9	9
	Барлығы	6a	6b	6c	54	54
3.	I	a	—	2c	9	6
	II	a	2b	—	9	6
	III	a	—	2c	9	6
	IV	a	2b	—	9	6
	V	a	—	2c	9	6
	VI	a	2b	—	9	6
	Барлығы	6a	6b	6c	54	36
5.	I	2a	—	6c	24	11
	II	$^{1}/_{2}$a	—	—	$1^{1}/_{2}$	$1^{1}/_{2}$
	III	$^{1}/_{2}$a	—	—	$1^{1}/_{2}$	$1^{1}/_{2}$
	IV	2a	6b	—	24	11
	V	$^{1}/_{2}$a		—	$1^{1}/_{2}$	$1^{1}/_{2}$
	VI	$^{1}/_{2}$a	—	—	$1^{1}/_{2}$	$1^{1}/_{2}$
	Барлығы	6a	6b	6c	54	28

Схемаға түсінік:

I — II...— VI — өндірушілер.

a, b, c — өнеркәсіп салалары (мысалы, егіншілік, өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп).

a=b=c=3. Өнімдер құнының мөлшері *a=b=c* 3-ке (құнның үш өлшеміне) тең, мұның ішінен *1* үстеме құнға жатады*.

«Рынок» графасында сатылатын (және сатып алынатын) *өнімдер* құнының мөлшері, жақшалардың ішінде сатылатын (және сатып алынатын) жұмыс күшінің (=ж. к.) мөлшері көрсетілген.

Бір өндірушіден екінші өндірушіге қарай тартылған стрелкалар 1-нің екіншіде жалдама жұмысшы екенін көрсетеді.

Жай ұдайы өндіріс деп жорамалданды: капиталистер бүкіл үстеме құнды өнімсіз тұтынады.

* Құнның тұрақты капиталдың есесін өтейтін бөлігі өзгермейді деп ұйғарылды, сондықтан ол есепке алынбады.

Рынок		Өндірушілер	Өндіріс				Заттай тұтыну	Рынок		
			өнеркәсіп салалары			барлығы				
Сатады	Сатып алады		*a*	*b*	*c*			Сатады	Сатып алады	
—	—	I	a	—	2c	9	6	3	3	2.
—	—	II	a	$^6/_5$b	$^4/_5$c	9	$8^2/_5$	$^3/_5$	$^3/_5$	
—	—	III	a	$^6/_5$b	$^4/_5$c	9	$8^2/_5$	$^3/_5$	$^3/_5$	
—	—	IV	a	$^6/_5$b	$^4/_5$c	9	$8^2/_5$	$^3/_5$	$^3/_5$	
—	—	V	a	$^6/_5$b	$^4/_5$c	9	$8^2/_5$	$^3/_5$	$^3/_5$	
—	—	VI	a	$^6/_5$b	$^4/_5$c	9	$8^2/_5$	$^3/_5$	$^3/_5$	
—	—	*Барлығы*	6a	6b	6c	54	48	6	6	
3	3	I	a		6c	21	10	11	3 (+8 ж. к.)	4.
3	3	II	a	—	—	3	3	(4 ж. к.)	4	
3	3	III	a	—	—	3	3	(4 ж. к.)	4	
3	3	IV	a	6b	—	21	10	11	3 (+8 ж. к.)	
3	3	V	a	—	—	3	3	(4 ж. к.)	4	
3	3	VI	a	—	—	3	3	(4 ж. к.)	4	
18	18	*Барлығы*	6a	6b	6c	54	32	22 (+16 ж. к.)	22 (+16 ж. к.)	
13	3 (+10 ж. к.)	I	6a	—	—	18	6	12	6 (+ 6 ж. к.)	6.
(5 ж. к.)	5	II	—	—	—	—	—	(6 ж. к.)	6	
(5 ж. к.)	5	III	—	6b	—	18	6	12	6 (+ 6 ж. к.)	
13	3 (+10 ж. к.)	IV	—	—	—	—	—	(6 ж. к.)	6	
(5 ж. к.)	5	V	—	—	6c	18	6	12	6 (+ 6 ж. к.)	
(5 ж. к.)	5	VI	—	—	—	—	—	(6 ж. к.)	6	
26 (+20 ж. к.)	26 (+20 ж. к.)	*Барлығы*	6a	6b	6c	54	18	36 (+ 18 ж. к.)	36 (+ 18 ж. к.)	

те түседі, өйткені I қожайын өнімді өзінің тұтынуынан артық өндірген. Еңбектің осылайша бөлінісі товар өндірісін туғызбай қоймайды: I өндіруші 1 *c*-ті сатады да, 1 *b*-ні сатып алады, басқа өндірушілер 1 *b*-ні (5-тің әрқайсысы 1/5 b-ден) сатады да, 1 *c*-ні (әрқайсысы 1/5 c-ден) сатып алады; рынокқа құны *6*-ға тең өнім түседі. Рыноктың көлемі қоғамдық еңбектің мамандандырылу дәрежесіне дәлме-дәл сәйкес келеді: бір *c*-нің (1 c=3) және бір *b*-нің (1 b=3) өндірілуі, яғни бүкіл қоғамдық өндірістің тоғыздан бір бөлігі [18 c(=a=b)] мамандандырылды және бүкіл қоғамдық өнімнің 1/9-і рынокқа түсті.

3-кезең. Еңбек бөлінісі *b* және *c* өнеркәсіп салаларын толығынан қамти отырып, ілгерілей береді: үш өндіруші тек *b* өнеркәсібімен ғана, үшеуі тек *c* өнеркәсібімен ғана шұғылданады. Әрқайсысы 1 c-ні (немесе 1 b-ні), яғни құнның 3 өлшемін сатады және нақ сондай 3 өлшемді — 1 *b*-ні (немесе 1 c-ні) сатып алады. Еңбек бөлінісінің осындай күшейе түсуі рыноктың ұлғаюына бастайды, енді оған құнның 18 өлшемі келіп түседі. Рыноктың көлемі қоғамдық еңбектің мамандандырылу (= бөліну) дәрежесіне тағы да дәлме-дәл сәйкес келеді: 3 *b* мен 3 *c* өндірісі, яғни қоғамдық өндірістің 1/3 бөлігі мамандандырылып, рынокқа қоғамдық өнімнің 1/3 бөлігі түседі.

4-кезең енді капиталистік өндірісті бейнелейді: товар өндірісінің капиталистік өндіріске айналуы схемаға енген жоқ, сондықтан ол жеке баяндалуға тиіс.

Жоғарыда айтылған кезеңде әрбір өндіруші сол кездің өзінде-ақ товар өндіруші (әңгіме болып отырған *b* және *c* өнеркәсібі салаларында) болды: әрқайсысы басқа өндірушілерге тәуелді болмай, өз алдына жеке-жеке оқшау отырып рынокқа шығару үшін өндірді және өнім көлемі, әрине, олардың бірде біріне мәлім емес еді. Ортақ рынокқа жұмыс істейтін өз алдына оқшауланған өндірушілердің бұл қатынасы бәсеке деп аталады. Бұл жағдайда өндіру мен тұтынудың (ұсыным мен сұранымның) арасындағы тепе-теңдікке бірсыпыра ауытқулар арқылы ғана қол жететіні өзінен-өзі түсінікті. Ептірек, кәсіпқұмар, мықты өндіруші осы ауытқулар-

дың арқасында бұрынғысынан да күшейеді,— әлсіз және икемсіз өндірушілерді олар жаншып тастайды. Аз ғана адамдар байи түседі, бұқара қайыршылыққа ұшырайды — бәсеке заңының сөзсіз салдары, міне, осындай. Істің ақыры мынамен тынады: күйзеліске ұшыраған өндірушілер шаруашылық дербестігінен айрылады, сөйтіп өзінің бақытты бәсекелесінің кеңейтілген кәсіпорнына жалдама жұмысшы болып кіреді. Схемада нақ осы жағдай көрсетілген. Бұрын 6 өндірушінің арасында бөлінген *b* және *c* өнеркәсіп салалары енді 2 өндірушінің (I мен IV нің) қолына шоғырланады. Қалған өндірушілер оларға жалданып жұмыс істейді, енді олар өз еңбегінің өнімін түгел алмайды, үстеме құн бұларға тимейді, оны қожайын иемденеді [үстеме құнның, жорамал бойынша, өнімнің $^1/_3$ бөлігіне тең екенін, сөйтіп 2 *b* (=6) өндіруші қожайыннан $^2/_3$, яғни 4 алатынын еске сала кетейін]. Осының нәтижесінде еңбек бөлінісі күшейгенін және рыноктың да ұлғайғанын көріп отырмыз; рынокқа енді «бұқараның» «кедейленуіне» қарамастан, 22 түседі: жалдама жұмысшы (ішінара) болған өндірушілер енді бүкіл өнімді 9-дан емес, тек 7-ден ғана алады,— 3-ті дербес шаруашылықтан (егіншіліктен — *a* өнеркәсібі) және 4-ті жалдама еңбектен (2 *b* немесе 2 *c* өндірісінен) алады. Дербес қожайыннан гөрі енді жалдама жұмысшылығы басым бұл өндірушілер өз еңбегінің қандай да болса өнімін рынокқа шығару мүмкіндігінен айрылған, өйткені күйзелістің салдарынан олар өнім өндіруге қажетті өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылған. Оларға «табыс табуға», яғни өзінің жұмыс күшін рынокқа апаруға және осы жаңа товарды сатудан алған ақшаға өзіне керекті өнім сатып алуға тура келді.

II және III, V және VI өндірушілердің әрқайсысы құнның 4 өлшеміне жұмыс күшін сатып, сол сомаға тұтыну заттарын сатып алатыны схемадан көрініп тұр. Ал I және IV өндірушілерді — капиталистерді алатын болсақ, олардың әрқайсысының өндіретін өнімі 21; ол мұның 10-ын [3(=a)+3 (=c немесе b) +4 (2 *c* немесе 2 *b*-ден түсетін үстеме құн)] өзі тұтынады да,

11-ін сатады; ал товарды ол 3-ке (*c* немесе *b*)+8 (жұмыс күші) сатып алады.

Мынаны ескертіп өту қажет: бұл ретте біз қоғамдық еңбектің мамандандырылу дәрежесі (5 *b* және 5 *c* өндірісі, яғни 30 сомаға мамандандырылды) мен рыноктың көлемі (22) арасында дәлме-дәл сәйкестік ала алмаймыз,— бірақ схеманың бұл дәлсіздігі жай ұдайы өндірісті * қабылдауға, яғни қорланудың болмауына байланысты болып отыр, сондықтан да жұмысшылардан тартып алынатын (капиталистердің әрқайсысы 4-тен) үстеме құнның бәрі *заттай* тұтынылатын болып отыр. Бірақ капиталистік қоғамда қорланудың болмауы мүмкін емес, сондықтан төменде тиісті түзету енгізіледі.

5-кезең. Товар өндірушілердің жіктелуі егіншілік өнеркәсібіне де (*a*) тарады: жалдама жұмысшылар көбінесе бөтеннің өнеркәсіп орындарында жұмыс істеп, өз шаруашылықтарын қатар жүргізе алмады да, күйзеліске ұшырады: оларда егіншілік шаруашылықтың бұрынғы мөлшерінің $^1/_2$ көлеміндей (бұл, біздің шамалауымызша, семьяның мұқтажын өтеуге ғана жетерліктей еді) болмашы сарқыншағы ғана қалды, дәл сол сияқты біздің шаруаларымыздың — «егіншілеріміздің» орасан көп бұқарасының қазіргі егісі дербес егін шаруашылығының болмашы жұрнағы ғана болып отыр. Нақ осы сияқты *a* өнеркәсібі де аз ғана ірі өнеркәсіп орындарына шоғырлана бастады. Жалдама жұмысшылардың енді өз астығымен күн көруіне шамасы келмейтін болғандықтан, жұмысшылардың дербес егін шаруашылығын жүргізуіне байланысты төмендеген жалақысы енді жоғарылайды, жұмысшыға астық сатып алуға (бұрын өзі қожайын болып тұрған кезінде тұтынғанынан кем мөлшерде болса да) ақша қаражатын береді: жұмысшының өзі енді $1^1/_2$-ін ($=^1/_2$ a) өндіреді және 1-ді сатып алады, бұрынғы 3 (=a) орнына не бары $2^1/_2$ алады. Өздерінің өнеркәсіп орындарына кеңейтілген егіншілік шаруашылығын қосып алған қожайын — капиталистер енді 2 *a*-дан (=6) өндіреді, оның ішінен 2-і жалақы түрінде жұмысшыларға ауысады, ал

* Мұның 5- және 6-кезеңдерге де бірдей қатысы бар.

1 ($^1/_3$ a) — үстеме құн — оларға қалады. Осы схемада бейнеленгеніндей, капитализмнің дамуымен бірге «халық» «кедейленеді» (жұмысшылар 4-кезеңдегідей 7-ден емес, енді не бары $6^1/_2$-нен ғана тұтынатын болды) және рынок ұлғая береді, енді оған 26 келіп түседі. Өндірушілердің көпшілігінде «егіншілік шаруашылығының құлдырауы» егіншілік өнімдерінің рыногын қысқартпағаны былай тұрсын, қайта ұлғайта түсті.

6-кезең. Кәсіпті мамандандырудың, яғни қоғамдық еңбек бөлінісінің аяқталуы. Өнеркәсіптің барлық салалары бөлініп шығып, жекелеген өндірушілердің мамандығына айналады. Жалдама жұмысшылар дербес шаруашылығынан мүлдем айрылып, енді тек қана жалдама еңбекпен ғана күнелтетін болады. Тағы да сол нәтиже: капитализм дамыды [өзінің дербес шаруашылығы біржола ығыстырылып шығарылды], «бұқара кедейленді» [жалақы өсе тұрса да, жұмысшылардың тұтынуы $6^1/_2$-нен 6-ға дейін төмендеді: олар **9**-дан (3a, 3b, 3c) өндіріп, $^1/_3$ бөлігін үстеме құн ретінде қожайынына береді] және рынок онан әрі өсті, енді оған қоғамдық өнімнің (36) $^2/_3$ бөлігі келіп түседі.

VI

Енді келтірілген схемадан туатын қорытындыларды шығарайық.

Бірінші қорытынды мынадай: «рынок» ұғымын, Маркстің айтқанындай, «товар өндірісі [солай болса,— өзімізден қосып айтайық,— капиталистік өндірістің де] атаулының жалпы негізі» болып табылатын қоғамдық еңбек бөлінісі ұғымынан ешбір айырып алуға болмайды. Қоғамдық еңбек бөлінісі мен товар өндірісі қай жерде, қалай пайда болса, «рынок» та сол жерде, соған қарай пайда болады. Рыноктың көлемі қоғамдық еңбектің мамандану дәрежесімен мейлінше тығыз байланысты.

«Товар тек ақша ретінде ғана жалпыға бірдей, қоғамдық жұртшылық таныған эквиваленттік форма болады, ал ақша басқа кісінің қалтасында. Ақшаны одан шығарып алу үшін товар ең алдымен ақша иесі үшін

тұтыну құны болуға тиіс, және, демек, осы товарды өндіру үшін шығын болған еңбек қоғамдық-пайдалы формада жұмсалуға тиіс, басқа сөзбен айтқанда, *қоғамдық еңбек бөлінісінің мүшесі болуға тиіс*. Бірақ еңбек бөлінісінің өзі табиғи өсіп жетілген өндірістік организм болып табылады, бұл организмнің арқауы товар өндірушілердің көзінен таса жерде жасалды және қазір де жасалып жатыр. Товар жаңадан туған қажетті қанағаттандыруға немесе өзінің келіп шығуымен бірінші рет жаңа қажет туғызуға арналған еңбектің жаңа түрінің өнімі болуы да мүмкін. *Еңбек процесіндегі қандай да болса бір ерекше әрекет,— кеше ғана баяғы сол белгілі бір товар өндірушінің көп қызметтерінің бірі болып келген әрекет,— бүгін, мүмкін, осы процестен бөлініп кетіп, өз алдына дербес әрекет болуы мүмкін және, дәл солай болғандықтан, өз өнімінің бір бөлігін дербес товар есебінде рынокқа жібереді»* («Das Kapital» I Bd., S. 85 *. Курсив менікі).

Сонымен, капиталистік қоғам өмір сүріп тұрған кезде рыноктың даму шегін қоғамдық еңбектің мамандану шегі белгілейді. Ал өзінің мәні жөнінен бұл мамандану, нақ техниканың дамуы сияқты, ұшы-қиыры жоқ шексіз. Мысалы, бүкіл өнімнің қандай болса да бір бөлшегін жасап шығаруға бағытталған адам еңбегі өнімділігінің артуы үшін осы бөлшекті өндіру ісі мамандандырылуы қажет, жаппай өніммен істес болатын, сондықтан машиналардың және т. с. қолданылуын керек ететін (және туғызатын) ерекше өндіріс болуы қажет. Бұл бір жағынан. Ал екінші жағынан, капиталистік қоғамдағы техника прогресі еңбекті қоғамдастырудан көрінеді, ал бұл қоғамдастыру өндіріс процесінің әр түрлі функцияларын мамандандыруды, оларды осыны өндірумен шұғылданған әрбір кәсіпорнында дербес қайталап отыратын, жалғыз-жарым, бытыраңқы жағдайдан қоғамдастырылған, бір, жаңа кәсіпорнында, жинақталған және бүкіл қоғамның қажетін өтеуге арналған функцияларға айналдыруды қажетті түрде талап етеді. Мысал келтірейін.

* — «Капитал», I том, 85-бет [22]. *Ред.*

«Соңғы кезде Солтүстік-Америка Штаттарындағы ағаш өңдейтін заводтар барған сайын маманданып келеді, «мысалы, тек қана балтаның сабын немесе сыпырғыштың сабын, немесе ысырмалы столдар жасап шығаратын заводтар пайда болуда... Машина қолдану ісі тоқтаусыз ілгерілей түсуде, өндірістің белгілі бір жағын жеңілдететін және арзандататын жаңа машиналар үнемі ойлап шығарылуда... Мысалы, мебель өндірісінің әрбір саласы бөлек мамандыққа айналды, өзгеше машиналар мен ерекше жұмысшыларды керек етіп отыр... Экипаж жасап шығару ісінде доңғалақтың шеңбері бөлек заводтарда (Миссури, Арканзас, Тенесси) жасалады, доңғалақтың шабақтары Индиана мен Огайода жасалады, күпшектері де Кентукки мен Иллинойстың арнаулы заводтарында жасалады. Осы жеке бөлшектердің бәрін тұтас доңғалақ жасап шығаруға маманданған айрықша заводтар сатып алады. Сонымен, бақандай он завод қайсыбір арзан экипаж жасап шығару ісіне қатысады». (Тверской мырза: «Америкада өткізген он жыл». «Вестник Европы», 1893, 1,— Цитатты Ник.— оннан алып отырмын, 91-бет, 1-ескерту).

Капиталистік дүниеде қоғамдық еңбектің мамандануынан туатын рыноктың дамуы натуралды өндірушілердің бәрі товар өндірушіге айналысымен-ақ бітуге тиісті-міс дейтін тұжырымның қаншалықты дәрежеде теріс екені осыдан көрінеді. Орыстың экипаж өндірісі әлдеқашан-ақ товар өндірісіне айналған, бірақ доңғалақтың шеңбері сияқты болмашы бөлшектер экипаж (немесе доңғалақ) жасайтын әрбір кәсіпорында әлі де болса бөлек жасалып келеді; техника нашар, өндіріс толып жатқан өндірушілер арасына бөлшектеніп, бытырап жүр. Техника прогресі өндірістің түрлі бөлімдерін мамандандыруға, оларды қоғамдастыруға және, демек, рынокты ұлғайтуға тиіс.

Бұл жерде мынаны ескертіп өту керек. Жоғарыда баяндалғандардың бәрі капиталистік ұлт сыртқы рыноктарсыз өмір сүре алмайды деген қағиданы титтей де теріске шығармайды. Капиталистік өндіріс жағдайында өндіру мен тұтынудың теңелуі бірсыпыра ауытқулардан кейін ғана мүмкін болады; өндіріс неғұрлым ірі

болса, осы өндірісті қажет ететін тұтынушылар неғұрлым көп болса, бұл ауытқулар соғұрлым күштірек болады. Сондықтан буржуазиялық өндіріс өзінің даму дәрежесінің жоғары сатысына жеткен кезде оның ұлттық мемлекет шеңберінде тоқтап қалуы енді мүмкін болмайтыны түсінікті: бәсеке капиталистерді барған сайын өндірісті ұлғайта беруге және өнімдерді жаппай өткізу үшін өзіне сыртқы рыноктар іздестіруге мәжбүр етеді. Дағдарыстардың құн заңын онша бұзбайтыны сияқты, капиталистік ұлт үшін сыртқы рыноктардың қажеттігі де рынок дегеніміз товар шаруашылығы тұсындағы қоғамдық еңбек бөлінісінің жай көрінісі деген заңды да онша бұза қоймайтыны анық, демек, ол да еңбек бөлінісі сияқты шексіз дами алады. Рынок туралы қапалану орыс әдебиетінде біздің капиталистік өндіріс өзінің белгілі салаларында (мысалы, мақта-мата өнеркәсібі) толық дамуыпа жетіп, ішкі рыноктың бәрін дерлік қамтығанда, аздаған орасан зор кәсіпорындары болып қалыптасқан кезде ғана пайда болды. Рынок туралы пікірлер мен «мәселелердің» материалдық негізі нақ біздің капиталистік ірі өнеркәсібіміздің мүддесі болып табылады, бұған мына факт айқын дәлел: біздің майдагерлік өнеркәсібіміз бір миллиард сомнан астамға бағалы бұйымдар өндіріп, сол ең кедейленген «халық» үшін қызмет етіп отырса да, «рыноктардың» жойылуы салдарынан біздің майдагерлік өнеркәсібіміздің құритыны жөнінде әдебиетімізде әлі күнге дейін ешкім сәуегейлік еткен жоқ. Рыноктың жеткіліксіздігінен өнеркәсібіміздің апатқа ұшырауы жайындағы байбалам біздің капиталистердің сыры белгілі айла-шарғысынан басқа еш нәрсе емес; олар осындай әдіспен саясатқа қысым жасайды, өз қалтасының мүдделерін «елдің» мүдделерімен (өзінің «әлсіздігін» момақансып мойындап) бірдей санайды және әлгі «мемлекеттік» мүдделерді қорғап қалу үшін үкіметті отаршылдық басқыншылық саясат жолына айдап салуға, тіпті соғысқа киліктіруге де қабілетті болып шығады. Рынок туралы байбаламды — әбден нығайған және тіпті дандайсып та үлгерген буржуазияның бұл өтірік көз жасын төгуін біздің капитализмнің «әлсіздігінің» дәлелі деп тану үшін нағыз халықшылдық

утопизм мен халықшылдық аңқаулықтың түпсіз терең тұңғиығына бату керек қой!

Екінші қорытынды мынадай: «халық бұқарасының кедейленуі» (халықшылдардың рынок жөнінде айтып жүрген пікірлерінен жармасып қалмайтын сөздер) капитализмнің дамуына кедергі жасамайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, ол соның дамығанын көрсетеді, капитализмнің шарты болып табылады және оны күшейте түседі. Капитализмге «басы бос жұмысшы» керек, ал кедейлене берудің мәнісі — ұсақ өндірушілердің жалдама жұмысшыға айнала беруі деген сөз. Бұқараның осы кедейленуі ат төбеліндей қанаушылардың байи түсуімен ұласады, ұсақ өндіріс орындарының күйзелуі мен құлдырауы неғұрлым ірі өндіріс орындарының күшейіп, дами түсуімен ұласады; бұл процестің екеуі де рыноктың ұлғаюына жәрдемдеседі: бұрын өз шаруашылығымен күн көріп келген, қазір «кедейленген» шаруа енді «табыспен», яғни өзінің жұмыс күшін сатумен күн көреді; оған енді өзіне тұтынуға қажетті заттарды (аз мөлшерде және сапасы нашар болса да) сатып алуға тура келеді; екінші жағынан, осы шаруаның қолынан шығып кеткен өндіріс құрал-жабдықтары азшылықтың қолына шоғырланады, *капиталға* айналады, ал өндірілген өнімдер енді рынокқа түседі. Реформадан кейінгі дәуірде біздің шаруалардың жаппай экспроприациялануы ел бойынша жалпы өнімділікті азайтпағаны былай тұрсын, қайта көбейте түскенін * және ішкі рыноктың ұлғаюын тек осымен ғана түсіндіруге болады: ірі фабрикалар мен заводтар өндірісінің орасан зор артқандығы, майдагерлік кәсіпшіліктердің едәуір кең тарағандығы — мұның екеуі де негізінен ішкі рынокқа жұмыс істейді,— сонымен бірге ішкі рыноктарда сатылатын астықтың көбейгені де (ел ішіндегі астық саудасының дамуы) жұрттың бәріне белгілі жағдай.

* Бұл тек егіншілік өнеркәсібі жөнінде ғана талас туғызатын болып көрінуі мүмкін. Мысалы. Н.— он мырза: «астық өндірісі мүлдем тоқырап қалып отыр»,— дейді. Ол бұл қорытындыны тек 8 жылдың ішіндегі (1871—1878 жылдар) мәліметтерге ғана сүйеніп жасайды. Анағұрлым ұзағырақ дәуірдегі мәліметтерді қарап өтейік: 8 жылдық мерзім, әрине, тым аздық қылады, 60-жылдардағы [«Әскери-статистикалық жинақ». 1871], 70-жылдардағы [Н.— онның мәліметтері]), 80-жылдардағы [«Россия туралы мәліметтер жинағы», 1890] мәлімет-

Үшінші қорытынды — өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің маңызы туралы — схемаға түзетулер енгізуді керек етеді. Жоғарыда ескертіп өткеніміздей, бұл схема капитализм дамуының бүкіл процесін әсте бейнелемейді, тек натуралды шаруашылықтың орнын товар шаруашылығы және оның орнын капиталистік шаруашылық басуының рынокқа қандай әсер ететінін ғана көрсетуді көздейді. Сондықтан да схемада қорлану абстрактылапған болатын. Ал шындығында капиталистік қоғам қор жинамайынша өмір сүре алмайды, өйткені бәсеке әрбір капиталисті, құрып кетпейін демесе, өндірісті ұлғайтуға мәжбүр етеді. Өндірістің ондай ұлғайтылуы схемада да көрсетілді: мысалы, I өндіруші 3- және 4-кезеңдердің аралығындағы уақыттың ішінде өзінің *c* өндірісін үш есе: 2 *c*-дан 6 *c*-ға дейін ұлғайтқан; ол бұрын өндіріс орнында жұмысты жалғыз істеуші еді, енді жалдама екі жұмысшымен істейді. Өндірістің бұлай ұлғаюының қорланусыз жүзеге асуы мүмкін емес екені айқын: бірнеше адамға шақтап өз алдына бөлек шеберхана салу, көп мөлшерде өндіріс құралдарын сатып алу, көп шикізат және басқа қыруар нәрселер сатып алу керек болды. Өзінің *b* өндірісін ұлғайтқан IV өндірушіге де осыны қолдануға болады. Жеке өндіріс орындарының мұндай ұлғаюы, өндірістің шоғырлануы капиталистер үшін өндіріс құрал-жабдықтарын: машина, темір, көмір және т. с. өндіруді туғызуға (немесе кү-

---

терді салыстырып көрейік. Бұл Европалық Россияның 50 губерниясы бойынша мәліметтер, ол картопты қоса астықтың бәрін қамтиды.

Жылдық орта есеп. / жылдар	Егілгені	Жиналғаны	Өнімнің өзі	Халық (мың есебімен)
	мың ширек	(тұқымды шығарып тастағанда)		
1864—1866 жылдар (3)	71 696 100	151 840 100	3,12	61 421 100 (1867 ж.)
1871—1878 жылдар (8)	71 378 99,5	195 024 128,4	3,73	76 594 124,7 (1876 ж.)
1883—1887 жылдар (5)	80 293 111,9	254 914 167,8	4,17	85 395 139,0 (1886 ж.)

шейтуге — мұның бәрібір) тиіс еді. Өндірістің шоғырлануы еңбек өнімділігін арттырды, қол еңбегі орнына машиналы еңбекті орнатты және жұмысшылардың бірсыпырасын жұмыстан босатып тастады. Екінші жағынан, капиталистер тұрақты капиталға айналдыратын осы машиналарды және басқа да өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығару да дамыды; бұл капитал енді өзгермелі капиталға қарағанда тезірек өсе бастады. Мысалы, 4- кезең мен 6- кезеңді салыстырып қарасақ, онда өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру $1^1/_2$ есе ұлғаяр еді (өйткені, 1- жағдайда — тұрақты капиталды көбейтуді керек қылатын капиталистік кәсіпорны 2, ал соңғысында — 3): бұл ұлғаюды тұтыну заттарын өндірудің өсуімен салыстыра келіп, біз өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің, жоғарыда айтылғандай, тезірек өскендігін көрер едік.

Өндіріс құрал-жабдықтарының тезірек өсуі туралы осы заңның бүкіл мәні мен маңызы мынада ғана: қол еңбегін машиналы еңбекпен ауыстыру,— машиналы индустрия жағдайында техниканың жалпы прогресі,— «өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтарының» нағыз өзін, көмір мен темір шығару өндірісінің күшті қарқынмен дамуын керек етеді. Референт бұл заңның мәнін түсінбегені және процесті бейнелейтін схеманың тасасынан процестің шын мазмұнын көрмегені оның мына сөзінен айқын көрініп тұр: «Сырт қарағанда өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтарын бұлай өндіру мүлдем қисынсыз сияқты болып көрінеді, бірақ Плюшкиннің ақша үшін ақша жинауы да [sic!] дәл сондай (?!!) мүлдем қисынсыз процесс еді ғой. Аналар да, бұл да не істеп, не қойғанын білмейді». Халықшылдар нақ осыны — халықты, тегі, күйзеліске ұшырататын, бірақ өндірісті жоғары сатыға жеткізе ұйымдастыра алмайтын орыс капитализмінің дәл осы қисынсыздығын дәлелдемек болып зорланады. Бұл, әрине, босқа көкушілік. Қол еңбегін машиналы еңбекпен алмастырудың ешқандай «қисынсыздығы» жоқ: қайта, керісінше, адам баласы жасап шығарған техниканың бүкіл прогрестік жұмысы нақ осында. Техника неғұрлым өрлей дамыған

сайын адамның қол еңбегі соғұрлым ығыстырыла береді, ол барған сайын күрделі машиналармен алмастырылады: елдің жалпы өндірісінде машиналар мен оларды жасап шығаруға қажетті заттар барған сайын көп орын ала береді *.

Бұл үш қорытындыны енді екі ескертпемен толықтыру қажет.

Біріншіден, бұл айтылғандар Маркстің мына сөздерінде келтірілген «капиталистік өндіріс әдісіндегі қайшылықтарды» әсте теріске шығармайды: «Товар сатып алушы ретінде жұмысшылар рынок үшін маңызды-ақ. Бірақ капиталистік қоғамда өз товары — жұмыс күшін сатушы ретінде жұмысшыларды бағаның минимумымен шектеу тенденциясы бар» («Kapital», Bd. II, S. 303, № 32 **). Капиталистік қоғамда қоғамдық өндірістің тұтыну заттарын өндіретін бөлімінің де ұлғаймай тұра алмайтыны жоғарыда айтылып өтті. Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді дамыту көрсетілген қайшылықты жоймайды, тек кейін шегіндіре түседі. Бұл қайшылық капиталистік өндіріс әдісінің өзін құртқанда ғана жойылуы мүмкін. Алайда бұл қайшылық Россияда капитализмнің толық дамуына кедергі жасайды деп білу (халықшылдар осылай деп көрсетуді тәуір көреді) — мүлдем қисынсыз екендігі өзінен-өзі түсінікті; айтпақшы, схемада бұл жеткілікті түсіндірілді.

Екіншіден, капитализмнің дамуы мен «рыноктың» арасындағы арақатынасты талдаған кезде капитализмнің дамуы өзімен бірге бүкіл халық пен жұмысшы пролетариаттың тұтыну дәрежесін арттырмай қоймайды дейтін даусыз ақиқатты естен шығаруға болмайды. Тұтыну дәрежесінің артуы өнімдерді айырбастаудың жалпы жиіленуі арқылы болады, ал мұның өзі қала мен деревняның, түрлі географиялық аймақтардың, т. с. тұр-

---

* Сондықтан капитализмнің дамуын кеңейе және кеулей даму деп бөлудің дұрыс емес екені түсінікті: бәрі бірдей еңбек бөлінісі есебінен дамиды; бұл жағдайлардың арасында «елеулі» айырмашылық жоқ. Олардың арасындағы шын мәнісіндегі айырмашылық техника прогресінің түрлі сатыларына байланысты. Капиталистік техника дамуының төменгі сатылары — жай кооперация мен мануфактура — өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді әлі білмейді: ол тек жоғары сатыда — машиналы ірі индустрия тұсында ғана туып, өте күшті дамиды.

** — «Капитал», II том, 303-бет. 32-ескерту [23]. *Ред.*

ғындарын бір-бірімен неғұрлым жиі аралас-құралас етеді. Жұмысшы пролетариаттың топтасқандығы, шоғырлануы да осыған бастайды, мұның өзі оның саналылығын арттырып, адамдық қасиетін сезінуін күшейтеді және оған капиталистік тәртіптердің жыртқыштық тенденцияларына қарсы ойдағыдай күресуге мүмкіндік береді. Тұтыну қажетінің артуы туралы бұл заң Европа тарихында мейлінше толық көрінді — мысалы, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың аяқ шеніндегі француз пролетарийін немесе 1840 жылдардағы * мен қазіргі кездегі ағылшын жұмысшысын салыстырып көріңіз. Бұл заң Россияда да белгі бере бастады: реформадан кейінгі заманда товар шаруашылығы мен капитализмнің тез дамуы «шаруалардың» да тұтыну дәрежесін арттырды: шаруалар «таза» (киім, тұрғын үй және т. с. жөнінде) тұра бастады. Сөзсіз прогрестік осы құбылыстың басқа еш нәрсенің де емес, нақ орыс капитализмінің арқасында болып отырғандығын жұртқа мәлім мынадай фактімен-ақ дәлелдеуге болады: өнеркәсіп дамыған жерлердің шаруалары тек егіншілік кәсібімен ғана айналысатын және капитализмнің шарпуы жөнді тимеген шаруаларға қарағанда әлдеқайда «таза» тұрады (біздің майдагерлік кәсіпшіліктер мен жалпы шаруалар шаруашылығын зерттеушілердің бәрі осы фактіні көрсетеді). Әрине, бұл құбылыс «цивилизацияның» тек сыртқы, көзге түсер жағын алудан әрі тез, әрі оңай сезіледі, бірақ тек В. В. мырза сияқты барып тұрған нағыз реакционерлер ғана бұл құбылыста «құлдыраудан» басқа еш нәрсе жоқ деп сарыуайымға салынады.

VII

«Рынок туралы мәселенің» шын мәнісінде не екенін түсіну үшін *1-ші* схема (*A* орнындағы капиталистер мен *W* орнындағы тікелей өндірушілердің арасындағы айырбас туралы) мен *2-ші* схемада (6 өндірушінің

---

* Салыстырыңыз: *Fr. Engels* (Фр. Энгельс. *Ред.*), «Англиядағы жұмысшы табының 1844 жылғы жағдайы». Бұл — нағыз жан түршігерлік және шегіне жеткен қайыршылық (сөздің тура мағынасында) және адамдық қасиет сезімінің әбден аяққа басылуы.

натуралды шаруашылығының капиталистік шаруашылыққа айналуы туралы) көрсетілген процесс жөніндегі халықшылдық ұғым мен маркстік ұғымды салыстырып өткен жөн.

1-схеманы алсақ, одан біз еш нәрсе түсіне алмаймыз. Капитализм неліктен дамиды, ол қайдан шығады? Капитализмді қайдағы бір «кездейсоқ» нәрсе деп көрсетеді, оның пайда болуын не *«біз* теріс жолмен жүрдік»..., не әкімдер «қолдан орнатты» деп түсіндіреді. «Бұқараның кедейленуі» неліктен? схема бұл сұраққа да жауап бермейді, ал халықшылдар жауап берудің орнына «ғасырлар бойы құрметтеліп келген құрылыс» туралы, дұрыс жолдан тайғандық туралы атышулы «социологиядағы субъективтік әдіс» әбден машығып алған көлгірсіген сөздермен және сол сияқты түкке тұрмайтын бірдемелермен шығарып салады.

Капитализмді түсіндіре білмеу және нақты шындық жағдайды зерттеудің және анықтаудың орнына утопияларға ден қоюшылық капитализмнің күші мен маңызын жоққа шығарушылыққа әкеліп соғады. Бұл — тіршіліктен күдер үзген дәл бір үмітсіз ауру адам сияқты. Егер біз ол «өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтарын» өндірудің есебінен дами алады десек, онда бұл аурудың халін болмашы, сезілер-сезілмес сәл ғана жақсартқанымыз. Ал бұл үшін капитализм техникасының дамуы * керек, бірақ нақ осы дамудың жоқ екенін «біз көріп отырмыз». Бұл үшін капитализм бүкіл елді тұтас қамтуы керек, ал біз «капитализмнің барлық жерде бірдей дамып жетілуі мүмкін емес екенін» көріп отырмыз.

Керісінше, егер 2-схеманы алсақ, онда капитализмнің дамуы да, халықтың кедейленуі де бізге кездейсоқ болып көрінбейді. Бұл — қоғамдық еңбек бөлінісіне негізделген товар шаруашылығы өсуінің қажетті серіктері. Рынок туралы мәселе мүлдем шығарылып тасталады, өйткені рыноктың өзі осы еңбек бөлінісі мен товар өндірісінің көрінісінен басқа еш нәрсе емес. Капитализмнің дамуы енді тек мүмкін ғана емес [референт

* Яғни ұсақ өнеркәсіп орындарын ірі өнеркәсіп орындарымен ауыстыру, қол еңбегін машиналы еңбектің ығыстыруы керек.

мықтағанда * осыны дәлелдей алар еді], қажет те болып шығады, өйткені қоғамдық шаруашылық еңбек бөлінісіне және өнімнің товар формасына негізделгендіктен техника прогресі капитализмді күшейтпей және тереңдетпей тұра алмайды.

Енді неліктен нақ екінші көзқарасты қабыл алу керек? оның дұрыстығының өлшемі неде? — деген сұрақ туады.

Оның дұрыстығына осы күнгі орыс экономикасының нақты фактілері дәлел.

2-схеманың ең өзекті жері — товар шаруашылығынан капиталистік шаруашылыққа өту, товар өндірушілердің капиталистер және пролетариат болып жіктелуі. Егер біз Россияның осы күнгі қоғамдық шаруашылығындағы құбылыстарға көз жіберсек, онда нақ осы ұсақ өндірушілеріміздің *жіктелуінің* басты орын алып отырғанын көреміз. Егіншілікпен айналысатын шаруаларды алсақ, онда, бір жағынан, шаруалардың жаппай жерін тастап, шаруашылық дербестігінен айрылып, пролетарийге айналып жатқанын, екінші жағынан, жекелеген шаруалардың егістік жерін үнемі ұлғайтып, жақсартылған дақылдар егуге көшіп жатқанын көреміз. Бір жағынан, шаруалар егіншілік құрал-саймандарынан (жанды және жансыз) айрылып жатыр, екінші жағынан, шаруалар жақсартылған құрал-саймандарды көбейтіп, машиналарды және т. с. сатып ала бастады [Салыстырыңыз: *В. В.* «Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар»]. Бір жағынан, шаруалар жерін тастайды, үлесті жерлерін сатады, арендаға береді, екінші жағынан, шаруалар үлесті жерлерді арендаға алады және жеке адамның иелігіндегі жерлерді қомағайлана сатып алады. Мұның бәрі — жалпыға белгілі, әлдеқашан анықталған фактілер **; бұларды біздің «қауымдық» шаруаларымызды да буржуазия мен пролетариатқа бөліп отырған товар шаруашылығының заңдарымен ғана *түсіндіруге* болады. Майдагерлерді алсақ, онда рефор-

---

* Яғни егер ол өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің маңызын дұрыс бағалап, шын түсінген болса.

** Шаруалардың өзі бұл процесті *«шаруаны жою»* деп өте дәл айтты. [«Нижегород губерниясының 1892 жылғы ауыл шаруашылық шолуын» қараңыз. Н.-Н., 1893. III кітап, 186—187-беттер].

мадан кейінгі заманда жаңа кәсіпшіліктер туып, ескі кәсіпшіліктер тез дамып қана қойған жоқ [бұл құбылыс — жаңа ғана көрсетілген егіншілікпен шұғылданатын шаруалардың жіктелуінің нәтижесі, қоғамдық еңбек бөлінісінің бұрынғыдан да гөрі тереңдей түсуінің нәтижесі *], сонымен бірге майдагерлер бұқарасы барған сайын кедейлене береді, қайыршылыққа ұшырап, шаруашылық дербестігінен айрылады, ал ат төбеліндей болмашы азшылық осы бұқараның есебінен байи түседі, орасан көп капитал жинайды, товарларды өткізу ісін өз қолдарына алған және, ақырында, біздің майдагерлік кәсіпшіліктерімздің орасан басым көпшілігін *ірі өндірістің* нағыз капиталистік *үй системасына* ұйымдастырған алыпсатарларға айналады.

Біздің ұсақ өндірушілер арасында біріне-бірі қарама-қарсы осы екі ағымның барлығы капитализм және бұқараның кедейленуі бірін-бірі жоққа шығармайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, олардың бірімен-бірі байланысты екенін айқын көрсетеді, сөйтіп капитализм қазірдің өзінде Россияның шаруашылық өмірінің негізгі сипаты екенін толық дәлелдейді.

Міне, сондықтан да «рыноктар туралы мәселенің» шешілуі нақ осы шаруалардың жіктелу фактісінде болып отыр десек, мұнымыз оғаш болмайды.

Атышулы «рынок туралы мәселенің» (жұртқа кең тараған) қойылысының өзінде талай қисынсыздықтар бар екенін де айтпай кетуге болмайды. Дағдылы тұжырым (I параграфты қараңыз) қоғамның шаруашылық тәртіптері қайсыбір топ адамның,— «интеллигенцияның» немесе «үкіметтің» еркімен жасалады-мыс немесе құриды-мыс (өйткені олай болмаған күнде: капитализм дами «ала ма»? Россия капитализм арқылы өтуге «тиіс пе»?, қауымды сақтау «қажет пе»? және т. с. деп сұрауға болмас та еді),— капитализм халықтың кедейленуін болдырмайды-мыс,— рынок капитализмнен өз алдына бөлек және онан тәуелсіз бір нәрсе, оның дамуының ерекше бір шарты деген сияқты ешқандай мәні жоқ қисынсыз жорамалдарға құрылған.

---

* Бұл құбылысты жоққа шығару Николай — он мырзаның ең ірі теориялық қателерінің бірі.

Бұл қисынсыз пікірлерді түзетпейінше, мәселені шешу мүмкін емес.

Шынында да, «халық бұқарасы кедей болып және онан сайын кедейленіп отырғанда, Россияда капитализм дами ала ма?» деген сұраққа әлдекім: «Иә, дами алады, өйткені капитализм тұтыну заттарының есебінен емес, өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен дамиды», деп жауап берген екен дейік. Мұндай жауаптың негізінде капиталистік ұлттың жалпы өнімділігі ең алдымен өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен өсіп отыратыны (яғни тұтыну заттарынан гөрі көбінесе өндіріс құрал-жабдықтары есебінен) жөнінде әбден дұрыс пікір жатқаны айқын, бірақ егер кішкене тиянақ дұрыс, ал үлкен тиянақ қисынсыз деген силлогизмнен дұрыс қорытынды шықпайтыны сияқты, мұндай жауаптың мәселені шешуді титтей де ілгері жылжытпайтыны одан да айқынырақ. Мұндай жауаптың өзі (тағы да қайталаймын) капитализмнің дамитынын, бүкіл елді қамтып отырғанын, оның техникалық жоғары сатыға (машиналы ірі индустрияға) көшіп отырғанын көрсетеді, ал сұрақ болса, капитализмнің даму және ұсақ өндіріс формаларын ірі өндіріс формаларымен ауыстыру мүмкіндіктерін нақ жоққа шығаруға негізделген.

«Рыноктар туралы мәселені» «мүмкін» және «тиіс» деген берекесіз талас-тартыс саласынан нақты шындық жағдайға, орыстың шаруашылық тәртіптері қалай құрылып жатыр және олар неліктен нақ осылай құрылып жатыр, неге басқаша емес дегенді зерттеу және *түсіндіру* негізіне салу қажет.

Ілгеріде баяндалғандардың негізінде дәл қандай деректер жатқанын нақты көрсету үшін мен қолымда бар материалдардан кейбір мысалдар келтірумен шектелемін.

Ұсақ өндірушілердің жіктелуін және олардың арасында тек кедейлену процесі ғана емес, сонымен қатар ірі (біршама) буржуазиялық шаруашылықтың қалыптасу процесінің де бар екенін көрсету үшін Европалық Россияның әр түрлі губернияларынан таза егіншілікпен айналысатын үш уезд туралы: Таврия губерниясының Днепр уезі, Самара губерниясының Новоузеп уезі және

Саратов губерниясының Камышин уезі туралы мәліметтер келтірейін. Бұл мәліметтер земство-статистикалық жинақтардан алынды. Таңдап алынған уездердің мысалға аларлық тән сипаты жоқ деушілердің алдын ала (крепостниктік правоны жөнді білмеген және халық едәуір дәрежеде реформадан кейінгі дәуірде, «еркін» тәртіптер жағдайында қоныстанған біздің шет аймақтарда жікке бөлінушілік орталықтағыға қарағанда шынында да тезірек ілгері басты) мынаны айтпақпын:

1) Таврия губерниясының құрылықтағы үш уезінен Днепр уезінің таңдалып алынған себебі, онда тұратындардың бәрі орыстар [колонистер үйлері 0,6 процент], оны қауымдық шаруалар мекендейді.

2) Новоузен уезі бойынша тек орыс (қауымдық) халқы туралы мәліметтер алынды [«Новоузен уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағын» қараңыз, 432—439-беттер. *а* рубрикасы], бұған «хуторлықтар» деп аталатындар, яғни қауымдық шаруалардың қауымнан кетіп, сатып алған немесе арендаға алған жерге бөлек қоныстанғандары енгізілген жоқ. Фермер шаруашылығының * осы тікелей өкілдері қосылса, жіктелуді едәуір күшейткен болар еді.

3) Камышин уезі бойынша тек великорус (қауымдық) халқы туралы ғана мәліметтер алынды. [111-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Жинақтарда шаруалар Днепр уезі бойынша әр түрлі топқа бір үйге неше десятина егіс келетініне қарай, ал басқа уездер бойынша жұмыс көлігінің санына қарай бөлінген.

Кедей топқа — Днепр уезінде — егін екпейтін және үй басына 10 десятинаға дейін егісі бар үйлер; Новоузен және Камышин уездерінде жұмыс көлігі жоқ және 1 жұмыс көлігі бар үйлер жатқызылған. *Орташа* топқа Днепр уезінде үй басына 10—25 десятина егісі бар үйлер; Новоузен уезінде 2—4 жұмыс көлігі бар үйлер; Камышин уезінде 2—3 жұмыс көлігі бар үйлер

* Шынында, 2294 хуторлықтың 123 252 десятина егістік жері бар (яғни орта есеппен 1 қожайынға 53 десятинадан келеді). Олардың 2662 жалдама қызметкері (және 234 жалдама жұмысшы әйелі) бар. Жылқы мен өгіз оларда > 40 000. Жетілдірілген құрал-саймандар өте көп. «Новоузен уезі бойынша статистикалық мәліметтер жинағының» 453-бетін қараңыз.

Дәулеттілігіне қарай шаруалар топтары	Днепр уезі					Новоузен уезі					Камышин уезі				
	Үй саны	% есебімен	Егіс десятинасының саны	% есебімен	1 үйге келетін егіс десятинасы	Үй саны	% есебімен	Егіс десятинасының саны	% есебімен	1 үйге келетін егіс десятинасы	Үй саны	% есебімен	Егіс десятинасының саны	% есебімен	1 үйге келетін егіс десятинасы
Кедей топ	7 880	40	38 439	11	4,8 } 10,9	10 504	37	36 007	8	3,4 } 7,75	9 313	54	29 194	20	3,1 } 5,7
Орташа топ	8 234	42	137 344	43	16,6	10 757	38	128 986	29	12	4 980	29	52 735	35	10,6
Ауқатты топ	3 643	18	150 614	46	41,3	7 015[24]	25	284 069	63	40,5	2 881	17	67 844	45	23,5
Барлығы	19 757	100	326 397	100	17,8	28 276	100	449 062	100	15,9	17 174	100	149 773[25]	100	8,7

жатқызылған. *Ауқатты* топқа 25 десятинадан астам егісі бар (Днепр уезі) немесе үй басына 4-тен артық жұмыс көлігі (Новоузен уезі) және 3-тен артық жұмыс көлігі бар (Камышин уезі) үйлер жатқызылған.

Біздің егінші және қауымдық шаруалардың арасында жалпы кедейлену және күйзелу процесі емес, қайта буржуазияға және пролетариатқа жіктелу процесі жүріп жатқаны осы мәліметтерден айқын көрінеді. Шаруалардың басым көпшілігі (кедей топ) — орта есеппен $^1/_2$ бөлігіне жуығы — шаруашылық дербестігінен айрылуда. Олардың қолында жергілікті шаруалардың егіс көлемінің енді тек болар-болмас бөлігі ғана — тек 13 проценті ғана (орта есеппен) бар; үй басына егістік жер 3—4 десятинадан келеді. Осындай егістік жердің берері қандай екенін білу үшін мынаны айтқым келеді: Таврия губерниясындағы шаруа үйіне «табыс» дейтінге жүгірмей, тек қана дербес егіншілік шаруашылығымен күн көру үшін 17—18 десятина * егіс керек. Төменгі топтың өкілдері көп жағдайда өз шаруашылығымен емес, табыспен күн көретіні, яғни өзінің жұмыс күшін сатып күн көретіні айқын. Осы топтағы шаруалардың жағдайып сипаттайтын неғұрлым толық мәліметтерді алып қарасақ, онда шаруашылығын тастап кеткен, үлесті жерін арендаға берген, жұмыс істейтін құрал-саймандарынан айрылып, табыс іздеп кетіп жатқан шаруалар бәрінен де нақ осы топта көп екенін көреміз. Бұл топтың шаруалары — біздің село пролетариатының өкілдері.

Бірақ, екінші жағынан, сол қауымдық шаруалардың арасынан қарама-қарсы сипатта мүлдем басқа топ бөлініп шығады. Жоғарғы топтағы шаруалардың егіс көлемі төменгі топтағылардың егісінен 7—10 есе артық. Егер осы егістік жерді (үй басына 23—40 десятина) семьяның жоқшылыққа ұшырамай, өзінің бір ғана егін шаруашылығымен күн көруіне жарайтын «қалыпты» егіс мөлшерімен салыстырсақ, оның бұдан 2—3 есе артық екенін көреміз. Демек, бұл шаруалардың егіншілік кә-

* Самара және Саратов губернияларында бұл норма жергілікті халықтың ауқаттылығы төмен болғандықтан бір жарым есе кем болады.

сібімен табыс табу үшін, астықпен сауда жасау үшін шұғылданатыны айқын. Ол едәуір мөлшерде қор жинайды, оны шаруашылығын жақсартуға және мәдениетін көтеруге пайдаланады, мысалы, ауыл шаруашылық машиналары мен жақсартылған құрал-саймандар сатып алады: мысалы, Новоузен уезіндегі үй иелерінің, жалпы алғанда, 14 процентінің жақсартылған егіншілік құрал-саймандары бар; ал жоғарғы топтағы шаруалардың ішінде үй қожайындарының 42 процентінің жақсартылған құрал-саймандары бар (сонда уездегі мұндай егіншілік құрал-саймандары бар барлық үйлердің 75 проценті — жоғарғы топтағы шаруалар болады) және «шаруалардың» қолындағы жақсартылған барлық құрал-саймандардың 82 проценті * солардың қолына жинақталған. Жоғарғы топтағы шаруалар өздерінің егісін енді өз жұмыс күшімен игеріп ала алмайды, сондықтан жұмысшы жалдайды: мысалы, Новоузен уезіндегі жоғарғы топтағы үй қожайындарының 35 проценті тұрақты жалдама жұмысшылар (мысалы, орақшы болып жалданатындарды және т. с. есептемегенде) ұстайды; Днепр уезінде де жағдай осындай. Бір сөзбен айтқанда, жоғарғы топтағы шаруалар буржуазия екені сөзсіз. Олардың күші енді басқа өндірушілерді тонауға негізделмейді (өсімқорлар мен «кулактардың» күші сияқты), өндірістің дербес ұйымдастырылуына ** негізделеді: барлық шаруалардың не бары $^1/_5$ бөлігін құрайтын осы топтың қолында егіс көлемінің $^1/_2$ бөлігінен көбі [мен бүкіл 3 уезд бойынша жалпы орташа мөлшерді алып отырмын] жинақталған. Егер осы шаруалардың еңбек өнімділігі (яғни егіннің шығымы) жерді тырнап жыртып жүрген төменгі топтағы пролетарлардың еңбек өнімділігінен өлшеусіз артық екенін ескерсек, онда астық өндірудің басты қозғаушы күші село буржуазиясы деген қорытынды жасамасқа болмайды.

Шаруалардың осылайша буржуазия мен пролетариатқа жіктелуі [халықшылдар бұл процестен «бұқара-

* Уездегі шаруалардың қолындағы жақсартылған құрал-саймандардың барлығы 5724.

** Әрине, бұл да тонауға негізделген, бірақ енді дербес өндірушілерді емес, жұмысшыларды тонауға негізделген.

ның кедейленуінен» басқа еш нәрсе көрмейді] «рыноктың» мөлшеріне, яғни астықтың *тауарға* айналатын үлесінің мөлшеріне қандай әсер етуге тиіс еді? Әрине, бұл үлестің едәуір ұлғаюға тиісті екендігі айқын, өйткені жоғарғы топтағы шаруалардың қыруар астығы өзіне керегінен әлдеқайда артылып жатты және рынокқа түсті; екінші жағынан, томенгі топтың өкілдері өздерінің табыстан тапқан ақшасына қосымша астық сатып алуға тиісті болды.

Бұл мәселе жөнінде дәл мәліметтер келтіру үшін земство-статистикалық жинақтарға емес, енді В. Е. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген шығармасына көңіл аударуымызға тура келеді. Постников земство статистикасының мәліметтері бойынша, Таврия губерниясындағы құрылықта орналасқан үш уездің (Бердянск, Мелитополь және Днепр уездері) шаруалар шаруашылығын суреттейді және бұл шаруашылықты шаруалардың әр түрлі топтары бойынша [егіс көлемінің мөлшеріне қарай 6 топқа бөлінген: 1) егін екпейтіндер; 2) 5 десятинаға дейін егетіндер; 3) 5-тен 10 дес. дейін; 4) 10—25 дес.; 5) 25—50 дес. және 6) 50 десятинадан артық егетіндер] талдайды. Автор әр түрлі топтардың рынокқа қатынасын зерттей келіп, әрбір егінші шаруашылықтың егіс көлемін мынадай 4 бөлімге бөледі: 1) *шаруашылық егістігі* — Постников егістің себуге керекті тұқым беретін бөлігін осылай деп атайды; 2) *тамақ егістігі* — жұмысшы семьясы мен қызметкерлерді асырау үшін астық береді; 3) *мал азығы егістігі* — жұмыс көлігіне жемшөп береді және, ақырында, 4) *сауда* немесе *рынок* егістігі — тауарға айналатын, рынокта сатылатын өнім береді. Тек соңғы егістің ғана ақшалай табыс беретіні, ал қалғандары заттай, яғни шаруашылықтың өзінде тұтынылатын өнім беретіні түсінікті.

Шаруалардың әр түрлі егістік топтарындағы осы егіс көлемінің әрқайсысының мөлшерін есептей келіп, Постников мынадай кесте келтіреді: [115-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*].

Бұл мәліметтерден біз шаруашылық неғұрлым ірі болған сайын оның тауарлық сипаты да соғұрлым ба-

	100 десятина егістік жерден				Алынатын ақшалай кіріс (сом)		Таврия губерниясының үш уезінде		Әрбір топтағы егістік жердің орташа мөлшері
	шаруашылық егістігі	тамақ егістігі	мал азығы егістігі	сауда егістігі	1 дес. егіске келетіні	1 үйге келетіні	егістің десятина саны	олардың ішінен сауда егістігіне арналғаны	
5 дес. дейін егетіндерде	6	90,7	42,3	—39	—	—	34 070	—	3,5 д.
5—10 » » »	6	44,7	37,5	+11,8	3,77	30	140 426	16 851	8 »
10—25 » » »	6	27,5	30	36,5	11,68	191	540 093	194 433	16,4 »
25—50 » » »	6	17,0	25	52	16,64	574	494 095	256 929	34,5 »
50 дес. артық »	6	12,0	21	61	19,52	1 500	230 583	140 656	75 »
Барлығы	6			42			1 439 267	608 869	17—18 дес.

Кестеге ескерту:

1) Постников ең соңғы бағананың алдындағы мәліметті келтірмеген; оны мен есептеп шығардым.

2) Постников ақшалай табыстың мөлшерін сауда егістігіне ылғи бидай себілген деп есептеп, егіннің орташа шығымдылығын және астықтың орта мөлшердегі құндылығын шығарып, осыған қарай анықтайды.

сым бола беретінін, сатуға арналған астықты соғұрлым көп өндіретінін [топтар бойынша 12—36—52—61 процент] көріп отырмыз. Негізгі егіншілер, жоғарғы 2 топтағы шаруалар (бүкіл егіс көлемінің $^1/_2$ бөлігінен артығы осыларда) өздерінің барлық егіс өнімдерінің жартысынан көбірегін [52 және 61 процент] сатады.

Егер шаруалар буржуазия және пролетариат болып екіге жіктелмесе, егер, басқаша айтқанда, егістік жер барлық «шаруалар» арасында «теңгере» бөлінген болса, онда шаруалардың *бәрі* орташа топқа (10—25 дес. егетін) жатар еді де, рынокқа барлық астықтың тек 36 проценті ғана, яғни 518 136 десятина егістің өнімі (1 439 267-нің 36 проценті = 518 136) түскен болар еді. Ал қазір, кестеден көрініп отырғанындай, рынокқа барлық астықтың 42 проценті, 608 869 десятина егістің өнімі түсіп отыр. Сонымен, «бұқараның кедейленуі», шаруалардың 40 процентінің (кедей топ, яғни 10 десятинаға дейін егін егетіндер) шаруашылығының толық құлдырауы, село пролетариатының құрылуы нәтижесінде *90 мың** десятина егістің өнімі рынокқа түсті.

Мен шаруалардың жіктелуі салдарынан «рыноктың» ұлғаюы осымен тежеледі, деп мүлдем айтқым келмейді. Әсте олай емес. Мысалы, біз шаруалардың жақсартылған құрал-саймандар алып жатқанын, яғни өзінің жиған қаржысын «өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге» айналдырып жатқанын көрдік. Біз рынокқа астықтан басқа тағы бір товардың — адамның жұмыс күшінің түскенін көрдік. Менің бұлардың бәрі туралы айтпай отырған себебім тек мынадан: мен бұл мысалды тар шеңберлі, арнаулы мақсатпен — біздің Россияда бұқараның қайыршылануы шын мәнісінде товар шаруашылығы мен капиталистік шаруашылықтың күшеюіне жеткізетінін көрсету үшін келтірдім. Товар айналысына барлық жерде және әрқашан бәрінен кешірек және бәрінен баяуырақ тартылатын астық сияқты өнімді әдейі таңдап алдым. Сондықтан тек егіншілікпен айналысатын өңірлер ғана алынды.

* 90 733 дес. барлық егіс көлемінің 6,3 процентіне тең.

Енді таза өнеркәсіпті облысқа, Москва губерниясына, жататын басқа бір мысал алайын. Земство статистиктері шаруалар шаруашылығын «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағының» VI және VII томдарында жақсы суреттеген; бұл томдарда майдагерлік кәсіпшіліктер туралы бірқатар тамаша очерктер бар. Мен *«Шілтер тоқу кәсіпшілігі»* * очеркінің бір жерінен мысал келтірумен шектелемін, онда реформадан кейінгі заманда шаруалар кәсіпшіліктерінің қалайша және неліктен өте тез дамығаны түсіндіріледі.

Шілтер тоқу кәсіпшілігі осы ғасырдың 20-жылдарында Подольск уезінің Воронов болысындағы көршілес 2 деревняда пайда болды. «1840 жылдарда ол, әлі үлкен аймақты қамтымағанмен, жақын маңайдағы басқа деревняларға ақырындап тарай бастайды. Оның есесіне 60-жылдардан бастап, әсіресе соңғы 3—4 жылдың ішінде төңірекке өте тез тарайды».

Қазіргі уақытта 32 селода шілтер тоқу кәсіпшілігі бар, ол

1820 ж.	2 селода,		
1840 ж.	4	»	
1860 жылдарда	5	»	
1870—1875.	7	»	
1876—1879.	14	»	пайда болды.

«Егер мұндай құбылысты, яғни кәсіпшіліктің нақ соңғы жылдарда төтенше тез тарауын туғызатын себептерге ой жіберсек,— дейді очерктің авторы,— онда біз, бір жағынан, осы уақыттың ішінде шаруалардың тұрмыс жағдайының едәуір нашарлағанын, ал, екінші жағынан, халықтың неғұрлым қолайлы жағдайда тұрған бөлігінің тұтыну қажеті едәуір артқанын көреміз».

Мұны дәлелдеу үшін автор Москваның земство статистикасының мынадай мәліметтерін алады, мен оны

* *«Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы».* Шаруашылық статистикасы бөлімі. VI том, II кітап. Москва губерниясының кәсіпшіліктері, II кітап, Москва, 1880.

кесте формасында келтіріп отырмын *: [119-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

«Бұл цифрлар,— деп жалғастырады автор,— осы болыста аттардың, сиырлардың және ұсақ малдың *жалпы* санының көбейгенін айқын көрсетеді, бірақ әл-ауқаттың бұл сияқты өсуі жеке адамдардың үлесіне, атап айтқанда 2—3 және онан да көп аттары бар үй иелері тобының үлесіне тиеді...

...Демек, біз сиыры да, аты да жоқ шаруалар санының өсуімен қатар егін егуді қойып кеткен шаруалар санының да көбейіп отырғанын көреміз: малы да жоқ, жеткілікті тыңайтқыштары да жоқ; жері тозып барады, сондықтан ол жер егін егуге тұрмайды; өзін, семьясын асырау үшін, аштан өлмеу үшін тек еркектердің ғана кәсіпшілікпен шұғылдануы жеткіліксіз,— олар бұл кәсіппен бұрын да, егіс жұмысынан қолы бос уақытта айналысқан ғой, енді семьяның басқа мүшелерінің де шеттен табыс іздеуі керек болады...

...Біздің кестелерде келтірген цифр мәліметтеріміз бізге басқа құбылысты да көрсетіп отыр; бұл селоларда, деревняларда 2—3 аты мен сиыры бар адамдардың да саны *артты*. Демек, бұл шаруалардың әл-ауқаты жақсарды, ал соның өзінде біз «пәлендей селоның әйелдері, балалары түгелдей кәсіпшілікпен айналысады» дедік. Мұндай құбылысты немен түсіндіруге болады?.. Бұл құбылысты түсінуіміз үшін бұл селолардың өмір тіршілігі қандай екенін байқауға, олардың үй-іші жағдайымен жақынырақ танысуға тура келеді, сонда ғана рынокқа өткізу үшін товар өндіруге жұрттың соншама күшті талпынуының қайдан туатынын түсінуіміз мүмкін.

Әрине, біз бұл арада шаруа халықтың ортасынан неғұрлым мықты адамдардың, семьялардың қандай бақытты жағдайда аз-аздап бөлініп шығатынын, олардың дәулетінің қандай жағдайлар нәтижесінде құралатынын және осылай пайда болған бұл дәулеттің қандай қоғамдық жағдайлар арқасында тез өсетінін және село халқының бір бөлігін екінші бөлігінен едәуір дәрежеде

* Мен сиырлардың бөлінуі туралы мәліметтерді (қорытындысы — баяғы сол) қалдырып, проценттік есебін қостым.

Подольск уезінің Воронов болысы:

Воронов болысында	Үй иелерінің саны	Саны		Еркек, әйел 100 жанға келетін мал саны			Үй иелерінің саны					Үй иелеріндегі ат саны				Үлесті жері бар үй иелерінің саны			
		ат	сиыр	ат	сиыр	ұсақ мал	аты жоқтар	1 аттылар	2 аттылар	3 аттылар	3-тен көп аты барлар	1 аттылар	2 аттылар	3 аттылар	3-тен көп аты барлар	Барлығы	өңделетін үлесті жері: өзі салады	өңделетін үлесті жері: кісі жалдап салады	егіншілікпен шұғылданбайтындар
1869 ж. болғаны	1 233	1 473	1 472	22	22	30	276 22%	567 46%	298 24%	70 6%	22 2%	567 39%	596 40%	210 14%	100 7%	1 067	900 84%	92 9%	75 7%
1877 ж. болғаны	1 244	1 607	1 726	25	27	38	319 26%	465 37%	313 25%	95 8%	52 4%	465 29%	626 39%	285 18%	231 14%	1 166	965 82,5%	5 0,5%	196 17%

алшақтатарлықтай болып өсетінін жан-жақты зерттеп жатпаймыз. Бұл процесті шаруалар селосының ең қарапайым құбылыстарының бірінен байқап көруге болады. Бір деревняда пәлен деген шаруа өз селоластары арасында дені сау, қайратты, парасатты, еңбекқор кісі деген атаққа ие болады; оның семьясы үлкен, ұл балалары көп, олар да әкесі сияқты денелі және жақсы өнеге алған; олар бәрі бірге тұрады, енші бөліспейді; 4—5 жанға үлесті жер алады. Ол жерді ұқсатуға үйдегі жұмысқа жарайтындардың бәрі бірдей қатысуы қажет те емес. Демек, оның 2—3 ұлы үнемі шет кәсіппен немесе жергілікті кәсіппен айналысады, тек шөп шабатын кезде ғана аз уақытқа кәсібін тастап, дала жұмысында семьясына көмектеседі. Семьяның жеке мүшелерінің табыстары бөлшектенбейді, ортақ дәулет болып құралады: басқа жағдайлары қолайлы болған күнде бұл табыс семьяның қажетін өтеуге жұмсалатын шығыннан едәуір артылып қалады. Жиған-тергені құралады, осының арқасында семья кәсіпшілікпен жақсы жағдайда айналыса алады: бірінші қолдан таза ақша төлеп шикі материал сатып ала алады, өндірілген товарды бағасы көтерілген кезде сата алады, арада жүретін әр түрлі «делдалдың», саудагердің жәрдеміне сүйенбейді және т. с.

Бір-екі жұмысшы жалдауға, немесе қайсыбір істі дербес жүргізу мүмкіндігінен мүлдем айрылған кедей шаруаларға үйінде істеу үшін жұмыс үлестіруге мүмкіндік туады. Осы және осы сияқты жағдайлардың арқасында біз келтіріп отырған мықты семьяның өз еңбегінен ғана емес, басқа жұрттың еңбегінен де пайда түсіруге мүмкіндігі бар. Әрине, біз бұл арада ондай семьялардың арасынан кулак, алпауыт дейтін атпен жұртқа белгілі болған адамдардың шығу жағдайларына тоқталмаймыз, тек шаруа халықтың арасындағы ең дағдылы құбылыстарды ғана қарастырып отырмыз. Жинақтың II томында және VI томның 1-кітабында келтірілген кестелер шаруалардың бір бөлігінің жағдайы нашарлаған сайын көп реттерде оның екінші, аз бөлігінің немесе жеке мүшелерінің дәулеті өсе түсетіндігін айқын көрсетеді.

Кәсіпшілікпен шұғылдану кең тараған сайын сыртқы дүниемен, қаламен, бұл ретте Москвамен қарым-қатынас жиілей береді, сөйтіп Москвадағы кейбір тәртіптер селоға аз-аздап ене бастайды, ол әуелі нақ осы неғұрлым ауқатты семьялардың тұрмысынан көріне бастайды. Самауыр сатып алады, шыныдан және фаянстан жасалған қажетті ыдыстар алады, киім «тазарақ» бола бастайды. Егер киімнің бұл тазалығы еркектерде әуелі шәркенің орнына етік киюден басталса, әйелдердің аса таза киінуі, былайша айтқанда, кебіс, етік киюмен аяқталады; олар ең алдымен ашық түсті, ала шытқа, орамалдарға, жүннен тоқылған кестелі шәліге және т. с. әшекейлерге әуестенеді...

... Шаруа семьясында «атам заманнан» бері әйел ерін, өзін және балаларын киіндіреді... Өзі зығыр өсіріп тұрған кезде киім үшін қажетті материал мен заттар сатып алуға ақша аз жұмсалып келді, ал бұл ақшаның өзі де тауық, жұмыртқа, саңырауқұлақ, жидек, шумақ жіптің қалдығын немесе кенептің артық кесіндісін сатудан табылушы еді. Қалған бұйымдардың бәрі үйде жасалатын. Шаруа әйелдер қолынан келетін бұйымдардың бәрін үйде жасайтын және бұған олардың дала жұмысынан бос уақыттарының бәрі жұмсалатын. Воронов болысының селоларында шілтер тоқу кәсіпшілігінің өте шабан дамуы бұл ретте нақ осындай жағдайдан болып отыр. Шілтерді көбінесе неғұрлым ауқатты немесе неғұрлым жаны көп семьялардағы қыздар тоқыды, өйткені бұл семьяларда әйелдердің бәрі бірдей кендір иіруі, кенеп тоқуы қажет болмайтын. Бірақ арзан шыт пен бөз кенепті там-тұмдап ығыстыра бастады; бұған басқа да жағдайлар келіп қосылды: не зығыр шықпай қалады, не әйел еріне қызыл көйлек тігіп бергісі, ал өзіне әдемірек «сырт көйлек» (сарафан) тігіп алғысы келеді, міне, сөйтіп шаруаларға арналған киім үшін үйде әр түрлі кенеп, орамал тоқу әдеті аз-аздап ығыстырыла береді немесе мықтап шектеледі. Бір жағынан, үйде мата тоқудың қысқартылуы, олардың фабрикада тоқылған маталармен ауыстырылуы нәтижесінде киімнің өзі де өзгереді...

... Халықтың көпшілігі рынокқа өткізу үшін товар өндіруге ұмтылуы қажеттігінің және мұндай өндіріске тіпті балалардың еңбегін де пайдаланудың себептері, міне, осыдан».

Ұқыпты бақылаушының осы қарапайым әңгімесі біздің шаруалар бұқарасы арасында қоғамдық еңбек бөлінісі процесінің қалай жүріп жатқанын, мұның өзі товар өндірісінің [демек, рыноктың да] күшеюіне қалай бастайтынын және бұл товар өндірісі, өзінен-өзі, яғни өндірушіні рынокпен байланыстыратын сол қатынастардың күші арқылы адамның жұмыс күшін сату және сатып алу «ең дағдылы құбылыс болатын» жағдайға қалай жеткізетінін айқын көрсетеді.

VIII

Қорытындыда, мүмкін, талас мәселені,— абстракциялармен, схемалармен және формулалармен, тегі, тым ауырлатып жіберілген мәселені,— «жұртқа тарап жүрген көзқарастардың» ең жаңа, ең көрнекті өкілдері бірінің пайымдауларын талдау арқылы суреттеп өтсек артық бола қоймас.

Мен Николай — он * мырза туралы айтып отырмын.

Ол Россияда капитализмнің дамуына аса ірі «кедергі» болып отырған нәрсе ішкі рыноктың «қысқаруы», шаруалардың сатып алу қабілетінің «азаюы» деп біледі. Кәсіпшілікті капиталистік жолға салу,— дейді ол,— бұйымдарды үйде өндіруді ығыстырып шығарды; шаруаларға киімді сатып алуға тура келді. Шаруа бұған ақша тауып алу үшін жерді көбірек жыртуға күш салды, сөйтіп үлесті жердің жетімсіздігінен бұл жыртылған жер көлемін шаруашылықты жүргізудің ақылға қонымды шегінен әлдеқайда асырып жіберді; ол арендаға алынатын жердің ақы мөлшерін тіпті ерескел өсіріп жіберді, осының салдарынан ақыр аяғында өзі күйзеліске ұшырады. Капитализм өзіне-өзі көр қазды, «ха-

* Әрине, бұл арада оның бүкіл шығармасына талдау жасау туралы сөз болуы да мүмкін емес — бұл үшін өз алдына жеке еңбек жазу керек,— әңгіме тек оның жақсы көретін дәлелдерінің *бірін* ғана талдау жөнінде болып отыр.

лық шаруашылығын» 1891 жылғы сұрапыл дағдарысқа ұшыратты, сөйтіп... табан тірейтін негізі болмай «сол жолмен жүре беруге» күші жетпей, тоқтап қалды. «*Біздің* ғасырлар бойы құрметтеліп келген халықтық құрылыстан ауытқып кеткенімізді» түсініп, Россия енді... «ірі өндірісті қауымға күшпен кіріктіру» туралы әкімдердің жарлығын күтіп отыр.

Бұл «мәңгі жаңа» (Россия халықшылдары үшін) теорияның қисынсыздығы неде?

Мүмкін, бұл қисынсыздық оның авторының «өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің» маңызын түсінбейтіндігінен шығар? Әрине, олай емес. Ник.— он мырза бұл заңды жақсы біледі және оның әсерінің бізде де болғанын тіпті ескертіп те өтеді (186, 203—204-беттер). Рас, өз басындағы қайшылықтарымен өзін-өзі соққылауға қабілеті болғандықтан, ол кейде (123-бетті салыстырыңыз) бұл заң туралы ұмытып та кетеді, бірақ ол сияқты қайшылықтарды түзету автордың негізгі (жоғарыда келтірілген) пайымдауларын титтей де түзетпейтіні айқын.

Оның теориясының қисынсыздығы мынада: ол біздің капитализмді түсіндіре алмайды және ол туралы өзінің пайымдауларын атымен жоқ нәрсеге негіздейді.

Ник.— он мырза үйде өндірілетін өнімдерді фабрика өнімдерінің ығыстырып шығаруы салдарынан күйзеліске ұшыраған «шаруаларды» біртектес, іштей ынтымақтас, өмірдегі құбылыс атаулыға бір кісідей қарайтын бірдеме деп біледі.

Шындығында мүлдем олай емес. Егер өндірушілер (шаруа үйлері) өз алдарына оқшауланбаған болса, Россияда товар өндірісі пайда бола да алмас еді және іс жүзінде біздің шаруаның әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз өз алдына жеке қожайындық ететінін, өзінің жеке меншігіне келіп түсетін өнімді тәуекелге бел байлап өзі өндіретінін, «рынокпен» әрқайсысы жеке-жеке қатынас жасайтынын кез келген адам біледі.

«Шаруалар» арасында істің жайы қандай екенін қарап көрейік.

«Шаруа ақшаға мұқтаж болғандықтан жер жыртуды шамадан тыс ұлғайтып жібереді де, күйзеліске ұшырайды».

Бірақ себетін тұқымы бар, күш-көлігі және құрал-сайманы толық жеткілікті ауқатты шаруа ғана жер жыртуды ұлғайта алады. *Ондай* шаруалар (ал олардың азшылық екені мәлім) шынында да егісті көбейтеді және өзінің шаруашылығын қосалқы қызметкерлердің көмегінсіз игеріп ала алмайтын шекке дейін ұлғайтады. Ал шаруалардың көпшілігінің ешқандай қоры, жеткілікті өндіріс құрал-жабдықтары болмағандықтан, өзінің ақша жөніндегі қажетін шаруашылықты ұлғайту жолымен өтеуге мүлдем шамасы келмейді. *Ондай* шаруа ақша табу үшін «табыс» іздеп кетеді, яғни енді рынокқа өзінің өнімін емес, өзінің жұмыс күшін апарады. Табыс іздеп кетушілік егін шаруашылығының одан әрі құлдырауына әкеліп соқтыратыны табиғи нәрсе, сөйтіп, ақырында, бұл шаруа өзінің үлесті жерін өзімен қауымдас бай шаруаға береді, ол өзінің шаруашылығын ұлғайта түседі және үлесті жерден алынған өнімді оның өзі тұтынбай, *рынокқа* жіберетіні айқын. Сөйтіп «халық кедейленеді», капитализм дами түседі және рынок ұлғая береді. Бірақ бұл жеткіліксіз. Өзінің ұлғайтылған егіншілік шаруашылығымен толық шұғылданып отырған біздің бай шаруамыз енді бұрынғысынша өз керегін өзі өтеп, айталық, аяқ киімді өзі тігіп отыра алмайды; оған аяқ киімді сатып алу тиімдірек. Ал кедейленген шаруаға келетін болсақ, оның да аяқ киімді сатып алуына тура келеді: ол аяқ киімді өз шаруашылығында тіге алмайтыны анық, себебі оның өз шаруашылығы жоқ. Аяқ киімге қажеттілік және ауқатты мужик артық өндірген астыққа мұқтаждық пайда болады; өз шаруашылығын прогрестік бағытпен жүргізіп отырған бұл ауқатты мужик В. В. мырзаны қатты сүйсіндіріп отыр. Аяқ киім тігетін көршілес майдагерлер де қазір егіншілер душар болған жағдайға кездесіп отыр: құлдырап бара жатқан шаруашылық астықты тым аз береді, оны сатып алу үшін өндірісті ұлғайту керек болады. Сонда өндірісті тағы да тек жиған-тергені бар майдагердің ғана, яғни азшылықтың өкілі ғана ұлғайта алатыны түсі-

нікті; оның жұмысшы жалдауға немесе кедей шаруаларға үйінде істеуге жұмыс беруге мүмкіндігі болады. Майдагерлердің көпшілігі өндірісті ұлғайту туралы ойлай да алмайды: олар байыған алыпсатар «жұмыс берсе», яғни өздерінің жалғыз ғана товары — жұмыс күшін сатып алушы табылса, соның өзіне қуанады. Сонымен, халық тағы да кедейлене береді, капитализм дами түседі, рынок ұлғая береді: қоғамдық еңбек бөлінісінің дами беруіне және тереңдей түсуіне тағы да түрткі болады. Бұл қозғалыс қай жерде бітеді? Бұл қозғалыстың қай жерде басталғанын ешкімнің де айта алмайтыны сияқты, мұны да ешкім айта алмайды; мәселе онда емес. Мәселе — біздің көз алдымызда сайма-сай ұштасқан нақты бір процестің, товар шаруашылығының дамуы мен капитализмнің өсуі процесінің болып отырғандығында. Деревняда «шаруалардың жойылуы» бұл процестің басталуын, оның тууын, оның бастапқы сатыларын көрсетеді; қалалардағы ірі капитализм бізге бұл процестің ақыр соңын, оның тенденцияларын көрсетеді. Бұл құбылыстарды ажыратып көріңізші, оларды бір-бірінен тәуелсіз, жеке-жеке алып қарастырып көріңізші,— онда сіз өз пайымдауыңызда істің басы-аяғын ұштастыра алмайсыз, бірде-бір құбылысты, халықтың кедейленуін де, капитализмнің дамуын да түсіндіре алмайсыз.

Алайда сонымен бірге көбінесе мынадай жағдайлар да болады: басы да, аяғы да жоқ осы сияқты пайымдаулардың авторлары процесті түсіндіре білмегендіктен зерттеуді үзіп тастайды, екі құбылыстың өздері екеуін де бірдей ұқпай, біреуін [және соның ішінде, әрине, «сын көзімен қарап ойлайтын адамның рухани дамыған сезіміне» дәл қайшы келетінін] «қисынсыз», «кездейсоқ», «не болары белгісіз» деп мәлімдейді.

Іс жүзінде, әрине, «не болары белгісіз» болып отырған тек олардың өз пайымдаулары ғана.



75

ма. „Раскрестьяниваніе" въ деревнѣ показываетъ намъ начало этого процесса, зарожденіе его, его раннія стадіи; крупный капитализмъ въ городахъ показываетъ намъ конецъ этого процесса, его тенденціи. Попробуйте разорвать эти явленія, попробуйте разсматривать ихъ отдѣльно и независимо другъ отъ друга, — и вы не сведете концовъ съ концами въ своемъ разсужденіи, не сможете объяснить ни того ни другого явленія, ни обѣдненія народа, ни роста капитализма.

При этомъ однако большею частью бываетъ такъ, что авторъ подобнаго разсужденія безъ начала и безъ конца, не умѣя объяснить процесса, обрываетъ изслѣдованіе заявленіемъ, что одно изъ двухъ, одинаково непонятныхъ ему явленій [и притомъ именно то, которое противорѣчитъ „нравственно-развитому чувству критически мыслящей личности"] — „нелѣпо", „случайно", „виситъ въ воздухѣ".

На самомъ дѣлѣ, разумѣется, „виситъ въ воздухѣ" одно только его собственное разсужденіе.

В. И. Лениннің «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген қолжазбасының соңғы беті.— 1893 ж.
Кішірейтілген

«ХАЛЫҚ ДОСТАРЫ» ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОЛАР СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРҒА ҚАРСЫ ҚАЛАЙ КҮРЕСЕДІ?

(«РУССКОЕ БОГАТСТВОНЫҢ» МАРКСИСТЕРГЕ ҚАРСЫ МАҚАЛАЛАРЫНА ЖАУАП)[26]

1894 ж. көктемде — жазда жазылған

1894 ж. гектографта басылған

1894 ж. гектографтан шыққан тексті бойынша басылып отыр

I

БӨЛІМ

«Русское Богатство»[27] социал-демократтарға қарсы жорық ашты. Өткен жылғы 10-номерінде-ақ осы журнал дөкейлерінің бірі, Н. Михайловский мырза, «біздегі марксистер немесе социал-демократтар дейтіндерге» қарсы жуырда «айтыс» басталады деп жариялады[28]. Одан кейін С. Кривенко мырзаның «Жалғыз-жарым мәдениетті адамдар жөнінде» (№ 12) деген және Н. Михайловский мырзаның «Әдебиет және өмір» («Русское Богатство», №№ 1 және 2, 1894 ж.) деген мақалалары шықты. Ал біздің экономикалық шындығымыз туралы журналдың өз көзқарастарына келсек, ол көзқарастар С. Южаков мырзаның «Россияның экономикалық даму мәселелері» (№№ 11 және 12) деген мақаласында өте-мөте толық баяндалған. Өздерінің журналында, тегі, шынайы «халық достарының» идеялары мен тактикасын көрсетуге дәмеленіп жүрген бұл мырзалар — социал-демократияның барып тұрған дұшпандары. Енді осы «халық достарына», олардың марксизмді мінейтін сынына, олардың идеяларына, олардың тактикасына зер салып көрейік.

Н. Михайловский мырза марксизмнің теориялық негіздеріне өте-мөте көбірек көңіл бөледі, сондықтан да ол тарихты материалистік жолмен түсінушілікті талдауға әдейі тоқталып өтеді. Бұл доктринаны баяндайтын толып жатқан маркстік әдебиеттің мазмұнын жалпы шолып өтіп, Михайловский мырза өзінің сынын мынадай тирадамен бастайды:

«Бәрінен бұрын,— дейді ол,— Маркс өзінің тарихты материалистік жолмен түсінетінін қай шығармасында баяндаған? — деген сұрақ өзінен-өзі туады. Ол «Капиталда» бізге логика күшін асқан оқымыстылықпен, бүкіл экономикалық әдебиетті де, тиісті фактілерді де жалықпай зерттеушілікпен ұштастырудың үлгісін көрсетіп берді. Ол экономикалық ғылымның әлдеқашан ұмытылған немесе қазіргі күнде ешкім білмейтін теоретиктерін жарыққа шығарды және фабрика инспекторларының қайдағы бір есептеріндегі немесе сарапшылардың түрлі арнаулы комиссияларға берген жауаптарындағы ең болмашы анықтамаларды да ескерусіз қалдырған жоқ; бір сөзбен айтқанда, бір жағынан, өзінің экономикалық теорияларын негіздеу үшін, екінші жағынан, сол теорияларын бейнелеп көрсету үшін толып жатқан нақты материалды ақтарды. Егер ол тарихи процесті «мүлдем жаңаша» түсінушілікті туғызған болса, адам баласының бүкіл өткен шағын жаңа көзқарас тұрғысынан түсіндіріп, бұған дейінгі барлық философиялық-тарихи теорияларды қорытындылаған болса, әрине, ол мұны мейлінше ұқыпты түрде істеді: тарихи процестің белгілі теорияларының бәрін іс жүзінде қайта қарап шығып, оларды сын көзімен талдап тексерді, бүкіл дүние жүзілік тарихтағы толып жатқан фактілерді зерттеді. Маркстік әдебиеттегі дағдылы нәрсе — Дарвинмен салыстырушылық бұл пікірді бұдан да гөрі дәлелдей түседі. Дарвиннің бүкіл еңбегі дегеніміз не? Ол — асқар таудай нақтылы көп материалдан келіп туған, біраз қорытылып айтылған, өзара тығыз байланысқан идеялар. Ал Маркстің осыған сай келетін еңбегі қайда? Ондай еңбегі жоқ. Маркстің ондай еңбегі жоқтығы былай тұрсын, ондай еңбек, сан жағынан көптігіне және көп таралғандығына қарамастан, бүкіл маркстік әдебиетте де жоқ».

Бұл тираданың барлығы «Капиталды» және Маркстi жұрттың қандайлық аз түсінетіндігін өте толық сипаттайды. Маркс сөздерінің өте дәлелділігіне төтеп бере алмай, олар Маркстің алдында құрмет көрсетіп, оны мақтайды, бірақ сонымен қабат доктринаның негізгі мазмұнын мүлде естен шығарып жіберіп, түк көрмеген

адамдай, «субъективтік социологияның» үйреншікті әніне басады. Бұл жөнінде Каутскийдің Маркстің экономикалық ілімі туралы жазған кітабында өте дұрыс келтірген эпиграфын еске алмауға болмайды:

Wer wird nicht einen Klopstock loben?
Doch wird ihn jeder lesen? Nein.
Wir wollen weniger erhoben
Und fleissiger gelesen sein!*

Дәл солай! Михайловский мырзаның Маркстi азырақ мақтап, оны құнттап оқуы керек еді, немесе, ең жақсысы, ол өзінің оқып отырған нәрсесін байыптап көңілге тоқуы керек еді.

«Маркс бізге «Капиталда» логика күшін асқан оқымыстылықпен ұштастырудың үлгісін көрсетіп берді»,— дейді Михайловский мырза. Бір марксист бұған: Михайловский мырза бұл сөзінде бізге сұлу сөзді мағынасыздықпен ұштастырудың үлгісін көрсетіп отыр дегенді айтты. Оның бұлай деуі өте орынды. Шынында да, Маркстің бұл логикалық күші неден көрінді? Бұл логикалық күш қандай нәтижелер берді? Михайловский мырзаның жаңағы келтірілген тирадасын оқығанда бұл күштің бәрі ең шенеулі мағынадағы «экономикалық теорияларға» ғана жұмсалған екен, бар болғаны сол екен,— деп ойлауға болады. Содан барып — Маркстің логикалық күш жұмсаған өрісінің тарлығын баса көрсету үшін Михайловский мырза «ең болмашы анықтамалар», «көп күш сарып етушілік», «ешкім білмейтін теоретиктер», деген сияқтыларды ежіктей береді. Бұған қарағанда, Маркс бұл теорияларды құрастыру тәсілдеріне айтарлықтай мәнді ешбір жаңалық енгізбеген, экономикалық ғылымның өрісін бұрынғы экономистердің тұсында болған күйінде қалдырған, оны кеңейтпеген, бұл ғылымның өзін «мүлде жаңаша» түсінушілікті енгізбеген болып шығады. Ал шынында «Капиталды» оқыған әрбір адам бұлай деудің өзі шылғи өтірік екенін біледі. Бұл жерде Михайловский мырзаның пасық бур-

* — Клопштокты кім мақтамайды? Бірақ оны жұрттың бәрі бірдей оқи ма? Жоқ. Біз өзімізді жұрт азырақ қошеметтеп, оның есесіне құнттап оқыса екен деймізі (Лессинг). *Ред.*

жуазияшыл Ю. Жуковский мырзамен[29] сөз таластыра отырып, бұдан 16 жыл бұрын Маркс туралы жазғанын ескермей кетуге болмайды. Ол кезде уақыт басқаша болды ма әлде сезімнің таза кезі ме еді, әйтеуір Михайловский мырзаның мақаласының сарыны да, мазмұны да қазіргісінен мүлде басқаша еді.

— «К. Маркс өзінің «Капиталы» туралы: «Бұл шығарманың түпкі мақсаты — қазіргі қоғамның даму заңын (түп нұсқасында: Das ökonomische Bewegungsgesetz — қозғалыстың экономикалық заңын) көрсету»,— дейді және өзінің программасын бұлжытпай қолданады»,— міне, Михайловский мырза 1877 жылы осылай деген болатын. Сыншының өз сөзімен айтқанда, бұлжытылмай қолданылған осы программамен жақынырақ танысайық. Бұл программаның мақсаты — «қазіргі қоғам дамуының экономикалық заңын көрсету».

Бұл тұжырымның өзі-ақ біздің алдымызға түсіндіруді керек қылатын бірнеше сұрақты көлденең тартады. Өзінен бұрынғы экономистердің бәрі жалпы қоғам туралы айтып келгенде, Маркстің «қазіргі (modern)» қоғам туралы әңгіме етіп отырғаны қалай? Ол «қазіргі» деген сөзді қай мағынада қолданады, бұл қазіргі қоғамды қандай белгілері бойынша айрықша бөліп алып отыр? Онан соң — қоғам қозғалысының экономикалық заңы дегені не? Біз экономистерден: тек бағалы заттарды өндіру ғана кілең экономикалық заңдарға бағынады, ал оларды бөлу жағы саясатқа, интеллигенцияның, өкіметтің қоғамға жасайтын ықпалының түріне, т. с. байланысты дегенді естуге дағдыландық,— ал мұның өзі, тегінде, «Русское Богатство» кіретін ортадағы публицистер мен экономистердің ең жақсы көретін идеяларының бірі. Маркс қоғам қозғалысының экономикалық заңы туралы қай мағынада айтып отыр және осымен қатар бұл заңды Naturgesetz — табиғат заңы деп қай мағынада атап отыр? Толып жатқан отандық социологтар қоғамдық құбылыстардың саласы табиғи-тарихи құбылыстардың саласынан ерекше бөлініп шығатындығы туралы, сондықтан қоғамдық құбылыстарды зерттеу үшін «социологиядағы» мүлде ерекше «субъективтік методты» қолдану керек екендігі туралы құлаш-

құлаш қағаз жазып отырғанда, мұны қалай деп түсіну керек?

Мұндай түсінбеушіліктердің туып отыратыны табиғи және қажет нәрсе, сондықтан «Капитал» туралы сөз қылғанда мұны, әрине, тек барып тұрған надандар ғана ескермей кетуі мүмкін. Бұл мәселелердің байыбына бару үшін алдымен «Капиталға» жазылған сол алғы сөзден — жаңағыдан бірнеше ғана жол төмен — тағы да бір жерін келтіре кетейік:

«Менің көзқарасым мынада,— дейді Маркс,— мен экономикалық қоғамдық формацияның дамуына табиғи-тарихи процесс деп қараймын» [30].

Жоғарыда естігеніміздей, «Капиталдың» өте жүйелі түрде және ерекше логикалық күшпен дамытылған негізгі идеясының нақ осында екенін көру үшін алғы сөзден келтірілген осы екі жерді жай салыстырып шығудың өзі де жеткілікті болады. Осылардың барлығы жайында ең алдымен мына екі жағдайды көрсете кетейік: Маркс тек бір «қоғамдық-экономикалық формация» туралы ғана, капиталистік формация туралы ғана сөз қылады, яғни ешбір басқа формацияның емес, тек осы формацияның ғана даму заңын зерттедім дейді. Бұл бір. Ал екіншіден, Маркстің қорытынды шығару әдістерін көрсете кетейік: бұл әдістер, Михайловский мырзадан жаңағы өзіміз естіген тәрізді, «тиісті фактілерді жалықпай зерттеуде» болды.

Енді «Капиталдың» осы негізгі идеясын — біздің субъективтік философтың осыншаептілікпен ескермей өтуге тырысқан идеяны талдауға көшейік. Шынында, экономикалық қоғамдық формация деген ұғымның мәнісі не? және мұндай формацияның дамуын табиғи-тарихи процесс деп санауға болатындығының, солай санау керек екендігінің себебі не? — қазір біздің алдымызда тұрған мәселелер, міне, осылар. Бұрынғы (Россия үшін бұрынғы емес) экономистер мен социологтардың көзқарастары бойынша қоғамдық-экономикалық формация деген ұғымның мүлде артық екенін мен жоғарыда айтып кеттім: олар қоғам туралы жалпылама сөз қылады, жалпы қоғам деген не, жалпы қоғамның мақсаты мен мәнісі қандай деген мәселе жөнінде, т. с.

жөнінде Спенсерлермен таласады. Осылайша пікір айтқанда бұл субъективтік социологтар мына сияқты дәлелдерге сүйенеді: қоғамның көздейтін мақсаты — оның барлық мүшелерінің пайдасы, сондықтан әділдік пәлендей ұйымның болуын тілейді, ал осынау мінсіз (субъективтік метод авторларының бірі Михайловский мырзаның: «Социология біраз утопиядан бастауға тиіс» деген сөздері олардың тәсілдерінің мәнісін өте жақсы сипаттайды) ұйымға сәйкес келмейтін тәртіптер теріс деп танылып, жойылуға тиіс дейді. Мәселен, Михайловский мырза: «Социологияның маңызды бір міндеті — адам табиғатының белгілі бір тілектерін қанағаттандыра алатын қоғамдық жағдайларды анықтау»,— дейді. Бұл социологтың тек адамның табиғатына сәйкес келетін қоғамға ғана көңіл бөлетінін, ал азшылықтың көпшілікті құл етуі сияқты «адамның табиғатына» сәйкеспейтін құбылысқа негізделуі мүмкін түрлі қоғамдық формациялар дегендеріңізге оның көңіл бөлмейтінін көріп отырсыздар. Сонымен бірге бұл социологтың көзқарасы бойынша қоғам дамуына табиғи-тарихи процесс деп қарау туралы сөз болуы мүмкін емес екенін де көріп отырсыздар. (Сол Михайловский мырза: «социолог бір нәрсені керекті немесе керексіз деп танығаннан соң осы керекті нәрсені жүзеге асыруға немесе керексіз нәрсені жоюға жағдай туғызуға тиіс» — «пәлендей нақтылы мұраттарды жүзеге асыруға жағдай туғызуы керек»,— дейді). Ол ол ма, даму туралы тіпті сөз де болуға тиіс емес, тек «керекті нәрседен» түрлі ауа жайылулар туралы ғана, адамдардың ақылсыз болғандығының, адамның табиғатына не нәрсе керек екенін жақсы түсіне алмағандығының және мұндай ақылға қолымды тәртіптерді жүзеге асырудың жағдайларын туғыза алмағандығының салдарынан... тарихта болған «кемшіліктер» туралы ғана сөз болуға тиісті-міс. Маркстің қоғамдық-экономикалық формациялар дамуының табиғи-тарихи процесі жөніндегі негізгі идеясы социология деп аталғысы келіп жүрген осы балалық моральды тамырынан қиятындығы айқын-анық. Маркс бұл негізгі идеяны қалай жасап шығарды? Маркс бұл идеяны қоғамдық өмірдің түрлі салаларынан экономика

саласын бөліп шығару арқылы, барлық қоғамдық қатынастардан — басқа қатынастардың бәрін билейтін негізгі, ең басты қатынастар ретінде — *өндірістік қатынастарды* бөліп шығару арқылы жасап шығарды. Маркстің өзі бұл мәселе жөніндегі пікір желісін былайша баяндайды:

«Менің мазамды алып жүрген күдіктерді шешуге арналып жазылған бірінші еңбегім — Гегельдің право философиясын сын көзімен талдап шығу еді [31]. Бұл еңбек мені мынадай нәтижеге жеткізді: дәл саяси формалар сияқты, праволық қатынастарды да жалғыз ғана юридикалық және саяси негіздерден шығарып, түсіндіруге болмайды; бұларды адам рухының жалпы дамуы дейтіннен шығарып, түсіндіру одан бетер мүмкін емес. Бұлардың түп негізі жалғыз ғана материалдық, өмірлік қатынастарда жатыр; ал бұл қатынастардың жиынтығын Гегель, 18 ғасырдағы ағылшын және француз жазушыларының үлгісімен, «азаматтық қоғам» деп атайды. Азаматтық қоғамның анатомиясын саяси экономиядан іздеу керек. Осыны зерттеу арқылы менің жеткен нәтижелерімді қысқаша былайша тұжырымдауға болады. Материалдық өндіріс тұсында адамдардың бір-бірімен белгілі бір қатынастар, *өндірістік қатынастар* жасауына тура келеді. Бұл қатынастар өздерінің сол кездегі экономикалық күштеріне тән өнімділігінің даму дәрежесіне әрқашан да сәйкес келіп отырады. Осы өндірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның экономикалық құрылымы, нақты негізі болып табылады, ал юридикалық және саяси қондырма осы негізден өсіп шығады және қоғамдық сананың белгілі бір формалары соған сәйкес келеді. Сөйтіп, өндірістік тәртіп әлеуметтік, саяси және таза рухани өмір процестерін туғызады. Бұлардың өмір сүруі адамның санасына байланысты емес екені былай тұрсын, қайта адамның санасы осыларға байланысты. Бірақ өз өнімділігі дамуының белгілі сатысында бұл күштер адамдардың арасындағы өндірістік қатынастарға қайшы келеді. Осының салдарынан бұл күштер өндірістік қатынастардың юридикалық бейнесі болып отырған нәрселерге, яғни мүліктік тәртіптерге қайшы келе бастайды. Сол кезде өндірістік

қатынастар өнімділікке сәйкес келуден қалып, оның өрісін тарылта бастайды. Осыдан келіп қоғамдық төңкеріс заманы туады. Экономикалық негіздің өзгеруімен бірге онан өсіп шыққан орасан зор бүкіл қондырма да азды-көпті баяу немесе тез өзгереді. Бұл төңкерістерді талдап қараған кезде өндіріс жағдайларындағы табиғи-ғылыми жолмен сипатталуға тиісті материалдық өзгеріс пен юридикалық, саяси, діни, көркемдік және философиялық формаларда, қысқасы — идеологиялық формаларда, адам санасына қақтығыс туралы пікір туғызатын және осыған бола жасырын түрде күрес жүргізілетін формаларда болған өзгерісті әрдайым қатаң ажырата білу қажет. Жеке адам туралы біз оның өзі жайында не ойлайтынына қарап пікір айтпаймыз ғой; сол сияқты төңкерістер заманы туралы да оның өз сана-сезімі бойынша пікір айтуға болмайды. Керісінше, бұл сана-сезім материалдық өмірдің қайшылықтары негізінде, өндіріс жағдайлары мен өнімділік жағдайлары арасындағы қақтығыс негізінде түсіндірілуге тиіс... Жалпылама алып қарағанда азиялық, ежелгі, феодалдық және ең жаңа, буржуазиялық өндірістік тәртіптерді қоғамның экономикалық формацияларының тарихындағы прогрестік замандар деп санауға болады» [32].

Социологиядағы осы материализм идеясы өзінен-өзі-ақ данышпандық идея еді. Әрине, *әзірге* бұл тек гипотеза ғана болатын, бірақ гипотеза болғанда да тарихи және қоғамдық мәселелерге нағыз ғылыми тұрғыдан қарауға бірінші рет мүмкіндік туғызған гипотеза еді. Социологтар осы уақытқа дейін өндірістік қатынастар сияқты ең қарапайым және бастапқы қатынастарды зерттеудің жолын білмей, бірден саяси-юридикалық формаларын зерттеп білуге кірісетін, сөйтіп осы формалардың адам баласының қазіргі уақыттағы белгілі бір идеяларынан туғандығына келіп тіреліп, онан әрі аса алмай тоқтап қалатын; мұның нәтижесінде адамдар қоғамдық қатынастарды біле тұра өздері құратын сияқты болып көрінетін. Бірақ Contrat Social [33] туралы идеяда толық көрсетілген бұл қорытынды (бұл идеяның ізі утопиялық социализмнің барлық системаларында анық байқалады) барлық тарихи байқау нәтижеле-

ріне мүлде қайшы келетін-ді. Қоғам мүшелері өздері өмір сүріп отырған қоғамдық қатынастардың жиынтығын белгілі, тұтас, пәлендей қағиданы арқау еткен нәрсе деп еш уақытта да түсінген емес, қазірде де түсініп отырған жоқ; қайта бұқара бұл қатынастарға санасыз бейімделе кетеді, ал айрықша тарихи қоғамдық қатынастар ретіндегі бұл қатынастар жайында түсінігінің болмайтыны соншалық, мәселен, адам баласы көп ғасырлар бойы өмір сүріп келген айырбас қатынастарының мәнісі тек ең соңғы кезде ғана түсіндірілді. Материализм бұл қайшылықты жойды, ол зерттеуді тереңдетіп, адамның осы қоғамдық идеяларының шығуын білуге дейін жеткізді; сондықтан оның: идеялардың өзгеруі тұрмыстың өзгеруіне байланысты деген қорытындысы — ғылыми психологияға бірден-бір сай келетін қорытынды. Онан соң, екінші жағынан, бұл гипотеза социологияны бірінші рет ғылым дәрежесіне көтерді. Социологтар осы уақытқа дейін қоғамдық құбылыстардың күрделі желісінің ішіндегі маңызды құбылыстар мен мәнсіз құбылыстарды айыруда қиналып келді (мұның өзі — социологиядағы субъективизмнің түп негізі) және құбылыстарды осылайша айыруға объективтік өлшем таба алмай келді. Материализм бұған толық объективтік өлшем тауып берді, ол *өндірістік қатынастарды* қоғамның құрылымы ретінде бөліп шығарды және бұл қатынастарға құбылыс қайталануының жалпы ғылыми өлшемін қолдануға мүмкіндік туғызды, ал субъективистер бұл өлшемді социологияда қолдануға болмайды деп есептейтін. Олар тек идеологиядағы қоғамдық қатынастармен ғана (яғни қалыптасудан бұрын адамдардың санасы * арқылы өтетін қатынастармен) шектеліп жүргенде, түрлі елдердің қоғамдық құбылыстарындағы қайталанушылықты және дұрыстықты байқай алмай жүрді, сондықтан олардың ғылымы ең мықтағанда осы құбылыстарды тек суреттеу ғана, шикі материалды іріктеп алу ғана болды. Материалдық қоғамдық қатынастарға талдау жасау (яғни адам санасынан өтпей тұрып қалыптасатын қатынастар: адамдар өнім-

* Яғни әңгіме, әлбетте, әсте басқа қатынастар туралы емес, әрдайым *қоғамдық* қатынастарды ұғыну туралы ғана болып отыр.

ді айырбастағанда өндірістік қатынастарға енеді, олар бұл арада қоғамдық өндірістік қатынастар бар екенін тіпті сезбейді де),— осы материалдық қоғамдық қатынастарға талдау жасау қайталанушылық пен дұрыстықты байқауға және түрлі елдердегі тәртіптерді *қоғамдық формация* деген негізгі бір ұғым етіп қорытуға бірден-ақ мүмкіндік туғызды. Тек осылай етіп қорыту ғана қоғамдық құбылыстарды суреттеуден (және оларды мұрат тұрғысынан бағалаудан) оларды нағыз ғылыми жолмен талдауға көшуге мүмкіндік берді, мысал үшін айтатын болсақ, бір капиталистік елдің екінші капиталистік елден айырмашылығы неде екенін анықтап көрсетуге және олардың барлығына да бірдей ортақ нәрсені зерттеуге мүмкіндік берді.

Ақырында, үшіншіден, бұл гипотезаның *ғылыми* социологияның тууына тұңғыш рет мүмкіндік жасаған тағы бір себебі, қоғамдық қатынастарды өндірістік қатынастар деп білу және бұларды өндіргіш күштердің дәрежесіне байланысты деп білу арқылы ғана қоғамдық формациялардың дамуын табиғи-тарихи процесс деп түсінуге мықты негіз болды. Ал мұндай көзқарас болмайынша, қоғамдық ғылымның да болуы мүмкін емес екендігі өзінен өзі түсінікті. (Мәселен, субъективистер тарихи құбылыстардың заңдылығын мойындай отырып, олардың эволюциясына табиғи-тарихи процесс деп қарай алмады,— атап айтқанда, мұның себебі: олар адамның тек қоғамдық идеялары мен мақсаттарына ғана тоқталып, бұл идеялар мен мақсаттарды материалдық қоғамдық қатынастармен байланыстыра білмеді.)

Бірақ бұл гипотезаны 40-жылдары айтып, Маркс материалды іс жүзінде (бұл nota bene *) зерттеуге кірісеті. Ол қоғамдық-экономикалық формациялардың бірін — товар шаруашылығы системасын — алып, адам айтқысыз көп мәліметтердің (бұл мәліметтерді ол кемінде 25 жылдай зерттеді) негізінде осы формацияның өмір тіршілігі мен даму заңдарын толық талдап берді. Бұл талдауда қоғам мүшелерінің арасындағы бір ғана өндірістік қатынастар алынған: мәселені түсіндіру үшін

---

* есіңізде болсын.

осы өндірістік қатынастардан басқа ешқандай дәлелдерге сүйенбестен, Маркс қоғамдық шаруашылықтың товар ұйымының қалай дамитындығын, мұның капиталистік ұйымға қалай айналып, буржуазия мен пролетариаттың антагонистік таптарын (нақ өндірістік қатынастар шеңберінде) қалай туғызатындығын, оның қоғамдық еңбек өнімділігін қалай арттыратынын, сөйтіп капиталистік ұйым негіздеріне ымырасыз қайшы келетін элементті қалай туғызатындығын көруге мүмкіншілік жасайды.

«Капиталдың» *қаңқасы,* міне, осындай. Алайда бар әңгіме мынада: Маркс бұл қаңқаны қанағат тұтқан жоқ, кәдімгі мағынадағы жалғыз «экономикалық теориямен» шектеліп қалған жоқ, осы қоғамдық формацияның құрылымы мен дамуын *тек қана* өндірістік қатынастар арқылы *түсіндіре* отырып, ол осы өндірістік қатынастарға сәйкес келетін қондырмаларға да барлық жерде және ұдайы көз жіберіп отырды, сөйтіп бұл қаңқаға тән мен қан бітірді. Сондықтан да «Капитал» осындай ерен табысқа ие болды, өйткені «неміс экономисінің» бұл кітабы оқушыларға бүкіл капиталистік қоғамдық формацияны — оның тұрмыс салтымен, өндірістік қатынастарға тән таптар антагонизмінің нақты әлеуметтік көрінісімен, капиталистер табының үстемдігін қорғаушы буржуазиялық саяси қондырмасымен, бостандық, теңдік, т. с. жөніндегі буржуазиялық идеяларымен, буржуазиялық семья қатынастарымен қоса дәл бір тірі тұлғадай етіп көрсетіп берді. Сондықтан да Дарвинмен салыстырудың әбден дөп келетіні түсінікті: «Капитал» — «асқар таудай нақтылы көп материалдан келіп туған, біраз қорытылып айтылған, өзара тығыз байланысқан идеялардың» дәл өзі. Ал егер кімде-кім «Капиталды» оқи тұра, бұл қорытынды идеяларды байқай алмаса, ол онда Маркстің кінәсі емес, өйткені, біздің жоғарыда көргеніміздей, бұл идеяларды Маркс тіпті алғы сөзінде-ақ көрсеткен болатын. Ол ол ма, мұндай салыстыру сыртқы жағынан ғана емес (сыртқы жағына Михайловский мырзаның неліктен ерекше назар салғаны белгісіз), сонымен бірге ішкі жағынан да дұрыс. Егер Дарвин хайуандар мен өсімдік-

тердің түрлерін еш нәрсеге байланысы жоқ, кездейсоқ, «құдайдың өзі жаратқан» және өзгермейтін нәрсе деген көзқарасты мүлде жойып, түрлердің өзгеріп отыратындығы мен олардың өзара сабақтастығын ашып, биологияны толық ғылыми негізге бірінші рет салған болса,— нақ сол сияқты Маркс те қоғамды бастықтардың еркі бойынша (немесе, бәрібір, қоғам мен үкіметтің еркі бойынша) түрлі өзгерістерге ұшырап отыратын, кездейсоқ пайда болып, кездейсоқ өзгеретін индивидтердің механикалық агрегаты деген көзқарасты мүлде жойды, сөйтіп қоғамдық-экономикалық формация дегеніміз сол өндірістік қатынастардың жиынтығы деп, бұл формациялардың дамуы табиғи-тарихи процесс деп анықтай келіп, социологияны тұңғыш рет ғылыми негізге салды.

Енді — «Капитал» жарыққа шыққаннан бері — тарихты материалистік жолмен түсіну гипотеза емес, ғылым жүзінде дәлелденген қағида; сондықтан біз қайсыбір қоғамдық формацияның — қайсыбір елдің немесе халықтың, не тіпті таптың да, т. с. тұрмысының емес, нақ қоғамдық формацияның,— өмір сүруі мен дамуын ғылым жүзінде басқаша түсіндіруге ұмтылған талаптарға қолымыз жеткенше,— басқаша талаптану болғанда, «тиісті фактілерді» дәл материализмнің тәртіптегеніндей етіп тәртіптей алатын, сондай-ақ белгілі бір формацияны нағыз ғылыми жолмен түсіндіре отырып, оны өз қалпында айнытпай суреттей алатындай талап болғанша — соған дейін тарихты материалистік жолмен түсіну қоғамдық ғылымның синонимі болмақ. Материализм, Михайловский мырзаның ойлағанындай, «тарихты көбінесе ғылыми жолмен түсіну» емес, оны бірден-бір ғылыми жолмен түсіну болып табылады.

Ал енді «Капиталды» оқыса да, оның ішінен материализмді таба алмаған адамдардың табылатыны сияқты оғаш нәрсені көргендеріңіз бар ма! Михайловский мырза шынымен түсінбей: ол материализм қай жерде? — деп сұрайды.

Ол «Коммунистік манифесті» оқыған, бірақ оның қазіргі тәртіптерді — әрі юридикалық, әрі саяси, әрі семьялық, әрі діни, әрі философиялық тәртіптерді — мате-

риалистік жолмен түсіндіретінін, тіпті социалистік және коммунистік теорияларға берілген сынның өзі де бұл теориялардың түп негізін пәлендей және түгендей өндірістік қатынастардан іздеп, тапқанын байқай алмаған.

Ол «Философия қайыршылығын» оқыған, бірақ онда Прудонның социологиясын талдау материалистік көзқарас тұрғысынан жасалатынын, алуан-алуан тарихи мәселелерді Прудонша шешушілікті сынау материализм принциптеріне сүйенетінін, бұл мәселелерді шешу үшін мәліметтерді қайдан іздеу керектігі жөнінде автордың өзі айтқан пікірлерінің барлығы да айналып келгенде өндірістік қатынастарға келіп тірелетінін байқай алмаған.

Ол «Капиталды» оқыған, бірақ өзінің алдында бір қоғамдық формацияны — және ең қиын формацияны — материалистік метод бойынша талдаудың үлгісі тұрғандығын, үлгі болғанда жұрттың бәрі мойындаған және ешкім асып түсе алмаған үлгісі тұрғанын байқай алмаған. Міне, осыдан кейін ол отырады да: «Маркс өзінің тарихты материалистік жолмен түсінуін қай шығармасында баяндады?» — деген терең мағыналы сұрақты шешу үшін үлкен ойға батады.

Маркстi білетін адамның қай-қайсысы болса да оның бұл сұрағына: Маркс өзінің тарихты материалистік жолмен түсінуін қай шығармасында баяндамаған еді? — деп қарсы сұрақ беру арқылы жауап қайырған болар еді. Бірақ Михайловский мырза Маркстің материалистік зерттеулерін, сірә, Кареев сияқты біреудің «экономикалық материализм» деп аталатын әйтеуір бір тарихи-софистік еңбексымағында тиісті номерлерімен көрсетілген кезде ғана түсінетін болуы керек.

Ең бір оғаштық сол, Михайловский мырза Маркстi «тарихи процестің белгілі теорияларының барлығын қарап шықпады» (sic! *) деп кінәлайды. Мұнысы енді тіпті қызық. Ал бұл теориялардың, $^{9}/_{10}$ бөлегінің, мәнісі неде еді? Қоғам деген, прогресс деген не? — деген сияқты сұрақтарға таза априорлық, догмалық және абстракциялық пікірлер айтуында еді. (Михайловский

* — солай! *Ред.*

мырзаның ақыл-ойы мен жүрегіне жылы тиетін мысалдарды әдейі келтіріп отырмын.) Мұндай теориялар тіпті қазір де бар болғандығы себепті жарамсыз, өздерінің негізгі тәсілдері жағынан, өздерінің түгелдей және оңалмас метафизикалық болғандығы себепті жарамсыз теориялар ғой. Қоғам деген не және прогресс деген не? — деген сұрақтардан бастау—мәселені аяғынан бастау деген сөз. Сіздер ешбір қоғамдық формацияны зерттемей тұрып, ең аяғы қоғамдық формация деген ұғымның өзін анықтап алмай тұрып, ең аяғы ешқандай қоғамдық қатынастарды іс жүзінде шындап үйренуге, объективтік түрде талдауға кірісе алмай тұрып, қоғам мен прогресс атаулы жөніндегі ұғымды қайдан алмақсыздар? Мұның өзі метафизиканың нағыз барып тұрған белгісі, ғылым атаулының бәрі алдымен осыдан бастаған: фактілерді зерттеуге қалай кірісуді білмегендіктен әрқашан жалпы теорияларды a priori * ойлап шығарған, сондықтан бұл теориялар әрқашан жеміссіз болып отырған. Метафизик-химик химиялық процестерді іс жүзінде әлі зерттей алмай жүріп, химиялық тектестік дегеніміз қандай күш? — деген теория ойлап шығарған. Метафизик-биолог өмір және өмірлік күш деген не? — дегенді сөз ететін-ді. Метафизик-психолог жан деген не? — дегенді әңгіме ететін-ді. Мұнда қолданылған тәсілдің өзі-ақ оғаш болатын-ды. Алдымен психикалық процестерді түсіндіріп алмай тұрып, жан туралы сөз етуге болмайды: жан деген не деп жалпы теория және философиялық ереже ойлап шығаруды қойып, белгілі бір психикалық процестерді сипаттайтын фактілерді зерттеу ісін ғылыми негізге қоя білу керек, бұл мәселе жөніндегі прогресс, міне, дәл осындай болуға тиіс. Сондықтан жан дегеніміз не? — деген мәселе жөнінде (психикалық құбылыстың бірде-бірін, тіпті ең қарапайымын да, дұрыс түсінбей тұрып) өмір бойы «зерттеу» жазған метафизик-психологтың ғылыми психологты: сен жан туралы белгілі теориялардың барлығын қайта қарап шықпадың деп кінәлағаны қандай болатын болса, Михайловский мырзаның қойған кінәсы

* — алдын ала, тәжірибеге байланыссыз. *Ред.*

да дәл сондай. Ол, осы ғылыми психолог, жан туралы философиялық теорияларды былай қойып, психикалық құбылыстардың — жүйкетамыр процестерінің материалдық субстратын зерттеуге тікелей кірісті, сөйтіп пәлендей психикалық процесті немесе процестерді талдап тексеріп, оны түсіндірді дейік. Ал біздің метафизик-психолог бұл еңбекті оқып, оны мақтайды — процестер жақсы суреттеліп, фактілері жақсы зерттелген дейді,— сөйте тұра ол бұған қанағаттанбайды. Бұл ғалымның психологияны мүлде өзгеше түсінетіндігі туралы, ғылыми психологияның ерекше методын қолданғандығы туралы маңайындағы адамдардың айтып жүргенін ести салып: ғапу етіңіз, дейді ол қызуланып, бұл метод қай шығармада баяндалды екен? Бұл еңбекте жазылғандардың бәрі «жалаң фактілер ғана» емес пе? Бұл еңбекте «жан туралы осы уақытқа дейінгі белгілі философиялық теориялардың барлығын» қайта қарап шыққандығы туралы тым болмаса ескерту де жоқ емес пе? Бұл мүлде жарамсыз еңбек қой! — деп күйіп-піседі философ.

Қоғамның не екендігі туралы априорлық пікірлердің жеміссіз екенін байқамайтын, мәселені зерттеп, түсіндірудің орнына мұндай тәсілді қолдану қоғам деген ұғымға не ағылшын саудагерінің буржуазиялық идеяларын, не Россия демократының мещандық-социалистік мұраттарын тықпалауға ғана мүмкіндік беретіндігін, одан басқа ешбір нәтиже бермейтіндігін түсінбейтін социолог-метафизик үшін «Капитал» да дәл сол сияқты, әлбетте, жарамсыз еңбек болып көрінеді. Сондықтан да, бұл философиялық-тарихи теориялардың барлығы сабынның көбігіндей лезде көпіріп, лезде жоғалып отырды, бұл теориялар ең мықтағанда өз уақытындағы қоғамдық идеялар мен қатынастардың белгісі болды, бірақ ең болмағанда жеке-дара, оның есесіне нағыз шын қоғамдық қатынастарды («адамның табиғатына сай келетін қатынастарды» емес) адамның дұрыс *түсінуін* титтей де болса алға қарай жылжытқан жоқ. Бұл жөнінде Маркстің жасаған алып адымы дәл мынада: ол қоғам мен прогресс туралы жалпы пікірлердің бәрін былай жинап қойып, оның есесіне *бір* қоғам мен

бір прогресті — капиталистік қоғам мен прогресті *ғылыми* жолмен талдап берді. Ал Михайловский мырза Маркстi істі аяғынан бастамай, басынан бастады, түпкі қорытындылардан бастамай, фактілерді талдап-зерттеуден бастады, тегінде қоғамдық қатынастардың не екендігі жайындағы жалпы теориялардан бастамай, тарих жүзінде белгілі болған жеке-дара қоғамдық қатынастарды зерттеуден бастады деп кінәлайды! Сөйтіп ол: «ал тиісті еңбегі қайда?» — деп сұрайды. Қайран, білгішсінген субъективтік социолог-ай!!

Егер біздің субъективтік философ материализм қай шығармада дәлелденді деген мәселе жөнінде күдіктенсе,— онысы бірсәрі болар еді. Бірақ ол,— материализмді дәлелдеу түгіл, тарихты материалистік жолмен түсінуді баяндаған жерін де ешқайдан таба алмағандығына қарамастан (мүмкін, мұның дәл себебін таба алмағандықтан да болар),— бұл доктринаға оның өзі ешқашан да білдірмеген талаптарды әкеліп таңа бастайды. Блостың: Маркс тарихты мүлде жаңаша *түсінуді* жариялады деген сөзін келтіре салып, ол, ешбір шімірікпестен, бұл теория «адам баласына оның өткен шағын түсіндірді», «адам баласының басынан кешіргендерінің бәрін (sic!!?)» ұғындырды деген сияқтыларды әкеліп таңады. Мұның бәрі шіп-шикі өтірік қой! Бұл теория ешбір басқа қоғам құрылысын емес, тек бір ғана капиталистік қоғам құрылысын түсіндіруді көздейді. Материализмді бір ғана қоғамдық формацияны зерттеуге және оны түсіндіруге қолданудың өзі мұндай тамаша нәтиже берген болса, материализмнің тарихта енді гипотеза болмай, ғылым жүзінде тексерілген теория болып келе жатқаны әбден табиғи нәрсе; мұндай методтың басқа да қоғамдық формацияларға, тіпті іс жүзінде арнайы зерттелмеген және әбден талдап тексерілмеген қоғамдық формацияларға да, қажетті метод екендігі әбден табиғи нәрсе,— дәл осы сияқты, хайуандар мен өсімдіктердің кейбір түрлері жөнінде олардың трансформациялану фактісін дәл анықтау әлі де болса мүмкін болмағанмен, толып жатқан фактілер жөнінде дәлелденген трансформизм идеясы биологияның бүкіл саласына тарайды. Сөйтіп, трансформизм түрлердің

шығуының «бүкіл» тарихын түсіндіруге дәмеленбей, бұл сияқты түсіндірудің тәсілдерін ғылыми дәрежеге көтеруге ғана талпынатыны сияқты, тарихтағы материализм де барлық нәрсені түсіндіруге еш уақытта да дәмеленген емес, ол, Маркстің айтуы бойынша («Капитал»), тарихты түсіндірудің «бірден-бір ғылыми» тәсілін көрсетуге ғана тырысты [34]. Михайловский мырзаның айтыстың қандай өткір, байсалды да әдепті тәсілдерін қолданатынын осыған қарап аңғаруға болады: ол алдымен Маркстің айтқандарын бұрмалайды, тарихтағы материализмге «барлық нәрсені түсіндіргісі», «сыры ашылмаған тарихи істердің бәріне кілт» тапқысы келеді деген сияқты қисынсыз дәмелерді (Михайловскийдің мақалалары жөнінде жазған «хатында» [35] Маркс мұның бәрін бірден, әрине, өте ащы тілмен жоққа шығарды) әкеп таңады да, онан соң, өзі ойлап шығарған осынау дәмелерді ежіктей келіп, ақырында, Энгельстің: материалистердің түсінуінше, саяси экономияны «әлі де жасау керек болады», «біздің одан алғанымыздың бәрі» капиталистік қоғамның тарихымен ғана тынады [36] деген пікірін дәл келтіреді,— дәл пікірі дейтініміз, бұл жолы ол Энгельстің сөзін өзінше баяндамай цитат келтірген,—бұдан ол: «бұл сөздер экономикалық материализмнің аумағын өте тарылтып жіберді!» деген қорытынды шығарады! Мұндай айла-шарғы ешкімнің көзіне түспей кетеді деп ойлау үшін адамның қаншалық шексіз аңқау немесе қаншалық шексіз өркөкірек болуы керек десеңізші! Ол ең алдымен Маркс жөнінде өтірікті соқты, сонан соң өз өтірігін өзі ежіктеді, одан кейін Энгельстің дәл пікірлерін келтірді — сөйтіп енді ұялмай-қызармай: бұл пікірлер экономикалық материализмнің аумағын тарылтады дейді!

Михайловский мырзаның бұл ежіктеуінің түрі мен парқы қандай екенін мына мысалдан көруге болады: «оларды» — яғни экономикалық материализм теорияларының негіздерін — «Маркс еш жерде дәлелдемейді»,— дейді Михайловский мырза. «Рас, Маркс Энгельспен бірге философиялық-тарихи және тарихи-философиялық шығарма жазуға ойланған болатын және оны

жазған да болатын (1845—1846 жылдары), бірақ бұл шығарма ешқашан да басылған емес. Энгельс былай дейді: «Бұл шығарманың бірінші бөлімінде [37] тарихты материалистік жолмен түсіну баяндалады, бұдан біздің экономикалық тарих саласындағы біліміміздің қаншалық жеткіліксіз болғаны ғана көрінеді». Сонымен, «ғылыми социализм» мен экономикалық материализм теориясының негізгі пункттері, авторларының біреуінің өз мойындауы бойынша, мұндай іске керекті білімнің оларда жеткіліксіз болған кезінде ашылып, соның артынан «Манифесте» баяндалған», деп қорытынды жасайды Михайловский мырза.

Рас емес пе, қандай сүйкімді сын бұл! Энгельс біздің экономикалық «тарих» жөніндегі біліміміз жеткіліксіз болды, сондықтан өзіміздің «ортақ» тарихи-философиялық шығармамызды басып шығармадық дейді. Ал Михайловский мырза мұны өзінше бұрмалап, «ғылыми социализмнің негізгі пункттерін» әзірлеу «сияқты іске», яғни бұдан бұрын «Манифесте» істелгеніндей, *буржуазиялық* құрылысты ғылыми жолмен сынауға керекті білім оларда жеткіліксіз болды деп түсіндіреді. Екінің бірі: не Михайловский мырза тарихтың бүкіл философиясын қамту талабы мен буржуазиялық тәртіпті ғылыми тұрғыдан түсіндіру талабының арасындағы айырманы түсіне алмайды, не ол саяси экономияны сынауға Маркс пен Энгельстің білімі жетімсіз болды деп ойлайды. Ал бұлай болған жағдайда ол тым қатал, өйткені бізді бұл жетімсіздік туралы өз пікірлерімен, оған енгізген түзетулерімен және толықтыруларымен таныстырмай отыр. Маркс пен Энгельстің өздерінің тарихи-философиялық еңбектерін жарияламай, барлық күшін бір қоғамдық құрылысты ғылыми тұрғыдан талдап зерттеу жолына жұмсауға бел байлағаны ғылыми адалдықтың ең жоғары дәрежесін көрсетеді. Ал Михайловский мырзаның: Маркс пен Энгельс өз көзқарастарын баяндағанда бұған керекті білімдерінің жеткіліксіз екенін өздері де мойындаған деп, осы қосымшасымақты ежіктеуге бел байлауы оның айтыста қолданған тәсілінде ақылгөйліктен де, сыпайыгершіліктен де еш нәрсе жоқ екендігін ғана көрсетеді.

Тағы бір үлгісі: «Тарихи теория ретіндегі экономикалық материализмді дәлелдеу үшін Маркстің alter ego * — Энгельс көбірек еңбек сіңірді,— дейді Михайловский мырза.— Оның «Морганның көзқарастарына байланысты (im Anschluss) семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген арнаулы тарихи еңбегі бар. Бұл (Anschluss» өте тамаша нәрсе. Американ Морганның кітабы Маркс пен Энгельс экономикалық материализмнің негіздерін жариялағаннан кейін көп жыл өткенде және оған мүлдем байланыссыз жарыққа шықты». Ал енді келіп осы кітапқа «экономикалық материалистер қосылып кетіпті»-міс және мұнымен қатар тарихқа дейінгі дәуірде таптар күресі болмағандықтан, олар тарихты материалистік жолмен түсіну формуласына материалдық бұйымдарды өндірумен қатар адамның өзін өндіру де, яғни бала тудыру да шешуші жағдай болып табылады деген «түзету» енгізіпті-міс, ал бала тудыру алғашқы қауымдық заманда, еңбек өзінің өнімділігі жағынан өте нашар дамыған кезде ең бірінші роль атқарған.

«Морганның сіңірген ұлы еңбегі сол,— дейді Энгельс,— ол Солтүстік Америка үндістерінің ру қатынастарынан ежелгі грек, рим және герман тарихының бұған дейін шешілмей келген өте маңызды жұмбақтарының шешуін тапты» [38].

«Сонымен,— деп соғады Михайловский мырза бұл жөнінде,—40-жылдардың аяқ кезінде тарихты мүлдем жаңаша, материалистік және нағыз ғылыми жолмен түсінушілік ашылып, жария етілді, ал мұның тарих ғылымы үшін істегені дәл Дарвин теориясының қазіргі жаратылыстану үшін істегеніндей болды». Бірақ бұл түсінушілік — деп Михайловский мырза сонан кейін тағы да бір рет қайталайды — еш уақытта да ғылым жүзінде дәлелденген емес. «Мұның өзі көптеген және сан алуан нақты материал арқылы тексерілмегені былай тұрсын (ал «Капитал» — «жарамсыз» еңбек: онда жалаң фактілер мен жалықпай жүргізілген зерттеулер ғана бар!), тіпті басқа философиялық-тарихи жүйелер-

* — екінші мені, сыңары. *Ред.*

ді сынап, бекерге шығару жолымен болса да жеткілікті түрде дәлелдеген де жоқ». Энгельстің — «Herrn E. Dührings Umwälzung der Wissenschaft» * — кітабы жол-жөнекей айтылған тапқырлық әрекеттер ғана», сондықтан Михайловский мырза бұл «тапқырлық әрекеттер» «утопиядан бастайтын» социологиялардың мағынасыздығын өте тапқырлықпен көрсететіндігіне қарамастан, бұл шығармада «күштеу теориясының», экономикалық тәртіптердің саяси-юридикалық тәртіптерді анықтауына негіз болып отырған және «Русское Богатстводағы» публицист мырзалар жанып сала жүзеге асырып отырған теорияның егжей-тегжейлі сыналғанына қарамастан, осы шығармада сөз болған толып жатқан мәнді мәселелерді мүлде елеусіз қалдырып кетуді мүмкін деп санайды. Шынында да, шығармада материалистік жолмен шешілген ең болмағанда бір мәселені шындап талдаудан гөрі шығарма туралы ешбір мағынасы жоқ бірнеше сөз айта салған оңай да ғой; оның үстіне бұл қауіпті де емес, өйткені цензура бұл кітаптың аудармасын еш уақытта да жібермейтін болу керек, сондықтан Михайловский мырза өзінің субъективтік философиясына қауіп келтірмей-ақ ол кітапты тапқырлықпен жазылған кітап деп атай алады.

Тағы бір айта қаларлық және сабақ боларлық нәрсе (адамға тілдің өз пікірін жасыру үшін — немесе бос сөзге ой-пікір формасын телу үшін — біткенін көрсететін нәрсе), Маркстің «Капиталы» жөнінде айтылған пікір. ««Капиталдың» тарихи мазмұнда жазылған тамаша жақсы жерлері бар, **бірақ** (бұл «бірақ» неткен тамаша! Мұның өзі тіпті «бірақ» емес, кәдімгі атышулы «mais», мұның біздің тілімізге аударғандағы мәнісі: «құлақ маңдайдан жоғары өспейді» деген сөз) бұл жерлері кітаптың алдына қойған міндеті бойынша белгілі бір тарихи дәуірге ғана арналған және экономикалық материализмнің негізгі қағидаларын дәлелдеп көрсетпейді, тек қана тарихи құбылыстардың белгілі бір тобының экономикалық жағына тоқталып өтеді». Басқа сөзбен айтқанда: «Капитал» — тек капиталистік қоғам-

* — «Е. Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі». *Ред.*

ды зерттеуге ғана арналған шығарма — осы қоғамды және оның қондырмаларын материалистік жолмен талдайды, «б і р а қ» Михайловский мырза бұл талдауды елемей кетуді мақұл көреді; бұл арада, көріп отырған боларсыздар, әңгіме тек «бір» дәуір туралы ғана болып отыр, ал ол, Михайловский мырза, барлық дәуірді қамтығысы келеді, қамтығанда бірде-бір дәуір туралы арнайы әңгіме етпейтіндей болып қамтығысы келеді. Бұл мақсатқа жету үшін — яғни шындығында бірде-бір дәуірге тоқталмай-ақ барлық дәуірді қамту үшін — бір ғана жол бар: ол — «сырты сұлу», бірақ іші қуыс, жалпылама, бос сөздер айту жолы. Ал сылдыр сөзбен құтылып шығу өнеріне келгенде Михайловский мырза алдына жан салмайды. Бақсақ, ол, Маркс, «экономикалық материализмнің негізгі қағидаларын дәлелдеп көрсетпей, тек қана тарихи құбылыстардың белгілі бір тобының экономикалық жағына ғана тоқталып өтеді» екен, сондықтан Маркстің зерттеулеріне (жеке) тоқталудың қажеті жоқ көрінеді. Қандай терең ойлылық десеңізші! — «Дәлелдеп көрсетпейді», «тек қана тоқталып өтеді»! — Шынында да, қай мәселені болса да құрғақ сөзбен бүркей салу оңай екен ғой! Мәселен, егер Маркс праволық мемлекеттің азаматтық тең праволылық, ерікті шарт және сол сияқты негіздері товар өндірушілердің қатынастарынан қалай туатындығын талай рет көрсетсе,— мұны не деп есептеуге болады? Маркс мұнысымен материализмді дәлелдеп көрсеткен бола ма, әлде оған «тек қана» тоқталып өткен бола ма? Біздің философымыз өзіне тән кішіпейілділікпен нақты жауап беруден бойын аулақ салып, сөйлеуге сұлу, бірақ айтарға нәрі жоқ өзінің «тапқырлық әрекеттерінен» тікелей қорытынды жасайды.

Бұл қорытындыда былай делінген: «Бүкіл дүние жүзілік тарихты көрсетуге дәмеленген теория жарияланғаннан кейін 40 жыл өткен соң да ежелгі грек, рим және герман тарихы ол теория үшін шешілмеген жұмбақ күйінде қалғандығы таңқаларлық нәрсе емес; ал бұл жұмбақтарды шешетін кілтті, біріншіден, экономикалық материализм теориясына ешбір қатысы жоқ, ол теория туралы еш нәрсе білмеген адам тауып берді,

екіншіден, экономикаға жатпайтын фактор арқылы тауып берді. Энгельстің экономикалық материализмнің негізгі формуласымен ең болмаса сөз жүзіндегі байланысын сақтау үшін қолданып отырған «адамның өзін өндіру», яғни бала тудыру деген термині біраз күлкілі әсер туғызады. Алайда адам баласының тіршілігі талай ғасырлар бойы осы формула бойынша қалыптаспағанын ол амалсыз мойындап отыр». Иә, шынында да, Михайловский мырза, Сіздің бұлай айтысуыңыз тіпті «таңқаларлық нәрсе емес»! Бұл теория тарихты «көрсету» үшін дәлелдерді қоғамның идеологиялық қатынастарынан емес, материалдық қоғамдық қатынастарынан іздеу керек дейді. Нақтылы материалдың жетімсіздігі бұл тәсілді Европаның ежелгі тарихының кейбір өте маңызды құбылыстарын, мәселен, гентильдік ұйымды [39] талдау үшін қолдануға мүмкіндік бермеді, осының кесірінен ол жұмбақ күйінде қалып келді *. Бірақ Америкада Морган жинаған мол материал оған гентильдік ұйымның мәнісін талдауға мүмкіндік берді, сөйтіп ол мұның мәнісін түсіндіретін дәлелдерді идеологиялық қатынастардан емес (мәселен, праволық немесе діни қатынастардан емес), материалдық қатынастардан іздеу керек деген қорытынды жасады. Бұл фактінің материалистік методты соншалықты тамаша дәлелдеп көрсететіндігі,— онан басқа еш нәрсені де дәлелдеп көрсетпейтіндігі анық нәрсе. Михайловский мырза бұл доктринаға *мін тағып,* біріншіден, ең қиын тарихи жұмбақтарды шешу кілтін экономикалық материализм теориясына «ешбір қатысы жоқ» адам тапты дейтін болса, онда кейбір адамдардың пайдалы сөзді өздеріне қатты соққы беретін сөзден айыра білмегендігіне тек таңдануға тура келеді. Екіншіден, бала тудыру — экономикалық фактор емес,— дейді біздің философ. Бірақ Сіз Маркстің не Энгельстің ылғи экономикалық материализм туралы ғана сөз қылғанын олар-

* Михайловский мырза бұл арада да білгішсініп бағады: бұл қалай, әрі тарихты ғылыми жолмен түсіну дейсіздер де, әрі ежелгі тарих жұмбақ күйінде қалды дейсіздер! Сіз, Михайловский мырза, гентильдік ұйым туралы мәселе ең қиын мәселелердің қатарына қосылатындығын, мұны түсіндіру үшін толып жатқан теориялардың туғанын кез келген оқулықтан оқып біле аласыз.

дың қай шығармаларынан оқыдыңыз? Олар өздерінің дүниеге көзқарасын сипаттай келіп, оны тек материализм деп атаған болатын. Олардың негізгі идеясы: қоғамдық қатынастар материалдық және идеологиялық болып екіге бөлінеді дейді (бұл идея жоғарыда Маркстен алынған цитаттың өзінде де өте анық көрсетілген). Идеологиялық қатынастар — адамның өз тіршілігін сақтау үшін істеген ісінің (нәтижесі) формасы ретінде, адамның еркі мен санасынан тыс қалыптасатын материалдық қатынастардың қондырмасы ғана. Саяси-юридикалық формалардың түсінігін — дейді Маркс жоғарыда келтірілген цитатта — «материалдық тұрмыс қатынастарынан» іздеу керек. Әлде Михайловский мырза бала тудыру жөніндегі қатынастар идеологиялық қатынастарға жатады деп ойламай ма екен? Михайловский мырзаның бұл жөніндегі түсініктерінің ерекшелігі сонша, оларға тоқталып өтуге тура келеді. «Бала тудыру мен экономикалық материализмнің арасында,— дейді ол,— сөз жүзінде болса да байланыс жасау үшін бала тудыру жөнінде қаншама әуреленсек те, мұның өзі қоғамдық өмірдегі құбылыстардың күрделі шумағында басқа құбылыстармен, оның ішінде экономикалық құбылыстармен де, қалай қиюласып ұштасса да, бала тудырудың өзіне тән, физиологиялық және психикалық тамырлары бар. (Михайловский мырза, Сіз бала тудырудың физиологиялық тамырлары бар деген сөзді емшектегі балаға айтып отырған жоқсыз ба!? Сіз бұл жерде кімді алдамақсыз?) Ал мұның өзі бізге экономикалық материализмнің теоретиктері тарих былай тұрсын, тіпті психологияны да меңгере алмағанын аңғартады. Цивилизациялы елдердің тарихында рулық байланыстардың маңызы жойылғандығында ешбір күмән жоқ, бірақ дәл жыныс, семья байланыстары жөнінде мұны жаңағыдай сеніммен айта қою екіталай. Әрине, бұл байланыстар жалпы өмірдің күрделілене түсуі нәтижесінде қатты өзгерістерге ұшырап отырды, бірақ белгілі бір диалектикалық ептілік болса, тек юридикалық қатынастар ғана емес, экономикалық қатынастардың өздері де жыныс, семья қатынастарының қондырмалары деп дәлелдеуге болар еді. Біз мұнымен айналысып

жатпаймыз, бірақ сөйтсе де мұрагерлік тәртібін көрсетіп кетеміз».

Ақыр аяғында біздің философымыз бос сөз саласынан шығып * белгілі, тексеруге келетін және істің мәнісін оп-оңай «көмескілеуге» жол бермейтін фактілерге келіп жетті. Ал енді Марксті сынаған сыншымыздың мұрагерлік тәртібі — жыныс, семья қатынастарының қондырмасы деп қалай дәлелдейтіндігін байқап көрейік. Экономикалық өндірістің өнімдері,— деп пайымдайды Михайловский мырза,— мұраға көшеді («Экономикалық өндірістің өнімдері»!! Неткен сауаттылық! қандай әсем! және қандай әдемі тіл!), ал мұрагерлік тәртібінің өзі де іс жүзінде белгілі дәрежеде экономикалық бәсекеге байланысты болады. Бірақ, біріншіден, мұраға материалдық бұйымдарға жатпайтын бұйымдар да қалдырылады,— мұның өзі балаларды әкелерінің рухында тәрбиелеудің қамын ойлаудан көрінеді». Сонымен, балаларды тәрбиелеу ісі мұрагерлік тәртібіне жатады екен ғой! Мәселен, Россияның азаматтық заңдарында «балалардың ата-анасы үйдегі тәрбие арқылы олардың (балалардың) мінез-құлқын баулуға және үкіметтің бағытына жәрдемдесуге тиіс» деген статья бар. Сірә, біздің философымыз мұрагерлік тәртібі деп осыны айтып отырған жоқ па екен? — «ал екіншіден,— тіпті осы экономика саласында қала отырып-ақ,— егер мұрагерлік тәртібі мұраға қалдырылатын өндіріс өнімдерінсіз болмайды десек, онда ол «бала тудырудың» нәтижесінсіз де,— онсыз және оған тікелей кіретін күрделі және шыңы жетілген психикасыз да бола алмайды». (Жоқ, сіз: күрделі психика бала тудырудың нәтижесіне «кіреді» деген сөзге көңіл бөліңіз! Мұның өзі тамаша сөз ғой!) Демек, мұрагерлік тәртіп дегеніңіз семья, жыныс қатынастарының қондырмасы, өйткені мұра дегеніңіз бала тудырусыз мүмкін емес қой! Иә, мұның өзі Американы ашқандықтың дәл өзі емес не!

---

* Шынында да, материалистердің түрлі-түрлі тарихи мәселелерге сан рет материалистік жолмен берген түсініктерінің ішінен *тіпті бірде-бірін* талдауға кіріспей тұрып, материалистерді тарихты меңгере алмады деп кінәлау сияқты әдісті немесе мұны дәлелдеуге болар еді, бірақ біз мұнымен айналысып жатпаймыз деген сөзді бос сөз демегенде не деп атау керек?

Жұрттың бәрі осы уақытқа дейін тамақ ішудің қажеттігі меншік тәртібін оншама түсіндіре алмайтыны сияқты, бала тудыру да мұрагерлік тәртібін оншама түсіндіре алмайды деп ойлап келді. Жұрттың бәрі осы уақытқа дейін, мәселен, Россияда поместьелік система[40] өрлеген дәуірде жер мұраға көше алмаған болса (өйткені жер тек шартты меншік деп саналатын), мұның түсінігін сол кездегі қоғамдық ұйымның өзгешеліктерінен іздеу керек деп ойлап келген еді. Михайловский мырза, сірә, мұның мәнісі оп-оңай: сол кездегі помещиктің бала тудыру нәтижесіне кірген психика онша күрделі болмаған деп ойлайтын болуы керек.

Біз жұртқа әйгілі нақыл сөзді сәл өзгерте айтып, «халық досын» жона түссеңіз, сіз буржуаны табасыз дей аламыз. Шынында да, мұрагерлік тәртібінің бала тәрбиелеумен және бала тудыру психикасымен, тағы сондайлармен байланыстылығы туралы Михайловский мырзаның бұл сөздерінен бала тәрбиелеу ісі сияқты, мұрагерлік тәртібі де мәңгілік, қажетті және қасиетті нәрсе дегеннен басқа қандай мағына шығуы мүмкін! Рас, Михайловский мырза «мұрагерлік тәртібі белгілі дәрежеде экономикалық бәсеке фактісіне байланысты» деп өзіне құтыларлық жол қалдыруға тырысқан, бірақ мұнысы тек сұраққа тура жауап беруден жалтаруға тырысқандық қой, оның үстіне жарамсыз тәсілдермен жалтаруға тырысқандық қой. Мұраның нақ қандай «белгілі дәрежеде» бәсекеге байланысты болатындығы жөнінде бізге бірде-бір сөз айтылмай отырғанда, бәсеке мен мұрагерлік тәртібі арасындағы бұл байланыстың қалайша болатындығы мүлде түсіндірілмей отырғанда, бұл ескертуді біз қалай еске алмақпыз? Шынында да, мұрагерлік тәртібі жеке меншіктіліктің барлығын көрсетеді, ал жеке меншік айырбас шыққаннан соң ғана пайда болады. Жеке меншік қоғамдық еңбектің түрлі мамандыққа бөліне бастауына және рыноктағы өнімдердің иесін өзгертуіне негізделеді. Мәселен, үндістердің алғашқы қауымдық құрылысының мүшелері өздеріне қажетті өнімдерді барлығы бірігіп өндіріп тұрған уақытта жеке меншіктің болуы да мүмкін емес еді. Қауымда еңбек бөлінісі еніп, қауым мүшелерінің әрқай-

сысы жеке-дара белгілі бір өнім өндірумен шұғылданып, оны рынокқа сата бастаған кезде, товар өндірушілердің материалдық жағынан осылайша даралануынан келіп жеке меншіктілік тәртібі шықты. Жеке меншік те, мұра да дараланған, ұсақ семьялар (моногамдық) құралып, айырбас дами бастаған кездегі қоғамдық тәртіптердің категориялары болып табылады. Михайловский мырзаның алған мысалы оның дәлелдегісі келген ойын керісінше дәлелдейді.

Михайловский мырзаның тағы да бір нақты пікірі бар,— онысы да өзінше бір асыл сөз! Михайловский мырза материализмді түзетіп былай дейді: «Рулық байланыстарды алатын болсақ, олар ішінара өндіріс формаларының тигізген ықпалы арқылы (тағы бір бұлтарыс, бұрынғыдан да гөрі ашық бұлтарыс. Өндірістің дәл қандай формаларының ықпалы? Бос сөз!) цивилизациялы халықтардың тарихында ізін жойып кетті, ал ішінара өздерінің онан әрі өмір сүре беруі және ұласуы арқылы — ұлттық байланыстар арқылы ыдырады». Демек, ұлттық байланыстар дегеніміз рулық байланыстардың жалғасы және ұласуы екен ғой! Михайловский мырза өзінің қоғам тарихы туралы түсінігін, сірә, гимназистерге үйретілетін балалар ертегісінен алған болу керек. Қоғамдық тарихта — дейді осынау жазба доктринасымақ — алдымен семья болды, ал мұның өзі — қоғам атаулының ұясы *, сонан кейін семья өсе келе тайпаға, тайпа өсе келе мемлекетке ұласты дейді. Егер Михайловский мырза осындай балалық бәлдір-батпақты пандана қайталап отырған болса, мұның өзі,— басқаларының барлығын былай қойғанда,— оның тым болмаса орыс тарихының барысы туралы да ешбір түсінігінің жоқ екенін ғана көрсетеді. Егер ежелгі Русь елінің рулық тұрмысы туралы сөз қылсақ,— орта ғасырлардың өзінде-ақ, Москва патшалығы тұсында, бұл рулық байланыстар болған жоқ, яғни мемлекет мүлдем рулық одақтарға емес, жергілікті одақтарға негізделді:

* Бұл — нағыз буржуазиялық идея: бытыраңқы, ұсақ семьялар тек буржуазиялық тәртіп тұсында ғана үстем болды; семьялар тарихқа дейінгі уақытта мүлде болған жоқ. Қазіргі заман тәртіптерінің белгілерін барлық заманда және барлық халықтарда болды деу — буржуаға тән ала-бөтен ерекшелік.

помещиктер мен монастырьлер өздеріне шаруаларды әр жақтан алып отырды, сөйтіп осы жолмен құралған қауымдар таза территориялық одақтар болды. Бірақ сөздің шын мағынасында ол кездегі ұлттық байланыстар туралы айта қою екіталай: мемлекет бөлек-бөлек «жерлерге» бөлінді, кей жерлерде тіпті бұрынғы автономияның нақтылы ізін, басқару ісіндегі ерекшеліктерін сақтап қалған, қайсыбір реттерде өзінің бөлек әскері (жергілікті боярлар соғысқа өз полктерімен шығып отырды) бар, ерекше баж шекаралары, т. с. бар князьдықтарға бөлінді. Бұл сияқты облыстар, жерлер және князьдықтар орыс тарихының тек жаңа кезеңінде ғана (шамамен айтқанда 17 ғасырдан бастап) тұтас бір мемлекет болып іс жүзінде біріккендігі көріпеді. Бұл бірігуді, ардақты Михайловский мырза, рулық байланыстар туғызған жоқ, тіпті рулардың онан әрі өмір сүруі мен ұласуы да туғызған жоқ: бұл бірігуді облыстардың арасындағы күшейіп келе жатқан айырбас, біртіндеп өсіп келе жатқан товар айналысы, жергілікті ұсақ рыноктардың бірыңғай бүкіл россиялық рынокқа айналуы туғызды. Бұл процесті басқарып, оны билеген капиталист-көпестер болғандықтан, бұл сияқты ұлттық байланыстардың жасалуы нақ буржуазиялық байланыстардың жасалуы болды. Михайловский мырза өзінің екі пікірімен өзін-өзі дүреледі және ол бізге буржуазиялық сорақылықтың үлгісінен басқа еш нәрсені де көрсеткен жоқ; *сорақылық* дейтініміздің себебі, ол мұрагерлік тәртібін бала тудыру және оның психикасы арқылы, ал ұлтты — рулық байланыстар арқылы түсіндірді, *буржуазиялық* дейтініміздің себебі, белгілі бір тарихи қоғамдық формацияның (айырбасқа негізделген формацияның) категориялары мен қондырмаларын бала тәрбиелеу мен «тікелей» жыныс байланыстары сияқты жалпыға ортақ және мәңгілік категориялар деп есептеді.

Мұндағы өте ерекше бір нәрсе, біздің субъективтік философымыз құр сөзден іс жүзіндегі нақты пікірлерге көшуге әрекет жасасымен-ақ батпаққа белшесінен батты. Ал ол отырған жері онша таза болмаса да, сірә, оның өзіне өте қолайлы позиция болса керек: жайласып

отырып алып сәнденеді, айналасына батпақ шашады. Ол, мәселен, тарих дегеніміз тап күресінің толып жатқан кезеңдері деген қағиданы теріске шығарғысы келеді, сөйтіп мұның өзі «шектен шыққандық» дегенді айтып, терең ойлы пішінмен былай дейді: «Тап күресін жүргізу мақсатымен Маркс ұйымдастырған жұмысшылардың халықаралық қоғамы француз жұмысшылары мен неміс жұмысшыларының бірін-бірі қырып, күйзелтуіне бөгет жасаған жоқ», сондықтан бұл «ұлт менмендігі мен ұлт өшпенділігі кесапатын» материализмнің жеңе алмағанын дәлелдейді-міс. Бұлай деу сауда буржуазиясы мен өнеркәсіп буржуазиясының өте нақтылы мүдделері осы өшпенділіктің басты негізі екенін және ұлттық сезімді өз алдына жеке фактор деу— істің мәнісін көмескілеу ғана болатынын сыншының мүлде түсінбегендігін көрсетеді. Айтқандай, біздің философымыздың ұлт жөнінде қандай терең ұғымының бар екенін біз жоғарыда көріп өттік. Михайловский мырза Интернационалға [41] таза бурениндік [42] кекесінмен қарамаса, басқаша қарай алмайды: «Маркс — жұмысшылардың, рас, қазірде тарап кеткен, бірақ қайта құрылу мүмкіндігі бар халықаралық қоғамының басшысы». Әрине, егер «Русское Богатствоның» 2-номеріндегі ішкі тұрмыс бөлімі хабаршысының мещандық сорақылықпен көкіп отырғаны сияқты, «әділ» айырбас жүйесіне халықаралық ынтымақтың nec plus ultra * деп қарайтын болса, айырбастың әділі де, әділ емесі де қашан да болса буржуазияның үстемдігін керек етіп, соны енгізетінін және айырбасқа негізделген шаруашылық ұйымды жоймайынша халықаралық соқтығысуларды тоқтату мүмкін емес екенін түсінбейтін болса,— онда Интернационалды келемеж етуден басқа еш нәрсе бітірмеуі түсінікті. Онда Михайловский мырзаның мынадай қарапайым шындықты пайымдай алмауы да түсінікті: ұлт өшпенділігіне қарсы күресу үшін әрбір жеке елде езілгендер табын езушілер табына қарсы күреске ұйымдастырып, топтастырудан басқа, жұмысшылардың осындай ұлттық ұйымдарын халықаралық

* — ақтық шегі. *Ред.*

капиталға қарсы күресетін жұмысшылардың халықаралық бір армиясы етіп біріктіруден басқа жол жоқ. Ал енді Интернационал жұмысшылардың бірін-бірі қыруына бөгет жасамады дегенге келетін болсақ, бұл жөнінде соғысты жүргізген билеуші таптарға ұйымдасқан пролетариаттың шын көзқарасын көрсеткен Коммуна оқиғаларын Михайловский мырзаның есіне салсақ, соның өзі де жеткілікті.

Михайловский мырзаның бүкіл осы айтысындағы аса бір ашындыратын жері — оның дәл осы тәсілдері. Егер ол Интернационалдың тактикасына наразы болса, егер ол Европа жұмысшыларының ұйымдасуына себеп болған идеяларға қосылмайтын болса,— тым болмаса ол идеяларды тура және ашық сынап, бұдан гөрі қолайлы тактика туралы, дұрысырақ көзқарастар туралы өзінің пікірлерін айтып берсе екен-ау. Ешбір белгілі, ашық қарсы пікір айтылмай, мағынасыз келемеж сөздер телегей теңіз бос мылжыңның ішінде кез келген жерде кездесе береді. Әсіресе Россияда Интернационалдың идеялары мен тактикасын ашық түрде жақтауға рұқсат етілмейтіндігін еске алсақ, мұны пасық сөздер деп қалай айтпассың? Михайловский мырзаның орыс марксистеріне қарсы айтыста қолданатын тәсілдері де нақ осындай: орыс марксистерінің белгілі бір қағидаларын тура және нақтылы сынға алу үшін марксистердің қағидаларын адал және дәл тұжырымдауға ешбір еңбектенбестен, ол құлағына шалынған маркстік дәлелдемелердің үзінділеріне ғана жармасып, оны бұрмалап көрсетуді тәуір көреді. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: «Қоғамдық құбылыстардың тарихи қажеттілігі және заңға сәйкестілігі туралы идеяны нақ өзім аштым деп ойлау үшін Маркс тым ақылды және тым оқымысты адам болды... Төменгі басқыштарда (маркстік сатының басқыштарында *) мұны («тарихи қажеттілік идеясы

* Бұл мағынасыз термин жөнінде мынаны ескерте кету керек: Михайловский мырза Маркстi (Маркс тым ақылды және тым оқымысты адам, біздің сыншымыз оның белгілі бір қағидасын тура және ашық сынай алмайды) айрықша бөліп алып көрсетеді, онан соң Энгельсті («оншама творчестволық ақыл иесі емес»), сонан кейін Каутский сияқты азды-көпті дербес адамдарды және қалған марксистерді атап өтеді. Ал осылайша топтастырудың қандай елеулі маңызы болмақ? Егер сыншы Маркстi көпшілікке таныстырушыларға наразы болатын

Маркстің ойлап шығарған немесе оның ашқан жаңалығы емес, әлдеқашан анықталған шындық» екенін) білмейді немесе, ең болмағанда, бұл шындықты анықтауға ғасырлар бойы ақыл-ой күші мен жігері жұмсалып келгенін күңгірт түсінеді».

Марксизм туралы бірінші рет естіп отырған жұртқа мұндай сөздер шынымен әсер ете алатындығы және мұндай жұрт ішінде сыншы өз мақсатына: шындықты бұрмалауға, білгішсінуге, сөйтіп «жеңіп шығуға» (Михайловский мырзаның мақалалары туралы «Русское Богатство» қызметкерлерінің берген бағасы осындай дейді) оп-оңай жете алатындығы түсінікті. Ал Марксті аз болса да білетін адам бұл сияқты тәсілдердің мүлде жалған екенін және жел сөз екенін бірден-ақ көре алады. Маркспен келіспеуге болады, бірақ Маркстің бұрынғы социалистерге қарағанда жаңалық болып есептелетін өз көзқарастарын өте анық тұжырымдағандығы жөнінде таласуға болмайды. Бұл жаңалық мынау: бұрынғы социалистер оздерінің көзқарастарын дәлелдеу үшін сол замандағы тәртіп тұсында бұқараның езіліп отырғандығын, әркімге өзінің өндіргенін пайдалануды қамтамасыз ететін құрылыстың артық екендігін, бұл сияқты мінсіз құрылыстың «адамның табиғатына», ақылға қонымды адамгершіл тұрмыс ұғымына сәйкес келетіндігін және т. с. көрсетсе жеткілікті деп есептеді. Маркс мұндай социализмге қанағаттануға болмайды деп есептеді. Маркс қазіргі заманғы құрылысты сипаттаумен, оған баға берумен және оны мінеумен қанағаттанған жоқ; ол европалық және европалық емес түрлі мемлекеттердегі осы заманғы әр түрлі құрылысты жалпы негізге — капиталистік қоғамдық формацияға әкеп тірей отырып, оны ғылыми тұрғыдан түсіндірді; ол капиталистік қоғамдық формацияның өмір сүруі мен даму заңдарын объективтік тұрғыдан талдап берді (ол осы құрылыс тұсында қанаушылықтың *қажеттілігін* көрсетті). Ұлы утопист социалистер мен олардың болмашы эпигондары субъективтік социологтар айтып

болса,— оған оларды Маркс жолымен түзетуіне кім бөгет жасайды? Ол мұндай еш нәрсе де істемей отыр. Оның тапқырлық көрсеткісі келсе керек, бірақ мұнысы тым өрескел болып шыққан.

жүргеніндей, адамның табиғатына бір ғана социалистік құрылыс үйлеседі деген сөздерге қанағаттануды да ол мүмкін емес деп санады. Ол капиталистік құрылысты өзінің сол *объективтік* талдауы арқылы капиталистік құрылыстың социалистік құрылысқа айналуы *қажет екендігін* дәлелдеді. (Маркс мұны дәл қалай дәлелдеді және бұған Михайловский мырза қалай қарсылық жасады деген мәселеге бізге тағы да қайта оралуға тура келеді). Марксистерде жиі кездесіп отыратын қажеттілікке сүйенушіліктің қайнар бұлағы, міне, осы. Михайловский мырзаның мәселеге енгізген бұрмалауы айқын көрініп отыр: ол теорияның бүкіл нақты мазмұнын, оның бар мәнін шығарып тастады да, мәселені бүкіл теория «қажеттілік» деген бір ғана сөзге келіп тірелетін сияқты етіп көрсетті («практикалық күрделі істерде жалғыз осы сөзге ғана сүйенуге болмайды»), бұл теорияның *дәлелділігі* тарихи қажеттіліктің осылай талап етуінде деген сияқты. Басқа сөзбен айтқанда, Михайловский мырза доктринаның мазмұны жөнінде үндемей қалып, оның құр атына жармасты, ал енді келіп Маркс ілімін өз білігінше «қарапайым дөрекі үйірмеге» айналдырып, сол үйірме жөнінде тағы да білгішсініп отыр. Әрине, біз бұл білгіштікке зер салып отырмаймыз, өйткені біз бұл нәрсемен жете таныстық. Михайловский мырза Буренин мырзаны мәз-майрам қылып, оның алдында ойнақтай берсін (Буренин мырза «Новое Времяда» [43] Михайловский мырзаның басынан тектен-текке сипаған жоқ қой), Маркске көз алдында қошемет көрсете отырып, тасадан оған: «оның утопистер мен идеалистерге қарсы айтысы онсыз да», яғни мұның дәлелдерін марксистердің қайталауынсыз-ақ «сыңаржақ айтыс» деп шәуілдей берсін. Біз мұндай әдепсіздікті шәуілдеу дегеннен басқаша атай алмаймыз, өйткені ол бұл айтысқа қарсы іс жүзінде кездесетін, айқын белгілі, тексеруге болатын *бірде-бір* қарсы пікір айтқан жоқ; сондықтан,— біз орыстың социалистік мәселелерін шешу үшін бұл айтысты өте маңызды деп есептеп, бұл тақырып жөніндегі әңгімеге қаншалықты ықыласымызбен араласқымыз келгенімен,— біз мұн-

дай шәуілдеушілікке мүлде жауап бере алмаймыз, тек қана таңырқап былай дейміз:

Пілге де үрген қандеңді қалай мықты демессің!

Михайловский мырзаның тарихи қажеттілік туралы бұдан кейінгі пікірі де қызық, өйткені бұл пікір «біздің белгілі социологтың» (бұл атақпен Михайловский мырза «мәдениетті жұртшылығымыздың» либерал өкілдерінің арасында В. В. мырзамен бірдей пайдаланады) шын идеялық білімінің бетін бізге аздап болса да ашып береді. Ол «тарихи қажеттілік идеясы мен жеке адам ісінің маңызы арасындағы тартыс» туралы сөз қылады: қоғам қайраткерлері өздерін қайраткерлерге балап адасып жүр, шынында олар — «туындылар», «тарихи қажеттіліктің имманенттік заңдары арқылы құпия сырлы түкпірден қимылға келтіріліп отыратын жанды қуыршақтар»,— бұл идеядан осындай қорытынды шығадымыс, сондықтан да бұл идея «жеміссіз» және «дерексіз» идея деп аталады дейді. Михайловский мырзаның осынау бос мылжыңның бәрін — жанды қуыршақ. т. с.— қайдан алғаны оқушылардың барлығына бірдей түсінікті болмауы мүмкін. Істің мәні мынада: субъективтік философтың аса құмарта сөз қылатын мәселелерінің бірі — детерминизм мен адамгершіліктің арасындағы тарихи қажеттілік пен жеке адам маңызының арасындағы тартыс туралы идея. Ол бұл тартысты адамгершілік пен жеке адамның ролінің пайдасына шешу үшін бұл туралы құлаш-құлаш қағаздар жазып, сансыз көп мещандық-көлгірсіген сандырақты үйіптөкті. Шынында, бұл арада ешбір тартыс жоқ: бұл тартысты Михайловский мырза ойынан шығарып отыр; ол өзінің жанындай жақсы көретін мещандық моралының негізін детерминизм жойып жібереді деп қауіптенді (оның қауіптенуі орынды да). Детерминизм идеясы адам қылықтарының қажетті іс екенін анықтай отырып, ерік бостандығы жайындағы жалған ертегіні теріске шығара отырып, адамның ақылын да, ар-ұятын да, адамның әрекеттеріне баға беруді де ешбір жоймайды. Мүлде мұның керісінше, тек детерминистік көзқарасты ұстағанда ғана кез келген нәрсені адамның азат

еркіне аудара салмай, дәл және дұрыс баға беруге болады. Сондай-ақ тарихи қажеттілік идеясы да жеке адамның тарихтағы ролін ешбір кемітпейді: бүкіл тарих нағыз қайраткерлер ретіндегі жеке адамдардың іс-әрекетінен құралады. Жеке адамның қоғамдық ісіне баға бергенде туатын шын сұрақ мынау: жеке адамның бұл ісінің жемісті болуы қандай жағдайларда қамтамасыз етіледі? бұл істің телегей-теңіз қарсы әрекеттердің арасында жоғалып кететін жеке-дара әрекет болып қалмауына кепілдік қайсы? Социал-демократтар мен орыстың өзге социалистері түрліше шешіп жүрген: социалистік құрылысты жүзеге асыруға бағытталған іс елеулі жемістерге жеткізу үшін бұқараны өзіне қалай тартуға тиіс?—деген мәселе де осыдан келіп туып отыр. Анығында, бұл мәселенің шешілуі Россиядағы қоғамдық күштердің топқа жіктелуін, орыстың өмір шындығын бейнелейтін таптар күресін танып білуге тура және тікелей байланысты, ал Михайловский мырза бұл жолы да тым болмаса мәселені дәл қоюға және ол жөнінде белгілі бір шешім айтуға әрекет жасамастан, тек мәселенің төңірегінде айналшықтап жүрді де қойды. Жұртқа мәлім, мәселені социал-демократтарша шешу орыстың экономикалық тәртіптері буржуазиялық қоғам болып табылады дейтін көзқарасқа негізделеді, бұл қоғамнан құтылудың бір-ақ жолы бар, мұның өзі сөзсіз буржуазиялық құрылыстың түпкі мәнінен келіп шығады, атап айтқанда бұл жол — пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресі. Анығында, күрделі сын біздің тәртіптеріміз буржуазиялық тәртіптер деген көзқарасқа қарсы, не бұл тәртіптердің мәні мен даму заңдары жөніндегі түсінікке қарсы бағытталуы керек еді,— бірақ күрделі мәселелерді қозғау дегеніңіз Михайловский мырзаның ойына кіріп те шықпайды. Ол қажеттілік дегеніміз тым жалпылама ұғым деген сияқты мағынасыз сылдыр сөздермен құтылып кетуді артық көреді. Михайловский мырза-ау, егер Сіз қақтаған балық тәрізді әуелі бүкіл дәнін алып тастап, сонан кейін қалған қауызымен әуре болатын болсаңыз, қай идея болса да тым жалпылама ұғымға айналады ғой! Қазіргі заманның шын күрделі, көкейтесті мәселелерін бүркеп тұра-

тын сыртқы қауыздың осы саласы — Михайловский мырзаның жаны сүйетін нәрсесі, сондықтан ол, мәселен: «экономикалық материализм ерлер мен тобыр туралы мәселені елемейді немесе оны дұрыс көрсетпейді» дегенді ерекше көкірегін кере айтады. Көрдіңіз бе, орыстың қазіргі өмір шындығы нақ қай таптардың күресінен және қандай негізде құрылатындығы туралы мәселе Михайловский мырза үшін, бәлкім, тым жалпылама мәселе болу керек, сондықтан ол бұл мәселеге соқпайды. Оның есесіне ерлер мен тобыр арасында — бұл тобыр мейлі жұмысшылар, мейлі шаруалар, мейлі фабриканттар, мейлі помещиктер тобыры болсын, бәрібір — қандай қатынастар бар деген мәселеге ол өте құмартады. Мүмкін, бұл мәселелер «қызықты» да шығар, бірақ материалистерді барлық күшін еңбекші тапты азат етуге тікелей қатысы бар мәселелерді шешуге жұмсайды деп кінәлау — филистерлік ғылымды сүйгендік болады, одан басқа түк те емес. Михайловский мырза өзінің материализмді «сынау» (?) қорытындысында біздің көз алдымызда фактілерді теріс көрсететін тағы бір әрекетке басып, тағы бұрмалап отыр. Энгельстің қосшы экономистер [44] «Капитал» туралы әдейі үн қатқан жоқ деген пікірінің дұрыстығына шүбәланатындығын айтып (оның үстіне, мұны дәлелдеу үшін Германияда толып жатқан университеттер бар деген сияқты адам күлерлік пікірді айтады!), Михайловский мырза былай дейді: «Маркс оқушылардың дәл осындай тобын (жұмысшыларды) ескерген жоқ еді, онымен қатар ғылым адамдарынан да біраз дәметенген еді». Бұл мүлдем дұрыс емес: Маркс ғылымның буржуазиялық өкілдері тарапынан әділ де ғылыми сын болатынына сенім аз екенін өте жақсы білді, сондықтан «Капиталдың» 2-басылуына жазған соңғы сөзінде бұл туралы мейлінше ашық айтты. Ол соңғы сөзінде былай деді: «Неміс жұмысшы табының қалың ортасында «Капиталдың» тез тіл тапқаны менің еңбегім үшін аса құрметті сый болды. Экономикалық мәселелерде буржуазиялық көзқарасты жақтаушы Мейер мырза француз-пруссак соғысы кезінде шыққан бір кітапшасында мынадай бір дұрыс пікір айтты: немістердің атадан қалған мұра игі-

лігі деп есептеліп келген, теориялық ой жөніндегі зор қабілеттілік (der grosse theoretische Sinn) білімді таптар дейтіндердің арасында мүлдем жойылып кетті, бірақ оның есесіне бұл қабілет оның жұмысшы табы арасында қайтадан жандана бастады деді» [45].

Михайловский мырзаның бұрмалауы тағы да материализмге қарсы бағытталған және нақ бұрынғы үлгісі бойынша құрылған. «Теория (материализм теориясы) еш уақытта да ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, тексерілген жоқ». Тезисінің сиқы осындай.— Дәлелі: «Энгельс пен Каутскийдің және кейбір басқа да адамдардың тарихи мазмұнда жазылған кітаптарының (Блостың ардақты еңбегінің де) жақсы жазылған жеке беттері экономикалық материализмнің атымен аталмай-ақ қойса да болар еді, өйткені («өйткені» дегенін ескеріңіз!) бұл үн қосушылық ішінде экономикалық үн басым болғанмен, онда іс жүзінде (sic!) қоғамдық өмірдің бүкіл жиынтығы еске алынады». Қорытындысы...: «экономикалық материализм ғылым жүзінде өзін ақтай алмады».

Таныс нәрсе! Михайловский мырза бұл теорияны негізсіз деп дәлелдеу үшін ең алдымен оны бұрмалайды, бұл теорияға қоғамдық өмірдің бүкіл жиынтығын еске алмауға тырысады деген сорақылықты әкеп таңады,— ал шындығында, мұның керісінше, материалистер (марксистер) қоғамдық өмірдің тек экономикалық жағын ғана емес, барлық жақтарын да талдап зерттеудің қажеттігі туралы мәселе көтерген тұңғыш социалистер болды *,— сонан кейін материалистер «іс жүзінде»

* Мұның өзі бұрынғы социалистерге қарағанда «Капиталда» және социал-демократтардың тактикасында әбден ашық айтылды. Маркс мәселенің экономикалық жағымен ғана тынбау керек деген талапты талай тураләп айтты. Маркс шыққалы отырған журналдың [46] программасын белгілей келіп, 1843 жылы Руге былай деп жазды: «Социалистік принцип тұтас алғанда мәселенің қайткенмен де бір-ақ жағы болып табылады... Біз мәселенің екінші жағына да, адамның теориялық тұрғыдан өмір сүруіне де нақ сондай көңіл бөлуге тиіспіз, олай болса, дінді, ғылымды және басқаларын да сынға алуымыз керек. ...*Дін* адамзаттың теориялық күресінің жарнамасы болып табылатыны сияқты, *саяси мемлекет* адамзаттың практикалық күресінің жарнамасы болып табылады. Сөйтіп, саяси мемлекет өз формасының шегінде sub specie rei publicae (саясат тұрғысынан қарағанда) барлық әлеуметтік шайқастарды, тілектер мен мүдделерді көрсетеді. Сондықтан нағыз ерекше саяси мәселені — мәселен, сословиелік система мен өкілдік системаның арасындағы айырманы — сынға алу дегеннен hauteur des principes-тен (принцип дәрежесінен. *Ред.*) төмен түсу деген ұғым өсте тумайды, өйткені бұл мәселе адам үстемдігі

қоғамдық өмірдің бүкіл жиынтығын экономика арқылы «жақсы» түсіндірді деп атап өтеді (бұл факті, анығында, автордың өзін соғатын факті), ал, ақырында, материализм «өзін ақтай алмады» деп қорытынды жасайды. Бірақ, Михайловский мырза, оның есесіне сіздің бұрмалауыңыз өзін тамаша ақтап шықты!

Материализмді «теріске шығару» үшін Михайловский мырзаның бар келтірген дәлелдері, міне, осы. Тағы да айтам, бұл арада ешбір сын жоқ, құр бос көпірген мылжың сөздер ғана бар. Егер кімнен болса да: өндірістік қатынастар басқа қатынастардың негізі болып табылады деген көзқарасқа Михайловский мырза қандай қарсы дәлел келтірді? Маркстің материалистік метод арқылы тапқан қоғамдық формация деген ұғымының және бұл формациялардың дамуының табиғи-тарихи процесінің дұрыстығын ол немен теріске шығарды? ең болмағанда өзі аттарын атап өткен жазушылардың түрлі тарихи мәселелер жөніндегі берген материалистік түсініктерінің теріс екенін ол қалай дәлелдеді? — деп сұрасаңыз, оған әркім де: ешқандай қарсы дәлел келтірген жоқ, еш нәрсемен де теріске шығарған жоқ, ешбір теріс жерін көрсеткен жоқ деп жауап беруге тиіс болады. Ол істің мәнісін құр бос сөздермен бүркеуге тырысып, мәселенің маңында айналшықтап жүрді де қойды, сөйтіп ара-арасында түкке тұрмайтын түрлі өтіріктерді ойынан шығарып отырды.

«Русское Богатствоның» 2-номерінде марксизмді теріске шығарам деп әуреленуді тоқтатпай отырған мұндай сыншыдан жақсылық күту қиын. Оның бұрмалау айласы таусылып қалып, енді ол басқалардың бұрмалауын пайдалана бастады, бар айырмашылық осында.

Әуелі ол қоғамдық өмірдің «күрделілігі» туралы ұзақ сөзге салынады: міне, тіпті гальванизмнің өзі экономикалық материализммен де байланыстырылады, өйткені Гальванидің тәжірибелері Гегельге де «әсер етті» дейді. Бұл неткен тапқырлық! Мұндай әдісті қол-

---

мен жеке меншік үстемдігінің арасындағы айырмашылықты *саяси* тілмен көрсетеді. Демек, сыншы бұл саяси мәселелерді (пысықсыған социалиске бұл мәселелер ешбір көңіл бөлуге тұрмайтын мәселелер болып көрінеді) сөз қыла алатыны былай тұрсын, сөз қылуға тиісті де» [47].

дансақ, Михайловский мырзаны да Қытай императорымен оп-оңай байланыстыруға болар еді! Бұдан бос сөздерді айтуға жаны құмар адамдар бола береді дегеннен басқа қандай қорытынды шығуы мүмкін?!

«Оқиғаның тарихи аяқ алысының мәнін,— дейді онан кейін Михайловский мырза,— жалпы айтқанда аңғарып болмайды, оны экономикалық материализмнің доктринасы да, байқауымызша, 2 негізге: өндіріс пен айырбас формаларының барлық нәрсенің түйінін шешетін маңызының ашылғандығы мен диалектикалық процестің талассыздығына сүйенетін осы доктрина да аңғара алмады».

Демек, материалистер диалектикалық процестің «талассыздығына» сүйенеді екен! яғни өздерінің социологиялық теорияларын Гегель триадасымен [48] негіздейді екен. Біздің бұл жерде марксизмді Гегельдің диалектикасын қолданды деп, Маркcті сынаушы буржуазиялық сыншылардың әбден тоздырған бәз-баяғы белгілі кінәлауын көріп отырмыз. Бұл мырзалар доктринаға қарсы мәнді еш нәрсе айта алмай, Маркстің сөз саралау әдісіне жармасты, теорияның шыққан түбіне шабуыл жасады, сөйтіп оның маңызын түсіреміз деп ойлады. Михайловский мырза да бұл сияқты амал-айланы қолданудан түк қымсынбайды. Энгельстің Дюрингке қарсы шығармасының бір тарауы [49] Михайловский мырзаға сылтау болды. Маркстің диалектикасына шабуыл жасаған Дюрингке қарсы шыға отырып, Энгельс былай дейді: Маркс ешбір нәрсені де Гегельдің триадасымен «дәлелдеймін» деп еш уақытта да ойлаған емес, Маркс шын процесті қадағалап, зерттеп қана отырды, теорияның дұрыстығын көрсететін бірден-бір өлшемі — теорияның шындыққа үйлесуі деп есептеді. Егер, айталық, кейде белгілі бір қоғамдық құбылыстың дамуы Гегельдің схемасына: қағида — терістеу — терістеуді терістеу дейтін схемасына дәл келген болса, онда бұл арада таңырқайтын еш нәрсе жоқ, өйткені жалпы алғанда мұның өзі табиғатта соншалықты сирек кездесетін нәрселер емес. Бұдан соң Энгельс табиғи-тарихи саладан (дәннің дамуы) және қоғамдық саладан, мысалы, ең әуелі алғашқы қауымдық коммунизм, сонан соң — жеке

меншік, ал онан кейін — еңбектің капиталистік жолмен қоғамдастырылуы; немесе әуелі тұрпайы материализм, сонан соң — идеализм, ал ең соңында,— ғылыми материализм болды деген сияқты мысалдар келтіре бастайды. Энгельс дәлелдерінің негізгі салмағы мынада жатыр: материалистердің міндеті — шын тарихи процесті дұрыс және дәл көрсету, ал диалектиканы жақтау, триаданың дұрыс екенін дәлелдейтін мысалдар жинау — ғылыми социализм өсіп шыққан гегельшілдіктің қалдықтарынан өзге, оны бейнелеп көрсету әдісінің қалдықтарынан өзге еш нәрсе емес; мұның өзі кімге де болса белгілі. Шынында да, триадалар арқылы бірдемені «дәлелдеймін деу» — сорақылық болады, бұлай етем деп ешкім де ойлаған емес деп үзілді-кесілді айтылғаннан кейін,— «диалектикалық» процестер туралы мысалдардың қандай маңызы болмақ? Мұның өзі — доктринаның шыққан жерін көрсетуден басқа еш нәрсе емес екені айқын емес пе? Мұны Михайловский мырзаның өзі де сезіп отыр, өйткені теорияның шыққан жерін оған кінә етіп қоюға болмайды дейді. Бірақ Энгельстің сөздерінен теорияның шыққан жерін көрсетуден басқа бірдеме табу үшін, шынында, материалистердің тым болмаса бір тарихи *мәселені* тиісті фактілердің негізінде шешпей, триада арқылы шешкендігін дәлелдеу керек еді. Михайловский мырза мұны дәлелдеуге талаптанып көрді ме? Тіпті де талаптанған жоқ. Қайта оның өзі «Маркстің диалектикалық бос схеманы нақтылы мазмұнмен лық толтырғаны сондай, ыдыстың қақпағы сияқты, бұл схеманы да осы мазмұннан еш нәрсені өзгертпей-ақ алып тастауға болады» деп мойындауға мәжбүр болды (Михайловский мырзаның бұл жерде болашақ жайында айтқан ерекше пікірі туралы біз төменде әңгіме етпекпіз). Егер бұлай болса, еш нәрсені өзгертпейтін әлгі қақпақпен Михайловский мырза осынша жанын салып неге әуреленеді? Материалистер диалектикалық процестің талассыздығына «сүйенеді» деп не үшін айтады? Осы қақпақпен айқаса отырып, ол ғылыми социализм «негіздерінің» біріне қарсы күресемін деп неге айтады, өйткені оның мұнысы шылғи өтірік емес пе?

Михайловский мырзаның триада мысалдарын қалай талдайтындығына менің зер салып отырмайтындығым өзінен-өзі түсінікті, өйткені, тағы да айтам, ғылыми материализмге де, орыс марксизміне де мұның ешбір қатысы жоқ. Бірақ марксистердің диалектикаға көзқарасын осынша бұрмалауға Михайловский мырзаның қандай дәлелдері болды? — деген орынды сұрақ туады. Оның екі дәлелі болды: біріншіден, Михайловский мырза әлдеқайдан жаңғырық, білмей қалды аңырып дегеннің керіне ұшырап отыр; екіншіден, Михайловский мырза мәселені тағы да бұрмалады (яғни дұрысырақ айтқанда, Дюрингтен үйреніп алды).

Ad 1)*. Маркстік әдебиетті оқығанда Михайловский мырза қоғамдық ғылымдағы «диалектикалық методқа», тағы сол қоғамдық мәселелер саласындағы (әңгіме тек осы туралы ғана болады) «диалектикалық ойлауға» және т. с. ұдайы кездесіп отырды. Ол өзінің аңқаулығынан (тек аңқаулығынан ғана болса жақсы ғой) бұл методтың мәнісі социологиялық мәселелердің барлығын Гегельдің триада заңдары бойынша шешуінде деп ойлады. Егер ол іске бұдан гөрі сәл ұқыптырақ қараған болса, онда мұндай пікірдің сорақы екендігіне оның көзі жеткен де болар еді. Маркс пен Энгельс метафизикалық методқа қарама-қарсы келетін диалектикалық метод деп социологиядағы дәл ғылыми методты атайды, бұл ғылыми метод қоғамды ұдайы дамып отыратын жанды организм деп санайды (бірақ мұны қалай болса солай тіркесе салған нәрсе, сондықтан жекелеген қоғамдық элементтерді өз қалауынша аударыстырып-төңкерістіруге келе береді деп санамайды), ал бұл организмді зерттеу үшін сол қоғамдық формацияны құрап отырған өндірістік қатынастарға объективтік тұрғыдан талдау жасау, бұл формацияның өмір сүру және даму заңдарын зерттеу қажет. Диалектикалық методтың метафизикалық методқа (бұл ұғымға социологиядағы субъективтік метод та сөзсіз кіреді) қатынасын біз төменде Михайловский мырзаның өз пікірлерінен мысал келтіріп суреттеуге тырысып көреміз. Әзірше тек мы-

* — 1-пунктке. *Ред.*

наны ғана атап өтейік: Энгельстің еңбегінен болсын (Дюрингке қарсы айтысы. Қазақшасы: «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы»), Маркстің еңбегінен болсын («Капиталға» жазған түрлі ескертулері мен 2-басылуына арналған «Соңғы сөзі»; «Философия қайыршылығы») [50] диалектикалық методтың анықтамасы мен суреттемесін оқыған адамның қай-қайсысы болса да Гегельдің триадасы туралы бір ауыз да сөз жоқ екенін, бар әңгіме әлеуметтік эволюцияны қоғамдық-экономикалық формациялар дамуының табиғи-тарихи процесі деп қарауға келіп тірелетіндігін көреді. Мұны дәлелдеу үшін «Вестник Европы» журналының 1872 жылғы 5-номерінде («К. Маркстің саяси-экономиялық сынға көзқарасы» деген заметка)[51] жарияланған диалектикалық метод суреттемесін in extenso* келтіремін; мұны Маркс «Капиталдың» 2-басылуына жазған «Соңғы сөзінде» келтіреді. Маркс онда өзінің «Капиталда» қолданған методын жұрттың нашар түсінгендігін айтады. «Неміс рецензенттері, әрине, гегельдік софистика туралы шулады». Сондықтан Маркс өз методын түсінікті етіп баяндау үшін жоғарыда аталған заметкадан осы метод жөніндегі суреттемені келтіреді. Онда былай делінген: Маркске керегі бір-ақ нәрсе; атап айтқанда — өзінің зерттеп отырған құбылыстарының заңын табу, әсіресе оның ішінде бұл құбылыстардың өзгеру, даму заңы, олардың бір формадан екінші формаға, қоғамдық қатынастардың бір тәртібінен екінші тәртібіне өту заңдары Маркске өте қажет болды. Сондықтан Маркс бір-ақ нәрсенің: өзі үшін бастама және негізгі тірек болып отырған фактілерді барынша толық баяндай отырып, қоғамдық қатынастардың осы тәртіптерінің қажетті екенін дәл ғылыми зерттеу арқылы көрсетудің қамын ойлайды. Егер ол қазіргі құрылыстың қажеттігін дәлелдей отырып, сонымен бірге өзінен бұрынғы құрылыстан басқа бір құрылыстың сөзсіз өсіп шығуы қажет екенін де дәлелдесе, әлгі мақсатты орындау үшін соның өзі әбден жеткілікті; бұған жұрт сенсін, сенбесін, оны сезсін, сезбесін, бәрібір. Маркс қоғамдық қозғалысты

---

* — толық, түгел. *Ред.*

заңдарға бағынатын табиғи-тарихи процесс деп қарайды; бұл заңдар адамдардың еркіне, сана-сезіміне және ниеттеріне бағынбайды, қайта адамдардың еркін, сана-сезімін және ниеттерін билеп отырады дейді. (Мұны адам өзінің алдына саналы «мақсаттар» қояды, белгілі бір мұратқа жетуді көздейді деп әлеуметтік эволюцияны табиғи-тарихи эволюциядан бөліп тастайтын субъективист мырзалардың есіне саламыз). Егер саналы элемент мәдениет тарихында осынша бағыныңқы роль атқаратын болса, онда дәл осы мәдениеттің өзін талдамақшы болған сын сананың белгілі бір формасына немесе оның белгілі бір нәтижесіне жарытып сүйене алмайды, ол өзінен-өзі түсінікті. Басқа сөзбен айтқанда, сынға идея тіпті де сүйеу бола алмайды, тек сыртқы, объективтік құбылыс қана сүйеу бола алады. Сынның міндеті осы нақтылы фактіні идеямен емес, басқа бір нақтылы фактімен салыстырып, теңдестіруде болуға тиіс; сынға екі фактінің екеуі де мүмкіндігінше дәл зерттелуі қажет және бұл нақтылы фактілер, бірі екіншісі жөнінде, дамудың түрлі кезеңдерін көрсететін болуы қажет, оның үстіне әсіресе, өмірдегі бізге белгілі қалыптар түгелімен, олардың сабақтастығы және дамудың түрлі сатыларының арасындағы байланысы нақ осындай дәлдікпен зерттелуі қажет. Маркс экономикалық өмірдің заңдары өткен уақыт үшін де, қазіргі уақыт үшін де бірдей дейтін идеяны теріске шығарады. Қайта әрбір тарихи дәуірдің өзіне тән заңдары бар. Биологияның басқа салаларындағы даму тарихы сияқты, экономикалық өмір белгілі бір құбылыс болып табылады. Бұдан бұрынғы экономистер экономикалық заңдардың табиғатын түсінбегендіктен, экономикалық заңдарды физика, химия заңдарымен салыстырып жүрді. Неғұрлым терең талдау жасап қарағанда хайуандар мен өсімдіктер организмдерінің бір-бірінен үлкен айырмасы болғаны сияқты, әлеуметтік организмдердің де бір-бірінен үлкен айырмашылығы болатындығы көрінді. Маркс капиталистік экономикалық ұйымды осы көзқарас бойынша зерттеуді өзіне міндет етіп қоя отырып, экономикалық өмірді дәл зерттеудің қандайында болса да қолданылуға тиісті мақсатты нағыз ғылыми жолмен тұжырымдайды,

Мұндай зерттеудің ғылыми маңызы осы қоғамдық организмнің шығуын, өмір сүруін, дамуын, жойылуын және оның орнын басқа бір, жоғары дәрежелі организм алатынын реттейтін ерекше (тарихи) заңдарды анықтауда болып отыр.

Диалектикалық методтың суреттемесі, міне, осындай; Маркс мұны «Капитал» туралы журналдар мен газеттерде басылған ұшан-теңіз заметкалардың ішінен таңдап алып, неміс тіліне аударды, өйткені оның методына берілген осы сипаттама, Маркстің өз айтуы бойынша, өте дәл сипаттама еді. Мынадай сұрақ туады: бұл жерде Михайловский мырза батырлықпен алысып жүрген триадалар, трихотомиялар туралы, диалектикалық процестің талассыздығы және т. с. түкке тұрмайтын сандырақ туралы тым болмаса бір сөз айтылды ма? Ал Маркс осы суреттемеден кейін: менің методым Гегельдің методына «тікелей қарама-қарсы» метод дейді. Гегельше, идеялардың дамуы, триаданың диалектикалық заңы бойынша, шын өмірдің дамуын белгілейді. Триадалардың маңызы туралы, диалектикалық процестің талассыздығы туралы, әрине, тек осы ретте ғана сөз қылуға болады. Менің ойымша — керісінше — дейді Маркс: «идеялық дегеніміз — материялықтың тек көрінісі ғана». Сонымен, істің түйіні «қазіргіні және оның қажетті дамуын дұрыс түсінуге» келіп тіреледі: триадаларға тек қақпақ пен қауыз (Маркс сол соңғы сөзде: «мен Гегельше сөйлеу мәнеріне еліктедім» дейді) ролін атқарудан басқа орын да қалмайды. Мұндай рольге қызығу тек филистерлердің ғана қолынан келеді. Енді мынадай сұрақ туады: ғылыми материализмнің «негіздерінің» бірін, яғни диалектиканы, сынға алғысы келіп, бірақ бұл диалектиканың не екені туралы, қоғам дамуы шынымен-ақ табиғи-тарихи процесс пе, қоғамдық-экономикалық формацияларды ерекше әлеуметтік организмдер деп қарайтын материалистік ұғым дұрыс па, бұл формацияларға объективтік талдау жасаудың тәсілдері дұрыс па, қоғамдық идеялардың қоғамдық дамуды билей алмайтыны, қайта қоғамдық идеяларды қоғамдық даму билейтіндігі дұрыс па? — деген сияқты мәселелер туралы түк айтпай, әр нәрсені бір шатып, тіпті құрба-

қа мен Наполеонды да әңгіме қылып отырған адамды не деп білуіміз керек? Мұны тек қана түсінбеушіліктен болған деуге бола ма?

Ad 2)*. Диалектиканы осындай «сынға» алғаннан кейін Михайловский мырза Гегельдің триадасы «арқылы» дәлелдеудің бұл әдістерін Маркске тықпалайды, сөйтіп, әрине, жеңімпаздық пішінмен бұларға қарсы күреседі. «Болашақ жөнінде,— дейді ол,— қоғамның иманенттік заңдары тек диалектикалық жолға салынған». (Жоғарыда айтылған ерекше пікірдің өзі нақ осы.) Маркстің капитализмнің даму заңдарының нәтижесінде экспроприаторлардың сөзсіз экспроприациялануы жайындағы пікірі — «айрықша диалектикалық сипаты» бар пікір. Маркстің жер мен капиталды қауымның меншігі ету жөніндегі «арманы» — «шүбәсыздығы мен күмәнсыздығы мағынасында тек қана Гегельдің үш буынды тізбегінің ұшына іліпіп тұр».

Бұл дәлел *түгелімен* Дюрингтен *алынған,* Дюринг мұны өзінің «Kritische Geschichte der Nationalökonomie und des Sozialismus» (3-te Aufl., 1879. S. 486—487) ** деген кітабында келтіреді. Бұл жерде Михайловский мырза Дюринг туралы бір сөз де айтпайды. Мүмкін, Маркстің пікірін осылайша шатастыруды өз ақылымен ойлап тапқан да болар?

Дюрингке тамаша жауап берген Энгельс сол Дюрингтің сынынан да цитат келтірген, сондықтан біз Энгельстің нақ осы жауабымен қанағаттанамыз[52]. Оқушылар бұл жауаптың Михайловский мырзаға да толық қатысы бар екенін көреді.

««Бұл тарихи очерк (Англиядағы капиталдың алғашқы қорлануы дейтіннің пайда болуы),— дейді Дюринг,— Маркстің кітабындағы тағы да біршама тәуір жері; егер де ол ғылыми балдақтардан басқа тағы да диалектикалық балдақтарға да сүйенбеген болса, мұның өзі бұдан да тәуір болар еді. Бұл арада Гегельдің терістеуді терістеуі тәуірірек және ашығырақ дәлелдері болмағандықтан кіндікшешенің ролін атқарады: бұл кін-

* — 2-пунктке. *Ред.*

** — «Ұлттық экономия мен социализмнің сын жүзіндегі тарихы», (3-басылуы, 1879, 486—487-беттер). *Ред.*

дікшенің жәрдемімен болашақ өткендегінің ішінен бөлініп шығады. Жеке адам меншігінің жоғарыда көрсетілген жолдар арқылы 16-ғасырдан бастап жойылуы — алғашқы терістеу болып табылады. Мұның соңынан терістеуді терістеу ретінде және сонымен бірге «жеке адамның меншігін» қайтадан қалпына келтіру ретінде, бірақ жерді және еңбек құралдарын бірлесіп иеленушілікке негізделетін жоғарғы формада қалпына келтіру ретінде келетін екінші бір терістеу келіп шығады. Егер бұл жаңадан шыққан «жеке адамның меншігін» Маркс мырза сонымен бірге «қауымдық меншік» деп атаған болса, онда Гегельдің жоғарғы бірлік дегенінің әсері нақ осы жерде білінеді, ал бұл жоғарғы бірлік ішінде қайшылық жоғалады (aufgehoben — Гегельдің арнаулы термині), яғни, Гегельше сөз құбылту бойынша, қанша сақталса, сонша өрлейді.

...Сонымен, экспроприаторларды экспроприациялау тарихи шындықтың материалдық сыртқы жағдайларында өзінен-өзі туатын нәтижесі тәрізді болып табылады... Гегельдің терістеуді терістеу сияқты фокусына сену негізінде ғана жер мен капиталды қауым болып иеленудің қажеттілігіне бірде-бір есі бар адам сене қояр ма екен. Гегельдің диалектикасы сияқты ғылыми материалдан не істеуге болатындығымен, яғни — дұрысы — бұл материалдан қандай сорақылықтар шығатындығымен таныс адамды Маркс түсініктерінің қиқы-жиқы күңгірттігі таңдандыра алмайды. Бұл нәрселермен таныс емес адамдарға турасын айтамын: Гегельдің бірінші терістеуі катехизистен алынған күнәға бату деген түсініктің қызметін атқарады, ал екіншісі күнәдан құтқаруға жеткізетін жоғарғы бірліктің қызметін атқарады. Дін саласынан алынған бұл сияқты ұқсастық фокустары арқылы, әрине, нақтылы фактілердің логикасын негіздеуге болмайды... Маркс мырза жеке адамның меншігі, сонымен бірге қауымдық меншік болуы жөніндегі өзінің шатасқан идеясымен қанағаттанады да, бұл терең мағыналы диалектикалық жұмбақтың шешуін өзінің ізбасарларына өз бетімен шешуге қалдырады». Дюринг мырза осылай дейді.

Демек — деп қорытады Энгельс — Маркс әлеуметтік революцияның қажеттігін, жерді және еңбекпен табылған өндіріс құрал-жабдықтарын қауымдық меншікке айналдырудың қажеттігін Гегельдің терістеуді терістеуіне сүйенбейінше дәлелдей алмайды екен ғой; ол өзінің социалистік теориясын діннен алынған осындай ұқсастық фокустарына негіздей отырып, жойылған қайшылықтың гегельдік жоғарғы бірлігі ретінде, болашақ қоғамда бір уақыттың ішінде меншіктің өзі әрі жеке, әрі қауымдық меншік болып өмір сүреді деген қорытындыға келеді екен ғой *.

Әзірге терістеуді терістеу мәселесін былай қоя тұрып, енді осы «бір уақыттың ішінде әрі жеке, әрі қауымдық меншік болып табылатын меншікті» қарап көрейік. Дюринг мырза мұны «күңгірт» дейді, ол бұл жөнінде — мұның өзі таңқаларлық іс болса да — дұрыс айтып отыр. Бірақ оның сорына қарай бұл «күңгірттікте» отырған Маркс емес, тағы да сол Дюринг мырзаның нақ өзі... Ол Марксті Гегель жолымен түзете отырып, Маркске меншіктің қайдағы бір жоғарғы бірлігі деген бірдемені әкеп таңады, ал Маркс бұл туралы бірде-бір сөз айтқан емес.

Маркстe былай делінген: «Мұның өзі — терістеуді терістеу. Ол жеке меншікті қайта туғызады, бірақ оны капиталистік заманның тапқан жаңалықтары негізінде — ерікті қызметкерлердің кооперациясы негізінде, олардың жерді және өздері өндірген өндіріс құрал-жаб-

* Дюрингтің көзқарастары жөніндегі осындай тұжырымды бүтіндей Михайловский мырзаға да қолдануға болады, бұған Михайловский мырзаның: «Ю. Жуковский мырзаның төрелігіне түскен К. Маркс» деген мақаласының мынадай жері дәлел бола алады. Михайловский мырза Жуковский мырзаның Маркс — жеке меншіктің жақтаушысы деген сөзіне қарсы шығып, Маркстің осы схемасын көрсетіп, оны былай деп түсіндіреді: «Маркс өзінің схемасына гегельдік диалектиканың жалпыға мәлім екі фокусын енгізді: біріншіден, схема гегельдік триаданың заңы бойынша құрылған; екіншіден, синтезис қарама-қарсылықтардың: жеке меншік пен қауымдық меншіктің ұқсастығына негізделген. Демек, бұл арадағы: «жеке» деген сөздің диалектикалық процестің мүшесі ретінде айрықша, тек шартты мағынасы ғана бар, сондықтан бұл сөзбен еш нәрсені де дәлелдеуге болмайды». Мұны айтқан адам орыс жұртшылығының алдында «сангвиник» Марксті буржуа Жуковский мырзадан қорғай отырып, ең жақсы ниетпен айтқан еді. Сонымен ол өзінің дәл осы жақсы ниеттері арқылы Марксті түсіндіргенде — Маркс өзінің процесс жөніндегі түсінігін «фокустарға» негіздейтін сияқты етіп түсіндіреді! Михайловский мырза бұдан қандай істе болса да жалғыз жақсы ниеттің өзі ептеп аздық қылатыны жөнінде өзіне пайдалы ғибрат алуына болады.

дықтарын ортақ иеленуі негізінде туғызады. Әрине, жеке адамдардың өз еңбектеріне негізделген бытыраңқы жеке меншігін капиталистік меншікке айналдыру іс жүзінде осы кезде-ақ қоғамдық өндіріс процесіне негізделіп отырған капиталистік жеке меншікті қоғамдық меншікке айналдырудан гөрі анағұрлым ұзақ, қиын және ауыр процесс болып табылады». Міне, бар болғаны осы. Сонымен, экспроприаторларды экспроприациялау арқылы құрылған тәртіптердің мәнісі мынада болады: жерді және қызметкерлердің өздері жасаған өндіріс құрал-жабдықтарын қауым болып иелену *негізінде* жеке меншік қайта орнайды. Неміс тілін білетін адамдардың (орыс тілін білетін адамдардың да, Михайловский мырза, өйткені аудармасы өте дәл) қай-қайсысы үшін болса да мұның мәнісі мынау болмақ: қауымдық меншікке жер және басқа да өндіріс құрал-жабдықтары жатады, ал жеке меншікке — басқа өнімдер, яғни тұтыну заттары кіреді. Ал мәселе тіпті 6 жасар балаларға да түсінікті болуы үшін Маркс 56-бетте (орысша басылуының 30-бетінде) [53] «жалпыға ортақ өндіріс құрал-жабдықтарымен жұмыс істейтін және өздерінің жеке жұмыс күштерін бүтін бір қоғамдық жұмыс күші етіп жоспармен жұмсайтын ерікті адамдардың одағын», яғни социалистік жолмен ұйымдастырылған қауымды сөз қылып, былай дейді: «Еңбектің барлық өнімі қоғамдық өнім болып табылады. Бұл өнімнің бір бөлегі қайтадан өндіріс құрал-жабдықтары ретінде пайдаланылады. *Мұның өзі қоғамдық болып қалып отырады.* Бірақ өнімнің екінші бір бөлегі одақ мүшелерінің күн көру қажетіне ұсталады. *Сондықтан өнімнің бұл бөлегі солардың арасында бөлінуге тиіс».* Мұның өзі тіпті Дюринг мырзаға да жете түсінікті болуға тиіс қой.

Бір уақыттың ішінде әрі жеке, әрі қауымдық меншік болып табылатын меншік дегеніміз,— қиқы-жиқы күңгірттік, гегельдік диалектикадан шығатын мағынасыздық екен, мұның өзі шатасқандық, мұның өзі терең мағыналы диалектикалық жұмбақ, бұл жұмбақты шешу ісін Маркс өзінің ізбасарларына қалдырған деушілік тағы да Дюринг мырзаның өз бетімен шығарып алып жүргені, ойынан тапқаны...

Енді — дейді онан соң Энгельс — терістеуді терістеу Маркстің еңбектерінде қандай роль атқарады? Маркс 791-бетте және онан соңғы беттерде (орысша басылуының 648 және онан соңғы беттерінде) [54], мұның алдындағы 50 (орысша басылуында 35) бетте баяндалған капиталдың алғашқы қорлануы делінетін мәселе жөніндегі экономикалық және тарихи зерттеулердің ақтық нәтижелерін салыстырады. Капиталистік заманға дейін, мысалы Англияда, қызметкерлердің өз өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншігінде пайдалануына негізделген ұсақ өндіріс болып келді. Алғашқы қорлану делінетіннің мәнісі осы тікелей өндірушілерді экспроприациялау болды, яғни оз еңбегіне негізделген жеке меншікті жою болды. Мұны жоюдың мүмкін болған себебі: айтылып отырған ұсақ өндіріс — өндіріс пен қоғамның өрісі тар, қарапайым шеңберлеріне ғана сай келеді, ал белгілі бір даму сатысында бұл өндіріс өзінің жойылуына материалдық негізді өзі жасайды. Бұл жойылу, жеке және бытыраңқы өндіріс құралдарын іріленген қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарына айналдыру капиталдың алғашқы тарихын жасайды. Қызметкерлердің пролетарларға, ал олардың өндіріс құрал-жабдықтары капиталға айналысымен, капиталистік өндіріс әдісі нығайысымен еңбектің бұдан былайғы қоғамдастырылуы, жердің және басқа өндіріс құрал-жабдықтарының (капиталға) айналуы, демек, жеке меншік иелерінің бұдан былай да экспроприациялануы жаңа формаға енеді. «Енді экспроприацияға өзі дербес шаруашылық жүргізетін қызметкер жатпайды, көп жұмысшыларды қанайтын капиталист жатады. Бұл экспроприация капиталистік өндірістің өзінің иманенттік заңдары арқылы, капиталдардың шоғырлануы салдарынан іс жүзіне асып отырады. Бір капиталист басқа көп капиталистерге өлтіре соққы береді. Осы шоғырланумен, яғни азғантай капиталистердің көп капиталистерді экспроприациялауымен қатар еңбек процесінің кооперативтік формасы барған сайын үнемі ұлғая түсетін көлемде дамиды, ғылымды технологиялық жолмен саналы қолданушылық, жерді жоспар бойынша қоғамдасып пайдаланушылық дамиды, еңбек құралдары тек қана қауымдасып қолда-

нуға болатын құралдарға айналады, барлық өндіріс құрал-жабдықтарын жинақталған қоғамдық еңбектің қауымдық өндіріс құрал-жабдықтары ретінде қолдану нәтижесінде олар түгел экономикалық мән алады. Осы өзгерістен келетін бар пайданы тартып алып, монополиялап отырған капиталист шонжарлардың саны үнемі азая түсіп, ұшы-қиыры жоқ қайыршылық, езушілік, құлдық, азғындау, қанаушылық өсіп отырады, сонымен бірге сол капиталистік өндіріс процесінің механизмі арқылы үйретілетін, біріктірілетін және ұйымдастырылатын, үздіксіз өсіп келе жатқан жұмысшы табының ашынуы да өсіп отырады. Капитал өзімен бірге және өзінің қолдауымен жетілген өндіріс әдісіне бұғау болады. Өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануы мен еңбектің қоғамдастырылуы өздерінің капиталистік қауызымен сыйыса алмайтын дәрежеге жетеді. Капиталистік қауыз жарылады. Капиталистік жеке меншіктің өлу сағаты соғады. Экспроприаторларды экспроприациялайды».

Ал енді менің оқушыдан сұрайтыным: диалектикалық сиқырлы иректер мен өрнектер мұның қай жерінде, айырмашылық атаулының бәрін жоққа шығаратын түсініктерді шатастырушылық қай жерінде, дін тұтқан адамдарға арналған диалектикалық кереметтер мен Гегельдің логос туралы ілімінің көлеміндегі фокустар қай жерінде, ал бұларсыз, Дюрингтің айтуынша, Маркс өз пікірін ақырына дейін баяндай алмаған болар еді ғой? Маркс ұсақ өндірістің бір кезде өз дамуы арқылы өзінің жойылуына жағдай туғызғаны сияқты, капиталистік өндіріс те қазір өзін жоятын материалдық жағдайларды өзі туғызып отырғандығын тарихи тұрғыдан дәлелдеп, бұл арада қысқаша қорытынды жасап отыр. Тарихи процесс, міне, осындай, ал егер бұл процесс сонымен бірге диалектикалық процесс болса, мұның өзі Дюринг мырзаға тағдырдың жазуы сияқты болып көрінсе, онда бұған Маркс кінәлы емес.

Маркс тек енді ғана, өзінің тарихи-экономикалық дәлелдеуін бітіргеннен кейін, былай дейді: «Өндірістің және иемденудің капиталистік әдісі, демек, капиталистік жеке меншік те адамның өз еңбегіне негізделген жеке

меншікті алғашқы терістеу болады. Капиталистік өндірісті осы өндірістің өзі терістейді, ол табиғи-тарихи процестің қажеттілігі арқылы орындалады. Бұл — терістеуді терістеу», т. т. (жоғарыда цитат келтірілгендей).

Сонымен, Маркс бұл процесті терістеуді терістеу деп атағанда бұдан оның тарихи қажеттілік екендігінің дәлелін табам деп ойламайды да. Қайта оның керісінше: бұл процестің ішінара қазірдің өзінде жүзеге асқанын, ішінара келешекте жүзеге асуға тиіс екенін тарих жүзінде дәлелдегеннен кейін ғана ол оны белгілі диалектикалық заң бойынша болатын процесс деп сипаттайды. Бар болғаны, міне, осы. Сонымен, терістеуді терістеу бұл арада кіндікшешенің ролін атқарады, осының жәрдемімен болашақ өткен заманның қойнауынан босанып шығады дегенде немесе Маркс терістеуді терістеу заңына сену негізінде жерді және капиталды қауымдасып иеленудің қажеттігіне біреудің нануын талап етеді дегенде Дюринг мырза тағы да бүтіндей бұрмалап отыр» (125-бет).

Оқушы бұл арада Энгельстің Дюрингке берген бұл тамаша тойтарысының барлығы бүтіндей Михайловский мырзаға да дәл келетіндігін көріп отыр, өйткені бұл да: Маркс айтқан болашақ тек қана гегельдік тізбектің ұшында іліиіп тұр, сондықтан мұны шүбәсыз деп білу тек қана сенімге негізделмек дейді *.

Дюринг пен Михайловский мырзаның арасындағы бүкіл айырма мына кішкене ғана 2 пунктке келіп тіреледі: біріншіден, Маркс туралы айтқанда Дюринг аузын көпіртпей сөйлей алмайды, сөйтсе де ол өз «Тарихының» келесі параграфында Маркс соңғы сөзінде [55] өзін гегельшілдікке салынды деп кінәлауды үзілді-кесіл-

* Бұл жөнінде Энгельстің осы түсіндірмесінің өзі оның дән туралы, Руссоның ілімі және диалектикалық процестің басқа да мысалдары туралы сөз болған тарауда басылғанын көрсете кету артық болмас дейміз. Бұл мысалдарды Энгельстің (және Маркстің, өйткені бұл шығарманың қолжазбасы Маркске алдын ала оқып берілген болатын) триадалар арқылы бір нәрсені *дәлелдеу* туралы немесе шын процесті көрсетуге бұл триадалардың «шартты мүшелерін» әкеп тықпалау туралы сөз болуға тиіс емес деген анық және үзілді-кесілді сөздерімен салыстырудың бір өзі ғана марксизмді гегельдік диалектикаға салынды деп кінәлаудың сорақылық екенін түсіну үшін әбден жеткілікті сияқты.

ді теріске шығарды дегенді айта кетуді қажет деп тапты. Ал Михайловский мырза диалектикалық методты қалай түсінетіндігі туралы Маркстің бұл (жоғарыда келтірілген) өте апық және түсінікті баяндауы туралы жұмған аузын ашқан жоқ.

Екіншіден, Михайловский мырзаның екінші ерекшелігі сол: ол барлық ықыласын етістіктердің шақтарын қолданушылыққа аударды. Біздің философымыз жеңімпаздық пішінмен: Маркс келер шақ туралы айта келіп, осы шақты неге қолданады? — деп сұрайды. Мұны, ардақты сыншы, қай грамматикадан болса да көріп-біле аласыз, сізге қай грамматика болса да: егер болашақ сөзсіз және күмәнсыз болатын болса, осы шақ келер шақтың орнына қолданылады дегенді айтады. Михайловский мырза тіпті өзінің бұрмалауын да жуып кетерліктей қатты кейістік білдіруге тырысып: неліктен ол осылай болмақ, неліктен ол күмәнсыз болмақ? — деп тынышсызданады.— Бұл жөнінде де Маркс өте ашық жауап берді. Бұл жауапты жетімсіз немесе дұрыс емес деп есептеуге болады, бірақ олай деп ойлаған күнде, гегельшілдік туралы қайдағы жоқ былшылды айтпай, мұның дұрыс еместігі *дәл неде* және ол *дәл неліктен* дұрыс емес екендігін көрсету керек.

Бұл жауаптың қандай жауап екенін Михайловский мырзаның өзі білгені былай тұрсын, оның басқаларды да үйреткен кездері де болған. Маркстің — деп жазды ол 1877 жылы — болашақ жөніндегі пікірін жорамал деп санауына Жуковский мырзаның дәлелі бар еді, бірақ «Маркс орасан зор маңыз беретін» еңбекті қоғамдастыру туралы мәселені елеусіз қалдыруға оның «адамгершілік правосы жоқ еді». Әрине, солай! Жуковскийдің 1877 жылы мәселені елеусіз қалдыруға адамгершілік правосы болмаған болса, 1894 жылы Михайловский мырзаның осындай адамгершілік правосы болғаны ғой! Мүмкін,— quod licet Jovi, non licet bovi *?!

Бұл арада осы қоғамдастыру дегенді түсіну жөнінде бір кезде «Отечественные Записки» [56] жазған бір күлдіргі жайтты айта кетпей болмайды. Журналдың 1883

* — Юпитерге жөн нәрсе лайық емес өгізге. *Ред.*

жылғы 7-номерінде Посторонний деген бір мырзаның «Редакцияға хаты» басылып шықты; бұл мырза да, дәл Михайловский мырза сияқты, Маркстің болашақ жөніндегі «пікірін» жорамал деп санады. «Шынында,— деп көкиді бұл мырза,— капитализм үстемдік етіп тұрған кезде еңбектің қоғамдық формасының мәнісі мынау: бірнеше жүз немесе бірнеше мың жұмысшы бір үйдің ішінде қайрау, соғу, айналдыру, қалау, төсеу, тарту сияқты толып жатқан жұмыс жасайды. Бұл тәртіптің жалпы сипаты: «әркім өз басының қамын ойлайды, ал құдай-тағала баршаның қамын ойлайды» деген мәтелмен тамаша суреттеледі. Бұл арада еңбектің қоғамдық формасының не қатысы бар?»

Мәселенің мәнісі неде екенін бұл адамның түсінгендігі салғаннан-ақ көрініп тұр! «Еңбектің қоғамдық формасы» «жұмысты бір үйдің ішінде істеуде» ғана екен!! Ал енді орыс журналдарының ішіндегі ең тәуірі дегенінде айтылған бұл сияқты сорақы пікірлерден кейін «Капиталдың» теориялық бөлімі жалпы ғылым жүзінде танылып отыр деп бізді сендіргісі келеді. «Капиталға» азды-көпті болса да елеулі қарсылық көрсетуге шамасы келмеген соң «жалпы жұрт таныған ғылым» «Капитал» алдында жалбаңдай бастады, бірақ сонымен бірге ол өзінің нағыз барып тұрған шикі надандығын көрсетіп, мектеп экономиясының ескі дөкірліктерін қайталады. Михайловский мырза өзінің бойына біткен әдеті бойынша бұл істі мүлдем елеусіз қалдырып кетті, сондықтан істің мәнісі неде екенін оған көрсету үшін бұл мәселеге біраз тоқталып кетуге тура келеді.

Капиталистік өндірістің еңбекті қоғамдастыруы әсте адамдардың бір үйдің ішінде жұмыс істегендігінде емес (мұның өзі — процестің бір бөлегі ғана), капиталдардың шоғырландырылуымен қоса-қабат қоғамдық еңбектің мамандануында, өнеркәсіптің әрбір белгілі саласында капиталистер санының азайып, өнеркәсіптің ерекше салалары санының көбеюінде болады, өндірістің толып жатқан бытыраңқы процестерінің бір қоғамдық өндіріс процесіне бірігуінде болады. Егер, мәселен, майдагерлік тоқыма өндірісі заманында ұсақ өндірушілер жіпті өздері иіріп, онан мата тоқып шығарған бол-

са, онда өнеркәсіп салалары бізде аз еді (иіру мен тоқу жұмысы бір қолда болды). Ал егер өндірісті капитализм қоғамдастырып отырса, онда өнеркәсіптің ерекше салаларының саны көбейеді: мақтадан жіп иіру жұмысы бір бөлек, мата тоқу жұмысы бір бөлек жүргізіледі; осы бөлінудің өзі мен өндірістің шоғырландырылуы өнеркәсіптің жаңа салаларын туғызады — машиналар жасау, тас көмір қазу және т. т. Енді бұрынғыдан көбірек мамандандырылған өнеркәсіптің әрбір саласында капиталистер саны бірден бірге азая бастайды. Мұның мәнісі — өндірушілер арасындағы қоғамдық байланыс бірден бірге нығайып отырады, өндірушілер біртұтас болып бірігеді деген сөз. Бытыраңқы ұсақ өндірушілер әрқайсысы бірнеше жұмыстың басын қосып істеп жүрді, сондықтан да олар басқаларға айтарлықтай тәуелді болған жоқ; егер, мәселен, майдагер зығырды өзі егіп және оны өзі иіріп, тоқыса,— ол басқаларға тәуелсіз дерлік болды. Кәдімгі «әркім өз басының қамын ойлайды, ал құдай-тағала баршаның қамын ойлайды» деген мәтел ұсақ, бытыраңқы өндірушілердің осындай тәртібіне (нақ осыған ғана), яғни рыноктардағы ауытқу анархиясына сүйенді. Капитализмнің арқасында пайда болған еңбектің қоғамдастырылуы тұсында іс мүлде басқаша болып отыр. Мата өндіретін фабрикант мақта жіп иіретін фабрикантқа тәуелді болады; ал соңғысы — мақта еккен плантатор капиталиске, машина жасау заводы мен тас көмір кенінің иесіне, т. т. және т. с. тәуелді болады. Осының нәтижесінде бірде-бір капиталист басқа капиталистерсіз күн көре алмайтын болып шығады. «Әркім өз басының қамын ойлайды» деген мәтелді мұндай тәртіпке қолдануға мүлде келмейтіндігі айқын-анық: мұнда біреу барлығы үшін жұмыс істейді де, барлығы біреу үшін жұмыс істейді (сөйтіп құдайға қиялдағы көк құдайы болу үшін де, «алтын тәнді» жер құдайы болу үшін де орын қалмайды). Тәртіптің сипаты мүлде өзгереді. Егер ұсақ кәсіпорындар өмір сүріп тұрған тәртіптің кезінде бұл кәсіпорындардың бірінде жұмыс тоқтап қалатын болса, мұның өзі қоғам мүшелерінің тек біразына ғана әсер етіп, жалпы жұртты абыржытпайтын, сондықтан

да көпшіліктің назарын аудармайтын, іске қоғам болып кірісудің қажеттігі болмайтын. Ал егер мұндай кідіріс өнеркәсіптің әбден жеткілікті мамандандырылған саласына арналған және сондықтан да бүкіл қоғам үшін дерлік жұмыс істеп, өзі де бүкіл қоғамға тәуелді болған ірі кәсіпорында болатын болса (мен түсінікті болу үшін қоғамдастырудың шыңына жеткен кездегі жағдайын алып отырмын) — онда қоғамның басқа кәсіпорындарының барлығында да жұмыс тоқталуға тиіс, өйткені олар керекті өнімдерді тек осы кәсіпорыннан ғана ала алады — өзінің барлық товарларын осы кәсіпорынның товары болса ғана өткізе алады. Сонымен, барлық өндірістер бүтін бір қоғамдық өндіру процесіне қосылады, ал оның бер жағында әрбір өндірісті жеке капиталист жүргізеді, ол өндіріс капиталистің ықтиярына тәуелді болады, қоғамдық өнімдер оның жеке меншігіне түседі. Өндіріс формасының өнімді иемдену формасына бітіспес қайшылыққа келетіндігі осыдан-ақ айқын емес пе? Өнімді иемдену формасының өндіріс формасына икемделмей тұра алмайтындығы, оның да қоғамдық, яғни социалистік болмай қоймайтындығы осыдан-ақ түсінікті емес пе? Ал «Отечественные Запискидегі» тілмар филистер барлық істі бір үйдің ішіндегі жұмысқа әкеп тірейді. Шын мәнісінде айдалаға лағу деп, міне, осыны айтады! (Мен бір ғана материалдық процесті, өндірістік қатынастардың бір ғана өзгерісін айтып өттім, ал процестің әлеуметтік жағын, жұмысшылардың бас қосып, бірігіп, ұйымдасуын әңгіме еткен жоқпын,— өйткені мұның өзі туынды, екінші кезектегі құбылыс).

Егер Россия «демократтарына» осындай қарапайым шындықты түсіндіруге тура келіп отырған болса, мұның себебі мынау: олардың мещандық идеяларға белшесінен батқандығы сонша, тіпті мещандық тәртіптерден басқа тәртіптер бар-ау деген олардың ешбір ойларына да келмейді.

Алайда Михайловский мырзаға қайта оралайық. Ол Маркстің нақ капитализмнің даму заңдарының арқасында социалистік құрылыс болмай қоймайды деген қорытындысына негіз болған фактілері мен пікірлеріне

қарсы не айтты? Ол қоғамдық шаруашылықтың товарлы ұйымы тұсында — шынына келгенде — қоғамдық еңбек процесін мамандандырудың, капиталдар мен кәсіпорындарды шоғырландырудың, бүкіл еңбек процесін қоғамдастырудың өсуі атымен болмайды деп көрсетті ме? Жоқ, ол осы фактілерді теріске шығарарлық бірде-бір дәлел келтірген жоқ. Еңбекті қоғамдастырумен сыйыса алмайтын анархия капиталистік қоғамға тән болады деген қағиданы ол қобалжыта алды ма? Бұл туралы ол еш нәрсе де айтқан жоқ. Барлық капиталистердің еңбек процесін бір қоғамдық еңбек процесіне біріктіру жеке меншікпен сыйыса алады дегенді, бұл қайшылықтан құтылуға Маркс көрсеткен жолдан басқа жолдың болуы ықтимал да мүмкін дегенді ол дәлелдеді ме? Жоқ, бұл туралы ол жұмған аузын ашқан жоқ.

Сонда оның сыны неге сүйенеді? Фактілердің өңін айналдыру мен бұрмалаушылыққа және сылдыр судай ағылған жел сөзге сүйенеді.

Алдымен тарихтың үш жақты-дәйекті адымы туралы түрлі бос сөздерді көпірте айтып алып, беті бүлк етпестен Маркске: «ал онан соң не болмақ?», яғни Маркс суреттеген процестің ақтық сатысынан кейін тарихтың аяқ алысы қандай болмақ? — деп сұрақ қоятын сыншының мұндай тәсілдерін, шынында, басқаша қалай атауға болады? Ендеше біліп қойыңыз, Маркс өзінің әдеби және революциялық қызметінің ең басынан-ақ социология теориясынан нені талап ететінін әбден ашық айтқан болатын: социология теориясы шын процесті дәл көрсетуге тиіс — оның міндеті осы ғана деген болатын (мысал үшін «Коммунистік манифестің» коммунистер теориясының өлшемі туралы айтылған жерін салыстырыңыз [57]). Ол өзінің «Капиталында» бұл талапты өте қатты ұстады: капиталистік қоғамдық формацияға ғылыми тұрғыдан талдау жасауды ол өзіне міндет етіп қойды — бұл ұйымның біз көріп отырған дамуында пәлендей бет алыс бар, бұл ұйым сөзсіз жойылуға және басқа, ең жоғары ұйымға айналуға тиіс дегенді дәлелдеп, сонымен тоқтады. Ал Михайловский мырза Маркс доктринасының бүкіл мәнісін былай қо-

йып, өзінің: «ал онан кейін не болмақ?» деген нағыз ессіздік сұрағын қояды. Сөйтеді де терең ойлы пішінмен: «Мен Энгельстің жауабын онша анық түсінбейтіндігімді ашық мойындауға тиіспін» дегенді қосады. Бірақ оның есесіне біз мұндай «сынның» рухы мен тәсілдерін әбден анық түсінетіндігімізді ашық мойындауға тиістіміз, Михайловский мырза!

Немесе тағы да мынадай пікірді алып көрейік: «Маркс айтып отырған, адамның өз еңбегіне негізделген жеке меншік орта ғасырларда тіпті экономикалық қатынастар саласында не бірден-бір, не басым фактор болған емес. Бұл меншікпен қатар басқа нәрселер де көп болды, алайда Маркстің түсінігіндегі (Михайловский мырзаның бұрмалауындағы емес пе?) диалектикалық метод бұған қайта оралуды ұсынбайды... Анығында, бұл схемалардың барлығы тарихи шындықтың суретін, немесе тіпті оның пропорцияларын да көрсетпейді, ол тек адамның ақыл-ойының қай затты болса да өткен шақтағы, осы шақтағы және келер шақтағы қалпында ойлауға бейімділігін ғана қанағаттандырады». Михайловский мырза, тіпті Сіздің қолданған бұрмалау айлаңыз сондай біркелкі, адамның жүрегін айнытады. Алдымен Маркстің капитализм * дамуының шын процесін тұжырымдауға тырысатын, одан басқа еш нәрсеге ұмтылмайтын схемасына не нәрсені болса да триадалар арқылы дәлелдеу ниетін тықпалап, сонан кейін Маркстің схемасы Михайловский мырза әкеп таңған осы бағытқа (3-саты бірінші сатының тек *бір ғана* жағын қалпына келтіре алады, басқаларының бәрін қалдырып кетеді) сәйкеспейді дейді, сөйтіп ұялмай-қызармай: «бұл схема, тегінде, тарихи шындықтың көрінісін бере алмайды» деген қорытынды жасайды!

Оқта-текте болса да (Энгельстің Дюринг жөніндегі сөзін қолдана айтқанда) дәл цитат келтіре алмайтын адаммен байсалды айтыс болуы мүмкін бе? Схеманың

* Орта ғасырлардың экономикалық тәртіптерінің басқа түрлері феодалдық қоғамдық формацияға жататын болғандықтан оларды Маркс тастап кетеді, өйткені ол бір ғана *капиталистік* формацияны зерттейді. Капитализмнің даму процесі өзінің таза күйінде ұсақ, бытыраңқы товар өндірушілердің тәртібінен және олардың жекеше еңбегінің меншігінен басталғаны рас (мәселен, Англияда солай болды).

қай жері теріс екенін көрсетуге талаптанбастан, бұл схема, «тегінде», шындыққа жанаспайды деп жұртты сендірмекші болғандармен бұл жерде таласуға бола ма?

Маркстік көзқарастардың шын мазмұнын сынаудың орнына Михайловский мырза өзінің тапқырлығын өткен шақ, осы шақ және келер шақтың категорияларын айтумен шынықтыра береді. Энгельс, мәселен, Дюринг мырзаның «мәңгілік ақиқатына» қарсы шыға отырып, былай дейді: «...қазіргі кезде бізге уағыздап отырғандары» үш түрлі мораль: христиандық-феодалдық, буржуазиялық және пролетарлық мораль, сондықтан өткен шақтың, осы шақтың және келер шақтың өздерінің мораль теориялары бар [58]. Бұл жөнінде Михайловский мырза былай дейді: «мен тарихтың үш дәуірге бөлінуінің негіздерінде өткен шақтың, осы шақтың және келер шақтың категориялары жатыр ғой деп ойлаймын». Неткен терең ойлылық десеңізші! Қоғамдық құбылыстың қандайын болса да даму процесінде алып қарайтын болсақ, бұл құбылыстан өткен заманның қалдықтары, қазіргі заманның негіздері және болашақ заманның ұрықтары табылатындығын кім білмейді? Бірақ, мәселен, Энгельс мораль тарихы (ол тек «осы шақ» туралы ғана әңгіме еткен еді ғой) жоғарыда көрсетілген үш кезеңмен ғана тынады, феодалдық моральдың алдында, мысалы, құлдық мораль, ал мұның алдында алғашқы коммунистік қауым моралы болған жоқ дегенді айтпақ болып па еді? Моральдық идеялардың қазіргі ағымдарын Энгельстің оларды материалистік жолмен түсіндіру арқылы байыптап білуге жасаған талабын байсалды түрде сынаудың орнына Михайловский мырза бізді мағынасыз сөздермен сыйлайды!

Михайловский мырзаның тарихты материалистік жолмен түсінудің қай шығармада баяндалғанын білмеймін деуден басталатын «сынының» тәсілдері жөнінде мыналарды оның есіне сала кету, бәлкім, пайдасыз болмас — бір кезде автор мұндай шығармалардың біреуін білуші еді және оны дұрысырақ бағалай білген еді. Михайловский мырза 1877 жылы «Капитал» туралы былай деген болатын: «Егер «Капиталдан» Гегель диалектикасының ауыр, қолапайсыз және керексіз қақ-

пағы алынып тасталса (бұл қандай ғажап? «Гегель диалектикасы» 1877 жылы «керексіз» болып, ал 1894 жылы материализм «диалектикалық процестің талассыздығына» сүйеніп отырған болып шығуы қалай?), онда, бұл шығарманың басқа артықшылықтарын былай қойғанда, біз бұл шығармада формалардың өмір сүруіне керекті материалдық жағдайларға сол формалардың қатынасы туралы жалпы мәселені шешу үшін өте жақсы зерттелген материалды көреміз және бұл мәселенің белгілі бір сала үшін өте жақсы қойылып отырғандығын көреміз».— «Формалардың өмір сүруіне керекті материалдық жағдайларға сол формалардың қатынасы» дегеніміздің өзі нақ сол қоғамдық өмірдің түрлі жақтарының өзара қатынастары туралы, идеологиялық қоғамдық қатынастардың материалдық қатынастардың қондырмасы екендігі туралы мәселе ғой, материализм доктринасы дегеніміз де осы мәселенің белгілі шешімі ғой. Ілгері жылжиық.

«Шынын айтқанда *бүкіл «Капитал»* (курсив менікі) жарыққа шыққан қоғамдық форманың қалай ілгері дами беретінін, өзіне тән белгілерін күшейте беретінін, ашылған жаңалықтарды, өнер табыстарды, жақсартылған өндіріс әдістерін, жаңа рыноктарды, ғылымның өзін де өзіне бағындырып, бойына сіңіретінін, оларды өзіне қызмет етуге жұмсайтынын зерттеуге арналған және, ақырында, бұл форма материалдық жағдайлардың бұдан былайғы өзгерістеріне төтеп бере алмайтынын зерттеуге арналған».

Таңқаларлық оқиға! 1877 жылы «бүкіл «Капитал»» осы қоғамдық форманы материалистік жолмен зерттеуге арналған еді (материализмнің мәнісі қоғамдық формаларды материалдық жағдайлар арқылы түсіндіруде болмағанда неде болмақ?),— ал 1894 жылы бұл материализмнің тіпті қайда баяндалғандығы және оны қай шығармадан іздеуге болатындығы белгісіз болып қалған!

1877 жылы «Капиталда» «бұл форма (яғни капиталистік форма, солай емес пе?) материалдық жағдайлардың бұдан былайғы өзгерістеріне төтеп бере алмайды» дегенді «зерттеу» бар еді (бұл есіңізде болсын),—

ал 1894 жылы мұнда ешбір зерттеу жоқ болып шықты, ал капиталистік форма өндіргіш күштердің бұдан былайғы дамуына төтеп бере алмайды деген ұғым «тек қана Гегельдің триадасының ұшында» ілініп тұрған болып шықты! 1877 жылы Михайловский мырза: «қоғамдық форманың оның өмір сүруіне керекті материалдық жағдайларға қатынасын талдап зерттеу автордың логикалық күші мен асқан оқымыстылығының *мәңгі* (курсив менікі) ескерткіші болып қалады» деп жазған болатын,— ал 1894 жылы ол материализм доктринасы еш уақытта да және ешқайда да ғылыми тұрғыдан тексеріліп, негізделген емес деп жариялайды!

Таңқаларлық оқиға! Шынында да мұның мәнісі не? Не болып қалды?

Мұнда екі жағдай болды: біріншіден, бостандыққа оның буржуазиялық бостандық болғаны себепті «пысқыра» қараған, орыс өмірінің антагонистігін барынша бүркемелеп баққан «жалтыр бас либералдарға» қарсы күрескен және шаруалар революциясын арман қылған 70-жылдардағы *орыс,* шаруа социализмі мүлде іріп-шіріп болды және ол шаруалар шаруашылығының прогрестік ағымдарынан «жігерлендірерлік әсерлер» шығады деп ойлап, бұл ағымдардың өзі шаруалардың жаппай экспроприацияланууымен қосарлана жүретіндігін (және соған байланысты болатындығын) ескермейтін пасық мещандық либерализмді туғызды. — Екіншіден, 1887 жылы Михайловский мырза «сангвиник» (яғни социалист революционер) Маркстi либерал сыншылардан қорғау жөніндегі өз міндетімен елігіп кеткендігі сонша, ол Маркс методының оның өз методымен сыйыса алмайтындығын байқамай қалды. Бірақ диалектикалық материализм мен субъективтік социологияның арасындағы ымыраға келмейтін бұл қайшылықты оған түсіндірген кезде — Энгельстің мақалалары мен кітаптары, орыс социал-демократтары (Плехановтың еңбектерінде Михайловский мырзаға арнап айтылған өте өткір ескертулер жиі кездеседі) түсіндірген кезде — Михайловский мырза мәселені қайта қарап шығуға шындап кірісудің орнына бет алды лепіре жөнелді. Марксті құттықтаудың орнына (бұл құттықтауды ол 1872

және 1877 жылдары айтқан болатын) [59] ол енді оған өтірік мақтаудың тасасынан итше үреді, «экономикалық жағынан өте әлсіздерді қорғауға», товар қоймаларына және деревнядағы жақсылық нышандарына, майдагерлер үшін ұйымдастырылатын музейлер мен артельдерге және т. с. игілікті көксеген мещандық прогрестерге қанағаттанғысы келмейтін — және «сангвиник» күйінде қалғысы келетін, әлеуметтік революцияның жақтаушысы болып, шын революцияшыл қоғамдық элементтерді үйретіп, оларға басшылық етіп, оларды ұйымдастырғысы келетін орыс марксистеріне қарсы байбалам салып, көбік-жынын шашады.

Енді баяғыда өтіп кеткен оқиғаларға қарай біраз шегінгеннен кейін Михайловский мырзаның Маркс теориясына жасаған «сынын» талдауды да аяқтауға болатын сияқты. Енді сыншының «дәлелдерін» жинақтап, қорытып көрейік.

Михайловский мырза қиратпақшы болған доктрина, біріншіден, тарихты материалистік жолмен түсінуге сүйенеді, екіншіден, диалектикалық методқа сүйенеді.

Мұның біріншісіне келетін болсақ, сыншы, ең алдымен, материализмнің қай шығармада баяндалғанын білмейтіндігін айтты. Материализмнің бұл баяндалуын ешбір жерден таба алмай, материализм дегеннің не екендігін өзі қиыстыруға кірісті. Бұл материализмнің шектен асқан дәмелері жөнінде түсінік беру үшін ол: материалистер адам баласының өткен шақтағы, осы шақтағы және келер шақтағы барлық тіршілігін түсіндіруге дәмеленеді дегенді ойынан шығарды,— ал соңынан, марксистердің нақ өз сөздерін тексере келгенде, олардың тек бір ғана қоғамдық формация түсіндірілді деп есептейтіндігі ашылған кезде,— сыншы материалистер материализмнің өрісін тарылтады, сөйтіп өздерін өздері соғады деп ұйғарды. Бұл материализмді дәйектеу тәсілдері жөнінде түсінік беру үшін ол: ғылыми социализмді дәйектеу сияқты іске өз білімдерінің жетімсіз екенін материалистердің өздері де мойындаған дегенді ойынан шығарды, ал шынына келгенде Маркс пен Энгельс жалпы экономикалық тарих жөніндегі білімдерінің жетімсіздігін (1845—1846 жылдары) мойын-

даған-ды және олардың білімдерінің жетімсіздігін дәлелдейтін шығарманы олар ешқашан да басып шығарған емес-ті. Бұл сияқты кіріспеден соң ол бізді мынадай сынмен сыйлады: «Капиталдың» мерт болған себебі, ол бір ғана дәуірді сөз қылады, ал сыншыға барлық дәуір керек; оның мерт болуының тағы бір себебі, «Капитал» экономикалық материализмді дәлелдеп көрсетпейді, оған тек қана тоқталып өтеді — дәлелдерінің салмақты және байсалды екендігі сонша, материализм еш уақытта да ғылыми жолмен негізделген жоқ деп мойындауға тура келді. Сонан кейін материализмге қарсы мынадай факт келтірілді: тарихқа дейінгі дәуірді мүлде басқа елде жүріп зерттеген, бұл доктринаға мүлде жат адам да,— материалистік қорытындыларға келді. Онан соң, бала тудыру материализмге мүлде теріс қолданылды, мұның өзі — тек сөз жүзіндегі қулық деп көрсету үшін сыншы экономикалық қатынастар жыныс және семья қатынастарының қондырмасы дегенді дәлелдей бастады. Байсалды сыншының материалистерге ақыл айтпақ болып берген нұсқаулары бізді: бала тудырусыз мұрагерлік мүмкін емес, бұл бала тудыру нәтижелеріне күрделі психика «кіреді» және балалар әкелерінің рухында тәрбиеленеді деген терең шындыққа жарытты. Сонымен қатар ұлттық байланыстар — рулық байланыстардың жалғасы және ұласуы екенін де ара-арасында біліп алдық. Сыншы материализм жөніндегі өзінің теориялық зерттеулерін жүргізе келіп, марксистердің көптеген дәлелдерінің мазмұны: буржуазиялық тәртіп тұсында бұқараның езілуі мен қаналуы «қажет» екендігінде және бұл тәртіптің «қажетті түрде» социалистік тәртіпке айналуында болып отыр дегенді ескертті,— сөйтіп ол қажеттілік деген сөз (егер нақ адамдар қажет деп санайтын нәрсені айтпасақ) — тым жалпылама ұғым, сондықтан марксистер дегеніміз мистиктер, метафизиктер деп жариялауға асықты. Сыншы, сонымен қатар, Маркстің идеалистерге қарсы айтысы «сыңар жақ» айтыс дегенді айтты, ал бұл идеалистердің көзқарастары субъективтік методқа қалай қарайтындығы туралы және оларға Маркс-

тің диалектикалық материализмі қалай қарайтындығы туралы жұмған аузын ашқан жоқ.

Марксизмнің екінші тірегі — диалектикалық методқа келетін болсақ, бұл тіректі құлату үшін батыл сыншының бір түрткенінің өзі-ақ жеткілікті болды. Ал бұл түрткені өте дәл болды: триадалар арқылы қайсыбір нәрсені дәлелдеуге болады дегенді теріске шығару үшін сыншы адам айтқысыз мол күш жұмсап, зорыққанша әуреленеді,— ал диалектикалық методтың мәнісі әсте триадаларда емес, нақ идеализм мен субъективизмнің социологиядағы тәсілдерін теріске шығаруда екендігі туралы үндемей қойды. Екінші түрткі арнайы Маркске қарсы жұмсалды: айбынды Дюринг мырзаның көмегімен сыншы капитализмнің құлауының қажеттігін Маркс триадалар арқылы дәлелдеді деп, адам айтқысыз бос сөзді Маркске әкеп таңды да, осы бос сөзге қарсы жеңімпаздықпен күресті.

«Біздің атақты социологымыздың» тамаша «жеңістерінің» хикаясы, міне, осы! Бұл жеңістерге тамашалап қарау «сабақ аларлық» (Буренин) емес пе?

Бұл арада Маркстің доктринасын сынауға тура қатысы болмағанымен, сыншының мұраттары мен шындықты түсінуін анықтауға өте керегі болып отырған тағы бір жағдайға соқпай кетуге болмайды. Ол — сыншының Батыстағы жұмысшы қозғалысына көзқарасы.

Жоғарыда Михайловский мырзаның материализм өзін «ғылым» жүзінде ақтай алмады (мүмкін, Германия «халық достарының» ғылымында ақтай алмаған болар?) деген сөзі келтірілді, бірақ бұл материализм «жұмысшы табының арасында шынында да өте жылдам таралып барады»,— дейді Михайловский мырза. Бұл фактіні Михайловский мырза қалай түсіндіреді екен? «Экономикалық материализмнің, былайша айтқанда, кең жайылып, оның сын көзімен тексерілмеген күйінде көп тарап, табысты болуына келетін болсақ,— дейді ол,— бұл табыстың басты себебі ғылымда емес, алдағы болашақтың нысаналары белгілейтін өмірлік практикада болып отыр». Алдағы болашақтың нысаналары «белгілейтін» өмірлік практика жөніндегі бұл қолапайсыз сөздің қандай мағынасы болмақ, материа-

лизм шындықты дұрыс түсіндіргендігінен таралып отырған жоқ, қайта ол бұл шындықтан безіп, бетін алдағы нысана жағына қарай бұрғандықтан таралып отыр дегеннен басқа қандай мағынасы болмақ? Онан әрі ол былай дейді: «Бұл нысаналар бұларды үйреніп жүрген неміс жұмысшы табынан және оның тағдырына жанашырлық білдіріп жүргендерден білімді де, сын көзімен ойлауды да талап етпейді. Бұлар тек сенуді ғана талап етеді». Басқа сөзбен айтқанда, материализм мен ғылыми социализмнің кең таралуы бұл доктринаның жұмысшыларды жарқын болашаққа жеткізуге уәде беруіне байланысты болып шығады! Бұл түсіндірудің мейлінше мағынасыздығы мен жалғандығын көру үшін Батыстағы социализм мен жұмысшы қозғалысының тарихымен аздап таныс болудың өзі де жеткілікті ғой. Ғылыми социализмнің болашақ нысаналарын еш уақытта да суреттеп көрсетпегені әркімге мәлім: ғылыми социализм қазіргі буржуазиялық тәртіпке талдау жасаумен тынды, капиталистік қоғамдық ұйымның даму беталысын зерттеді,— не бары осы. Маркс 1843 жылдың өзінде былай деп жазып, осы программасын бұлжытпай орындап шықты: «Біз дүние жүзіне: «күресіңді тоқтат; сенің күресіңнің бәрі — түкке тұрғысыз» демейміз, біз оған күрестің шын ұранын ұсынамыз. Біз тек дүние жүзіне оның нақ не үшін күресетіндігін көрсетеміз, ал сана дегеніміз — сондай нәрсе, оны дүние мейлі жаратсын, мейлі жаратпасын, бірақ оның осыған қолы жетуге *тиісті»* [60]. Мысал үшін айтсақ, ғылыми социализмді баяндайтын басты және негізгі шығарма — «Капитал» болашақ жөнінде жалпы пікірлер айтумен ғана тынатынын, болашақтағы құрылыс өсіп шығатын, қазірдің өзінде бар элементтерді ғана шолып өтетінін әркім біледі. Болашақтың нысаналары жөнінде бұрынғы социалистер анағұрлым көп айтқандығын әркім біледі; бұлар адамдар күрессіз-ақ өмір сүре алатын, олардың қоғамдық қатынастары қанаушылыққа сүйенбей, адам табиғатының жағдайларына шын сай келетін прогресс негіздеріне сүйенетін тәртіптерді суреттеу арқылы жұртты еліктіруге тырысып, болашақ қоғамды егжей-тегжейіне дейін мадақ-

тап суреттеді. Бірақ — бұл идеяларды баяндаған зор талантты адамдар мен соған нағыз сенген социалистердің үлкен тобының болғанына қарамастан,— ірі машиналы индустрия жұмысшы пролетариат бұқарасын саяси өмір тасқынына тартқанға дейін және пролетариат күресінің шын ұраны табылғанға дейін олардың теориялары өмірге жанаспады, ал программалары халықтың саяси қозғалыстарынан сырт қалып отырды. Бұл ұранды, Михайловский мырзаның Маркс туралы баяғы өткен заманда — 1872 жылы — айтқанындай, «утопист емес, ісіне қатал, кей жерлерде тіпті иліппейтін ғалым» — Маркс тапты, тапқанда қайдағы бір нысаналар арқылы емес, қазіргі буржуазиялық тәртіпке ғылыми тұрғыдан талдау жасау арқылы, мұндай тәртіп бар тұрғанда қанаушылықтың *қажеттігін* анықтау арқылы, бұл тәртіптің даму заңдарын зерттеу арқылы тапты. Әрине, Михайловский мырза «Русское Богатствоның» оқушыларын мұндай талдау жасай білуді меңгеру білімді де, ақыл-ой еңбегін де керек қылмайды деп сендіруі мүмкін, бірақ біз осы талдау жасаған кезде анықталған қарапайым шындықтарды нағыз өрескел түсінбеушілікті оның өзінен көрдік (және ілгеріде оның қызметкер экономисінен [61] одан да көбірек көреміз), сондықтан мұндай пікір, әрине, тек күлкіңді ғана келтіреді. Ірі капиталистік машиналы индустрия қай жерде және қаншалықты дамыса, жұмысшы қозғалысының дамуы да нақ сол жерде және соншалықты таралып, дамитындығы талассыз болып шығады;— социалистік доктрина адамның табиғатына сай келетін қоғамдық жағдайлар туралы сөздерді былай қойып, қазіргі қоғамдық қатынастарға материалистік тұрғыдан талдау жасауға, қазіргі қанаушылық тәртіптің қажеттігін анықтауға кіріскен кезде ғана табысқа жете алады.

Бұл доктринаның «нысаналарға» көзқарасын шындыққа қарама-қарсы сипаттау арқылы материализмнің жұмысшылар арасында беделді болуының шын себептеріне соқпай өтуге тырыса отырып, Михайловский мырза енді Батыс Европа жұмысшы қозғалысының идеялары мен тактикасын нағыз пасықтық, нағыз ме-

щандық тұрғыдан мазақтай бастайды. Жоғарыда көргеніміздей, еңбектің қоғамдастырылуы нәтижесінде капиталистік құрылыстың социалистік құрылысқа сөзсіз айналатындығы туралы Маркстің келтірген дәлелдеріне қарсы ол бірде-бір дәлел келтіре алмады,— ал осыған қарамастан, ол «пролетариат армиясы» капиталистердің экспроприациялануын әзірлейді, «мұның артынан іле-шала тап күресі атаулының бәрі тоқталады, жер үстіне тыныштық орнайды, адам баласының ниеті түзеледі-міс» деп ұялмай-қызармай мысқылдайды. Ол, Михайловский мырза, социализмді жүзеге асырудың бұдан әлдеқайда оңай және тура жолдарын біледі: тек «халық достары» «жұрт аңсап жүрген экономикалық эволюцияның» «ашық және мызғымас» жолдарын толығырақ етіп көрсетіп берсе болғаны — сонда бұл «халық достарын», бәлкім, «практикалық экономикалық проблемаларды» шешу үшін «шақырар» дейміз (Южаков мырзаның «Россияның экономикалық даму мәселелері» деген мақаласын қараңыз, «Русское Богатство» № 11), ал әзірше... әзірше жұмысшылар күте тұруға тиіс, «халық достарына» сенуге тиіс және «орынсыз өркеуделікпен» қанаушыларға қарсы дербес күрес бастамауға тиіс. Осынау «орынсыз өркеуделікті» біржолата құртқысы келіп, біздің автор «қалтаға салып жүретін сөздікке сыйып кетерлік бұл ғылымға» қарсы пандана түйілгеді. Шынында да, қандай масқаралық: ғылым — және жарты тиын тұратын, қалтаға сыйып кететін социал-демократиялық кітапшалар!! Қаналушыларды өз бостандығы жолында күресуге үйрететін ғылымды, таптардың антагонизмін бүркемелеу арқылы істің бәрін өз қолына алғысы келетін «халық достары» атаулыдан аулақ жүруге үйрететін ғылымды ғана бағалайтын, сондықтан да бұл ғылымды тиын-тебен тұратын кітапшаларда баяндап, филистерлерді қатты есеңгіретіп жүрген адамдардың қаншалық орынсыз өркеуделікке салынып отырғаны айқын емес пе. Егер жұмысшылар өз тағдырын «халық достарының» қолына берген болса, іс бұлай болмас та еді; егер жұмысшылар тек қана... күте тұруға көніп, орынсыз өркеуделіктен күресті өзі бастамаған болса, онда «халық

достары» жұмысшыларға нағыз, көп томды, университеттік және филистерлік ғылымды көрсеткен болар еді, жұмысшыларды адамның табиғатына сай келетін қоғамдық ұйыммен әбден таныстырған болар еді!

Михайловский мырза «сынының» екінші бөліміне, енді жалпы алғанда Маркс теориясына қарсы, жеке алғанда орыс социал-демократтарына қарсы бағытталған бөліміне көшпестен бұрын бізге біраз кейін оралуға тура келеді. Әңгіме былай: Михайловский мырза Марксті сынағанда оның теориясын дәл баяндауға талаптанбағаны былай тұрсын, қайта оны көрер көзге бұрмалаған болатын,— орыс социал-демократтарының идеяларын да ол дәл сол сияқты бүтіндей оңін айналдырып бұрмалайды. Сондықтан шындықты қалпына келтіру қажет. Мұны істеудің ең қолайлы жолы — бұрынғы орыс социалистерінің идеяларын социал-демократтардың идеяларымен салыстырып көрсету. Бұрынғы орыс социалистерінің идеяларын Михайловский мырзаның «Русская Мысльдың» 1892 жылғы 6-номерінде басылған мақаласы бойынша баяндап отырмын, бұл мақаласында да ол марксизм туралы айтқан болатын (айтқанда да — оған мін тағып керегі не — сыпайы түрде айтты, цензураның бақылауындағы баспасөз жүзінде тек Буренинше ғана сөз қылуға болатын мәселелерге тоқтаған жоқ,— марксистерді қайдағы бір қоқыспен шатастырған жоқ) және марксизмге қарама-қарсы — немесе, ең болмағанда, қарама-қарсы болмаса да, сонымен қатар қоя отырып,— өз көзқарастарын баяндаған болатын. Мен, әрине, социалистер қатарына қосу арқылы Михайловский мырзаны да, социалистерге Михайловский мырзаны теңеу арқылы орыс социалистерін де ешбір ренжіткім келмейді: мен орыс социалистері мен Михайловский мырзаның *дәлелдерінің желісі* мағынасы жағынан алып қарағанда бір деп ойлаймын, ал айырма көзқарастарының табандылығы, туралығы және дәйектілігі дәрежесінде ғана болып отыр.

Михайловский мырза «Отечественные Запискидің» идеяларын баяндай келіп, былай деп жазды: «Біз адам-

гершілік-саяси мұраттардың қатарына жердің егіншіге тиістілігін және еңбек құралдарының өндірушіге тиістілігін енгіздік». Көріп отырсыздар, негізгі көзқарасы — нағыз ізгі, нағыз жақсылық ойлайтын көзқарас... «Біздегі әлі де болса орын алып отырған орта ғасырлық еңбек формалары * қатты қаусап тұр, бірақ қайдағы бір либералдық немесе либералдық емес доктриналарға бола осы орта ғасырлық еңбек формаларын мүлде жойып жіберуді орынды деп таппадық».

Ғажап пікір! «Еңбек формаларының» қандайы болса да оларды белгілі бір басқа формалар ауыстырғанда ғана қаусауы мүмкін ғой; ал оның бер жағында біз авторымыздан бұл жаңа формаларды талдап көрсетуге, оларды түсіндіруге, сонымен бірге бұл жаңа формалардың ескі формаларды ығыстырып шығару себептерін анықтауға әрекет жасағанын да таба алмай отырмыз (мұндай әрекеттерді оның пікірлестерінің ешқайсысынан да таба алмас едік). Тирадасының екінші бөлімі бұдан да ғажап: «Доктриналарға бола осы формаларды жойып жіберуді орынды деп таппадық». Еңбек формаларын «жою» үшін, яғни қоғам мүшелерінің арасындағы осы өндірістік қатынастарды қайта құру үшін «біздің» (яғни социалистердің — жоғарыда жасалған ескертуді қараңыз) қандай құралдарымыз бар? Бұл қатынастарды доктрина бойынша қайта құру жөніндегі пікірдің өзі сорақы пікір емес пе? Мұнан әрі тыңдап көрейік: «біздің міндетіміз өзіміздің ұлттық топырағымыздан қайткенде де «өзімізге тән» цивилизацияны өсіріп шығаруда емес, сондай-ақ Батыстың цивилизациясын оны жегідей жеп отырған қайшылықтарымен бірге өзімізге теп-тегіс көшіріп алуда да емес: жақсы нәрселерді мүмкін болғанынша барлық жерден де алу керек, ал бұл жақсы нәрселер өзіміздікі болып шыға ма, не басқанікі бола ма, бұл енді принциптік мәселе емес, практикадағы қолайлылық мәселесі. Тегінде, мұның

---

* Автор басқа бір жерінде былай деп түсіндірді: «орта ғасырлық еңбек формалары деп қауымдық жер иеленушілік пен майдагерлік өнеркәсіпті және артельдік ұйымды ғана түсінбеу керек. Мұның бәрі орта ғасырлық еңбек формалары екендігінде күмән жоқ, бірақ бұлардың қатарына жердің немесе өндіріс құралдарының қызметкерге тиісті барлық түрлерін қосу керек».

қарапайымдығы, айқындығы, түсініктілігі сондай, мұнда әңгіме етерлік еш нәрсе де жоқ». Шынында да, мұның өзі қалай оңай десеңізші! Барлық жерден жақсысын «алса» болғаны — іс бітті! Орта ғасырлық формалардан өндіріс құрал-жабдықтарының қызметкерге тиістілігін «алу керек», ал жаңа (яғни капиталистік) формалардан — бостандықты, теңдікті, ағарту ісін, мәдениетті «алу керек». Сонда әңгіме етерлік еш нәрсе де қалмайды! Бұл арада социологиядағы субъективтік метод түгелімен алақандағыдай айқын: социология утопиядан — жердің қызметкерге тиістілігінен — бастайды да, ойдағы тілекті жүзеге асырудың шарттарын көрсетеді: жақсысын пәлендей, түгендей жерден «алу керек» дейді. Бұл философ қоғамдық қатынастарға таза метафизикалық тұрғыдан, белгілі бір тәртіптердің жай ғана механикалық агрегаты, белгілі бір құбылыстардың жай ғана тізбегі деп қарайды. Ол мұндай құбылыстардың бірін — орта ғасырлық формалардан жердің егіншіге тиістілігін — жұлып алады да, мұны, бір үйдің кірпішін алып, екінші үйге қалағандағыдай, басқа формалардың қандайына болса да қондыра салуға болады деп ойлайды. Бірақ мұның аты қоғамдық қатынастарды зерттеу емес, қайта зерттеуге жататын материалды іске алғысыз етіп бүлдіру деген сөз ғой: шындығында, сіздің мысалға алып отырғаныңыздай, жер жеке және дербес меншік ретінде егіншіге тиісті болып көрген жоқ қой: мұның өзі сол кездегі өндірістік қатынастардың көп тізбектерінің бірі ғана еді ғой, ал ол кездегі өндірістік қатынастар былай болатын: жерді ірі жер иелері, помещиктер өзара бөлісіп алған-ды, помещиктер шаруаларды қанау үшін оларға осы жерді бөліп беретін, сондықтан жер заттай жалақы тәрізді болатын: бұл жер шаруаға помещик үшін қосымша өнім өндірерліктей қажетті өнім беріп отырды; жер шаруалардың помещик пайдасына міндетті түрде жұмыс істеуіне керекті қор болды. Автордың өндірістік қатынастардың бұл системасын қадағалап қарамай, қайта бір құбылысты жұлып алып, оны мүлде жалған көрсетумен қанағаттанған себебі не? Оның себебі, автор қоғамдық мәселелерді байыптай білмейді: ол (Михайлов-

ский мырзаның пікірлерін *бүкіл* орыс социализмін сынау үшін мысал ретінде ғана пайдаланып отырғандығымды тағы да айтып өтемін) сол кездегі «еңбек формаларын» *түсіндіруді,* оларды өндірістік қатынастардың белгілі системасы деп, белгілі қоғамдық формация деп көрсетуді алдына мүлдем мақсат етіп қойған да жоқ. Маркстің сөзімен айтқанда, қоғамға ұдайы әрекет жасап, дамушы жанды организм деп қарауды міндеттейтін диалектикалық метод оған жат.

Еңбектің бұрынғы формаларын жаңа формалардың ығыстырып шығару себептері туралы мәселені мүлдем ойына да алмастан, бұл жаңа формалар туралы пікірлерінде де ол дәл сондай қатені қайталайды. Ол үшін бұл формалар жердің егіншіге тиістілігін «қаусатады», яғни, жалпы айтқанда, өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан айырады деп білсе,— сөйтіп мұның өзін мұратқа сай келмейді деп айыптаса, соның өзі жеткілікті. Бұл жерде де оның пікірі тағы да мүлде сорақы: ол бір құбылысты (жерсіз қалушылықты) жұлып алады да, мұның өзін товар өндірушілердің арасында бәсеке, теңсіздік, біреулердің күйзелуін, екінші біреулердің баюын туғызатын *товар шаруашылығына* негізделген басқа бір өндірістік қатынастар системасының мүшесі деп көрсетуге әрекеттенбейді. Ол бір құбылысты — бұқараның күйзелуін көрсетті де, екінші құбылысты — азшылықтың баюын — ескерусіз қалдырды, сөйтіп өзін мұның екеуін де түсіне алмайтындай халге ұшыратып отыр.

Ал оның үстіне мұндай тәсілдерді — «тіршілік мәселелеріне жауапты сол мәселелердің қаны мен тәні араласқан формасынан іздеу» деп атайды («Русское Богатство», № 1, 1894 ж.); ал шынында, ол нақ мұның керісінше, шындықты түсіндіруді, шындықтың бетіне тура қарауды білмеді және білгісі келмеді,— сондықтан осынау тіршілік мәселелерінен, осы тіршіліктегі дәулеттілердің дәулетсіздерге қарсы күресінен масқара болып қашып, бейкүнә утопиялар саласына барып тығылды; мұны ол — «тіршілік мәселелеріне жауапты бұлардың көкейтесті және күрделі нақты шындықта міпсіз қойылуынан іздеу» деп атайды («Русское Богатство», № 1),

ал шынына келсек, ол осы нақты шындықты зерттеуге және оны түсіндіруге әрекет те жасаған жоқ.

Мұның орнына ол бізге түрлі қоғамдық формациялардан мүлде рабайсыз жұлынып алынған жеке элементтерден қиыстырылған утопияны ұсынды — орта ғасырдағы қоғамдық формациядан — пәлендей элементтерді, «жаңасынан» — түгендей элементтерді және т. т. алды. Бұған негізделген теорияның шын қоғамдық эволюциядан сыртқары қалмай қоймайтындығы түсінікті, оның жай ғана себебі, біздің утопистерге пәлендей, түгендей жерден алынған элементтерден құралған қоғамдық қатынастарда өмір сүріп, іс істеуге тура келмей, шаруаның кулакқа (әлді мужик), майдагердің алыпсатарға, жұмысшының фабрикантқа қатынастарын белгілейтін қоғамдық қатынастарда өмір сүріп, іс істеуге тура келді, бұл қатынастар оларға мүлде түсініксіз болды. Олардың өздері түсінбеген бұл қатынастарды өз мұраты бойынша қайта құрмақ болған әрекеттері мен талантарының сәтсіздікке ұшырамауы мүмкін емес еді.

Россиядағы социализм туралы мәселенің «орыс марксистері шыққан» кездегі жайын көрсететін очерк жалпы алғанда, міне, осындай.

Олар жұмысты ең алдымен бұрынғы социалистердің субъективтік тәсілдерін сынаудан бастады; олар қанаушылықтың бар екенін көрсетіп, оны сөгумен қанағаттанбай, оны *түсіндіргілері* келді. Олар Россияның реформадан соңғы бүкіл тарихы бұқараның күйзеліп, азшылықтың баюында екенін көре отырып, барлық жерде де техникалық прогрестің өсуімен қатар ұсақ өндірушілердің арасан көп экспроприациялануын байқай отырып, товар шаруашылығы қай жерде және қаншалықты дамып, күшейсе,— бұл екі түрлі қым-қиғаш ағымдардың да сол жерде және соншалықты туып, күшейетіндігін байқай отырып, олар мұның өзі қоғамдық шаруашылықтың экспроприация мен бұқараның езілушілігін **қажетті түрде** туғызатын буржуазиялық (капиталистік) ұйымы болып табылатындығы туралы қорытынды шығармауға амалы болмады. Олардың практикалық программасы да тура осы сенім бойынша белгіленді: бұл программаның көздегені — Россияның

қараңғы түкпірдегі деревнясынан бастап ең жаңа құралдармен жабдықталған фабрикасына дейінгі экономикалық шындығының басты мазмұны болып отырған күреске, пролетариаттың буржуазияға қарсы, дәулетсіз таптардың дәулетті таптарға қарсы күресіне қосылу болды. Қалай қосылу керек? — деген сұрауға жауапты да тағы сол шындықтың өзі тауып берді. Капитализм өнеркәсіптің басты-басты салаларын ірі машиналы индустрия сатысына дейін жеткізді; өндірісті осы жолмен қоғамдастырып, ол жаңа тәртіптердің орнауына материалдық жағдайлар туғызды және сонымен бірге жаңа әлеуметтік күш туғызды: фабрика-завод жұмысшыларының, қала пролетариатының табын туғызды. Россиядағы бүкіл еңбекші халықтың қаналуы экономикалық мәні жағынан қандай қанау болса, нақ сондай буржуазиялық қанауға ұшырап отырған бұл тап, алайда, өзін азат ету жағынан айрықша қолайлы жағдайларда болып отыр: ескі, бүтіндей қанаушылыққа негізделіп құрылған қоғаммен оның ешбір байланысы жоқ; оның еңбек ету жағдайларының өзі және тіршілік жағдайы оны ұйымдастырады, ойлапып-толғантады, саяси күрес майданына шығуына мүмкіндік береді. Сондықтан социал-демократтардың өздерінің бар назарын және бар үмітін осы тапқа аударғаны, олардың өз программасын осы таптың таптық сана-сезімін өсіруге бейімдегені, өздерінің бүкіл қызметін осы таптың қазіргі тәртіпке қарсы тура саяси күреске көтерілуіне жәрдемдесуі және бұл күреске бүкіл орыс пролетариатын тартуға бағыттауы табиғи нәрсе.

Енді Михайловский мырзаның социал-демократтарға қарсы қалай күресетіндігін көрейік. Социал-демократтардың теориялық көзқарастарына қарсы, олардың саяси социалистік қызметіне қарсы ол қандай дәлел келтіреді?

Марксистердің теориялық көзқарастарын сыншы былайша баяндайды:

«Марксиспіз дейтіндердің айтуынша,— шындық мынада: тарихи қажеттіліктің иманенттік заңдары бо-

йынша Россия өзінің капиталистік өндірісін оған біткен барлық ішкі қайшылықтарымен, ұсақ капиталдарды ірі капиталдардың жалмауымен қоса ілгері дамытады, ал сонымен бірге жерден айрылған мужик пролетарийге айналады, бірігеді, қоғамдасады, сөйтіп осымен іс бітеді, енді мұны басына бақыт қонған адамзаттың қолына ұстата қою ғана қалады».

Көрдіңіз бе,— шындықты түсіну жөнінде марксистердің «халық достарынан», демек, ешбір айырмашылығы жоқ екен ғой, тек болашақты түсіну жөнінде ғана айырма бар екен: марксистер тек қана «нысаналармен» айналысып, қазіргі шақты елемейтін көрінеді. Михайловский мырзаның ойы дәл осындай екендігінде күмән болмасқа тиіс: марксистер,— дейді ол,— «өздерінің болашақты болжауларында утопиялы еш нәрсе жоқ екеніне, қатал ғылымның ережелеріне сәйкес бәрінің де өлшеніп, пішіліп қойылғанына кәміл сенеді» және, ақырында, будан да анығырақ айтады: марксистер — «абстракт тарихи схеманың мызғымастығына сенеді және соны уағыздайды».

Бір сөзбен айтқанда, біз марксистерді нағыз бейпіл сөзбен, барып тұрған пасықтықпен айыптаушылықты көріп отырмыз; марксистердің көзқарастарына қарсы жөнді еш нәрсе айта алмағандардың бәрі баяғыдан осыған жармасып жүр. «Марксистер абстракт тарихи схеманың мызғымастығын уағыздайды»!!

Мұның өзі шылғи өтірік және ойдан шығарылған жалған сөз ғой!

Капитализм Батыста «болғандықтан» Россияда да «болуға тиіс» дегенді және осы сияқты дәлелдерді марксистердің бірде-бірі ешбір жерде және еш уақытта айтқан емес. Марксистердің бірде-бірі Маркс теориясынан ешқандай жалпыға бірдей міндетті философиялық-тарихи схеманы, белгілі бір қоғамдық-экономикалық формацияны түсіндіруден басқа нәрсені еш уақытта да көрген емес. Тек жалғыз субъективтік философ Михайловский мырза ғана Маркстi түсіне алмай, одан жалпы философиялық теорияны көре қойған, осыған жауап ретінде ол Маркстен: жөнін таппай, адасып отырсыз деген өте анық түсінік алды. Марксистердің

ешқайсысы да өзінің социал-демократиялық көзқарастарын теорияның шындыққа және белгілі бір, яғни орыстың, қоғамдық-экономикалық қатынастардың тарихына сәйкес болуынан басқа еш нәрсеге де еш уақытта негіздеген емес және негіздей алмайтын да еді, өйткені теорияға қойылатын осындай талапты «марксизмнің» негізін салушы Маркстің өзі өте айқын және анық айтып, өзінің бүкіл ілімінің негізіне қойған болатын.

Әрине, Михайловский мырза: нақ абстракт тарихи схеманы марксистердің қостайтындығын «өз құлағыммен» естігемін деп, Маркстің бұл сөзін, шамасы келгенінше, бекерге шығаруға тырысып бағар. Бірақ Михайловский мырзаның өзі әңгімелескен адамдарынан түрлі бос мылжыңды естуіне тура келгендігінде біздің, социал-демократтардың, не шаруамыз бар, яки басқа адамдардың не шаруасы бар? Мұның өзі тек оның әңгімелес адамдарын дәл таба білетіндігін, одан басқа түк те емес екенін дәлелдемей ме? Әрине, тапқыр философтың бұл сияқты әңгімелес тапқыр адамдары өздерін марксистерміз, социал-демократтармыз және т. с. деп атап жүруі әбден мүмкін,— бірақ қазіргі уақытта (бұл баяғыдан-ақ айтылып жүр) көрінген алаяқтың «қызыл» киімге әуес екенін кім білмейді? * Егер Михайловский мырзаның көрегендігі мұндай «сәнқойларды» марксистерден айыруға жетпейтін болса, немесе оның Маркстi терең түсiнгендiгi сонша, Маркстің бүкіл доктринасындағы Маркстің өзі мейлінше қатты ұсынып отырған өлшемді («көз алдымызда болып жатқанды» тұжырымдауын) байқамай қалса,— онда мұның өзі тағы да сол Михайловский мырзаның ақылды адам емес екендігін ғана дәлелдейді, одан басқа еш нәрсе де емес.

Қалай болған күнде де, егер ол *социал-демократтарға* қарсы баспасөз бетінде айтысуға кірiскен болса, ол онда социалистердің осы атпен баяғыдан бері және жалғыз өзі аталып жүрген тобын,— сондықтан басқаны әкеп мұнымен шатастыруға болмайды,— Плеханов пен оның

* Мұның бәрі Михайловский мырза абстракт тарихи схемаларды уағыздаушылықты шын естідi және ол бұл арада ешбір өтірік айтқан жоқ деген жорамал бойынша жазылып отыр. Алайда бұл жерде: есіткен құлақта жазық жоқ, дегенді ескерте кетуді сөзсіз қажет деп санаймын.

үйірмесі[62] сияқты өзінің әдебиетші өкілдері бар тобын ескеруі керек еді. Ал егер ол осылай еткен болса,— анығында, аз да болса жөні түзу әрбір адам осылай істеуге тиісті,— ең болмағанда социал-демократтардың бірінші шығармасын, Плехановтың «Біздегі алауыздықтар» деген кітабын оқыған болса,— онда ол бірінші бетінен-ақ автордың үйірме мүшелерінің барлығы атынан үзілді-кесілді айтқан мына сөздерін көрген болар еді:

«Біз өзіміздің программамызды ұлы адамның беделімен» (яғни Маркстің беделімен) «ешбір бүркегіміз келмейді». Михайловский мырза, Сіз орыс тілін түсінесіз бе? Абстракт схемаларды уағыздау мен орыс істері жайындағы мәселеде Маркстің беделі атаулыны мойындамаушылық арасындағы айырманы түсінесіз бе?

Сіз өзіңіздің әңгімелес адамдарыңыздан естіген бірінші пікірді маркстік пікір етіп көрсету арқылы және социал-демократияның ең көрнекті мүшелерінің біреуінің бүкіл топ атынан баспасөз бетінде айтқан сөзін елеусіз қалдыру арқылы арамдық істегеніңізді сіз түсінесіз бе?

Ал онан әрі бұдан да анық пікір айтылған:

«Тағы да айтамын,— дейді Плеханов,— нағыз дәйекті марксистердің арасында қазіргі орыстың өмір шындығына баға беру мәселесі жөнінде алауыздық болуы мүмкін»; біздің доктринамыз — «осы ғылыми теорияны өте күрделі және қым-қиғаш қоғамдық қатынастарды талдап тексеруге қолданудың бірінші тәжірибесі».

Мұнан гөрі айқынырақ айту, сірә, қиын болар: марксистер Маркс теориясынан тек бағалы тәсілдерін ғана сөзсіз алып отырады, өйткені бұл тәсілдер болмайынша қоғамдық қатынастарды түсіну мүмкін емес, демек, олар бұл қатынастарға әсте абстракт схемалар және т. с. бос сөздер тұрғысынан баға бермейді, қайта оның шындыққа жанасымдылығы мен сәйкестігіне қарай баға береді.

Әлде сіз, мүмкін, автор осыны айта отырып, шынына келгенде, басқаша пікірде болды деп ойлайтын шығарсыз? Бірақ бұл өтірік. Оның шұғылданған мәселесі,— «Россия дамудың капиталистік кезеңінен өтуі қажет пе?» деген мәселе болатын. Демек, бұл мәселе мүлдем

Марксше тұжырымдалмай, өз еліміздің түрлі философтарының субъективтік методтары бойынша тұжырымдалған; бұл философтар мұндай қажеттіліктің өлшемі не бастықтардың саясатында, не «қоғам» істерінде, не қоғамның «адамның табиғатына сай келетін» мұратында және сондай мағынасыздықтарда деп біледі. Енді: абстракт схемаларды уағыздайтын адам мұндай сұраққа қандай жауап қайтаруға тиіс еді? — деген сұрақ туады. Әрине, ол адам диалектикалық процестің талассыздығы туралы Маркс теориясының жалпы философиялық маңызы туралы, әрбір елдің белгілі бір кезеңнен сөзсіз өтуі керек екендігі туралы..., т. т., т. с. айта бастаған болар еді.

Ал Плеханов қалай жауап берді?

Марксист қалай жауап бере алатын болса, ол дәл солай жауап берді:

Қажеттілік туралы мәселені ол қысыр мәселе ретінде, субъективистерді ғана қызықтыра алатын мәселе ретінде мүлдем былай қойып, ылғи шын қоғамдық-экономикалық қатынастар туралы ғана, олардың шын эволюциясы туралы ғана сөз қылды. Сондықтан ол мұндай теріс қойылған сұраққа тура жауап бермей, оның орнына: «Россия капиталистік жолға *түсті»* деп жауап берді.

Ал Михайловский мырза білгішсініп абстракт тарихи схеманы уағыздау туралы, қажеттіліктің имманенттік заңдары туралы және т. с. адам айтқысыз мағынасыздықтар туралы сөз қылады! Сөйтіп мұны «социал-демократтарға қарсы айтыс» деп атайды!!

Мүлдем түсінбей-ақ қойдым — егер мұны айтысшы десек, онда бұдан кейін босқа үретін шәуілдек деп кімді атамақпыз?!

Михайловский мырзаның жоғарыда цитат ретінде келтірілген сөздерін тағы да атап кетпеске болмайды; ол социал-демократтардың көзқарастарын: «Россия өзінің меншікті капиталистік өндірісін *дамытады»* дегендей етіп баяндайды. Сірә, бұл философтың ойынша, Россияның «өзінің меншікті» капиталистік өндірісі жоқ сияқты. Автор орыс капитализміндегі жұмысшылар 1,5

миллионнан аспайды деген пікірге қосылатын болуы керек,— ал қанауға ұшырап отырған басқа ерікті еңбектің бәрін «халық достарының» қайда қосары белгісіз, біз төменде олардың осы балалық идеясымен тағы да кездесеміз. «Россия өзінің капиталистік өндірісін оған біткен барлық ішкі қайшылықтарымен бірге дамытады, ал сонымен бірге жерден айырылған мужик пролетарийге айналады». Орманға кірген сайын отынға молығасың деген осы! Сонымен, Россияда «ішкі қайшылықтар» жоқ па? яғни, турасын айтқанда, қалың бұқараны ат төбеліндей капиталистердің қанаушылығы жоқ па? халықтың орасан көпшілігінің күйзелушілігі және ат төбеліндей адамдардың баюшылығы жоқ па? Мужик тек алдағы уақытта ғана жерден айырылады екен ғой? Ал Россияның реформадан кейінгі тарихы шаруалардың ешқайда болып көрмеген дәрежеде жаппай, үдемелі түрде экспроприацияланауын көрсетпегенде нені көрсетеді? Мұндай сөздерді жұртқа естірте айту үшін де үлкен ерлік керек. Ал Михайловский мырзаның бойында осындай ерлік бар: «Маркс дайын тұрған пролетариат пен дайын тұрған капитализм кезінде іс істеді, ал бізге оларды әлі жасап алу керек». Россияға әлі пролетариатты жасап алу керек екен?! Кедейлерінің тұрмыс-күйі жөнінен Англиямен салыстырылып келген (және орынды түрде салыстырылып келген) Россияда, бұқарасы адам айтқысыз жоқшылықта болып, еңбекшілері арсыз түрде қаналып отырған Россияда, мәселен, шетке астық шығару үнемі өсіп жатса да миллиондаған халықтың ашығуы үзілмей келе жатқан Россияда пролетариат жоқ екен ғой!!

Меніңше, бұл сияқты аталы сөздері үшін Михайловский мырзаға көзінің тірісінде-ақ ескерткіш орнатуға болар еді ғой деймін! *

* Мүмкін, Михайловский мырза бұл жерде де жалт беріп құтылып шығуға тырысар: мен Россияда пролетариат атымен жоқ дегенді айтайын деген жоқ едім, Россияда тек капиталистік пролетариат қана жоқ дегенді айтайын деп едім дер? — Солай ма? Олай болса, Сіз осыны сол кезде неге айтпадыңыз? *Бар мәселе* мынада болып отыр ғой: орыс пролетариаты қоғамдық шаруашылықтың буржуазиялық ұйымына тән пролетариат па, әлде басқа бір пролетариат па? Сіздің екі бірдей мақаланың ішінде нақ осы, бірден-бір күрделі және маңызды мәселе туралы *бір ауыз сөз* айтпай, оның орнына аузыңызға келгенді көкіп, әбден мезі болғанша мылжыңдағаныңызға кім кінәлы?

Оның бер жағында, мұның өзі—«халық достарының» үнемі және барынша дәйекті түрде қолданатын тактикасы екенін — олардың Россия еңбекшілерінің адам айтқысыз ауыр халіне фарисейлікпен көз жұмып қарайтынын, оны тек «шайқалған» деп қана суреттейтінін, мұның бәрін түзу жолға салу үшін «мәдениетті қоғам» мен үкімет күш салса болғаны деп есептейтінін біз төменде тағы да көреміз. Бұл сабаздар: еңбекші бұқара жағдайының нашар болуының себебі оның «шайқалғандығында» емес, ат төбеліндей қанаушылардың еңбекші бұқараны арсыз түрде тонап отырғандығында екеніне көз жұмып қарайтын болсақ, осы қанаушыларды көрмеу үшін бейне түйе құс сияқты басымызды жасыра қойсақ,— онда бұл қанаушылар ғайып болады деп ойлайды. Ал социал-демократтар оларға: шындықтың бетіне тура қараудан қорыққандық — масқара қорқақтық болады десе, социал-демократтар осы қанаушылықтың бар екенін өздерінің түпкі қазығы етіп ұстап, осы қанаушылықтың себебі қалың бұқараны пролетариат пен буржуазияға бөліп қақ жаратын орыс қоғамының буржуазиялық ұйымында және осы буржуазияның нақ үстемдік ету органы болып табылатын орыс мемлекетінің таптық сипатында жатыр десе, сондықтан мұнан құтылудың *бірден-бір жолы* пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресінде болып отыр десе болғаны, осынау «халық достары»: социал-демократтар халықты жерсіз қалдырмақ!! біздің халықтық экономикалық ұйымымызды қиратпақ!! деп байбалам салады.

Біз енді осы, ең аз дегенде, әдепсіз «айтыстың» ең ашындыратын жеріне — атап айтқанда социал-демократтардың саяси істерін Михайловский мырзаның «сынайтын» (?) жеріне келеміз. Социалистер мен үгітшілердің жұмысшылар арасындағы жұмысы біздің жария баспасөзімізде әділ талқыға түсуі мүмкін емес екенін, сондықтан цензураның бақылауындағы ар-ұяты бар баспасөздің қолынан келетін бірден-бір ісі — «әдеп сақтап үндемеу» екенін әркім түсінеді. Михайловский мырза бұл өте қарапайым ережені ұмытты, оқушы жұртшылыққа емін-еркін сөз айтуға еріктілігін социалистерді ұялмай-қызармай даттау үшін пайдаланды.

Алайда ар-ұяттан безген бұл сыншыға қарсы күресуге жария журналистикадан басқа да құрал табылады.

Михайловский мырза былайша көлгірсиді: «Менің түсінуімше, орыс марксистерін үш түрге бөлуге болады: көрермен марксистер (процесті сырттан бақылаушылар), енжар марксистер (тек «толғақ бейнетін жеңілдететіндер». Олар «жерді пайдаланып отырған халыққа көңіл бөлмей, өздерінің ықыластары мен үміттерін өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылғандарға аударады») және белсенді марксистер (деревняның бұдан былай да күйзеле беруін ашық жақтайтындар)».

Бұл не деген сөз?! Орыс марксистерінің — социалистер екенін, олардың шындыққа: бұл — капиталистік қоғам, ал бұдан құтылатын бір-ақ жол бар, ол жол — пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі деп қарайтындығын сыншы мырзаның білмеуі мүмкін емес қой? Ол мұның барлығын қалай және неліктен қайдағы бір мағынасыз сорақылықпен шатастырып отыр? Марксист деген терминді марксизмнің ең қарапайым және негізгі қағидаларын қабылдамайтын адамдарға, ерекше топ ретінде ешқашан және ешқайда бой көрсетіп көрмеген, өздерінің белгілі бір ерекше программасын еш уақытта да және ешқайда да жарияламаған адамдарға қолдануға оның қандай правосы (әрине, адамгершілік жағынан) бар?

Михайловский мырза өзінің бұл сияқты сорақы әдістерін ақтау үшін өзіне құтыларлық бірнеше саңлау қалдырды.

Михайловский мырза айтулы ездің үйреншікті әдетіне басып: «Бәлкім, олар нағыз марксистер емес те шығар, бірақ олар өздерін осылай деп санап та, жариялап та жүр»,— деп мысқылдайды. Қай жерде және қашан жариялады? Петербургтің либералдық және радикалдық салондарында ма? Жеке хаттарында ма? Солай-ақ болсын. Онда олармен өз салондарыңызда және хат-хабарларыңызда солай-ақ сөйлесе беріңіздер! Бірақ сіз еш уақытта да және еш жерде де (марксизмнің туы астында) халық алдында бой көрсетпеген адамдарға баспасөз бетінде және халық алдында қарсы шығып отырсыз ғой. Сөйте тұра, *социал-демократтарға* қарсы айты-

сып отырмыз деуге сіздің батылыңыз барып отыр, сіз бұл атпен революцияшыл социалистердің *бір* ғана тобы аталып жүргенін және ол топпен басқа ешкімді де шатастыруға болмайтындығын біле тұра осылай істеп отырсыз! *

Михайловский мырза кінәсы мойнына қойылған гимназист сияқты бұлталақтап, жалтара береді: Бұл арада менде ешбір жазық жоқ — мен «өз құлағыммен естіп, өз көзіммен көрдім» деп оқушыны сендіруге тырысады. Өте жақсы, солай-ақ болсын! Біз сіздің көз алдыңызда пасықтар мен сұмдардан басқа ешкімнің жоқ екеніне шын пейілімізбен сенейік, бірақ бұл арада біз сияқты социал-демократтардың не жазығы бар? «Қазіргі уақытта», жалғыз социалистік іс қана емес, азды-көпті дербес және адал қоғамдық істің қай-қайсысы болса да саяси қуғынға ұшырап отырған уақытта, белгілі бір ту астында — халық ерікшілдігінің болсын, марксизмнің болсын немесе тіпті, айтайық, конституционализмнің болсын туының астында — шын жұмыс істейтін бір адамға осы атпен өзінің либералдық қорқақтығын бүркейтін бірнеше ондаған сөзуардан келетіндігін және, бәлкім, мұның үстіне өздерінің арам ниетін жүзеге асыруды көздеп жүрген барып тұрған бірнеше сұмнан келетіндігін кім білмейді? Осы бағыттардың әйтеуір бірін оның туын көрінген сілімтік ластап жүр (онда да жұрт көзінше емес, астыртын ластап жүр) деп кінәлау барып тұрған жиркенішті пасықтық болатындығы айқын емес пе? Михайловский мырзаның баяндауының бәрі — мәселені теріс түсіндірудің, бұрмалау мен өңін айналдырудың

* Михайловский мырзада кездесетін тіпті бір ғана *нақты* мысалға тоқтап өтейін. Михайловскийдің мақаласын оқыған адамның қай-қайсысы болса да оның Скворцов мырзаны да («Ашаршылықтың экономикалық себептері» деген кітаптың авторы) «марксистерге» қосатындығын мойындауға тиіс. Ал шынында бұл мырза өзін марксиспін деп атамайды, сондықтан социал-демократтардың көзқарасы бойынша ол тек пасық буржуа ғана екендігін көру үшін социал-демократтардың шығармаларымен жай ғана танысудың өзі де жеткілікті. Өзінің прогресс жөніндегі жобасын арнап отырған қоғамдық ортаның буржуазиялық орта екенін, сондықтан тіпті шаруа шаруашылығында да анық байқалып отырған «мәдениет өркендерінің» бәрі азшылықтың жағдайын жақсартып, көпшілікті пролетарландыратын буржуазиялық прогресс екенін түсінбейтін адам қайдан марксист болмақ! Өз жобасын ұсынып отырған мемлекеттің буржуазияны қолдап, пролетариатты жаныштауды ғана білетін таптық мемлекет екенін түсінбейтін адам қайдан марксист болмақ!

тұтас тізбегі. Біз жоғарыда оның социал-демократтар сүйенетін «ақиқаттарды» мүлде бұрмалағанын, бұларды марксистерден ешкім ешқайда және еш уақытта баяндамаған және баяндай алмаған мазмұнда баяндағанын көрдік. Ал егер ол орыс шындығын социал-демократтардың нағыз өз түсінулеріндей етіп баяндаған болса, онда ол *тек бір жағдайда ғана,* пролетариаттың таптық санасезімінің дамуына көмектескен жағдайда, оны қазіргі тәртіпке қарсы саяси күреске ұйымдастырып, топтастырған жағдайда ғана бұл көзқарастармен «үйлесуге» болатындығын көрмей қалмаған болар еді. Дегенмен оның тағы бір жалтарысы қалып отыр. Ол жазықсыздан зәбірленген адам тәріздене, фарисейлікпен көкке көзін телміртe, былайша көлгірсиді: «Мен мұны естігеніме қатты қуанамын, бірақ сіздердің не нәрсеге қарсы болып отырғандығыңызды мен түсінбеймін» дейді («Русское Богатствоның» 2-номерінде ол дәл осылай деген болатын). «Менің енжар марксистер туралы жазғанымды күнт қойып оқып көрсеңіздер, сонда менің этикалық көзқарас тұрғысынан қарағанда ешбір қарсы болуға болмайды деп айтқанымды көресіздер».

Әрине, мұның өзі баяғы, жексұрын жалтарыстарды ежіктеп қайталаушылықтан басқа түк те емес.

Айтыңызшы, әлеуметтік-революцияшыл халықшылдықты (халықшылдықтың басқа түрі әлі шықпаған — осындай дәуірді аламын) сынаймын деп жариялап, мына төмендегі тәрізді нәрсені баяндаған адамның қылығын не деп атар едіңіз:

«Менің түсінуімше, халықшылдар үш түрге бөлінеді: дәйекті халықшылдар,— бұлар мужиктің идеясын толық қабылдайды және, оның тілегіне сәйкес, дүре соғуды, әйел сабауды мадақтайды, сөйтіп жалпы алғанда үкіметтің халықтық саясаты деп аталып жүрген жан түршігерлік қамшы мен таяқ саясатын жүргізеді; онан соң қорқақ халықшылдар, бұлар мужиктің пікірлерімен санаспай, ассоциациялар, т. с. арқылы Россияға оның өзіне жат революциялық қозғалысты әкелуге тырысады — этикалық көзқарас тұрғысынан қарағанда бұған ешбір қарсы шықпаса да болар еді, бірақ мұның өзі тайғақ жол, сондықтан бұл жол қорқақ халықшылды

дәйекті халықшылға қарай немесе батыл халықшылға қарай оп-оңай тайдырып жіберуі мүмкін; және, ақырында, батыл халықшылдар,— бұлар әлді мужиктің халықтық мұраттарын барынша толық жүзеге асырады және сондықтан әбден кулак болу үшін жерге орнығады»,— әрине, мұны адал адамның бәрі де сұмпайы және сорақы мазақтау деп атаған болар еді. Ал егер мұндай нәрсені баяндаған адам сол баспасөз бетінде халықшылдардан қарсы жауап ала алмайтын жағдай болса; егер де бұл ретте әлгі халықшылдардың идеялары осы уақытқа дейін астыртын түрде ғана баяндалып келгендіктен халықшылдар жөнінде көп адамның дәл түсінігі болмай, халықшылдар туралы не айтса, соған оңай сене қалатын болса, онда жұрттың бәрі мұндай адамның... екендігіне қосыла қалған болар еді.

Мүмкін, бұл көп ноқат тұрған жерге қандай сөз қойылуы керек екенін Михайловский мырзаның өзі де әлі онша ұмыта қоймаған болар.

Алайда жетер! Михайловский мырзада бұл сияқты өтірік-өсек дегеніңіз әлі де толып жатыр, бірақ мен бұл сияқты қоқысты ақтарудан, әр жерде шашылып жатқан оспақ сөздерді жинап, салыстырудан, тым болмаса әйтеуір бір елеулі қарсы пікір табылар деп іздестіруден асқан жан қиналарлық, абырой әпермейтін, ауыр жұмысты көрген емеспін.

Жетер!

Апрель 1894.

БАСТЫРУШЫЛАРДАН[63]

Мақаланың текстінен оқушы кейбір мәселелердің бұдан да әрі талданатындығын көрсететін ескертулерді кездестірер, ал шынында мұндай талдау жоқ.

Мұның себебі, ұсынылып отырған мақала — «Русское Богатствоның» марксизм туралы жазған мақалаларына берілген жауаптың бірінші бөлімі ғана. Уақыттың өте тар болғандығы бұл мақаланың дер кезінде шығуына бөгет жасады; бірақ бұл мақаланы мұнан әрі кешеуілдету мүмкін емес деп есептейміз: біз онсыз да 2 ай кешіктірдік. Міне, сондықтан біз мақаланың түгел басылып шығуын күтіп отырмай-ақ әзірге мақаланың Н. Михайловский мырзаның «сынын» талдайтын бөлегін жарыққа шығаруды ұйғардық.

Мақаланың баспаға әзірленіп жатқан 2 және 3-бөлімдерінен оқушы, ұсынылып отырған талдаудан басқа, «Русское Богатствоның» өзге басшыларының, С. Южаков пен С. Кривенко мырзалардың қоғамдық-экономикалық көзқарастарын Россияның экономикалық шындығының очеркіне және «социал-демократтардың» осыдан келіп шығатын «идеялары мен тактикасына» байланыстыра отырып зерттейтін талдауын да табады.

ҰСЫНЫЛЫП ОТЫРҒАН БАСЫЛУЫ ЖӨНІНДЕ[64]

Ұсынылып отырған басылуы — бірінші басылуының дәл нұсқасы. Біз текстi жазуға ешқандай қатысымыз болмағандықтан, оған қандай болса өзгеріс енгізуді жөн көрмей, басып шығару жұмысымен ғана шұғылдандық. Біздің бұл жұмысты қолға алған себебіміз, ұсынылып отырған шығарманың социал-демократиялық насихатымызды едәуір жандандыратындығына көзіміз жетті.

Біз социал-демократиялық сенімнің нәтижесінде әркім осы насихат ісіне еңбек сіңіруге қашан да дайын болу керек деген оймен ұсынылып отырған кітапшаның авторымен пікірлес адамдардың барлығынан осы шығарманың және жалпы барлық маркстік насихат органдарының барынша кең таралуына қолынан келгенше (әсіресе, әрине, қайта басылуына) көмектесулерін сұраймыз. Қазіргі жағдай мұндай көмек беруге аса қолайлы. «Русское Богатствоның» біздер жөніндегі әрекеті барған сайын шектен шығып барады. Бұл журнал қоғам ішінде социал-демократиялық идеялардың таралуын бөгеуге тыриса отырып, біздерді пролетариат мүдделеріне немқұрайды қарайды, бұқараның күйзелушілігін жақтайды деп тура кінәлауға дейін барды. Мұндай тәсілдерімен журнал тек өзіне зиян келтіреді және біздің жеңіп шығуымызға септігін тигізеді деп ойлаймыз. Алайда жалақорлардың қолында өз жалаларын барынша кең түрде насихаттау үшін барлық материалдық құралдары толық екендігін ұмытпау керек. Олардың қарамағында бірнеше мың дана болып шығатын жур-

нал бар, олар оқу үйлері мен кітапханаларды пайдаланады. Сондықтан артықшылық жағдайдың тиімділігі олардың өтірік-өсегін үнемі өрге бастыра бермейтінін дұшпандарымызға дәлелдеу үшін біз өзіміздің барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Мұндай күш-жігердің табылатындығына кәміл сенеміз.

Июль 1894.

III

БӨЛІМ



Выпускъ III.

ЧТО ТАКОЕ „ДРУЗЬЯ НАРОДА“
И
КАКЪ ОНИ ВОЮЮТЪ ПРОТИВЪ
СОЦІАЛ ДЕМОКРАТОВЪ

Сентябрь 1894

Изданіе
провинціальной группы
соціал-демократовъ

В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабының гектографқа басылып шыққан III бөлімінің мұқабасы — 1894 ж.

Кішірейтілген

Қорытындымызда социал-демократтарға қарсы ашық соғыс ашқан тағы бір «халық досымен» — Кривенко мырзамен танысайық.

Дегенмен біз Михайловский мен Южаков мырзалар жөнінде істегеніміз сияқты, Кривенко мырзаның мақалаларын («Жалғыз-жарым мәдениетті адамдар жөнінде» — 1893 жылғы 12-номерінде және «Жол үстінде жазылған хаттар» — 1894 жылғы 1-номерінде) талдап жатпаймыз. Онда олардың мақалаларын талдау біріншi ретте бұлардың материализмге және жалпы алғанда марксизмге қарсы пікірлерінің мазмұнын, екінші ретте олардың саяси-экономикалық теорияларын әбден білу үшін қажет болды. Енді «халық достары» жайында толық түсінік алу үшін бізге олардың тактикасымен, олардың практикалық ұсыныстарымен, олардың саяси программасымен танысуға тура келеді. Бұл программа олардың теориялық көзқарастарындай еш жерде де ашық түрде, дәйекті және толық баяндалған жоқ. Сондықтан мен бұл программаны журналдың түрлі мақалаларынан алуға мәжбүр болып отырмын, ал бұл журналдың қызметкерлері бір-бірімен жеткілікті түрде пікірлес болғандықтан мақалалардың мазмұнында қайшылық болуға тиіс емес. Мен Кривенко мырзаның жоғарыда аталған мақалаларын басқа мақалалардан артығырақ көретінім: әрі бұл мақалалар материалды көбірек береді, әрі журнал үшін Михайловский мырза қандай социолог, Южаков мырза қандай экономист болса, бұл

мақалалардың авторы нақ сондай практик және саясатшы.

Алайда олардың программасын сөз қылудан бұрын тағы да бір теориялық пунктке тоқтап өту сөзсіз қажет болып отыр. Южаков мырзаның халық шаруашылығын қолдайтын халық арендасы, т. с. туралы түкке тұрмайтын сөздерді айтып құтылып кеткісі келгендігін, осы арқылы біздің егіншілердің экономикасын өзінің түсінбейтіндігін бүркегенін біз жоғарыда көрдік. Ол ірі фабрика-завод өнеркәсібінің өсуі жайындағы мәліметтерді ғана келтіріп, кәсіпшілік орындарына соқпай өтті. Ал қазір Кривенко мырза майдагерлік кәсіпшіліктер туралы нақ сондай сөздерді қайталап отыр. Ол «біздің халықтық өнеркәсіпті», яғни майдагерлік өнеркәсіпті капиталистік өнеркәсіпке тікелей қарама-қарсы қояды (№ 12, 180—181-беттер). «Халықтық өндіріс (sic!),— дейді ол,— көбінесе табиғи түрде пайда болады», ал капиталистік өнеркәсіп «екінің бірінде жасанды түрде құрылады». Екінші бір жерде ол «халықтық ұсақ өнеркәсіпті» «ірі, капиталистік өнеркәсіпке» қарсы қояды. Егер сіз біріншісінің өзгешелігі қайсы деп сұрай қалсаңыз,— онда сіз оның «ұсақ» * екенін және онда еңбек құралдарының өндірушімен бірге екенін ғана (бұл соңғы анықтаманы Михайловский мырзаның жоғарыда айтылған мақаласынан алып отырмын) білесіз. Бірақ мұның өзі оның экономикалық құрылысын ешқандай анықтай алмайды ғой және, онан соң, мұның өзі мүлде теріс қой. Мәселен, Кривенко мырза «ірі капиталистік өнеркәсіпке қарағанда халықтық ұсақ өнеркәсіп жалпы өнімді күні бүгінге дейін анағұрлым көп береді және ондағы жұмыс күші де көп» дейді. Автордың айтып отырғаны майдагерлер саны жөніндегі мәлімет болу керек, бұл мәлімет бойынша майдагерлер саны 4 миллионға дейін, ал басқа бір есеп бойынша 7 миллионға дейін барады. Бірақ біздің майдагерлік кәсіпшіліктердің экономикасында ірі өндірістің үйдегі системасы басым

* Мұнан тағы да мынаны ғана білуге болады: «онан нағыз (sic!) халықтық өнеркәсіп өсіп шығуы мүмкін»,— дейді Кривенко мырза. Шындықты дәл және тура сипаттаудың орнына лепірме әрі мағынасыз сөздерді айту — «халық достарының» дағдылы тәсілі.

екенін, майдагерлер өндірісінің көпшілігі дербес емес, мүлде тәуелді, бағынышты екенін, олар бұйымды өз материалдарынан емес, майдагерге тек жалақы ғана төлейтін көпестердің материалынан істеп шығаратынын кім білмейді? Бұл форманың басым екені жөніндегі мәліметтер тіпті жария әдебиетте де көрсетілді ғой. Мысал үшін белгілі статистик С. Харизоменовтың «Юридический Вестникте»[65] (1883 ж., №№ 11 және 12) басылған тамаша еңбегін алайын. Майдагерлік кәсіпшілік орындары көбірек дамыған орталық губерниялардағы майдагерлік кәсіпшілік жөніндегі әдебиеттердегі бар мәліметтерді қорыта отырып, С. Харизоменов ірі өндірістің үйдегі системасы, яғни өнеркәсіптің күмәнсыз капиталистік формасы сөзсіз басым болып отыр деген қорытындыға келді. Ол былай дейді: «Ұсақ дербес өнеркәсіптің экономикалық ролін анықтай отырып, біз мынадай қорытындыға келеміз: Москва губерниясында майдагерлік өнеркәсіптің жылдық айналымының 86,5 процентін ірі өндірістің үйдегі системасы береді, ал ұсақ дербес өнеркәсіптің беретіні тек 13,5 процент қана. Владимир губерниясының Александров және Покров уездеріндегі майдагерлік өнеркәсіптің жылдық айналымының 96 проценті ірі өндіріс пен мануфактураның үйдегі системасының үлесіне тиеді, ал ұсақ дербес өнеркәсіптің беретіні не бары 4 процент қана».

Біздің білуімізше, бұл мәліметтерді ешкім де теріске шығаруға талаптанған жоқ және оларды теріске шығаруға болмайды да. Бұл фактілерді қалай елемей кетуге және олар туралы қалай үндемеуге болады, мұндай өнеркәсіпті капиталистік өнеркәсіпке қарама-қарсы «халықтық» өнеркәсіп деп қалай атарсың және ол өнеркәсіптен нағыз өнеркәсіп өсіп шығуы мүмкін деп қалай айтарсың?

Фактілерді осылайша турадан-тура елемей кетушілікті тек бір нәрсемен ғана түсіндіруге болады: Россияның барлық либералдарының алған бағыты сияқты, «халық достарының» да ұстаған бағыты — Россияда таптардың антагонизмін және еңбекшілердің қапалуын бүркемелеу, мұның бәрін тек жай ғана «кемістіктер» етіп көрсету. Бәлкім, бір есептен, мәселен, Кривенко

мырзаның «Павлов пышақ өндірісін» — «жартылай қолөнершілік өндірісі» деп атағаны сияқты, мұның себебі олардың бұл мәселе жөніндегі білімдерінің тереңдігінде шығар. «Халық достарының» істі теріс бұрмалауы осыншалық дәрежеге жетуі таңқаларлық нәрсе! Павловтағы пышақ жасаушылар заказбен істемей, рынокқа шығару үшін істеп отырғанда, оның қолөнершілік сипаты бар деп қалай айтуға болады? Нижегород жәрменкесіне жіберу үшін көпестің майдагерге бұйым жасап шығаруға заказ беретін тәртіптерін Кривенко мырза қолөнер кәсібіне жатқызып отырған жоқ па? Мұның өзі өте адам күлерлік, алайда мұның өзі осылай болу керек.

Шынында да пышақ өндірісі өндірушілердің дербестігі бар (сырттан қарағанда ғана) ұсақ майдагерлік форманы (Павловтағы басқа өндірістермен салыстырғанда) бәрінен де гөрі аз сақтады: «Асхана пышағы мен қолөнершілік пышақ өндірісі * қазірдің өзінде-ақ фабрикалық, немесе дұрысырақ айтқанда, мануфактуралық өндіріске едәуір дәрежеде жақындап келеді»,— дейді Н. Ф. Анненский. Нижегород губерниясындағы пышақ өндіретін 396 майдагердің базарға сату үшін істейтіні 62 адам ғана (16%), қожайынға ** істейтіні — 273 адам (69%) және жалдама жұмысшы болып істейтіні 61 адам (15%). Демек, майдагерлердің $^1/_6$ бөлегі ғана кәсіпкерге тікелей құл болмай отыр. Пышақ өндірісінің басқа бір бөліміне — бәкі өндірісіне — келетін болсақ, онда мұның өзі сол автордың айтуы бойынша,— «асхана пышағы мен құлыптың арасында аралық орын алады: мұнда шеберлердің көпшілігі қожайынға істейді, бірақ олармен қатар рынокпен байланысы бар толып жатқан дербес майдагерлер де бар».

Нижегород губерниясында барлығы 2552 майдагер осы сортты пышақ жасайды, бұлардың 48 проценті (1236 адам) базар үшін істейді, 42 проценті (1058 адам) қожайынға істейді және 10 проценті (258 адам) жалдама жұмысшы болып істейді. Демек, дербес (?)

* Басқа өндірістердің ішіндегі ең ірісі. Павлов бұйымдарының жалпы сомасы 2750 мың сом болса, соның ішінде 900 мың сомның бұйымын осы өндіріс береді.

** Яғни майдагерлерге материал беріп, жұмысы үшін оларға кәдімгі жалақы төлейтін көпеске.

майдагерлер мұнда да азшылық болып отыр. Әрине, базар үшін істейтіндер тек сырттан қарағанда ғана дербес болып көрінеді, ал іс жүзінде олардың алыпсатарлар *капиталына* құл болуы аналардан кем емес. Егер Нижегород губерниясының бүкіл Горбатов уезіндегі 21 983 қызметкері бар, яғни *барлық кәсіп істеуші қызметкерлердің* * 84,5 процентін қамтитын кәсіпшілік орындары жөніндегі мәліметтерді алатын болсақ, онда мынадай мәліметтерді (кәсіпшілік экономикасы туралы дәл мәліметтер тек 10 808 жұмысшы жөнінде ғана — металл, былғары, қамыт-сайман, пима басатын, кендір есетін кәсіпшіліктердегі жұмысшылар жөнінде ғана бар) көреміз: майдагерлердің 35,6 проценті базар үшін істейді; 46,7 проценті қожайын үшін істейді және 17,7 проценті — жалдама жұмысшылар болып істейді. Сонымен, *біз бұл арада да ірі өндірістің үйдегі системасының басымдығын, еңбекті капитал құл еткен қатынастардың басым екенін көріп отырмыз.*

«Халық достарының» бұл сияқты фактілерді оп-оңай елемей өтуінің тағы да бір себебі, олар өздерінің капитализмді әдеттегідей тайыз түсінушіліктеп — капиталист дегеніміз бай және ірі машиналы шаруашылықты жүргізіп отыратын білімді кәсіпкер дейтін түсініктен — әрі аспайды, сөйтіп бұл ұғымның ғылыми мазмұнын түсінгісі келмейді. Южаков мырзаның капитализмді айтқанда, қарапайым кооперация мен мануфактураны аттап өтіп, бірден машиналы индустриядан бастағанын біз мұның алдындағы тараудан көрдік. Мұның өзі — жалпыға тараған қате; мұның өзі, басқасын былай қойғанда, біздің майдагерлік кәсіпшіліктердің капиталистік үлгімен ұйымдастырылғандығын елемеушілікке әкеліп соқтырады.

Әлбетте, ірі өндірістің үйдегі системасы — өнеркәсіптің капиталистік формасы: бұл арада біз оның барлық белгілерінің бар екенін — товар шаруашылығы дамудың

* Россияның озгеше жаралған экономистері орыс капитализмін фабрикадағы жұмысшылар санымен (sic!) өлшеп, бұл қызметкерлерді және оларға ұқсас қыруар адамдарды ауыл шаруашылығымен шұғылданатын және капиталдың езушілігінен емес, «халықтық құрылысқа» әдейі қысым жасаудан азап шеккен халыққа апарып теңейді (???!!).

жоғары сатысында тұрғанын, өндіріс құрал-жабдықтарының жеке адамдардың қолына жинақталғанын, өздерінің өндіріс құрал-жабдықтары жоқ болғандықтан еңбегін басқаға жұмсап, өзі үшін істемей, капиталист үшін істейтін жұмысшылар бұқарасының экспроприациялануын көріп отырмыз. Анығында, кәсіпшіліктің ұйымдастырылуы жағынан мұның өзі — таза капитализм; мұның ірі машиналы индустрияға қарағандағы өзгешелігі оның техникалық жағынан артта қалғандығы (мұның ең басты себебі жалақының адам айтқысыз төмен болуында) және жұмысшылардың ұлтарақтай егін шаруашылығының сақталуында. Бұл соңғы жағдай нағыз метафизиктерше: «Иә — иә, жоқ — жоқ, бұдан басқа қалғаны — жәдігөйдің жалғаны» деп жалаң тікелей қайшылықтар арқылы ойлауға дағдыланған «халық достарын» тіпті қатты сескендіреді.

Жері жоқ жұмысшылар болса — капитализм болғаны; егер олардың жері болса — капитализм болмағаны; олар, міне, осы көңіл жұбататын философиямен қанағаттанып отыр; олар бұл арада шаруашылықтың бүкіл қоғамдық құрылысын ескермей, тек жерге ие болу сол жер иелерінің адам айтқысыз қайыршылығын ешбір жоя алмайтындығын, олардың өздері сияқты басқа жер иелері — «шаруалар» тарапынан нағыз арсыз түрде тонаушылыққа ұшырап отыратындығын, міне, осы сияқты жұрттың бәріне мәлім фактілерді ұмытып отыр.

Олар, сірә, капитализм — дамудың әлі де едәуір төмен сатысында тұрғанда — қай жерде болсын жұмысшыны жерден мүлде айыра алмағандығын білмейтін болу керек. Батыс Европа жөнінде Маркс тек ірі машиналы индустрия ғана жұмысшыны түпкілікті экспроприациялай алады деген заңды ашты. Сондықтан «жерге халық ие болып отыр», сондықтан бізде капитализм жоқ дейтін өте көп таралған пікірлердің ешбір мағынасы жоқ екендігі түсінікті нәрсе, өйткені қарапайым кооперация мен мануфактура капитализмі ешқайда да және еш уақытта да қызметкердің жерден толық бөлектенуімен байланысты болған емес, әрине, бұдан ол капитализм болмай қалған да емес.

Ал енді Россиядағы ірі машиналы индустрияға келетін болсақ — ал біздің өнеркәсібіміздің өте-мөте ірі және маңызды салалары осы формаға тез түсіп келеді — онда біздің ірі өнеркәсіпте де, біз қаншалықты айрықша жағдайда болсақ та, бүкіл қалған капиталистік Батыстағы ірі өнеркәсіптің қасиеті сияқты қасиет бар; ал мұның өзі жұмысшының жермен байланыстылығының сақталуымен мүлде сыйыса алмайды. Айтпақшы, бұл фактіні Дементьев статистикалық дәл мәліметтер арқылы дәлелдеді; ол мұндай мәліметтерден (Маркстен мүлдем тыс): механикалық өндіріс қызметкерді жерден толық айырумен тығыз байланысты деген қорытынды жасады. Бұл зерттеу Россияның — капиталистік ел екенін, мұнда еңбекшілердің жермен байланыстылығының сонша нашар және болар-болмас екенін, бай таптың (ақша иесінің, алыпсатардың, бай шаруаның, мануфактурашының және сондайлардың) құдіреттілігінің сонша берік екенін, сондықтан техника енді бір аттаса болғаны «шаруаның» (?? ол әлдеқашаннан бері жұмыс күшін сатумен күнелтіп келеді) нағыз жұмысшыға айналатындығын тағы да дәлелдеді *. «Халық достарының» біздің майдагерлік кәсіпшіліктеріміздің экономикалық құрылысын түсінбеуі, алайда, мұнымен ғана бітпейді. Олардың егінші жөніндегі түсінігі қандай үстірт болса (мұны жоғарыда көрдік), тіпті «қожайынға» жұмыс істелмейтін кәсіпшіліктер жөніндегі түсінігі де сондай үстірт. Саяси-экономикалық мәселелер туралы пікір қорыту және пікір айту ісіне білім шамасы дүниеде өндіріс құрал-жабдықтары бар дегенді ғана білетін адамдар кіріскен кезде осылай болатыны тегінде әбден табиғи нәрсе; өйткені, мұндай адамдардың ойынша, бұл өндіріс құрал-жабдықтарының еңбекшілермен біріктірілуі «мүмкін», онда бұл өте жақсы болғаны; ал ол екеуі бөлініп қалуы да «мүмкін», онда ол өте жаман болғаны. Мұнымен алысқа ұзай алмайсың.

---

* Ірі өндірістің үйдегі системасы капиталистік система болып қана қоймай, сонымен бірге ол еңбекшілердің аса қатты қаналушылығын жұмысшылардың өз азаттығы үшін күресу мүмкіндігінің өте аздығымен ұштастыратын ең нашар капиталистік система болып табылады.

Капиталистік жолға түсіп келе жатқан және ол жолға түспей отырған кәсіпшіліктер туралы («ұсақ өндіріс еркін өмір сүре алатын» жерлерде) айта келіп, Кривенко мырза кейбір өндірістерде «өндіріске жұмсалатын негізгі қаржылар» өте аз, сондықтан ондай жерлерде ұсақ өндіріс болуы мүмкін дегенді айтады. Ол мысалға кірпіш өндірісін келтіреді, бұл өндіріске жұмсалатын қаржы заводтардың жылдық айналымынан 15 есе аз болуы мүмкін дегенді айтады.

Автордың бұл бірден-бір дерлік нақтылы мысалы болғандықтан (шындықты тура және дәл сипаттап, зерттеуден қорқу, мещандық... «мұраттар» саласында шарықтауды тәуір көрушілік субъективтік социологияның ең айрықша өзгешелігі дегенді тағы да айтам), «халық достарының» шындықты түсінулерінің қаншалықты теріс екенін көрсету үшін біз де нақ сол мысалдың өзін алып қарайық.

Кірпіш кәсіпшілігінің жайы (ақ балшықтан кірпіш құю) Москва земствосының шаруашылық статистикасында суреттелген («Жинақ», VII том, I кітап, 2-бөлім, т. т.). Бұл кәсіпшілік әсіресе Богород уезінің 3 болысында жинақталған, мұнда 233 кәсіпорны, олардың 1402 жұмысшысы бар (567-сі семьялы * = 41% және 835-і жалдама — 59%), жылдық өндірісінің сомасы 357 000 сом. Мұның өзі әлдеқашан пайда болған кәсіпшілік, бірақ ол әсіресе соңғы 15 жылда зат өткізу ісін жеңілдеткен темір жолдың салынуы арқасында дамыды. Темір жол салынғанға дейін өндірістің семьялық формасы басым болды, қазір ол бәсеңдеп, жалдама еңбекті қанаушылыққа жол беріп отыр. Ұсақ өнеркәсіп иелерінің ірі өнеркәсіп иелеріне зат өткізу жөнінде тәуелді болуы бұл кәсіпшілікте де жоқ емес: «ақша қаржысының жетімсіздігі» салдарынан алдыңғылар соңғыларға кірпішті тұрған орнында (кейде «кеппеген» — күйдірілмеген күйінде) адам айтқысыз арзан бағамен сатады.

Алайда очеркте майдагерлердің үй басы санағы қосымша ретінде берілгендіктен, бұл кәсіпшіліктің осы

* «Семьялы» жұмысшылар деп жалдама жұмысшылар емес, қожайын семьясының жұмыс істейтін мүшелері айтылып отыр.

тәуелділіктен тыс ұйымдасуымен де танысуға мүмкіндік бар,— бұл санақта әрбір кәсіпорнындағы жұмысшылар саны мен жылдық өндірісінің сомасы көрсетілген.

Товар шаруашылығы дегеніміз капиталистік шаруашылық, яғни дамудың белгілі бір сатысында соған сөзсіз айналады деген заңды бұл кәсіпшілікке қолдануға мүмкін бе дегенді байқау үшін біз кәсіпорындарын олардың көлемі жағынан салыстыруға тиіспіз; мәселе, атап айтқанда, ұсақ және ірі кәсіпорындарының өндірістегі алатын орны жөніндегі, жалдама еңбекті қанау жөніндегі өзара қатынастарында болып отыр. Жұмысшылардың санын негізге алып, майдагерлердің кәсіпорындарын үш топқа бөлеміз: I) 1—5 жұмысшысы барлары (семьядағы жұмысшы мен жалдама жұмысшы бірге); II) 6—10 жұмысшысы барлары және III) 10-нан аса жұмысшылары барлары.

Әрбір топтағы кәсіпорындарының көлемін, жұмысшылар құрамын және өнім сомасын зерттеп қарағанда мына мәліметтер шығады:

Жұмысшы санына қарай майдагерлер топтары	1 кәсіпорнына келетін жұмысшылардың орташа саны	Проценті: Жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындары	Проценті: Жалдама жұмысшылар	1 жұмысшының бір жылда өндіретін өнімі	Процентпен бөлгенде: Кәсіпорындар	Процентпен бөлгенде: Жұмысшылар	Процентпен бөлгенде: Өнім сомасы	Абсолюттік цифрлар: Кәсіпорындарының саны*	Абсолюттік цифрлар: Жұмысшылар саны	Абсолюттік цифрлар: Өнім сомасы (сом есебімен)
I. 1—5 жұмысшысы барлары	2,8	25	19	251	72	34	34	167/43	476/92	119 500
II. 6—10 » »	7,3	90	58	249	18	23	22	43/39	317/186	79 000
III. 10-нан артық	26,4	100	91	260	10	43	44	23/23	609/557	158 500
Барлығы	6	45	59	254	100	100	100	233/105	1 402/835	357 000

* Бөлгіш саны жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындарының саны мен жалдама жұмысшылардың санын көрсетеді.— Келесі кестеде де осылай.

Бұл кестеге байыптап қарасаңыз, кәсіпшіліктің буржуазиялық, немесе, басқаша айтқанда, капиталистік формада ұйымдастырылғанын көресіз: кәсіпорындарының іріленуіне қарай еңбек өнімділігі де артады * (орта топ ерекше болып отыр), жалдама еңбекті қанау күшейеді **, өндіріс көбірек шоғырлана береді ***.

Үшінші топтың өндірісі бүтіндей дерлік жалдама еңбекке негізделген; бұл топтың қолында барлық кәсіпорындарының 10 проценті бола тұра жалпы өнімнің 44 процентіне ие болып отыр.

Көпшілікті (жалдама жұмысшыларды) экспроприациялауға байланысты болып отырған өндіріс құрал-жабдықтарының азшылықтың қолында осылайша шоғырлануы бізге ұсақ өндірушілердің алыпсатарларға тәуелді болуын да (ірі өнеркәсіпшілер — нақ сол алыпсатарлар), бұл кәсіпшілікте еңбектің қаналуын да түсіндіріп береді. Демек, біз еңбекшілердің экспроприациялануы мен қаналуының *себебі* өндірістік қатынастардың өзінде екенін көреміз.

Орыстың халықшыл социалистерінің бұған қарсы пікірде болғаны мәлім, олар майдагерлік кәсіпшіліктердегі еңбектің қаналу себебі өндірістік қатынастарда деп қарамай (олар өндірістік қатынастарды қанаушылықты болғызбайтын негізде құрылған деп жариялады), өндірістік қатынастардан тысқары саясатта, атап айтқанда аграрлық саясатта, төлем саясатында, т. т. деп қарады. Мынадай сұрақ туады: қазірде соқыр сенімге айналып нық орныққан бұл пікір не нәрсеге сүйеніп келді және не нәрсеге сүйеніп отыр? Бұл пікір майдагерлік кәсіпшіліктерде өндірістік қатынастар жөнінде *басқа бір* түсініктің үстем болып келгендігіне сүйеніп отырған жоқ па? Тіпті де олай емес. Бұл пікір *экономикалық құрылыстың мәліметтерін, қазіргі шын формаларын дәл және ашық сипаттауға* ешқандай талап

* I топтағы бір жұмысшы жылына 251 сомдық; II топтағы бір жұмысшы — 249 сомдық; III топтағы бір жұмысшы — 260 сомдық өнім өндіреді.

** Жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындары I топта — 25%; II топта — 90%; III топта — 100%; жалдама жұмысшылар проценті — 19% — 58% — 91%.

*** I топта кәсіпорындарының 72 проценті өнімнің 34 процентін береді; II топта 18 процентке — 22%; III топта 10 процентке — 44%.

жасалмағандықтан орын теуіп отыр; бұл пікір өндірістік қатынастарды ерекше бөліп шығарып, оларды өз алдына талдап көрмегендіктің салдарынан орын теуіп отыр. Бір сөзбен айтқанда, бұл пікір қоғамдық ғылымның бірден-бір ғылыми методын, атап айтқанда — материалистік методты түсінбегендіктің салдарынан ғана орын теуіп отыр. Енді біздің бұрынғы социалистеріміздің пікірлерінің беталысы да түсінікті. Майдагерлік кәсіпшіліктерге келгенде олар қанаушылықтың себебін өндірістік қатынастардан *тыс* жатқан құбылыстарға апарып тақады; ірі, фабрика-заводтық капитализмге келгенде олар бұл жерде қанаушылықтың себебі *нақ* өндірістік қатынастарда екенін көрмей отыра алмады. Осыдан келіп ымырасыз қарама-қарсылық, сәйкессіздік туды, майдагерлік кәсіпшіліктің өндірістік қатынастарында (олар мұны зерттеген де жоқ!) ешқандай капиталистік белгі болмай тұрғанда бұл ірі капитализмнің қайдан өсіп шыққандығы түсініксіз болып шықты. Бұдан мынадай табиғи қорытынды шығады: майдагерлік өнеркәсіп пен капиталистік өнеркәсіптің байланысын түсінбей, біріншісін «халықтық», екіншісін «жасанды» өнеркәсіп деп түсініп, біріне бірін қарсы қойып жүр. Капитализм біздің «халықтық құрылысқа» қайшы келеді деген идея пайда болды, бұл идея өте көп таралды; оны Николай — он мырза жуырда ғана жаңғыртып, өңдеп, орыс жұртшылығына әкеліп ұсынды. Бұл идея логика жағынан алғанда бүтіндей таңырқарлық нәрсе болса да, тек бойкүйездіктің салдарынан ғана орын теуіп отыр: фабрика-заводтық капитализм туралы түсінікті оның бар болуынан құрастырып, ал майдагерлік өнеркәсіп туралы түсінікті оның «болу мүмкіндігінен» құрастырады, біріншісі туралы түсінікті өндірістік қатынастарды зерттеу нәтижесі бойынша құрастырып, екіншісі туралы түсінікті — өндірістік қатынастарды жеке алып қарауға талпынбастан, істі турадан-тура саясат жағына аудара салу арқылы құрастырады. Бұл өндірістік қатынастарды талдап қарасақ болғаны, сонда біз «халықтық құрылыс» дегеніміз — өсіп жетілмеген, бастама күйінде болса да, сол капиталистік өндірістік қатынастардың өзі екендігін,— егер барлық май-

дагерлерді бірімен бірі тең деп санайтын аңқау соқыр сенімнен бас тартып, олардың арасындағы айырманы дәл көрсетсек болғаны,— сонда фабрика, завод «капиталисі» мен «майдагердің» арасындағы айырма бір «майдагер» мен екінші «майдагердің» арасындағы айырмадан аз болып шығатынын,— *капитализмнің «халықтық құрылысқа» қайшы келмейтіндігін, қайта оның тура, ең жақын және тікелей жалғасы мен дамуы екенін көреміз.*

Бәлкім, жұрт бұл алынған мысалды лайықсыз деп табар? Бұл ретте жалдама жұмысшылардың проценті аса үлкен * дер? Бірақ істің мәнісі тіпті де абсолюттік цифрларда емес, осы цифрлар арқылы әйгіленіп отырған *қатынастарда,* ал бұл қатынастар мәні жағынан буржуазиялық қатынастар, сондықтан буржуазиялығы күшті білінген күнде де, әлсіз білінген күнде де буржуазиялық қалпынан айнымайды.

Егер қажет десеңіз, басқа мысалды — әдейі буржуазиялығы нашар білінген мысалды — құмыра кәсіпшілігін (Исаев мырзаның Москва губерниясының кәсіпшіліктері туралы жазған кітабынан) алайын; бұл кәсіпшілік, профессор мырзаның айтуынша, жұмысы «үйде ғана істелетін кәсіпшілік». Әрине, бұл кәсіпшілікті шаруалардың ұсақ кәсіпшіліктерінің түрі деп есептеуге болады: техникасы өте қарапайым, жабдықтары мейлінше мардымсыз, өндірісі көпшілік қолды және қажетті тұтыну заттарын өндіреді. Жоғарыда келтірілген мысалдағыдай, майдагерлердің үй басы санағын жүргізу арқылы жинаған мәліметтеріміз бойынша біз бұл кәсіпшіліктің де экономикалық жағынан ұйымдасуын зерттеп біле аламыз; бұл кәсіпшілік — орыстың орасан көп ұсақ, «халықтық» кәсіпшіліктеріне сөзсіз толық ұқсас кәсіпшілік. Майдагерлерді мына топтарға бөлейік — I) 1—3 жұмысшысы барлары (семьядағы жұмыс адамдары мен жалдама жұмысшыларды қоса есептегенде); II) 4—5 жұмысшысы барлары; III) 5-тен

* Москва губерниясының кәсіпшіліктері жөнінде мұның дұрыс болып шығуы екі талай, бірақ Россияның басқа жерлеріндегі негұрлым аз дамыған кәсіпшіліктер жөнінде дұрыс болуы да мүмкін.

артық жұмысшысы барлары; сөйтіп енді сол есептің өзін келтірейік:

Жұмысшы санына қарай майдагерлердің топтары	1 кәсіпорнына келетін жұмысшылардың орта саны	Проценті: Жалдама жұмысшылары бар кәсіпорындары	Проценті: Жалдама жұмысшылар	1 жұмысшының 1 жылда өндіретін өнімі	Процент бойынша бөлінуі: Кәсіпорындары	Процент бойынша бөлінуі: Жұмысшылар	Процент бойынша бөлінуі: Өнім сомасы	Абсолюттік цифрлар: Кәсіпорындарының саны	Абсолюттік цифрлар: Жұмысшы саны	Абсолюттік цифрлар: Өнім сомасы (сом есебімен)
I. 1—3 жұмысшысы барлары	2,4	39	19	468	60	38	36	72/28	174/33	81 500
II. 4—5 » »	4,3	48	20	498	27	32	32	33/16	144/29	71 800
III. 5-тен артық	8,4	100	65	533	13	30	32	16/16	134/87	71 500
Жиынтығы	3,7	49	33	497	100	100	100	121/60	452/149	224 800

Анығында, бұл кәсіпшіліктегі *қатынастар* да — ал мұндай мысалдарды қалағаныңша келтіре беруге болады— буржуазиялық қатынастар болып шығып отыр: біз мұнда да товар шаруашылығының негізінде ыдыраушылықты көріп отырмыз, оның үстіне бұл ыдырау жалдама еңбекті қанаушылыққа апарып соғатын ерекше капиталистік ыдырау; бұл арада қанау қазірдің өзінде жоғарғы топта басты роль атқарып отыр; бұл жоғарғы топта барлық кәсіпорындарының $^1/_8$ бөлегі және жұмысшылардың 30 проценті ғана болғанмен, бүкіл өндірістің $^1/_3$ бөлегіне жуығы жинақталған және оның еңбек өнімділігі орта топтағыға қарағанда едәуір жоғары болып отыр. Осы өндірістік қатынастардың бір өзі ғана бізге алыпсатарлардың пайда болуы мен олардың күшінің қандайлық екенін түсіндіреді. Біз неғұрлым ірі және табысы неғұрлым артық кәсіпорындарына ие болып, басқа адамның еңбегін пайдаланудан (құмыра жасап шығарушылардың жоғарғы тобында 1 кәсіпорнына 5,5 жалдама жұмысшы келеді) «таза» табыс алып отыр-

ған азшылықтың қолына «қордың» көп жиналып, көпшіліктің күйзеліп отырғанын және тіпті ұсақ қожайындардың да (жалдама жұмысшыларды былай қойғанда) қаражаты жетпей қалатынын көреміз. Сондықтан соңғыларды алғашқылардың құл ететіні түсінікті де күмәнсыз — атап айтқанда нақ осы өндірістік қатынастардың капиталистік сипатта болуы себепті күмәнсыз. Бұл қатынастардың мәнісі мынау: товар шаруашылығы ұйымдастырған қоғамдық еңбектің өнімі жеке адамдардың қолына түседі, сөйтіп олардың қолына барған соң еңбекшілерді езудің және құл етудің құралы болады, бұқараны қанау арқылы жеке адамның баюының құралы болады. Қатынастардың мұндай сипаты әлі де нашар дамып отырғандықтан, өндірушілердің күйзелуімен қатар өсіп отыратын *капиталдың* қорлануы өте аз болғандықтан бұл қанаушылық пен бұл езушілік әлсіз болады деп ойламаңыздар. Мүлде олай емес. Мұның өзі тек қанаушылықтың неғұрлым дөрекі, крепостниктік формаларына ғана әкеп соғады, капитал жұмысшының жұмыс күшін өз құнына жай ғана сатып алу арқылы жұмысшыны өзіне әзірге тікелей бағындыра алмайтын болғандықтан, еңбекшіні өсімқорлық қыспағының толып жатқан шырмаулары арқылы тұсап, оны өзіне кулактық тәсілдер арқылы тәуелді етеді, сөйтіп мұның нәтижесінде оның үстеме құнын талап қана қоймай, оған қоса жалақысының да денін талап алады, сонымен қатар оған «қожайын» ауыстыруға мүмкіндік бермей, оны езіп-жаншады, өзінің оған жұмыс «бергенін» (sic!) мейірбандық іс деп санауға міндеттеп, оны қорлайды.— Бірде-бір жұмысшы өз халін «нағыз», «халықтық» өнеркәсіптегі орыстың «дербес» майдагерінің халіне айырбастауға еш уақытта да көне қоймайтыны түсінікті. Сондай-ақ Россия радикалдарының жаны сүйетін шаралардың барлығы жеке-дара эксперимент (артельдер) күйінде қалып, еңбекшінің қаналуын және капиталға құл болуын ешбір мызғыта алмайтыны, не еңбекшілердің халін нашарлататыны (үлесті жерлерінен айырмау), не, ақырында, қазіргі капиталистік қатынастарды тазалап, дамытып, нығайтатыны да (техниканың жақсаруы, кредиттер, т. с.) түсінікті.

Оның бер жағында «халық достары» шаруалардың жалпы алғанда өте мардымсыз, көлемі өте шағын және еңбек өнімділігі тым төмен, қарадүрсін техникамен қаруланған және жалдама жұмысшыларының саны аз кәсіпшіліктерінде *капитализм* болады дегенді еш уақытта да ақылына сыйғыза алмайды. Олар *капитал* дегеніміз адамдар арасындағы белгілі бір қатынас екенін, ол қатынастың салыстырылып отырған категориялардың даму дәрежесінің жоғары болған кезінде де, төмен болған кезінде де сол күйінде қалатындығын ақылына ешбір сыйғыза алмайды. Буржуазияшыл экономистер мұны еш уақытта да түсіне алмады: олар капиталға мұндай анықтама беруге қашан да қарсы болды. Әлі есімде, осы экономистердің бірі «Русская Мысльда» Зибердің (Маркс теориясы туралы) кітабы жайында айта келіп, осы анықтаманы (капитал — қатынас) келтіріп, аяғына леп белгілерін қойып, күйіппіскен болатын.

Буржуазиялық тәртіп категорияларын мәңгілік және табиғи категория деп санау — буржуазияшыл философтардың ең айрықша өзгешелігі; сондықтан олар капиталға, мысалы, бұдан былай да өнім өндіру үшін керекті қорланған еңбек деген сияқты анықтамалар береді,— яғни адам қоғамындағы мәңгілік категория деп түсіндіреді, сөйтіп, товар шаруашылығы ұйымдастырған осы *қорланған еңбек* еңбек етпеген адамның қолына түсіп, басқа адамның еңбегін қанауға жұмсалатын ерекше, тарих жүзінде анықталған экономикалық формацияны бүркемелейді. Сондықтан оларда өндірістік қатынастардың белгілі бір системасын талдап, зерттеудің орнына барлық тәртіптерге қолдануға болатын, мещандық моральдың көлгірсіген мылжыңымен астарласып жатқан бірқатар бейпіл сөздер кездесіп отырады.

Бұл өнеркәсіпті «халық достары» неліктен «халықтық» өнеркәсіп деп атайды, оны неліктен капиталистік өнеркәсіпке қарама-қарсы қояды? — міне, енді көріп біле беріңіздер. Оның бір ғана себебі, бұл мырзалар — мещандардың идеологтары, сондықтан олар бұл ұсақ өндірушілердің товар шаруашылығы системасы тұсында өмір сүріп, қожайындық ететінін түсіне алмайды

(сол себептен де оларды мен мещандар деп атаймын) және бұлардың рынокқа қатынастылығы қалай болғанда да бұлардың өздерін буржуазия мен пролетариат етіп екіге бөлетіндігін түсіне алмайды. Егер сіздер бұл кәсіпшіліктерден не нәрсе шығуы «мүмкін» екендігі жөнінде сөзуарлыққа салынуды қойып, біздің «халықтық» кәсіпшіліктеріміздің шын ұйымдасуын зерттеуге кіріскен болсаңыздар,— сіздердің *Россиядан майдагерлік өнеркәсіптің болар-болмас дамыған саласының капиталистік жолмен ұйымдаспағанын тапқан-таппағандарыңызды* көрген болар едік.

Ал егер сіз өндіріс құрал-жабдықтарының азшылықтың қолында монополиялануы, көпшіліктің бұлардан айрылуы және жалдама еңбектің қаналуы (жалпы айтқанда, капитализмнің мәнісі — товар шаруашылығы ұйымдастырған қоғамдық еңбектің өнімін жеке адамдардың иеленуі ғой) осы ұғымға қажетті және жеткілікті белгі болып табылады дегенге қарсы болатын болсаңыз,— онда капитализм жөніндегі «өз» анықтамаңызды және «өзіңіз» тапқан капитализм тарихын айтып беріңіздерші.

Іс жүзінде біздің «халықтық» майдагерлік кәсіпшіліктеріміздің ұйымдасу жағы капитализм дамуының жалпы тарихын тамаша жақсы суреттейді. Ол бізге капитализмнің шығуын, оның ұрығын, мәселен, жай кооперация (құмыра кәсіпшілігіндегі жоғарғы топ) формасында ашық көрсетеді, онан соң, товар шаруашылығының арқасында жеке адамдардың қолына «жиналатын қаржының» *капиталға* қалай айналатындығын көрсетеді, осы «жиналған қаржы» алдымен товар өткізу ісін («алыпсатарлар» мен саудагерлер) монополиялайды, өйткені алыстағы рыноктарға товарды өткізуге мүмкіндік беретін товарларды көптеп сату үшін керекті қаражат осы «жиналған қаржы» иелерінде ғана болады; онан кейін бұл сауда капиталының толып жатқан өндірушілерді өзіне қалай құл ететіндігін және капиталистік мануфактураны, ірі өндірістің жұмысты үйде істейтін капиталистік системасын қалай ұйымдастырғандығын көрсетеді; ақырында, рыноктың кеңеюі, бәсекенің күшеюі техниканың көтерілуіне қалай жеткізетіндігін,

бұл сауда капиталының индустриялы капиталға айналып, ірі машиналы өндірісті қалай ұйымдастыратындығын көрсетеді. Сөйтіп, бұл капитал нығайып алып, миллиондаған еңбекшілерді, тұтас аудандарды өзіне құл еткеннен соң,— тұп-тура, ешбір қымсынбастан үкіметке қысым жасай бастап, оны өзінің малайына айналдырған кезде,— біздің тапқыр «халық достарымыз» «капитализмнің күшпен қондырылғандығы» туралы, оны «қолдан жасағандық» туралы айқай-шу көтереді!

Қарманар кезін қалай тапқан десеңізші!

Сонымен, Кривенко мырза бұл өнеркәсіпті халықтық, нағыз дұрыс өнеркәсіп деген сияқты сылдыр сөздері арқылы біздің майдагерлік кәсіпшіліктеріміз дамудың түрлі сатыларында тұрған капитализмнің өзі екендігін жайдан-жай бүркеуге тырысты. Бұл тәсілдермен біз Южаков мырза арқылы толық танысқан болатынбыз, ол шаруалар реформасын зерттеудің орнына атышулы манифестің [66] негізгі мақсаты туралы, т. с. туралы сылдыр сөздерді айтқан болатын, арендаیы зерттеудің орнына оны халықтық аренда деп атаған болатын, капитализмнің ішкі рыногының қалай құрылатынын зерттеудің орнына рыноктың болмауы себепті капитализм сөзсіз жойылады дегенді, т. т. айтып философияға салынған болатын.

«Халық достары» мырзалардың фактілерді қаншалық бұрмалайтындығын көрсету үшін тағы бір мысалға * тоқталайын. Біздің субъективтік философтарымыздың бізге ұсынып жүрген дәл фактілі мысалдарының аздығы соншалық, олардың осындай өте-мөте дәл мысалдарының бірін, атап айтқанда Кривенко мырзаның (1894 ж. № 1) Воронеждегі шаруалардың бюджеттерінен келтірген мысалын ескермей кету әділетсіздік болар еді. Біз бұл арада олардың өздері таңдап келтірген мәліметтерден шындық туралы кімнің түсінігі дұрыс екенін,—

* Бұл мысал бұдан бұрын да көп сөз болған шаруалардың жіктелуін көрсететін мысал болса да, мен олардың социал-демократтар қазіргі шындыққа көңіл бөлмей, «болашақтың бұлдыр қиялдарына» көңіл бөледі деуінің арсыздықпен айтылған өтірік екенін және «халық достарының» біздермен айтысқа түскенде біздің көзқарастарымыздың мәнісін сөз қылмастан, мағынасы жоқ бос сөздерге салынып, кәззаптық жасап отырғанын айқын көрсету үшін *олардың өз мәліметтерін* талдауды қажет деп санаймын.

орыс радикалдары мен «халық достарының» түсінігі дұрыс па, әлде орыс социал-демократтарының түсінігі дұрыс па,— міне, соны айқын көре аламыз.

Воронеж земствосының статистигі Щербина мырза өзінің Острогожск уезіндегі шаруалар шаруашылығын баяндауына арнаған қосымшасында шаруалардың 24 типтік шаруашылығына бюджетін келтіріп, текстінде оларды талдап көрсетеді *.

Кривенко мырза бұл зерттеуді сол күйінде келтіреді, бірақ ол біздің егінші шаруалардың экономикасы туралы түсінік алу үшін бұл зерттеулердің тәсілдерінің мүлде жарамсыз екенін көрмейді, дұрысын айтқанда, көргісі келмейді. Бұл жерде келтіріліп отырған осы 24 бюджет мүлде әр түрлі шаруашылықтарды — ауқатты шаруашылықтарды да, орта шаруашылықтарды да, кедей шаруашылықтарды да суреттейді, мұны Кривенко мырзаның өзі де айтып отыр (159-бетте), бірақ та, айта кету керек, ол, Щербина мырзаға ұқсап, қожайындардың алуан түрлі типтерін бірге қосатын *орта* сандарға сүйенеді, сөйтіп олардың жіктелуін мүлде бүркеп жібереді. Ал біздің ұсақ өндірушінің жіктелуінің жаппай жайылған, ірі факт (бұл фактіге социал-демократтар орыс социалистерінің назарын баяғыдан-ақ аударып келеді. Плехановтың шығармаларын қараңыз) екендігі сонша, бұл факт Кривенко мырзаның іріктеп алып келтіріп отырған бұл сияқты аз мәліметтерінің өзінен де өте анық көрінеді. Шаруалардың *шаруашылықтары* туралы сөз қылғанда оларды өздерінің шаруашылық көлеміне, шаруашылықты жүргізу типіне қарай топқа бөлудің орнына ол Щербина мырзаға ұқсап, оларды шаруалардың бұрынғы мемлекеттік шаруа және бұрынғы помещиктік шаруа болуына қарай заң жүзіндегі тобына лайық бөледі, ол өзінің барлық назарын екінші топтағы шаруаларға қарағанда алғашқы топтағы шаруалардың көп ауқатты екендігіне аударады, сөйтіп сол топтар ішіндегі шаруалар арасындағы айырмашылық топтар

* «Воронеж губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы» II том, II бөлім, Острогожск уезіндегі шаруалар шаруашылығы. Воронеж, 1887.— Бюджеттердің өзі қосымшада көрсетілген, 42—49-беттер. Талдау «Шаруалар шаруашылығының құрылымы мен бюджеті» деген XVIII тарауда жасалған.

жөніндегі айырмашылықтан анағұрлым үлкен екенін елемей кетеді *. Мұны дәлелдеу үшін бұл 24 бюджетті үш топқа бөлемін: а) 6 ауқатты шаруаны ерекше бөліп шығарамын, сонан соң, б) орташа ауқатты 11 шаруаны (Щербинада №№ 7—10, 16—22) және в) 7 кедей шаруаны (Щербина кестесінде №№ 11—15, 23—24 бюджеттер) бөліп шығарамын. Мәселен, Кривенко мырза былай дейді: бұрынғы мемлекеттік шаруалардың 1 шаруашылыққа жұмсайтын шығыны 541,3 сом болады, ал бұрынғы помещиктік шаруалардың бір шаруашылыққа жұмсайтын шығыны — 417,7 сом болады. Бұл арада ол бұл шығынның әрбір шаруада әр түрлі екендігін ескермей отыр: мәселен, бұрынғы мемлекеттік шаруалардың ішінде шығыны 84,7 сом болатын шаруа да және шығыны одан *он есе көп* — 887,4 сом болатын шаруа да бар (шығыны 1456,2 сом болатын колонист немісті айтпай-ақ қояйық). Мұндай мәліметтерді қосудан құралған орташа санда қандай мағына болмақ? Егер біз мен келтірген топтар бөлінісін алатып болсақ, онда ауқатты шаруалардың 1 шаруашылығының шығыны орта есеппен 855,86 сом, орта шаруанікі — 471,61 сом, ал кедей шаруанікі — 223,78 сом болады **.

Қатынас айырмашылығы шамамен алғанда 4 : 2 : 1 болып шығады.

Ілгері жылжиық. Кривенко мырза, Щербинаның жолына түсіп, шаруалардың түрлі юридикалық топтарында адамның жеке басының тұтынуына жұмсалатын шығынның мөлшерін келтіреді: мәселен, бұрынғы мемлекеттік шаруаларда өсімдіктен жасалатын тамаққа жылына 1 жанға 13,4 сом, ал бұрынғы помещиктік шаруаларда 1 жанға 12,2 сом жұмсалады. Ал экономикалық топтар бойынша цифрлар: а) 17,7, б) 14,5 және в) 13,1 болып шығады. Ет пен сүтке жұмсалатын шы-

* Өзінің егіншілік шаруашылығымен ғана күнелтетін және батырақ ұстайтын шаруа шаруашылығының өзі батырақ болып жұмыс істеп табысының $^{3}/_{5}$ бөлегін сол батырақтықтан алатын шаруа шаруашылығынан тип жағынан айырмашылығы бар екендігі даусыз. Бұл 24 шаруашылық ішінде бұлардың екі түрі де бар. Төрелігін өздеріңіз айтыңыздаршы, егер батырақтарды қожайындарымен бірге қосып есептеп, жалпы орташа санға сүйенетін болсақ, бұдан қандай «ғылым» шықпақ!

** Орташа семья мөлшеріндегі ауытқушылық анағұрлым аз: семья басына а) 7,83, б) 8,36, в) 5,28 адамнан келеді.

ғын — бұрынғы помещиктік шаруаларда — жан басына 5,2 сом; бұрынғы мемлекеттік шаруаларда — 7,7 сом. Топтары бойынша: 11,7—5,8—3,6. Бұл жерде юридикалық топтар бойынша есептеу тек қана орасан зор айырманы бүркейтіндігі айқын. Сондықтан оның түкке жарамайтын есеп екені де айқын. Бұрынғы помещиктік шаруалардың табысынан бұрынғы мемлекеттік шаруалардың табысы 53,7 процент артық,— дейді Кривенко мырза: жалпы орта есеп бойынша (24 бюджеттен) — 539 сом, ал осы топтар бойынша — 600 сомнан артығырақ және 400 сом шамасында. Ал шаруалардың ауқаттылығы жағынан табысы мынадай болып шығады: а) 1053,2 сом; б) 473,8 сом; в) 202,4 сом,— яғни ауытқушылық 3 : 2 емес; 10 : 2 болып отыр.

«Бұрынғы мемлекеттік шаруалар шаруашылықтарының капитал құны — 1060 сом, ал бұрынғы помещиктік шаруалардікі — 635 сом»,— дейді Кривенко мырза. Ал топтары бойынша *: а) 1737,91 сом; б) 786,42 сом және в) 363,38 сом — ауытқушылық тағы да 3 : 2 емес, 10 : 2 болып отыр. *Шаруаларды* юридикалық топтарына қарай бөлгендіктен автор бұл *шаруалардың* экономикасын дұрыс түсіне алмайтын халге ұшырап отыр.

Егер ауқаттылығы жағынан түрлі типтегі шаруалардың шаруашылығына көз жіберсек, орта есеппен алғанда ауқатты семьялардың 1053,2 сом табысы, 855,86 сом шығыны бар екенін, яғни 197,34 сом таза табысы бар екенін көреміз. Орташа семьяның — 473,8 сом табысы, 471,61 сом шығыны бар, яғни үй басына 2,19 сом таза табысы бар (кредит пен берешегін есептемегеннің өзінде осылай) — мұның табысы күн көрісіне әрең жететіні анық: 11 шаруашылықтың бесеуінің тапшылығы бар. Шаруалардың төменгі, кедей тобы шаруашылықтан тура зиян көреді: 202,4 сом табысы болатын болса, шығыны — 223,78 сом, яғни тапшылығы 21,38 сом **.

* Әсіресе, құрал-сайманмен қамтамасыз етілудегі айырма өте зор: орта есеппен алғанда 1 шаруашылықтағы құрал-сайманның құны — 54,83 сом. Бірақ ауқатты шаруаларда ол екі есе көп — 111,80 сом, ал кедей шаруаларда үш есе кем — 16,04 сом. Орта шаруаларда — 48,44 сом.

** Бір атап өтерлік нәрсе, батырақтардың — 7 кедей шаруаның ішіндегі екеуінің — бюджеті тапшылықсыз: табысы семья басына 99 сом болса, шығыны 93,45 сом. Бір батырақ тамақты, киім мен аяқ киімді қожайыннан алып тұрады.

Анығында, егер біз бұл шаруашылықтарды бірге қосып, жалпы орта санын (таза табысы — 44,11 сом) алатын болсақ, онда біз шындықты бүтіндей бұрмалаған болып шығамыз. Онда біз (Кривенко мырзаның елемей кеткені сияқты) таза табыс алатын алты ауқатты шаруаның бәрінің де батырақ (8 адам) ұстайтындығын, олардың өздеріне таза табыс беретін және «кәсіпшілік» іздеу қажеттігінен мүлде дерлік құтқаратын егіншілік шаруашылығының сипатын (фермерге айналуын) ашып беретін фактіні елемей кеткен боламыз. Бұл шаруалар (бәрі бірге) кәсіпшілік арқылы өз бюджеттерінің 6,5 процентін ғана (6319,5 сомның 412 сомын ғана) өтейді, оның бер жағында бұл кәсіпшіліктер — Щербина мырзаның бір көрсетуі бойынша — «кіре тарту» немесе тіпті «қой сатып алу» сияқты кәсіпшіліктер, яғни қожайынның тәуелділігін дәлелдемейтіні былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, басқаларды қанауды керек ететін кәсіпшіліктер (нақ осы кейінгі жағдайда: жиналған «қаржы» сауда *капиталына* айналады). Бұл қожайындардың қолында 320 сом (5 процент) табыс беретін 4 өнеркәсіп орны бар *.

Орта шаруалардың шаруашылық типі басқаша: олардың табысы, жоғарыда көргеніміздей, күн көрісіне әзер жетеді. Егіншілік олардың мұқтажын өтей алмайды, табысының 19 процентін кәсіпшілік дейтіннен табады. Бұл кәсіпшіліктердің қандай екенін біз Щербина мырзаның мақаласынан білеміз. Мұнда 7 қожайынның кәсіпшіліктері көрсетілген: тек екеуі ғана дербес кәсіпшілікте еңбек етеді (тігіншілік және көмір жағушы), ал қалған бесеуі жұмыс күшін сатады («төменгі жаққа барып шөп шауыпты», «арақ-шарап заводына барып жұмыс істейді», «орақ үстінде күндікші болып жалданып жұмыс істейді», «қойшылыққа жалданады»,— «жергілікті экономияда жұмыс істейді»). Міне, бұлар — осы күннің өзінде-ақ жартылай шаруалар, жартылай жұмысшылар. Көлденең кәсіп оларды шаруашылықтан қол үзгізеді, сөйтіп шаруашылықты мүлдем әлсіретеді.

---

* Қараңыз: 1 қосымша (осы томның 331-беті. *Ред.*)

Ал кедей шаруаларға келетін болсақ, олардың егіншілігі турадан-тура зиянға соғады: мұнда «кәсіпшіліктердің» бюджеттегі маңызы анағұрлым артық (олар табыстың 24 процентін береді) және бұл кәсіпшіліктердің бәрі дерлік (бір қожайыннан басқасы) жұмыс күшін сату болып табылады. Бұлардың ішінде екеуінің «кәсібі» (батырақтығы) басым, табысының $^2/_3$ бөлегін береді.

Бұдан ұсақ өндірушілердің әбден жіктеліп бара жатқандығы айқын көрінеді, бұл ұсақ өндірушілердің жоғарғы топтары буржуазияға, төменгі топтары пролетариатқа айналуда. Егер біз жалпы орта санды алатын болсақ, онда, әрине, мұның бірін де байқай алмаймыз және деревняның экономикасы туралы ешбір түсінік ала алмаймыз.

Автор осындай жалған орта сандарға сүйенгендіктен ғана мұндай тәсілді қолданып отыр. Бұл типтік шаруашылықтардың уездегі шаруалар шаруашылығының жалпы типіндегі алатын орнын анықтау үшін Щербина мырза шаруалардың үлесті жері бойынша жіктелуін мысалға алады, сонда бұл алып отырған 24 шаруашылық (жалпы орта есеппен алғанда) өзінің ауқаттылығы жағынан уездегі орташа шаруашылықтардан шамамен $^1/_3$ есе жоғары болып шығады. Бұл есепті қанағаттандырарлық деп тануға болмайды, өйткені, біріншіден, бұл 24 қожайынның ішінде орасан үлкен айырма барлығы байқалып отыр, екіншіден, үлесті жері бойынша топтау шаруалардың жіктелуін бүркейді: автордың «үлесті жер шаруаның әл-ауқатының жақсы болуының негізгі себебі» деген қағидасы — мүлде теріс. Қауым ішінде жерді «тепе-тең» бөліп үлестіру оның көлігі жоқ мүшелерінің жерді пайдаланбауына, оны біреуге беріп кетуіне, басқа жаққа кетіп, пролетариатқа айналуына, ал көлігі көп мүшелерінің көп жерді жалға алып, ірі, табысты шаруашылық жүргізуіне ешқандай бөгет бола алмайтындығын әркім біледі. Егер біз, мәселен, өзіміздің 24 бюджетімізді алатын болсақ, онда үлесінде 6 десятина жері бар бір бай шаруаның барлық табысы — 758,5 сом, үлесінде 7,1 десятина жері бар орташа шаруаның табысы — 391,5 сом, ал 6,9 десятина

жері бар кедей шаруаның табысы — 109,5 сом екенін көреміз. Жалпы алғанда біз түрлі топтар табысының қатынасы 4 : 2 : 1 қатынасына тең екенін көрдік, ал үлесті жердің арасындағы қатынас мынадай болады: 22,1 : 9,2 : 8,5=2,6 : 1,08 : 1. Бұл әбден түсінікті, неге десеңіз, мәселен, біз үй басына 22,1 десятина үлесті жері бар ауқатты шаруалар мұның үстіне 8,8 десятина жерді жалға алатындығын, ал үлесті жері аз (9,2 десятина) орта шаруалар жерді де жалға кемірек — 7,7 десятина алатындығын, мұнан да аз (8,5 десятина) үлесті жері бар кедей шаруалар не бары — 2,8 десятина жерді ғана жалға алатындығын көріп отырмыз *. Сондықтан Кривенко мырза: «Амал не, Щербина мырза келтіріп отырған мәліметтер губерния түгіл, тіпті уездегі істің де жалпы жағдайын көрсететін өлшеуіш бола алмайды» деген кезде,— бұл жөнінде оған былай деуге ғана болады: бұл мәліметтер жалпы орта санды шығарудың теріс тәсілін қолданған уақытта өлшеуіш бола алмайды (Кривенко мырза бұл тәсілді қолданбауы керек еді), ал жалпы алғанда, Щербина мырзаның мәліметтерінің көлемді де құнды екені соншалық, бұлар дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік береді,— ал егер Кривенко мырза дұрыс қорытынды жасамаған болса, онда Щербина мырзаны кінәлаудың реті жоқ.

Щербина мырза, мәселен, 197-бетте шаруаларды үлесті жеріне қарай жіктемей, жұмыс малына қарай жіктейді, яғни юридикалық белгілері бойынша жіктемей, шаруашылық белгілері бойынша жіктейді,— сондықтан мұндай жіктеушілік мысалға алынып отырған типтік 24 шаруашылықтың түрлі топтары арасындағы қатынастар бүкіл уездегі түрлі экономикалық топтардың қатынастарымен мүлде бірдей деуге толық право береді.

Бұл жіктеушілік мынау **: [242-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

* Әрине, мен үлесті жердің түбегейлі маңызы жөніндегі қағиданы *жалғыз* осы 24 шаруашылық туралы мәліметтер бекерге шығара алады демеймін. Бірақ жоғарыда бірнеше уездің мәліметтері келтірілді, ол мәліметтер бұл қағиданы мүлде бекерге шығарады [67].

** 24 типтік шаруашылықты бүкіл уездегі шаруашылықтардың топтарымен салыстыру Щербина мырзаның 24 шаруашылықтың орта санын үлесті жері бойынша жіктелген топтарымен салыстырған тәсілдері бойынша жасалып отыр,

Воронеж губерниясының Острогожск уезі

Үй иелерінің жұмыс көлігі санына қарай топқа бөлінуі	Саны		1 үйге келетіні			Орташа семья (жан саны)	Үйлердің проценті					
	Үй иелері	Олардың проценті	Ірі қара мал	жер (дес.) Үлесті жер	жер (дес.) Арендаға алынған жер		Батырақтары барлары	Сауда-өнеркәсіп орындары барлары	Үйі жоқтары	Қызметкері жоқтары	Жер өңдемейтіндері	Құрал-саймандары жоқтары
Жұмыс көлігі жоғы	8 728	26,0	0,7	6,2	0,2	4,6	0,6	4,0	9,5	16,6	41,6	98,5
II. 1 жұмыс көлігі бары	10 510	31,3	3,0	9,4	1,3	5,7	1,4	5,4	1,4	4,9	2,9	2,5
III. 2—3 жұмыс көлігі бары	11 191	33,3	6,8	13,8	3,6	7,7	8,3	12,3	0,4	1,3	0,4	—
IV. 4 және онан артық жұмыс көлігі бары	3 152	9,4	14,3	21,3	12,3	11,2	25,3	34,2	0,1	0,4	0,3	—
Барлығы	33 581	100,0	4,4	11,2	2,5	6,7	5,7	10,0	3,0	6,3	11,9	23,4
24 типтік шаруашылықтың ішінен * батырақтары			0,5	7,2	0	4,5						
кедейлері			2,8	8,7	3,9	5,6						
орташалары			8,1	9,2	7,7	8,3						
ауқаттылары			13,5	22,1	8,8	7,8						
Барлығы			7,2	12,2	6,6	7,3 **						

* Мұнда кедейлерден екі батырақ бөлініп алынып отыр (Щербинаның №№ 14 және 15 бюджеттері), сонда тек 5 кедей қалады.

** Бұл кесте жөнінде сонымен қатар мынаны көрсетпей кетуге болмайды: біз бұл арада, үлесті жер санының көбеюіне *қарамастан*, ауқаттылықтың өсуіне қарай арендаға алынған жер санының да нақ сондай көбейгендігін көріп отырмыз. Сонымен, тағы бір уезд жөніндегі мәліметтер үлесті жердің түбегейлі маңызы бар деген ойдың теріс екенін дәлелдеп отыр. Қайта біз бұл топтың ауқаттылығы неғұрлым өскен сайын оның иелігіндегі бүкіл жердің ішінде үлесті жер санының соғұрлым төмендеп келе жатқанын көреміз. Үлесті жер мен арендаға алынған жерді қосып есептеп, осы қосындыдағы үлесті жердің процентін шығарғанда әрбір топта мынадай мәліметтер келіп шығады: I) 96,8%; II) 85,0%; III) 79,3%; IV) 63,3%. Мұндай құбылыс өте түсінікті де. Біз азат ету реформасынан бері Россияда жердің товарға айналғандығын білеміз. Ақшасы бар адам әрқашан да жер сатып ала алатын болды: үлесті жерді де сатып алу керек болды. Ауқатты шаруалардың жерді өз қолына жинақтайтындығы, орта ғасырлардағыдай үлесті жерді айналысқа салуға шек қойылатын болғандықтан, бұл жерлердің бір қолға жинақталуы арендаға алу түрінде күштірек болатындығы түсінікті. Осындай шек қоюшылықты жақтап келе жатқан «халық достары» бұл мағынасыз реакциялық шараның тек кедейлердің жағдайын нашарлататындығын түсінбейді: жоқшылыққа ұшырап, құрал-сайманы жоқ шаруалар қайткен күнде де жерді біреуге беруге тиіс, ал өткізуге (немесе сатуға) тыйым салудың салдарынан олар жерлерін біреуге жасырын өткізеді, сондықтан, әрине, мұның өзі өткізуші үшін қолайсыз жағдайда істеледі, немесе

Жалпы орта есеппен алғанда типтік 24 шаруашылық уездегі шаруалар шаруашылықтарының типінен жоғары екендігінде ешбір күмән жоқ. Ал егер біз бұл жалған ортақ санның орнына экономикалық топтарды алатын болсақ, онда салыстырып көруге мүмкіндігіміз болады.

кедейлер жерлерін «қоғамға», яғни сондағы кулактарға тегін өткізуге мәжбүр болады.

Бұл арада Гурвичтің атышулы «иеліктен айырмау» дейтін нәрсе жөніндегі өте дұрыс пікірін келтірмеуге болмайды:

«Бұл мәселені түсіну үшін біз шаруа жерін сатып алушының кім екенін білуге тиіспіз. Біз ширек жер учаскелерінің болмашы бөлегін ғана көпестер сатып алғандығын көрдік. Жалпы алғанда, дворяндар сататын кішкентай учаскелерді тек қана шаруалар сатып алады. Демек, бұл мәселе тек шаруалардың ғана қатынастарын қамтиды, ал дворяндардың да, капиталистер табының да мүдделерін қозғамайды. Мұндай жағдайда халықшылдарға орыс үкіметінің мейірімі түсіп садақа беруі де ғажап емес. Шығысқа тән патриархтық қамқорлықты (oriental paternalism) қайдағы бір сұмпайы мемлекеттік-социалистік прогибиционизмге әкеліп осылайша рабайсыз қосақтаудың өзі (mésalliance) сол жарылқаймыз деп отырған адамдардың наразылығын туғызбай қоюы екіталай. Деревняның жіктелу процесі оның сыртында емес, ішінде жүріп жатқандығы даусыз болғандықтан шаруа жерін иеліктен айырмау қауымның бай мүшелерінің пайдасына кедейлерді ақысыз-пұлсыз турадан-тура экспроприациялаумен бірдей болады.

Біз бұл жерде жерін өткізуге правосы болған ширек жерлі [68] шаруалардың ішіндегі қоныс аударғандардың проценті жерді қауым болып иеленетін мемлекеттік шаруалардың ішіндегі қоныс аударғандардың процентінен едәуір артық екенін байқаймыз: атап айтқанда, Раненбург уезінде (Рязань губерниясы) біріншілерінің арасындағы қоныс аударғандар — 17%, екіншілерінің арасындағы қоныс аударғандар — 9%. Данков уезінде біріншілерінің арасындағы қоныс аударғандар — 12%, екіншілерінің арасындағы қоныс аударғандар — 5%. Бұл айырмашылық қайдан шығады? Мұның себебін мына бір мысал түсіндіріп береді:

«Бұрын Григоровта крепостной шаруа болған 5 үйден құралған кішкентай қауым 1881 жылы Данков уезінің Бигильдино деревнясынан көшті. Бұл қауым өзінің 30 десятина жерін бай шаруаға 1 500 сом ақшаға сатты. Қоныс аударғандар үйлерінде отырып күн көре алмайтын болды, сөйтіп олардың көпшілігі жыл бойы жалданып жұмыс істеуші еді» («Статистикалық мәліметтер жинағы», II бөлім, 115, 247-беттер.). Григорьев мырзаның мәліметтері бойынша (*«Рязань губерниясындағы шаруалардың қоныс аударуы»*) шаруаның 6 десятиналық орташа учаскесінің құны 300 сом; мұның өзі — осы шаруа семьясының оңтүстік Сибирьде егін шаруашылығын құруына жететін сома. Сөйтіп, мүлде күйзелген шаруа өзінің қауымдық жерінің учаскесін сатып, барған жаңа елінде егінші болуға мүмкіндік алар еді. Егер рақымды бюрократияның тыйымы болмаса, ата-бабаның ескілікті жер сатпау ғұрпын сыйлаушылықтың мұндай қызықтырарлық іске қарсы тұра алуы екіталай болған болар еді.

Мені, әрине, осы жуырда шаруалардың қоныс аударуына көзқарасым үшін кінәлағаны сияқты («Северный Вестник», 1892. № 5, Богдановскийдің мақаласы), торығуға түстің деп кінәлаулары мүмкін. Әдетте жұрт шамалап айтқанда былайша пайымдайды: айталық, істің жайы шын өмірге дәлме-дәл сәйкес суреттелген дейік, бірақ оның (қоныс аударудың) зиянды зардаптары шаруалардың тұрмыс күйінің нашарлығынан туып отыр, ал шаруалардың тұрмыс күйі оңды болса, онда оған (қоныс аударуға) қарсы болудың «реті болмаған болар еді». Бірақ та, амал не, бұл шын «нашар» жағдайлар өз бетінше өсіп отыр, ал «оңды» жағдай туғызу — шаруаларға жақсылық ойлаушылардың билігіндегі нәрсе емес» (жоғарыда аталған шығарма, 137-бет) [65].

Біз типтік шаруашылықтарда батырақтар жұмыс көлігі жоқ қожайындардан біраз төмен екенін көріп отырмыз, бірақ соларға өте таяу келіп қалады. Кедей қожайындар 1 жұмыс көлігі барларға өте таяу келеді (егер малы 0,2 есе кем болса: — кедейлерде 2,8, бір аты барларда 3 бас,— оның есесіне барлық үлесті және арендаға алынған жері бірсыпыра артық — 10,7 десятинаның орнына 12,6 десятина). Орта қожайындар 2—3 жұмыс көлігі бар қожайындардан сәл-ақ ілгері (олардың малы біраз артығырақ; ал жері біраз кемдеу), алауқатты қожайындар 4 және онан да артық жұмыс көлігі барларға жақын, бірақ бұлардан сәл *төмендеу*. Демек, бүкіл уезде егін шаруашылығы дұрыс жолға қойылған, табыс беріп тұратын және көлденең табысты керек қылмайтын қожайындардың саны кемінде 0,1 болады деген қорытынды жасауға хақымыз бар. (Бұл табыстың ақшалай табыс екендігін ескерте кету өте қажет, демек, бұл егіншіліктің саудалық сипатын көрсетеді). Олар шаруашылығын көбінесе жалдама жұмысшылардың көмегімен жүргізеді: үйлердің кемінде 1/4 бөлегі тұрақты батырақтар ұстайды, ал уақытша жалдайтын күндікшілері қанша екені белгісіз. Онан соң, уездегі қожайындардың жартысынан көбі (0,6 шамалысы: аты жоғы және жалғыз аттылары, 26%+31,3%=57,3%) кедейлер, олардың шаруашылығы нағыз тиімсіз шаруашылық, сондықтан олар күйзеліп, ұдайы және үздіксіз экспроприацияланып отырады. Олар өздерінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болады, оның ішінде шаруалардың 1/4 бөлегіне жуығы егіншіліктен горі көбінесе еңбегін жалдап күнелтеді. Қалған шаруалар — орташалар, олардың егін шаруашылығының табысы мұқтажына ұдайы жетпейді, шаруашылығын көлденең табысқа сүйене отырып әрең жүргізіп отырады, сондықтан олардың шаруашылығы — өте тұрақсыз шаруашылық.

Кривенко мырзаның шындықты қалай бұрмалап отырғандығын көрсету үшін мен бұл мәліметтерге әдейі осылайша толық тоқтадым. Ол көп ойланбай-ақ, орташа санды алып, соған сүйенеді; мұның тек жалған пікір ғана емес, барып тұрған өтірік болып шығатынды-

ғы түсінікті. Мәселен, біз бір ауқатты шаруаның (типтік бюджеттердегі) өзінің таза табысы арқылы (+197,34) *тоғыз* кедей үйдің табысының тапшылығын (—21,38×9=—192,42) өтейтіндігін көрдік, демек, уездегі 10 процент бай шаруалардың табысы 57 процент кедей шаруалардың табыстарының тапшылығын өтеп қана қоймай, оның үстіне біраз артылып қалады. Ал Кривенко мырза 24 шаруашылықтың орта есеппен алғандағы бюджетінен 44,14 сом артылатынын, ал кредит пен берешектерін қоспағанда — 15,97 сом артылатынын есептеп шығара отырып, орташа қожайындардың және орташадан төменгі қожайындардың жай «құлдырауы» туралы әңгіме етеді. Іс жүзінде орта шаруа * жөнінде ғана әңгіме етуге болар, ал кедей бұқараның біз тура *экспроприацияланауын* көреміз; сонымен қабат өндіріс құрал-жабдықтары біршама ірі әрі іргелі шаруашылықтары бар азшылықтың қолына жинақталып отыр.

Осы соңғы жағдайды елемеушіліктен автор бұл бюджеттердің екінші бір өте қызықты өзгешелігін байқамай қалған: бұл бюджеттер *шаруалардың жіктелуі ішкі рынокты туғызатындығын* дәлелдейді. Бір жағынан, жоғарғы топтан төменгі топқа қарай көлденең кәсіптен түсетін табыстардың (ауқатты, орта және кедей шаруалардың барлық бюджетінің — 6,5 проценті — 18,8 проценті — 23,6 проценті) — яғни ең алдымен жұмыс күшін сатудан түсетін табыстардың маңызы барған сайын арта береді. Екінші жағынан, төменгі топтардан бастап жоғарғы топтарға дейін егіншіліктің товарлы (олол ма: өзіміз көргеп сияқты, *буржуазиялық*) сипаты барған сайын арта береді, шетке шығарылатын астықтың проценті арта береді: барлық қожайындардың топтары бойынша егіншіліктен алатын табысы: $a) \frac{3\,861{,}7}{1\,774{,}4}$, $б) \frac{3\,163{,}8}{899{,}9}$, $в) \frac{689{,}9}{175{,}25}$. Бөлгіш сан ақшалай табысты көрсетеді **, табыстың бұл бөлегі жоғарғы топ-

* Онда да мұның дұрыс болуы екіталай, өйткені құлдырау тұрақтылықтың уақытша және кездейсоқ жойылғанын көрсетеді, ал орта шаруалар, жоғарыда көргеніміздей, қашан да болса тұрақсыз халде, күйзелушіліктің аз-ақ алдында тұрады.

** Егіншіліктен түсетін ақшалай табысты есептеп шығару үшін өте қиын есепке сүйенуге тура келді (Щербина мұны есептеп шығармаған). Астықтан түсетін барлық табыстан сабан мен топаннан түсетін табысты шығарып тастауға тура келді, өйткені бұлар, автордың ай-

тан бастап төменгі топқа қарай 45,9% — 28,3% — 25,4% болып отыр.

Біз бұл арада экспроприацияланған шаруалардан алынған өндіріс-құрал жабдықтарының *капиталға* қалай айналатындығын тағы да айқын көріп отырмыз.

Кривенко мырзаның осылайша пайдаланған — немесе, дұрысырақ айтқанда, осылайша бүлдірген — материалынан дұрыс қорытындылар шығара алмағандығы түсінікті. Ол темір жол вагонында өзімен бірге болған бір новгородтық шаруаның ауызба-ауыз айтқан сөзі бойынша, сол жерлердегі шаруалар шаруашылығының ақшалы сипатын суреттей келіп, нақ осы жағдай, товар шаруашылығының жағдайы, «ерекше қабілеттілік» «туғызады» — «арзан бағамен (шабындықты) орып алып», «қымбат бағамен сату» ниетін ғана туғызады (156-бет)* деген әділ қорытынды жасауға мәжбүр болды. Бұл жағдай «коммерциялық зеректікті оятатын (дұрыс!) және оны кеңейтетін» «мектеп» болып табылады. «Таланттар пайда болып, олардың арасынан Колупаевтар, Деруновтар және басқаша аталып жүрген жебірлер** шығады, ал аңқаулар мен ашықауыздар артта қалып қояды, төмен құлдилайды, күйзеледі, батырақ болады» (156-бет).

Мүлде басқа жағдайға қойылған губернияның — егіншілік (Воронеж) губерниясының — мәліметтері де дәл осындай қорытындыға келтіреді. Мәселе әбден-ақ анық сияқты: жалпы елдің және соның ішінде «қауымдағы» «шаруалар» экономикасының түп негізі ретінде товар

туынша, малға жемге кетеді. XVIII тарауда бұларды автордың өзі де шығарып тастаған, бірақ ол бұларды шығарғанда 24 шаруашылықтың мәліметтері *үшін* шығармай, уезд бойынша қорытынды сан алу үшін шығарған. Мен оның қорытынды мәліметтері бойынша астықтан түсетін табыстың процентін анықтадым (астықтан түсетін барлық табыспен, яғни астықтан да, сабан мен топаннан да түсетін табыспен салыстыра анықтадым) және сабан мен топанды осы процент бойынша шығарып тастадым. Бұл % бойынша қара бидай — 78,98%, бидай — 72,67%, сұлы мен арпа — 73,32%, тары мен қарақұмық — 77,78%. — Сонан кейін сатылатын астықтың мөлшері шаруаның өз шаруашылығында ұсталатын астықты шығарып тастау арқылы белгіленді.

* Кривенко мырза осы жерде: «қызметкерді неғұрлым арзандау жалдап, онан көбірек пайда түсіру керек», — деп өте әділ айтады.

** Южаков мырза! Бұл қалай: сіздің жолдасыңыз «таланттардан» «жебірлер» шығады дейді, ал Сіз: жұрттың мұндай болатын себебі олардың «сын көзімен қарайтын ақылының» жоқтығынан деп сендірмек болған едіңіз ғой? Мырзалар, бір журналдың бетінде біріңдібірің соққаның жарамайды!

шаруашылығы системасы ашық көріне бастады, бұл товар шаруашылығы, *нақ осының өзі,* «халық» пен «шаруаларды» пролетариатқа (күйзеліп, батыраққа айналады) және буржуазияға (жебірлер) бөледі, яғни капиталистік шаруашылыққа айналады деген *факті* де ашық көріне бастады. Бірақ *шындықтың* бетіне тура қарауға және әр нәрсені шын атымен атауға (бұл тым «ауыр») «халық достарының» еш уақытта да батылы бармайды! Сондықтан Кривенко мырза былай дейді:

«Кейбіреулер мұндай тәртіпті әбден табиғи тәртіп деп таниды (бұған: мұндай тәртіпті өндірістік қатынастардың капиталистік сипатының әбден табиғи нәтижесі деп таниды, дегенді қосу керек еді. Сонда бұл «кейбіреулердің» пікірін дәл көрсеткендік болар еді, сонда бұл пікірлерден бос сөздер арқылы жалтарып кетпей, істің мәнісін талдауға тура келген болар еді. Автор «кейбіреулерге» қарсы күресуді әдейі мақсат етіп қоймаған кезде ақша шаруашылығының нақ сол «талантты» жебірлер мен «аңқау» батырақтар шығатын «мектеп» екенін оның өзі де мойындауға тиіс болар еді) және капитализмнің жеңімпаздық парызы осында деп біледі. (Солай болмағанда ше! Күресті нақ «мектепке» қарсы, онда билеп-төстеп отырған «жебірлермен» бірге олардың әкім мен интеллигент малайларына қарсы жүргізу керек деп табу — капитализмді жеңілмейді деп танумен бірдей екен. Ал капиталистік «мектепті» жебірлермен бірге аман-сау қалпында қалдырып, оның капиталистік нәтижелерін либералдық жартылай шаралар арқылы жоймақ болу — «халықтың» шын «досы» болу деген сөз екен!) Біз бұған біраз басқаша қараймыз. Бұл арада капитализмнің едәуір үлкен роль атқаратындығында күмән жоқ, мұны біз жоғарыда көрсеттік те (атап айтқанда жоғарыда жебірлер мен батырақтар мектебі туралы келтірілген пікір), бірақ капитализмнің ролі бәрін қамтитын және шешуші роль болды, халық шаруашылығында болып жатқан өзгерістерде онан басқа факторлар болмады, ал болашақта басқа ешбір жол жоқ деуге болмайды» (160-бет).

Міне, көрдіңіздер ме! Қазіргі құрылысты дәл және тура сипаттаудың орнына, «шаруалардың» жебірлер

мен батырақтар болып бөліну себебі не деген сұрауға ашық жауап берудің орнына,— Кривенко мырза бос сөздермен жалтарып кетпекші болады. «Капитализмнің шешуші ролі бар деуге болмайды».— Осылай деуге бола ма, немесе болмай ма, мәселенің түйіні, міне, осында ғой.

Өз пікіріңізді қорғап қалу үшін Сіз істі басқа қандай себептер *шешетінін,* социал-демократтар көрсеткеп жолдан басқа,— пролетариаттың жебірлерге * қарсы таптық күресінен басқа тағы қандай *жол* бар екенін көрсетуге тиісті едіңіз. Бірақ ешқандай пікір айтылмай отыр. Бәлкім, автор мына төмендегілерді осындай пікір деп білетін шығар? Қандай оғаш болса да, әйтеуір «халық достарынан» бәрін де күтуге болады.

«Ең алдымен, біз көргендей, жері аз әлсіз шаруашылықтар нашарлайды» — атап айтқанда, үлесті жері 5 десятинадан кем шаруашылықтар нашарлайды. «Ал үлесінде 15,7 десятина жері бар мемлекеттік шаруалардың типтік шаруашылықтары тұрақты келеді... Рас, олар мұндай табыс (таза кірісі 80 сом) табу үшін тағы да 5 десятина жерді арендаға алады, бірақ бұл оларға не керек екенін ғана көрсетеді».

Капитализмге атышулы «жері аздықты» әкеп қосатын бұл «түзету» қандай қорытындыға әкеліп соқпақшы? Жері аздары мұнысынан да айрылады, ал ауқаттылары (15,7 десятина жері барлары) мұнан да гөрі молыға түседі ** деген қорытындыға әкеліп соғады. Мұның аты — біреулер күйзеледі де, басқа біреулер байиды деген қағиданы мағынасыз түрде қайталап айтқандық қой!! Жердің аздығы туралы бұл сияқты мағынасыз құрғақ сөздерді тастайтын мезгіл жетті, бұл сөздер еш нәрсені де түсіндірмейді (өйткені шаруаларға үлес-

* Егер пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі жөніндегі идеяны өзірше деревняның «аңқау және қарапайымдау» батырақтары, яғни, атап айтқанда, «мәңгілік тіректермен» және «қауымдық рухпен» мейлінше тығыз байланысты болған осынау сүйкімді қасиеттерінен айрылған адамдар түсіне алмайтын болса, оны тек қаладағы фабрика-завод жұмысшылары ғана түсіне алатын болса,— онда мұның өзі орыс капитализмінің прогрестік, революциялық жұмысы туралы социал-демократтар теориясының дұрыстығын ғана дәлелдейді.

** Мен бұл арада үлесті жерлері бірдей шаруалар өзара тең болады және «жебірлер» мен «батырақтарға» бөлінбейді деген түсініктің сорақы түсінік екендігін сөз етіп те отырғаным жоқ.

ті жерді ешкім де тегін бермейді, сатып береді), тек процесті суреттеп қана қояды, онда да дәл суреттемейді, өйткені дұрысында бір ғана жер туралы айтып қоймай, жалпы өндіріс құрал-жабдықтары туралы айту керек, айтқанда олардың шаруалардың қолында «аз» екендігі туралы емес, шаруалардың сол өндіріс құрал-жабдықтарынан *айрылып жатқандығы* туралы, өсіп келе жатқан капитализмнің шаруаларды *экспроприациялауы* туралы айту керек. Кривенко мырза өзінің философиясын былай деп қорытады: «Біз ауыл шаруашылығы қандай жағдайда болса да «натуралды» шаруашылық күйінде және өңдеуші өнеркәсіптен оқшауланған күйінде қалуға тиіс және солай қала алады деп тіпті де айтқымыз келмейді (тағы да сылдыр сөз! айырбасты керек қылатын, демек, егіншіліктің өңдеуші өнеркәсіптен оқшаулануын керек қылатын ақша шаруашылығы мектебінің қазірдің өзінде бар екенін жаңа ғана мойындауға мәжбүр болған Сіз емес пе едіңіз? Ендеше, болуы мүмкін және болуға тиіс деп қайта-қайта былықтырудың не керегі бар?), жасанды түрде оқшауланған өнеркәсіп құру тиімсіз дегенді ғана (білгіміз келеді: кимряктар мен павловтықтардың өнеркәсібі «оқшауланған» ба екен? және оны кім және қашан «қолдан жасаған» екен?), қызметкердің жерден және өндіріс құралдарынан бөлектенуі бір ғана капитализмнің әсерінен болып отырған жоқ, сонымен бірге капитализмнен бұрынғы және оны қолдайтын басқа факторлардың да әсерінен болып отыр дегенді ғана айтып отырмыз».

Бұл арада да жебірдің қолына өтетін жерден қызметкердің айрылатын себебі, қызметкерде жер «аз» болып, жебірде «көп» болғандығынан деген терең пікірді айтқысы келген болу керек.

Сөйтіп, мұндай философия шешуші себеп капитализмнен деп білетін социал-демократтарды «ой-өрісі тар» адамдар деп кінәлайды!.. Менің шаруалар мен майдагерлердің жіктелуіне тағы да соншама толық тоқталып өткен себебім, мәселені социал-демократтардың қалай түсінетіндігін және оны олардың қалай түсіндіретіндігін ашық көрсету қажет болды. Субъективтік со-

циолог шаруалар «кедейленді», ал «пайдакүнемдер» мен «жебірлер» «түсімді өз пайдасына алып қала білді» деп танитын фактілердің материалистер көзқарасы бойынша товар өндірушілердің буржуазиялық жіктелуі, товар шаруашылығының өзінен сөзсіз туатын жіктелу болып табылатындығын көрсету қажет болды. Россияда дәулеттілердің дәулетсіздерге қарсы күресі барлық жерде де, фабрикалар мен заводтарда ғана емес, тіпті ең қараңғы түкпірдегі деревняда да болып жатқандығын және бұл күрестің өзі қай жерде болса да товар шаруашылығы негізінде туатын буржуазия мен пролетариаттың күресі болып табылады деген қағиданың (жоғарыда I бөлімде келтірілген қағиданың *) қандай фактілерге негізделгендігін көрсету қажет болды. Земство статистикасы сияқты тамаша материал арқылы дәл көрсетуге болатын, біздің шаруалар мен майдагерлердің жіктеліп, шаруа болудан қалуы,— орыс шындығын нақ социал-демократтарша түсінудің дұрыс екенін *іс жүзінде* дәлелдеп береді; бұл түсінік бойынша шаруа мен майдагер, «үзілді-кесілді» мағынасында айтқанда, *ұсақ өндіруші,* яғни *ұсақ буржуа* болып табылады. Осы ұсақ өндірушінің өмір сүріп отырған товар шаруашылығының әлгі жағдайын да, өндірушінің сол негіздегі капиталистік жіктелуін де түсінбеген бұрынғы шаруа социализміне қарағанда бұл қағиданы **ЖҰМЫСШЫ СОЦИАЛИЗМІ** теориясының негізгі пункті деп атауға болады. Сондықтан социал-демократизмді шын сынағысы келген адам,— сол адам өзінің дәлелдерін нақ осыған жұмсап, саяси-экономикалық жағынан қарағанда Россияда товар шаруашылығы системасы жоқ екенін, шаруалардың жіктелуі бұл негізде болмай, басқа негізде болатындығын, қалың бұқараның экспроприациялануы мен еңбекшілердің қаналу себебі біздің қоғамдық (оның ішінде шаруаның да) шаруашылығымыздың буржуазиялық, капиталистік түрде ұйымдасуына байланысты емес, басқа бір себептерден екендігін көрсетуге тиіс болады.

Осыны істеп байқаңыздаршы, мырзалар!

* Осы томның 201—202-беттерін қараңыз. *Ред.*

Онан соң, менің социал-демократиялық теорияны суреттеу үшін нақ шаруа мен майдагер шаруашылығы жөніндегі мәліметтерді келіруіме тағы бір дәлел себеп болды. Егер мен «халық достарының» көзқарастарын сынағанда олардың идеяларын маркстік идеялармен салыстырумен ғана шектелген болсам, онда мұның өзі материалистік методтан шегінгендік болар еді. Оның үстіне «халықшылдардың» идеяларын түсіндіру қажет, бұл идеялардың біздің қазіргі қоғамдық-экономикалық қатынастарымыздағы **МАТЕРИАЛДЫҚ** негізін көрсету қажет. Біздің шаруалар мен майдагерлер экономикасының көріністері мен мысалдары «шаруаның» кім екенін көрсетіп отыр, ал «халық достары» осы шаруаның идеологы болғысы келеді. Олар біздің деревнямыздың экономикасының буржуазиялық экономика екенін дәлелдейді, сондықтан «халық достарын» мещандардың идеологтарына жатқызудың дұрыс екендігін көрсетеді. Ол ол ма: олар біздің радикалдардың идеясы, программалары мен ұсақ буржуазия мүдделерінің арасында өте тығыз байланыс бар екенін көрсетеді. Олардың программаларына егжей-тегжейіне дейін толық талдау жасағаннан кейін онан сайын айқын бола түсетін бұл байланыс біздің «қоғамда» бұл радикалдық идеялардың осылайша кең тараған себебін түсіндіреді; осы байланыс «халық достарының» саяси малайлығын да, олардың мәмлеге келуге дайын екендігін де өте жақсы түсіндіреді.

Ақырында, біздің қоғамдық өмірдің капитализм өте-мөте аз дамыған жақтарының экономикасына — әдетте халықшылдар оз теориялары үшін материал алып отырған жақтарына осылайша толық тоқталуға тағы бір дәлел болды. Біздің жұртшылық арасында социал-демократияға қарсы аса көп таралып жүрген пікірлердің біріне осы экономиканы зерттеп, суреттеу арқылы нақты жауап беру бәрінен де оңай еді. Біздің радикалдарымыз капитализмнің «халықтық құрылысқа» қайшы келетіндігі туралы үйреншікті идеяны негізге ала отырып, социал-демократтардың ірі капитализмді прогрестік құбылыс деп есептейтінін, олардың қазіргі тонаушы тәртіпке қарсы күресте осы ірі капитализмге

сүйенгілері келетінін көре отырып,— тереңнен ойламастан, социал-демократтарды шаруа халық бұқарасының мүдделерін ескермейді, «әрбір мужикті фабриканың қазанына қайнатқылары» келеді деп, т. с. айтып кінәлайды.

Бұл пікірлердің бәрі логикаға мүлде сәйкеспейтін мынадай ғажап әдіске сүйенеді: капитализм туралы оның қазіргі қалпына қарап сөз қылады да, ал деревня туралы оның келешектегі «мүмкіндігіне» сүйеніп сөз қылады. Бұған *шын* деревняны, оның *шын* экономикасын көрсетуден артық жауап табылмайтындығы түсінікті.

Бұл экономикаға әділ, ғылыми тұрғыдан көз салған әрбір адам деревнялық Россияның өзі жеке-жеке шағын аудандардың қоғамдық-экономикалық өмірін билейтін ұсақ, бытыраңқы рыноктардың (немесе орталық рыноктың кішкене бөлімдерінің) жүйесі болып табылатындығын мойындауға тиіс. Ал осындай әрбір ауданның өзінде біз жалпы алғанда рынок реттеп отыратын қоғамдық-экономикалық ұйымдарға тән құбылыстардың түгелдей бар екенін көреміз: бір кезде тең болған, патриархтық тікелей өндірушілердің байлар мен кедейлерге бөлінгенін көреміз, біз *капиталдың*, әсіресе еңбекшілерді өзінің торына түсіріп, олардың барлық қан-сөлін соратын сауда капиталының шыққанын көреміз. Сіздер біздің радикалдардың шаруалар экономикасын суреттеуін деревняның шаруашылық өмірі туралы негізгі дерек мәліметтермен салыстыратын болсаңыз, сынға түсіп отырған көзқарастар жүйесінде осындай рыноктардың әрқайсысында күн сайын быж-быж қайнап жатқан, орасан көп ұсақ саудагерлерге, шибайларға, иваштарға және жергілікті шаруалар түрліше атайтын басқа да осылар сияқтыларға, рыноктарда қожалық етіп, еңбекшілерді аяусыз езіп жүрген толып жатқан ұсақ қанаушыларға орын берілмегендігі сізді таңқалдырады. Олар мұндайларды: «бұлар шаруалар емес, саудагерлер ғой» деп кейін ысыра салады.— Иә, сіздер өте дұрыс айтып отырсыздар: бұлар — «енді шаруалар емес». Бірақ бұл «саудагерлердің» барлығын, яғни, саяси экономияның өз тілімен айтқанда, коммерциялық

шаруашылық жүргізетін адамдарды және аздап болса да басқа адамның еңбегін пайдаланатын адамдарды ерекше топқа бөліп шығарып көріңізші, бұл топтың экономикалық күшін және оның ауданның бүкіл шаруашылығындағы ролін дәл мәліметтер арқылы көрсетіп байқаңызшы; сонан соң, өзінің жұмыс күшін рынокқа салғандықтан, өзі үшін істемей, біреу үшін істейтін болғандықтан «енді шаруа болмай» қалып отырғандардың барлығын жоғарыда айтылғандарға қарама-қарсы топқа бөліп шығарып көріңізші,— әділ де байыпты зерттеудің осындай қарапайым талаптарын орындап көріңізші, сонда сіз буржуазиялық жіктелушіліктің айқын бейнесін көресіз, сонда тіпті «халықтық құрылыс» жөніндегі ертегіден құр аңыз ғана қалады. Деревнядағы осынау ұсақ қанаушылар қауымы — қорқынышты күш, қорқынышты күш болатын себебі: олар еңбекшілерді тұс-тұстан талап, жеке-дара езіп-жаншады, оларды өздеріне кіріптар етіп, аман құтылудан мүлде күдерін үзгізеді, қорқынышты күш болатын себебі: бұл қанаушылық сөз болып отырған системаға тән еңбек өнімділігінің төмен болуы мен қарым-қатыстың жоқтығынан туып отырған деревнядағы тағылық жағдайда еңбекті құр талағандық қана емес, оның үстіне, деревняда үнемі кездесіп отыратынындай, адамды нағыз азиялық қалыпта қорлағандық болып табылады; мұндай қорлаушылық деревняда үнемі кездесіп отырады. Ал егер сіздер осы *шын* деревняны біздің капитализммен салыстыратын болсаңыздар,— сонда сіздер біздің капитализмнің жұмысын — осы бытыраңқы ұсақ рыноктарды бүкіл Россиялық бір тұтас рынокқа біріктіруін, оның қаптаған ұсақ, ақ пейіл жебірлердің орнына ат төбеліндей «отан шонжарларын» туғызуын, оның еңбекті қоғамдастырып, еңбектің өнімділігін арттыруын, оның еңбекшілердің жергілікті қанішерлерге осылайша бағынуын жойып, ірі *капиталға* бағынушылықты туғызуын — социал-демократтардың неліктен прогрестік жұмыс деп есептейтінін түсінесіздер. Бұл бағынушылық — еңбекті езіп-жаныштайтын, адамды аздырып-тоздырып, тағылыққа ұшырататын, әйел мен бала организмін мертіктіретін, т. с. барлық сұмдықта-

рына қарамастан,— бұрынғы бағынушылықпен салыстырғанда прогрестік бағынушылық болып табылады, өйткені мұның өзі **ЖҰМЫСШЫНЫҢ ОЙ-ПІКІРІН ОЯТАДЫ**, үнсіз және қауызы ашылмаған наразылықты саналы наразылыққа айналдырады, бытыраңқы, ұсақ, мағынасыз бүлікті бүкіл еңбекші бұқараны азат ету жолындағы ұйымдасқан таптық күреске, өзіне керекті күш-қуатты осы ірі капитализмнің өмір сүруі жағдайларынан алатын, сондықтан да **СЕНІМДІ ЖЕҢІСКЕ** сөзсіз жете алатын күреске айналдырады.

Шаруалар бұқарасын елемейді деген кінәға жауап ретінде Карл Маркстің мына сөздерін келтіруге социал-демократтардың толық правосы бар:

> *«Сын шынжырды безендірген алдамшы гүлді сол шынжырдан жұлып тастағанда адамзат қиял атаулыдан және қуаныш атаулыдан жұрдай болған түрінде осы бұғауда жүре берсін деп жұлып тастаған жоқ, мұны сол адамзаттың шынжырды лақтырып тастап, жанды гүлге қолын созуы үшін істеді».*[70]

Орыс социал-демократтары біздің деревняны безендіріп тұрған алдамшы гүлді жұлып тастап, дәріптеушілік пен қиялға қарсы күрескенде, өздерін «халық достарының» өлердей жек көретініне қарамастан, қирату жұмысын жүргізіп отырғанда,— мұны шаруалар бұқарасы қазіргі езілген, құрып бітуге айналған және құл болған халде қала берсін деп істеп отырған жоқ, қайта барлық жерде де еңбекшілерді шырмап отырған бұғаудың қандай бұғау екенін, бұл бұғаудың қалай жасалатындығын пролетариат түсінсін деп, бұл бұғауды лақтырып тастап, нағыз гүлге қол созуы үшін осы бұғауға қарсы бас көтере білсін деп істеп отыр.

Социал-демократтар еңбекшілер табының өз жағдайы арқасында өзінің таптық сана-сезімін бір өзі ғана ұғына алатын және тап күресін бастай алатын өкілдеріне осы идеяны таратқан кезде,— оларды мужикті қазанға қайнатқыларың келеді деп кінәлайды.

Ал кінәлап отырған кімдер? —

Еңбекшілерді азат ету жөнінде «үкімет» пен «қоғамға», яғни барлық жерде де еңбекшілердің мойнына бұғау салып отырған буржуазия органдарына үміт артушы адамдар кінәлап отыр!

Бұл сияқты былжырлар социал-демократтардың мұраты жоқтығы жөнінде қалай көкиді десеңізші!

«Халық достарының» теориялық көзқарастарына тым көп тоқталып кеткен сияқтымыз, сондықтан енді олардың саяси программасына келейік. Олар қандай шаралармен «өртті өшіргілері» келеді? Социал-демократтар теріс көрсетіп отыр дегендегі олардың түзу жолдары қайсы?

Южаков мырза «Егіншілік министрлігі» деген мақаласында («Русское Богатство», № 10) былай дейді: «Шаруа банкісін қайта ұйымдастыру, отарлау басқармасын құру, халық шаруашылығының мүддесі үшін қазына жерін арендаға беру жұмысын тәртіптеу,.. аренда мәселесін реттеп, жолға қою,— халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өсіп келе жатқан плутократияның экономикалық зорлығынан қорғаудың (sic!) программасы, міне, осы». Ал «Экономикалық даму мәселелері» деген мақаласында «халық шаруашылығын қалпына келтірудің» осы программасы мынадай «бірінші, бірақ керекті қадамдармен» толықтырылған: «қазірде селолық қауымды матап отырған кедергілерді тегіс жою; қауымды қамқорлықтан құтқару, қоғамдасып жер жыртуға көшу (егіншілік кәсібін қоғамдастыру) және жерден өндірілген шикі затты қауым болып өңдеуді өркендету». Бұған Кривенко мен Карышев мырзалар: «арзан кредитті, шаруашылықтың артельдік формасын, өнімнің өткізілуін қамтамасыз етуді, кәсіпкерлік пайдаға жол бермеу мүмкіндігін (бұл туралы кейін арнайы айтылады), арзанырақ двигательдер мен басқа да техникалық жабдықтар ойлап шығаруды», ақырында, «музейлер, қоймалар, комиссионерлік конторлар» дегендерді қосады.

Бұл программаға байыптап қарасаңыз, бұл мырзалардың қазіргі қоғамның негізіне (яғни өздері сезбесе

де, капиталистік тәртіптердің негізіне) толығымен, бүтіндей түсіп, осы қоғамды жаман-жасқап қоя салғысы келетінін көресіз, ал айтып жүрген прогрестерінің, мысалы, арзан кредит, техниканы жақсарту, банкілер, т. с. тек буржуазияны өсіріп, күшейтерлік нәрселер ғана екенін ұқпай жүргенін көресіз.

Ник.— онның айтқаны, әрине, өте дұрыс,— бұл оның өте бағалы қағидаларының бірі, бұған қарсы «халық достары» наразылық жасамай тұра алмады да,— оның айтқаны мынау: қазіргі тәртіптердің негізінде ешқандай реформамен іске жәрдем етуге болмайды, кредит те, қоныс аудару да, алым-салық реформасы да, жердің бәрін шаруалардың қолына өткізу де ешқандай айтарлықтай өзгеріс жасай алмайды; қайта қазіргі уақытта орынсыз «қамқорлық» арқылы, крепостниктік төлемдер қалдығы арқылы, шаруаларды жерге матау арқылы, т. т. арқылы күрмеліп отырған капиталистік шаруашылықты мұндай шаралар күшейтуге және дамытуға тиіс дейді. Ол былай дейді: кредиттің экстенсивті жолмен өркендеуін жақтайтын князь Васильчиков (ол өзінің идеялары жағынан нағыз «халық досы») сияқты экономистердің тілейтіні де «либералшыл», яғни буржуазияшыл экономистердің тілектерімен бірдей; бұлар «капиталистік қатынастарды дамытуға, нығайтуға тырысады». Біздің өндірістік қатынастарымыздың (басқа сословиелердің арасындағыдай, *шаруалардың* арасында да) антагонистік қатынастар екенін олар түсінбейді, бұл антагонизмнің бетін айқын ашып беруге тырысудың орнына, бұл антагонизмнің салдарынан езіліп жүргендерге тура болысудың орнына, сөйтіп олардың күреске шығуына жәрдем етудің орнына олар жалпыға бірдей шаралар арқылы, ымыраластыруға, біріктіруге бейім шаралар арқылы күресті тоқтатуды көксейді. Мұндай шаралардың барлығынан қандай нәтиже шығатындығы түсінікті: жіктелудің жоғарыда келтірілген мысалдарын еске түсірсек-ақ болғаны, бұл кредиттерден *, жақсартулардан, банкілерден, т. с. «прогрестер-

* Бұл идея — капиталистік қатынастар тұсында (ал капиталистік қатынастардың бар екенін «халық достарының» өздері де жасыра алмайтындығын біз көргенбіз) «халық шаруашылығын», басқаша айт-

ден» пайда көретін тек тұрақты, ұқыпты түрде шаруашылық жүргізу арқылы белгілі «жинаған қоры» бар адамдар ғана, яғни болмашы азшылықтың, ұсақ буржуазияның өкілдері ғана пайдалана алатынын ұғыну қиын емес. Сіз шаруа банкісін, тағы сол сияқты мекемелерді қалай қайта ұйымдастырсаңыз да онан халық бұқарасының экспроприацияланғаны, әлі де экспроприацияланып келе жатқаны, жөнді шаруашылық құрып алу былай тұрсын, тамағын асырарлық та қаражат таба алмай жүргені сияқты негізгі және түпкі фактіні ешбір өзгерте алмайсыз.

«Артель» құру және «жерді қоғамдасып жырту» туралы да осыны айту керек. Южаков мырза соңғысын «егіншілік кәсібін қоғамдастыру» деп атайды. Әрине, бұл тек өрескел нәрсе, өйткені қоғамдастыру үшін өндірісті әйтеуір бір деревня көлемінде ғана ұйымдастырып қоймау керек, өйткені бұл үшін өндіріс құрал-жабдықтарын өз монополиясына алған және орыстың осы кездегі қоғамдық шаруашылығын билеп-төстеп отырған «жебірлерді» экспроприациялау керек. Ал бұл үшін түкке аспайтын мещандық мораль емес, күрес, күрес, тағы да күрес керек.

Сондықтан олардың бұл тәрізді шаралары филантропияшыл буржуалардың жомарттығынан мешеулеп жатқан момақан либералдық шала шараларға айналып кетеді, бұл шаралар жеке адамдардың жағдайын оңалтуы мүмкін болғанымен де, мұның өзі капиталистік қатынастардың жалпы негізінде мардымсыз да тұрлаусыз болмай қоймайды, сөйтіп бұл шаралардың пайдасынан зияны анағұрлым көп болады, өйткені қапалушылардың бетін күрестен бұрып әкетеді. Бұл мырзалардың орыс өміріндегі антагонизмді бүркеуінің қисынсыздығы соншa,— әрине, олар мұны шын күресті тоқтату үшін нағыз адал ниетпен бүркейді, бірақ тозақ та ізгі ниетпен жаратылған деседі ғой,— оны Кривенко мырзаның мына пікірі көрсетеді:

қанда, ұсақ өндірушілердің шаруашылығын кредит арқылы сүйемелдеп ұстауға болады дейтін идея — бос идея, теориялық саяси экономияның ең кәнігі ақиқатын түсінбеушілікті көрсететін идея, бұл идея екі орындықтың арасында отырғысы келетін осы мырзалар теориясының пасықтығын айдан анық көрсетіп отыр.

«интеллигенция фабриканттардың кәсіпорындарын басқарып отыр, сондықтан ол халықтық өнеркәсіпті де басқара алады».

Олардың барлық философиясы — күрес деген және қанау деген бар ғой, бірақ егер,.. егер қанаушы болмаса, қанаудың болмауы да «мүмкін еді» ғой деп зарлану болып шығады. Шынында да, мағынасы жоқ жел сөзімен автор не айтпақшы болды екен? Россия университеттері мен басқа да оқу орындарының кім тамақтарын тойғызса, тек соны ғана іздейтін мұндай «интеллигенцияны» (??) жылма-жыл даярлап шығаратынын қалай бекер деуге болады? Бұл «интеллигенцияны» асырауға керекті қаражат қазірде Россияда жалғыз буржуазиялық азшылықтың ғана қолында екенін де қалай бекер деуге болады? «Халық достарының»: буржуазияшыл интеллигенцияның буржуазияға қызмет етпеуіне де «болар еді» деуіпен Россиядағы буржуазияшыл интеллигенция қалай жоқ болып кетер? Иә, *егер* ол буржуазияшыл болмаса, солай етуіне «болар еді». «Егер» Россияда буржуазия мен капитализм болмаса, ол буржуазияшыл «болмас» та еді! Сөйтіп өзінің бар өмірін «егер», «болмаса» сияқты сөздерді ежіктеумен өткізіп жүргендер бар! Дұрысын айтқанда, бұл мырзалар капитализмге тек шешуші маңыз беруден бас тартып қана қоймайды, қайта жалпы алғанда капитализмде ешқандай жаманшылық бар деп білгісі келмейді. Егер де кейбір «кемістіктерін» жойса, олар капитализм тұсында да жайлы орын табар еді. Кривенко мырзаның мына сөзін тыңдап көрсеңіз қайтер екен:

«Капиталистік өндіріс пен кәсіпшілікті капиталистік жолға салу дегеніміз өңдеуші өнеркәсіпті мүлде халықтан қашықтату үшін жасалған қақпа емес. Әлбетте, оның қашықтауы да мүмкін, бірақ халықтың өміріне араласуы да, сөйтіп ауыл шаруашылығы мен өндіруші өнеркәсіпке жақындасуы да мүмкін. Бұл үшін бірнеше тәсіл істелуі мүмкін, оған жоғарыда айтылған қақпаның өзі де, басқа қақпалар да қызмет етуі мүмкін» (161). Михайловский мырзаға қарағанда Кривенко мырзаның кейбір өте жақсы жақтары бар. Мысалы, ашық айтатындығы мен тура кететіндігі бар. Михай-

ловский мырзаның жатық та сұлу сөздерімен неше бет қағазға жазып, мәселенің өзіне жуымай, құр маңайын ғана шолып, бұлтарыспен айтатын жерлерінде іскер және практикашыл Кривенко мырза тотесінен қойып қалады да, өзінің көзқарастарының барлық мағынасыздығын оқушылардың алдында беті шіміркпестен түгелімен жайып салады. Мынаны қараңыз: «капитализмнің халық өміріне араласуы мүмкін» екен. Былайша айтқанда, еңбекшілерді өндіріс құрал-жабдықтарынан айырмай-ақ капитализмнің орнауы мүмкін екен! Ау, мұнысы тамаша екен; «халық достарының» нені көксейтінін енді, әрине, бізге әбден айқын түсінуге болады. Олар капитализмсіз товар шаруашылығының болуын,— экспроприациясыз және қанаусыз капитализм болуын көксейді, тек қана қайырымды помещиктер мен либерал әкімдердің панасында бейбіт күнелтетін кілең мещандар болса дейді. Сөйтіп олар Россияны жарылқамақшы болатын департаменттік чиновниктерше мардамсып, қасқыр да тоқ, қой да аман болатын тәртіп орнатудың амалын ойлап табуға кірісіп отыр. Бұл амалдардың сипаты қандай екенін түсініп алу үшін біз нақ сол автордың 12-номердегі («Жалғыз-жарым мәдениетті адамдар жөнінде») мақаласына зер салуға тиіспіз: «Өнеркәсіптің артельдік және мемлекеттік формасы,— деп соғады Кривенко мырза, бейне өзін «практикалық экономикалық проблемаларды шешуге» «шақырылған» адамға балағандай,— эсте бұл жерде ойлауға боларлықтай нәрсе емес. Мәселен, мынадай амал қолдануға болады». Мұнан кейін «Русское Богатство» журналының редакциясына бір техниктің ұсақ акциялардан (100 сомнан аспайтын) құралған акционерлік кәсіпорын формасында Дон облысын техника жөнімен пайдалану жобасын әкелгенін әңгіме қылады. Бұл жобаның авторына жобаны, шамамен алғанда, былайша өзгерту тапсырылған: «акция жеке адамдардікі болмай, селолық қоғамдардікі болады, оның үстіне қоғам халқының кәсіпорындарда істейтін бөлегі әдеттегідей жалақы алып тұрады, ал селолық қоғамдар олардың жермен байланысын үзбеуін қамтамасыз етеді».

Байқайсыз ба, не деген әкімшілік данышпандық десеңізші! Капитализм залымдық сипаттарынан арылып, халық өміріне мүләйім түрде оп-оңай, жеп-жеңіл араласа қоймақшы! Тек село байлары қоғам арқылы акцияларды * сатып алатын болсын және олар «халықтың бір бөлегі» жерге байланыстылығы себепті қызмет етіп жатқан кәсіпорындардан пайда тауып отыратындай болсын,—ал мұндай «байланыс» осы жерден тамақ асырауына мүмкіндік бермейді (әйтпесе «әдеттегідей жалақы» үшін қызмет етуге кім барушы еді?), бірақ адамды бір орынға жіпсіз байлау үшін, оны сол жердегі капиталистік кәсіпорынның құлы етіп, бір қожайыннан екінші қожайынға ауысып кетуіне мүмкіндік қалдырмау үшін әбден жеткілікті. Бұл жерде мен қожайын туралы, капиталист туралы айтып отырмын; олай айтуға толық хақым бар, өйткені еңбекшілерге *жалақы* төлеушілерді басқаша атауға болмайды.

Оқушы ешқандай көңіл бөлуге тұрмайтын сандыраққа осынша көп тоқталғаныма, сірә, маған кінә қойып отырған болар. Бірақ сабыр етіңіз. Бұл сандырақ бола тұрса да, мұны талдап зерттеу пайдалы да, керек те болатын сандырақ, өйткені бұл Россиядағы шын қоғамдық-экономикалық қатынастарды көрсетеді және сондықтан бізде сонша көп тараған қоғамдық идеялардың санатына жатады; социал-демократтардың бұл идеялармен әлі де көпке дейін есептесіп отыруына тура келеді. Істің мәні мынада: Россияда крепостниктік, феодалдық өндіріс әдісінен капиталистік өндіріс

* Акция — қоғамдікі болады деп автор ескертсе де, мен бұл жерде акцияны байлардың сатып алатынын айтып отырмын, өйткені автордың айтуына қарағанда акцияны ақшаға сатып алады, ал сатып алатын ақша тек байлардың ғана қолында болады. Сондықтан іс қоғам арқылы жүре ме, жоқ па,— бәрібір, жерді арендаға алу немесе сатып алу істерінің қоғам арқылы жүргізілуі жерді байлардың өз қолдарына жинап алуын тоқтата алмағаны сияқты, акцияға ақшаны тек байлар ғана төлей алады. Одан кейін табысты (дивидендті) ақша төлегендер алуы керек, әйтпеген күнде акция дегеніміз акция болмай шығады. Автордың ұсынысын мен пайданың бір бөлегі «жұмысшылардың жерден қол үзбеуін қамтамасыз етуге» жұмсалады деген мағынада түсінемін.— Егер де автордың айтайын дегені бұл болмаса (бірақ оның айтуынан осы түсінік келіп шығуында сөз жоқ), оның айтайын дегені: байлар пайда алмай-ақ акцияға ақша төлеуі керек деген сөз болса,— онда оның жобасы байлар мүліктерін кедейлермен бөліске салсын деген сөз болады. Мұның өзі шыбынды қыру үшін алдымен оны ұстап алып, сонан кейін дәріге салу керек,— сонда шыбын өледі,—деген сандырақ сөз сияқты болып шығады.

әдісіне өту еңбекшілерді ауыр халге ұшыратып келді және қазірде де ішінара ұшыратып отыр, мұндай жағдайда шаруа өз жерінен тамағын асырай алмайтын және *сол жерден помещиктің пайдасына міндетті жұмыс істеп өтей алмайтын болғандықтан (ал осы жұмысты ол әлі күнге дейін өтеп келді)* лажсыздан «көлденең табыс» іздеп отырды; мұның өзі әуелі, заманның түзу кезінде не өз алдына дербес кәсіпшілік еңбек формасында (мысалы, кіре тарту), не өз алдына дербес болмаса да кәсіпшіліктер дамуының нашарлығы себепті жалақысы басқаға қарағанда тәуір төленетін еңбек формасында болды. Бұл қалыптың өзі жүз мың ізгі полицеймейстерлер мен орыс жерлерінің басын қосушы, жаңа туып келе жатқан буржуаның саясында бейбіт мешеулеп жатқан шаруалардың, крепостной халықтың күн көрісін қазіргіге қарағанда біраз қамтамасыз етіп еді.

Ал енді «халық достары» осы құрылысты дәріптейді, оның жаман жақтарын жылы жауып қойып, соны арман етеді, «арманететіні» — оның қарасы әлдеқашан өшкен, оны капитализм әлдеқашан қиратқан, егінші шаруаларды жаппай экспроприациялап, бұрынғы «табыс көзіп» жұмысшылардың жетіп артылатын «білек күшін» барын тұрған жүгенсіздікпен қанаушылыққа айналдырған.

Мещандыққа салынған біздің сабаздар шаруалардың жермен «байланысы» сақталуын тілейді, бірақ крепостниктік право болмасын дейді, ал шынында шаруалардың жермен байланысын қамтамасыз етіп келген жалғыз ғана осы крепостниктік право еді ғой, ал товар шаруашылығы мен капитализм крепостниктік правоны қиратып, бұл «байланыстың» болуына мүмкіндік қалдырмады. Олар шаруаны жерден айырмайтын, өнімді рынокқа арнап шығарғанда да бәсеке туғызбайтын, *капиталды* туғызбайтын, оған қалың бұқараны құл қылмайтын көлденең табыстың болуын тілейді. Социологияда субъективтік методты қолданудан танбайтын «халық достары» ананың да, мынаның да жақсы жағын «алғысы» келеді,— бірақ бұл балалық нәпсі іс жүзінде, әрине, шындықпен санаспайтын тек реакцияшыл қиял-

шылдыққа ғана апарып соғады, жаңа тәртіптердің шын прогрестік, революциялық жақтарын түсінбеушілікке, парықсыздыққа апарып соғады; қанау мен езудің талай сұмдықтарын көрсеткен және онан құтылып шығуға еш мүмкіндік бермеген тәртіптерді — жартылай крепостниктік, жартылай ерікті еңбектің ескі тәртіптеріп мәңгілік етіп сақтауға бағытталған шараларды тәуір көрушілікке апарып соғады.

«Халық достарын» реакцияшылдарға апарып қосатын бұл түсініктің дұрыстығын дәлелдеу үшін екі мысал келтірейін.

Москва земствосының статистикасынан біз К. деген ханымның (Подольск уезінде) шаруашылығы жөніндегі суреттемені көреміз; мұның өзі (суреттеме емес, шаруашылықтың өзі) Москва статистиктерін де, ұмытпасам, В. В. мырзаны да (бір журналда оның бұл туралы мақала жазғаны есімде) қатты сүйсіндірген.

К. ханымның атышулы шаруашылығы В. Орлов мырзаға «шаруалардың егіншілігі оңды болған жерде жеке меншікті жер иелерінің шаруашылығы да жақсы жүргізіледі» деген өзінің сүйікті қағидасын «іс жүзінде айқын дәлелдейтін факт» болып отыр. Орлов мырзаның осы ханымның имениесі жөніндегі әңгімесіне қарағанда, ол өзінің шаруашылығын жергілікті шаруалардың күшімен жүргізеді, қыстыгүні шаруалар бұл ханымнан несиеге ұн, т. с. заттар алып, соның жерінде істейді, ал шаруаларға бұл ханым үлкен қамқоршылық етіп, жәрдем көрсетіп отырады, сондықтан бұл шаруалар — болыстағы ең күйлі шаруалар, бұлардың астықтары тіпті «келесі жылға дейін жетіп те қалады (бұрын қысқы Никола күндеріне де жетпейтін)».

«Жұмыстың осылайша істелуі», Н. Каблуков (V том, 175-бет) пен В. Орлов мырзалардың (II том, 55—59, т. б. беттер) ойлайтындарындай, «шаруа мен жер иесінің арасындағы мүдделердің қарама-қарсылықтарын» жоққа шығара ма? — деген сұрақ туады. Жоққа шығармайтыны анық, өйткені К. ханым өз шаруаларының еңбегін пайдаланып күн көреді. Демек, қанаушылық мүлдем жойылған жоқ. Бұл жерде қаналушыларға жақсы қараудың тасасынан қанаушылықты көрмей-

ді — К. ханымға кешіруге болғанымен, экономист-статистикке мүлдем кешіруге болмайды; ал осы экономист бұған сүйсінуі жағынан капиталистің жұмысшыға қайырымдылықпен қарайтындығына сүйсінетін, фабриканттың жұмысшылар қамын ойлап, оларға арнап тұтыну дүкендерін ашқанын, пәтерлер, т. с. бергенін лепіре әңгіме ететін Батыстағы Menschenfreunde-лермен* әбден тең түсіп отыр. Мұндай «фактілердің» болуына (демек, оның «мүмкіндігіне» де) қарап мүдде қарама-қарсылығы жоқ деген қорытындыға келу — ағаш тасасынан орманды көрмеушілік болады. Бұл бір.

Екіншіден, Орлов мырзаның айтуына қарағанда, К. ханымның шаруалары «егіннің жақсы шыққандығы себепті (помещик ханым оларға жақсы тұқым берген) мал жинап алып», шаруашылығын «оңдаған» көрінеді. Ал тіпті бұларды «күйлі шаруа» болуға «жақын» демейік, әбден күйлі болып шықты-ақ делік, астықтары келесі жылға жетіп «қалады» демейік, жетіп шығуы анық-ақ делік; және де «көпшілігінікі» жетіп қалады демелік, бәрінде де толық жететін болсын-ақ делік. Бұл шаруалардың жерлері жеткілікті делік, олардың енді «мал жайылымы мен мал өрісі» де бар делік, бірақ енді мұның бәрі оларда жоқ (жақсы оңдалғанына болайын!), мұның барлығын олар ендігі жерде К. ханымнан жұмыс істейтін болып арендаға алады. Орлов мырза онда — яғни шаруалардың шаруашылығы шынымен-ақ дұрыс оңдалған күнде — сол шаруалар «К. ханымның иелігіндегі барлық жұмысын бұрынғысындай ұқыптылықпен, дер кезінде және тез істеп береді» деп қалайша ойлайды екен? Әлде, мүмкін, шаруашылығы оңдалған шаруаларға аналық рақымы түсіп, олардың қанын сүліктей сорып отырған К. ханымға шаруалардың ризалықтары мал жайылымы мен мал өрісінсіз күн көре алмайтын шаруалардың қазіргі халдерінің мүшкілдігінен кем соқпайтын қозғаушы күш болар?

«Халық достары» идеяларының мәні осындай екені анық; мещандықтың нағыз идеологтары болғандықтан олар қанаушылықтың жойылуын тілемейді, оны тек жеңілдеткісі келеді, күресті тілемейді, ымыраласуды ті-

* — «Адамды сүюшілермен», филантроптармен. *Ред.*

лейді. Ой-өрісі тар социал-демократтарды жанын сала мұқатпақшы болып жүрген олардың кең өрісті мұраттары помещиктер мен капиталистерге «міндетті жұмыс» істейтін «күйлі» шаруалардан әрі бармайды, тек мұндай шаруаларға помещиктер мен капиталистер әділ қараса болғаны дейді.

Тағы бір мысал. Южаков мырза «Россияда халықтың жер иелену нормалары» деген әбден белгілі мақаласында («Русская Мысль», 1885, № 9) «халықтың» жер иеленуі, яғни біздің либералдардың терминологиясы бойынша, капитализмге, қанаушылыққа жол бермейтін жер иелігі қай мөлшерде болуы керек екендігі туралы өзінің пікірін баяндаған. Біз енді — істің жайын Кривенко мырзаның осындай өте жақсы түсіндіруінен кейін — оның да «капитализмді халықтың өміріне енгізу» тұрғысынан қарағанын білеміз. «Халықтың» жер иеленуіндегі Minimum деп оның алғаны — «азық-түлік қажеті мен төлемдерді» * өтеуге жетерлік үлесті жер, ал қалғанын «көлденең кәсіппен» табуға болады-мыс... Басқа сөзбен айтқанда, шаруа жерге байланыстылығын сақтай отырып, бір жағынан помещикке «үлесті жер» жөнінен, екінші жағынан капиталиске «көлденең кәсіп» жөнінен екі жақты қанауға ұшырайтын тәртіпке ол турадан-тура көніп отыр. Екі жақтан қанаушылыққа түскен ұсақ өндірушілердің осы халі, оның үстіне сөзсіз езіп-жаншып, еңсесін түсіретін, езілген таптың жеңістен ғана емес, күрестен де бар үмітін үздіретін осындай тұрмыс жағдайлары,— осынау жартылай орта ғасырлық жағдай — «халық достарының» ой-өрісі мен мұраттарының nes plus ultra-сы болып отыр. Реформадан кейінгі Россия тарихы тұсында капитализм өте зор қарқынмен дамып, ескі Россияның осы негізін — патриархтық, жартылай крепостной шаруаларды — түбірінен қопарып, оны орта ғасырлық, жартылай феодалдық

* Шаруа бюджетінің бұл шығындары мен оның қалған жағының арасындағы шаманы көрсету үшін Острогожск уезіндегі сол 24 бюджетті мысалға алам. Бір семьяның шығыны орта есеппен (заттай да, ақшамен де) 495 сом 39 тиын. Оның 109 сом 10 тиыны мал асырауға, 135 сом 80 тиыны өсімдіктен жасалған тамақ пен салыққа, ал қалған 250 сом 49 тиыны басқа шығындарына — өсімдіктен өзге тамағына, киіміне, сайманына, арендаға, тағысын-тағыларына жұмсалады. Южаков мырза мал асырау шығынын шөп шабу және қосымша шаруашылық жерін күту шығындарына қосады.

жағдайдан шығарып, жаңа жағдайға, таза капиталистік жағдайға енгізе бастаған кезінде, шаруаларды орын тепкен қонысынан қозғап, бүкіл Россияны шарлатып жұмыс іздетіп отырған кезде, шаруаларды жергілікті «жұмыс берушілердің» құлдануынан жұлып алып, жеке залымның талауы емес, жалпы қанаушылық атаулының, оның ішінде таптық қанаушылықтың негізі қайда екенін оларға көрсеткен кезінде, жаншылған, езілген, мал дәрежесіне жеткен былайғы шаруа халқын капитализмнің барған сайын күрделілене түскен қоғамдық-саяси өмір иіріміне жаппай тарта бастаған кезінде біздің сабаздар ескі негіздердің құлай бастағаны, қиратыла бастағаны туралы байбалам салып, зарлана бастады. Бұл жаңа тұрмыс қалпының революциялық жағын көрмеушілік, капитализмнің қоғамдық жаңа күш туғызғанын, ол күштің ескі қанаушылық тәртібіне ешбір байланысы жоқ екенін, қайта оған қарсы күресуге мүмкіндігі бар екенін көрмеушілік — мүлдем соқырлық бола тұрса да, бұлар сол қайырымды ескі заман туралы байбалам салып, зарлапуын әлі күнге дейін қоймай отыр.

Бірақ «халық достарында» қазіргі тәртіптерге белгілі бір келелі өзгеріс енгізу ниетінің барлығы ешбір байқалмайды да. Олар қазіргі негізде жасалған либералдық шараларға әбден қанағаттанады, ал мұндай шараларды тыңнан табу жолында Кривенко мырза өз отанының помпадуры [71] ретінде нағыз әкімшілік қабілетін көрсетіп жүр.

«Өзіміздің халықтық өнеркәсіпті» «жете зерттеп, негізінен қайта құрудың» қажеттігі жайындағы сөзінде ол: «бұл мәселе тегінде әдейілеп зерттеуді және өндірістің халық өміріне қолданылатынын (sic!!) бір бөлек, ал қолданылуы белгілі бір қиыншылық келтіретіндерін бір бөлек жіктеп, топтауды керек қылады» дейді.

Осындай топқа бөлудің бір үлгісін біз тағы да сол Кривенко мырзаның өзінен көреміз; ол кәсіпшіліктің капиталистікке жатпайтын түрлері, капиталистік болып біткен түрлері және «өмір сүру үшін ірі өнеркәсіппен таласа алатын» түрлері бар деп жіктейді.

«Бастапқы түрінде ұсақ өндіріс еркін өмір сүре алады»,— деп кесіп-пішеді бұл әкім,— сонда ол өзінің ауытқуы арқылы ұсақ өндірушілерді буржуазияға және пролетариатқа айналдыратын рыноктан еркін болғаны ма? жергілікті рыноктардың ұлғайып, ірі рынокқа ұласуынан еркін болғаны ма? техника прогресінен еркін болғаны ма? Әлде, мүмкін, техниканың бұл прогресі — товар шаруашылығы тұсында капиталистік түрде болмай ма екен? Соңғы ретте автор «өндірісті ірі формада да құруды» талап етеді: «Бұл жерде өндірісті ірі формада да ұйымдастырудың керек екендігі анық, негізгі капитал мен айналмалы капитал, машина, тағы басқалар керек немесе бұл жағдайларды арзан кредит арқылы орынсыз делдалдықты жою, шаруашылықтың артельдік формасын құру, кәсіпкерлік пайдасыз-ақ күн көру мүмкіндігі, товар өткізуді қамтамасыз ету, арзан двигательдер мен басқа да техникалық жаңалықтарды ойлап табу арқылы немесе, ақырында, егер де басқа жағынан есесі толатын болса, жалақыны аздап кеміту арқылы теңестіру керек» дейді.

Сөз жүзінде мақсат-мұраты кең, бірақ іс жүзінде үйреншікті либерализм шеңберіндегі «халық достарының» сипатын дәл көрсететін сөз. Біздің философ, өздеріңіз де көріп отырсыздар, бәрін қойып кәсіпкерлік пайдасынсыз-ақ күн көру мүмкіндігінен және ірі шаруашылық ұйымдастырудан бастайды. Өте жақсы: социал-демократтардың да КӨЗДЕЙТІНІ дәл осы. Ал «халық достары» бұған қалай жеткісі келеді? Бірақ кәсіпкерлері болмайтын ірі өндіріс ұйымдастыру үшін, ең алдымен, қоғамдық шаруашылықтың товарлық құрылысы жойылып, оның қауымдық, коммунистік формаға ауысуы керек қой, сонда өндірісті реттеуші, осы күндегідей, рынок болмайды, өндірушілердің өздері, жұмысшылар қоғамының өзі болады; сонда өндіріс құрал-жабдықтары жеке адамдардың меншігінде болмайды, бүкіл қоғамдікі болады. Жеке меншікті *иемдену формасын* қауымдық формамен осылай ауыстырудың өзі, анығында, *алдын ала өндіріс формасын* өзгертуді керек қылады, ұсақ өндірушілердің бытыраңқы, ұсақ, жеке-дара өндіріс процестерін *біртұтас қоғамдық өндіру процесі* етіп

біріктіруді керек қылады, қысқасы, капитализмнен туатын материалдық жағдайлардың болуын керек қылады. Бірақ «халық достары» капитализмге ешбір арқа сүйегісі келмейді ғой. Онда қалай істемекші? Ол жағы белгісіз. Товар шаруашылығын жою туралы олар тіпті аузына да алмайды: сірә, олардың кең мақсат-мұраттары қоғамдық өндірістің осы системасының шеңберінен шыға алмайтын болса керек. Одан кейін, кәсіпкерлік пайданы жою үшін оларды экспроприациялау керек қой, өйткені олардың «пайда табу» себебі де өндіріс құрал-жабдықтарын нақ монополиялап алуынан ғой. Ал енді отанымыздың шонжарларын осылай экспроприациялау үшін буржуазиялық тәртіпке қарсы халықтың революциялық қозғалысы керек қой, мұндай қозғалысқа буржуазиялық тәртіппен ешбір байланысы жоқ жұмысшы пролетариаттың ғана қабілеті бар. Бірақ «халық достары» ешқандай күрес туралы ойлап та көрген жоқ және сол кәсіпкерлердің әкімшілік орындарынан басқа да қоғам қайраткерлерінің болу мүмкіндігі мен қажеттігін сезбейді де. Әрине, оларда ешқандай «кәсіпкерлік пайдаға» шындап қарсы шығу ниеті жоқ: Кривенко мырзаның жай айта салған бос сөзі ғой. Сондықтан ол дереу маймөцкелей бастайды: «кәсіпкерлік пайдасынсыз-ақ күн көру мүмкіндігі» сияқты нәрсенің есесін «басқа бір нәрсемен», атап айтқанда кредит арқылы, өнім өткізуді ұйымдастыру, техниканы жақсарту арқылы «қайыруға» болады ғой дейді. Демек, бәрі де жөн-жөнімен қиюласа кетті: кәсіпкер мырзалардың «пайда табу» жөніндегі қасиетті праволарын жою сияқты олар үшін ренішті нәрсенің орнына момақан либералдық шаралар, тек капитализмнің қолына күресерлік таңдаулы қару ұстата қоятын, біздің «халықтық» ұсақ буржуазиямызды тек қана күшейтіп, нығайтып, өсіре түсетін шаралар пайда бола кетті. «Халық достарының» тек осы ұсақ буржуазияның ғана мүддесін көздейтіндігіне ешқандай күмән қалдырмау үшін Кривенко мырза тағы бір мынадай тамаша түсінік берген. Бақсақ, кәсіпкерлік пайданы жоюдың есесін... «жалақыны азайтумен» «толтыруға» болады екен!!! Сырттан қарағанда мұның өзі нағыз сандырақ сияқты болып көрінуі мүм-

кін. Бірақ олай емес. Мұның өзі нағыз мещандық идеяны дәйектілікпен іске асырғандық болып табылады. Автор ірі капитал мен ұсақ капиталдың арасында болып тұратын күресті көрсететін фактіні байқайды, ал өзі нағыз шын «халық досы» болғандықтан, әрине, ұсақ... *капитал* жағына шығады. Ол бұл жерде ұсақ капиталистердің күрестегі аса күшті құралдарының бірі жалақыны азайту екенін естіген көрінеді, мұның өзі Россиядағы өндіріс орындарының көпшілігінде жұмыс күнінің ұзартылуымен қатар өте дұрыс анықталған, тұжырымды факт. Ұсақ... *капиталистерді* қалай да аман сақтап қалу үшін «басқа бір нәрсемен есесі қайтатын болса, жалақыны біраз азайтуға болады» деп ұсыныс кіргізеді! Кәсіпкер мырзалар баста өздерінің «пайдалары» туралы оғаш сөздер естіген сияқты болса да, енді ешбір қауіптенбесе де болады. Менің ойлауымша, кәсіпкерлерге *қарсы* жалақыны азайтуға жоба жасап беріп отырған мұндай данышпан әкімді олар қуана-қуана финанс министрі етіп қояр еді.

Белгілі бір практикалық мәселе көтерілсе-ақ болғаны, «Русское Богатствоның» қайырымды либерал әкімдерінің арасынан нағыз таза буржуаның көріне қоятындығы жөнінде тағы да бір мысал келтіруге болады. «Русское Богатствоның» 12-номеріндегі «Ішкі тұрмыс хроникасында» монополия туралы сөз қозғалған.

«Өркендеген өнеркәсіптің мұрат-арманы — монополия мен синдикат»,— дейді автор. Мұнан кейін тағы да: «капиталдың күшті бәсекесі» болмаса да, бұл сияқты мекемелер бізде де шыға бастады деп таңырқайды. «Қант өнеркәсібі де, мұнай өнеркәсібі де айрықша өсу дәрежесіне әсте жете қойған жоқ. Егер қант пен керосиннің басқа елдерге қарағанда бізде адам басына шаққанда өте аз тұтынылатынын еске алсақ, бұл заттардың бізде енді-енді ғана қолданылып келе жатқандығын көреміз. Өнеркәсіптің бұл салаларын өркендетерлік өріс әлі өте кең және де толып жатқан капиталды бойына сіңірерліктей мүмкіндігі бар сияқты».

Практикалық мәселеге келгенде бұл жердегі ескеретін бір нәрсе, автор «Русское Богатство» журналының бір тәуір көретін идеясын — ішкі рыноктың тарылуы

жөніндегі идеясын ұмытып кеткен. Ол рыноктың алдында әлі де мықтап өркендейтін мүмкіндігі барлығын, оның тарылмайтынын амалсыздан мойындайды. Ол тұтынуы көп Батыспен салыстыру арқылы осы қорытындыға келіп отыр. Себебі не? Себебі — Батыстың мәдениеті жоғары. Ал бұл мәдениеттің материалдық негізі капиталистік техниканың дамуында, товар шаруашылығы мен айырбастың өсуінде болмағанда неде болмақшы? Олар жеке өңірлердің орта ғасырлық оқшаулығын жойып, адамдардың бір-бірімен араласуын күшейтеді. Жартылай орта ғасырлық шаруалардың деревня буржуазиясы және пролетариат болып жіктелуі бітпей тұрған уақытта, мәселен, ұлы революция алдында, Францияның мәдениеті біздің мәдениетімізден жоғары емес пе еді? Егер де автор орыс өміріне зер салыңқырап қараған болса, мәселен, капитализм дамыған жердегі шаруалардың тұтыну дәрежесі кілең егіншілікпен айналысатын өңірлердегіден едәуір жоғары екенін байқамай қалмас еді. Майдагерлік кәсіпшіліктер мықтап өскен реттердің бәрінде де халықтың бүкіл өміріне кәсіпшілік сипат береді, біздегі майдагерлік кәсіпшіліктерін зерттеген зерттеушілердің бәрі де бір ауыздан осы пікірді айтады *.

«Халық достары» бұл сияқты «ұсақ-түйек» нәрселерге ешбір көңіл қоймайды, өйткені олардың ойынша бұл «тек қана» мәдениеттен немесе жалпы алғанда өмірдің күрделілене түсуінен деп түсінеді, оның бер жағында бұл мәдениет пен күрделіліктің материалдық негізі туралы олар тіпті ойлағысы да келмейді.— Егер де олар ең болмаса біздің деревня экономикасына көз жіберсе, онда шаруаның буржуазия және пролетариат болып жіктелуінен барып ішкі рынок құрылатынын мойындауға тиіс болар еді.

Олар, сірә, рыноктың өсуі тіпті буржуазияның өскендігі болып табылмайды деп ойлайтын болса керек. Жоғарыда біз цитат келтірген, ішкі тұрмыс шолушысы онан әрі былай деп жазады: «Өндірістің жалпы өсуі

* Бұл жерде Павлов майдагерлерін сол маңдағы деревнялардың шаруаларымен салыстырған мысалға меңзесем де болады. Григорьев пен Анненскийдің шығармаларын қараңыз.— Мысал үшін әдейі тағы да ерекше «халықтық құрылыс» бар деген деревняны аламын.

нашар уақытта, кәсіпқұмарлықтың, инициативаның жоқ уақытында монополия *еліміздің күштерінің* өсуіне жаңадан қол байлау болады». Темекі монополиясы туралы автор: «мұның өзі *халықтың* айналыстан 154 миллион сом алады» деп есептейді. Бұл жерде біздің шаруашылық тәртібіміздің негізі товар шаруашылығы екендігі, ол шаруашылықтың басқарушысы, барлық жерлердегі сияқты, бізде де буржуазия екендігі мүлде естен шығарылған. Автор буржуазияның өрісін монополияның тарылтатыны туралы сөз қылудың орнына «елді» әңгіме етіп отыр, товарлық, буржуазиялық айналысты әңгіме қылудың орнына «халықтық» айналыс * дегенді әңгіме қылып отыр. Бұл сияқты ұғымдардың арасындағы айырмашылық қаншама үлкен болғанымен де, буржуа мұны еш уақытта да байқай алмайды. Бұл айырмашылықтың шынында да қаншалық айқын екенін көрсету үшін «халық достары» бедел тұтатын «Отечественные Записки» журналынан дәлел келтіремін. 1872 жылғы 2-номерінде басылған «Плутократия және оның негіздері» деген мақаладан мынаны оқимыз:

«Марлоның сипаттамасы бойынша, плутократияның ең маңызды белгісі — мемлекеттің либералдық формасын немесе, ең болмағанда, дүние жиюға ерік беру принципін сүю. Егер де біз осы айтылған белгіні ескеріп, бұдан бір 8—10 жыл бұрын не болғанына ой жіберсек, онда либерализм жөніндегі табысымыз ұшан-теңіз екенін көреміз... Қай газетті немесе журналды алып қарасаңыз да,— бәрі де аз болсын, көп болсын демократиялық принципті ұстайтынға ұқсайды, бәрі де халық мүддесі үшін қырқысуда. Бірақ демократиялық пікірлермен қатар, тіпті осы демократиялық пікірлердің тасасында (бұл *есіңізде болсын*) екінің бірінде әдейі немесе әлдеқалай плутократиялық талаптар айтылып жүр».

Автор мысал үшін «бірден-бір жемісті іс болып отырған жеке іс-әрекетті барынша кеңейту негізінде Россия финансын жолға қойғаны үшін» финанс министріне

---

* «Русское Богатство» буржуазиялық деудің орнына «халықтық» деген сөзді қолдануды сүйетіндіктен бұл сөздің қолданылуын авторға кінә етіп қою өте-мөте орынды.

алғыс айтқан С. Петербург пен Москва көпестерінің — Россия буржуазиясының осы ардақты сословиесінің адресін келтіреді. Сонымен мақаланың авторы: «Біздің қоғамда плутократ элементтер мен олардың арам ниеттері сөзсіз бар, тіпті жетіп жатыр»,— деп қорытынды жасайды.

Көріп отырсыздар ғой — баяғы заманда болған ұлы азаттық реформаның (Южаков мырзаның білуінше, «халықтық» өндірістің дұрыс, тыныштықпен осу жолын ашып беруге тиіс болған, ал шынына келгенде, таза плутократияның өсу жолын ашып берген реформаның) қызуы сөнбей, ізі көмескіленбей тұрған уақыттаақ сіздің ізашарларыңыз Россиядағы жеке кәсіпқұмарлықтың плутократиялық, яғни буржуазиялық сипатын жасыра алмаған.

Мұны Сіз неге ұмыттыңыз? «Кәсіпқұмарлықтың және инициативаның» өсуі арқасында «халықтық» айналыс туралы, «ел күштерінің» артуы туралы әңгіме етіп келіп, Сіз бұл өсудің антагонистік жағын қалайша ауызға алмайсыз? Осы кәсіпқұмарлық пен осы инициативаның қанаушылық сипаты туралы неге айтпайсыз? Монополияларға және басқа осы сияқты ұйымдарға қарсы пікір айтуға, әрине, болады да және керек те, өйткені бұлардың қай-қайсысы болса да еңбекшілердің жағдайын сөзсіз нашарлатады, бірақ еңбекшілер бұл орта ғасырлық шырмаулардан да күштірек жаңа шырмауға, буржуазиялық шырмауға түсіп отырғанын да ұмытпау керек. Монополияны жою, сөз жоқ, бүкіл «халыққа» пайда келтіреді, өйткені буржуазиялық шаруашылық елдің экономикасының негізіне айналған уақытта, бұл орта ғасырлық тәртіптердің қалдықтары капиталистік апаттың үстіне жамалған онан да қасіретті орта ғасырлық апат болады. Сөз жоқ, бұл орта ғасырлық қалдықты қалай да жою керек,— ал бұл қалдық неғұрлым тез жойылса, неғұрлым толық жойылса, соғұрлым жақсы болмақ,— сөйтіп буржуазиялық қоғамды бұрынғыдан мұра болып қалған жартылай крепостниктік шырмаулардан арылтып, жұмысшы табының қолын босату керек, оның буржуазияға қарсы күресін оңайлату керек.

Міне, сонымен, монополияны және басқа түрлі орта ғасырлық қысымды (Россияда бұл қысым ұшан-теңіз) жою жұмысшы табының буржуазиялық тәртіпке қарсы жүргізетін күресіне жеңілдік келтіру үшін қажет деп, әр нәрсені өз атымен атап айту керек. Айтатын сөз осы. Орта ғасырлық, крепостниктік мекемелерге қарсы бүкіл «халық» мүддесінің бірлігі тасасында сол «халықтың» ішіндегі буржуазия мен пролетариаттың арасындағы ымыраға келмейтін және терең антагонизм бар екендігін ұмытып кетушілік — тек буржуаның ғана істейтін ісі.

Бірақ, тегінде, деревняға не керек деген мәселе туралы мына төмендегідей сөздерді айтып отырған «халық достарын» ұялтамын деудің өзі өте оғаш болар еді. «Бұдан бірнеше жыл бұрын,— дейді Кривенко мырза,— кейбір газеттер деревняға қандай кәсіп мамандары, қандай интеллигент адамдар керек болатынын қарастырғанда, деревня керегінің тізбегі өте көп, алуан түрлі және өмірді түгел дерлік қамтитын болып шыққан: докторлар мен дәрігер әйелдер, одан соң фельдшерлер, онан кейін адвокаттар, адвокаттардан кейін мұғалімдер, кітапхана ашушылар мен кітап саудасын жүргізушілер, агрономдар, ағаш өсірушілер, жалпы айтқанда, ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдар, неше түрлі мамандықтардың техниктері (бұл нағыз көлемі кең, әзір ешкімнің қолы тимеген десе болғандай сала), кредит мекемелерін, товар қоймаларын құрушылар мен басқарушылар, т. т. керек болып шыққан».

Істейтін істерінің экономика саласына тікелей қатысы бар осы орманшыларға, агрономдарға, техниктерге, т. с. «интеллигенттерге» (??) тоқтап-ақ өтелік. Шынында да, бұл адамдар деревняға қандай керек десеңізші! Бірақ бұлар **қандай** деревняға керек? — әрине, жер иеленушілер деревнясына, «жинаған қоры» бар және барлық осы қолөнершілерге еңбегі үшін жалақы төлеуге шамасы келетін шаруашылығы мықты мужиктер деревнясына керек болар, ал Кривенко мырза бұл қолөнершілерді «интеллигенттер» деп атауды ұнатады. *Бұл* деревня шынында да техниктерге де, кредитке де,

товар қоймаларына көптен ділгер болып отырғаны рас — мұны бүкіл экономикалық әдебиет дәлелдеп отыр. Бірақ бұдан гөрі саны анағұрлым көп басқа да деревня — күйзелген, жұтаған, түгін қалдырмай таланған, «интеллигенттердің» жалақысын төлейтін «жинаған қоры» түгіл, аштан өлмес үшін жейтін наны да жоқ шаруалар деревнясы бар; бұл сияқты деревняны «халық достары» естеріне көбірек алса теріс болмас еді. Ал сіздер *осы* деревняға *товар қоймаларын* ашып жәрдем көрсетпек екенсіздер!! Біздің жалғыз аты бар немесе тіпті аты да жоқ шаруалар бұл қоймаларға несін салмақшы? Киімдерін сала ма? — олар бар киімін сіздердің қайырымды-либералдық ережелеріңізді орындау үшін үйлерінде, шарапханалары мен дүкендерінде «нағыз» товар қоймаларын ашқан село мен қаланың кулактарына 1891 жылы-ақ салып қойған болатын. Енді олардың тек жұмыс істерлік «қолдары» ғана қалып отыр ғой. Бірақ мұндай товар үшін «товар қоймаларын» ашуды тіпті Россия чиновниктері де әзір ойлап тапқан жоқ қой...

Бұл «демократтардың» осыншалық қадірінің кеткендігін көрсететін дәлелдің бірі сол, олар «шаруалар» ішіндегі техникалық прогрестерге мәз болып, сол «шаруалардың» жаппай экспроприацияланып отырғанын елемей, көз жұмып жүр. Мәселен, Карышев мырза «Русское Богатствоның» 2-номерінде («Жобалар», § XII) шаруалар шаруашылығындағы «ілгерілегендік және оңдалғандық» туралы, американ сұлысы, ваза-қарабидай, клейдесдаль сұлысы, т. с. «жақсарған сортты тұқымды қолданудың шаруалар шаруашылығында жайыла бастағанын» айтып, көңілі көншіген делқұлы либералша әңгіме қылады. «Кейбір жерлердегі шаруалар тұқым егу үшін азын-аулақ бөлек жер бөліп шығарады; бұл жерге әбден өңдеп болған соң ең жақсы деген дәнді қолмен егеді». «Жақсартылған құрал-саймандар мен машиналар * жөнінде өте көп түрлі-түрлі жаңа-

* Новоузен уезінде бұл жақсартылған құрал-саймандардың қалай бөлінетінін оқушыларға ескертіп кетейін: 5724 құрал-сайманның жетеуі, яғни 1/8 проценті ғана, 28 мың үй шаруаның ішіндегі 10 мың үй кедейлердікі! бұлар (кедейлер) шаруалардың 37 проценті. Ал құрал-саймандардың 4/5 бөлегі халықтың 1/4 бөлегі ғана болып отырған байлардың жеке билігінде.

лықтардың» бар екені — окучник, жеңіл плуг, молотилка, веялка, сортировка туралы айтылады. Фосфорит, жабысқақ көң, көгершіннің саңғырығы, тағы сол сияқты «жер өңдеуге керекті заттардың түрлері молая бастағаны» айтылады. «Тілшілер деревняда фосфорит сататын земство қоймаларын салуды талап етеді»,— дейді де, Карышев мырза В. В. мырзаның: «Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар» деген шығармасынан цитат келтіреді (Кривенко мырза да соған жүгінген), сөйтіп барлық осы жан тебірентерлік прогрестер жөнінде барынша шабыттана сөйлейді:

«Біздің қысқаша ғана жазып отырған бұл хабарларымыз әрі көңілді сергітерлік, әрі жабырқатарлық әсер етеді... Сергітетін себебі — кедейленген, борышқа батқан, бірқатары көліксіз қалған халық дамыл таппайды, еңсесі түспейді, кәсібінен аумайды, қайта жерге адал қалпында қалады, өзінің келешегі, күші, байлығы жерде, сол жерді ұқыпты күтуде деп түсінеді. (Әрине, солай! Фосфориттерді, сортировканы, молотилканы, клейдесдаль сұлысының тұқымын сатып алатындар, әрине, осы кедейленген, көлігінен айрылған мужик қой! O, sancta simplicitas! *. Бірақ мұны жазып отырған институтка емес, профессор, саяси экономияның докторы ғой!! Жоқ, қалай айтсаңыз да, бір ғана бейкүнә аңқаулықпен бұл арада істің мәнісін түсіндіре алмайсыз). Ол жерді осылай дұрыстап күтудің әдістерін, өңдеудің, тұқым себудің, құрал-саймандардың, тыңайтқыштың, ерте болсын, кеш болсын, әйтеуір бір уақытта еңбегіне еселі жеміс беретін ** жер-анасын немен болса да нәрлендіру атаулының жаңа жолдарын, жаңа тәсілдерін табудың соңында жар құлағы жастыққа тимей жүр... Бұл айтылған хабарлардың жабырқатарлық әсер

* — Ой, қайран аңқаулық-ай! *Ред.*

** «Еңсесі түспейтін», «жерге адал қалпында қалатын» осынау халыққа оңды шаруашылық *еселі* жеміс береді деуіңіз өте дұрыс, құрметті профессор мырза! Бірақ, саяси экономияның ұлы докторы-ау, фосфорит, тағы сондайларды қолына түсіру үшін «мужиктің» қолында, ашығып жатқан қайыршылар бұқарасынан өзгеше, *артық* ақшасы болуы керек екенін, ал ақша — жеке адамдардың меншігіне өтіп отыратын *қоғамдық* еңбектің жемісі екендігін;— ал бұл шаруашылықты жақсартудан келіп шыққан «олжаны» иемденушілік *өзгенің* еңбегін иемденушілік екенін,— одан кейін бұл көп олжаның болуы «дамыл таппай» «жер-ананы нәрлендіруші» қожайынның жеке басының күш жұмсауынан деп буржуазияның ең оңбаған құйыршықтары ғана айта алатынын сіз байқамайсыз ба?

ететін себебі (мүмкін, сіздер: «халық досы» ең болмағанда осы жерде шаруалардың жаппай экспроприацияланып жатқанын, осымен бірге жердің әлді мужиктің қолына жиналып, *капиталға, оңдалған* шаруашылықтың негізіне айналғанын,— нақ осы экспроприацияның әлгі бүкіл молотилка, сортировка, веялка саласында отандық «кәсіпқұмарлықтың» табыстарын қамтамасыз ететін «басы артық» және «арзан» «білек күшін» рынокқа әкеліп салатынын айтар деп күтіп отырған боларсыздар? — күтпей-ақ қойыңыздар), себебі... нақ біздің өзімізді ояту керек. Мужиктің өз шаруашылығын көтермек болған бұл талабына біздің беретін жәрдеміміз қайсы? Бізге арналған ғылым, әдебиет, музейлер, қоймалар, комиссионерлік конторлар бар. (Шыны осы, мырзалар: «ғылым» мен «комиссионерлік конторлар» тап осылай қатар келтірілген... «Халық достарын» социал-демократтарға қарсы күрес ашқан уақыттарында зерттемеу керек, өйткені олар бұл уақытта «ата-бабаларының арман-мұраттарының» шоқпытынан тігілген мундирлерін киіп шығады; оларды жайшылықтағы киімдерін киіп, өмірдің күнделікті мәселелерін талқылайтын кездерінде ғана зерттеу керек. Сонда ғана сіздер бұлар сияқты мещан идеологтардың барлық түрі-түсі мен иіс-қоңыстарына дейін қалдырмай байқайсыздар.) Ал мужикке арналған бұл сияқты нәрселер бар ма? Әрине, жаңадан туа бастаған ойлар бар, бірақ бұлардың да өркендеуі өте нашар. Мужиктер үлгі алу керек, бірақ біздің тәжірибе тапаптарымыз, үлгілі шаруашылықтарымыз қайда? Мужиктерге баспасөз керек,— ал біздің түсінікті тілмен жазылған агрономиялық әдебиетіміз қайда?.. Мужиктер тыңайтқыш, құрал-саймандар, тұқым іздейді,— ал бізде осының бәріне арналған земствоның қоймалары, затты көптеп дайындау ісі, сауда-саттық және тарату жұмыстарының қолайлы жағдайлары қайда?.. Жеке меншікті және земстволық қайраткерлер, сіздер қайдасыздар? Мезгіл әлдеқашан жетті ғой, кәне, іске кірісіңіздер, сонда

Шын жүректен алғыс айтар
Орыс халқы сендерге!»

Н. Карышев («Русское Богатство», № 2, 19-бет).

Өздерінің мещандық прогресіне мәз болған «халықтық», ұсақ буржуалардың достары, міне, осылар!

«Шаруалар» өзінше бір іштей ынтымақты және біртектес деген ұғымның сорақы екеніне, осы айтылып отырған прогрестердің бәрі буржуазиялық прогресс екеніне коз жеткізу үшін деревнямыздың экономикасын талдап тексеруді былай қоя тұрып, тіпті біздің жаңа экономикалық тарихымызда айқын көрініп тұрған фактіні — жұрттың бәрі айтып жүрген ауыл шаруашылығындағы прогреспен қатар *шаруалардың* арасан экспроприациялануын — байқаса да жеткілікті болар еді! Бірақ «халық достары» мұның бәріне де құлақ аспайды. Орыстың бұрынғы әлеуметтік-революцияшыл халықшылдарының жақсы жағынан айрылып, олардың қателіктерінің ең бір зорын — шаруалар арасындағы таптық антагонизмді түсінбеушілікті кенедей жабысып ұстап қалған.

«70-жылдардағы халықшылда шаруалардың өз ішіндегі таптық антагонизм туралы ешбір түсінік болмады,— деп дәл айтады Гурвич,— бұл антагонизмді ол «қанаушының» — кулактың немесе алпауыттың және соған жем болған, коммунистік рух * бойына сіңген шаруаның арасындағы қатынастан әрі асырмады. Глеб Успенский жалпы жалған үмітке тек мысқыл күлкімен ғана жауап беріп, өзінің скептик қалпымен оқшау тұрды. Шаруалар өмірін өте жақсы білетіндігіне және құбылыстардың терең сырын аша білген асқан талантына байлапысты дарашылдықтың тек өсімқор мен қарыздар адамның арасында ғана емес, жалпы шаруалардың арасында да экономикалық қатынасқа негіз болғандығын ол көрмей қала алмады». Оның «Русская Мысль» журналының 1882 жылғы 1-номеріндегі «Бірге теңелу» [72] деген мақаласын қараңыз (аталған шығарманың 106-беті).

Ал егер 60—70-жылдарда, деревня экономикасы жөніндегі біршама дәл мәліметтер бүгінгіден гөрі аз кезде, деревняның жіктелуі осындай өте айқын көрінбеген

---

* Екінші бір жерде Гурвич: «Деревня қауымы ішінде антагонистік әлеуметтік таптар туды» дейді (104-бет). Мен Гурвичтің айтқанын жоғарыда айтылған фактілерге қосымша ретінде ғана келтіріп отырмын.

кезде мұндай жалған үмітке салынушылық кешірерлік, тіпті табиғи нәрсе болса,— енді қазір деревняның жіктелуін көрмеу үшін көзді жорта жұму керек қой. Ерекше бір айта кетерлік нәрсе, тап осы соңғы уақытта, шаруалардың күйзелуі ең шегіне жетті-ау деген кезде шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар туралы сөздер тұс-тұсынан көтеріліп жатыр. Бұл туралы В. В. мырза (мұның да барып тұрған «халық досы» екендігіне күмән жоқ) тұтас кітап жазып шығарды. Келтірген нақты мәліметтері дұрыс емес деп сіз оған кінә таға алмайсыз. Қайта шаруалар арасында техникалық, агрономиялық прогресс барлығын көрсететін факт ешқандай күмәндануға жатпайды, сол сияқты шаруалардың жаппай экспроприациялануы да ешбір күмәндануға жатпайды. Міне, осыдан келіп «халық достары» «мужиктердің» жер-анапы нәрлендіру үшін жер өңдеудің жаңа тәсілдерін жан-тәнімен іздестіруіне ғана бар назарын салып, мәселенің екінші жағын, сол «мужиктердің» жедел түрде жерлерінен айрылып жатқанын көрмейді. Шындыққа тура қарамау үшін, нақ ішкі рыноктың құралу процесінде шаруалардың айрылған жерінің капиталға айналу процесіне өздерінің қатысып жүргенін көрмеу үшін «халық достары», түйеқұс сияқты, бастарын жасыра қояды *. Қауымдық шаруаларымыздың ішінде осылай екі жаққа жарылу процесі *барлығын* теріске шығарып көріңдерші, мұны қоғамымыздың дамуы буржуазиялық қоғам болуынан емес деп *түсіндіріп* көріңдерші! — Олай ету қайда! Мақтау жырын жырлап, қайырымдылық-жапапырлық жел сөздермен тіліп безеу — олардың бүкіл «ғылымының», бүкіл саяси «қызметінің» әліпбиі, міне, осы.

Қазіргі тәртіптерді момақан-либералдық жолмен осылайша жамап-жасқауды олар тіпті тұтас философия дәрежесіне көтеріп отыр. Терең ойлы пішінмен Кривенко мырза: «зор әрекетсіздіктен кішкене болса да тиімді

* «Жер өңдеудің жаңа тәсілдерін» іздеу жұмысына «жан-тәнімен кірісушіліктің» себебі, әлді мужиктердің бұрынғыдан анағұрлым үлкен шаруашылықты жүргізуіне тура келеді, ал оны ескі әдістермен жүргізу мүмкін емес: — мұның тағы бір себебі, шаруалар арасындағы бәсеке жаңа тәсілдерді іздеуге мәжбүр етеді, өйткені егіншілік барған сайын товарлы, буржуазиялық сипат алып отыр.

іс анағұрлым артық» — дейді.— Әрі аталы, әрі жаңа сөз! Бұдан кейін: «ұсақ іс кішкене мақсаттың белгісі деуге әсте болмайды» дейді тағы да. Одан кейін осындай «іс өрісінің кеңеюіне», азғантай ғана істің «жақсы және дұрыс» іске айналатындығына мысал етіп бір ханымның мектеп құру жөніндегі істеген ісін, онан соң адвокаттардың жалақорларды аластау жөнінде шаруалар арасында істейтін істерін, адвокаттардың айыпталғандарды қорғау үшін округтік соттардың сессияларымен бірге ел ішіне шығу жөнінде істегелі тұрған істерін,— ең ақырында, өзімізге таныс майдагерлік қоймаларын салуды айтады: бұл жерде істің өрісін (үлкен мақсат көлеміне дейін) кеңейту дегендерінің мәнісі «земстволардың біріккеп күшімен халықтың көп болып тұратын жерлерінде» қоймалар салуға барып саюға тиіс.

Мұның бәрі де, әрине, оте абзал, қайырымды да либералдық істер; «либералдық» болатын себебі, бұл істер шаруашылықтың буржуазиялық системасын барлық орта ғасырлық қыспақтардан тазартады, сөйтіп осы системаның өзіне қарсы жұмысшылардың күресін жеңілдетеді; әрине, мұндай шаралар бұл системаға нұқсан келтірмеуі былай тұрсын, қайта оны нығайта түседі,— мұның бәрін де біз орыстың либералдық әдебиеттерінен көптен бері оқып келеміз. Егер «Русское Богатстводағы» мырзалар бұл сияқты «шағып либералдық бастамаларды» социал-демократтарға **ҚАРСЫ** жәпе соларға үлгі есебінде қойып, сонымен бірге социал-демократтарды «ата-бабаның мұраттарынан» безгендер деп айыптап, әңгімені өздері қозғамаған болса, бұл айтылғандарға қарсы шығудың керегі де болмас еді. Ал бұлай болған соң социал-демократтарға қарсы осындай сыпайы да жипақы *либералдық* (яғни буржуазияға қызмет ететін) іс-әрекет жөніндегі ұсыныс пен пікір арқылы дау айту, ең кемі, кісі күлетін іс демеске біздің амалымыз жоқ. Ал ата-бабаға және олардың мұраттарына келсек, орыс халықшылдарының ескі теориялары қаншама қате, қаншама утопиялы бола тұрса да, олардың қалай дегенмен де бұл сияқты «шағын либералдық бастамаларға» **СӨЗСІЗ** қарсы болғандығын айтып өтуіміз керек.

Соңғы сөзді Н. К. Михайловский мырзаның «К. Маркс кітабының орысша басылуы жөнінде» деген заметкасынан алып отырмын («Отечественные Записки», 1872 ж., № 4),— бұл заметка (оның қазіргі жазғандарына қарағанда) өте ойнақы, көтеріңкі және соны шабытпен жазылған, мұнда жас либералдарымызды жәбірлемеу керек деген ұсынысқа қатты наразылық білдірілген.

Бірақ мұның өзі ертеде, оте ерте кезде болған еді, «халық достары» бұл айтылғандардың бәрін мүлдем ұмытып та үлгерді, сойтіп саяси мекемелерді материалистік тұрғыдан сынамаған күнде, қазіргі мемлекеттің таптық сипатын түсінбеген күнде саяси радикализмнен саяси оппортунизмге дейін бір-ақ қадам екенін олар өздерінің тактикаларымен айқын корсетті.

Бұл оппортунизмнің бірнеше үлгісымағын көрсетіп өтелік:

«Мемлекеттік мүлік министрлігін егіншілік министрлігіне айналдыру ісі біздің экономикалық дамуымызға терең әсер етуі мүмкін, бірақ оның тек чиновниктердің аздап орын алмастыруы ғана болып шығуы да мүмкін»,— деп жариялайды Южаков мырза («Русское Богатство», № 10).

Істің тетігі, демек, соған кімді «шақыратындығына» — халық достарын шақыра ма, әлде помещиктер мен капиталистердің мүддесін көздейтін адамдарды шақыра ма, соған байланысты. Ал мүдделердің өзін тіпті қозғамай-ақ қойса да болады.

«Экономикалық жағынан ең әлсіздерді экономикалық жағынан әлділерден қорғау — мемлекеттің іске араласудағы ең бірінші табиғи міндеті» деп, Южаков мырза әлгі мақаласында әңгімені соза түседі, ал оның айтқанын «Русское Богатствоның» 2-номерінде жергілікті тұрмыс хабаршысы нақ сондай сөздермен қайталайды. Осы филантропиялық мағынасыздықты * оның лайықты жолдастары нақ мещандардың батыс европалық либерал және радикал идеологтары сияқты түсінетіндігі-

* Мұның мағынасыздық болатын себебі — «экономикалық жағынан әлдінің» күштілігі, дұрысында, оның саяси өкімет билігін өз қолында ұстап тұруында. Онсыз ол экономикалық үстемдікті қолында сақтап тұра алмаған болар еді.

не ешбір күмән қалдырмау үшін ол жоғарыда айтылған пікірге ізінше мына сөзді әкеп қосады:

«Гладстон ландбилльдері [73], Бисмарктің жұмысшыларды қауіпсіздендіруі, фабрика инспекциясы, біздің шаруа банкісі жөніндегі идеямыз, қоныс аудару жұмысын ұйымдастыру, кулактарға қарсы қолданылатын шаралар, міне, осылардың бәрі де — экономикалық жағынан ең әлсіздерді қорғау мақсатымен мемлекеттің іске араласу принципін қолдану әрекеттері».

Мұның жақсылығы ашық айтылғанында. Бұл арада автор, нақ Гладстон мен Бисмарк мырзалар сияқты, қазіргі қоғамдық қатынастарды өзгертпей қалдырғысы келетінін ашық айтып отыр,— солар сияқты қазіргі қоғамға (буржуазиялық қоғамға — мұның буржуазиялық қоғам екенін Гладстон мен Бисмарктің батыс европалық жақтаушылары түсінбегені сияқты, бұл да түсінбейді) қарсы күресуді емес, оны жамап-жасқауды тілейді. Осы күнгі қоғамның негізінен өсіп шыққан және сондағы үстем таптардың мүдделерін қорғайтын органды, яғни мемлекетті реформа енгізудің құралы деп тануы да бұлардың осы негізгі теориялық көзқарастарына толық үйлеседі. Олар мемлекетті өте құдіретті және қандай таптан болса да жоғары тұр деп есептеп, одан еңбекшілерге «көмек» келеді деп күтуі былай тұрсын, тіпті нағыз, әділетті тәртіптерді орнатады деп күтеді (мұны біз Кривенко мырзадан да есіткенбіз). Әрине, нағыз мещандардың идеологтары болған олардан бұдан басқа еш нәрсе күтуге де болмайтыны анық. Мұның өзі шынында да мещандарды реакцияшыл тап ететін мещандықтың негізгі және айрықша белгілерінің бірі ғой,— өндіріс жағдайларының салдарынан бытырап, оқшауланып қалған, белгілі бір жерге және белгілі бір қанаушыға байлаулы болған ұсақ өндіруші, кей уақыттарда қанаушылық пен езушіліктің азабын пролетариаттан кем тартпаса да, сол қанаушылық пен езушіліктің таптық сипатын түсіне алмайды, буржуазиялық қоғамдағы мемлекеттің де таптық мемлекет болмай қалмайтындығын түсіне алмайды *.

* «Халық достары» мемлекеттің табиғи міндеті — экономикалық жағынан әлсіздерді қорғау (олардың есуастық жексұрын нақлияты

Ардақты «халық достары» мырзалар-ау, біздің үкіметіміздің бүгінге дейін,— ал осы азаттық реформасынан бері қарай әсіресе қызу түрде,— тек буржуазия мен капитализмді ғана «қолдағаны, қорғағаны және өсіргені» қалай? Бейне таптардан жоғары тұрған осы абсолюттік үкіметтің мұндай жаманшылық ісі ішкі өмірде товар шаруашылығы, сауда мен өнеркәсіп өскен тарихи дәуірге дәл келуі қалай? Алғашқы өзгерістер өте терең түрде жүргендіктен үкімет алғашқы әзірде оны сезбей, оған мың түрлі кедергі жасағанына қарамастан және сол «абсолюттік» үкімет ішкі өмірдің екінші түрлі жағдайларында екінші тапты «қолдағанына», «қорғағанына», «өсіргеніне» қарамастан, сіздер не себепті ішкі өмірдегі бұл соңғы өзгерістерді кейін келеді, үкімет саясаты бұрын жүреді деп ойлайсыздар?

Е, «халық достары» мұндай мәселелерді ойлап та көрген емес! Мұның бәрі — материализм мен диалектика, «гегельшілдік», «мистика және метафизика» ғой. Егер де үкіметтен жақсылап қана, сыпайыгерлікпен сұрасақ, үкімет бәрін де ойдағыдай орындайды деп ойлайды олар. Ал сыпайыгерлік жағына келгенде «Русское Богатство» журналы жөнінде әділін айту керек: шынында да, өзін-өзі сәл болса да тәуелсіз қалыпта ұстай алмауы жағынан ол тіпті либералдық баспасөздің ішінде де айрықша орын алады. Төрелігін өздеріңіз айтыңыздаршы:

«Тұз салығын жою, жан басына салынатын алымды жою және сатып алу төлемдерін азайту» Южаков мырзаның ойынша «халық шаруашылығына үлкен жеңілдік» көрінеді. Әрине, солай! — Тұз салығы жойылған сәтте бір топ жаңа жанама салықтар шығып, ескілерінің мөлшері арттырылған жоқ па еді? жан басына салынатын алым жойылған сәтте бұрынғы мемлекеттік

бойынша істің жайы осылай *болуы керек*) дейтіндіктен де барып тұрған зұлым реакционерлер болып шығады, ал орыстың бүкіл тарихы мен ішкі саясаты мемлекеттің міндеті — тек крепостник помещиктер мен ірі буржуазияны қорғау және *«экономикалық жағынан әлсіздердің»* өзін-өзі қорғауға тырысқан әрекеттерінің қандайын болса да нағыз айуандықпен басып-жаныштау екендігін көрсетеді. Бұл, әрине, оның табиғи міндеті, өйткені крепостниктік-буржуазиялық рух абсолютизм мен бюрократияның бойына мықтап сіңген, өйткені экономика саласында буржуазия емін-еркін билеп-төстеп, жұмысшыларды «бетегеден биік, жусаннан аласа» етіп ұстайды.

шаруаларды жерді сатып алушылар қатарына көшіру сылтауымен олардың төлемдері көбейтіле түскен жоқ па еді, сатып алу төлемдерін кеміту жөніндегі атышулы істен кейін де (бұл ретте мемлекет сатып алу операциясынан өзіне түскен пайданы да шаруаларға берген жоқ) бұл төлемдер мен жерден түсетін пайданың арасындағы алшақтық, яғни крепостниктік оброктың тікелей қалдығы қазірге дейін сақталып отырған жоқ па? — Оқасы жоқ! Керегі тек «бірінші қадам», «принцип» қана, ал онан арғысын... тағы да сұрап алуға болады да!

Бірақ бұл айтылғандардың бәрі тек гүлі ғана. Ал оның жемісі мынау:

«80-жылдар халық мойнындағы ауыртпалықты жеңілдетті (жоғарыда айтылған шаралар арқылы жеңілдеген ғой), сөйтіп халықты мүлдем күйзелуден сақтап қалды».

Өзінің малайлық арсыздығы жағынан бұл да — шектеп асқан жел сөз, ал мұны Михайловский мырзаның бізге пролетариатты әлі жасап алу керек деген жоғарыда келтірілген сөзімен ғана қатар қоюға болады. Бұл жөнінде Щедриннің дәл суреттеген россиялық либералдың эволюция тарихын еске түсірмей кетуге болмайды. Ең алдымен бұл либерал бастықтардан «мүмкін қадерінше» реформа жасауды өтінуден бастайды; онан кейін «ең болмаса бірдеңе берсеңіз екен» деп жалынуға кіріседі, ақырында, «пасықтыққа бейімделу» жөніндегі мәңгілік және мызғымас позицияға түсумен тынады. Миллиондаған халықтың аштығына үкімет алғашқы әзірде саудакүнем сараңдықпен қарап, артынан нақ сондай саудакүнем қорқақтықпен қараған еді; міне, осы аштықтың қызу әсері басылмай жатып, баспасөз бетінде үкімет халықты біржолата күйзелуден құтқарып қалды деп жүрген «халық достарының» да осы мәңгілік және мызғымас позицияға түскенін қалай айтпассың!! Шаруалардың бұдан да күштірек экспроприациялапуымен тағы да бірнеше жыл өтер, үкімет егіншілік министрлігін құрудың үстіне тағы да бір-екі тура салықты жояр және оның орнына бірнеше жанама салық шығарар; одан кейін аштық 40 миллион адамға

жайылар,— бұл мырзалар сонда да: міне көрдіңіз бе, ашығып жатқандар 50 миллион емес, не бары 40 миллион-ақ адам; бұған себеп — үкімет халықтың мойнындағы ауыртпалықты жеңілдетті, сөйтіп халықты біржолата күйзелуден құтқарып қалды, мұның себебі — үкімет «халық достарының» айтқанын тыңдап, егіншілік министрлігін құрды деп баяғысындай тағы да жаза берер!

Тағы бір мысал:

«Русское Богатствоның» 2-номерінде ішкі тұрмыстың хабаршысы: «біздің бағымызға» (sic!) Россия «өзінің экономикалық құрылысын ынтымақ * негізінде орнатуға керекті элементтерді бойына сақтаған» артта қалған ел болып отыр дейді де, мынаны айтады: сондықтан ол «халықаралық қатынастарда экономикалық ынтымақты таратушы» болып шыға алады және Россияның даусыз «саяси күш-құдіреті» оның осындай мүмкіндіктерін арттыра түседі»!!

Орыс халқын өз үйінде жаншып езгені былай тұрсын, оны Батыс халықтарын езу құралына айналдырып, масқара еткен, реакция біткеннің тұрақты ең сенімді тірегі болған осы европалық жандарм экономикалық ынтымақты таратушылар бола қоймақшы!

Бұл тіпті шарадан асқандық! Мына түрімен «халық достары» мырзалар тіпті барлық либералдарды да белдеріне қыстырып кеткендей. Олар үкіметке өтініш айтумен ғана, оны мадақтаумен ғана тынбай, сол үкіметке ашықтан-ашық табынуда, табынғанда төрт бүгіліп, жанын сала табынатындығы сопшалық, құлшылық етуші маңдайын жара басымен жер сүзгенін көргенде төбе шашың тік тұрады.

Филистердің немісше анықтамасы естеріңізде бар ма?

Was ist der Philister?
Ein hohler Darm,

* Кім мен кімнің арасындағы ынтымақ? помещик пен шаруалардың арасындағы ма? әлді мужик пен қаратабан жалшы арасындағы ма? фабрикант пен жұмысшы арасындағы ма? Осынау асқан «ынтымақ принципін» түсіну үшін кәсіпкер мен жұмысшы арасындағы ынтымақтың «жалақыны азайту» арқылы орнайтынын еске түсіру керек.

Voll Furcht und Hoffnung,
Daß Gott erbarm*.

Біздің істерімізге бұл анықтама сәл келіңкіремейді. Құдай... құдай дегенің бізде мүлде екінші орында. Ал енді бастықтарға келсек — олардың орны басқа. Егер біз осы анықтамада «құдай» деген сөздің орнына «бастық» деген сөзді қойсақ, онда Россиядағы қайырымды-либерал «халық достарының» идеялық өресінің, адамгершілік дәрежесінің және азаматтық ерлігінің дәлме-дәл бейнесін көреміз.

Үкімет жөніндегі осындай барып тұрған сорақы көзқарасқа «халық достары» «интеллигенция» дейтін жөніндегі тиісті көзқарасты әкеліп қосады. Кривенко мырза былай деп жазады: «Әдебиет»... «құбылыстарды олардың қоғамдық мән-мағынасына қарай бағалауы керек және жақсылыққа бастайтын әрбір белсенді әрекетті көтермелеуі» керек. «Әдебиетіміз мұғалімдер, докторлар, техниктер жетіспейді, халық аурулы, халық кедейленуде (техниктер аз!), сауатсыз дегендерді, т. т. тынбастан айтып келе жатыр, ал көк шұға жапқан столдың басында отырудан, үй арасының сауық кешіне қатысудан және басқарушы әкімдердің дастарқанынан тәтті нан жеуден жалығып, айрықша жігермен қызмет істеуге бел байлаған адамдар шығып отырғанда (ойлап қараңыздаршы: бұлар көк шұғалы столдан, сауық кешінен, тәтті наннан безіп отыр екен ғой!), сансыз көп кедергілердің кездесуіне қарамастан, әдебиеттің бұл адамдарды қарсы алып, құттықтауы керек».

Бұдан екі бет кейінірек, тәжірибе жүзінде ысылған білгір адамша мардамсып, ол өзге жұртты былайша жазғырады: олар «жаңа ережеге сәйкес земство бастығы, дуан басы, земство басқармасының председателі және мүшелері болуға көну керек пе, жоқ па деген мәселеде не істерін білмей дал болған. Азаматтың қажеттері мен міндеттерін жете түсінетін қоғамда (тыңдаңыздар, мырзалар: мұның өзі шынында Барановтар немесе Косичтер сияқты атышулы россиялық помпадур-

* — Филистер деген не? Әрі барып тұрған су жүрек, әрі құдайдың рақымынан зор үміт күтуші бос бүйен (Гете). *Ред.*

лардың сөздеріне татиды ғой!) мұндай солқылдақтық та, іске осылай қараушылық та орынсыз болар еді, өйткені бұл қоғам әйтеуір өмірге жанасымды жақтары бар реформа атаулыны өзінше бойына сіңірер еді, яғни оның мақсатқа үйлесімді жақтарын пайдаланып, өркендете берер еді; ал керексіз жақтарының қарасын өшірер еді; ал егер реформада өмірге жанасымды нәрсе мүлдем болмаса, онда ол жат дене болып қалып қояр еді».

Мұның не екенін кім білсін! Қайдағы бір түкке тұрғысыз оппортунизмнің өзінен-өзі мәз болуын қарашы! Әдебиеттің міндеті — қиянқы марксистердің сыртынан ақсүйектер бас қосқанда айтылатын өсектерді жинау, халықты біржолата күйзелуден сақтап қалғандығы үшін үкіметке тәжім ету, көк шұғалы столда отыра беруден жалыққан адамдарды құттықтау, «жұртты» тіпті земство бастығы сияқты орындардан да бас тартпауға үйрету... Ойпыр-ау, менің бұл оқып отырғаным не? «Неделя» [74] ма немесе «Новое Время» ма? — Жоқ, бұл — Россияның алдыңғы қатарлы демократтарының органы — «Русское Богатство»...

Міне, осы тәрізді мырзалар «ата-бабаның мұраттары» туралы сөз қылады, Франциядан бүкіл Европаға социализм идеялары жайылған кездегі[75],—осы идеяларды ұғыну нәтижесінде Россияда Герценнің, Чернышевскийдің теориялары мен ілімдері туған кездегі дәстүрлерді сақтап келе жатқан тек қана біздерміз деп күпілдейді. Бұл тіпті барып тұрған көргенсіздік; егер «Русское Богатствоның» өзі адам күлерлік болмаса, егер осы сияқты журналдың бетінде жазылған мұндай сөздер шек-сілемізді қатырып күлдірмеген болса, мұнысы тым күйінішті де рениішті болар еді. Иә, сіздер бұл мұраттарды қорлап жүрсіздер! Шынында да, тұңғыш орыс социалистерінің, сол замандағы социалистердің бұл мұраттары қандай еді: ол заманды Каутский мынадай сөздермен өте дәл сипаттаған-ды:

— «әрбір социалист — ақын, ал әрбір ақын — социалист болды».

— *Орыс өмірінің өзгеше қалпына, қауымдық құрылысына сену;* осыдан барып — *шаруалардың социалис-*

тік революциясының болуы мүмкіндігіне сену — міне, оларға дем берген, ондаған, жүздеген адамдарды үкіметке қарсы ерлік күреске көтерген осы болды. Өз заманындағы осы ең жақсы адамдардың зор тарихи еңбегін бағалай білмеді, олардың рухын мейлінше сыйламады деп сіздер социал-демократтарға ешқандай кінә қоя алмайсыздар. Бірақ сіздерден менің сұрайтыным: кәне, сол сенім енді қайда кетті? — Енді ол жоқ, жоқтығы сондай, өткен жылы В. В. мырза: қауым халықты ынтымақтасып іс істеуге тәрбиелейді, альтруизм сезімінің ұйтқысы болады, т. т. дегенді айтайын дегенде [76] тіпті Михайловский мырзаның өзі де оған ұялып, беті шыдамай, «альтруизммен біздің қауымның байланысы бар екенін сипаттайтын *зерттеулер* болған емес» [77] деп, В. В. мырзаға өкпе айтқан болатын. Шынында да, мұндай зерттеулердің жоқ екені рас. Ал бірақ не қыласыз: жұрт ешбір зерттеусіз-ақ осыған сенген, сенгенде де тіпті жан-тәнімен сенген уақыттары болды.

Қалайша? неге? не себепті?..

— «әрбір социалист — ақын, ал әрбір ақын — социалист болды».

Онан соң,— дейді тағы да сол Михайловский мырза,— деревняның бір жағы қалың пролетариат болып, екінші жағы барлық былайғы халықты табанына салып отырған бір топ «кулактар» болып, екі жікке жарылып келе жатқаны жөнінде адал ниетті зерттеушілердің бәрі бір пікірде. Мұнысы да рас: шынында да деревня екі жарылып келе жатыр. Ол ол ма, деревня әлдеқашан әбден екіге жарылып та болған. Осымен бірге орыстың ескі шаруа социализмі де екіге жарылып, оның орнын, бір жағынан, жұмысшы социализмі басты да, екінші жағы пасық мещандық радикализмге айналып, азып кетті. Бұл өзгеріске азған деуден басқа ат тағуға болмайды. Шаруалар өмірінің ерекше қалпы, біздің дамуымыздың өзіне ғана тән бөлек жолы жайындағы доктринадан товар шаруашылығы экономикалық өркендеудің негізі болып алғандығын, бұл шаруашылықтың капитализмге ұласқанын енді бекер дей алмайтын, тек қана барлық өндірістік қатынастардың буржуазиялық сипатын көргісі келмейтін, бұл қоғам құрылысында тап

күресінің керек екендігін көргісі келмейтін сылдыр эклектизм келіп шықты. *Шаруаларды қазіргі қоғамның негізіне қарсы* социалистік революцияға *көтеруге* арналған саяси программадан * *қазіргі қоғамдық құрылыстың негіздерін қозғамастан* шаруалардың жағдайын жамап-жасқап «жақсартуды» мақсат еткен программа келіп шықты.

Шынына келгенде, социал-демократтарды «талқандауға» кіріскен кезінде «Русское Богатстводағы» осы мырзалардан қандай «сын» күтуге болатындығы жоғарыда айтылғандардан түсінікті болар. Социал-демократтардың орыс өмірін қалай түсінетінін тура және адал баяндап беруге (егер экономикалық жағына салмақты баса салып, бұрынғы «айтыстарда» олардың қолданып келген жалпылама сөздерін, бір жағынан астарлама сөздерін көбірек қолданса, цензура жөнінен бұған әбден мүмкіндік болар еді), сөйтіп оған қарсы нақты пікір айтуға, олардың бұдан шығарған қорытындыларының дұрыстығына қарсы пікір айтуға талаптанбайды да. Оның орнына бұлар абстракт схемалар жайындағы және соларға сенушілік жайындағы, әрбір елге белгілі бір кезеңді басынан өткізудің қажеттігіне сену жайындағы... және т. с. түкке керегі жоқ нәрселерді айтып, мағынасыз сылдыр сөздермен құтыла қоюды дұрыс көреді, мұндай сөздермен біз Михайловский мырзадан жеткілікті түрде танысып өткенбіз. Бұл жерде көрінеу бұрмалаушылық та кездеседі. Мәселен, Кривенко мырза: «Маркс «өзіміз қалаған күнде (?!! Демек, *Маркстің айтуы бойынша,* қоғамдық-экономикалық қатынастардың эволюциясы адамның санасы мен еркіне байланысты болып шыққаны ма? Бұл не — шексіз надандық па, әлде теңдесі жоқ арсыздық па?!) және тиісті әрекет жасалған күнде біздің капиталистік қияпаттан аман құтылып, мақсатқа неғұрлым үйлесімді, басқа жолмен жүруімізді мүмкін деп білген (sic!!!)» дейді.

* Шынында бізде тіпті бакунистер мен бүлікшілерден [78] бастап, халықшылардан өтіп, халық ерікшілеріне [79] дейін алғанда бұрынғы революциялық программалардың бәрі де осыған келіп саюшы еді, ал бұларда да шаруалар Земство жиынына [80] социалистерді мейлінше көп жібереді деген сенім аз болған жоқ қой.

Біздің сабаз мәселенің тікелей өңін айналдыру арқылы осындай бос сөз айтуға мүмкіндік алып отыр. Кривенко мырза жұртқа белгілі «К. Маркстің хатынан» («Юридический Вестник», 1888 ж., № 10) Маркстің Россия «капиталистік құрылыстың азабын шекпеуі» мүмкін деп санаған Чернышевскийді ерекше қадірлейтінін айтқан жерінен келтіріп, тырнақшаны жабады, яғни Маркстің сөзін дәл келтіруді осымен бітіреді (Маркстің сөзі: «ол (Чернышевский) соңғы тоқтам мағынасында пікір айтады» деп аяқталған),— сөйтіп өз жанынан: «Маркс мен де бұл пікірді *қуаттаймын* (курсив Кривенко мырзанікі) дейді» дегенді қосады (186-бет, № 12).

Ал шынына келгенде Маркстің айтқаны мынау: «Сонымен, менің құрметті сыншым менің «орыстың ұлы ғалымын және сыншысын» сыйлайтындығыма қарап, ең кемінде, сол кісінің бұл мәселе жөніндегі пікірін қостайды екен деп қорытынды шығаруға қаншалықты дәлелі болатын болса, мұның керісінше, менің орыс «беллетрисі» мен панслависіне қарсы айтысқа шығуыма қарап, ол пікірді мен теріс көреді екен деп қорытынды шығаруына да соншалықты дәлелі бар еді» [81] («Юридический Вестник», 1888 ж., № 10, 271-бет).

Демек, Маркс бұл жерде: Россияның өзгеше жолмен дамуы жөніндегі идеяға мені қарсы деп айтуға Михайловский мырзаның хақы жоқ еді, өйткені мен бұл идеяны жақтаушыларды да қадірлеймін дейді,— ал Кривенко мырза мұны: өзгеше даму жолын Маркс «дұрыс деп білген» деп бұрмалап түсіндіреді. Тікелей өңін айналдырғандық. Маркстің жоғарыда келтірілген сөзінен оның мәселеге тура жауап беруден тартынғандығы айқын көрінеді: «Михайловский мырзаның бір-біріне қарама-қарсы осы екі пікірдің қалағанын дәлел қылып алуына болар еді, яғни бұл екі пікірдің екеуінен де жалпы орыс мәселелері жөніндегі менің көзқарастарым туралы қорытынды шығаруға оның дәлелі жоқ еді». Ал бұл пікірлерді бұрмалап түсіндіруге саңылау қалдырмау үшін Маркс нақ сол «хатының» өзінде-ақ оның теориясын Россияға қалай қолдануға болады деген мәселеге турадан-тура жауап беріп кетеді. Маркстің бұл

жауабы оның мәселеге тура жауап беруден, мәселенің түйінін бір өзі ғана шеше алатын орыс мәліметтерін талдаудан тартынатынын өте айқын көрсетеді: «Егер де Россия,— деп жауап береді ол,— батыс европалық ұлттардың үлгісімен капиталистік ұлт болуға ұмтылатын болса,— ал бұл жағынан соңғы жылдар ішінде ол өзіне бірталай зиянды істер істеп те алды,— ол ең алдымен өз шаруаларының едәуірін пролетариатқа айналдырып алмай тұрып бұл мақсатына жете алмайды» [82].

Мұның өзі тіпті ашық айтылған сияқты: Россия капиталистік ұлт болуға ұмтыла ма, оның шаруаларының күйзелуі — капиталистік тәртіптердің, капиталистік пролетариаттың жасалу процесі бар ма,— міне, мәселенің түйіні осында болды; ал Маркс «егер де» Россия капиталистік ұлт болуға ұмтылатын болса, онда ол ең алдымен шаруаларының едәуірін пролетариатқа айналдыруы қажет дейді. Басқа сөзбен айтқанда, Маркс теориясының мәнісі — белгілі елдердің шаруашылық тәртіптеріндегі эволюцияны зерттеп, соған түсінік беру болады; ал бұл теорияны Россияға «қолданудың» мәнісі — **МАТЕРИАЛИСТІК** метод пен **ТЕОРИЯЛЫҚ** саяси экономияның жасап шығарған әдістерін **ПАЙДАЛАНЫП**, орыстың өндірістік қатынастарын және олардың эволюциясын **ЗЕРТТЕУ** болады *.

Жаңа методологиялық және саяси экономиялық теорияны жасап шығару әлеуметтік ғылымның орасан прогресі, социализмнің алып қадаммен алға басқандығы болып табылды, сондықтан «Капитал» шыға салысымен-ақ орыс социалистері үшін «капитализмнің Россиядағы тағдыры» туралы мәселе басты теориялық мәселе болып алды; ең қызу айтыстар осы мәселенің төңірегінде болды; ең маңызды программалық қағидалар осыған байланысты шешілді. Бір тамаша нәрсе, Россияның капиталистік эволюциясы туралы мәселені ұнамды мағынада шешкен және осы шешімін орыстың экономикалық өмір шындығының мәліметтерімен дәлелдеген

---

* Қайталап айтайын, бұл қорытындының «Коммунистік манифесті», «Философия қайыршылығын» және «Капиталды» оқыған әрбір адамға айқын болмауы мүмкін емес еді, тек жалғыз Михайловский мырзаға ғана ерекше түсіндіру керек болып отыр.

айрықша бір социалистер тобы шыққан уақытта (бұдан 10 жыл бұрын), бұл топ тікелей және белгілі бір тыңғылықты сынға, сол жалпы методологиялық және теориялық негіздерге сүйеніп, тиісті мәліметтерді басқаша түсіндірерлік сынға ұшыраған жоқ.

«Халық достары» марксистерге қарсы үлкен жорық жариялай тұрып, пікірлерін нақтылы мәліметтерді талдап тексеру арқылы дәлелдеуді білмейді. Олар, біздің 1-мақалада көргеніміздей, тек жалпы сөзбен ғана құтылғысы келеді. Бұл жерде Михайловский мырза марксистердің арасында ауыз бірлік жоқ, олар өзара келісіп алмаған деп өзінің тілмарлыққа салынуын ешбір ұмытпайды. Сонымен, «өзіміздің белгілі» Н. К. Михайловский «нағыз» марксистер мен «нағыз емес» марксистер бар деген өзінің қыршаңқы сөзіне мәз-майрам болады. Марксистердің арасында толық ауыз бірліктің жоқ екені рас. Бірақ бұл фактіні Михайловский мырзаның түсінуі, біріншіден, дұрыс емес, екіншіден, мұның өзі орыс социал-демократиясының әлсіздігін көрсетпейді, қайта оның күштілігін және өміршеңдігін көрсетеді. Әңгіме былай: соңғы кездегі бір ерекшелік, социал-демократиялық пікірлерге социалистер түрлі жолдармен келіп жүр, сондықтан Россия крепостниктік укладтан өсіп шыққан буржуазиялық қоғам болып табылады, бұл қоғамның саяси формасы таптық мемлекет болып табылады, еңбекшілердің қаналуын тоқтатудың бірденбір жолы пролетариаттың таптық күресінде жатыр деген негізгі және басты қағидаға сөзсіз қосылғанымен,— олар толып жатқан жеке мәселелерге келгенде дәлелдеу әдістерінде де, орыстың өмір шындығының түрлі құбылыстарын жете түсіндіруде де алауыз болып жүр. Сондықтан мен, мәселен, осы жедел заметкаларда қозғалған мәселелер жөнінде де — шаруалар реформасы, шаруа егіншілігі мен майдагерлік кәсіпшіліктер экономикасы, аренда, т. с. туралы мәселелерде — барлық социал-демократтарға бірдей әлгі айтылған негізгі және жалпы қағидалар шеңберінде түрліше пікір бар дегенді айтып, Михайловский мырзаны күн ілгері қуанта аламын. Шаруалар реформасы Россияның дұрыс дамуына жайлы жол аша *алар еді,*— мемлекет капитализмнің

мүддесін қорғаушыларға сүйенбей, «халық достарына» сүйене *алар еді,*— қауым егіншілікті өңдеуші өнеркәсіппен бірлестіріп қоғамдастыра *алар еді,* мұны майдагер ірі өндіріс дәрежесіне жеткізе *алар еді,— халықтық* аренда *халық* шаруашылығын қолдар еді дегендер сияқты «ұлы ақиқатты» бір ауыздан мақұлдаумен көңілін жұбатып жүрген адамдардың ауыз бірлігі орнына, осынау көңіліңді елжіретіп, жаныңды тебірентерлік ауыз бірліктің орнына Россияның белгілі бір өндірістік қатынастар системасы ретіндегі *шынайы, нақты* экономикалық ұйымының мәнісін білгісі келетін, оның шын экономикалық эволюциясының, оның саяси және басқа әр қилы қондырмаларының мәнісін білгісі келетін адамдардың алауыздығы келіп шықты.

Ал егер бұл сияқты жұмыс жалпы қағиданы тануға, ынтымақты саяси қызметті де сөзсіз анықтайтын, сондықтан осыны қабылдаушылардың бәрін өздерін **«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР»** деп есептеп, осылай атауға право беретін және соған міндеттейтін қағиданы түрліше көзқарастар тұрғысынан тануға себепкер бола отырып,— оның үстіне әр түрлі мағынада шешілетін толып жатқан жеке мәселелер жөнінде келіспеушілікке кең өріс қалдыратын болса, онда мұның өзі, әрине, орыс социал-демократиясының тек күштілігін және өміршеңдігін ғана дәлелдейді *.

Бұл жерде осы жұмыс жағдайларының нашарлығы сондай, тіпті онан ауыр нәрсені ойлап табу қиын: жеке жұмыстардың бәрін біріктіріп отырған ешбір орган жоқ және болуы да мүмкін емес; қазіргі полицейлік жағдайлар тұсында жеке қатынастардың болуы өте қиын. Сондықтан социал-демократтарға ауыз біріктіруге, мәселе-

* Оның жай ғана себебі, бұл мәселелер осы күнге дейін *ешбір шешілмей келді.* Шынында, «халықтық аренда халық шаруашылығын қолдайды» деген сөздермен, немесе шаруалардың құрал-сайманымен помещиктердің жерін өңдеп беру системасын: «шаруалар помещиктен мықтырақ болып шықты», помещик «шаруаның дербес болу жолына өзінің тәуелсіздігін құрбан етті», «шаруалар ірі өндірісті помещиктердің қолынан жұлып алды», «егіншілік мәдениетінің формасы үшін күресте халық жеңіп шығып отыр» деп суреттеуді аренда жайындағы мәселені шешкендік деп атауға болмайды ғой. Бұлар «өзіміздің белгілі» В. В. мырзаның «Капитализмнің тағдырларында» айтылған либералдық көк мылжың сөздер.

лердің егжей-тегжейіне дейін келісіп алуға мүмкіндік болмай, бір-біріне қайшы келетіндіктері түсінікті...

Мұның шынында да адам күлерлік екені рас емес пе?

Кривенко мырзаның социал-демократтармен «айтысында» оның қайдағы бір «жаңа марксистерді» сөз қылуы түсінбестік туғызуы мүмкін. Бұған қарап, кейбір оқушылар социал-демократтардың арасында жікке бөліну сияқты бірдеңе болған екен, бұрынғы социал-демократтардың ішінен «жаңа марксистер» бөлініп шыққан екен деп ойлауы мүмкін.— Әсте олай емес. Марксизм мүддесі үшін социал-демократтардың теориясы мен программасын сынап, басқа бір марксизмді жақтап ешкім, еш жерде және ешқашан жария пікір айтқан емес. Әңгіме былай: Кривенко мен Михайловский мырзалар марксистер жайында ақсүйектер бас қосқанда айтылатын әр түрлі өсектерді көп естіп, өздерінің бос кеуде либералдығын марксизм атымен бүркеп жүрген түрлі либералдарды көп көріп, өздерінің сүйектеріне біткен тілмарлықпен, әдептілікпен, осындай жиған-тергенімен марксистерді «сынауға» кірісті. Бұл «сынның» барып тұрған оғаш қылықтар мен жеркенішті дөрекіліктерден құралғаны таңқаларлық емес.

«Дәйекті болу үшін,— дейді Кривенко мырза,— бұған («капиталистік өнеркәсіпті дамытуға тырысу керек емес пе?» деген сұраққа) мақұл деп жауап беру керек» және «шаруаның жерлерін көтере сатып алудан да, дүкендер мен шарапханалар ашудан да тартынбау керек», «думадағы толып жатқан трактиршілердің табыстарына қуанып, шаруаның астығын сатып алатын бұдан да көп алыпсатарларға жәрдем беру» керек.

Шынында, мұнысы өте қызық-ақ. Бұл сияқты «халық досына» Россиядағы еңбекшілердің қаналуы өзінің мәні жағынан барлық жерде капиталистік қанау екенін, шаруалардың жіктелуінің буржуазиялық сипатын дәлелдейтін пәлендей және түгендей саяси-экономикалық белгілер бойынша деревнядағы әлді мужиктер мен алыпсатарлар капитализм өкілдері қатарына жатқызылуы керек екендігін айтып көріңізші,— онда ол шу көтереді, мұның өзін адам айтқысыз күпірлік деп атайды, батыс европалық формулалар мен абстракт схема-

ларды көз жұмып қабылдау деп даурыға бастайды (ал мұның есесіне «күпірлік» дәлелдеменің нақты мазмұнын көрсетуден бойын барынша аулақ салады). Ал қияңқы марксистерден келетін «қауіп-қатерлерді» асыра көрсету керек болғанда,— ардақты ғылымды да, асқақ мұратты да жылы жауып қоюға болады, сонда шаруаның астығы мен жерін сатып алып жүргендерді тек басқаның еңбегін пайдаланууға «әуестер» деп қана қоймай, капитализмнің шын өкілдері деп тануға да болады.

Орыс буржуазиясы өндіріс құрал-жабдықтарын өзінің ғана қолына жинап алғандығы себепті қазірдің өзінде-ақ халық еңбегін барлық жерде де өз қолына ұстап тұрғаны былай тұрсын, ол үкіметке қысым жасап, оның саясатының буржуазиялық сипатын туғызады, соған мәжбүр етеді және соны анықтайды деп әлгі «халық досына» дәлелдеп көріңізші,— онда ол мүлдем күйіп-піседі, біздің үкіметтің құдіреттілігі туралы, оның «халық достарына» сүйенбей, тек капитализмнің мүддесін жақтаушы өкілдерге «сүйенетіндігі», оның капитализмді қолдан қондырып отырғандығы жазатайым түсінбестіктен және кездейсоқ қиянаттан болған нәрсе деп даурыға бастайды... Ал осы айқай-шудың ішінде өздері думадағы трактиршілерді, яғни таптардан бейне жоғары тұрған нақ осы үкімет элементтерінің бірін капитализмнің айтулы өкілдері деп тануға тиісті болып отыр. Алайда, мырзалар, біздің Россияда капитализмнің мүддесін қорғау ісі жалғыз «думада» ғана, жалғыз «трактиршілерде» ғана болғаны ма?..

Ал жеркенішті дөрекіліктерді алатын болсақ, біз мұндай мінезді Михайловский мырзаның бойынан тым көп кездестіргенбіз және Кривенко мырзаның бойынан тағы да кездестіріп отырмыз; мысалы, ол өзі жек көретін социал-демократизмді құртпақ болып: «кейбіреулері (тегінде, техникалық және конторлық тәуір орын бола тұрса да) заводтарға барып жатыр, өздері мұны тек қана капиталистік процесті тездету ниетімен істеп отырғанын айтады» деп соғады. Әрине, бұл сияқты мүлде әдепсіз нәрселерге жауап беріп жатудың қажеті де жоқ. Бұл жерде әңгімені осымен доғарған мақұл.

Осы беттеріңмен тарта беріңдер, мырзалар, тайсалмай тарта беріңдер! Сіздерден жаңағы естігенімізге қарағанда, халықты біржола күйзелуден аман сақтап қалу жөнінде шаралар (рас, кемістігі бар) қолданған император үкіметі пасықтықтарыңыз бен надандықтарыңызды әшкерелеуден сіздерді аман сақтайтын шаралар қолданады, енді бұл шараларда ешбір кемістік болмайды. «Мәдениетті қоғамыңыз» бұрынғысындай тәтті нан мен көк шұға жапқан столдың арасында, барлық зейінімен інісін әңгімелеп, оның жағдайын «жақсартатын» қайырымдылық жобаларын жасай бермек; оның өкілдері өздерінің земство бастықтары немесе шаруалардың қалталарын аңдушы басқа да бақылаушылар ретінде азаматтық қажеттері мен міндеттерін асқан саналылықпен өтеп жүргенін сіздер арқылы біліп, рақаттанатын болады. Тарта беріңдер! Сіздердің жан тыныштық көріп қана қоймай, Буренин тектес мырзалардың аузынан... жылы лебіз де, мақтау да есітетіндеріңіз хақ.

Қорытындымызда біз талай-талай оқушыларымыздың ойына келуі ықтимал бір сұраққа жауап бере кетсек, сірә, артық болмас. Бұл сияқты мырзалармен осынша ұзақ уақыт сөз таластырып жатудың қажеті бар ма еді? олардың айтыс деп атауға ауыздары барып отырған бұл сияқты судай аққан либералдық және цензураның қорғауындағы лас сөздеріне нақты жауап қайырып жатудың қажеті бар ма еді?

Меніңше,— қажеті бар еді, мұның өзі, әрине, олар үшін емес, «мәдениетті» жұрт үшін де емес, орыс социалистерінің өздеріне бұл жорықтан тағылым аларлық және алуға тиісті пайдалы сабақ үшін қажет еді. Бұл жорық Россияның қоғамдық дамуындағы социализм мен демократизмнің айрылмастай, жұбын жазбастай біртұтас тұлға ретінде қосылған кезінің (мысалы, Чернышевскийдің заманында осылай болған) мәңгі-бақи келмеске кеткенін айдан анық, мейлінше сендіре дәлелдеп отыр. Осы күнге дейін орыс социалистерінің арасынан кей жерлерде орын алып жүрген, сөйтіп

олардың теорияларына да, олардың практикасына да өте-мөте зиянды зардабын тигізіп келе жатқан идеяға,— Россияда социалистер мен демократтардың идеялары арасында сапалық, терең айырмашылық жоқ дейтін идеяға енді мүлде ешқандай негіз болмай отыр.

Қайта мұның керісінше; бұл идеялардың арасында түпсіз тұңғиық жатыр, сондықтан орыс социалистерінің мұны түсінетін мезгілі, демократтардың идеяларынан **ТОЛЫҚ, БІРЖОЛАТА ҚОЛ ҮЗУДІҢ ШҮБӘСЫЗДЫҒЫ** мен **ЗӘРУ ҚАЖЕТТІГІН** түсінетін мезгілі әлдеқашан жеткен сияқты.

Шынында да, осы идеяны туғызған дәуірде әлгі орыс демократының кім болғанына, енді кім болып отырғанына көз салып қарайықшы. Осылай салыстырып шығу үшін «халық достары» бізге жеткілікті материал береді.

Бұл жөнінде немістің бір басылымында Ник.— он мырзаның утопизміне қарсы шыққан Струве мырза жөнінде (оның «Россияның капиталистік жолмен даму мәселесі жөнінде», Zur Beurtheilung der kapitalistischen Entwicklung Rußlands — деген заметкасы «Sozialpolitisches Centralblatt»-та [83], III, № 1, 1893 жылғы 2 октябрьде басылып шықты) Кривенко мырзаның көрсеткен дөрекі мінезі өте-мөте көңіл аударарлық. «Қауым мен жер үлесін» жақтаушылардың идеяларын апарып «ұлттық социализмге» (бұл, оның ойынша, «жаратылысынан таза утопиялық») жатқызғаны үшін Кривенко мырза Струве мырзаға қатты шүйлігеді. Социализмді жақтайды деп тағылып отырған бұл сұмдық айыпқа ардақты автор мүлде күйіп-піседі:

«Қауым мен жер үлесін жақтаушы (Герценнен, Чернышевскийден және халықшылдардан басқа) өзге ешкімнің болмағаны ма,— деп шамырқанады ол.— Ал шаруалар жөніндегі ережелерді, қауымды және шаруалардың шаруашылық дербестігін реформаның негізі еткен ережелерді құрастырушылар қайда, бұл бастамаларды қостаушылар, біздің тарихымыз бен қазіргі тұрмысымызды зерттеушілер қайда, түгелінен дерлік бұл бастамаларды қостап келген біздің байсалды және әдепті баспасөзіміз қайда,— шынымен-ақ осының бәрі де

«ұлттық социализм» деп аталатын адасқандықтың құрбаны болғаны ма?»

Сабыр етіңіз, ардақты «халық досы» мырза! Сізге социализмді жақтайды деп тағылған жан түршігерлік айыптан сіздің қорыққаныңыз соншалық, тіпті Струве мырзаның «кіп-кішкене мақаласын» мұқият оқып шығуға да ден қоймапсыз. Шынында да, «қауым мен жер үлесін» жақтап жүргендерді социализмді жақтайды деп айыптаушылық қандай сорақы әділетсіздік болған десеңізші! Айтыңызшы, мұның қай жері социалистік? Социализм дегеніміз — еңбекшілерді қанаушылыққа қарсы наразылық пен күрес қой, сол қанаушылықты мүлдем жоюға бағытталған күрес қой, ал енді «жер үлесін жақтаушылық» шаруалардың қарамағында болған барлық жерді солардың сатып алуын жақтау деген сөз. Егер сатып алуды жақтамай-ақ, реформадан бұрын шаруалардың өз иелігінде болған жерінің барлығы да шаруаларға тегін қалдырылсын дегенде де социалистік еш нәрсе жоқ, өйткені біздің Россиядағы сияқты *, Батыстың барлық жерлерінде де шаруалардың осы (феодалдық дәуірдің өн-бойында қалыптасқан) жер меншігі буржуазиялық қоғамның негізі болды. «Қауымды жақтаушылықта», яғни жер бөлісінің дағдылы тәсілдеріне полицияның қол сұғуына наразылық білдіруде тұрған қандай социалистік нәрсе бар, өйткені еңбекшіні қанаушылық сол қауым ішінде туып, сонымен үйлесіп кететінін әркім біледі ғой? Мұның аты «социализм» деген сөзді рабайсыз созғылай беру ғой: бәлкім, Победоносцев мырзаны да социалистер қатарына жатқызуға тура келетін болар!

Струве мырза оншалықты жантүршігерлік әділетсіздік істеп отырған жоқ. Ол *халықшылдардың* «ұлттық социализмінің утопиялығын» айтады, ал оның халықшылдар деп отырғаны кімдер екендігі оның Плехановтың «Біздегі алауыздықтар» деген еңбегін халықшылдармен екі арадағы айтыс деп атағанынан көрінеді. Плехановтың «байсалды және әдепті» орыс баспасөзіне ешбір қатысы жоқ адамдармен, социалистермен, айтыс-

* Бұған шаруалардың жіктелуі дәлел.

қаны сөзсіз. Сондықтан да халықшылдарға арналған сөздерді өзіне айтылған деп санауға Кривенко мырзаның ешбір правосы жоқ еді. Егер өзінің ұстаған бағыты туралы Струве мырзаның пікірін қалай да білгісі келген болса, Струве мырзаның мақаласының мына бір жеріне оның неліктен көңіл бөлмегеніне және *«Русское Богатствоға»* неліктен *аударып бермегеніне* менің таңым бар:

«Капиталистік даму ілгері басқан сайын,— дейді автор,— осы жаңа ғана айтылған дүниетанымның (халықшылдықтың) табан тірейтін жері құри беретін болуға тиісті. Ол не тым сүреңсіз реформалар ағымына, көптен-ақ белгілері біліне бастаған, мәмле жасауға қабілетті және мәмле іздеуші * ағымға айналып азғындайды (wird herabsinken), не ол даму шындығын шүбәсыз деп танып, осыдан сөзсіз келіп шығатын теориялық және практикалық қорытындылар жасайды,— басқа сөзбен айтқанда, утопиялық болудан қалады».

Егер Кривенко мырза тек қана мәмле жасауға қабілетті осындай ағымның қай жерде бар екенін аңдай алмай отырған болса, мен оған «Русское Богатствоға», осы журналдың халықшылдық ілімнің қалдықтарын Россияның капиталистік дамуын мойындаумен жамап-жасқауға ұмтылған сұмпайы әрекет ретіндегі теориялық көзқарастарына, қазіргі капиталистік тәртіптердің негізінде ұсақ өндірушілердің шаруашылығын қалпына келтіріп, жақсартуды көздеген саяси программасына көз салуға кеңес берер едім **.

* Ziemlich blasse kompromißfähige und kompromißsüchtige Reformrichtung — мұны біздіңше: мәдениетшіл оппортунизм деуге де болып қалатын сияқты.

** Тегінде Кривенко мырзаның Струве мырзамен айқаспақ болған әрекеті аянышты әсер етеді. Мұның өзі — белгілі бір тиянақты қарсы пікір айта алмайтын баланың әлсіздігі сияқты, сол баланың долдануы сияқты нәрсе. Мәселен, Струве мырза Ник.— он мырзаны «утопист» деп атайды. Бұл жерде оны неліктен осылай атайтынын айқын көрсетеді: 1) өйткені ол «Россияның даму шындығын» елемейді; 2) өйткені ол «мемлекетке» және «қоғамға» жүгінеді, біздің мемлекетіміздің таптық сипатын түсінбейді. Бұған қарсы Кривенко мырза не айтпақ? Біздің дамуымыздың шын капиталистік даму екенін ол бекерге шығара ала ма? оны басқа бір даму деп айта ала ма? — біздің мемлекет таптық мемлекет емес деп айта ала ма? Жоқ, бұл мәселелерге мүлде соқпай өтуді және өзі ойлап шығарған әлдененідей бір «үлгілерге» қарсы кісі күлерлік ашу-ызамен күресуді мақұл көреді. Тағы бір мысал. Струве мырза Ник.— он мырзаға тап күресін түсінбеушілігімен қатар оның теориясындағы «таза экономикалық

Тегінде мұның өзі — халықшылдықтың мещандық оппортунизмге айналып азғындауы — біздің соңғы кездегі қоғамдық тіршілігімізде болған өте-мөте көрнекті және елеулі құбылыстардың бірі.

Шынында да, егер біз «Русское Богатствоның» программасының мазмұнын — қоныс аудару мен жерді арендаға алу мәселелерін реттеу дегендерін, арзан кредит беру, музей, қойма, техниканы жақсарту, артельдер мен қоғамдасып жер жырту дегендерін алып қарасақ,— мұның бәрінің де «байсалды және әдепті» баспасөз жүзінде, демек, крепостниктік баспасөзге немесе рептилияларға [84] жатпайтын барлық либералдық баспасөз жүзінде орасан кең өріс алып жүргенін көреміз. Осы айтылған барлық шаралардың керектігі, пайдалылығы, зәрулігі, «зиянсыздығы» жайындағы идея барлық интеллигенция арасында тамырын терең жайып, ерекше кең өріс алып отыр: мұны сіз провинциялық листоктар мен газеттерде де, земство зерттеулерінде де, жинақтарында да, суреттемелерінде де, т. т. және т. с. кездестіресіз. Сөз жоқ, егер *осыны* халықшылдық деп танысақ,— онда мұның ешкім таласпайтын, зор табыс болғаны.

Бірақ мұның өзі мүлде (бұрынғы, дағдылы мағынасындағы) халықшылдық емес қой, ал бұл табыс та және мұның орасан кең өріс алуы да халықшылдықтың өңін айналдыру арқылы, біздегі либерализмге барынша қарсы болған әлеуметтік-революцияшыл халықшылдықты мәдениетшіл оппортунизмге айналдыру арқылы, тек ұсақ буржуазияның ғана мүддесін білдіретін бұл оппортунизмнің осы либерализммен қосылуы арқылы ғана болып отыр.

фактілер» саласына байланысты ірі қателерін кінә етіп тағады. Оның бер жағында ол былай деп көрсетеді: Ник.— он мырза бізде егіншілікпен айналыспайтын халықтың өте аз екенін айта келіп, «Россияның капиталистік жолмен дамуы нақ осы 80 процент (Россияның село халқы) пен 44 процент (Американың село халқы) арасындағы айырмашылықты теңестіретінін, оның барлық тарихи міндеті де осыған келіп тірелетіндігін байқамайды». «Біздің» (?) міндетіміз шаруаларды жерсіздендіру екен деп, Кривенко мырза, біріншіден, бұл пікірдің өңін айналдырады, ал шынында бұл арада тек капитализмнің село халқын азайту тенденциясы туралы ғана әңгіме болып отыр; екіншіден, істің мәні жөнінде (село халқын азайтпайтын капитализмнің болуы мүмкін бе? деген мәселе жөнінде) бір ауыз сөз айтпастан, «жаттампаздар», т. с. туралы бос мылжыңға салынып отыр. II қосымшаны қараңыз. (Осы томның 338-беті, *Ред.*).

Бұған көз жеткізу үшін шаруалар мен майдагерлердің жіктелуі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерге көз салу керек,— ал бұл мәліметтер әсте әлденендей бір жеке-дара немесе жаңа фактілерді суреттемейді, тек қана «жебірлер» мен «батырақтар» «мектебін» саяси экономия арқылы көрсету әрекетін ғана білдіреді, ал мұның біздің деревняда бар екенін дұшпандар да бекер дей алмайды. «Халықшылдық» шаралардың тек ұсақ буржуазияны ғана күшейтерліктей-ақ шамасы барлығы түсінікті; немесе ол шаралар (артельдер, жерді қоғамдасып жырту) «мектептің» өзіне тіпті аз да болса нұқсан келтірмейтіні себепті либералдық буржуазия бүкіл Европаға жайып, ерекше мәпелеп жүрген болмашы ғана әрекеттер, дәрменсіз эксперименттер болып қалады. Осы себептен мұндай прогрестерге тіпті Ермолов пен Витте мырзалар да қарсы болмай отыр. Қайта мүлдем керісінше. Рақым етіңіздер, мырзалар! Олар сіздерге «тәжірибе» жасау үшін тіпті ақша да береді,— тек «интеллигенцияның» бетін революциялық жұмыстан (антагонизмді атап көрсетуден, оны пролетариатқа ұғындырудан, бұл антагонизмді тура саяси күрес жолына аударуға тырысудан) аулақ ұстап, антагонизмді осылайша жамап-жасқау, бітістіру мен біріктіру жағына қарай аударсаңыздар болғаны. Рақым етіңіздер!

Халықшылдықты осындай азғындыққа ұшыратқан процеске біраз тоқталып өтелік. Өзінің жарыққа шыға бастаған кезінде, өзінің бастапқы түрінде бұл теория едәуір жүйелі теория болатын — халық тұрмысының ерекше укладі жөніндегі түсінікке сүйене отырып, бұл теория «қауымдық» шаруаның коммунистік сезім күшіне сенді, сондықтан шаруаларды социализм жолындағы шынайы күрескерлер деп білді,— бірақ оның, бір жағынан, орыс өмірінің фактілерімен дәлелденген теориялық талдау жұмыстары аз болды, ал екінші жағынан, шаруаның сол жорамал қасиеттеріне негізделіп жасалған саяси программаны қолдануда тәжірибелері аз болды.

Теорияның дамуы да нақ осы теориялық және практикалық екі бағытпен кетті. Теориялық жұмыс көбінесе жер *иелену* формасын зерттеуге бағытталды, өйткені

бұл формада коммунизм ұрығы бар десті; ал бұл жұмыстың өзі алуан түрлі, өте мол нақты материал берді. Бірақ бұл материал, көбінесе жер *иелену* формасы жайында болғандықтан, деревняның *экономикасын* мүлде тасалап, зерттеушілерге көрсетпей қойды. Мұның бұлай болуы өте-мөте табиғи нәрсе, себебі, біріншіден, зерттеушілердің қолында қоғамдық ғылымдағы метод туралы тиянақты теория, өндірістік қатынастарды бөліп алып, оларды ерекше зерттеудің қажеттігін ашып беретін теория болмады; ал екіншіден,— жиналған нақты материал шаруаның ең зәру мұқтаждықтарын, шаруа шаруашылығына сойқанды әсерін тигізерлік сұрапыл кесапаттарды тура және тікелей көрсетіп берді. Сондықтан зерттеушілердің барлық назары осы кесапаттарды, шаруалардың жері аздығын, алым-салықтардың көптігін, правосыздығын, езіліп, жаныштальп отырғанын зерттеуге аударылды. Осының бәрінің де өте мол материал негізінде, егжей-тегжейіне дейін жете суреттелгені, зерттелгені, түсіндірілгені соншалық, егер біздің мемлекет, әрине, таптық мемлекет болмаған болса, егер оның саясатына бағыт беретін нәрсе билеуші таптардың мүддесі емес, «халық мұқтаждығын» әділ талқыға салуды көздеу болса, онда бұл кесапаттарды жою қажеттігіне оның мың сан рет көзі жеткен болар еді. Қоғам мен мемлекетті «иландыру» мүмкіндігіне сеніп жүрген аңқау зерттеушілер өздері жинаған қат-қабат фактілерге мүлде шомып кетті де, бір нәрсені — деревняның саяси-экономикалық құрылымын ескермеді, шынында да осынау тікелей төнген сұрапыл кесапаттардың қыспағына түскен шаруашылықтың негізгі жағдайын естен шығарды. Бұдан шыққан нәтиже, әрине, түсінікті: жерінің аздығынан, тағы басқа жағынан қыспаққа түскен шаруашылықтың мүддесін қорғау қауым *ішіндегі* қазіргі қоғамдық-экономикалық қатынастар тұсында, елдегі шаруашылықтың қазіргі системасы тұсында сол шаруашылықты уысынан шығармай отырған таптың, тек бір ғана өзі тұрақтай алатын және дами алатын таптың мүддесін қорғау болып шықты.

Қанаушылықты жоюдың негізі мен тірегі боларлықтай тәртіпті зерттеуге бағытталған теориялық жұмыс ұсақ буржуазияның мүддесін, яғни, атап айтқанда, сол қанаушылық тәртіптерге тірек болып отырған таптың мүддесін жақтайтын программаның жасалып шығуына әкеліп соқты!

Сонымен бірге практикалық революциялық жұмыс та мүлде ойламаған бағытта өріс ала бастады. Мужиктің коммунистік сезім күшіне сенушілік, әрине, социалистерден саясатты қоя тұрып, «халыққа баруды» талап етті. Бұл программаны жүзеге асыру ісін толып жатқан өте жігерлі және өте талантты қызметкерлер қолына алды, ал бұлар мужиктердің коммунистік сезім күші жөніндегі түсініктің аңқаулық екенін практика жүзінде көріп-біледі. Бұдан кейін әңгіме мужикте емес, үкіметте деп ұйғарылды да, барлық жұмыс үкіметпен күресуге жұмсалды, бұл күресті кілең интеллигенттер және кейде оларға келіп қосылып отырған *жұмысшылар* жүргізді. Алғашында бұл күрес социализм үшін жүргізілді, бұл ретте олар халық социализмге дайын тұр, сондықтан өкімет билігін жай басып алу арқылы саяси революция тұрсын, әлеуметтік революцияны да жасауға болады деген теорияға сүйенді. Соңғы кезде бұл теория, тәрізі, өзінің бар маңызын жоғалта бастаған сияқты, сондықтан халық еріктілерінің үкіметке қарсы күресі радикалдардың саяси бостандық жолындағы күресіне айналып келеді.

Ал, бір жағынан, демек, бұл жұмыс бастапқы бағытына бүтіндей қарама-қарсы нәтижеге алып келді; екінші жағынан, тек радикалдық буржуазия демократиясының ғана мүдделерін көксейтін программа келіп шықты. Дұрысын айтқанда, бұл процесс әзір аяқтала қойған жоқ, бірақ, сірә, қазірдің өзінде-ақ толық анықталған сияқты. Халықшылдықтың осылайша дамуы әбден табиғи және сөзсіз еді, өйткені олардың доктринасы шаруа шаруашылығының ерекше (қауымдық) уклады бар деген нағыз жалған түсінікке негізделген болатын: шындықпен бетпе-бет келгенде бұл өтірік былай қалды да, шаруа социализмінен ұсақ буржуазия-

лық шаруалардың радикалдық-демократиялық өкілдігі келіп шықты.

Демократтың эволюциясынан мысалдар келтірейін:

«Нағыз адам болудың орнына ішін жақсы сезімдердің шым-шытырық уыты ғана кернеген, бірақ шынайы жанқиярлыққа да, өмірде тиянақты бір нәрсе жасауға да қабілетсіз бүкіл россиялық дүмбілезге айналып кетпеудің қамын ойлау керек»,— дейді Кривенко мырза. Нақылы тамаша, бірақ мұның не үшін келтіріліп отырғанын қарап көрелік. «Бұл соңғы айтылғандар жөнінде,— дейді тағы да Кривенко мырза,— мен мынадай бір ренішті фактіні білемін»: Россияның оңтүстігінде «ең ізгі ниеттерімен және бауырласына деген сүйіспеншілігімен жігерленген» жастар болыпты; «олар мужикке барынша көңіл бөліп, құрмет көрсеткен; мужикті төрге отырғызып, онымен бірге бір табақтан ас ішкен, вареньемен, печеньемен сыйлаған; мужиктен алғандарының бәріне де басқалардан гөрі қымбатырақ төлеген; қарызға деп те, «шайға» деп те, тіпті жайша да ақша беріп келген — европалық құрылыс туралы және жұмысшылардың ассоциациялары туралы әңгімелер айтқан, т. т. Сол жерде Шмидт деген бір жас неміс те тұрады екен, өзі басқарушы ма, әлде, дұрысырағы, жай бағбан ба, әйтеуір ешбір адамгершілік идеялары жоқ, нағыз өресі тар айтулы неміс көрінеді (sic??!!)», т. т. Міне, сонымен сол жерде 3—4 жыл бойы тұрыпты да, олар тарап кетіпті-міс. Осыдан кейін тағы да 20 жылдай өткенде автор сол жаққа барып, мынаны білген: «Шмидт мырза» (пайдалы қызметі үшін ол бағбан Шмидт орнына Шмидт мырза атапыпты) шаруаларды жүзім өсіруге үйреткен, мұның өзі оларға жылына 75—100 сомдық «бірсыпыра табыс» келтіреді екен, осының нәтижесінде оның «жарқын бейнесі» естерінде сақталып қалған, ал «мужикке тек қана жақсы лебіз білдірген, бірақ ол үшін айтарлықтай (!) дәнеңе істемеген мырзалар жұрттың жадында да қалмаған».

Егер есептеп қарасақ, суреттелген оқиғалардың 1869—1870 жылдарда, яғни шамамен алғанда нақ «европалық құрылыстың» ең озық және ең ірі өзгешелігін — Интернационалды [85] — Россияға көшіру жөнінде

орыс социалист-халықшылдары әрекет жасаған кезеңде болғанын көреміз.

Кривенко мырзаның бұл әңгімесі өте жайсыз әсер ететіндігі айқын, сондықтан ол мұны дереу былайша жуып-шаймақ болады:

«Мен, әрине, Шмидт бұл мырзалардан артық деп айтып отырғаным жоқ,— деп түсіндіреді ол,— тек оның басқа барлық кемшіліктеріне қарамастан, сол жерде және сол жердегі халық арасында неғұрлым тиянақты із қалдырып кеткендігі ненің арқасында болғанын ғана айтамын. (Артық дегенім емес, тек неғұрлым тиянақты із қалдырды деймін,— бұл не деген мылжың?!) Сондай-ақ оны бір өте маңызды іс істеді деп те айтып отырғаным жоқ, қайта оның істегенін ең кішкене, жол-жөнекей және ешбір шығынсыз істей салынған істің, бірақ сөзсіз өмірлік істің үлгісі ретінде келтіріп отырмын».

Байқап отырған боларсыздар, бұл ескертуінің мағынасы өте екі ұшты, бірақ істің мәні оның екі ұштылығында емес, мынада: автор бір істің нәтижесіз болуын екінші істің нәтижелі болуына қарама-қарсы қойғанда бұл екі түрлі істің бет алысындағы түпкі айырмашылықты, тегінде, байқамай қалып отыр. Бұл жерде істің бар мәні осы күнгі демократтың бет-әлпетін анықтау үшін бұл әңгіменің ерекше маңыз алуында болып отыр.

Бұл жастар мужикке «европалық құрылыс пен жұмысшылардың ассоциациялары» туралы айтқанда, сірә, сол мужикті қоғамдық омірдің формасын қайта құруға көтергілері келген болар (мүмкін бұл ретте менің осы қорытындым қате де болар, әйтсе де оның заңдылығын әркім-ақ қостайды деп ойлаймын, өйткені мұның өзі Кривенко мырзаның жоғарыда келтірілген әңгімесінен келіп шығады), әр түрлі либералдық прогрестерге мәз болып, жаппай думан құрумен қатар еңбекшілерді барып тұрған сорақы қанау мен езгіге ұшыратып отырған осы күнгі қоғамға қарсы әлеуметтік революция жасауға мужикті көтермек болған шығар. Ал «Шмидт мырза», нағыз қожайын болғандықтан, басқа қожайындарға да өздерінің шаруашылықтарын реттеп, жөнге салып алу үшін тек көмектескісі келді — онан

басқа түк те емес. Енді осы сияқты бір-біріне мүлде қарама-қарсы екі түрлі жұмысты қалайша теңеп, салыстыруға болады? Мұның өзі салынып біткен үйді қиратқысы келген адамның әрекетінің нәтижесіздігін сол үйді нығайтқысы келген адамның әрекетінің нәтижелілігімен салыстырумен бірдей ғой! Аз да болса мағынасы бар салыстыруды қолдану үшін халыққа барып, шаруаларды революцияға көтермекші болған жастардың әрекеттері неліктен сәтсіздікке ұшырады,— оның себебі нақ осы «шаруаларды» еңбекші және қаналушы халықтың өкілдері деп қате түсінгендіктен емес пе, ал шындығында шаруалар айрықша тап емес қой (бұл — крепостниктік правоның құлау заманының кері әсерінен туған бос қиял, ол кезде шынында да шаруалар *тап* ретінде, бірақ крепостниктік қоғамның табы ретінде ғана көрінген-ді), өйткені оның өз ішінде буржуазия мен пролетариат таптары қалыптасып келеді,— бір сөзбен айтқанда, бұрынғы социалистік теорияларды және социал-демократтардың бұл теориялар жөніндегі сынын талдап тексеру керек еді. Ал Кривенко мырза мұның орнына «Шмидт мырзаның» ісі «сөзсіз өмірлік іс» деп дәлелдеуге тырысып, жанын салады. Бірақ марқабат етіңіз, қадірменді «халық досы» мырза, сіз ашық тұрған есікке несіне омыраулап енбек боласыз? оған кімнің күмәны бар дейсіз? Жүзім бағын өсіріп, одан 75—100 сом табыс алудан артық өмірлік іс, шынында, табылар ма? *

Сөйтіп, автор, егер жүзім өсіруші қожайын біреу-ақ болса,— онда мұның өзі бытыранды іс болады, ал егер бірнеше қожайын болса,— онда оның өзі кішкене істі нағыз іске, дұрыс іске айналдыратын, жалпыға ортақ, кең өріс алған іс болады, *мәселен,* А. Н. Энгельгардтың [86] фосфоритті өзі қолданып қана қоймай, басқаларға да фосфорит өндірісін енгізгені *сияқты* іс болады деп түсіндіруге кіріседі.

Рас емес пе, бұл демократтың өзі қандай тамаша!

---

* Европалық ассоциациялар туралы мужикке әңгіме айтып жүрген *сол* жастарға осы «өмірлік» істі ұсынып байқасаңыз еді! Олар сізді қалай қарсы алар еді, сізге қандай тамаша тойтарыс берер еді! Сіз осы күні материализм мен диалектикадан қалай қорқатын болсаңыз, олардың идеяларынан да өлердей қорқар едіңіз!

Шаруалар реформасы жайындағы пікірлер саласынан тағы бір мысал алайық. Бұл реформаға жоғарыда айтылған демократизм мен социализмнің бөліпбей тұрған заманындағы демократ Чернышевский қалай қарады? Пікірін ашық айтуға мүмкіндігі болмағандықтан ол *үндей алмады*, бірақ жасалғалы жатқан реформаны ол жұмбақтап былай сипаттады:

«Айталық, сізге арналып әзірленетін тамаққа деген азық-түлік қорының сақталуы үшін шара қолдануға мен мүдделімін. Сондықтан, егер мен мұны сізді тәуір көргендіктен істеген болсам, онда менің ықыласым азық-түлікті сіздікі деп және онан істелген тамақ сізге шипалы да пайдалы деп білгендіктен болмақ. Ал енді осы азықтың мүлде сіздікі емес екенін және онан істелген әрбір тамаққа сізден ақша алынатындығын, ол тамақтың төлеген ақшаға татымайтындығы былай тұрсын (мұның өзі реформадан *бұрын* жазылған. Ал Южаков сияқты мырзалар *қазір* реформаның негізгі принципі шаруаларды қамтамасыз ету деп сендіргісі келеді!!), *тіпті сол ақшаны сіздің мейлінше қатты қысылып-қиналмайынша ешбір төлей алмайтыныңызды білгенде мені қандай сезім билегенін ойлап қараңыз. Осындай ғажап сырлар ашылғанда менің басыма қандай ойлар келеді десеңізші? Пайда келтірерлік жағдай жасалмаған істің қамын ойлағаным қандай ақымақтық болған! Меншіктің белгілі бір адамдардың қолына тиімді шарттар бойынша түсетінін алдын ала анықтамайынша, меншікті солардың қолында сақтау қамын ақымақтан басқа кім ойламақ? ... Менің сүйген адамыма тек қана зиян келтіретін мұндай азықтың онан да құрығаны жақсы! Сізді тек қана күйзеліске ұшырататын мұндай істің онан да құрығаны жақсы!»*

Өз кезіндегі шындықты Чернышевскийдің терең және өте жақсы түсінгенін, шаруалардың алым-салықтарының не екенін түсінгенін, орыстың қоғамдық таптарының антагонистігін түсінгенін айқын көрсететін сөздерінің астын сыздым. Осы сияқты нағыз революциялық идеяны цензура бақылауындағы баспасөзде оның

баяндай білгендігін атап көрсетудің де маңызы бар. Құпия шығармаларында ол нақ осы пікірлерді жұмбақтамай-ақ, ашық жазған болатын. «Прологқа пролог» деген шығармасында Волгин (оның аузына Чернышевский өзінің пікірін салған):

*«Шаруаларды азат ету жұмысы помещиктер партиясының қолына беріліп-ақ қойсын. Мұның айырмашылығы шамалы»,** — дейді де, әңгімелес адамының: қайта мұның айырмашылығы өте зор ғой, өйткені помещиктер партиясы шаруаларға жер бөліп беруге қарсы ғой деген пікіріне ол үзілді-кесілді былай жауап береді:

«Жоқ, айырмасы өте зор емес, болмашы ғана. Егер шаруалар жерді құнын төлеп алмаған болса, онда айырмасы өте зор болған болар еді. Біреудің бір нәрсесін алу мен сол нәрсені ол адамның өзіне қалдыруда айырмашылық бар, бірақ ол нәрсе үшін онан ақша алынса — бәрібір. Помещиктер партиясы жоспарының прогресшілдер партиясының жоспарынан айырмашылығы тек қана оның оңайлығында, қысқалығында. Сондықтан ол тіпті жақсырақ та. Әуре-сарсаңы азырақ, бәлкім, шаруалар үшін ауыртпалығы да азырақ болар. Шаруалардың қайсысында ақша болса, жерді сол сатып алады. Ақшасы жоқ екен, онда жерді сатып алуға міндеттендірудің түкке керегі жоқ. Бұл оларды тек күйзеліске ұшыратады. Құнын төлеу де сатып алумен бірдей ғой».

Шаруалар реформасының жасалған кезінде-ақ (тіпті Батыста да бұл жайында жеткілікті жазылмаған кездің өзінде) оның негізгі буржуазиялық сипатын осынша айқын түсіну үшін,— сол кездің өзінде-ақ орыс «қоғамы» мен «мемлекетінде» еңбекшілердің қас жауы болған және шаруалардың күйзелуі мен экспроприациялануына сөзсіз себеп болған қоғамдық таптардың әміріп жүргізіп, билеп-төстеп отырғанын түсіну үшін Чернышевскийдің дәл осындай данышпандығы керек еді. Оның үстіне біздегі антагонистік қоғамдық қатынастар-

* Плехановтың «Социал-Демократтағы» [87] «Н. Г. Чернышевский» деген мақаласынан цитат келтіріп отырмын.

ды бүркеуші үкіметтің болуы қорқынышты қырсық екенін, оның еңбекшілер жағдайын өте-мөте нашарлатып отырғанын Чернышевский түсінген еді.

«Егер шынын айтсақ,— дейді тағы да Волгин,— *тіпті жерсіз-ақ азат болғаны жақсы».* (Яғни егер біздегі крепостник-помещиктер сондай күшті болса, олар осы крепостниктік мүдделерді екі жүзді абсолюттік үкіметтің мәмлешілдігімен бүркеп жасырғанша өз ойын ашықтан-ашық, тура және бастан-аяқ айтып шықсын деген сөз.)

«Мәселенің қойылысына қарағанда шаруа азат етіле ме, жоқ па, ол жөнінде қызбалық жасауға себеп жоқ деп білемін; ал азат етуші кім болады: либералдар ма, помещиктер ме, ол жөнінде қызбалық жасаудың қисыны онан да аз. Меніңше, бәрібір. Тіпті помещиктер тәуірлеу сияқты».

«Адрессіз хаттардан»: *«Шаруаларды азат ету керек деседі... Ондай іске күш қайда? Әлі күш жоқ. Үдесінен шығарлық күшің болмаса, іске кірісуге болмайды. Не болайын деп отырғанын байқайсыз ба: азат ете бастайды. Мұнан не шықпақ — оны өзіңіз ойлап көріңіз, қолдан келмес іске кіріскеніңде не шығушы еді. Істі бүлдіргенің — пасықтыққа жол бергенің»* [88].

Шаруаларды азат ету, яғни крепостниктерді құлату ісі орыстың крепостниктік-бюрократтық мемлекетінің қолынан келмейтінін, оның қолынан тек «пасықтық» істеу ғана, либералдар мен помещиктердің мүдделерін өйтіп-бүйтіп мәмлеге келтіру ғана келетінін (құнын төлеу де сатып алумен бірдей ғой), бұл мәмленің шаруаларды тоқшылық пен бостандық елесімен алдайтынын, іс жүзінде оларды күйзеліске ұшыратып, помещиктерге басымен байлап беретінін Чернышевский жақсы білген. Сондықтан да ол реформаға қарсылық көрсетті, реформаны қарғап-сілеп, оның іске аспай қалуын тіледі, либералдар мен помещиктер арасында күлтектеп жүрген үкіметтің шатасып, күйреуге ұшырауын, сөйтіп Россияның ашық тап күресінің жолына түсуін тіледі.

Ал біздің осы күнгі «демократтар» *қазір* — Чернышевскийдің данышпандықпен болжап айтқаны шындыққа айналған кезде, 30 жылдық тарих әр алуан экономикалық және саяси жалған үміттерді аяусыз бекерге

шығарған кезде — реформаны дәріптеп, оны «халықтық» өндіріске берілген еркіндік деп білуде, одан еңбекшілерге қас қоғамдық таптарға *соқпай өтетін* бір жолдың бар екеніне дәлел таппақ болып әуреленуде. Қайталап айтайын, біздің демократтардың шаруалар реформасына көзқарасы — олардың әбден буржуазияланғандығын көрсететін ең айқын дәлел. Бұл мырзалардың еш нәрсе үйренбегені былай тұрсын, қайта олар өте, өте көп нәрсені ұмытып қалған.

Мұны салыстырып өту үшін 1872 жылғы «Отечественные Запискиді» алайын. «Ұлы азаттық» реформадан кейінгі алғашқы он жылдың ішінде либерализмі (плутократиялық мүдделерді бүркеп келген либерализмі) жағынан орыс қоғамының қолы жеткен табыстары жөнінде мен жоғарыда «Плутократия және оның негіздері» деген мақаладан үзінділер келтіргенмін.

Егер бұрын реформа жөнінде күңкілдеп, ескі заманды жоқтаушылар жиі кездескен болса,— деп жазды сол автор өзінің сол мақаласында,— енді ондайлар жоқ. «Жаңа тәртіптер жұрттың бәріне ұнап қалған, бәрі де көңілді, жайбарақат» дейді де, онан соң автор: әдебиеттің «өзі де плутократияның органы бола бастап», «демократизм панасында» плутократияның мүдделері мен ниеттерін жүзеге асырып отырғанын көрсетеді. Осы пікірге байыптап зер салыңызшы. Реформа жасаған жаңа тәртіптерге «жұрттың бәрінің» риза болғанына, бұл жаңа тәртіптердің айдан анық, антагонистік, буржуазиялық қасиеттеріне қарамастан «жұрттың бәрінің» (әрине, еңбекшілердің емес, «қоғам» мен «интеллигенция» өкілдерінің) көңілді де жайбарақат болуына автор наразы: либерализмнің «олжа түсіру бостандығын» ғана бүркеп келе жатқанын, әрине, бұл олжаның еңбекшілер бұқарасы есебінен және соларды зиянға ұшырата отырып түсірілетінін жұрт байқамайды дейді де, ол наразылық білдіреді. Оның пікіріндегі бағалы жері де социалиске тән нақ осы наразылық. Есіңізде болсын, демократизм бүркеп отырған плутократизмге қарсы бұл наразылық журналдың жалпы теориясына қайшы келеді: өйткені олар шаруалар реформасында қандай да болсын буржуазиялық белгілер, элементтер мен мүдде-

лер барлығын мойындамайды, орыс интеллигенциясы мен орыс мемлекетінің таптық сипатын мойындамайды. Россияда капитализм үшін негіз барлығын мойындамайды,— солай бола тұрса да капитализм мен буржуазиялықты байқамасқа, сезбеске олардың амалдары болмай отыр. Ал «Отечественные Записки» орыс қоғамындағы антагонистікті сезгендігі себепті буржуазияшыл либерализм мен демократизмге қарсы айқасқа шықты,— сондықтан оның істеген ісі біздің тұңғыш социалистердің бәріне бірдей ортақ іс болды; бұл социалистер осы антагонистікті түсіне алмаса да, оның бар екенін сезіп, антагонистікті туғызған қоғам құрылысының өзіне қарсы күресу ниетінде болды; — сондықтан да «Отечественные Записки» прогресшіл болып еді (әрине, пролетариат тұрғысынан қарағанда). «Халық достары» бұл антагонистікті ұмытып кетті, біздің қасиетті Русь елінде де «демократизм панасында» нағыз шынайы буржуалардың жасырынып жүргенін мүлде сезуден қалды; сондықтан да олар енді реакцияшыл (пролетариат жөнінде) болып кетті, өйткені олар антагонизмді бүркеп отыр, күрес туралы әңгіме етпей, ымыраластырғыш мәдениетшілдік қызмет жайында әңгіме етіп жүр.

Алайда, мырзалар-ау, россиялық жалтыр маңдай либерал, 60-жылдардағы плутократияның демократиялық өкілі маңдайына азамат қайғысының әжімі түскендіктен ғана 90-жылдары буржуазияның идеологы болудан қала қойғаны ма?

Қазіргі қоғамдық-экономикалық қатынастар өзгермей тұрғанда мол мөлшерде «олжа түсіру бостандығы», ірі кредит, ірі капитал алу, ірі техникалық жақсартулар енгізу бостандығы ұсақ кредит, ұсақ капитал алу, ұсақ техникалық жақсартулар енгізу бостандығымен ауыстырылғандықтан либералдық болудан, яғни буржуазиялық болудан қалмақ па?

Қайталап айтамын, олар көзқарастардағы түбегейлі өзгерістердің немесе біздегі тәртіптерде жасалған түбегейлі төңкерістің ықпалымен басқа бір пікірге келіп отырған жоқ. Жоқ, олар мүлде ұмытып қалған.

Теорияларының барынша қисынсыздығына қарамастан, шындықты танудағы тым аңғал-утопиялық көзқа-

растарына қарамастан, кезінде өздерінің ізашарларын прогресшіл еткен осы жалғыз белгісінен айрылып қалған «халық достары» осы уақыттың өн бойында еш нәрсе үйрене алмады. Ал енді тіпті орыстың өмір шындығын саяси-экономикалық жағынан талдауды былай қойғанда да, Россияның осы 30 жыл ішіндегі саяси тарихының бір өзі-ақ оларды көп нәрсеге үйретуге тиісті еді.

Ол кезде, *60-жылдар* заманында, крепостниктердің сағы сынған еді: рас, олар біржолата жеңілген жоқ еді, бірақ мықты жеңіліске ұшырағаны соншалық, өмір төрінен тайып тұруға тиіс болды. Либералдар, керісінше, бастарын көтерді. Прогресс, ғылым, жақсылық туралы, әділетсіздікке қарсы күресу туралы, халық мүддeлері, халық намысы, халық күші туралы, т. т. және т. б. туралы либералдық сылдыр сөздер ағылды — бұл сылдыр сөздер қазірдің өзінде де, ерекше бір жабырқаған шақтарында, өздерінің салондарында біздің уайымшыл радикалдардың, өздерінің мерекелік қонақасыларында, өздерінің журналдары мен газеттерінің беттерінде біздің сөзуар либералдардың жүректерін айнытады. Либералдардың күшті болып шыққандығы соншалық, олар «жаңа тәртіптерді», әрине, бәрін түгел болмаса да, өздерінше едәуір өзгертіп қайта жасады. Ол кезде де Русь елінде «ашық тап күресінің айқын сәулесі» болмап еді, бірақ дегенмен қазіргіден гөрі айқынырақ еді, сондықтан тіпті осы тап күресі туралы түк хабары жоқ, қазіргі сұм заманның мәнісін *түсіндіруден* гөрі келешек жақсылықты арман етуді артық корген еңбекші тап идеологтары да, тіпті осылардың оздері де либерализмнің тасасында плутократияның жасырынып тұрғанын, бұл жаңа тәртіптердің буржуазиялық тәртіптер екенін көрмей тұра алмады. Күн тәртібіндегі анағұрлым күрделі мәселелерден көңілді аландатпаған, жаңа тәртіптерді таза (біршама таза) күйінде алып қарауға бөгет жасамаған нақ крепостниктердің өмір төрінен аластaлуы осы қалыпты айқын көруге мүмкіндік берді. Бірақ ол кездегі біздің демократтарымыз плутократтық либерализмді айыптай білгенімен, мұны түсіне білмеді және ғылыми тұрғыдан түсіндіре алмады, біздің қоғам-

дық шаруашылығымыз капиталистік жолмен ұйымдастырылып отырғанда оның қажет екендігін де түсіне білмеді, бұрынғы крепостниктік укладқа қарағанда осы жаңа өмір укладының прогрестік екенін түсіне білмеді, бұл жаңа уклад туғызып отырған пролетариаттың революциялық ролін түсіне білмеді, сөйтіп олар «бостандық» пен «мейірбандықтың» осы тәртіптеріне «пысқыра» қарауымен тынды, буржуазиялықты әлдеқалай кездейсоқ нәрсе деп санады, «халықтық құрылыста» әлдепендей басқа қоғамдық қатынастар табылуға тиіс деп күтті.

Ал енді тарих оларға осы басқа қоғамдық қатынастарды көрсетіп берді. Крепостниктердің мүдделеріне бола соншалықты сорақы түрде бүлдірілген реформа кезінде мүлде құрып бітпеген крепостниктер қайтадан жанданып (бірер сағат), біздегі осы басқа қоғамдық қатынастардың, буржуазиялықтан басқа қатынастардың, қандай екенін айқын көрсетіп берді, онда да жүгенсіз, ақылға сыймайтын мағынасыз және айуандық реакция түрінде көрсетіп бергені соншалық, біздің демократтарымыз қатты қорқып, тұралап қалды, буржуазиялықты сезе білген, бірақ оны түсіне білмеген өздерінің аңғал демократизмін социал-демократизмге айналдырып, алға басудың орнына либералдарға қарай кейін шегініп кетті, ал қазір олар өздерінің уайымшылдығын.., яғни, менің айтайын дегенім, өздерінің теориялары мен программаларын бүкіл «байсалды және әдепті баспасөздің» қостап отырғанын мақтан етуде. Былай қарағанда, алған сабақ өте есте қаларлық сияқты: халық өмірінің ерекше уклады туралы, халықтың социалистік сезім күші туралы, капитализм мен буржуазияның кездейсоқтығы туралы бұрынғы социалистердің бос қиялы өзін өте-мөте айқын көрсеткен сияқты, демек, енді шындыққа тура қарап, Россияда буржуазиялық қатынастар мен тозығы жеткен крепостниктік қатынастардан басқа ешбір қоғамдық-экономикалық қатынастар болмағанын және жоқ екенін, сондықтан жұмысшы қозғалысы арқылы болмаса, социализмге апаратын басқа жолдың болуы мүмкін емес екенін ашықтан-ашық мойындауға болатын сияқты еді. Бірақ

бұл демократтар еш нәрсе үйренбеді, сондықтан мещандық социализмнің аңғал бос қиялдары мещандық прогрестер жөніндегі пайдакүнем парасатшылдыққа орнын берді.

Енді олар еңбекшілер мүдделерін көксеуші болып көрінгісі келіп жүргенде, мещандық идеологтардың бұл теориялары пағыз реакциялық теориялар болып отыр. Олар жұрттың бәріне арналған, «жоғары котеру», «жақсарту», т. т. ортақ шаралар арқылы істің жайын оңдауға болады, жұртты ымыраластырып, біріктіруге болады деген сияқты пікірлерді айтып, орыстың осы күнгі қоғамдық-экономикалық қатынастарындағы антагонизмді бүркеп жүр. Олар — реакцияшылдар, өйткені біздің мемлекетімізді тап атаулыдан жоғары тұрған, сондықтан қаналушы халыққа елеулі және адал көмек беретін күші де, қабілеті де бар мемлекет деп суреттейді.

Ақырында, олардың реакцияшылдығы сол, олар азаттық алу үшін еңбекшілердің өздерінің күреске шығуы, кескілескен күрес жүргізуі қажет екенін мүлде түсінбейді. «Халық достарының» ойына қарағанда, мәселен, олардың қолынан, тегі, бәрі де келеді, олар бәрін де өздері істеп шыға алатын сияқты. Жұмысшылар жайбарақат жата берсе де болады. Әне, көрмейсіз бе, «Русское Богатствоның» редакциясына техник те келіп жетті, енді олар «халық өміріне капитализмді енгізуге» керекті «амалдардың» бірін жасап шығаруға сәл ғана қалған сияқты. Социалистер мещандық идеялар мен теориялардың бәрінен де **ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ** және **БІРЖОЛАТА** қол үзуге тиіс — бұл аттаныстан алынуға тиісті **ЕҢ БАСТЫ ПАЙДАЛЫ САБАҚ, МІНЕ, ОСЫ.**

Ескеруіңізді сұраймын, мен бұл жерде «халық достарынан» және олардың идеяларынан қол үзуді айтып отырған жоқпын, өйткені еш уақытта ешқандай байланыс болмаған нәрседен қол үзу деген мүмкін емес қой, мен мещандық идеялардан қол үзуді айтып отырмын. «Халық достары» — тек осындай мещандық-социалистік идеялар бағыттарының біріндегі өкілдер ғана. Ал егер мен осы жағдайға байланысты мещандық-социалистік идеялардан, *жалпы алғанда* орыстың бұрынғы

шаруа социализмінің идеяларынан қол үзу керек деген қорытынды жасасам, онда мұның себебі мынау: марксизмнің өсуінен қорыққан ескі идея өкілдерінің марксистерге қарсы осы аттанысы оларды мещандық идеяларды ерекше толық және ерекше айқын суреттеуге итермеледі. Бұл идеяларды осы заманғы социализммен, орыстың өмір шындығының осы заманғы мәліметтерімен салыстырып қарағанда, біз бұл идеялардың әбден тынысы тарылып біткен идея екенін, дәрменсіз эклектизмнің дәрежесіне жетіп, нағыз барып тұрған қарапайым мәдениетшіл-оппортунистік программаға дейін төмендеп, сындарлы теориялық негіздің бәрінен де мүлде жұрдай болғанын айқын көреміз. Мұның өзі — социализм атаулының бұрынғы идеяларының кінәсы емес, тек қазіргі мырзалардың ғана кінәсы ғой, ал бұларды социалистердің қатарына ешкім де қосып отырған жоқ қой деушілер болар; бірақ бұл сияқты қарсы пікір меніңше ешбір қисынсыз. Мен барлық жерде ескі теориялардың осылайша азғындауының қажеттігін көрсетуге тырыстым, барлық жерде бұл мырзаларды жеке-жеке сынауға мүмкін болғанынша орынды аз беріп, бұрынғы орыс социализмінің жалпы және негізгі қағидаларына мүмкін болғанынша орынды көбірек беруге тырыстым. Ал егер социалистер мені бұл қағидаларды теріс баяндаған немесе дәл емес, не болмаса айтпай кеткен жерлері бар деп табатын болса, онда мен оларға: рақым етіңіздер, мырзалар, өздеріңіз баяндап беріңіздер, барынша жеткізіп айтыңыздар! — деп тек ізетпен өтініш еткен болар едім.

Шынында да, социалистермен айтысудың мүмкін болғандығына социал-демократтардан артық ешкім де қуанбаған болар еді.

Сіз шынымен-ақ: мұндай мырзалардың «айтысына» жауап беріп жату бізге ұнайды деп, олардың тарапынан тікелей, батыл және тұрпайы қыр көрсетілмеген болса, бізді осыған кірісер еді деп ойлайсыз ба?

Сіз шынымен-ақ: мещандық моральмен араласқан осынау қазыналық-либералдық жеркеніштi жел сөздерді оқып шығуға, қайта-қайта және сарылып оқуға өзімізді-өзіміз күштеп, зорламады деп ойлайсыз ба?

Бірақ мұндай идеяларды негіздеу мен баяндауға қазір тек осындай мырзалар ғана кірісіп жүргеніне біз жазықты емеспіз ғой. Тағы да мынаны ескерулеріңізді сұраймын: мен *социализм* жайындағы мещандық идеялардан аулақ болудың қажеттігін айтып отырмын. Жоғарыда талданған ұсақ буржуазиялық теориялар — **сөзсіз** реакциялық теориялар, **өйткені** бұлар социалистік теориялар ретінде көрінеді.

Бірақ егер біз шынында да мұнда социалистік түк жоқ екендігін, яғни бұл теориялардың бәрі еңбекшілердің қаналуын ешбір ашып бере алмайтындығын, сондықтан еңбекшілерді азат ету үшін қызмет ете алмайтындығын, шынына келгенде бұл теориялардың бәрі ұсақ буржуазияның мүдделерін көздеп, іске асыратынын түсінетін болсақ,— онда біз бұларға басқаша қарауға тиістіміз, алдымызға: *ұсақ буржуазия мен оның программаларына жұмысшы табы қалай қарауы керек?* — деп сұрақ қоюға тиістіміз. Ал бұл таптың екі жақты сипатын (ірі буржуазия мен ұсақ буржуазияның арасындағы антагонизмнің оншалықты дамып жетіспеуі себепті біздің Россияда бұл екі жақтылық өте күшті болып отыр) еске алмай тұрып, бұл сұраққа жауап беруге болмайды. Жалпы демократиялық талаптар ұсынатындықтан, яғни орта ғасырлық заман мен крепостниктіктің қандай да болсын қалдықтарына қарсы күресетіндіктен бұл тап прогресшіл тап болып шығады; ал елдің жалпы дамуын бөгеуге, оны буржуазиялық бағытта кері бұрып әкетуге тырысып, өзінің ұсақ буржуазия ретіндегі жағдайын сақтап қалу үшін күресетіндіктен бұл тап реакцияшыл тап болып шығады. Мұндай реакциялық талаптар, мәселен, үлесті жерлерді иеліктен айырмау жөніндегі атышулы талап, шаруаларға қамқорлық жасау жөніндегі басқа да көптеген бос қиялдар сияқты, әдетте еңбекшілерді қорғау жөніндегі алдамшы сылтаумен бүркемеленіп жүр; ал шынына келгенде бұлар, әрине, олардың жағдайын тек қана нашарлатады, сонымен бірге олардың бостандық алу жолындағы күресін қиындатады. Ұсақ буржуазиялық программаның осы екі жағын жете айыра білу керек және бұл теориялардың ешқандай социалистік сипа-

тының жоқтығын көрсете отырып, бұлардың реакциялық жақтарына қарсы күресе отырып, бұлардың демократиялық жақтарын да ұмытып кетуге болмайды. Марксистердің мещандық теорияларды түгелдей бекерге шығаруы олардың программасындағы демократизмді мүлдем мансұқ еткендік емес екендігі былай тұрсын, қайта бұл демократизмді бұрынғыдан да батыл талап ететіндігін мен мысалмен түсіндірейін. Жоғарыда мещандық социализм өкілдері өз теорияларына әрқашан да арқау етіп келген негізгі үш қағида — жер тапшылығы, алым-салықтың көптігі, әкімдердің езгісі — көрсетілген болатын.

Бұл қырсықтарды жою жөніндегі талапта социалистік еш нәрсе жоқ, өйткені бұлар экспроприация мен қанаудың мәнін ешбір түсіндірмейді және бұлардың жойылуы капиталдың еңбекті езушілігіне ешбір кедергі бола алмайды. Бірақ бұлардың жойылуы езушілікті күшейтіп отырған орта ғасырлық ескі-құсқыдан тазартады, жұмысшының капиталға қарсы тікелей күрес жүргізуіне жеңілдік келтіреді, сондықтан бұларды демократиялық талап деп тауып, жұмысшылар барлық жігерін салып қостайды. Төлемдер мен салықтар дегеніміз, жалпы айтқанда, тек ұсақ буржуа ғана ерекше маңыз беретін мәселе, ал біздегі шаруалардан алынатын төлемдер көп реттерде крепостниктіктің кәдімгі қалдықтары ғана: мәселен, дереу және сөзсіз жойылуға тиісті сатып алу төлемдері осындай; шаруалар мен мещандарға ғана түсетін, бірақ «игі жақсылар» босатылатын салықтар осындай. Экономикалық және саяси тоқырауға себепкер болып отырған бұл сияқты орта ғасырлық қатынастардың қалдықтарын құрту жөніндегі талапты социал-демократтар әрқашан да қолдайды. Жер тапшылығы жөнінде де осыны айтуға болады. Бұл жайындағы байбаламның буржуазиялық сипатын дәлелдеуге мен жоғарыда көбірек тоқтадым. Алайда, мәселен, шаруалар реформасының жер кесіп алу арқылы помещиктердің пайдасына шаруаларды турадан-тура талан-таражға түсіргендігі, сөйтіп осы айтулы реакцияшыл күшке тікелей де (шаруа жерінен кесіп алумен), жанамалай да (үлесті жердің шектерін шебер белгілеумен)

қызмет еткендігі сөзсіз. Сондықтан шаруалардан алынған жерді өздеріне дереу қайтарып беруді, крепостниктік мекемелер мен дәстүрлердің тірегі — помещиктік жер иеленушілікті толығымен экспроприациялауды социал-демократтар бар жігерін салып талап етеді. Жерді национализациялаумен сәйкес келетін осы соңғы пунктте социалистік еш нәрсе жоқ, өйткені бұл жағдайда қазір бізде қалыптаса бастаған фермерлік қатынастар тек бұрынғыдан да тезірек қаулап өсіп, өркен жаяр еді, бірақ бұл пункт игі жақсы помещиктерді біржолата күйрете алатын бірден-бір шара ретінде демократиялық мағынада өте-мөте маңызды. Ақырында, шаруалардың қанау мен экспроприацияға ұшырауы шаруалардың правосыздығынан болып отыр дегенді, әрине, тек Южаковтар мен В. В. мырзалар ғана айта алады, бірақ әкімдердің шаруаларды езуі күмәнсыз екендігі былай тұрсын, мұның өзі жай езушіліктен асып түсіп, шаруаларды «оңбаған сілімтіктер» ретінде тікелей жәбірлеуге айналып кетіп отыр, ал бұлардың игі жақсы помещиктердің қарамағында болуы үйреншікті нәрсе, бұларға жалпы азаматтық правоплармен пайдаланудың өзі де ерекше марқабат (мәселен, қоныс аударушылық *) түрінде ғана рұқсат етіледі, сондықтан көрінген помпадур бұларды жұмыс қорасына қамалған жандарға балап, билеп-төстей алады. Сондықтан социал-демократтар шаруалардың азаматтық праволарын толық қалпына келтіру, дворяндарға берілген артықшылық атаулыны толық жою, шаруалардың сыртынан бюрократтық қамқорлық жасауды жою, олардың өз істерін дербес басқаруына ерік беру талабына сөзсіз қосылады.

Тегінде, өздерін **СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР** деп атау және өздерінің іс-әрекетінде **ДЕМОКРАТИЗМНІҢ** орасан маңыздылығын ешқашан да ұмытпау орыс ком-

---

* Бұл жерде қазіргі егіншілік министрі Ермолов мырзаның «Егіннің шықпай қалуы және халық тақсіреті» деген кітабында қоныс аударушылыққа нағыз россиялық крепостникке тән арсыздықпен қарсы шыққанын еске алмай кетуге болмайды. Европалық Россияда помещиктер әлі басы бос жұмыс қолын керек етіп отырғанда, мұндай шараларды мемлекеттік тұрғыдан пайдалы деп санауға болмайдымыс.— Шынында да шаруалар жатып ішер помещиктер мен олардың «жоғары мәртебелі» құйыршықтарын өз еңбектерімен асырау үшін жаралмаса, не үшін жаралыпты?

мунистеріне, марксизмнің ізбасарларына, басқа кімдерден болса да көбірек лайық *.

Россияда орта ғасырлық, жартылай крепостниктік мекемелер қалдықтарының әлде де шексіз күшті екені (Батыс Европаға қарағанда), бұлардың пролетариат пен жалпы халықтың мойнына түскен бұғау ретінде барлық сословиелер мен таптардың саяси ой-пікірлерінің өсуіне кедергі болып отырғаны соншалық, крепостниктік мекеме атаулының бәріне, абсолютизмге, сословиелікке, бюрократияға қарсы күрестің жұмысшылар үшін аса зор маңызы бар екендігін жақтамасқа болмайды. Бұл мекемелердің қандай қатерлі реакциялық күш екендігін, капиталдың еңбекті езуін бұл мекемелердің қалай күшейтіп отырғандығын, еңбекшілерді қалай қорлап, жаныштап отырғандығын, капиталды орта ғасырлық формаларында бөгеп отырғанын, еңбекті қанау жағынан бұл формалардың ең жаңа, индустриялық формалардан кем түспейтіні былай тұрсын, қайта бұл қанаудың үстіне азаттық үшін күреске сұрапыл қиыншылық келтіріп отырғанын жұмысшыларға мейлінше толық көрсетіп беру керек. Реакцияның бұл тіректерін ** құлатпайынша, буржуазияға қарсы ойдағыдай күрес жүргізудің ешбір мүмкін емес екенін, өйткені бұлар тұрғанда жұмысшы табының жеңіп шығуының қажетті шарты ретінде көмегі керек болып отырған орыс-

* Мұның өзі өте маңызды пункт. Плехановтың: біздің революционерлеріміздің «жауы екеу: бірі — әлі жойылып болмаған ескі соқыр сенімдер, ал екіншісі — жаңа программаны тайыз түсінушілік» дегені өте дұрыс. III қосымшаны қараңыз. (Осы томның 359-беті. *Ред.*)

** Біздің революционерлердің азырақ назар аударып келген реакциялық мекемелердің әсіресе бір көрнектісі — Россия мемлекетін de facto (факт, іс жүзінде. *Ред.*) басқарып отырған отандық *бюрократия.* Көбінесе әртектілермен толықтырылып отырған бұл бюрократияның өзі шыққан тегі жағынан да, қызметінің бағдары мен сипаты жағынан да — нағыз буржуазиялық бюрократия, бірақ абсолютизм мен игі жақсы помещиктерге берілген орасан зор саяси артықшылықтар бұған аса зиянды қасиеттер бітірді. Мұның өзі — помещик пен буржуаның мүддесін қоса көздеуді өзінің ең ардақты міндеті деп білетін тұрақты флюгер. Мұның өзі — «экономикасы әлсіз нашарды» кулактар мен өсімқорлардан «қорғау» және соған «қамқорлық» жасау сылтауымен еңбекшілерді «оңбаған сілімтіктер» халіне түсіретін, оларды крепостник помещиктерге басымен байлап беретін және оларды буржуазиядан одан сайын қорғансыз ететін шаралар қолданып, өзінің крепостниктік сүйіспеншілігі мен байланысын жұмысшылар мен шаруаларды алдау үшін қолданатын иудушка. Мұның өзі — Батыс Европадағы реакция шеберлерінің тәжірибесінен тәлім алған және өздерінің аракчеевтік [89] арам ниеттерін халықты сүйетіндігі жөніндегі жалған сөздерімен шебер жасыра білетін ең қауіпті сұрқия.

тың село пролетариатының парасатты да табанды қарсылық көрсетіп, күрес жүргізу орнына тек меңіреу түңілушілікке салыну ғана қолынан келетін, езіліп, жанышталған адамдардың халінен ешқашан да құтыла алмайтынын жұмысшылар білуге тиісті. Сондықтан радикалдық демократиямен қатар тұрып, абсолютизмге және реакциялық сословиелер мен мекемелерге қарсы күрес жүргізу — жұмысшы табының тікелей міндеті, мұны социал-демократтар жұмысшы табының көкейіне қондыра білуге тиісті, сонымен бірге бұл мекемелердің бәріне қарсы күресу буржуазияға қарсы күресті жеңілдету үшін ғана керекті құрал екендігін, жалпы демократиялық талаптарды іске асыру жұмысшыға еңбекшілердің бас дұшпанын — табиғатында таза демократиялық мекемені, *капиталды*, жеңуге жол ашу үшін керек екенін, ал бұл капиталдың біздің Россияда жұмысшыларды жаныштап, жұмысшы қозғалысының жарыққа шығуын неғұрлым күштірек бөгеу үшін реакцияшылдармен одақтасуға, өзінің демократизмін соның жолына құрбан етуге ерекше бейім тұрғандығын бір минут уақытты босқа өткізбей жұмысшы табының құлағына құя беру керек.

Бұл айтылғандар, байқауымызша, социал-демократтардың абсолютизмге және саяси бостандыққа көзқарастарын, сол сияқты олардың саяси бостандық алу үшін, әсіресе соңғы кезде күшейіп отырған революционерлердің барлық фракцияларын «біріктіруге» және «одақтастыруға» бағытталған ағымға [90] көзқарастарын әбден анық көрсетеді.

Мұның өзі — барынша тың және ерекше ағым.

Мұның тың ағым болатын себебі: «одақтасу» туралы ұсыныстар пәлендей және түгендей мәселелерде бір жерге тоғысатын белгілі бір программалары бар белгілі бір топтан немесе белгілі бір топтардан шығып отырған жоқ. Егер мұның өзі осылай болса, одақ туралы мәселе әрбір жеке жағдайдағы мәселе, біріккен топтардың өкілдері шешетін нақты мәселе болар еді. Онда айрықша «біріктіру» ағымы да болмас еді. Бірақ мұның өзі бар ағым және ескіліктен қалып қойған, ал жаңалық атаулыға әлі келіп жетпеген адамдар шығарып жүрген

ағым: абсолютизмге қарсы күрескерлердің осы уақытқа дейін сүйеніп келген теориясы, тегі, күйрей бастаған сияқты, сөйтіп күреске керекті ынтымақ пен ұйымшылдықтың шарттарын да күйрете бастаған сияқты. Міне, енді «біріктіруші» және «одақшыл» мырзалар мұндай теорияның барлық мәнін абсолютизмге қарсы күресті және саяси азаттықты талап етуді ғана көздейтін теорияға айналдырып, бұдан басқа социалистік мәселелер мен социалистік емес мәселелердің бәрін де былай қойып, оңай теория жасап шығаруға болады деп ойлайтын сияқты. Осылайша бірігу жөнінде алғаш әрекет жасаған кезде-ақ осынау аңғырт адасушылықтың өзін-өзі сөзсіз теріске шығаратыны анық.

Ал бұл «біріктіру» ағымының ерекше ағым болатын себебі: ол жауынгер, революцияшыл халықшылдықтың саяси-радикалдық демократизмге айналуындағы соңғы сатыларының бірін айқын корсетеді, мұны (процесті) мен жоғарыда атап отуге тырыстым. Осы көрсетілген тудың астында барлық социал-демократиялық емес революцияшыл топтардың берік бірігуі ескілікті орыс тұрмыс салтының өзгешелігі жөніндегі соқыр сенімдерден түпкілікті қол үзіп, *демократиялық* талаптар ұсынатын тыңғылықты программа жасалған жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл сияқты демократиялық партияның құрылуын социал-демократтар, әрине, ілгері басқан пайдалы қадам деп санайды, сөйтіп социал-демократтардың халықшылдыққа қарсы бағытталған жұмысы бұған көмектесуге, соқыр сенімдер мен ертегі-лақап атаулылардың бәрін жоюға, социалистерді марксизм туының астына топтастыруға және қалған топтардың демократиялық партия құруына көмектесуге тиіс.

Жұмысшылардың дербес жұмысшы партиясы болып ұйымдасуы қажет деп санайтып социал-демократтардың, әрине, бұл партиямен «бірігуі» мүмкін болмас еді, бірақ жұмысшылар демократтардың реакциялық мекемелерге қарсы күресінің қандайына болса да бар жігерін салып көмектескен болар еді.

Халықшылдықтың азғындап, ұсақ буржуазиялық радикализмнің барып тұрған қарапайым теориясына айналуы,— мұны (азғындауды) «халық достары» айдан

анық дәлелдеп отыр,— қоғамдық қатынастарымыздың антагонистік сипатын анықтап алмай, осы себепті саяси азаттықты буржуазия идеологтарының да жақтап отырғанын анықтап алмай, бүкіл еңбекші халықты азат ету жолындағы күрескер орыс жұмысшысының тарихи ролін анықтап алмай, абсолютизмге қарсы күресу идеясын жұмысшылар арасында тараткысы келетін адамдардың қатты қателесетінін бізге айқын көрсетіп отыр.

Маркстің теориясын тек өздері ғана пайдаланғысы келеді деп, ал шынында оның экономикалық теориясын социалистердің бәрі де қолданады деп социал-демократтарды кінәлауды жақсы көретіндер бар. Бірақ мынадай сұрақ туады: егер біздің Россияда жалпы алғанда және барлық жерде де еңбекшілердің қаналуына қоғамдық шаруашылықтың буржуазиялық құрылысы себеп болмай — айталық, жер тапшылығы, алым-салық, әкімдердің қысымдары ғана себеп болып отырған болса, онда жұмысшыларға құн формасын, буржуазиялық тәртіптердің мәнін және пролетариаттың революциялық ролін түсіндіруде қандай мағына бар?

Фабрика жұмысшыларының қалыптасқан табына жатпайтын «халық» бұқарасын былай қойғанда, тап күресінің теориясы тіпті жұмысшының фабрикантпен екі арадағы қатынастарын да ашып бере алмайтын болса (біздегі капитализмді үкімет қолдан қондырыпты-мыс), онда жұмысшыларға бұл теорияны түсіндіруде қандай мағына бар?

Біздегілер коммунизмге апаратын жолдарды капитализмнен тыс және капитализм жасақтап отырған пролетариаттан тыс жерден іздейтін болса, онда коммунизмді капитализм арқылы ұйымдастыратын пролетариаттың революциялық ролі жөнінде қорытындыға келген Маркстің экономикалық теориясын қалайша қабылдауға болады?

Мұндай жағдайда жұмысшыны саяси бостандық жолындағы күреске шақыру оны алдыңғы қатарлы буржуазияға бола отқа түсуге шақырумен бірдей болатындығы анық, өйткені саяси бостандықтың ең алдымен буржуазия мүддесіне ғана қызмет ететінін, ал жұмысшылардың жағдайын жеңілдетпейтінін, тек қана... тек

қана *нақ сол буржуазияның өзіне* қарсы күресу жағдайларын жеңілдететіндігін бекер деуге болмайды (бір айта қаларлық нәрсе, мұны тіпті халықшылдар мен халық ерікшілері де бекер демеген). Мен мұны социал-демократтардың теориясын қабыл алмаса да, революциялық элементтерді тек жұмысшылар арасынан ғана табуға болатындығына тәжірибе жүзінде көздері жеткеннен кейін, өзінің үгітін сол жаққа аударған социалистерге қарсы айтып отырмын. Бұл социалистер өздерінің теориясын практикаға қарама-қарсы қояды және жұмысшыларды **СОЦИАЛИСТІК ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ** жөніндегі тікелей міндетін орындаудан басқа жаққа алаңдатып, өте үлкен қате жасап келеді *.

Бұл қате крепостниктік тәртіп бас көтертпей отырған буржуазиялық қоғамның таптық антагонизмдері әлі мүлде дамып жетпеген кезде, бұл крепостниктік тәртіптің өзі бүкіл интеллигенцияның ынтымақтасқан қарсылығы мен күресін туғызған кезде, осыдан барып біздің интеллигенциямыздың ерекше демократизмі туралы, либералдар мен социалистер идеяларының арасында терең айырмашылық жоқтығы туралы жалған елес туғызған кезде табиғи жолмен пайда болды. Енді,— экономикалық даму соншалық ілгері басып отырған кезде, бұрын Россияда капитализмнің болуына жағдай барлығын бекерге шығарып жүрген адамдардың өздері де біздің дәл капиталистік даму жолына түскендігімізді мойындап отырған кезде,— енді бұл жөнінде ешбір жалған елес болуы мүмкін емес. «Интеллигенцияның» құрамы да, материалдық игіліктерді өндіру ісімен шұғылданып отырған қоғам құрамы сияқты, айқын біліпп

* Жұмысшыларды абсолютизмге қарсы күреске котеру қажет деген қорытындыға екі түрлі жолмен келуге болады: *не* жұмысшыға социалистік құрылыс жолындағы бірден-бір күрескер деп қарау керек, ал онда саяси бостандықты оның күресін жеңілдететін жағдайлардың бірі деп білу керек. Социал-демократтар мәселеге осылай қарайды. *Не* жұмысшыға осы күнгі тәртіптерден ең көп қорлық көрген адам деп қарап, оның жоғалтатын еш нәрсесі де жоқ деп, сондықтан ол абсолютизмге жұрттың бәрінен де гөрі батылырақ қарсы шығады деп қарау керек. Бірақ мұның мәнісі — абсолютизмге қарсы бүкіл «халықтың» ынтымағы дейтіннің тасасынан буржуазия мен пролетариат арасындағы антагонизмді көргілері келмейтін буржуазиялық радикалдардың соңына еруге жұмысшыны мәжбүр ету деген сөз болмақ.

келеді: егер бұл қоғамда капиталист билеп-төстеп отырған болса, алғашқылар арасында барған сайын шапшаң өсе түскен мансапқорлар мен буржуазияның жалдамалар тобы — сандырақтың қандайынан болса да аулақ жатқан және өзінің керегін жақсы білетін, бәріне де риза, жайбарақат отырған «интеллигенция» — билік айтады. Біздің радикалдар мен либералдар бұл фактіні бекерге шығармайтындығы былай тұрсын, қайта мұны мейлінше баса көрсетіп, мұның адамгершілікке жатпайтындығын дәлелдеп, айыптауға, бар күшімен талқандауға, ұялтуға... сөйтіп жойып жіберуге әрекеттенеді. Буржуазиялық интеллигенцияны оның буржуазиялығы үшін *ұялтпақ* болған бұл аңқаулық дәме мещандық экономистердің біздің буржуазияны («ағаларының» тәжірибелеріне сүйене отырып) халықты күйзеліске, қайыршылыққа, жұмыссыздыққа және ашаршылыққа ұшыратқалы отырсыңдар деп қорқытпақшы болғаны сияқты өте рабайсыз дәме; буржуазия мен оның идеологтарын бұлайша соттаудың өзі қармаққа ілінген шортанды өзенге тастау керек деп шешкен соттың ұйғарымына ұқсайды. Бұлардан әрі қарай прогресс, ғылым, шындық, халық, т. б. туралы сансыз сылдыр сөздерді судай ағызатын және талас-тартыс, құлдырау, зарығу мен торығу дегендеріңді білмеген, жүрек біткен демократизм жалынымен лаулаған 60-жылдарды жоқтап зарланғыш либералдық және радикалдық «интеллигенция» басталады.

Ол кездегі ынтымақты туғызған сол кездің материалдық жағдайлары екенін, ол жағдайлардың енді қайтып оралмайтынын сүйегіне біткен аңқаулықтан бұл мырзалардың мүлде түсінгілері келмейді: крепостниктік право жұрттың бәрін де — жинап алған ақшасының рақатын көріп жатқысы келген крепостной бурмистрді де, алым-салығы үшін, шаруашылығына қол сұғып, одан қол үздіре бергені үшін байбатшаны жек көрген әлді мужикті де, кісі есігінде жүрген пролетарийді де, көпеске кіріптарлыққа сатылып жіберілген жарлы мужикті де бірдей қысымға алып отырды; одан фабрикант-көпесте, жұмысшы да, майдагер де, кіші мастер де азап шекті. Барлық осы адамдардың арасындағы бір ғана байла-

ныс — бұлардың бәрі де крепостниктікке жау еді: осы ынтымақтылықтан әрі қарай нағыз күшті шаруашылық антагонизмі басталды. Осылайша мықтап өршіген осы антагонизмді бұл уақытқа дейін көрмеу үшін адам өзін-өзі тәтті қиялмен қаншама жұбатуы керек; өмір шындығы күресті талап етіп отырғанда, ЕРІКТІ немесе ЕРІКСІЗ түрде буржуазияның қолшоқпары болғысы келмейтін әрбір адамның пролетариат жағына шығуын талап етіп отырғанда ынтымақтылық заманының қайтып оралуын көксеу үшін адам өзін-өзі тәтті қиялмен қаншама жұбатуы керек десеңізші.

Егер сіз «халық мүдделері» деген лепірме сөздерге нанбай, мұның мәніне тереңірек үңілер болсаңыз,— онда әр түрлі бейкүнә прогрестер арқылы өздерінің (олардың тілінде «халықтың») шаруашылығын жақсартуды, оны сүйемелдеуді және қалпына келтіруді арман еткен, бірақ қазіргі өндірістік қатынастар негізінде бұл сияқты прогрестердің бұқараны тек барған сайын көбірек пролетариаттандыра беретіндігін мүлде түсінбейтін ұсақ буржуазияның барып тұрған идеологтарының алдыңызда тұрғанын көресіз. Біздің интеллигенцияның таптық сипатын әбден ашуға көп қолғабыс еткендігі үшін, сөйтіп біздің ұсақ өндірушілердің ұсақ буржуазиялығы туралы марксистердің теориясын растағаны үшін «халық достарына» алғыс айтпасқа болмайды; орыс социалистерін осынша ұзақ уақыт алаң етіп келген ескі жалған үміттер мен ертегілердің құрып бітуін олар сөзсіз тездетуге тиіс. «Халық достарының» бұл теорияларды сүйрелеп тоздырғаны, былғағаны соншалық, осы теорияларды жақтайтын орыс социалистерінің алдына екінің бірін қалау сөзсіз қойылғалы отыр: не бұл теорияларды қайтадан қарап шығу керек, не бұларды мүлде аластап тастау керек, сөйтіп бұл теорияларды шаруа байларының жақсартылған құрал-сайман сатып алып жатқаны туралы urbi et orbi * мәз-майрам бола жариялап жүрген мырзалардың,— жасыл стол басында отырудан жалыққан адамдарды құттықтау қажет деп байсалды түрмен сізді сендірмек болып жүрген мырзалар-

---

* — бүкіл әлемге. *Ред.*

дың емін-еркін пайдалануына беріп қою керек. Олар «халықтық құрылыс» пен «интеллигенция» туралы нақ осы мағынада байсалды түрмен әңгіме етіп қана қоймайды, тіпті зор мұраттар, өмір мәселелерін мінсіз жолға қою туралы талабы таудай жел сөздер айтып күпінеді!..

Жалған үміттерді тастап, тіректі Россияның көксеулі дамуынан емес, шын дамуынан іздегенде ғана, ықтимал қоғамдық-экономикалық қатынастардан емес, шын қоғамдық-экономикалық қатынастардан іздегенде ғана социалистік интеллигенция өз жұмысын жемісті болады деп есептей алады. Бұл ретте оның **ТЕОРИЯЛЫҚ** жұмысы *Россиядағы экономикалық антагонизмнің барлық формаларын нақты зерттеуге, бұлардың байланысы мен дәйекті дамуын зерттеуге* бағытталуға тиіс; бұл жұмыс *осы антагонизмді барлық жерде оның саяси тарихпен, праволық тәртіптердің өзгешеліктерімен, орнап келген теориялық соқыр сенімдермен бүркеулі жатқан жерлерінің бәрінде де ашып көрсетуі* керек. Бұл жұмыс *өндірістік қатынастардың белгілі системасы болған өмір шындығымыздың тұтас суретін беруі керек, бұл система тұсында еңбекшілердің қаналуы мен экспроприациялануы сөзсіз екенін көрсетуі керек, экономикалық даму көрсетіп отырған бұл тәртіптерден құтылудың жолын көрсетуі керек.*

Орыс тарихы мен өмір шындығын бастан-аяқ, жете зерттеуге негізделген бұл теория пролетариаттың сұрағына жауап беруге тиісті,— ал егер ол ғылыми талаптарды қанағаттандырарлық болып шықса, онда пролетариаттың наразылық білдірерлік ой-пікірінің оянуы бұл ой-пікірді социал-демократизмнің арнасына әкеліп түсірмей қоймайды. Бұл теорияның жасалуы неғұрлым ілгері басқан сайын социал-демократизм соғұрлым тез өсетін болады, өйткені осы заманғы тәртіптерді қорғаушы ең айлакер адамдар да пролетариаттың ой-пікірінің оянуына кедергі бола алмайды, кедергі бола алмайтын себебі, өндірушілердің экспроприациялануының бірденбірге күшейе беруін, пролетариат пен оның резерв армиясының барған сайын өсуін сол тәртіптердің өздері-ақ қажет етеді және сөзсіз туғызып отырады — ал мұ-

ның өзі қоғамдық байлықтың ілгері басуымен, өндіргіш күштердің қаулап өсуімен және капитализмнің еңбекті қоғамдастыруымен қатар жүріп отырады. Мұндай теорияны жасап шығаруға әлі қаншама көп уақыт бар десек те, социалистер бұл жұмысты орындай алады,— бұған программа атаулының шындық процестің дәл тұжырымы болуын талап ететін бірден-бір ғылыми метод болған материализмнің социалистер арасында таралуының өзі кепіл болады, бұған осы идеяларды қабылдап отырған социал-демократияның табысы кепіл,— бұл табыстың біздің либералдар мен демократтарды дүрліктіргені соншалық, бір марксистің айтқанындай, олардың қалың журналдарын оқудан енді адам жалықпайтын болды.

Социал-демократтардың теориялық жұмысының қажеттілігін, маңыздылығын және аса зор екендігін баса айтқанда, мен мүлде бұл жұмыс **ПРАКТИКАЛЫҚ** * жұмысқа қарағанда бірінші орын алсын дегім келіп отырған жоқ,— ал екінші жұмыс бірінші жұмыс аяқталғанға дейін тоқтай тұрсын демейтінім екі бастан белгілі. Тек «социологиядағы субъективтік методты» жақтаушылар ғана немесе утопиялық социализмнің жолын қуушылар ғана осындай қорытындыға келе алар еді. Әрине, егер социалистердің міндеті — елдің «дамуының басқа (шын жолынан басқа) бір жолдарын» іздеу болса, онда практикалық жұмысты данышпан философтар сол «басқа жолдарды» тауып, көрсеткеннен кейін ғана жүргізуге мүмкін болатындығы табиғи нәрсе; ал мұның керісінше, егер ол жолдар ашылған және көрсетілген болса,— онда теориялық жұмыс бітеді де, «отанды» «жаңа ашылған» «басқа жолға» түсіретін адамдардың жұмысы басталады. Ал социалистердің міндеті қазіргі қоғамдық-экономикалық дамудың *шын* жолында тұрған шын, нағыз дұшпандарға қарсы пролетариаттың шын күресінде пролетариатқа идеялық жағынан басшылық

* Керісінше. 1-орынға әр уақытта сөзсіз насихат пен үгіттің практикалық жұмысы қойылады, оның себебі, біріншіден, теориялық жұмыс практикалық жұмыстың қойған сұрақтарына ғана жауап беріп отырады. Ал, екіншіден, социал-демократтарға, өздеріне байланыссыз себептермен, екінің бірінде жалғыз теориялық жұмыспен ғана шектелуге тура келеді, сондықтан практикалық жұмыс жүргізуге мүмкіндік туған кезде оны қымбат санамасына болмайды.

ету болған күнде істің түрі мүлде басқаша болады. Бұл жағдайда теориялық жұмыс пен практикалық жұмыс бірге қосылып кетеді, мұны герман социал-демократиясының ардагері Либкнехт:

Studieren, Propagandieren, Organisieren*

деп өте дәл сипаттаған болатын.

Жоғарыда көрсетілген теориялық жұмыс болмайынша идеялық басшы болу мүмкін емес, сол сияқты бұл жұмысты істің мүддесіне сәйкес жүргізбейінше, осы теорияның нәтижелерін жұмысшылар арасында насихаттамайынша және олардың ұйымдасуына көмектеспейінше ондай басшы болу да мүмкін емес.

Міндеттің осылай қойылуы социалистер топтары сондай жиі зардап шеккен кемшіліктерден,— догматизм мен сектанттықтан социал-демократтарды аман сақтайды.

Доктринаның ең жоғарғы және бірден-бір өлшемі оның қоғамдық-экономикалық дамудың шын процесіне сәйкес келуі болып отырған жерде догматизм болмақшы емес; міндет пролетариатты ұйымдастыруға көмектесу болып отырған кезде, демек, «интеллигенцияның» ролі айрықша интеллигент басшыларды керексіз ету болып отырған кезде сектанттық та болмақшы емес.

Сондықтан марксистер арасында әр түрлі теориялық мәселелер жөнінде алауыздық болғанына қарамастан, олардың саяси қызметінің тәсілдері топ болып құрыла бастағаннан бастап осы уақытқа дейін бұрынғы қалпында қалып келеді.

Социал-демократтардың саяси қызметінің мақсаты — Россиядағы жұмысшы қозғалысының дамуы мен ұйымдасуына көмектесу, жұмысшы қозғалысын осы күнгі бытыраңқы қалпынан, жетекші идеясы жоқ қарсылық көрсету, «бүліктер» мен стачкалар жасау әрекеттерінен айықтырып, буржуазиялық тәртіпке қарсы бағытталған және экспроприаторларды экспроприациялауды көздейтін, еңбекшілерді езуге негізделген қоғамдық тәртіптер-

* — Үйрену, насихаттау, ұйымдастыру. *Ред.*

ді жоюды көздейтін **БҮКІЛ** орыс жұмысшы **ТАБЫНЫҢ** ұйымдасқан күресіне айналдыруға көмектесу. Россияның барлық еңбекшілері мен қаналушы халқының бірден-бір табиғи өкілі — орыс жұмысшысы ғана деген марксистердің жалпы сенімі бұл қызметтің негізі * болады.

Табиғи болатын себебі, Россиядағы еңбекшілерді қанау, крепостниктік шаруашылықтың құрып бара жатқан қалдықтарын есепке алмағанда, *барлық жерде де өзінің мәні жағынан капиталистік қанау болып табылады;* бірақ өндірушілер бұқарасының қаналуы ұсақ, бытыраңқы, дамып жетпеген қаналу, ал фабрика-завод пролетариатының қаналуы ірі, қоғамдастырылған және шоғырланған қаналу. Бастапқы ретте бұл қанау әлі де орта ғасырлық формалармен, әр түрлі саяси, юридикалық, тұрмыстық бүркеншіктермен, айла-шарғылармен шырмалған, бұлар еңбекші мен оның идеологының еңбекшілерді жаншып тұрған тәртіптердің мәнісін көріп-білуіне, бұл халден құтылу жолы қайда және қандай екенін көріп-білуіне бөгет болуда. Ал соңғы ретте, керісінше, қанау мейлінше дамып жетілген және істі шатастыратын бүркеулері жоқ мүлдем таза түрінде ашық көрінеді. Өзін езіп отырған *капитал* екенін, күресті буржуазия *табына* қарсы жүргізуге тура келетінін жұмысшының енді көрмеуі мүмкін емес. Сондықтан жұмысшының ең жақын арадағы экономикалық қажеттерін қанағаттандыруға, өзінің материалдық жағдайын жақсартуға бағытталған осы күресі жұмысшылардан ұйымдасуды талап етпей қоймайды, жеке адамға емес, *тапқа* қарсы, бір ғана фабрикалар мен заводтарда емес, барлық жерде де еңбекшілерді езіп-жаншып отырған тапқа қарсы айқасқа айналмай қоймайды. Міне, сондықтан фабрика-завод жұмысшысы барлық қаналушы халықтың дәл алдыңғы қатарлы өкілі болып табылады, ал оның ұйымдасқан, табанды күрес арқылы өзінің өкілдігін іс жүзіне асыруы үшін оны қайдағы бір «бо-

* Шаруа социализмінің өкілдері, сөздің ең кең мағынасында алғанда халықшылдар Россияда келешектің адамы мужик деп ойлаған. Ал социал-демократтар Россияда келешектің адамы — жұмысшы деп ойлайды. Марксистердің көзқарастары бір қолжазбада осылайша тұжырымдалған.

лашақ нысаналармен» алаңдатудың ешбір қажеті жоқ; бұл үшін тек қана *оның өз жағдайын түсіндіру,* өзін езіп отырған системаның саяси-экономикалық құрылысын түсіндіру, бұл система тұсында таптық антагонизмнің қажеттігін және болмай қоймайтындығын түсіндіру керек болады. Капиталистік қатынастардың жалпы системасындағы фабрика-завод жұмысшысының осындай жағдайы оны жұмысшы табының азаттығы жолындағы бірден-бір күрескер етіп шығарады, өйткені бұл күрес үшін қажетті материалдық жағдайлар мен әлеуметтік күштерді капитализм дамуының ең жоғары сатысы ғана, ірі машиналы индустрия ғана жасайды. Басқа орындардың барлығында да, капитализм дамуының төменгі формалары тұсында, мұндай материалдық жағдайлар жоқ: өндіріс мың сан ұсақ шаруашылыққа бөлшектелген (қауымдық жер *иеленудің* барып тұрған теңгерме формалары тұсында да бұлар бытыраңқы *шаруашылық* күйінде қала береді), қаналушы көбінесе әлі де болмашы ұсақ шаруашылықты иеленетіндіктен буржуазиялық системаға, өзі күресуге тиісті системаға таңулы болады: мұның өзі капитализмді құлату қолынан келетін әлеуметтік күштердің дамуын бөгеп, қиындатады. Бытыраңқы, жеке-дара ұсақ қанау еңбекшілерді бір орынға жіпсіз байлайды, оларды ыдыратады, өздерінің таптық ынтымағын ұғынуына мүмкіндік бермейді, езілудің себебі белгілі бір жеке адамда емес, бүкіл шаруашылық системасында екенін түсініп, бірігуіне мүмкіндік бермейді. Мұның керісінше, ірі капитализм жұмысшының ескі қоғаммен, белгілі бір орынмен және белгілі бір қанаушымен барлық байланысын сөзсіз үзеді, жұмысшылардың басып қосады, ой-пікірін тербетеді және ұйымдасқан түрде күрес бастауына мүмкіндік беретін жағдай туғызады. Сондықтан да социал-демократтар өздерінің барлық назарын, өздерінің бүкіл қызметін жұмысшылар табына аударады. Жұмысшы табының алдыңғы қатарлы өкілдері ғылыми социализм идеяларын, орыс жұмысшысының тарихи ролі туралы идеяны ұғынған кезде, бұл идеялар кең өріс алып, жұмысшылар арасында жұмысшылардың қазіргі бытыраңқы экономикалық айқасын саналы тап күресіне айналдыра-

тын берік ұйымдар құрылған кезде,— сол уақытта барлық демократияшыл элементтерді бастап аттанған орыс **ЖҰМЫСШЫСЫ** абсолютизмді құлатып, **ОРЫС ПРОЛЕТАРИАТЫН (БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ** пролетариатымен қатар) *ашық саяси күрестің тура жолымен* **ЖЕҢІМПАЗ КОММУНИСТІК РЕВОЛЮЦИЯҒА БАСТАП АПАРАДЫ.**

Соңы.

1894.

ными __хозяйствами__ при самыхъ уравнительныхъ формахъ общиннаго земле__владѣнія__), эксплуатируемый большею частью владѣетъ еще крошечнымъ хозяйствомъ и так. обр. привязывается къ той самой буржуазной системѣ, противъ к-рой долженъ вести борьбу: это задерживаетъ и затрудняетъ развитіе тѣхъ соціальныхъ силъ, к-рыя способны ниспровергнуть капитализмъ. Раздробленная, единичная, мелкая эксплуатація привязываетъ трудящихся къ мѣсту, разобщаетъ ихъ, не даетъ имъ возможности уразумѣть своей классовой солидарности, не даетъ возможность объединиться, показавъ, что причина угнетенія — не та или другая личность, - а вся хозяйственная система. Напротивъ, крупный капитализмъ неизбѣжно разрываетъ всякую связь рабочаго со старымъ обществомъ, съ опредѣленнымъ мѣстомъ и опредѣленнымъ эксплуататоромъ, объединяетъ его, заставляетъ мыслить и ставитъ въ условія, дающія возможность начать организованную борьбу. На классъ рабочихъ и обращаютъ соціалъ-демократы все свое вниманіе и всю свою дѣятельность. Когда передовые представители его усвоятъ идеи научнаго соціализма, идею объ исторической роли русскаго рабочаго, когда эти идеи получатъ широкое распространеніе и среди рабочихъ создадутся прочныя организаціи, преобразующія теперешнюю разрозненную экономическую войну рабочихъ въ сознательную классовую борьбу, - тогда русскій **РАБОЧІЙ**, поднявшись во главѣ всѣхъ демократическихъ элементовъ, свалитъ абсолютизмъ и поведетъ **РУССКІЙ ПРОЛЕТАРІАТЪ** (рядомъ съ Пролетаріатомъ **ВСѢХЪ СТРАНЪ**) прямой дорогой открытой политической борьбы къ **ПОБѢДОНОСНОЙ**

КОММУНИСТИЧЕСКОЙ РЕВОЛЮЦІИ.

Конецъ.

1894.

В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабының гектографқа басылып шыққан III бөлімінің соңғы беті — 1894 ж.

Кішірейтілген

І қосымша

Бұл кестеде тексте айтылған 24 бюджет туралы мәліметтерді келтіріп отырмын.

Острогожск уезі бойынша 24 типтік шаруа шаруашылығының құрамы мен бюджеттері туралы мәліметтердің жинағы.

Кестені түсіндіру.

1) Алғашқы 21 графа түгелінен жинақтап алынды. 22-графа жинақтың қара бидай, бидай, сұлы мен арпа, тары мен қарақұмық, қалған астықтар мен картоп, овощ пен пішен жөніндегі графаларын біріктіреді (8 графа). Сабан мен топанды шығарып тастағанда, астықтан кіретін табыстың (23-графа) қалай есептелгендігі тексте айтылған. Бұдан кейін 24-графа жинақтың жылқы, ірі қара, қой, шошқа, құс, тері мен жүн, май мен ет, сүт өнімдері, сары май жөніндегі графаларын біріктіреді (9 графа). 25—29-графалар түгелінен жинақтан алынды. 30—34-графалар жинақтың қара бидайға, бидайға, тары мен қарақұмыққа, картопқа, овощқа, тұзға, сары майға, іш май мен етке, балыққа, сүт өнімдеріне, араққа, шайға шыққан шығындар жөніндегі графаларын біріктіреді (12 графа). 35-графа жинақтың сабынға, керосинге, балауызға, киім-кешекке және ыдыстарға шығарылған шығындар жөніндегі графаларын біріктіреді (4 графа). Қалған графалардың бәрі де айқын.

2) 8-графа арендаға алынған жердің десятина саны мен үлесті егістік жердің десятина санын қосу арқылы анықталған (жинақта мұндай графа бар).

3) «Табыс пен шығынның бөлінуі» деген графалардағы төменгі цифрлар *шығын мен табыстың ақшалай бөлігін көрсетеді.* 25—28 және 37—42-графаларда барлық ақшалай табыс (шығын) көрсетілді. Ақшалай бөлігі (автор оны бөліп көрсетпеген) өз шаруашылығында тұтынғанын жалпы табысынан шығарып тастау арқылы анықталды.

Үй қожайындарының топтары мен олардың саны		Үй ішіндегі еркек-әйел саны	Еркек қызмет-керлер саны	Батырақтар: Батырақ-тары бар үйлер	Батырақтар: Еркек-әйел батырақ-тар саны
		1	2	3	4
6 ауқатты үй қожа-йынында	Сомасы	47	11	6	8
	1 қожайынға орта есеппен	7,83	1,8	—	—
11 орта ауқаты бар үй қожайы-нында	Сомасы	92	26	2	2
	1 қожайынға орта есеппен	8,36	2,4	—	—
7 кедей үй қожа-йынында	Сомасы	37	10	2	2
	1 қожайынға орта есеппен	5,28	1,4	—	—
24 үй қожайы-нының *барлы-ғында*	Сомасы	176	47	10	12
	1 қожайынға орта есеппен	7,33	1,9	—	—
2 баты-рақта (кедейлер санына қосыл-ғандар)	Сомасы	9	2	—	—
	1 қожайынға орта есеппен	4,5	1	—	—

Үлесті жері десятина есебімен	Аренда		Барлық егістік жерлер	Қоракопсылар саны	Өнеркәсіп орындарының саны	Егіншілік құралдарының саны	Мал (бас есебімен)	
	Үйлер	Десятиналар					Жұмыс көлігі	Ірі қараға шаққанда барлығы
5	6	7	8	9	10	11	12	13
132,6	6	52,8	123,4	52	4	224	35	81
22,1	—	8,8	20,6	8,6	—	37,3	5,8	13,5
101,2	10	85,5	140,2	70	—	338	40	89,1
9,2	—	7,7	12,7	6,4	—	30,7	3,6	8,1
57,8	4	19,8	49,8	31	—	108	7	15,3
8,5	—	2,8	7,1	4,4	—	15,4	1	2,2
291,6	20	158,1	313,4	153	4	670	82	185,4
12,1	—	6,6	13	6,4	—	27,0	3,4	7,7
14,4	—	—	6,8	6	—	11	—	1,1
7,2	—	—	3,4	3	—	5,5	—	0,5

Үй қожайындарының топтары мен олардың саны		Құны, сом есебімен						
		Қора-қопсы	Қозғалмайтын басқа мүліктер	Құрал-саймандар	Жиhаз-мүлік	Киім-кешек	Мал және бал арасы	Барлығы
		14	15	16	17	18	19	20
6 ауқатты үй қожайынында	Сомасы	2 696	2 237	670,8	453	1 294,2	3 076,5	10 427,5
	1 қожайынға орта есеппен	449,33	372,83	111,80	75,5	215,7	512,75	1 737,91
11 орта ауқаты бар үй қожайынында	Сомасы	2 362	318	532,9	435,9	2 094,2	2 907,7	8 650,7
	1 қожайынға орта есеппен	214,73	28,91	48,44	39,63	190,38	264,33	786,42
7 кедей үй қожайынында	Сомасы	835	90	112,3	254	647,1	605,3	2 543,7
	1 қожайынға орта есеппен	119,28	12,85	16,04	36,29	92,45	86,47	363,38
24 үй қожайынының *барлығында*	Сомасы	5 893	2 645	1 316	1 142,9	4 035,5	6 589,5	21 621,9
	1 қожайынға орта есеппен	245,55	110,21	54,83	47,62	168,14	274,56	900,91
2 батыракта (кедейлер санына қосылғандар)	Сомасы	155	25	6,4	76,8	129,3	9,1	401,6
	1 қожайынға орта есеппен	77,5	12,5	3,2	38,4	64,65	4,55	200,8

Кредит берешегінің сомасы. Сом есебімен	Табыстың бөлінуі							
	Егіншіліктен		Мал өсіруден	Ара өсіру мен бақ өсіруден	Кәсіпшіліктен	Кәсіпорындарынан	Түрлі табыстар	Барлығы, сом есебімен
	Барлығы	Соның ішінде астықтан						
21	22	23	24	25	26	27	28	29
80	61,2% 3 861,7 1 774,4	2 598,2 1 774,4	15,4% 972,6 396,5	4,3% 271	6,5% 412	5% 320	7,6% 482,2	100 % 6 319,5 3 656,1
13,3	643,6	—	162,1	45,2	68,6	53,3	80,4	1 053,2 609,3
357	60,7% 3 163,8 899,9	2 203,8 899,9	16,1% 837,5 423,2	0,7% 36,1	18,8% 979,3	—	3,7% 195,5	100% 5 212,2 2 534
32,4	287,7	—	76,1	3,2	89	—	17,8	473,8 230
233,6	48,7% 689,9 175,25	502,08 175,24	22,9% 324,2 216,6	1,9% 27	23,8% 336,8	—	2,7% 39	100% 1 416,9 794,64
33,4	98,5	—	46,3	3,9	48,1	—	5,5	202,4 113,5
670,6	59,6% 7 715,4 2 849,54	5 304,8 2 849,54	16,5% 2 134,3 1 036,3	2,6% 334,1	13,3% 1 728,1	2,5% 320	5,5% 716,7	100% 12 948,6 6 984,74
27,9	321,5	—	88,9	13,9	72	13,3	29,9	539,5 291,03
50	59,5 3	—	5,7 4,8	—	128,8	—	4	198 140,6
25	29,75	—	2,85	—	64,4	—	2	99 70,3

Үй қожайындарының топтары мен олардың саны		Шығындар					
		Тағамдар					Киім-кешек және үй керек-тері
		Барлығы	Өсімдік тағам	Басқа тағамдар	Оның ішінде		
					Сүт, ет және басқалары	Тұз, арақ, шай	
		30	31	32	33	34	35
6 ауқатты үй қожайынында	Сомасы ..	29,2% 1 500,6 218,7	823,8	676,8	561,3 103,2	115,5	8,2% 423,8 58,6
	1 қожайынға орта есеппен ..	250,1	—	—	—	—	70,63
11 орта ауқаты бар үй қожайынында	Сомасы	37,6% 1 951,9 257,7	1 337,3 33,4	614,6	534,3 144	80,3	10,6% 548,1 49,5
	1 қожайынға орта есеппен ...	177,45	—	—	—	—	49,83
7 кедей үй қожайынында	Сомасы	42,1% 660,8 253,46	487,7 160,96	173,1	134,4 53,8	38,7	14,6% 229,6 26,8
	1 қожайынға орта есеппен	94,4	—	—	—	—	32,8
24 үй қожайынының *барлығында*	Сомасы	34,6% 4 113,3 729,86	2 648,8	1 464,5	1 230	234,5	10,1% 1 201,5 134,9
	1 қожайынға орта есеппен	171,39	110,37	61,02	51,25	9,77	50,06
2 қызметкерде (кедейлер санына қосылғандар)	Сомасы	81,7 50,7	72,1 42,5	9,6	6,1 4,7	3,5	14,9 4,6
	1 қожайынға орта есеппен	40,85	—	—	—	—	7,45

дың бөлінуі								
Мал бағу шығындары	Күш-көлік және құрал-саймандар	Қызметкерлер мен бақташыларға	Аренда	Алым-салық	Поптарға	Түрлі шығындар	Барлығы, сом есебімен	Таза табысы + жетіспейтіні —
36	37	38	39	40	41	42	43	44
24,9% 1 276,6	9,4% 484,5	13,5% 691,7	6,5% 332	4,9% 253,5	1,1% 56	2,3% 116,5	100% 5 135,2 2 211,5	+1 184,3
212,76	80,75	115,29	55,33	42,25	9,33	19,42	855,86 368,6	+ 197,34
21,2% 1098,2	5% 256	0,9% 47,6	6,8% 351,7	4,9% 254,9	1,3% 69,9	11,7% 609,4	100% 5 187,7 1 896,7	+ 24,5
99,84	23,27	4,33	31,97	23,17	6,35	55,4	471,6 172,5	+ 2,19
15,6% 243,7	7,1% 110,6	1,6% 24,3	6% 94,5	6,5% 101,8	1,8% 28	4,7% 73,2	100% 1 566,5 712,66	— 149,6
34,81	15,8	3,47	13,5	14,54	4	10,46	223,78 101,8	— 21,38
22,2% 2 618,5	7,1% 851,1	6,4% 763,6	6,5% 778,2	5,1% 610,2	1,3% 153,9	6,7% 799,1	100% 11 889,4 4 820,86	+1 059,2
109,1	35,46	31,82	32,43	25,43	6,41	33,29	495,39 200,87	+ 44,11
8	53,2	0,4	—	22,6	2,8	3,3	186,9 137,6	+ 11,1
4	26,6	0,2	—	11,3	1,4	1,65	93,45 68,8	+ 5,55

II қосымша

Ник.— онды сынағанда Струве мырзаның ең басты мәселенің бірі етіп «Маркстің тап күресі және мемлекет туралы ілімі орыстың саяси экономия маманына мүлде жат» деген қағиданы алғаны әбден әділ. Струве мырзаның осы бір ғана шағын (4 бағана) заметкасы бойынша оның көзқарастарының жүйесі туралы белгілі бір пікір айтуға, Кривенко мырзадай, менің батылым бармайды (оның басқа мақалалары маған белгісіз); сонымен бірге оның ұсынған қағидаларының бәріне бірдей қосыла алмайтынымды да айтпасқа болмайды, сондықтан да оның мақаласын түгелінен жақтай алмаймын, тек оның келтіріп отырған кейбір негізгі қағидаларын ғана жақтаймын. Бірақ қалай дегенде де көрсетілген жағдай мейлінше дұрыс бағаланған: шынында да, капиталистік қоғамға тән тап күресін түсінбеу — Ник.— он мырзаның *негізгі қатесі*. Тіпті оның теориялық қағидалары мен зерттеулерінің өзінен социал-демократиялық қорытындылар сөзсіз келіп шығуы үшін осы бір ғана қатені түзетудің өзі де жеткілікті болар еді. Шынында да, тап күресін елемеу марксизмді нағыз сорақы түрде түсінбегендікті көрсетеді, ал мұндай түсінбеушілікті Ник.— он мырзаға мін етіп тағу өте орынды болады, өйткені ол өзін тегінде Маркс принциптерін барынша жақтайтын адам етіп көрсеткісі келеді. Тап күресі туралы ілім — Маркс көзқарастарының бүкіл жүйесінің өзегі екенін аз да болса Маркстi білетін адам теріс дей алар ма?

Ник.— он мырза, әрине, Маркс теориясын, оның, айталық, мәселен, орыс тарихы мен өмір шындығы жайындағы деректерге жанаспайтындығы себепті осы пунктінен басқасын, қабылдай алатын еді,— бірақ онда, біріншіден, Маркстің теориясы біздегі тәртіптерді түсіндіріп береді деудің өзі мүмкін болмас еді, тіпті бұл теория туралы және капитализм туралы сөз қылуға да мүмкін болмас еді, өйткені теорияны қайта жасауға және антагонистік қатынастар мен таптардың күресі дегендеріңді білмейтін басқа бір капитализм туралы ұғым жасап шығаруға тура келген болар еді. Қалай дегенде де, мұны егжей-тегжейіне дейін қалдырмай толық айтып өту керек еді, марксизмнің *А* әрпін сөз қыла отырып, *Б* әрпін автордың соз қылғысы келмеуінің себебін түсіндіру керек еді. Ник.— он мырза мұның бірде-бірін істеуге әрекеттенген жоқ.

Сондықтан да Ник.— он мырзаның тап күресін түсінбеуі оны *утопист* етіп отыр деп Струве мырзаның қорытынды жасауы өте орынды, өйткені капиталистік қоғамдағы тап күресін елемейтін адам eo ipso * осы қоғамның қоғамдық-саяси өмірінің барлық шынайы мазмұнын да елемейді және өзінің ойындағысын іске асыру үшін бейкүнә қиялдар саласында шарықтап жүруге сөзсіз душар болады. Бұл түсінбеушілік оны *реакцияшыл* етеді, өйткені «қоғам» мен «мемлекетке», яғни буржуазияның идеологтары мен саясатшыларына жүгінушілік тек қана социалистерді жолдан тайдырады, пролетариаттың қас дұшпандарын одақтастар деп таныттқызады, мұның өзі жұмысшылардың азаттық алу жолындағы күресін күшейтуге, анықтауға және жақсылап ұйымдастыруға көмектесу орнына бұл күресті тек қана бөгей алады.

Струве мырзаның мақаласы туралы сөз болған соң бұл жерде Ник.— он мырзаның «Русское Богатствоның» 6-номеріндегі жауабына да тоқталмай кетуге болмайды **.

---

* — осы арқылы. *Ред.*

** Тегінде Ник.— он мырза өзінің «Русское Богатстводағы» мақалалары арқылы өзінің мещандық радикализмнен, жұрттың ойлағанын-

«Бақсақ,— дейді Ник.— он мырза, фабрика-завод жұмысшылары өсуінің баяулығы туралы, жалпы халықтың өсуінен оның кейін қалып отырғаны туралы мәліметті келтіре отырып,— бақсақ, біздегі капитализм өзінің «тарихи міндетін» орындай алмай отырғаны былай тұрсын, сонымен бірге ол өз дамуына өзі кедергі жасайтын көрінеді. Міне, сондықтан да, былайша айтқанда, «өз отанының дамуына Батыс Европа өркендеп келген және қазірде өркендеп отырған жолдан басқа даму жолын» іздеп табуға тырысушылардікі мың мәрте дұрыс. (Осыны жазып отырған да Россияның сол капиталистік жолмен дамып отырғанын мойындаушы адам!) Ник.— он мырза бұл «тарихи міндеттің» орындалмауының себебі «қауымға қас шаруашылық ағым (яғни капитализм) сол қауым тіршілігінің түп негіздерін қиратады, бірақ Батыс Европаға сонша тән болған және Солтүстік Америкада ерекше қатты біліне бастаған біріктірушілік маңызын мұнда көрсете алмай отыр», дейді.

Басқа сөздермен айтқанда, капитализмге «халық өміріне капитализмді енгізу» туралы мемлекеттік мәселені шешуші департамент чиновнигінің тұрғысынан қараған атақты В. В. мырзаның социал-демократтарға қарсы ойлап тапқан жаттанды дәлелдерін көріп отырмыз: егер капитализм «міндетті» атқарса, оған рұқсат етуге болады, ал егер атқармайтын болса, онда «рұқсат жоқ». Бұл тілмарлық пікір желісінің басқа қасиеттерін былай қойғанда, капитализм «міндетінің» өзін В. В. мырза, тегі, Ник.— он мырза да, өте сорақы түрде, мүлде адам айтқысыз теріс және тайыз түсінеді; оның үстіне бұл мырзалар өз түсініктерінің тайыздығын шімірікпестен, әлбетте, тағы да социал-демократтарға жабады: бір тәуір жері, оларды жария баспасөзге жолатпайды ғой, сондықтан оларды, өліге балап, даттай беруге болады!

дай, онша алыс емес екенін, шаруа буржуазиясының өсуінен (№ 6, 118-бет — «шаруалар» арасында жақсартылған құрал-саймандардың, фосфориттердің, etc. (et cetera — тағысын-тағылары. *Ред.)* таралуы) басына түскен тақсіреттен құтылудың қажет екенін *«шаруалардың* өздерінің де» (жаппай экспроприацияланып жатқан шаруалар ма?) «түсінетіндігінің белгілерін өзінің де көре білетіндігін дәлелдеуге барынша тырысатын сияқты».

Маркс капитализмнің атқаратын прогрестік, революциялық жұмысы оның еңбекті қоғамдастыра отырып, сонымен бірге осы процестің механизмі арқылы «жұмысшы табын үйретіп, біріктіріп, ұйымдастыруында», «экспроприаторларды экспроприациялау» үшін, саяси өкімет билігін басып алу үшін және өндіріс құрал-жабдықтарын «аз ғана озбырлардың» қолынан тартып алып, бүкіл қоғамның қолына эперу үшін жұмысшы табын күреске үйретіп, оның «ашу-ызасын» қоздырып, біріктіруінде деп білді («Капитал», 650) [91].

Маркстің тұжырымы осындай.

Мұнда, әрине, «фабрика-завод жұмысшыларының саны» туралы бір ауыз да сөз жоқ: мұнда өндіріс құрал-жабдықтарының бір жерге жиналуы туралы және еңбектің қоғамдастырылуы туралы сөз болып отыр. Бұл өлшемдердің «фабрика-завод жұмысшыларының санымен» ешқандай байланысы жоқ екендігі айқын.

Бірақ Маркcті өзінше түсіндіретін біздегі білгіштер мұны былайша бұрмалаған: капитализм тұсында еңбекті қоғамдастырудың мәні фабрика-завод жұмысшыларының бір үйдің ішінде жұмыс істейтіндігінде, сондықтан капитализмнің прогрестік жұмысының дәрежесі... фабрика-завод жұмысшыларының санына қарай белгіленеді деген!!! Демек, фабрика-завод жұмысшыларының саны көбейсе,— капитализмнің жақсы прогрестік жұмыс істегені; егер де оның саны азайса,— капитализмнің «өзінің тарихи міндетін нашар орындағаны» (Ник.— он мырза мақаласының 103-бетін қараңыз), сондықтан «интеллигенция өзінің отаны үшін басқа жол іздеуге» тиіс.

Ал енді Россия интеллигенциясы «басқа жол» іздеуге кіріседі. Ал оның бұл жолды іздеп тапқанына тек бір ғана он жыл өткен жоқ, ол барлық күшін салып, капитализм дегеніміз «теріс» даму, өйткені ол жұмыссыздық пен дағдарыстарға әкеліп соғады, деп дәлелдеп * келді.

* Бұл дәлелдердің нәтижесіз болып жүрген себебі: халықтың күйзелуі, жоқшылыққа ұшырауы және оның ашығуы — капитализмнің күмәнсыз және сөзсіз серіктері деген пікірлердің теріс болуында емес, бұл дәлелдердің айдалаға жұмсалуында болып отыр. «Қоғам» демократизмнің тонын жамылып отырса да, плутократияның мүдделерін жүзеге асыруда, ал енді капитализмге қарсы шығатын, әрине, плутократия емес. «Үкімет» жөнінде...— қарсы адамның, Н. К. Ми-

Міне, 1880 жылы біз дағдарысқа душар болдық; 1893 жылы да осындай болып отыр: бұл жолдан шығатын мезгіл жетті, өйткені біздің халіміздің нашар болатыны даусыз.

Ал орыс буржуазиясы «тыңдайды да, жей береді» [92]: ағыл-тегіл пайда табуға болмайтын болса, шынында да «нашар» болып шығады; сондықтан буржуазия либералдар мен радикалдарға бір ауыздан үн қосады да, артық және арзан капитал арқасында жаңа темір жолдар салуға барынша қызу кіріседі. «Біздің» халіміз нашар, өйткені «біз» бұрынғы жерлерде халықтың түгін қоймай сыпырып алдық және сауда капиталындай байыту қолынан келмейтін индустриялы капиталға көшуге тура келеді: сол себепті «біз» Европалық Россияның шығыстағы және солтүстіктегі шет аймақтарына барамыз, ол жерлерде жүздеген процент пайда беретін «алғашқы қор жинау» әлі де болса мүмкін, ол жерлерде шаруалардың буржуазиялық жолмен жіктелуі әлі де аяқталып болған жоқ дейді олар. Осының бәрін көріп отырған интеллигенция «біз» тағы да күйреуге жақындап келеміз деп тынымсыз қорқытуда. Шынында да жаңа күйреу жақындап келеді. Ірі капиталистер толып жатқан ұсақ капиталистерді күйретуде, көптеген шаруалар егіншіліктен шығарылып тасталуда, бұл егіншілік барған сайын буржуазияның қолына көше түсуде; қайыршылық, жұмыссыздық, аштық асқына түсіп, шексіз өріс алуда, ал «интеллигенция» шімірікпестен өзінің сәуегейлігіне сүйеніп, капитализмнің бізде берік болмайтыны сыртқы рыноктардың жоқтығынан деп дәлелдеп, тағы да сол теріс жолды айтып, қайта-қайта зарлануда.

Ал орыс буржуазиясы «тыңдайды да, жей береді». «Интеллигенция» жаңа жолды іздеп жүргенде, буржуазия орасан зор көлемде өз отарларына апаратын темір жол құрылысын жүргізуде, сол жерлерде өзіне рынок жасап, жас елге буржуазиялық тәртіп шапағаттарын

хайловский мырзаның бір пікірін келтірейін, ол бір кезде: — өзіміздің үкіметіміздің программасын қанша аз білеміз десек те, «еңбекті қоғамдастырудың» үкімет программасына кірмейтіндігін анық білеміз, — деп жазды.

енгізуде, ол жерде де өнеркәсіп пен егіншілік буржуазиясын ерекше шапшаң өсіре отырып, өндірушілер бұқарасын мәңгі-бақи аш жүретін жұмыссыз адамдар қатарына апарып қосуда.

Социалистер осыдан кейін де теріс жолдарды айтып, зарланумен тынбақ па, капитализмнің осалдығы... фабрика-завод жұмысшыларының баяу өсуінен деп дәлелдей бермек пе!!?

Бұл балалық идеяға * кірісуден бұрын Струве мырза мақаласының сыналған жерін Ник.— он мырзаның тіпті дәл көрсетпей отырғанын айта кетпеске болмайды. Оның мақаласында дәл былай делінген:

«Егер автор (яғни Ник.— он мырза) орыс халқы мен американ халқының құрамындағы адамдардың кәсібі жөніндегі айырмашылықтарын корсетіп отырса,— Россияда шаруашылықпен шұғылданатын (erwerbsthätigen) бүкіл халықтың 80 проценті ауыл шаруашылығында жұмыс істейді, ал Құрама Штаттарда тек 44 проценті істейді деп ұйғарылған,— бұл ретте ол Россияның капиталистік жолмен дамуы нақ осы 80—44 арасындағы айырмашылықты жою жөнінде қызмет ететіндігін байқамайды: оның тарихи міндеті де шынында осында деуге болады».

«Міндет» деген *сөз* бұл жерде орынсыз қолданылып отыр деуге болады, бірақ Струве мырзаның пікірі айқын: Ник.— он мырза Россияның капиталистік жолмен дамуы (мұның шын капиталистік даму екенін оның өзі де мойындайды) село халқының санын азайта беретіндігін көре білмеген, ал мұның озі — капитализмнің жалпы заңы. Демек, бұл қарсы пікірді теріске шығару үшін Ник.— он мырза *не* 1) капитализмнің бұл тенденциясын өзінің естен шығармағанын, *не* 2) капитализмнің мұндай тенденциясы жоқ екендігін көрсетуі керек еді.

---

* Шынында, капитализмнің прогрестік жұмысын анықтау үшін еңбектің қоғамдастырылу дәрежесін алмай, халық еңбегінің *бір* саласы дамуының ғана осындай тұрақсыз көрсеткішін алатын идеяны балалық идея демей не дерсің! Капиталистік өндіріс әдісінің кезінде жұмысшы саны өте тұрақсыз болмай қоймайтындығын, жұмысшы санының дағдарыстар, резерв армиясының мөлшері, еңбектің қаналу дәрежесі, оның қауырттық дәрежесі сияқты, т. т. және т. с. толып жатқан екінші дәрежелі факторларға байланысты екенін әркім біледі.

Мұның орнына Ник.— он мырза біздегі фабрика жұмысшыларының саны туралы мәліметтерді тексермекші болады (оның есебі бойынша жұмысшылардың саны халықтың 1 проценті). Струве мырзаның мақаласында фабрика жұмысшылары туралы айтылып отыр ма екен? Россия халқының 20 проценті, Америка халқының 56 проценті — фабрика жұмысшылары ма екен? «фабрика жұмысшылары» мен «ауыл шаруашылығымен шұғылданбайтын халық» деген ұғым бірдей ме екен? Россияда ауыл шаруашылығымен шұғылданатын халықтың азайып келе жатқандығын бекер деп таласуға болар ма?

Кривенко мырза осы журналда мақаланың бұл жерін бір рет бұрмалаған болатын, сондықтан мұны түзетуді өте-мөте қажет деп таптым, енді осы түзетуден кейін Ник.— он мырзаның «біздің капитализм өз міндетін нашар орындап отыр» деген идеясының өзіне көшелік.

Біріншіден, «Очерктердің» авторы сияқты, фабрика-завод жұмысшыларының санын капиталистік өндірісте істейтін жұмысшылардың санымен бірдей деп есептеудің өзі өрескелдік. Мұның өзі капитализмді тура ірі машиналы индустриядан бастап әңгіме ететін Россияның мещандық экономистерінің қатесін қайталағандық *(тіпті ушықтырғандық)* болып шығады. Көпестерге олардың өз материалымен кәдімгі жалақы алып жұмыс істейтін миллиондаған орыс майдагерлері капиталистік өндірісте жұмыс істейтіндер емес пе? Егіншіліктегі батырақтар мен күндікшілер қожайындарынан жалақы алмай ма және оларға үстеме құн өндіріп бермей ме? Құрылыс өнеркәсібіндегі (реформадан кейін бізде тез дамып келе жатқан осы өнеркәсіптегі) жұмысшылар капиталистік қанауға ұшырамай отыр ма? т. т.*

* Мен бұл арада Ник.— он мырзаның «капитализмнің біріктірушілік маңызы» туралы пікір қорытқанда фабрика жұмысшыларының санына қарап қорытатындығы сияқты *тәсілін* сынаумен тынамын. Мәліметтерді талдап жатпаймын, өйткені Ник.— он мырза пайдаланып отырған материалдар менің қолымда жоқ. Алайда бұл материалдарды Ник.— он мырзаның іріктеуі онша сәтті болмағанын ескертпей кетуге болмайды. Ол ең алдымен 1865 жылға арналған «Әскери-статистикалық жинақтан» және 1894 жылы басылып шыққан 1890 жылғы «Фабрика-заводтар көрсеткішінен» мәліметтер алады. Жұмысшылар саны (кен жұмысшыларын қоспағанда) 829 573 және 875 764 болып шығады. Артқаны 5,5 процент — халық санының өсу-

Екіншіден, фабрика жұмысшыларының санын (1 400 000) бүкіл халықтың санымен салыстыру және оның бұл қатынасын процентке шағып көрсетудің өзі де өрескелдік. Мұның мәнісі турадан-тура өлшеуге келмейтін сандарды салыстыру болады: еңбекке жарамды адамдарды еңбекке жарамайтын адамдармен, материалдық заттар өндіру ісімен шұғылданып жүрген адамдарды «идеология салаларындағылармен», т. т. салыстыру болып шығады. Фабрика-завод жұмысшыларының әрқайсысы жұмыс істемейтін семья мүшелерінің бірнешеуін асырап отырған жоқ па? Фабрика жұмысшылары — өздерінің қожайындары және толып жатқан саудагерлерден өзге — топ-топ солдаттарды, чиновниктерді, т. с. мырзаларды асырап отырған жоқ па, бұл сияқтыларды сіз егінші халықтың қатарына қосып, бұл ботқаның бәрін фабрика-завод халқына қарама-қарсы қойып отырған жоқсыз ба? Ал бұдан кейін Русь елінде балық аулау және басқа сол сияқты кәсіпшіліктер жоқ

нен әлдеқайда аз (91 және 61,42 миллион — 48,1 процент). *Келесі бетінде* басқа мәліметтер алынған: 1865 жыл үшін де, 1890 жыл үшін де — 1893 жылғы «Көрсеткіштен» алынған. Бұл мәліметтер бойынша жұмысшылар саны — 392 718 және 716 792; яғни 82 процент өскен. Бірақ бұған акциз салынған өнеркәсіп қосылмаған, ал бұл өнеркәсіпте жұмысшылар саны (104-бет) 1865 жылы: 186 053 және 1890 жылы: 144 332 болған. Бұл соңғы сандарды алдыңғы сандармен қосқанда жұмысшылардың жалпы саны (кен заводтарындағы жұмысшыларды қоспағанда) 1865 жылы: 578 771 және 1890 жылы: 861 124 болып шығады. Өскені 48,7 процент, ал халықтың өсуі 48,1 процент. Сонымен, автор бес бет бойы мәліметтер келтірумен болады, ал бұл мәліметтердің біреулері 5 процент өскендікті көрсетсе, екінші біреулері 48 процент өскендікті көрсетеді! Сөйтіп, ол осы сияқты бірінебірі қайшы мәліметтердің негізінде біздің капитализмнің осалдығы туралы айтады!!

Сонан соң, автор жұмысшылардың саны туралы өзінің «Очерктерде» (XI және XII кестелер) келтірген мәліметтерін неге алмаған, бұл мәліметтерден біз *үш жылдың* (1886—1889) *ішінде* жұмысшылар санының 12—13 процент өскендігін, яғни халықтың өсуінен оза шапшаң өскендігін көріп отырған жоқпыз ба? Автор, мүмкін, бұл екі арадағы уақыт өте аз дер. Бірақ оның есесіне бұл мәліметтер біртектес, салыстыруға келетін және әбден анықталған мәліметтер ғой; бұл бір. Ал екіншіден, арадағы өткен уақыттың аздығына қарамастан, фабрика-завод өнеркәсібінің өсуі туралы пікір қорыту үшін автордың өзі де осы мәліметтерді пайдаланған жоқ па?

Халық еңбегі саласының жай-күйі жөнінде жұмысшылар саны сияқты ауытқып тұратын көрсеткішті алған күнде осы бір ғана сала бойынша алынған мәліметтердің тиянақсыз болмай тұра алмайтындығы түсінікті. Ойлап қараңыздаршы, бұл сияқты мәліметтерге сүйеніп, біздің капитализм қажырлы, кескілескен күрессіз-ақ өзінен-өзі қирап, күл-талқан болады деп сену үшін мұндай мәліметтерді халық еңбегінің барлық салаларында капитализмнің үстем болып, дамуына қарсы қою үшін қандай шектен тыс аңқау қиялшыл болу керек десеңізші!

па, бұларды егіншілікке қоса отырып, фабрика-завод өнеркәсібіне қарама-қарсы қою тағы да нағыз барып тұрған өрескелдік емес пе? Егер сіз Россия халқының істейтін кәсібіне қарай оның құрамының қандай екенін білгіңіз келсе, онда, біріншіден, материалдық заттар өндіру ісімен шұғылданатын халықты өз алдына бөлек алып (демек, бір жағынан, жұмыс істемейтін халықты, екінші жағынан — солдаттарды, чиновниктерді, поптарды, тағы сондайларды шығарып тастап), ал екіншіден, оны халық еңбегінің әр түрлі салаларына бөлуге тырысу керек еді. Егер бұл үшін мәліметтер болмаған болса, мұндай есеп-қисапқа * кіріспеу керек еді, фабрика-завод өнеркәсібінде істейтіндер халықтың 1 проценті (??!!) деген сияқты бос сөзді айтпау керек еді.

* Ник.— он мырза «Очерктерде» осындай есеп-қисапты келтіруге тырысқан, бірақ онысы өте сәтсіз болып шыққан. 302-беттен мынаны оқимыз:

«Соңғы кезде Европалық Россияның 50 губерниясындағы барлық артық жұмысшылардың санын есептеп шығаруға әрекет жасалды. *(С. А. Короленко.* «Ерікті жалдама еңбек». СПБ. 1892). Ауыл шаруашылық департаментінің жүргізген зерттеуі Европалық Россияның 50 губерниясындағы еңбек етуге жарамды село халқын 35 712 мың адам деп есептейді, оның бер жағында ауыл шаруашылығына, өңдейтін, өнім өндіретін, жүк таситын және басқа өнеркәсіпке керекті жұмысшылардың жалпы саны не бары 30 124 мың адам. Сонымен, жұмысшылардың мүлде бос қалған артығы өте көп — 5588 мың адам, ал әдеттегі норма бойынша семьяларымен қоса есептегенде 15 миллион адамнан ешбір кем болмайды». (341-бетінде мұны тағы қайталаған).

Егер біз бұл «зерттеуге» көз жіберетін болсақ, мұнда помещиктердің ерікті жалдама еңбекті пайдалануы ғана «зерттелгенін» және бұл зерттеуге С. Короленко мырзаның Европалық Россияның «ауыл шаруашылық және өнеркәсіп жөніндегі шолуын» әкеп қосқандығын көреміз. Бұл шолуда Европалық Россияның жұмысшы халқын олардың кәсіптері бойынша бөліп көрсетуге әрекет жасалған (бұл ретте қайдағы бір «зерттеу» емес, қолда бар ескі мәліметтер негізге алынған). Мұның нәтижесі С. А. Короленко мырзада мынадай болып шыққан: Европалық Россияның 50 губерниясында барлық жұмысшылар саны 35 712 000 болған. Бұлардың ішінен:

егіншілікте	27 435,4 мың		30 124 мың
арнаулы өсімдіктер егісінде	1 466,4 »		
фабрика-завод және кен өнеркәсібінде	1 222,7 »		
еврейлер	1 400,4 »		
орман-тоғай кәсіптерінде	2 000 »	шамасы	
мал өсіруде	1 000 »	»	
темір жолда	200 »	»	
балық аулауда	200 »	»	
жергілікті және көлденең кәсіпшіліктерде, аң аулау және сол сияқты басқа кәсіптерде	787,2 »		
Жиыны	35 712,1 мың.		

Сонымен, Короленко мырза *барлық* жұмысшыларды (жаман болсын, жақсы болсын) олардың кәсіптері бойынша бөліп отыр, ал

Үшіншіден,— ал мұның өзі капитализмнің прогрестік, революциялық жұмысы жөніндегі Маркс теориясын бұрмалайтын барып тұрған, негізгі сорақылық,— капитализмнің «біріктірушілік маңызы» тек фабрика жұмысшыларын біріктіруде ғана дегенді сіз қайдан алдыңыз? Марксизм туралы түсінікті сіз «Отечественные Запискидің» еңбекті қоғамдастыру жөніндегі мақалаларынан алып отырған жоқсыз ба? Сіз де оны бір үйде істелетін жұмысқа балап отырған жоқсыз ба?

Жоқ, олай емес. Ник.— онды бұл жөнінде кінәлауға болмайтын сияқты, өйткені ол «Русское Богатствоның» 6-номерінде басылған мақаласының екінші бетінде капитализмнің еңбекті қоғамдастыруын дәл сипаттайды, бұл қоғамдастырудың екі белгісін дұрыс көрсетеді: 1) жұмыс бүкіл қоғам үшін істеледі және 2) жеке қызметкерлер ортақ еңбектен өнім алу үшін біріккен. Алайда, егер осылай болса, онда капитализмнің «міндеті» туралы фабрика жұмысшыларының санына қарай сөз қылудың қажеті қанша еді, ал шынында бұл «міндет» капитализмнің және жалпы еңбекті қоғамдастырудың дамуы, жалпы пролетариаттың құрылуы арқылы орындалады,— бұл пролетариат жөнінде фабрика-завод жұмысшылары тек авангардтың, алдыңғы қатардағы отрядтың ролін атқарады. Әрине, пролетариаттың революциялық қозғалысы жұмысшылардың санына да, олардың бір жерде топтасуына да, олардың даму дәрежесіне де, т. т. байланысты екені талассыз, бірақ мұның бәрі капитализмнің *«біріктірушілік маңызын» фабрика-завод жұмысшыларының санына қарай* белгілеуге ешқандай право бермейді. Мұның өзі Маркстің идеясын адам айтқысыз тарылту болады.

Ник.— он мырза алдыңғы үш бөлімін қалай болса солай ала салып, 5588 мың «мүлде бос қалған» (??) жұмысшылар туралы айтады!

Бұл сәтсіздіктен басқа, Короленко мырзаның есебі өте дөрекі және теріс есеп екенін ескертпей кетуге болмайды: егіншіліктегі жұмысшылардың саны бүкіл Россияға ортақ бір норма бойынша белгіленген, өнім өндірмейтін халық бөлек көрсетілмеген (Короленко мырза бастықтардың юдофобшылдығына бағынып, өнім өндірмейтін халыққа... *еврейлерді* апарып қосқан! Өнім өндірмейтін жұмысшылар 1,4 миллионнан көп болуға тиіс: саудагерлер, қайыршылар, қаңғыбастар, қылмысты адамдар, тағы-тағылар), майдагерлер саны адам айтқысыз аз (соңғы бағана — шет жердегі және жергілікті майдагерлер), т. т. Мұндай есепті мүлде келтірмеген жақсы болар еді.

Мысал келтірейін. Фридрих Энгельс өзінің: «Zur Wohnungsfrage» * деген кітапшасында Германияның өнеркәсібі туралы айта келіп, Германиядан басқа ешбір елде,— оның айтып отырғаны тек Батыс Европа ғана,— өзінің меншігінде бау-бақшасы немесе егін салатын аз ғана жері бар мұншалық жалдама жұмысшылардың жоқ екендігін көрсетеді. *«Бау-бақшамен немесе ауыл шаруашылығымен ұштасқан деревняның майдагерлік өнеркәсібі,*— дейді ол.— *Германияның жас өркен ірі өнеркәсібінің кең негізі болып отыр»* [93]. Бұл майдагерлік өнеркәсіп, неміс ұсақ шаруаларының қажеттері өскен сайын, бірден бірге өсіп отырмақшы (өз тарапымыздан Россиядағы сияқты деп сөз қосамыз), бірақ бұл ретте өнеркәсіпті егіншілікпен **ҚОСУ** майдагердің **ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЫНЫҢ** оңдалуы болып табылмайды, қайта мұның керісінше — бұрынғысынан да гөрі оның **ЕЗІЛЕ ТҮСУІ** болып шығады. Майдагер өзінің тұрған жеріне байлаулы болғандықтан қандай бағаға болса да көнуге мәжбүр болады, сондықтан ол капиталиске үстеме құнды ғана беріп қоймай, жалақысының да едәуір бөлегін береді (ірі өндірістің үйде істелетін жұмыс системасы қарыштап өркендеген Россия да сондай). *Мұның өзі істің бір жағы ғана,*— дейді тағы да Энгельс,— *бірақ мұның екінші жағы да бар... Майдагерлік өнеркәсіптің өріс алуымен қатар қазіргі заманның өнеркәсіп қозғалысына бір жердегі шаруалардан кейін екінші жердегі шаруалар тартыла береді. Майдагерлік өнеркәсіп арқылы егіншілікпен айналысатын жерлердің осылайша революцияшылдандырылуы Германияда өнеркәсіп революциясын Англия мен Францияға қарағанда анағұрлым кең өрісте таратады... Мұның өзі Германияда, Англия мен Францияға қарама-қарсы, революциялық жұмысшы қозғалысы тек қалалық орталықтардың шеңберінде қалып қоймай, бүкіл байтақ елге ерекше күшпен таралуының себебін түсіндіреді. Ал мұның өзі осы қозғалыстың байыптылықпен, берік тоқтаусыз өсуінің себебін де түсіндіреді. Германияның астанасында және басқа үлкен қалаларында*

* — «Тұрғын үй мәселесіне». *Ред.*

жеңімпаз көтеріліс жасау әрі ұсақ қалалардың көпшілігі, әрі деревня облыстарының дені төңкеріс жасауға пісіп жеткен кезінде ғана мүмкін болатындығы Германияда өзінен өзі түсінікті» [94].

Міне, қараңызшы: «капитализмнің біріктірушілік маңызы» ғана емес, сонымен бірге жұмысшы қозғалысының табысты болуы да фабрика жұмысшыларының санына ғана емес... *майдагерлер* санына да байланысты екен! Ал біздегі өзгеше жолды ұстаушылар орыстың майдагерлік кәсіпшіліктерінің орасан көпшілігінің таза капиталистік жолмен ұйымдасып отырғанын елемей, оларды қайдағы бір «халықтық» өнеркәсіп ретінде капитализмге қарама-қарсы қояды, сөйтіп «капитализмнің өз қарамағындағы халықтың проценті» туралы фабрика жұмысшыларының санына қарай төрелік айтады! Мұның өзі Кривенко мырзаның мынадай бір пікірін еске түсіреді: марксистер барлық назарын фабрика жұмысшыларына аударғысы келеді, бірақ 100 миллионның 1 миллионы ғана жұмысшылар болғандықтан, мұның өзі—тіршіліктің бір кішкене мүйісі ғана, сондықтан өзіңді соған бағыштау — сословиелік немесе игі істер мекемелерінде жұмыс істеумен ғана шектелумен бірдей («Русское Богатство», № 12). Фабрикалар мен заводтар, сословиелік және игі істер мекемелері сияқты, тіршіліктің бір кішкене мүйісі екен!! О, данышпан Кривенко мырза-ай! Мүмкін, тек сословиелік мекемелер ғана бүкіл қоғам үшін өнім өндіретін шығар? мүмкін, сословиелік мекемелердің тәртіптері ғана еңбекшілердің қаналуы мен экспроприациялануын түсіндіріп беретін шығар? мүмкін, жұмысшыларды азат ету туын көтеру қолынан келетін пролетариаттың алдыңғы қатарлы өкілдерін тек сословиелік мекемелерден ғана іздеуге болатын шығар?

Мұндай сөздерді кіші-гірім буржуазиялық философтардың ауыздарынан естуің таңданарлық нәрсе емес, бірақ осындай нәрсені Ник.— он мырзадан кездестіргеніңде көңіліңді бір түрлі реніш басады.

Маркс «Капиталдың» 393-бетінде [95] ағылшын халқының құрамы жөнінде мәліметтер келтіреді. Англияда және Уэльсте 1861 жылы барлығы 20 миллион адам

болған. Фабрика-завод өнеркәсібінің басты салаларындағы жұмысшылардың саны 1 605 440 адам екен *. Сонымен бірге қосалқы жұмысшылар саны 1 208 648 болған көрінеді, ал Маркс 2-басылуына арналған ескертуінде осы соңғы таптың ерекше жедел өсіп отырғанын көрсетеді. Енді, айталық, Англияда «капитализмнің біріктірушілік маңызы» туралы белгілі бір пікір айту үшін 1,6 миллионды 20-ға бөлмекші болған «марксистер» табылған екен делік!! Сонда 8 процент болып шығады — *он екіден бір бөлігінен де аз!!!* Халықтың он екіден бір бөлігін де біріктіре алмай отырған капитализмнің «міндеті» туралы қалай сөз қылуға болады! және оның үстіне «үй құлдарының» табы жедел өсіп келеді екен — мұның өзі «халық еңбегінің» босқа кеткендігін көрсетеді екен, сондықтан «біздер», ағылшындар, «теріс жолмен» келеміз! сол себепті «бізге» «өз отанымыздың дамуына басқа бір жол», капиталистік емес «даму жолын» табуымыз керек болатыны айқын емес пе?!

Ник.— он мырзаның дәлелдерінде тағы бір пункт қалды: «Батыс Европаға сондай тән болған, *Солтүстік Америкада ерекше күшпен көзге түсе бастаған»* біріктірушілік маңызын біздің капитализм тудыра алмай отыр дегенде ол жұмысшы қозғалысын айтып отырған болу керек. Демек, біз басқа жолды іздеуге тиіспіз, өйткені біздің капитализм жұмысшы қозғалысын туғыза алмайды. Бұл дәлелді Михайловский мырза, сірә, бұрын келтірген сияқты еді ғой. Маркс дайын тұрған пролетариатпен жұмыс істеді,— деп үйретпек болды ол марксистерді. Ал бір марксистің оған сіз қайыршылықтан тек қайыршылықты ғана көресіз деген ескертуіне ол мынадай жауап қайырды: бұл ескертудің өзі, әдет бойынша, бүтіндей Маркстен алынған дейді. Бірақ егер біз «Философия қайыршылығының» бұл жеріне келетін

---

* 642 607 адам тоқыма өнеркәсібінде, шұлық және шілтер өндірісінде жұмыс істейді (бізде шұлық және шілтер тоқу кәсібімен айналысатын он мыңдаған әйелдер бар, бұларды жұмыс істетіп отырған «саудагер әйелдер» адам айтқысыз қатты қанауда. Жалақы кейде күніне *3* тиын (sic!) болады! Ник.— он мырза, бұларды «капитализмнің тікелей өз қарамағында» емес деп қалай айта аласыз?), онан соң 565 835 адам көмір мен металл кендерінде және 396 998 адам барлық металл өндірістері мен мануфактураларда жұмыс істейді.

болсақ, онда мұны біздің істерімізге қолдануға болмайтындығын, біздегі қайыршылық — тек қана қайыршылық екенін көреміз дейді.— Ал іс жүзінде «Философия қайыршылығынан» біз әлі еш нәрсені көріп отырғанымыз жоқ. Маркс онда бұрынғы ескі мектептің коммунистері туралы айтады, олар қайыршылықтан тек қайыршылықты көреді, оның революциялық, ескіні қиратататын жағын, ескі қоғамды құлататын жағын байқамайды [96]. Михайловский мырзаның мұны біздің ісімізге қолдануға болмайды деп айтуына жұмысшы қозғалысының «көрінбеуі» негізгі дәлел болғаны айқын. Бұл пікір жөнінде, біріншіден, Маркс дайын тұрған пролетариатпен жұмыс істеді дейтін идея фактілермен мүлде үстірт танысқан адамдарда ғана пайда болуы мүмкін екенін ескерте кетуіміз керек. Маркс коммунистік программаны 1848 жылға дейінгі уақыттың ішінде-ақ жасап шығарды. Ол кезде Германияда жұмысшы қозғалысы * қандай еді? Тіпті ол кезде саяси бостандық та жоқ еді, сондықтан коммунистердің жұмысы жасырын үйірмелердің жұмысынан асып кетпеген еді (қазіргі біздегі сияқты). Капитализмнің революциялық және біріктірушілік міндетін жұрттың бәріне айқын көрсеткен социал-демократиялық жұмысшы қозғалысы бұдан жиырма жылдай кейін басталды, ғылыми социализмнің доктринасы әбден қалыптасып болған кезде, ірі индустрия барынша кең өрістеген және жұмысшылар арасында бұл доктринаны таратушы дарынды, жігерлі адамдар табылған кезде басталды. Тарихи фактілерді теріс көрсете отырып, жұмысшы қозғалысына саналылық пен ұйымшылдық енгізу жөнінде социалистердің қыруар еңбек жұмсағанын ұмытып, біздің философтар мұның үстіне Маркске барып тұрған мағынасыз фаталистік көзқарастарды таңып жүр. Оның пікірі бойынша, жұмысшыларды ұйымдастыру және оларды біріктіру өзінен-өзі болатын сияқты, демек, егер біз капитализмді көре отырып, жұмысшы қозғалысын көрмей

---

* Ол кезде жұмысшы табының саны қаншалықты аз болғанын *27 жылдан соң*, 1875 ж., Маркстің былай деп жазғанынан байқауға болады: «Германияның еңбекші халқының көпшілігі пролетарлар емес, шаруалар» [97]. «Дайын тұрған пролетариатпен жұмыс істеді (??)» деп отырғаны, міне, осы!

отырсақ, мұның себебі жұмысшылардың арасында ұйымдастыру және насихат жұмысын әлі де нашар жүргізіп отырғандығымыздан емес, капитализмнің өз міндетін орындай алмай отырғандығынан деседі. Біздің өзгеше жаралған философтарымыздың бұл мещандық қорқақтық жалтарысын теріске шығарып жатуға да тұрмайды: оны барлық елдердегі социал-демократтардың бүкіл қызметі теріске шығарады, оны қай марксистің болса да жария сөзі теріске шығарады. Социал-демократия дегеніміз — жұмысшы қозғалысының социализммен ұштасуы,— деп Каутский өте әділ айтады. Ал капитализмнің прогрестік жұмысы бізде де «көрінуі» үшін біздің социалистер барлық жігерін салып өз жұмысына кірісуге тиісті; олар орыстың тарихы мен өмір шындығы жөніндегі маркстік ұғымды неғұрлым толық анықтап алуға, Россияда өте-мөте шатастырылып, бүркеліп отырған тап күресі мен қанаудың барлық формаларын нақты зерттеуге тиісті. Бұдан кейін олар бұл теорияны түсіндіруге, жұмысшыға жеткізуге, жұмысшының оны ұғуына көмектесуге, *социал-демократизм идеясын тарату үшін және жұмысшыларды саяси күш етіп біріктіру үшін біздің жағдайымызда өте-мөте* **ҚОЛАЙЛЫ** *ұйым формасын* белгілеуге тиісті. Ал орыс социал-демократтары біз жұмысшы табы идеологтарының бұл жұмысын (мұнда бұл жұмыстың ұшы-қиыры да көрінбейді) аяқтадық, орындадық деп еш уақытта айтпағандығы былай тұрсын, қайта, керісінше, олар бұл жұмысты жаңа бастап жатқанын, белгілі бір тиянақты іс тындыру үшін көптеген адамдардың әлі де болса көп күш салуы керек екенін ұдайы атап көрсетіп келді.

Біздің капитализмнің прогрестік жұмысының жоқтығы туралы таралып жүрген қарсы пікір Маркс теориясын қанағаттанғысыз және өрескел тайыз түсінушілікпен қатар «халықтық құрылыс» деген ертегі жөніндегі сорақы идеяға негізделген болуы керек.

«Шаруа» атышулы «қауымда» қаратабан мен байдың, пролетариат пен капиталдың (әсіресе сауда капиталының) өкілдері болып бөлінген кезде,— бұл жерде жұрт жаңа басталып келе жатқан, орта ғасырлық капита-

лизмді көргісі келмейді, сөйтіп деревняның саяси-экономикалық құрылысын елемей өте шығып, «отан үшін басқа жолдар» іздеу туралы, шаруалардың жер *иелену* формасының өзгергені туралы әңгіме соғады, бұл форма мен экономикалық ұйымдастыру формасын кешіргісіз түрде шатастырады, бізде «теңгермелік қауымның» өз ішінде шаруалардың таза буржуазиялық жіктелуі бейне бір өркендемеген сияқты көреді. Ал бұл капитализм дами келе орта ғасырлық, деревнялық капитализмнің тар шеңберлі формаларынан асып түсіп, жердің крепостниктік өктемдігін талқандап отырған кезде, әлдеқашан барынан айрылып біткен, ашыққан шаруаны жерін мерейі үстем болған кулактардың арасында тепе-тең бөлу үшін қоғамға тастап, басқа жаққа кетуге, бүкіл Россияны кезіп, көп уақытын жұмыссыз өткізіп, бүгін помещикке, ертең темір жол құрылысының мердігеріне, онан соң — қалада қара жұмысшы немесе бай шаруаға батырақ болып жалдануға, т. т. мәжбүр еткен кезде; бұл «шаруа» бүкіл Россияда қожайыннан қожайынға ауысып, жүрген жерінің барлығында да оның нағыз ұятсыздықпен тоналып отырғанын көргенде, өзімен қатар дәл өзі сияқты басқа да қаратабандардың тоналып отырғанын көргенде, ұятсыз тонап отырған тек «байбатша» ғана емес, жұмыс күшін сатып аларлық ақшасы бар «өзінің туысы — мужиктің» де тонап отырғанын көргенде, үкіметтің барлық жерде жұмысшылардың правосын тұқыртып, олардың ең қарапайым правосын қорғау үшін жасаған әрекетінің барлығын бүлік деген сылтаумен жаныштай отырып, қожайындарға қызмет етіп отырғанын көргенде, орыс жұмысшыларының еңбегі барған сайын ауырлай түсіп, байлық пен сән-салтанаттың барған сайын өсе түскенін,— ал оның есесіне жұмысшының жағдайы барған сайын нашарлап, экспроприация күшейіп, жұмыссыздық дағдыға айнала бастап отырғанын көргенде,— міне, осындай уақытта біздегі марксизмді сынаушылар отан үшін басқа жолдар іздейді, міне, осындай уақытта олар: фабрика жұмысшыларының саны баяу өсуде екенін көріп отырғанымызда мұнда капитализмнің прогрестік жұмысы бар деп білуге бола ма және біздің ка-

питализмді «өзінің тарихи міндетін нашар, өте нашар орындап отырғандығы себепті» теріске шығарып, теріс жол деп тану керек емес пе деген мәселені шешпекші болады.

Рас емес пе, қандай ардақты, асқан қайырымшылдық кәсіп?

Россияның барлық жерінде де еңбекшілер капиталистік қанауда болып отырғанда отан үшін басқа жолдар іздеу — шындықтан қашып, утопиялар саласына шомғандық болады дейтін, өз міндетін нашар орындап отырған біздің капитализм емес, қайта орыс социалистері, олар орыс қоғамының антагонистік таптарының ғасырлар бойы жүргізіліп келе жатқан экономикалық күресін өз-өзінен құриды деп ойлау — маниловшылдыққа [98] салынғандық болатынын түсінгілері келмей отыр, бұл күреске ұйымшылдық пен саналылық енгізуге тырысу керек екеніп және бұл үшін социал-демократиялық жұмысқа кірісу керек екенін түсінгілері келмей отыр дейтін осынау қиянқы марксистер қандай өресі тар доктринерлер десеңізші.

Қорытындыда Ник.— он мырзаның Струве мырзаға қарсы «Русское Богатствоның» нақ сол 6-номерінде жасаған тағы бір өрескелдігін айтпай кетуге болмайды.

«Струве мырзаның айтысының кейбір өзгешеліктеріне көңіл қоймасқа болмайды,— дейді Ник.— он мырза.— Ол мақаласын немістің байсалды журналында, неміс жұртшылығына арнап жазды, ал қолданған тәсілі мүлде лайықсыз сияқты. Оның мақаласындағы толып жатқан әр түрлі «құбыжықтардан» неміс жұртшылығы былай тұрсын, орыс жұртшылығы да үрейленуден қалды, өйткені «ересек адам қатарында» есейіп, ержетті деп ойлау керек. «Утопия», «реакциялық программа» деген сияқты сөздер бұл мақаланың әр бағанасынан кездесіп отырады. Бірақ не керек, бұл «қорқынышты сөздер» тегінде Струве мырза ойлағандай күшті әсер ете қоймайды» (128-бет).

Ник.— он мырза мен Струве мырзаның бұл айтысында «лайықсыз тәсілдер» бар ма, егер бар болса,— олар-

ды кім қолданып отыр, міне, осыны талдап көрейік.

Струве мырзаның «лайықсыз тәсілдер» қолданғаны жөнінде айыпталатын себебі, байсалды мақалада ол «құбыжықтар» мен «қорқынышты сөздер» арқылы жұртты қармаққа түсірмекші болыпты-мыс.

«Құбыжықтар» мен «қорқынышты сөздерді» қолдану — өзіне қарсы адамға өте ұнамсыз баға беру деген сөз, ал мұның өзі ашық және айқын дәлелденген, жазып отырған адамның тұрғысынан (айқын баяндалған тұрғысынан) сөзсіз келіп шығатын баға емес, тек біреуді даттап, жамандау ниетін ғана білдіреді.

Анығында, тек осы белгі ғана мейлінше ұнамсыз теңеулерді «құбыжықтарға» айналдырып жібереді. Шынында, Слонимский мырза да Ник.— он мырза туралы қатты айтып еді ғой, бірақ ол қазіргі тәртіптердің буржуазиялық тәртіп екенін түсінуге мүлде қабілетсіз кәдімгі либералдың көзқарасын айқын және дәл тұжырымдады, өзінің ғажайып дәлелдерін мүлде анық тұжырымдады,— сондықтан оны басқа нәрсе жөнінде айыптауға болса да, «лайықсыз тәсілдер» қолданды деп айыптауға болмайды. Ник.— он мырза да Слонимский мырза туралы қатты сөздер айтты, оған, мысал үшін, ғибрат-тәлім ретінде, Маркстің «бізде де расталған сөздерін» (Ник.— он мырзаның өз мойындауы) келтіре отырып, Слонимский мырзаның тілегеніндей, ұсақ майдагерлік өндіріс пен ұсақ шаруа жер иелігін қорғаудың *реакцияшылдық* және *утопияшылдық* болатынын ескерте келіп, оны «тайыздығы», *«аңқаулығы»*, т. с. үшін айыптады. Қараңызшы, Ник.— он мырзаның мақаласы да, Струве мырзаның мақаласы сияқты, нақ сондай теңеулерге «толы» (бұлардың асты сызылған), бірақ біз «лайықсыз тәсілдер» туралы сөз қыла алмаймыз, өйткені мұның бәрі — дәлелденген, мұның бәрі автордың белгілі бір пікір желісінен және көзқарастар жүйесінен келіп шығады, бұлардың теріс болуы да мүмкін, бірақ бұларды қабылдай отырып, қарсы адамға ой-өрісі тар, аңқау, реакцияшыл утопист адам деп қана қарауға болады.

Енді Струве мырзаның мақаласының мән-жайына келейік. Ник.— он мырзаны реакциялық программаның

шығуына әкеліп соғатын утопиялық пен аңқаулық жөнінде айыптағанда, ол өзін осындай пікірге келтірген дәлелдерді әбден айқын көрсетеді. Бірінші: Ник.— он мырза «өндірісті қоғамдастыруды» тілегенде «қоғамға (sic!) және мемлекетке жүгінеді». Мұның өзі «Маркстің тап күресі және мемлекет туралы ілімінің орыстың саяси экономия маманына мүлде жат екендігін дәлелдейді». Біздің мемлекет — «үстем таптардың өкілі».— Екінші: «Егер *шынайы* капитализмге тек қапа өзіміз *қалайтындықтан* пайда болуға *тиісті қиялдағы* шаруашылық құрылысты қарама-қарсы қоятын болсақ, басқа сөзбен айтқанда, егер өндірісті капитализмнен тыс қоғамдастыруды көксейтін болсақ, онда мұның өзі тек тарихқа сәйкес келмейтін аңқау ұғынушылықты ғана көрсетеді». Капитализмнің дамуына, натуралды шаруашылықтың ығыстырылуына және село халқының азаюына байланысты «қазіргі мемлекет біздің патриархтық заманымызда (біз Россия туралы айтып отырмыз) өзіне әлі де шырмау болып отырған қараңғылықтан шығады, ашық тап күресінің жарық дүниесіне шығады, сонда өндірісті қоғамдастыру үшін басқа күштер мен басқа факторларды іздестіруге тура келеді».

Айтыңызшы, мұның өзі әбден айқын-анық дәлел емес пе? Струве мырзаның автор пікірі жөніндегі атап көрсеткен сөздерінің дұрыс екендігіне таласуға бола ма? Ник.— он мырза шынына келгенде капиталистік қоғамға тән тап күресін есіне алды ма? Жоқ. Ол қоғам мен мемлекетті сөз қылғанда бұл күресті ұмытып кетеді, оны есептен шығарып тастайды. Ол, мәселен, мемлекет қауым арқылы еңбекті қоғамдастыру орнына капитализмді қолдады дейді, т. т. Тәрізі, ол: мемлекеттің олай да, былай да істеуіне болады, демек, оны *таптардан тыс* тұрған нәрсе деп санайтын болуы керек. Струве мырзаны «құбыжықтарды» қолданды деп айыптау — *барып тұрған* әділетсіздік екендігі айқын емес пе? Біздің мемлекет таптық мемлекет деп ойлайтын адам еңбекті қоғамдастыру үшін, яғни үстем таптарды жою үшін осы мемлекетке жүгінетін адамды аңқау және реакцияшыл утопист деп санамай тұра алмайтыны айқын емес пе? Ол ол ма. Өзіне қарсы адамды «құбы-

жықтарды» қолданады деп айыптағанда, оның мұндай баға беруіне себеп болған көзқарасының айқын тұжырымдалуына қарамастан, бұл көзқарас *ауызға алынбай* отырған болса, оның бер жағында бұл айып осы көзқарастың айтылуына жол бермейтін цензура бақылауындағы журнал бетінде тағылып отырған болса,— мұны «мүлде лайықсыз тәсіл» деп ойлау жөн емес пе?

Бұдан әрі барайық. Струве мырзаның екінші дәлелінің де тұжырымдалуы бұдан кем емес. Капитализмнен тыс, қауым арқылы еңбекті қоғамдастыру — қиялдағы құрылыс, бұл күмәнсыз, өйткені шындықта мұндай құрылыс жоқ. Бұл шындықты Ник.— он мырзаның өзі былай суреттейді: 1861 жылға дейін өндіруші тұлғалар «семья» мен «қауым» болып келді («Очерктер», 106—107-беттер). Бұл «ұсақ, бытыраңқы, өзімен-өзі болған өндіріс айтарлықтай дами алмады, сондықтан да ол өте мешеу қалған, өнімі аз өндіріс ретінде орын алды». Бұдан былайғы жердегі өзгеріс «қоғамдық еңбек бөлінісінің бірден бірге ұдайы ұлғая түсуінде» болды. Демек, капитализм бұрынғы өндіруші тұлғалардың тар шеңберін бұзып, бүкіл қоғамдағы еңбекті қоғамдастырды. *Біздің капитализмнің еңбекті осылай қоғамдастырғанын Ник.— он мырзаның өзі де мойындайды.* Сондықтан еңбекті қоғамдастыру үшін *сол еңбекті қоғамдастырып қойған* капитализмге сүйенгісі келмей, *өзінің талқандалуы арқасында б ү к і л қ о ғ а м д а еңбекті т ұ ң ғ ы ш р е т қоғамдастыруға* мүмкіндік берген қауымға сүйенгісі келгендіктен де ол реакцияшыл утопист болып шығады. Струве мырзаның пікірі, міне, осы. Бұл пікірді дұрыс деп санауға да немесе дұрыс емес деп санауға да болады, бірақ Ник.— он мырза туралы қатты айтылған бағаның сөзсіз осы пікір логикасынан шыққандығын бекер деуге болмайды, сондықтан «құбыжықтар» туралы сөз қылудың жөні жоқ.

Ол ол ма. Струве мырзаның еңбектің қоғамдастырылуын тілейтінін, мұның капитализм арқылы істелуін тілейтінін, бұл үшін «ашық тап күресінің жарық дүниесінде» көзге түсетін күштерге сүйенгісі келетіндігін тура айтуына қарамастан, Ник.— он мырза Струве мырзамен айтысып өзінің қарсы адамына шаруаларды

жерсіз қалдыру ниетін таңумен аяқтайды («егер прогрестік программа деп шаруалардың жерсіз қалуын айтатын болса,.. онда «Очерктердің» авторы — консерватор»),— олай болса мұны ақиқат шындыққа мүлде қарама-қарсы баяндау деп атамасқа болмайды ғой. Ал егер цензураның бақылауындағы баспасөз бетінде Струве мырзаның тап күресінің жарық дүниесінде көзге түсетін күнітер туралы айта алмағандығын, демек, Ник.— он мырзаның қарсы адамының аузын аштырмай қойғанын еске алатын болсақ,— онда Ник.— он мырзаның тәсілінің барып тұрған «лайықсыз тәсіл» екендігі жөнінде таласудың жөні келе қоймайды.

III қосымша

Мен марксизмді тайыз түсінушілік жайында әңгіме еткенде, марксистердің өздерін айтып отырмын. Бұл жөнінде мынаны ескертпей кетуге болмайды: біздің либералдар мен радикалдар марксизмді жария баспасөз бетінде баяндауға кірісе болды, марксизм барып тұрған орескел тар шеңберде бейнеленіп, бұрмаланады. Бұл қандай баяндау десеңізші. Тек ойлап қараңызшы, осы революциялық доктринаны Россия цензурасының Прокруст аясына [99] сыйғызу үшін оның сиқын қаншалық бұзу керек! Ал біздің публицистеріміз осындай операцияны оп-оңай жасай салады: олардың баяндауынша, марксизм, білер болсаңыз, меншікшінің еңбегіне негізделген жеке меншіктің капиталистік құрылыс тұсында өзінің диалектикалық дамуын қалай жүзеге асыратындығы, оның өзінің теріс жағына қалай айналып, онан соң қалай қоғамдастырылатындығы жайындағы ілім екен. Олар марксизмнің социологиялық методының барлық өзгешеліктерін елеместен, оның тап күресі туралы ілімін елеместен, зерттеудің тура мақсатын — антагонизм мен қанаудың барлық формаларын ашып көрсету, сөйтіп пролетариатқа бұларды құлатуға көмектесу мақсатын елеместен, мардамсыған түрмен марксизмнің барлық мазмұны осы «схемада» деп ойлайды. Бұдан соншалық сүреңсіз де тайыз бірдеңе келіп шығатындығына, біздің радикалдардың бейшара орыс марксистері үшін қайғыра бастайтындығына таңдануға болмайды. Енді қайтсін! Егер орыс абсолютизмі мен

орыс реакциясы бар кезінде марксизмді толық және дәлме-дәл, ақыр аяғына дейін жеткізе айтуға болатын болса, онда орыс абсолютизмі мен орыс реакциясы абсолютизм мен реакция болмаған болар еді! Егер біздің либералдар мен радикалдар марксизмді жақсылап білген болса (тым болмаса неміс әдебиетінен білген болса), онда олар цензура бақылауындағы баспасөз жүзінде марксизмді осынша бұрмалаудан ұялған болар еді. Теорияларды баяндауға болмайды екен — үндемеңіз немесе бұлардың бәрін түгел баяндамағаныңызды, ең мәндісін тастап кеткендігіңізді ескертіңіз, бірақ үзіп-жұлып баяндау негізінде тайыздық туралы даурығудың не қажеті бар?

Бұлай еткенде тек Россияда ғана болуы мүмкін сорақылыққа дейін, тап күресі туралы, капиталистік қоғамға тән, сөзсіз болатын антагонизм туралы және бұл антагонизмнің дамуы туралы, пролетариаттың революциялық ролі туралы түк түсінігі жоқ адамдарды; тіпті «ақша шаруашылығы», оның «қажеттігі» деген сияқты сылдыр сөздерді, Михайловский мырза асқан терең ойлылықпен арнаулы маркстік сөздер деп танып отырған сылдыр сөздерді қолданса-ақ болғаны, турадан-тура буржуазиялық жобаларды ұсынушы адамдарды марксистер қатарына жатқызу тәрізді сорақылыққа дейін баруға болады.

Ал Маркс өз теориясының мейлінше құндылығы оның «өзінің мәні жағынан сыншыл * және революцияшыл» [100] болуында деп білді. Нақ осы қасиет — шын мәнісінде *марксизмге* бүтіндей және сөзсіз тән қасиет, өйткені бұл теория қазіргі қоғамдағы антагонизм мен қаналудың барлық формаларын *әйгілеуді,* олардың эволюциясына зер салуды, олардың өткінші сипатын, олардың басқа формаға ауысуының болмай қоймайтын-

---

* Есіңізде болсын, бұл арада Маркс материалистік сын туралы айтып отыр, ол тек осы сынды ғана ғылыми сын деп санайды, яғни ол саяси-юридикалық, әлеуметтік, тұрмыстық және басқа фактілерді экономикамен, өндірістік қатынастар системасымен, бүкіл антагонистік қоғамдық қатынастардың негізінде сөзсіз қалыптасатын таптардың мүдделерімен салыстыратын сын туралы айтып отыр. Орыстың қоғамдық қатынастарының антагонистік қатынастар екендігіне күмән келтіретін адам бола қоймас. Бірақ бұларды әлі ешкім де *мұндай* сынға негіз ретінде алып көрген емес.

дығын дәлелдеуді, *сөйтіп пролетариаттың қанау атаулыны мүмкін қадерінше тез және мүмкін қадерінше оңай құртуына қызмет етуді* өзінің тікелей міндеті деп біледі. Барлық елдердің социалистерін бұл теорияға еліктіріп отырған жеңімпаз тартымды күш нақ мынада: бұл теория (қоғамдық ғылымның соңғы жаңалығы ретінде) ең жоғары, қатаң ғылыми сипатты революцияшыл сипатпен ұштастырып отырады, ұштастырғанда кездейсоқ ұштастырмайды және доктринаның негізін салушы адам ғалым мен революционердің қасиеттерін өз бойына дарытқандығынан ғана ұштастырмайды, сол теорияның өзінде іштей біте қайнасатын етіп ұштастырады. Шынында да, бұл жерде теорияның міндеті, ғылымның мақсаты — езілгендер табының жүріп жатқан шын экономикалық күресіне көмектесу ретінде тікелей алға қойылып отыр.

> *«Біз дүние жүзіне: күресіңді тоқтат—сенің бүкіл күресің түкке тұрмайды демейміз. Біз тек дүние жүзіне шынайы күрес ұранын ұсынамыз»* [101].

Демек, Маркстің айтуынша, ғылымның тікелей міндеті — күрестің ақиқат ұранын ұсыну, яғни осы күресті өндірістік қатынастардың белгілі бір системасының жемісі ретінде объективті түрде түсіне білу, бұл күрестің қажеттігін, оның мазмұнын, оның бағдары мен даму шарттарын *ұғына* білу. Бұл күрестің әрбір жеке формасын барынша толық зерттемейінше, әрбір жеке кезеңде жағдайды анықтап алу үшін күрестің бір формадан екінші формаға көшудегі әрбір адымына зер салып отырмайынша, күрестің жалпы сипатын, оның жалпы мақсатын — қанау атаулы мен езушілік атаулыны толық және мүлде жою мақсатын есте ұстамайынша «күрес ұранын» ұсыну мүмкін емес.

«Біздің белгілі» Н. К. Михайловский өз «сынында» баяндаған және қарсы күрескен сүреңсіз бос мылжыңды Маркстің «сыншыл және революцияшыл» теориясымен салыстырып көріңізші,— сонда сіз өздерін «еңбекші таптың идеологтары» деп санайтын, бірақ... «рабайсыз шеңбермен» ғана тынатын адамдардың іс жүзінде

бола беретіндігіне, біздің публицистердің Маркс теориясының барлық құнарлы жерін сылып тастап, оны осындай шеңберге айналдырып отырғандығына қайран қаласыз.

Нақ осылайша еңбекшілердің идеологы болу ниетін көздейтін біздің халықшылдық әдебиетімізді, жалпы алғанда біздің экономикалық тәртіптеріміздің, ал жеке алғанда шаруалардың тарихы мен қазіргі хал-жайына арналған әдебиетті осы теорияның талаптарымен салыстырып көріңізші, сонда сіз қайғы-қасіретті зерттеп, суреттеумен, осы қайғы-қасірет жөнінде мораль оқумен тынатын мұндай теорияға социалистердің қалайша қанағаттанып отырғандығына қайран қаласыз. Крепостниктік право белгілі бір қанауды, белгілі бір антагонистік таптарды, белгілі бір саяси, юридикалық және басқа тәртіптерді туғызған шаруашылық құрылыстың белгілі бір формасы ретінде суреттелмей, помещиктердің жай ғана қиянаты және шаруалар жөніндегі әділетсіздік ретінде суреттеледі. Шаруалар реформасы белгілі шаруашылық формаларының және белгілі экономикалық таптардың тартыс-таласы ретінде суреттелмей, ең ізгі ниет көздеген, бірақ қателесіп «теріс жолға» «түскен» бастықтардың шарасы ретінде суреттеледі. Реформадан кейінгі Россия белгілі бір дамудағы антагонистік өндірістік қатынастардың белгілі бір системасы ретінде суреттелмей, дұрыс жолдан тайып кетіп, еңбекшілерді қайғы-қасіретке ұшыратқан ауытқушылық ретінде суреттеледі.

Қазір бұл теорияның өз маңызын жоғалтқандығы күмәнсыз, сондықтан білімнің қазіргі дәрежесінде марксизмнен тыс революциялық теорияның болуы мүмкін еместігін орыс социалистері неғұрлым тез ұқса, олар теория және практика жүзінде бұл теорияны Россияда қолдануға барлық күштерін неғұрлым тез жұмсаса,— революциялық жұмыс соғұрлым мүлтіксіз және тезірек табысқа жетпек.

Жөні түзу, нағыз өнеркәсіпті «құру» үшін, т. с. үшін «халыққа» мәдени ықпал жасаңдар деп интеллигенция-

ны шақырушы «халық достары» мырзалардың қазіргі кездегі «орыстың жұтаң ой-пікіріне» қандай іріткі салып отырғанын айқын көрсету үшін халық ерікшілерінің тікелей, төте ұрпағы, ой толғауы біздікінен мүлде өзгеше халық правошыларының пікірін келтірейік. «Толғағы жеткен мәселе» деген кітапшаны қараңыз, 1894. «Халық правосы» партиясы басып шығарған.

«Қайткенде де, тіпті кең бостандық беріледі деген шарт бола тұрса да, Россия еңбекшілердің өндірістегі дербестігін қамтамасыз ететін (!) өзінің экономикалық ұйымынан айрылуға тиісті емес» дейтін және «бізге саяси реформа емес, ұдайы, жоспарлы түрде жүргізіліп отыратын экономикалық реформалар керек» дейтін халықшылдардың бір түріне тамаша тойтарыс бере келіп, халық правошылары былай дейді:

«Біз буржуазияны жақтаушылар емеспіз және одан бетер оның мұраттарына табынушылар да емеспіз, бірақ егер сұм тағдыр буржуазияның қол сұғуынан қызғыштай қоритын земство бастықтарының қорғауындағы «жоспарлы экономикалық реформаларды» немесе саяси бостандық негізінде, яғни халықтың өз мүдделерін ұйымдаса қорғауын *қамтамасыз ететін* жағдайда сол буржуазияны халықтың таңдауына салар болса, біз халық осы екеуінің соңғысын қалап алса, мұның өзі аса пайдалы болып шығар еді деп ойлаймыз. Қазір бізде жалған дербес экономикалық ұйымды тартып алу қаупін туғызып отырған «саяси реформалар» жоқ,— әдетте жұрттың бәрі барлық жерде буржуазиялық саясат деп санайтын халық еңбегін өте өрескел қанаушылық бар. Қазір бізде бостандықтың кеңі де, тары да жоқ, тек сословиелік мүдделерді қорғау ғана бар, мұндай қорғауды конституциялы елдердің аграрийлары мен капиталистері арман етуді де қойған. Қазір бізде «буржуазиялық парламентаризм» де жоқ, қоғам басқару орындарының маңына да жуытылмайды,— тек өз мүдделерін қорғайтын берік қорған салуды талап етуші Найденовтар, Морозовтар, Казилер мен Беловтар сияқты мырзалар бар, сонымен қатар десятина басына 100 сомнан тегін кредит талап етуге дейін барып отырған «біздің адал дворяндарымыздың» өкілдері бар. Бұлар-

ды комиссияларға шақырып отырады, бұлардың айтқандарын құрметпен тыңдайды, елдің экономикалық өміріндегі аса маңызды мәселелерде бұлардың пікірлері шешуші маңыз алып отырады. Ал сонымен бірге халықты кімдер және қай жерде жақтап шығып отыр? олар земство бастықтары емес пе? Ауыл шаруашылық жұмысшы роталарын құру жобасы сол үшін жасалып жатқан жоқ па? Вологда губернаторы өз жарлығында айтқанындай, халыққа үлесті жер берілгенде тек қана алым-салық төлеу үшін және міндетті жұмыс өтеу үшін берілген деп күні бүгін арсыздыққа жақын шыншылдықпен жарияланып отырған жоқ па? Самодержавиенің немесе, дұрысырақ айтқанда, бюрократиялық абсолютизмнің өз саясатында бұлжытпай жүргізіп отырған ісін губернатор тек тұжырымдап, жұртқа естіртіп айтып берді.

Халық правошыларының өздері мүдделерін қорғағысы келетін «халық» жөніндегі, еңбектің мүдделерін қорғайтын сенімді орган деп ойлап келген «қоғам» жөніндегі түсініктері қаншама бұлдыр бола тұрса да,— «Халық правосы» партиясының құрылуының бір адым алға басқандық екенін, «отан үшін басқа жолдар» іздеу туралы жалған үміттер мен қиялдарды мүлде аластап тастауға, қорқып-үрікпестен-ақ шынайы жолдарды танып-білуге және осы негізде революциялық күрес жүргізу үшін керекті элементтерді іздеп табуға бағытталған қадам екенін мойындамауға болмайды. Мұнда демократиялық партияны құруға ұмтылғандық айқын көрініп отыр. Менің тек «ұмтылғандық» туралы ғана айтып отырған себебім, халық правошылары, өкінішке қарай, өздерінің көзқарастарын дәйектілікпен жүзеге асыра алмай келеді. Олар әлде болса социалистермен бірігу және олармен одақ жасау туралы сөз қылады, олар жұмысшыларды жай ғана саяси радикализмге тарту дегеннің жұмысшы интеллигенттерді жұмысшы бұқарасынан айыру болатындығын, демек, жұмысшы қозғалысын дәрменсіздікке душар еткендік болатынын түсінгілері келмейді, өйткені жұмысшы қозғалысы жұмысшы табының мүдделерін толық және барлық жағынан бірдей қорғау негізінде ғана, капиталға қарсы жүр-

гізілетін, капиталдың малайларына қарсы саяси күреспен біте қайнасып жататын экономикалық күрестің негізінде ғана күшті бола алады. Олар барлық революцияшыл элементтерді «біріктіру» ісі жеке мүдделердің * өкілдерін ерекше ұйымдастыру арқылы және белгілі бір партиялардың белгілі бір жағдайларда бірлесе қимыл жасауы арқылы анағұрлым жақсы орындалатынын түсінгілері келмейді. Олар әлі күнге дейін өз партиясын «әлеуметтік-революцияшыл партия» деп атайды («Халық правосы» партиясының 1894 жылғы 19 февральда шыққан Манифесін қараңыз), бірақ сонымен бірге тек қана саяси реформалармен тынып, асқан сақтықпен біздің «қарғыс атқан» социалистік мәселелерден ойқастап өте шығады. Жалған үміттерге қарсы күреске басқаларды өте қызу шақырып отырған партия өз «манифесінің» бірінші сөздері арқылы оларды жалған үмітке түсірмеуі керек еді; *конституционализмнен* басқа еш нәрсе жоқ жерде *социализм* туралы сөз қылудың керегі жоқ еді. Алайда, қайталап айтайын, халық правошыларының халық ерікшілерінен шыққандығын еске алмай тұрып, оларды бағалауға болмайды. Сондықтан олардың бір адым ілгері басып отырғандығын, тек қана саяси программасы арқылы тек қана саяси күресті, социализмге қатысы жоқ күресті дәйектеп отырғандығын мойындамауға болмайды. Социал-демократтар халық правошыларының табысқа жетуіне жан-тәнімен тілектес, олардың партиясының өсіп, дамуына тілектес, қазіргі экономикалық тәртіптердің ** негізінде тұрған және *күнделікті тұрмыс* мүдделері де *демократизммен* барынша тығыз байланысты қоғамдық элементтермен олардың неғұрлым тығыз жақындасуына тілектес.

---

* Интеллигенттердің керемет жасайтындығына сенушілікке олардың өздері де қарсы шығады, күреске халықтың өзін тартудың өмірлік қажеттігі туралы олардың өздері де айтады. Мұны істеу үшін бұл күресті белгілі бір өмірлік мүдделермен байланыстыру қажет қой, демек, жеке мүдделерді айыра білу және оларды күреске жеке-жеке тарта білу қажет... Ал егер бұл жеке мүдделерді тек интеллигенттерге ғана түсінікті жалаң саяси талаптармен бүркейтін болсақ, онда мұның өзі тағы да кейін қарай бұрылғандық, тағы да дәрменсіздігі қазір ғана танылған жалғыз интеллигенцияның күресімен тынғандық болып шықпай ма?

** (Ягни капиталистік тәртіптердің) — бұл тәртіптерді қажетті түрде теріске шығару және бұларға қарсы аяусыз күрес жүргізу негізінде емес.

«Халық достарына» екі жақтан: саяси радикалдар олардың бюрократияға сенім білдіруге бейімдігі үшін, саяси күрестің сөзсіз керек екендігін түсінбегендігі үшін, социал-демократтар олардың социализмге ешқандай қатысы болмаса да, еңбекшілердің езілу себептері және жүргізіліп жатқан тап күресінің сипаты туралы түк түсінігі болмаса да, өздерін бейне бір социалистер етіп көрсетуге тырысатындығы үшін шабуыл жасаған кезде «халық достарының» ымырашыл, қорқақ, елжірек-қиялшыл халықшылдығы ұзақ өмір сүріп тұра алмайды.

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ СТРУВЕ МЫРЗАНЫҢ КІТАБЫНДА СЫНАЛУЫ

(МАРКСИЗМНІҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕ БАЯНДАЛУЫ)

П. Струвенің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген кітабы туралы. СПБ. 1894 ж. [102]

1894 ж. аяғында — 1895 ж. басында жазылған

1895 ж. «Біздің шаруашылық дамуымызды сипаттайтын материалдар» деген жинақта басылған. СПБ.

Қол қойған: *К. Тулин.*

«Біздің шаруашылық дамуымызды сипаттайтын материалдар» атты жинақтың тексті бойынша басылып отыр. Бұл жинақтың тексті 1907 жылы шыққан: Вл. Ильин. «12 жыл ішінде» деген жинақтың текстімен салыстырылған.

МАТЕРІАЛЫ

КЪ ХАРАКТЕРИСТИКѢ

НАШЕГО ХОЗЯЙСТВЕННАГО РАЗВИТІЯ.

СБОРНИКЪ СТАТЕЙ.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ
Типографія Н. П. Сойкина, Стремянная ул., № 12
1895

В. И. Лениннің «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген еңбегі басылған жинақтың титул парағы.— 1895 ж.

Струве мырзаның аталған кітабы халықшылдықты бұл сөздің кең мағынасында — аса маңызды социологиялық және экономикалық мәселелерді саралап шешетін теориялық доктрина және «экономикалық саясат догматының жүйесі» деп алып, жүйелі түрде сынап шыққан кітап (VII бет). Бұл сияқты міндет қойылуының бір өзі-ақ кітапқа аса қызықтырарлық мән берсе керек; бірақ бұл жөнінде бұдан да маңыздырақ мәселе — сынының қай тұрғыдан жүргізілгенінде болып отыр. Бұл туралы автор алғы сөзінде былай дейді:

«Кейбір негізгі мәселелер жөнінде әдебиетте әбден қалыптасқан көзқарастарға қосыла отырып, ол (автор) қайсыбір доктринаның әрпі мен заңынан аттап баспаймын деп ешбір санаған емес. Ол ортодоксия дертіне шалдықпаған» (IX).

Бұл «әдебиетте әбден қалыптасқан көзқарастар» дегені маркстік көзқарастар екені кітаптың бүкіл мазмұнынан айқын көрінеді. Автор марксизмнің «кейбір негізгі» қағидаларының дәл қайсысын қабыл алады, қайсысын қабыл алмайды?— неге және қаншалықты?—деген сұрақ туады. Бұл сұраққа автор тура жауап бермейді. Сондықтан бұл кітапта марксизмнің есебіне жатқызуға болатыны дәл немене,— автор доктринаның қандай қағидаларын қабыл алады және оларды қаншалықты дәйекті қолданып отыр,— қандай қағидаларын қабыл алмайды және мұндай реттерде аяғында не бо-

лып шығады,— осының бәрін анықтау үшін кітапты толық талдап шығу қажет.

Бұл кітаптың мазмұны мейлінше сан алуан: автор, біріншіден, біздің халықшылдар қолданатын «социологиядағы субъективтік методты» баяндайды, оны сынайды және оған «тарихи-экономикалық материализм» методын қарсы қояды. Бұдан кейін ол халықшылдықты экономикалық сынға алады, мұны, біріншіден, «жалпы адамзаттық тәжірибе» негізінде (IX бет) және, екіншіден, орыстың экономикалық тарихы мен өмір шындығының мәліметтері негізінде істейді. Жол-жөнекей халықшылдардың экономикалық саясатының догматтары да сынға алынады. Мазмұнның мұндай сан алуандығы (біздің қоғамдық пікіріміздегі аса ірі ағымды сынағанда сөзсіз болатын нәрсе) талдау формасын да туғызып отыр: автордың баяндауы ізіне түсіп алып, дәлелдерінің әрбір қатарына тоқталуға тура келеді.

Алайда кітапты талдауға кіріспестен бұрын, менің ойымша, кейбір алдын ала түсіндірулерге толығырақ тоқтау қажет. Бұл мақаланың міндеті — Струве мырзаның кітабын сынау, сынағанда *барлық* («кейбір» ғана емес) «негізгі мәселелер жөнінде әдебиетте әбден қалыптасқан көзқарастарға қосылатын» адамның тұрғысынан сынау.

Бұл көзқарастар сынау мақсатымен либералдық-халықшылдық баспасөз бетінде сан рет баяндалған болатып және де ол баяндау әлгі көзқарастарды өрескел күңгірттендіріп жіберді,— онымен де қоймады, бұрмалады, ешқандай қатысы жоқ гегельшілдікті, «әрбір ел капитализм кезеңінен өтуі шарт дегенге сенуді» және қазір «Новое Времяның» бетінде айтылып жүрген басқа да көптеген сандырақты әкеп қосты.

Әсіресе доктринаның практикалық жағы, оны орыс істеріне қолдану жағы бұрмаланды. Орыс марксизмі доктринасының түпкі көзі орыс шындығын мүлдем басқаша түсінуде жатқанын ұққысы келмей, біздің либералдар мен халықшылдар осы доктринаны орыс шындығы жөніндегі өздерінің бұрынғы көзқарастарымен са-

лыстырады, сөйтіп бұдан еш нәрсеге жуыспайтын қорытынды шығарып қана коймай, мұның үстіне, марксистерге барып тұрған өрескел айып тағатып қорытындылар да шығарады.

Сондықтан өзімнің халықшылдыққа көзқарасымды дәл анықтамай тұрып, мен Струве мырзаның кітабын талдауға кірісу мүмкін емес деп білемін. Мұның үстіне, халықшылдық көзқарастар мен маркстік көзқарастарды алдын ала салыстырып шығу осы талдағалы отырған кітаптың көптеген жерлерін түсіндіру үшін керек болады; кітапта доктринаның объективтік жағы ғана айтылып, практикалық қорытындылар мүлдем дерлік қағажу қалдырылады.

Бұл салыстырудың өзі бізге халықшылдық пен марксизмнің түп негізі болған ортақ нәрселер не екенін және бұлардың түбірлі айырмашылығы қандай екенін көрсетеді. Бұл арада бұрынғы орыс халықшылдығын алу қолайлырақ болады, өйткені ол, біріншіден, дәйектілік, жеткізе тұжырымдау жағынан қазіргі халықшылдықтап («Русское Богатство» сияқты органдардың адамдарынан) шексіз жоғары жатыр, ал, екіншіден, халықшылдықтың кейбір реттерде марксизм де шендесіп кететін жақсы жақтарын неғұрлым тұтас көрсетеді.

Бұрынғы орыс халықшылдығының осындай professions de foi-інің * бірін алайық та, автордың соңынан өкшелеп ілесіп көрелік.

* — сенімдерінің. *Ред.*

I ТАРАУ

ХАЛЫҚШЫЛДАРДЫҢ PROFESSION DE FOI-IНЕ ЖОЛМА-ЖОЛ ТҮСIНIК

«Отечественные Запискидің»* CCXLII томында «Халық топырағындағы жаңа өркендер» деген мақала автордың аты қойылмай басылды: онда орыс либерализміне қарама-қарсы халықшылдықтың прогресшіл жақтары айқып көрсетіледі.

Автор «халық ішінен шығып, жоғарғы қоғамдық сатыға көтерілген адамдарға» қарсы шығу «қазір» «сатқындыққа сәл қалу» болып саналады дегеннен бастайды.

«Осы жақын арада бір әдебиетші есек «Отечественные Запискиге» *халыққа пессимистік жасайды* деп тұяқ сермеді, ол мұны Златовратскийдің кітапшасы туралы жазган кішкене рецензия жөнінде айтқан болатын; ол кітапшада өсімқорлық пеп жалпы тиып құмарлықтың адамды аздыратып әсері жайындағы пессимизм болмаса, басқа еш қапдай пессимистік жоқ еді; ал соңынан, Гл. Успенский өзінің соңғы очерктеріне («Отечественные Записки», № 11, 1878 ж.) түсінік жазғанда либералдық батпақ кәдімгі ертегідегіше көпіріп кетті... сөйтіп ойда жоқ жерден толып жатқан халық қорғаушылары шыққаны сонша — біз халқымыздың достары осынша көптігіне шынымен таңырқадық. Деревня-сұлу туралы және әдебиетші жігіттердің немесе, дұрысырақ айтқанда, жігіттер емес, дворян мырзалар мен малайлар арасынан шыққан кәрі құмарпаздардың, жас өспірім көпестердің сол деревня-сұлуға көзқарасы туралы мәселе көтерілгеніне... мен тілектес болмай қала алмаймын... Деревняны мақтап ән салу жәпе «оған көз қысу» бұл әлі әсте оны жақсы көргендік, құрметтегендік емес, дәл сол сияқты оның кемшіліктерін көрсету әсте оған қастық ой-

* 1879 жыл, № 2, «Современное обозрение», 125—152-беттер.

лағандық болып шықпайды. Егер сіздер сол Успенскийдің өзінен: жаның нені жақсы көреді, келешектің кепілі көбіне неде деп білесің — деревняда ма, әлде ескі дворян мен жаңа мещан жіктерде ме?— деп сұрасаңыз, оның берер жауабы жайында ешқандай күмән болмаса керек: «деревняда» дейді.

Бұл жерінің мәні ерекше. Біріншіден, бұл жері халықшылдықтың мәні неде екенін ашық көрсетеді: ол Россиядағы крепостниктікке (ескі дворяндық жікке) және буржуазиялыққа (жаңа мещандық жікке) *шаруа, ұсақ өндіруші тұрғысынан* қарсы болуында. Екіншіден, бұл жері сонымен қатар осы қарсылықтың қиял екенін де, фактілерден бет бұрып кететінін де көрсетеді.

«Ескі дворяндық» немесе «жаңа мещандық» тәртіптерден *тыс* басқа бір жерде өмір сүріп отырған деревня бар ма? «Деревняны» әрқайсысы өздерінше құрып келген және құрып отырған дәл сол екеуінің өкілдері емес пе? Деревня дегеніміз — біршама «ескі дворяндық», біршама «жаңа мещандық» «жіктелудің» дәл өзі. Ал егер сіз мүмкіндіктерді ескермей, тек бүгінгі шындықты айтумен тынсаңыз (әңгіменің өзі де тек осы туралы болып отыр), онда деревняны қалай құйқылжытсаңыз да одан ешқандай басқа бір нәрсені, ешқандай үшінші «жікті» таба алмайсыз. Ал егер халықшылдар мұны *тауып* жүрген болса, онда мұнысы тек ағаштардың тасасынан орманды көре алмағанынан, шаруа қауымдарының кейбір жер *иелену* формасына алданып, орыстың бүкіл қоғамдық шаруашылығының экономикалық құрылымын көре алмағанынан болып отыр. Бұл құрылым шаруаны товар өндірушіге айналдыра отырып, оны ұсақ буржуа етіп шығарады,— рынокқа ұсақ дербес қожайын етеді; осының салдарынан әлгі құрылым «келешек кепілдерін» *арттан* іздеу мүмкіндігін жойып, оны еріксіз *алдан* іздеткізеді, іздеткенде — «жаңа мещандық» тәртіп иелері мүдделерінің еңбек мүдделеріне қарама-қарсылығының өзі жеткілікті дамымағандықтан, «ескі дворяндық» және «жаңа мещандық» жіктелудің ұштасуы еңбек жағдайын өте нашарлатып, оның «жаңа мещандық» тәртіп иелеріне қарсы күрес жүргізуіне мүмкіндік бермейтін «деревнядан» іздетпейді, толық жетіліп, «ескі дворяндық» әсемінен әбден та-

зарған, еңбекті қоғамдастырған, деревняда әлі бастама күйінде, басыңқы халде тұрған әлеуметтік қарама-қарсылықты аяқтап, анықтаған, ақырына дейін «жаңа мещандық» болған жіктен іздетеді.

Халықшылдық пен марксизмге *әкелетін* доктриналардың арасында, орыстың өмір шындығы мен тарихын *ұғынушылықтың* арасында теориялық айырмашылықтар бар, енді соны анықтаған жөн.

Авторға ілесіп көрелік.

Ол «рухын ашу қысқан мырзаларды» былай деп сендірмек болады: халық кедейлігі мен халық парасаттылығының ара қатынасын Успенский

> «деревняға табынушылардың көбінен артық түсінеді, ол табынушылар үшін... деревня дегеніміз... либералдық паспорт тәрізді нәрсе; әдетте мұндай паспорттарды өзіміз бастан кешіріп отырған заман сияқты дәуірлерде есі бүтін және ұқыпты буржуа түгелдей күні бұрып дайындап алады».

Халықшыл мырза, сіз еңбек мүдделерін қорғағысы келген адамды қынжылтып, өкіндіретін, ол «келешектің кепілі» деп таныған нәрсесінің «либералдық паспортқа» айналып кетуі сияқты нәрсе не себептен болып отыр деп ойлайсыз? Бұл келешек буржуазиясыз болуға тиіс дейсіз,— ал сіздің осы келешекке апарады деген нәрсеңізге «ұқыпты және есі бүтін буржуа» қастық істемейтіні былай тұрсын, қайта өзі тілеп кірісіп, «паспортқа» жармасып отыр.

Егер сіз «келешек кепілін» «ұқыпты және есі бүтін буржуа» билеп-төстеп отырған құрылысқа тән әлеуметтік қарама-қарсылықтар әлі жетілмеген, бастама күйінде тұрған жерде деп көрсетпей, ол қарама-қарсылықтар ақырына дейін, nec plus ultra *-ға дейін жетілген жерде, демек, мардымсыз жарым-жарты шаралармен тынуға болмайтын, еңбекшілердің desiderata **-сын өз пайдасына асыруға болмайтын, мәселе қабырғасынан қойылған жерде көрсеткен болсаңыз,— онда мұндай шатақ нәрсенің кезігуі мүмкін бе еді, қалай дейсіз.

---

* — ақырғы шегіне. *Ред.*
** тілектерін, талаптарын. *Ред.*

Төменде сіз өзіңіз де былай деп отырған жоқсыз ба:

«Қоғамда қимыл жасаушы күштердің бәрі, әдетте, тең қимыл жасайтын, өзара қарама-қарсы екі күш болып құралатындығын және енжар, тегі, күреске қатыспайтын күштер сол сәтте салмағы басым күшке ғана қызмет ететінін, осындай қарапайым нәрсені халықтың енжар достарының түсінгісі келмейді» (132-бет).

Деревня бұл сипаттамаға жатпай ма екен, «салмағы басым күштің» сойылын соғып жүрмейін деп тартынбай, деревня туралы қалай болса солай сөйлей беруге бола ма екен, деревня «өзара қарама-қарсы күштер» де, күрес те жоқ нендей бір бөлек дүние ме екен? Әңгіме күрес туралы болып отырса, онда әлгі өзара қарама-қарсы күштерді бір-бірінен батыл және біржолата айырып алуға кедергі болып отырған, басты жауды айқын көруге кедергі болып отырған толып жатқан басқа жағдайлар осы күрестің мазмұнын көлегейлеп отырған жерден бастау қаншалықты дәлелді болмақ? Мақаланың аяғында автордың ұсынып отырған программасы — оқу, шаруаның жер иелігін ұлғайту, алым-салықты азайту дегендер — салмағы басым күшті титтей де мұқалта алмайды, ал программаның соңғы пункті «халықтық өнеркәсіп ұйымдастыру» деген жері күрестің болғанын ғана емес, оның тіпті жеңіспен аяқталғанын да көрсетпей ме? Өзіңіз де жоқ дей алмаған антагонизмнен сіздің программаңыз аулақ жатыр. Сондықтан да ол «жаңа мещандық жіктің» қожайындарына қорқынышты емес. Сіздің программаңыз — ұсақ буржуазиялық қиял. Міне, сондықтан ол тек «либералдық паспорт» болуға ғана жарайды.

«Деревняны дерексіз ұғым, ал мужикті дерексіз Нарцис деп түсінетін адамдар, деревняны ылғи мақтау керек, деревня өзін бұзатын ықпалдың бәріне ойдағыдай қарсы тұрып жатыр дейтін адамдар өте нашар ойлайды. Деревня күн сайын тиынтебен үшін қырқысатын жағдайға душар болса, оны өсімқорлар жүндей түтіп, кулактар алдап, помещиктер қыспаққа алып отырса, кейде оны болыс кеңсесінде дүрелеп алатын болса, сонда әлгінің бәрі деревняның адамгершілік сипаты жағына әсер етпей қояр ма?.. Капитализмнің айы мен күні — теңге деревня көркінің бетке ұстары болып отырса, барлық назар, барлық құлқын мен рухани күш соған ауып отырса, өмірдің мақсаты және адам қабілетінің өлшемі сол болып отырса, бұл

фактіні жасырып қалуға, сөйтіп мужик, дегеніміз ақшаны мүлдем керек қылмайтын, ақшадан жұрдай Косьма деуге болар ма? Деревняда жіктелуге ойысу көрініс тапса, кулактар гүлдене өсіп, ең әлсіз шаруаларға батырақ бұғауын салуға, қауымды бұзуға, т. т. тырысып отырса, осы фактінің бәрін жасырып қалуға болар ма?!— деп сұраймын мен. Бұл фактілердің неғұрлым тиянақты әрі жан-жақты зерттелуін тілеуімізге, оларды кедейліктің орасан ауыр жағдайларынан (ашыққан адамдар ұрлық қылады, кісі өлтіреді, ал өте ауыр жағдайларда тіпті бірін-бірі жеп те қояды) болып отыр деп түсінуімізге болады, бірақ оларды жасыру мүлде мүмкін емес. Оларды жасыру statum quo *-ны қорғау болып табылады, өкінішті құбылыстар сұрапыл асқынғанға дейін атышулы laissez faire, laissez aller ** дегенді қорғау болып табылады. Жалпы алғанда шындықты бояу қашан да орынды болмайды».

Мұнда да деревня қандай жақсы сипатталған және одан шығарылған қорытынды қандай ұсақ! фактілер қандай дұрыс көрсетілген, ал оларды түсіндіруі мен ұғынуы қандай әлсіз десеңізші! Бұл жерде де біз еңбекті қорғау жөніндегі desiderat-тар мен оларды жүзеге асыру құралдарының арасында түпсіз тұңғиық жатқанын тағы көріп отырмыз. Авторға деревнядағы капитализм — небары «өкінішті құбылыс». Ол нақ осындай капитализмді үлкен көлемде қалада да көре тұрса да, капитализм халық еңбегінің барлық саласын ғана емес, тіпті буржуазиялық шараларды халық атынан және халық үшін деп көрсететін «прогресшіл» әдебиетті де қалай бағындырып алғанын көре тұрса да,— осының бәріне қарамастан, істің мәні біздің қоғамдық шаруашылығымыздың өзгеше құрылғандығынан екенін мойындағысы келмейді, сөйтеді де мұның өзі «ауыр жағдайлар» туғызып отырған өкінішті құбылыс қана деген қиялмен өзін-өзі жұбатады. Егерде қол сұқпаушылық теориясын қолданбайтын болсақ, онда бұл жағдайды жоюға болатын сияқты. Иә, егерде, сүйтсе-бүйтсе! Бірақ Русь елінде қол сұқпаушылық саясаты әлі ешқашан болып көрген емес: қашан да болса буржуазияны жақтап... қол сұғу болып келді, ендеше мұны, Струве мырза айтқандай, «әлеуметтік күштерді таптардың арасында қайта бөлмей-ақ» өзгер-

* — қазіргі қалпын. *Ред.*
** — оқиғаларды алған бетінен қақпа. *Ред.*

туге болады деген үмітті тек «түскі тамақтан кейінгі жайбарақат» тәтті қиял ғана тудырса керек.

«Біз қоғамымызға саяси, азаматтық және басқа мұраттар керектігін — ең алдымен бұларды тауып алған соң еш нәрсе ойламау үшін керек екенін, қоғам ол мұраттарды жас шақтағы албырттықпен іздемей, түскі тамақтан кейінгі жайбарақаттан іздейтіндігін, қоғам ол мұраттардан жаны қиналып барып суымай, аркадиялық ханзадаша оп-оңай суитындығын ұмыта береміз. Міне, бері сала айтқанның өзінде, біздің қоғамның басым көпшілігі осындай. Шынын айтқанда, оған ешқандай мұраттың керегі жоқ, себебі оның тамағы тоқ, сондықтан ол қурсақ әрекетін толық қанағат тұтады».

Біздің либералдық-халықшылдық қоғам өте жақсы сипатталған.

Енді мынадай сұрақ туады: осы «қоғаммен» әуреленіп, әлдилеп жүрген, мақаланың авторы айтқандай, «болғалы тұрған» капитализмнің, «қатер төндірген зұлымдықтың* сұмдықтарын суреттеп, қоғамға сыйға тартып жүрген, қоғамның өкілдерін «біз» бұрылған теріс жолдан шығуға, т. т. шақырып жүрген халықшылдар дәйекті ме,— әлде сонша «өрісі тарлығынан» қоғамнан іргесін тым аулақ салып жүрген, «құрсақ әрекетіне» «қанағаттанбайтындарға» және *қанағаттана алмайтындарға* ғана, мұраттарды керек қылып отырған және оларды күнбе-күнгі тұрмыс мәселесі деп есептейтіндерге ғана сүйену қажет деп жүрген марксистер дәйекті ме?

Бұл — институт қыздарының көзқарасы,— дейді тағы автор. Бұл

«ой мен сезімнің мейлінше бұзылғанын дәлелдейді... мұндай сыпайы, әдемі боялған, мұндай кінәсыз және сонымен бірге мейлінше бұзылу бұрын еш уақытта да болған емес. Бұл бұзылғандық — түгелімен біздің ең жаңа тарихымыздың игілігі, бекзада, дворяндық сентиментализм, надандық пен жалқаулық топырағында өсіп жетілген мещандық мәдениеттің игілігі [яғни дәлірек айтқанда, буржуазиялық, капиталистік тәртіптердің игілігі. К. Т.]. Мещандық өмірге өз ғылымын, өзінің адамгершілік заңын, өз софизмдерін ала келді».

* Неменеге қатер төндірген? құрсақ әрекетіне ме? Капитализмнің оған «қатер» төндірмейтіні былай тұрсын, қайта асқан тәтті, әрі жұғымды тағам береміз деп отыр.

Шындықты соншалық дұрыс бағалаған автор бірден-бір мүмкін жолды да түсінсе керек еді. Ал барлық мәселе біздің буржуазиялық мәдениетте болып отырса,— онда осы буржуазияға «қарама-қарсылардан» басқа ешқандай «келешектің кепілі» болуы мүмкін емес, өйткені оның бір өзі ғана «мещандық мәдениеттен» біржолата «жігін айырған», оған біржолата, үзілді-кесілді қас, ол «либералдық паспорттарды» кесіп-пішіп ала беруге қолайлы болатын ымыраласудың ешқандайына баруға жоқ.

Бірақ олай да емес. Әлі де қиялдай тұруға болады. «Мәдениет» — шынында ылғи «мещандық», ылғи бұзылғандық. Дегенмен мұның өзі тек ескі бекзадалықтың (мәдениетті ең жаңа тарих жасады, тарих болғанда нақ ескі бекзадалықты жойған тарих жасады деп жаңа ғана өзі мойындады ғой) және жалқаулықтың нәтижесі,— демек, бұл берік тамыры жоқ, кездейсоқ бір нәрсе, т. с. деген сияқты фактілерден теріс айналудан, «өзара қарама-қарсы күштердің» *бар екенін* көрмейтін тәтті қиялдан басқа ешқандай мағынасы жоқ бос сөздер басталады. Тыңдаңыздар:

«Оған (мещандыққа) бұларды (ғылымды, адамгершілік заңын) кафедраға, әдебиетке, сот орындарына және өмірдің басқа жерлеріне енгізу керек. [Оның *бұларды* «өмірдің» деревня сияқты терең «жеріне» *енгізіп үлгергенін* біз жоғарыда көріп өттік. К. Т.]. Ол, ең алдымен, бұған толық жарамды адамдарды таба алмай, лажсыздан басқа дәстүрдегі адамдарға қол артады. [Сонда «адам таба алмай жүрген» — орыс буржуазиясы ма?! Мұны теріс деп жатудың керегі жоқ, өйткені төменде автор өз сөзін өзі теріске шығарады. К. Т.] Бұл адамдар істі білмейді [орыс капиталистері ме?! К. Т.], олардың аяқ алысында тәжірибе жоқ, қимылдары епсіз [ондаған, жүздеген процент пайда түсіруге олардың «іс білуі» әбден жеткілікті; барлық жерлерде truck-system [103] қолдануға да «тәжірибелері» жеткілікті; қамқорлық салықтарын алуға ептілігі де жеткілікті. Мұндай қиял бұл адамдардың қанауын өзі *тікелей, тура* сезбеген адамға ғана, тек ұсақ буржуаға ғана елестесе керек. К. Т.]; олар батыс европалық буржуазияға еліктеуге тырысады, кітаптар жаздырып алады, оқиды, үйренеді [бұл жерде енді автор жаңа ғана айтқандарының ойдан шығарылған бос қиял екенін мойындауға тиіс: ол бізде «мещандық мәдениет» *надандық* негізінде өркендеді-міс деген. Өтірік. Реформадан соңғы Россияға мәдениеттілікті, «білімділікті» нақ сол «мещандық мәдениет» әкелді. «Шындықты бояу», жауды әлсіз

және негізсіз етіп көрсету «жалпы қашан да орынды емес». К. Т.]; кейде олар өткендегіні өкініш етеді, ал кейде болашақ туралы ойға шомады, өйткені мещандық дегеніміз көпке бармайтын арсыз алдамшы нәрсе ғана, оның ғылымы сынауға татымайды, ал адамгершілік заңы мүлде жарамсыз деген дауыстар әлдеқайда естіліп жатыр».

Сонда «өткендегіге өкініш ететін», «болашақ туралы ойға шомып» отырған орыс буржуазиясы болғаны ма?! Бәсе! «Мещандық жарамсыз!» деген дауыстардан қысылды деп, соры қайнаған орыс буржуазиясына ұшы-қиыры жоқ жала жауып, өз басын өзі қатыруға адам дегеннің мұндай жаны құмар болар ма! Қайта, керісінше емес пе: нығарлай зекіргенде «қысылған» әлгі «дауыстар» емес пе, «болашақ туралы ойға шомғандар» да солар емес пе?..

Осы сияқты мырзалардың бізді не үшін романтик дейді деп таңданатынын, түсінбегенситініп қайтерсің!

«Әйткенмен бас саугалау керек. Мещандық жұмысқа бар деп өтінбейді, өмір өтеді, бармасаң құрисың дейді*. Бармасаң — нәпсыз қаласың, көшенің ортасына тұрып алып «қызметтен шыққан штабс-капитанға садақа!» деп зарлайтын боласың, немесе тіпті аштан қатасың. Міне, сөйтіп, жұмыс басталады, тарс-тұрс, дүрс-дүрс, күрс-күрс етіп жатады, біреуді біреу біліп болмайды. Жұмыс асығыс, кешеуілдеуді көтермейді. Ақырында, механизм іске қосылады. Тарсылдаған ащы дауыстар азайған сияқтанып, бөлшектері үйлескен тәрізді болады, тек сөлекет бір нәрсенің дүрсілі ғана естіледі. Бірақ одан сайын қорқынышты болады: тақтайлар майысқан үстіне майыса түседі, винттері сылқылдап кетеді, енді болмаса барлығы быт-шыт қирағалы тұрғандай».

Бұл жері өте бір ерекше жер, өйткені бұл арада Россия халықшылдарының ғылыми түр беруге құмар болып жүрген пікірлерінің схемасын бадырайтып, қысқаша, әдемі көрсеткен. Капиталистік құрылыста қайшылықтар бар екенін, езушілік, аштан өлу, жұмыссыздық, т. т. бар екенін дәлелдейтін талассыз, ешқандай күмән келтіруге болмайтын фактілерге сүйеніп, олар

* Оқушы, есіңізде болсын. Халықшыл: біздің Россияда «жұмысқа бар деп бұйрық беретін *мещандық*» дейтін болса,— онда бұл шындық болып табылады. Ал марксист: бізде капиталистік өндіріс әдісі үстем болып отыр дейтін болса,— онда В. В. мырза: ол «демократиялық құрылысты (sic!! (солай!! *Ред.*)) капиталистік құрылыспен алмастыруға» тырысады деп даурыға бастайды.

капитализм өте жаман, «сөлекет» нәрсе екенін дәлелдеуге тырысады [В. В-ны, *Каблуковты* («Ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар туралы мәселе»), *аздап* Николай — он мырзаны салыстырыңыз], ол «енді болмаса» быт-шыт қирағалы тұр дейді.

Көптеген жылдар бойы байқап келеміз, қадала байқаудамыз, сонда көретініміз: орыс халқына жұмысқа бар деп бұйырып отырған бұл күш барған сайын ығайып, өсіп келеді, *өзі* орнатып жатқан Россияның қуатын айтып, бүкіл Европаға мақтанады және, әрине, тек «винттер босағаннан» үміт күту қажет деген «дауыстар естілгеніне» дән риза.

«Әлсіз адамдардың қорқыныштан зәресі ұшады. Өжет жандар «солай болғаны жақсы» деседі. Буржуазия да «солай болғаны жақсы» дейді: «шетелдерден жаңа механизмді тезірек алдырамыз, платформаларды, тақтайларды және басқа да жабайы құрал-саймандарды үй материалынан тезірек жасап аламыз, шебер машинистерді тезірек тауып аламыз». Ал қоғамның адамгершілік жағы бұл уақыттың бәрінде ең нашар күйде болмақ. Кейбіреулер жаңа жұмысқа бойы үйреніп алып, өле тыраштанады; кейбіреулер кейін қалады да, өмірден күдер үзеді».

Бишара болған орыс буржуазиясы-ай! Үстеме құп аламын деп «өле тыраштанады»! және адамгершілік жағынан тағы қысылады! (Есіңізде болсын, бұдан бір бет бұрын осы адамгершілік атаулының бәрін құрсақ әрекеті мен бұзылғандыққа барып сайыған болатын). Бұл арада онымен күресудің — оның үстіне қайдағы бір тап күресінің — ешбір керегі жоқ екені түсінікті,— тек жақсылап тұрып зекіріп алсаң жетіп жатыр, зорлығын өзінен өзі қояды.

«Бұл кезде ешкім дерлік халықтың қамын ойламайды, ал оның бер жағында, буржуазияның ережелері бойынша, барлығы да халық үшін, халық есебінен істеледі; оның үстіне әрбір қоғам қайраткері мен әдебиет халықтың игілігін сөз етуді міндетіміз деп санайтын болып алды... Осы либералдық-қылымсу бағыты басқаның бәрін жаныштап, өзі басым болып алды. Біздің *демократияшыл заманымызда* халықты жақсы көретінін жұрт алдында мойындап: «менің әрқашан да сүйгенім біреу-ақ, өлгенде де осы сүюшілікпен өлем, ол — халық, мен өзім халықтан шықтым» (бұл әлі еш нәрсені дәлелдемейді) деп жүрген Суворин мырза ғана емес, керек десе «Московские

Ведомости» да халыққа тіпті бір басқаша қарайды... және халық игілігіне, әрине, әлдеқандай, өзінше қамқорлық жасаған болады. Қазіргі уақытта «Весть» марқұм тәрізді, яғни халықты ашықтан-ашық жек көретін бірде-бір баспасөз органы қалған жоқ. Алайда ашықтан-ашық жек көрушілік болғанның өзі артық еді, өйткені онда жау алақанындағыдай ашық көрінуші еді: оның қай жағынан ақымақ, қай жағынан алдамшы екені көрініп тұрушы еді. Қазіргі күнде — бәрі де дос, сонымен қатар бәрі де — дұшпан; бәрі жалпы былықпен бытысып кетті; Успенский айтқандай, халықты шынында да тәжірибесіз адамды ақылдан, жолдан тайдыратын бір тұман басып отыр. Бұрын халық бір ғана шынайы заңсыздықты көруші еді. Ал қазір оған: помещик қандай ерікті болса, сен де сондай еріктісің дейді, өз істеріңді өзің басқарып отырсың дейді, сені бишаралықтан құтқарып, адам етіп отыр дегенді айтады, дұрысында, бұл қамқорлықтың бәрінде оларды әрі жіңішке, әрі мықты жіппен көгендеп отыратын ұшы-қиыры жоқ алдау мен екіжүзділік қисапсыз көп».

Дұрысты дұрыс деу керек!

«Ол кезде кулактарды көтермелеп, пағыз кедейлерді кредитсіз қалдыратын несие-жинақ серіктерін құрумен жұрт түгел шұғылдана қоймаған еді».

Алғашында кредиттің буржуазиялық нәрсе екенін түсінетін автор бұл сияқты буржуазиялық шаралардың барлығынан ат тонын ала қашар деп шамалауға болатын еді. Бірақ ұсақ буржуаның өзгеше және негізгі белгісі буржуазиялыққа қарсы қырқыста буржуазиялық қоғамның өз құралдарын жұмсау болып табылады. Сондықтан жалпы халықшылдар сияқты автор да буржуазиялық іс-әрекетін неғұрлым мол кредит, нағыз кедейлерге керекті кредит болуын талап ету арқылы *түзетпек!*

«...жерді қайта бөлу ісі мен қауым (?) кедергі жасап отырған интенсивті шаруашылықтың қажет екені талқыланбайтын еді; жан басына салынатын алым-салықтардың ауыр екені айтылмайтын және жанама салық, табыс салығы, әдетте, іс жүзіне келгенде баяғы сол кедейлерге түсетін салыққа айналатыны сөз болмайтын; шаруалардың помещиктерден өте қымбат бағамен жер сатып алуы үшін жер кредитінің болуы қажет екенін, т. т. сөз қылмайтын еді... Қоғамда да солай болып отыр; онда да халық достары соншама көп, қайран қаласың... Тегі, көп кешікпей-ақ закладшылар мен шарап сатушылар да халықты жақсы көретінін айта бастаса керек».

Буржуазиялыққа қарсы наразылық сондай тамаша айтылған; бірақ жасаған қорытындылары тым болымсыз: буржуазия өмірде де, қоғамда да дәурен сүріп отыр дейді. Демек, қоғамға сырт беріп, буржуазияға қарама-қарсы жаққа шығу керек-ақ сияқты.

Айта көрмеңіз, «нағыз кедейлерге» берілетін кредитті насихаттаған абзал!

«Жағдайдың бұл сияқты күңгірт болуына көбіне кім айыпты: әдебиет пе әлде қоғам ба,— мұны анықтау қиын, тіпті оны анықтаудың ешқандай пайдасы да жоқ. Балық басынан шіриді деседі, бірақ мен мұндай нағыз аспазшылық аңғарысқа ешқандай мән бермеймін».

Буржуазиялық қоғам іріп-шіріп барады,— міне, автордың түйген ойы осы. Марксистердің де түпкі ой-ниеті нақ осы екенін атап айту керек.

«Ал, оның бер жағында, біз деревняға қылымси көз қысып жүргенде тарихтың тегершігі айнала береді, стихиялық күштер әрекет жасайды, немесе түсінікті етіп оңайырақ айтқанда, өмірге неше түрлі оңбағандар қыстырылып, оны өзінше қайта құрып жатады. Әдебиет деревня, мужиктің ақпейілдігі және оның білімсіздігі туралы таласын аяқтап болғанша, публицистика қауым мәселелері мен жер иелену формаларын жазамын деп шелек-шелек сиясын тауысып болғанша, алым-салық комиссиясы алым-салық реформасын талқылап болғанша,— деревня бәрінен жұрдай болуы мүмкін».

Солай деңіз! «Біз сөзбен болып жатқанда — тарихтың тегершігі айнала береді, стихиялық күштер әрекет жасай береді»!

Достар-ай, егер мұны мен айтқан болсам, қандай шу көтерер едіңдер! [104]

Марксистер «тарихтың тегершігі мен стихиялық күштер» туралы әңгіме етсе, онда бұл «стихиялық күштер» дамып келе жатқан буржуазияның күштері деп дәл түсіндірсе,— халықшыл мырзалар осы «стихиялық күштердің» өсу фактісі рас па және ол дұрыс бағаланған ба,— бұл мәселе жайында жұмған аузын ашпайды, сөйтеді де «тарихтың тегершігі» мен «стихиялық күштер» дегенді батылы барып сөз қылып жүргендер неткен «мистик және метафизик» адамдар деп,

жөн-жосықсыз былапыттарын сандырақтауды ұнатады.

Халықшылдың өзі мойындап отырған жоғарыдағы пікірі мен марксистердің дағдылы қағидасының арасындағы айырмашылық, бұл өте мәнді айырмашылық тек мынау: халықшылдың ойынша, бұл «стихиялық күштер» «өмірге қыстырылған» «оңбағандар», ал марксистің ойынша, стихиялық күштер буржуазия *табында* бейнеленеді; буржуазия табы кездейсоқ немесе сыртқы бір жақтан келіп «өмірге қыстырылған» нәрсе емес, капиталистік қоғамдық формация болып отырған қоғамдық «өмірдің» жемісі мен көрінісі болып табылады. Халықшылдар түрлі кредит, алым-салық, жер иелену формалары, қайта бөлістер, жақсартулар, т. с. бетінде қалқып, буржуазияның орыстың өндірістік қатынастарындағы терең тамырларын көре алмайды, оны «оңбағандардан» басқа еш нәрсе де емес деп балаша алданып, өзін өзі жұбататын себебі де осыдан. *Мұндай* көзқарас тұрғысынан қарағанда мәселенің бәрі тек «оңбағандарды» құртуда ғана болса, бұл арада тап күресінің не керегі бар екендігі, расында да, мүлде түсініксіз болатыны табиғи нәрсе. Марксистердің бұл күресті әлденеше рет, күш сала көрсетуіне халықшыл мырзалар тапты көрмей, тек «оңбағандарды» ғана көріп отырған адамның кебін киіп, еш нәрсені түсінбеген болып үндемей құтылатыны да табиғи нәрсе.

Тапқа қарсы *басқа бір тап* қана күресе алады және, сөз жоқ, өз жауынан әбден «жігін айырған», оған мүлде қарама-қарсы тұрған тап қана күресе алады, ал «оңбағандарға» қарсы, әлбетте, тек полиция күрессе де, ең әрі кеткенде «қоғам» мен «мемлекет» күрессе де жетіп жатыр.

Алайда біз, халықшылдың өзі берген сипаттама бойынша, бұл «оңбағандардың» қандай екенін, олардың тамыры қаншалық терең екенін, қоғамдық міндеттерінің қаншалық кең екенін көп ұзамай көреміз.

Онан соң, «халықтың енжар достары» туралы жоғарыда жазылған сөздерден кейін, автор іле-шала былай дейді:

«Бұл — саясаттағы қарулы бейтараптықтан да жаман нәрсе, жаман болатын себебі — мұнда әрдайым ең күштіге мықтап көмек көрсетіледі. Енжар дос қандай аққөңіл болғанымен, күнделікті өмірде қандай сыпайы және сабырлы болуға тырысқанымен, ол бәрібір достарына зиян келтіреді...»

«...Азды-көпті барқадарлы және халықты шын пейілімен жақсы көретін адамдар үшін * істің мұндай жағдайы бара-бара жан түршігер жиіркенішке айналып кетеді. Жылдан-жылға күн сайын қайталанатын, кеңселерде де, ақсүйектер бас қосқанда да, трактирлерде де, ішкілік үстінде де қайталанатын, еш уақытта іске аспайтын, халықты жақсы көреміз деп өне бойы және алдамыш айтылатын бұл сияқты сөздерді тыңдау ол адамдар үшін ұят және төзгісіз нәрсеге айналып кетеді. Міне, сондықтан да олар, ақыр аяғында, бұл былықпайлардың бәрін жаппай мақұлдамайтын болып алды».

Бұрынғы орыс халықшылдарының либералдарға көзқарасы жөніндегі бұл сипаттама марксистердің қазіргі халықшылдар жөніндегі көзқарасына бүтіндей дерлік үйлесе кетер еді. «Халыққа» кредит беру, жер сатып әперу, техниканы жақсарту, артельдер құру, қоғамдасып жер жырту **, т. с. арқылы жәрдем беру деген сөздерді тыңдау енді марксистерге де «жан түршігер» нәрсе болып алды. Марксистер де «халық» жағында емес, жоқ... буржуазия жұмысқа бар деп бұйыратын адамдар жағында болғысы келетін адамдардан осы либералдық-халықшыл былықбайлардың бәрін «жаппай мақұлдамауды» талап етеді. Марксистер осы халық өнеркәсібінің барлық саласында капитал үстемдік етіп отырғанда, мүдделердің астыртын күресі болып жатқанда, бұл күресті бүркемелемей, ашып көрсету керек болып отырғанда, «күрессіз болғаны абзал» *** деп қиялға салынбай, ол күресті тұрақтылық, сабақтастық, дәйектілік жағынан, ең бастысы идеялық жағынан *дамыта беру* керек болып отырғанда, Россияға керекті жол табу, «болғалы тұрған» капитализмнің кесапатта-

* «Енжар достардан» ерекшелік белгілер қандай күңгірт қалған! Олар да «барқадарлы» және «халықты шын пейілмен» күмәнсыз «жақсы көретін» адамдар ғой. Жоғарыдағы қарама-қарсы қоюшылықтан енжар адамға «өзара қарама-қарсы *қоғамдық күштердің* күресіне қатынасатын адамды қарсы қою керек екендігі анық көрінеді. Hier liegt der Hund begraben (Істің мәнісі, міне, қайда жатыр. *Ред.)*

** Южаков мырза, «Русское Богатство», 1894 ж., № 7

*** «Қоғамдық таптардың қатал күресі» жайында Струве мырзаның айтқан сөздеріне жауап ретінде Кривенко мырзаның айтқан сөздері («Русское Богатство», 1894 ж., № 10).

ры, «халықтық өнеркәсіптің мұқтажы» дегендер туралы талқылауды «жан түршігер» көлгірсу деп таниды.

«Міне, сондықтан да, ақыр аяғында, белгілі азаматтық өсиеттер, таза жүру керек дейтін белгілі қатаң талаптар пайда болады; бұлардың өзі әрі қатаң, әрі кейде тіпті ықшам талаптар, ал бұларды қараңғыдан кеңістік іздейтін, бірақ оның логикалық тегін есіне алмайтын қанаты кең либералдар мейлінше ұнатпайды».

Өте жақсы тілек! Нақ «қатаң» және «ықшам» талаптардың қажет екендігінде күмән жоқ.

Бірақ барлық қырсық халықшылдардың өте жақсы ниеттерінің бәрі «аңқаулық тілектерден» аспай жүргендігінде. Мұндай талаптардың қажет екенін біле тұрса да, ол талаптарды жүзеге асыруға уақыттары мейлінше жеткілікті бола тұрса да,— олар әлі күнге дейін сол талаптарды іске асырған жоқ, олар талай-талай біртіндеген баспалдақтар арқылы Россияның либералдық қоғамымен ұдайы бірігіп келді, солармен бірігуін әлі тоқтатқан жоқ *.

Сондықтан марксистер енді оларға *қарсы* нағыз өте «қатты» және өте «ықшам» талаптар қоятын болса,— *түп-түгелдей бір* тапқа (атап айтқанда, «өмірден сұрыпталып жіктелген» тапқа) *түп-түгелдей* қызмет ету, оның дербес дамып, дербес ойлауына қызмет ету талаптарын қоятын болса, Россияның «таза жүретін» буржуйларының «азаматтық» «тазалығынан» толық ажырасу талаптарын қойып отырса,— халықшылдар мұны өздерінен көрсін.

«Бұл өсиеттер іс жүзінде, кейбір жағынан алғанда қандай шағын болғанымен, тегінде, жалпы талапқа — «екінің бірі: не шын дос болыңдар, не ашықтан-ашық жау болыңдар!» деген талапқа қарсы еш нәрсе айтуға болмайды.

Біз қазіргі уақытта өте-мөте маңызды тарихи процесті — үшінші сословиенің құрылу процесін басымыздан кешіріп

* Аңғалдықтан өзіне қарсы жазып отырғанын түсінбейтін кейбір аңқау халықшылдар, тіпті, мұнысын мақтан етеді:

В. В. мырза Струве мырзаға *қарсы* шығып, былай деп жазады: «Жалпы интеллигенциямыздың, оның ішінде әдебиеттің, тіпті ең буржуазиялық ағымдар өкілдерінің өздерінде де, былайша айтқанда, халықшылдық сипат бар» («Неделя», 1894 ж., № 47, 1506-бет).

Талай-талай байқаусыз баспалдақтар арқылы ұсақ өндірушінің өмірде буржуазиямен бірігіп кететіні сияқты,— әдебиетте де халықшылдардың аңқаулық тілектері құрсақ әрекетін арқалаушыларға, ас ішіп, аяқ босатарларға [105], т. т. керекті «либералдық паспортқа» айналып жүр.

отырмыз. Біздің көз алдымызда өкілдерді іріктеп алу жұмысы жүріп жатыр және өмірді басқаруға әзірленіп жатқан жаңа қоғамдық күш құралып жатыр».

Әлі тек «әзірленіп жатыр» ма? Онда «басқарып отырған» кім? Басқа қандай «қоғамдық күш»?

«Весть» [106] á la * органдарда айтылған күш болып жүрмесін? — Мүмкін емес. Біз 1894 жылда емес, 1879 жылда, «жүрек диктатурасы» [107] қарсаңындамыз,— ол кезде, мақала авторының айтқанындай, «әсіресе консерваторларды көшеде саусақ нұсқап көрсететін еді», мазақтап «сақылдап тұрып күлетін» еді.

Мүмкін еңбекшілер «халық» емес пе екен? — Автордың бүкіл мақаласы бұған теріс жауап береді.

Сонда да автор «басқаруға әзірленіп жатыр» деуіп әлі қоймайды?! Жоқ, бұл күш әлдеқашан «әзірленіп болған», әлдеқашаннан бері «басқарып келеді»; ал Россия үшін тәуір жолдар табуға «әзірленіп жатқандар» тек халықшылдар; бұл әзірлену, шамасы, тап қайшылықтарының дәйекті дамуы қашан онан бойын аулақ салатындардың бәрін ығыстырып, сыртқа шығарып тастағанға дейін созыла берсе керек.

«Европада бізденгіден анағұрлым ерте басталған бұл процесс көп мемлекеттерде аяқталып қалды **, басқаларында феодализм қалдықтарының және жұмысшы таптардың қарсы қимылы салдарынан әлі кешеуілдеп отыр, бірақ мұнда да тарих тегершігі әлгі қалдықтарды жыл сайын үдете күйретіп, өмірді жаңа тәртіптерге қарай бастауда».

Біздің халықшылдардың батыс европалық жұмысшы қозғалысын түсінбеуі, міне, осыншалық дәрежеде! Қараңызшы, бұл қозғалыс капитализмді «кешеуілдетіп» отырған көрінеді,— сондықтан оны «қалдықтар» ретінде феодализммен қатар қойған!

Мұның өзі Россияда ғана емес, Батыста да капитализмге қарсы күресті оның дамуын «кешеуілдетпей», қайта тездету арқылы, арттан емес, алдан, реакциялық

---

* — сияқты. *Ред.*

** Яғни «аяқталып қалды» деген не? Процесс ақырына жетті, «жаңа күш» құралып та жатыр деген сөз бе? — олай болса процесс бізде де аяқталып келеді. Әлде онда 3-сословие енді тумайды деген сөз бе? — бұл дұрыс емес, өйткені ат төбеліндей буржуазияны және толып жатқан пролетариатты шығаратын ұсақ өндірушілер онда да әлі бар.

жолмен емес, прогрестік жолмен қалай жүргізу керектігін біздің халықшылдардың түсіне алмайтынын көрсететіні айқын дәлел.

«Жалпы алғанда бұл процесс мынадай: дворяндар мен халықтың арасында жоғарыдан төмендеген элементтер мен төменнен жоғарылаған элементтерден, үлес салмағы бірдей тәрізді десе де болатындай элементтерден қоғамдық жаңа жік құрылады; бұл элементтер тығыз бірігіп, қосылады, терең ішкі өзгеріске ұшырайды және жоғарғы тобын да, төменгі тобын да өздерінің керегіне бейімдеп өзгерте бастайды. Мұның өзі де бір аса қызықты процесс, ал біз үшін оның өте-мөте ерекше маңызы бар. Бұл арада біздің алдымызға бірқатар сұрақтар қойылады: сонда үшінші сословиенің үстемдік құруы әрбір халықтың цивилизациясында қатерлі де сөзсіз саты болғаны ма?..»

Не деген қоқыс?! «Сөзсіз қатер» қайдан жүр және оның мұнда қыстырылатын не жөні бар? *Бізде*, қасиетті Русь елінде 70-жылдарда 3-сословие үстем болғанын суреттеген және төменде одан да гөрі толық суреттейтін осы автордың өзі емес пе?

Автордың малданғаны, сірә, біздің буржуазия өкілдері бүркеніп жүрген теориялық дәлелдер болса керек.

Бұл сияқты жалған теорияларды таза шындық деп тану, осы «теориялық» пікірлердің тасасында *мүдделер* жатқанын, жаңа ғана өте дұрыс баға берілген қоғамның мүдделері, буржуазияның мүдделері жатқанын түсінбеу — үстірт қиял болмағанда не болмақ?

Мүдделерге қарсы силлогизмдер арқылы күресуге болады дегенді тек романтик айтар болса керек.

«... тым сақ келетін филистерлерге аяқ басқан сайын елестейтін ешқандай астан-кестеңсіз-ақ, және де тарихтан жалғыз қатерлі тәртіппен басқаны көрмейтін, тарихта маңдайға жазылған жалғыз ғана тәртіп бар, осының салдарынан адамға кәрілік пен жастық қандай міндетті болса, үшінші сословиенің үстемдігі мемлекет үшін де сондай міндетті деп білетін фаталистерге құлақ қоймай-ақ мемлекеттің бір сатыдан екінші сатыға тура көшуіне болмай ма?..»

Біздегі шындықты халықшылдардың түсінуі, міне, осындай терең жатыр! Егер мемлекет капитализм дамуына болысып отырса, мұның себебі — буржуазия халықты «жұмысқа айдауға» және саясатты өз жағына

бұруға жететін материалдық күшке ие болғандығынан емес екен. Мүлде олай емес екен. Мәселе тек Вернадскийлер, Чичериндер, Менделеевтер және басқа профессорлар «қатерлі» тәртіп дейтін теріс теорияларды қолданатындығында, ал мемлекеттің оларға «құлақ қоятынында» ғана көрінеді.

«...ақырында, төніп отырған тәртіптің теріс жақтарын жеңілдетуге, бір нәрсе етіп оның түрін өзгертуге немесе оның үстемдік ететін уақытын қысқартуға болмас па? Мемлекет шынымен-ақ өз тағдырына әсер ете алмайтын және оны өзгерте алмайтын жасық, мүшкіл, әлсіз бір нәрсе болғаны ма; ол шынымен-ақ тек белгілі бір жолмен, тек белгілі бір уақытта ғана қозғалатын және белгілі бір мөлшерде айналып отыратын ғайыптан пайда болған, ойыншық тәріздес бір нәрсе болғаны ма, немесе болмашы мұрсаты бар организм сияқты болғаны ма; оны шынымен-ақ адам баласының бақытына апаратын ең жақын жолдарды іздеп көруге құлшынып, бел байлағанның бәрін тұншықтыратын орасан зор шойын тегершік сияқты бір нәрсе билейтін болғаны ма?!»

Россия халықшылдарының тікелей өндірушілердің мүдделерін қорғап келген және қорғап отырған сыйқының *реакцияшылдығын, ұсақ буржуазияшылдығын* ерекше анықтап көрсететін өте бір өзгеше жері осы. Капитализмге қас ниеттегі ұсақ өндірушілер буржуазиямен шектес өткінші тап болып табылады, сондықтан олар өздеріне ұнамайтын ірі капитализм кездейсоқ нәрсе емес, өзара қарама-қарсы қоғамдық күштердің күресінен құралатын қазіргі бүкіл экономикалық (әрі әлеуметтік, әрі саяси, әрі юридикалық) құрылыстың тікелей жемісі екенін түсіне алмайды. «Мемлекетке» жалбарыну сияқты барып тұрған сорақылыққа ұрыну тек осыны түсінбегеннен туады, саяси тәртіптердің тамырлары экономикалық тәртіптерде жатпағандай, соның жоғын жоқтамағандай, соған қызмет етпегендей көрінеді.

Оның мүдделері жөнінде мемлекет шынында да соншама жасық екенін көріп, ұсақ өндіруші ыза болады: мемлекет шынымен-ақ жасық бір нәрсе болғаны ма? — деген сұрақ қояды.

Жоқ, олай емес,— деп жауап берер едік біз оған,— мемлекет ешқандай жасық бір нәрсе емес, ол үнемі әре-

кет және өте жігерлі әрекет үстінде болады, қашан да белсенді, ешқашан енжарлық істеген емес,— бұл белсенді әрекетті, оның буржуазиялық сипатын, оның табиғи жемістерін бұдан бір бет бұрын автордың өзі де суреттеп берген. Бір жаман жері, автор бұл әрекеттің осындай сипаты мен орыстың қоғамдық шаруашылығының капиталистік жолмен ұйымдасуы арасындағы байланысты көргісі келмейді, сондықтан да өте үстірт кетеді.

Kleinbürger * «тегерштіктің» өз тілеуінше айналмағанын көріп: мемлекет шынымен-ақ ойыншық, шынымен-ақ шойын тегерштік болғаны ма? — деген сұрақ қояды.

Жоқ, олай емес,— деп жауап берер едік біз оған,— мемлекет ойыншық емес, тегерштік емес, тағдырдың жазуы емес, алланың бұйрығы емес: оны «қаз-қатар тізілген кедергілерден баса-көктей өткізіп» ** (мысалы, тікелей өндірушілердің, немесе ескі дворяндық топ өкілдерінің қарсылығы сияқты кедергілерден өтіп) жүргізіп жатқан — «жігерлі жеке адамдар», атап айтқанда, әлгі салмағы басым қоғамдық күшке жататын «жігерлі жеке адамдар». Сондықтан да, тегерштікті екінші жаққа қарай айналуға еріксіз көндіру үшін «жігерлі жеке адамдарға» қарсы (яғни идеологиялық қалыптағы емес, көкейтесті экономикалық мүдделерді білдіретін қоғамдық элементтерге қарсы) күресте «жігерлі жеке адамдарға» сүйену керек, тапқа қарсы күресте тапқа сүйену керек. Бұл үшін «ең жақын жолдар» жөніндегі игі де аңғал тілектер мүлдем жеткіліксіз,— бұл үшін «әлеуметтік күшті таптардың арасында қайта бөлу» керек, бұл үшін күрестеп аулақ тұрған тікелей өндірушінің емес, нағыз қызу күрестің қақ ортасында жүрген, буржуазиялық қоғамның «өмірінен біржолата жігін айырған» күштің идеологы болу керек. Бұл —

* — ұсақ буржуа. *Ред.*

** Струве мырза кітабының 8-бетінде Н. Михайловский мырзаның мына сөздері келтірілген: «жігерлі жеке адам қатерге басын тігіп, бар ойын, сезімін жұмсап, тарихтың қайраткері болып алады. Тарихта мақсаттар қоюшы және табиғат пен тарихи жағдайлардың стихиялық күштері туғызатын кедергілерден баса-көктей өткізіп, оқиғаларды осы мақсаттарға қарай жылжытушы — әлдеқалай бір мистикалық күш емес, жігерлі жеке адам».

«адам баласының бақытына» апаратын *бірден-бір* жол, сондықтан да ең жақын жол, бұл қазіргі ахуалдың теріс жақтарын жеңілдетуге жеткізетіні, дамуын тездету арқылы оның өмірін қысқартуға жеткізетіні былай тұрсын, сонымен қатар «тегершікті» (енді мемлекеттік күштердің емес, әлеуметтік күштердің тегершігін) мүлде басқа жаққа айналдырып, қазіргі ахуалдың теріс жақтарын мүлдем құртатын жол.

«... Біздің әңгімелейтініміз тек үшінші сословиенің құралу процесі, тіпті халық ортасынан шығып, оның қатарына қосылып жатқан адамдар ғана. Бұлар өте маңызды адамдар: олар өте-мөте маңызды қоғамдық қызметтер атқарады, буржуазиялық тәртіптің жедел жетілуі соларға байланысты. Осы тәртіптер орнаған елдердің бірде-бірі оларсыз ештеңе істей алған емес. Егер ол адамдар елде жоқ болса немесе жеткіліксіз болса, оларды халық ішінен шығару керек, халық өмірінде олардың құралуына, іріктелуіне себі тиетін жағдайлар туғызу қажет, ақырында, әбден нығайып жетілгенге дейін оларды қорғап, өсуіне көмектесу қажет. Бұл арада біз жағдайлар мен қолайлы сәтті өз мүддесіне пайдаланып, асқан жігерлі адамдардың тарихи тағдырға тікелей қол сұғып отырғанын кездестіреміз. Бұл жағдайлар көбінесе өнеркәсіп прогресінің қажеттігінде (майдагерлік өндірісті мануфактуралық өндіріске, мануфактуралық өндірісті фабрикалық өндіріске айналдыруда, егіншіліктің бір жүйесін екінші бір тиімді жүйемен ауыстыруда) болып отыр; шынында да, халықтың белгілі бір тығыздығы мен халықаралық қарым-қатынастар тұсында мемлекет мұнсыз тіршілік ете алмайды және бұл жағдайлар экономикалық факторларға да, идеяның өсуіне де байланысты болатын саяси және адамгершілік алауыздықта болып отыр. Мемлекет өміріндегі осы қажетті өзгерістерді епті адамдар әдетте өз басына және белгілі бір тәртіптерге байланыстырады; егер басқа адамдар осы кезге дейінгісінен ақылдырақ, жігерлірек болса, бұларды басқалармен ауыстыруға және әрдайым ауыстыра беруге болады, бұған ешбір күмән жоқ».

Сөйтіп, буржуазияның «маңызды қоғамдық қызметтер» атқаратынын автор лажсыз мойындайды,— бұл қызметтерді жалпы былай деуге болады: халық еңбегін өзіне бағындыру, оған басшылық ету, оның өнімділігін арттыру. Экономикалық «прогрестің» осы элементтермен шын «байланыстылығын», яғни біздің буржуазия өзімен бірге шынымен экономикалық прогресс, дәлірек айтқанда, техникалық прогресс ала келгенін автордың көрмеске лажы жоқ.

Ал ұсақ өндірушінің идеологы мен марксистің арасындағы түбегейлі айырмашылық дәл осы жерден басталады. Халықшыл бұл *фактіні* (буржуазия мен прогрестің арасындағы байланысты) «епті адамдардың» «жағдайлар мен қолайлы сәтті өз мүддесіне пайдалануынан» деп түсіндіреді,— басқа сөзбен айтқанда, бұл құбылысты кездейсоқ нәрсе деп есептейді, сондықтан аңғал батылдыққа басады: «бұл адамдарды басқа адамдармен әрдайым(!) ауыстыра беруге болады, бұған ешбір күмән жоқ»; басқа адамдар да прогреске жеткізеді, бірақ ол буржуазиялық прогресс болмайды,— деген қорытындыға келеді.

Марксист бұл фактіні материалдық заттар өндіруде адамдар арасында болатын қоғамдық қатынастардан деп түсіндіреді; бұл қатынастар товар шаруашылығында қалыптасады, еңбекті товар етеді, еңбекті капиталға бағындырады және оның өнімділігін арттырады. Марксист мұны кездейсоқтық емес, біздің қоғамдық шаруашылығымыздың капиталистік құрылымының қажетті жемісі деп біледі. Ол сондықтан құтылу жолы — буржуаны ауыстыратын адамдар нені «күмәнсыз істей алады» дейтін бос сөздерде емес (әуелі «ауыстыру» керек қой,— ал бұл үшін тек құр сөздер немесе қоғам мен мемлекетке жалбарыну жеткіліксіз), тап сол экономикалық тәртіптің таптық қайшылықтарын дамытуда деп біледі.

Бұл екі түсінік біріне-бірі жанаспастай қарама-қарсы екені, бұдан бірін-бірі жоққа шығаратын екі қимыл жүйесі шығатыны кімге де болса түсінікті. Халықшылдар буржуазияны кездейсоқтық деп есептеп, оның мемлекетпен байланысты екенін көрмейді, сөйтіп «аққөңіл мужиктің» сенгіштігіне салынады, буржуазияның мүдделерін тікелей қорғайтындардан көмек сұрап жалбарынады. Халықшылдың әрекеті ұстамды және ұқыпты, қазыналық-либералдық әрекеттен әрі кетпейді, мұның филантропиядан ешбір айырмасы жоқ, өйткені «мүдделерге» шындап тиіспейді және оларға ешқандай қатерлі емес. Марксист бұл былықпайдан бойын аулақ салады да, «экономикалық таптардың қатал күресінен»

басқа ешқандай «келешектің кепілдері» болмақ емес дейді.

Егер қимыл жүйелеріндегі бұл айырмашылықтар біздің буржуазияның үстемдік құрып отырғанына берілген *түсініктің* әр түрлі болуынан тікелей және лажсыз туып отырған болса,— онда марксист *теориялық айтыс* жүргізе отырып, сол буржуазияның қажет екенін және болмай қоймайтынын (қоғамдық шаруашылық қазіргідей ұйымдастырылып отырғанда) дәлелдеумен тынатыны да түсінікті (Струве мырзаның кітабы жайында да осылай болды); ал егер халықшыл түсіндіру әдістерінің мұндай әр түрлі болуы туралы мәселеге соқпастан, гегельшілдік және «жеке адамға қатаңдық» * деген әңгімелермен шұғылданатын болса,— онда бұл оның тек дәрменсіздігін айқын көрсететіні де түсінікті.

«Батыс Европада үшінші сословиенің тарихы өте ұзақ тарих... Біз, фаталистердің іліміне қарамастан, бүкіл осы тарихты, әрине, қайталамаймыз; біздің үшінші сословиенің оқыған өкілдері өз мақсаттарына жету үшін бұрынғы қолданылған тәсілдердің бәрін бірдей, әрине, қолдана бермейді, оның ішінен жергілікті жер мен уақыт жағдайларына ең қолайлы, ең сәйкес келетінін ғана алады. Олар шаруаларды жерсіз қалдырып, фабрика пролетариатын тудыру үшін дөрекі әскери күшке немесе дөрекілігі одан кем соқпайтын поместьелерді адақтауға, әрине, жармаспайды...

«Жармаспайды...»?!! Өткен уақыт пен қазіргі уақыттың *фактілерін,* ол фактілер әлдеқашан «жармасады» деп жауап бергенін мұндай қасақана ұмытушылықты және келешекте, әрине, «жармаспайды» деп кәміл сенушілікті тек тәтті оптимизмнің теоретиктерінен ғана кездестіруге болады. Әрине, олары өтірік.

«... ал олар жерді қауым болып иеленуді жоюға, фермерлік шаруашылықтар, аз ғана ауқатты шаруалар табын құруға **, жалпы алғанда экономикалық жағынан нашарлар өзінен-өзі

---

* Михайловский мырза, «Русское Богатство», № 10, 1894 ж.

** Бұл қауымды жоймай-ақ мықтап жүзеге асырылып жатыр, шаруалардың жіктелуін қауым ешқандай жоя алмайды,— земство статистикасы осыны анықтап отыр.

құратын шаралар қолдануға бет бұрады. Олар енді цехтар құрып жатпайды, бірақ кредит, шикізат, тұтыну және өндіріс ассоциацияларын құрады; бұлар барша жұртты бақытқа жеткіземіз деген уәдені бетке ұстап, күштілердің одан бетер күшеюіне, ал нашарлардың одан бетер нашарлауына ғана көмектеседі. Олар ру сотын құруға тырыспайды, бірақ еңбек сүюді, зерделілікті және білімге ұмтылуды көтермелейтін заң шығаруға тырысады, мұның игілігін көретін тек жас буржуазия болады, себебі бұқара бұрынғысынша маскүнемдікке салынып, надандықта қала береді және басқа біреу үшін еңбек етеді».

Бұл жерде бүкіл кредит, шикізат және басқа неше түрлі ассоциациялар, еңбек сүюге, зерделілікке және білімге болысатын шаралар дегендердің бәрі әбден жақсы сипатталған, бұларды біздің қазіргі либералдық-халықшыл баспасөз, оның ішінде «Русское Богатство» жанындай аялайды. Марксиске тек айтылғанды баса көрсету, шынында *мұның бәрі — үшінші сословиені қорғағандықтан басқа еш нәрсе емес,* олай болса, бұл туралы күйін-пісін жүргендер де *кішкене буржуадан* басқа еш нәрсе еместігіне толық келісу ғана қалып отыр.

Бұл цитат — қазіргі халықшылдарға әбден жеткілікті жауап: марксистердің бұл сияқты шараларға жиіркене қарайтынынан олар марксистер «көрермендер» ғана болғысы, қол қусырып қарап отырғысы келеді деген қорытынды жасап жүр. Әрине, бұл солай, марксистер буржуазиялық әрекеттерге ешқашан қолын былғамайды, олар мұндай әрекеттер жөнінде әрқашан «көрермендер» қалпында қала береді.

«Бірақ, не керек, буржуазия армиясының күзет топтарын, атқыштар тізбегін және авангардын құрайтын бұл таптың (халық арасынан шыққандардың, ұсақ буржуазияның) роліне тарихшылар мен экономистер көңілді өте аз бөліп келді, ал оның ролінің маңызы, тағы айтамыз, өте-мөте зор. Қауымды қирату және шаруаларды жерсіз қалдыру шарасы жүргізілген кезде мұны істеген жалғыз лордтар мен рыцарьлар ғана емес, оған өз туғаны да қатынасты, яғни бәз-баяғы сол халық арасынан шыққан адамдар, практикалық өптілігі бар, икемді, байбатшаның рақымы түскен, лай судан балық аулаған немесе талан-тараждан біраз капитал жинағандар қатынасты, бұларға жоғарғы сословиелер мен заң орны жәрдем қолын созды. Олар-

ды халықтың ең еңбек сүйгіш, қабілетті, зерделі элементтері деп атаған болатын...»

Бұл бақылау ақиқаттығы жағынан өте дұрыс. Шынында, жерсіз қалдыру ісін, көбінесе, «өз туғаны», ұсақ буржуа жүргізді. Бірақ халықшылдың бұл фактіні түсінуі қанағаттанарлық емес. Ол антагонистік екі тапты, феодалдар мен буржуазияны, «ескі дворяндық» және «жаңа мещандық» тәртіптердің өкілдерін бір-бірінен ажырата алмайды, шаруашылық ұйымның түрлі жүйелерін бір-бірінен ажырата алмайды, бірінші таппен салыстырғанда екінші таптың прогресшіл маңызы бар екенін көрмейді. Бұл бір. Екіншіден, ол буржуазияның өсуі талаудан,ептіліктен, итаршылықтан, т. т. болды деп есептейді, ал шынында ұсақ шаруашылық товар өндірісі негізінде ең зерделі, ең іскер қожайынды да ұсақ буржуа етіп жібереді, өйткені оның «жинағандары» болады, ал бұл «жинағандары» айнала қоршаған қатынастардың күшімен *капиталға* айналады. Бұл туралы біздің халықшыл беллетристердің майдагерлік кәсіпшіліктер мен шаруалар шаруашылығын суреттеп жазғандарын оқып көріңіз.

«... Бұл тіпті атқыштар тізбегі мен авангард та емес, бұл буржуазияның бас армиясы, штаб офицерлері, обер-офицерлер, жеке бөлімдердің бастықтары билейтін, публицистерден, шешендерден және оқымыстылардан * құралған бас штаб билейтін төменгі шендегі саптардан біріктірілген отрядтар. Бұл армия болмаған күнде буржуазия еш нәрсе де істей алмаған болар еді. 30 мыңға толмайтын ағылшын лендлордтары бірнеше ондаған миллион аш бұқараны фермерлерсіз басқара алар ма еді?! Фермер дегеніміз — саяси мағынада айтқанда нағыз жауынгер солдат, ал экономикалық мағынада айтқанда экспроприациялаушы шағын ұя... Фабрикаларда фермерлердің ролін мастерлер мен олардың жәрдемшілері атқарады; олар жұмысты басқалардан шебер істегені үшін ғана емес, сонымен қатар жұмысшыларды бақылап отыратыны үшін, станоктан жұрттың ең соңынан кететіні үшін, жұмысшылар тарапынан жалақыны көбейту туралы, немесе еңбек сағаттарын азайту туралы талап қойылуына жол бермейтіні үшін, қожайындары: анаған

* Әкімдерден, бюрократиядан деп қоса айтуы керек еді. Мұнсыз «бас штабтың» қатарына кіретіндердің тобын көрсетуі мүлде толық болып шықпайды,— әсіресе орыстың ерекше жағдайларында толық болмайды.

«қараңыздаршы, жұмыс істеп, бізге пайда келтіріп жүргендерге біз қанша төлеп отырмыз» деп айтуына мүмкіндік беретіні үшін жалақыны өте жақсы алады, қожайындармен және завод әкімдерімен өте жақын қарым-қатынастағы дүкеншілер де, кеңсе қызметшілері, түрлі-түрлі бақылаушылар және тамырында жұмысшының қаны әлі бар, бірақ бойына капитал біржолата сіңіп болған солар тәрізді ұсақ сүліктер де сондай роль атқарады. [Өте дұрыс! К. Т.] Әрине, біз Англияда не көрсек, Францияда да, Германияда да және басқа елдерде де соны көруге болады. [Өте дұрыс! Россияда да нақ сондай. К. Т.] Кейбір ретте шет пұшпақтап қана өзгеретін де болар, дегенмен олар да көбіне түгелдей өзгере бермейді. Өткен ғасырдың аяқ шенінде дворяндарды жеңіп шыққан, немесе, дұрысырақ айтқанда, халықтың жеңісін пайдаланған француз буржуазиясы халық ішінен ұсақ буржуазияны шығарады; ол халықты тонауға жәрдемдесіп, өзі де тонады және оны авантюристердің қолына берді... Әдебиетте француз халқын көтеметтеген жыр жырланып, оның ұлылығы, мейірімділігі және бостандық сүйгіштігі мадақталып жатқанда, осындай дәріптеулер Францияны тұмандай қаптаған кезде буржуазия мысығы тауықтың балапанын жүндей түтіп, бүтіндей дерлік жеп қойды да, халыққа сүйек-саяғын ғана қалдырды. Халық жер иеленетін болды деп айқай-шу көтергені метрмен өлшенетін, көбінесе салық төлемі жөніндегі шығынды да өтей алмайтын ұлтарақтай бірдеңе болып шықты...»

Осымен тоқталайық.

Біріншіден, бізде «крепостниктік правоны», «ескі дворяндық жікті» жеңгенде, бұл «жеңісті пайдаланған» кім? — деп халықшылға сұрақ қойғанымыз жөн болса керек. Сірә, буржуазия болмас. Халық туралы, халықты сүю туралы, мейірімділік туралы, қауымның қасиеттері мен сапалары туралы, қауым ішіндегі «әлеуметтік озара үйлесушілік пен ынтымақты іс» туралы, Россияның өзі — бүтіндей артель екені туралы, ал қауым дегеніміз — «село адамдарының ойы мен ісінде не болса, соның бәрінің тұлғасы» екендігі, etc.*, etc., etc., туралы автордың жаңа ғана жазғанындай «әдебиетте жыр жырланып жатқан» кезде, либералдық-халықшыл баспасөздің бетінде қазір де (мұңды үнмен болса да) жыр жырланып жатқанда, бізде «халық» ішінде не істеліп жатты екен? Шаруалардан, әрине, жер тартып алынбаған шығар; буржуазия мысығы тауықтың бала-

* — et cetera — тағысын-тағылар. *Ред.*

панын жүндей түтіп, бүтіндей дерлік жеп қоймаған шығар; «халық жер иеленетін болды деп айқай-шу көтергені ұлтарақтай бірдеңе болып шықпаған» шығар; ондағы төленетін салық келетін кірістен артпаған шығар? * — Қойыңыз, мұны қуаттайтындар, мұны факт деп есептейтін, бұл фактіні біздің істеріміз жайындағы пікірлерінің, «отан үшін басқа жолдар іздеуге» емес, осы қазіргі, әбден белгіленіп болған, капиталистік жолда еңбек етуге бағытталған әрекеттерінің түп қазығына алатындар — тек «мистиктер мен метафизиктер».

Екіншіден. Автордың *методын* марксистердің *методымен* салыстыру тұрарлық нәрсе. Бұлардың айырмашылығын дерексіз жорамалдан гөрі нақты пікірлер арқылы анағұрлым жақсы түсінуге болады. Автор француз «буржуазиясын», оның өткен ғасырдың аяқ шенінде дворяндарды жеңіп шыққанын неге сөз қылады? Көбінесе және түгелдей дерлік интеллигенция істеген іс буржуазиялық іс болып аталуының себебі не? Ал оның бер жағында шаруалардың жерін тартып алған, оларға көп салықтар салған, тағы сондайларды істеген үкімет емес пе? Ақырында, Россияның либералдары мен халықшылдарының айтып келгеніндей және айтып жүргеніндей, халықты сүю, теңдік және барша жұрттың бақытқа жетуі дегендерді айтқан да осы қайраткерлер емес пе? Осындай жағдайда мұның бәрінен жалғыз ғана «буржуазияны» көруге бола ма? Саяси және идеялық қозғалыстарды Plusmacherei-ге ** саятын бұл көзқарастың «өрісі тар» емес пе? — Қараңызшы, мұның бәрі — біздегі шаруалар реформасы туралы (оның айырмашылығы тек «жеке-жарымында» деп қарап), реформадан кейінгі жалпы Россия туралы біртектес нәрселерді айтқан кезде халықшылдар орыс марксистерінің алдына үйіп-төгетін бәз-баяғы бір мәселелер. Менің бұл арада айтып отырғаным, тағы қайталап өтейін, біздің көзқарасымыздың іс жүзіндегі

* Франциядағы сияқты «көбінесе» ғана емес, жалпы тәртіп ретінде болды, сонымен бірге оның артығы ондаған процент қана емес, тіпті жүздеген процент болды.

** — пайда қуалау, олжа қуалау. *Ред.*

дұрыстығы туралы емес, халықшылдың бұл жерде қолданып отырған *методы* туралы. Ол *өлшем* ретінде нәтижелерді (халық жер иеленетін болды дегені ұлтарақтай бірдеңе болып «шықты», мысық тауықтың балапанын «жүндей түтіп», «жеп қойды»), оның өзінде түгелдей экономикалық *нәтижелерді* алып отыр.

Ол бұл *методты* Россия үшін де қолданғысы келмей, тек Франция жөнінде ғана неге қолданады? — деген сұрақ туады. Метод барлық жерде біреу болуы тиіс қой. Егер сіз Францияда *үкімет* пен *интеллигенцияның* істерінен *мүдделер* іздейтін болсаңыз, онда соларды қасиетті Русь елінен неге *іздемейсіз?* Егер *онда* сіздің өлшеміңіз халық жер иеленуі қандай болып *«шықты»* деп сұрақ қоятын болса, *мұнда* өлшем ол қандай болып «шықпақ» деп неге қойылады? Егер онда «тауықтың балапанын жеп қойып» жатқан кезде халық пен оның мейірімділігі дейтін бос сөздер сізді әділ жиіркентсе,— *мұнда* өзіңіз мойындаған «жеп қою» бар жерде «әлеуметтік озара үйлесушілік» дегенді, «халықтың қауымдастығы» дегенді, *«халықтық өнеркәсіптің мұқтаждары»* дегенді және сол сияқтыларды сөз қылуға аузы барып жүргендерден, буржуазияшыл философтардан неге жиіркенбейсіз?

Бұған берілетін жауап біреу; мұның себебі, сіз — ұсақ буржуазияның идеологысыз, өйткені сіздің идеяларыңыз, яғни Иванның, Петрдің, Сидордың емес, жалпы халықшылдардың идеялары — тіпті де «таза» * ойдың нәтижесі емес, ұсақ өндірушінің мүдделері мен көзқарасының көрініс табуының нәтижесі.

«Бірақ біз үшін бұл жөнінде өте-мөте ғибратты нәрсе — Германия; біз сияқты ол да буржуазиялық реформа жасауда кеш қалды, сондықтан ол басқа халықтардың тәжірибесін дұрыс емес, әрине, теріс пайдаланады». Автор Васильчиковтың Германияда шаруалар құрамы біртектес болған жоқ дегенін қайталайды: шаруалар праволары жөнінен де, жер иелігі жөнінен де, үлесті жерінің көлемі жөнінен де жіктелген. Бүкіл процесс «шаруа аристократиясының», «тегі дворян емес ұсақ жер иеленушілер сословиесінің» құрылуына, бұқараның «үй

* Бұл В. В. мырзаның айтқан сөзі; Қараңыз: «Біздің бағыттарымыз», сондай-ақ «Неделя», 1894 жылғы 47—49-номерлері.

қожайындарынан қара жұмысшыға» айналуына әкеліп соқты. «Ақырында, дауыс правосын дворяндар мен дәулетті мещандарға ғана берген 1849 жылғы жартылай аристократиялық, жартылай мещандық конституция істі аяқтап, жұмысшылардың жағдайын оңдаудың жария жолының бәрін кесіп тастады».

Қызық пікір. Конституция жария жолды *«кесіп тастады»?!* Бұл — әлі де болса россиялық халықшылдардың сол баяғы ақпейіл теориясының көрінісі; бұл теория бойынша «интеллигенция» «бостандықты» құрбан етуге шақырылады, өйткені бостандық тек интеллигенцияға ғана қызмет етіп, халықты «дәулетті мещандарға» ұстап береді-міс. Біз бұл сияқты сорақы реакциялық теорияға қарсы таласып жатпаймыз, себебі жалпы алғанда қазіргі халықшылдар, жекелеп алғанда біздің ең таяу тұрған дұшпандарымыз, «Русское Богатствоның» публицист мырзалары одан безген. Бірақ біз мынаны көрсетпей өте алмаймыз: бұл халықшылдар осы идеядан безе отырып, басқа жолдардың болуы мүмкін дейтін көпірме сөздерінің орнына Россияның *қазіргі* жолдарын ашық мойындауға қарай қадам баса отырып, мұнысымен өзінің ұсақ буржуазияшылдығын біржолата дәлелдеді, өйткені тап күресін мүлде түсінбеу себебінен ұсақ, мещандық реформаларды жақтаушылық оларды либералдар жағына шығарады, «антиподтар» жағына шыққандарға, мұны әңгіме болып отырған игіліктердің бірден-бір, былайша айтқанда, дестинатәрі * деп білетіндерге қарсы қояды.

«Бұл кезде азаттық ісіне он, жиырма, отыз жыл, одан да көп жылдар бойы мәз болып келген адамдар Германияда да көп болды; бұл адамдар скептицизм атаулыны, реформа жөніндегі паразылық атаулыны реакцияға пайдалы деп санап, оларға лағнет айтумен болды. Олардың ішіндегі аңқаулары халықты еркіне жіберілген, бірақ қайтадан әкеліп ат қораға қамап, почта айдай бастауға болатын (бұл барлық уақытта бірдей бола бермейді) ат сияқты көрді. Бірақ мұнда халыққа жарамсақтанып, айқай-шуды пайдаланып, басқа бағыт ұстап жүрген қулар да болды, халықты шын сүйетін және мықтап алдауға да, қанауға да болатын ашықауыздармен ауыл-үй қонып алған қулар да болды. Әй, осы бір адал ашықауыздар-ай! Аза-

* — жасаушысы. *Ред.*

маттық шайқас басталған кезде оған жұрттың бәрі бірдей дайып тұрмайды және ол кім көрінгеннің қолынан келе де бермейді».

Бұл — бұрынғы орыс халықшылдығының ең тәуір дәстүрлерін жақсылап қысқаша қорытып беретін өте тамаша сөздер және орыс марксистерінің *қазіргі* орыс халықшылдары жөніндегі көзқарасын сипаттау үшін біздің де пайдалануымызға болатын сөздер. Осылай пайдалану үшін әлгі сөздерді көп өзгертіп жатудың қажеті жоқ: өйткені екі елдегі капиталистік даму процесі соншалық *біртектес;* бұл процесті бейнелеген қоғамдық-саяси идеялар да соншалық *біртектес.*

Бізде де «озат» әдебиетімізде үстемдер, билеушілер бар; олар «біздің шаруалар реформасының Батыстағы реформадан елеулі айырмашылықтары бар» дегенді, «халықтық (sic!) өндіріске рұқсат ету» дегенді, ұлы «жер үлестіру» (бұл құнын төлеп алу ма!!), т. т. әңгімелейді, міне, сондықтан «еңбекті қоғамдастыру» делінетін кереметтерді жіберуді бастықтардан күтеді, күтіп жүр, «он, жиырма, отыз жыл, одан да көп жылдар бойы» күтіп жүр, ал біз жаңа айтып өткен мысық тауықтың балапанын жеп жатып, қарны тойған, көңілі жай айуанның жылы жүзімен «аңқау ашықауыздарға» қарап қояды; ал әлгі ашықауыздар отан үшін басқа жол табу қажет дегенді, «төніп тұрған» капитализмнің зияны дегенді, халыққа кредиттер беру, артельдер құру, қоғамдасып жер жырту және сол сияқты зиянсыз жамау-жасқау арқылы жәрдем ету шаралары дегенді сөз қылып жүр. «Әй, осы бір аңқау ашықауыздар-ай!».

«Міне, осы үшінші сословиенің құрылу процесін қазір біз де бастан кешіріп отырмыз, ең алдымен, біздің шаруаларымыз бастан кешіріп отыр. Бұл іс жөнінде Россия бүкіл Европадан, керек десе институттас досынан немесе, дұрысырақ айтқанда, құрбысынан — Германиядан да артта қалды. Европада барлық жерде үшінші сословиені өркендеткен және оған ұйытқы болған ең алдымен қалалар болды. Бізде, оның керісінше»,— қала халқы өте аз... «Бұл айырмашылықтың басты себебі — елді деревняда ұстап отырған біздің халықтық жер иеленуде болып отыр. Европада қала халқының көбеюі халықтың жерсіз қалуымен және капиталистік өндіріс жағдайында арзан еңбекке, оны ұсынудың мол болуына мұқтаж болатын фабрикалық

өнеркәсіппен тығыз байланысты. Деревнядан қуылған европалық шаруалар табыс іздеп қалаларға кетсе, біздің шаруалар шамасы жеткенше жерден айрылмайды. Халықтық жер иелену — шаруа позициясының басты стратегиялық пункті, басты кілті болып табылады; мұның маңызын мещандардың басшылары өте жақсы түсінеді, сондықтан өздерінің бар өнерін, бар күшін соған қарсы жұмсайды. Қауымды кінәлаудың бәрі, пайдалы агрономия үшін, өнеркәсіптің гүлденуі үшін, ұлттың прогресі мен даңқы үшін егіншіні жерден айыру керек деген толып жатқан түрлі жобалар да осыдан келіп шығады!»

Бұл жерде халықшылдар теориясының үстірттігі айқын көрінеді; бұл теория «басқа жолдар» табу керек деген қиялға берілуі салдарынан шындықты мүлде теріс бағалайды: шаруалардың жер *иелену* формалары (қауымдық немесе үй басына иелену) сияқты негізгі роль атқармайтын заңдық нәрселерді «басты пункт» деп біледі; біздің ұсақ шаруа шаруашылығында әлдеқандай бір ерекшелік бар деп біледі, оны өзінің саясиэкономикалық жағынан ұйымдасуы жөнінен батыс европалық қолөнершілер мен шаруалар шаруашылығымен мүлде тектес ұсақ өндірушілердің дағдылы шаруашылығы емес сияқты көріп, әлдеқандай бір «халықтық» (!?) жер иелену деп біледі. Біздің либералдықхалықшыл баспасөзде қалыптасқан терминология бойынша, «халықтық» деген сөз еңбекшіні қанаушылықты жоққа шығаратын сөз,— сондықтан автор өзінің берген сипаттамасы арқылы «қауымнан» тыс жерде де үстем болатын әлгі үстеме құнды иемдену, біреу үшін еңбек ету біздің шаруалар шаруашылығында да бар екені жөніндегі күмәнсыз фактіні тұп-тура ашық бүркемелеп отыр, сөйтіп көлгір және тәтті тілді фарисейлікке есікті кеңінен ашып отыр.

«Жері аз және алым-салықтардан еңсесін көтере алмай отырған біздің қазіргі қауымның қандай кепіл болатынын бір құдайдың өзі білсін. Шаруалардың жері онсыз да шамалы еді, ал қазір халықтың көбеюі және жер құнарының нашарлауы салдарынан бұрынғысынан да азайды; алым-салық ауыртпалығы кемімей, көбейіп барады; кәсіпшіліктер аз; жергілікті табыс одан да кем; деревняда тұрмыстың ауырлап бара жатқаны сонша, шаруалар үйлерінде тек әйелдері мен балаларын ғана қалдырып, бүкіл деревня болып табыс іздеп алысқа кетіп жатыр. Сөйтіп, тұтас уездер қаңырап қалып жатыр... Бір жағынан, тұрмыстың нақ осы ауыр жағдайларының әсерінен

шаруалар арасынан адамдардың ерекше табы — жас буржуазия бөлініп шығады, ол жерді басқа жақтан, бөлек сатып алуға тырысады, басқа кәсіптерге — саудаға, өсімқорлыққа, бастығы өзі болып жұмыс артельдерін құруға, мердігерлік жұмыстар алуға және тағы сол сияқты ұсақ айлакерліктер жасауға тырысады».

Бұл жерге мейлінше толық тоқталып өту керек.

Біз бұл жерде, біріншіден, белгілі фактілер атап көрсетілгенін көреміз, оларды екі сөзбен айтуға болады: шаруалар қашуда; екіншіден, фактілерге берілген (жамандап) бағаны; үшіншіден, фактілерге берілген түсінікті көріп отырмыз; бұл түсініктен тікелей тұтас бір программа, бұл жерде айтылмаған, бірақ өте белгілі программа (жер қосып беру, алым-салықты кеміту; кәсіптерді «көтеру» және «дамыту») келіп шығады.

Марксист тұрғысынан *бірінші* де, *екінші* де әбден және сөзсіз әділ екенін баса көрсету керек (бірақ айтылуы тіпті қанағаттанғысыз, оны қазір көреміз). Ал *үшінші* мүлдем түкке тұрмайды *.

Мұны түсіндірейік. Біріншісі әділ. Біздің қауымымыз кепіл бола алмайды, шаруалар деревняны тастап, жерінен кетіп жатыр деуі де әділ факт; экспроприацияланып жатыр деп айту керек еді,— өйткені шаруалардың иелігінде (жеке меншік правосы бойынша) белгілі өндіріс құрал-жабдықтары (олардың ішінде ерекше правомен, алайда қауымдар *сатып алатын* жерді де жеке адамның пайдалануына бергізетін право бойынша иемденген жер) болатын, енді солардан айрылып жатыр. Майдагерлік кәсіпшіліктер «құлдырауда» деу де әділ,— *яғни* мұнда да шаруалар экспроприациялануда, өндіріс құрал-жабдықтары мен құралдарынан айрылуда, үйдегі тоқыма кәсібін тастап, темір жол құрылысына жұмысшы болып, тас қалаушы, қара жұмысшы, т. т. болып жалданып кетіп жатыр. Шаруалар айрылған өндіріс құрал-жабдықтары ат төбеліндей азшылықтың қолына түсіп, жұмыс күшін қанаудың қайнар бұлағы — *капитал* болып қызмет атқарады. Соп-

* Марксизм теоретиктерінің халықшылдарға қарсы күресе отырып, мәселенің түсіндірілуіне, ұғынылуына, объективтік жағына күш салатын себебі осыдан.

дықтан автордың осы өндіріс құрал-жабдықтарының иелері «буржуазияға», яғни қоғамдық шаруашылықты капиталистік жолмен құру тұсында «халық» еңбегін қолдарында ұстап отырған тапқа айналып жатыр деуі де дұрыс. Бұл фактілердің бәрі дұрыс көрсетілген, олардың қанаушылық маңызы дұрыс бағаланған.

Ал марксист бұл фактілерді мүлдем басқаша *түсіндіретінін* оқушы жоғарыда баяндалғандардан, әрине, көрді. Халықшыл бұл құбылыстардың себептерін «жер аздығынан», алым-салықтар ауыртпалығынан, «табыстың» кеміп бара жатқанынан,— яғни жер, алым-салық, өнеркәсіп жөніндегі *саясаттың* ерекшеліктерінен көреді, *өндірістің қоғамдық құрылысының* ерекшеліктерінен көрмейді, *бұл* саясатты ықтиярсыз шығарып отырған осы ерекшеліктер екенін көрмейді.

Жер аз және барған сайын азайып барады,— дейді халықшыл. (Мен тіпті мақала авторының дәл осы сөзін емес, халықшылдық доктринаның жалпы қағидасын алып отырмын.) — Бұл өте әділ, бірақ сіз осы тек жер *аз* деп қана қоймай, бұған жерді *аз сатады* деп неге қоспайсыз? Сіз біздің шаруалар өзінің үлесті жерін помещиктерден *сатып алып* отырғанын білесіз ғой. Ендеше сіз неге көбіне көңілді *аздығына* аударып, *сататындығына* аудармайсыз?

Осы сату, сатып алу фактісінің өзі-ақ өндіріс құрал-жабдықтары аз сатылсын, көп сатылсын бәрібір, еңбекшілерді өндіріс құрал-жабдықтарынсыз қалдыратын принциптер (өндіріс құрал-жабдықтарын ақшаға сатып алу) үстем екенін көрсетеді. Сіз бұл фактіні айтпаған соң мұндай сатудың тууына бірден-бір негіз болып отырған капиталистік өндіріс әдісін де айтпай отырсыз. Оны айтпаған соң сіз осы буржуазиялық қоғам жағына шығып отырсыз да, жерді көп әлде аз сату керек пе дегенді әңгімелейтін қарапайым саясатшылға айналып отырсыз. Сіз осы сатып алу фактісінің өзі-ақ мынаны дәлелдейтінін көрмей отырсыз: мүдделері «ұлы» реформаны жүзеге асырғандардың, ол реформаны жүргізгендердің «бойына» «*капитал* әбден сіңіп біткен»; реформа орнатқан тәртіптерге сүйене отырып, ол тәртіптерге неше түрлі жақсарту енгізу деген саясат-

шылдық жасап жүрген бүкіл осы либералдық-халықшыл «қоғам» тек «капиталистік айдан» ғана жарық іздейді. Нақ сондықтан принцип жағынан мүлде басқа негізде дәйекті тұрғандарға халықшыл өшіге түйіледі. Халықшыл: олар халықтың қамын жемейді, олар шаруаларды жерсіз қалдырғысы келеді!! — деп шу көтереді.

Ол, халықшыл, халықтың қамын жейді, ол шаруаларды жерсіз қалдырғысы келмейді, ол шаруада жер көп болғанын *(сатылғанын)* тілейді. Ол — ақпейіл дүкенші. Рас, ол жердің тегін берілмейтіні, сатылатыны туралы үндемейді,— бірақ дүкендерде товар үшін ақша төлеу керектігі айтылып жата ма? Оны жұрт былай да біледі.

Егер Михайловскийлер мен Южаковтар сияқты мырзалардың* нағыз ұсақ буржуазияшыл сөздерін қолдансақ,— бұл дүкеншілік қоғамнан «жігін айырғандарға» ғана, одан «қуылғандарға» ғана назар салу керек дейтін марксистерді халықшылдың жек көретіндігі түсінікті.

Ілгері барайық. «Кәсіпшіліктер аз» — міне, халықшылдың майдагерлік кәсіпшіліктер жөніндегі көзқарасы осы. Ал осы кәсіпшіліктердің ұйымдасу жағының қандай екені туралы халықшыл тағы да дәнеңе айтпайды. Ол «құлдырап бара жатқан» кәсіпшіліктер де, «дамып келе жатқан» кәсіпшіліктер де екеуі бірдей алыпсатарлардың, көпестердің, т. т. капиталына еңбекті толық құл ете отырып, капиталистік жолмен ұйымдасқанына мейірбандық жасап, көзін жұмады, сөйтіп прогрестер, жақсартулар, артельдер, т. с. дегендей мещандық талаптармен шектеліп, бұл сияқты шаралар капиталдың үстемдік ету *фактісіне* біраз болса да нұқсан келтіре алатындай көреді. Ол егіншілік жөнінде де, өңдеуші өнеркәсіп жөнінде де бұлардың қазіргі ұйымдасуына қол қояды да, бұлай ұйымдастырудың өзіне қарсы күреспей, оның түрлі кемістіктеріне қарсы

---

* Сатып алудың капиталистік сипатын атамауы және түсінбеуімен қатар халықшыл мырзалар шаруалар «жерінің аздығына» «ескі дворян» жігіндегілердің қолында жердің өте жақсы бөлектері қалғаны қосылатынын да ауызға алмайды, бет жыртпайды.

күреседі. Ал алым-салықтарға келсек, мұнда халықшыл өз айтқанын өзі теріске шығарып, халықшылдыққа тән негізгі сипатын — келісімпаздығын айқын көрсетті. Үстеме құнды иемдену жүйесі болып отырғанда салықтың қандайы болса да (тіпті табыс салығы да) жұмысшылардың мойнына түседі деп ол өзі жоғарыда айтқан болатын,— бірақ солай дей тұрса да, ол алым-салықтың көптігін немесе аздығын либералдармен бірге талқыға салудан және «азаматтық әдептілікпен» салықтар мен алымдар департаментіне тиісті кеңестер беруден ешбір тартынбайды.

Қысқасы, марксистің пікірінше, мұның себебі — саясатта да емес, мемлекетте де емес, «қоғамда» да емес,— Россияның экономикалық құрылысының қазіргі системасында; мәселе «епті адамдардың» немесе «оңбағандардың» ылай судан балық аулауында емес, «халықтың» біріне-бірі қарама-қарсы, біріне-бірі жанаспайтын екі тапқа бөлінуінде болып отыр; «қоғам ішінде қимыл жасаушы күштердің бәрі тең қимыл жасайтын, өзара қарама-қарсы екі күш болып құралады».

«Буржуазиялық тәртіп орнатуға мүдделі адамдар өз жобаларының күйрегенін көріп*, мұнымен тоқтамайды: олар осының бәріне кінәлі — қауым мен жаппай кепілдік, жерді қайта бөлу және жалқаулар мен маскүнемдерге дем беріп отырған қауымдық тәртіптер дегенді шаруаларға сағат сайын ежіктейді; олар дәулетті шаруалар үшін несие-жинақ серіктіктерін құрады, жер учаскесін иемденуге тағын жер кредитін бе-

* Сөйтіп, қауымды жою туралы жобаның күйрегені — «буржуазиялық тәртіп орнату» мүдделерін жеңгендік болып шығады екен ғой!! «Қауымнан» мещандық утопия құрып алған халықшылдың қиялға батып, шындықты елемейтіні сонша, ол қауымға қарсы жобаны буржуазиялық тәртіпті бүтіндей орнату деп таниды, ал, шынында, бұл — әбден «орнатылып» болған буржуазиялық құрылыс негізінде болып отырған жай саясатшылық.

Ол үшін марксиске қарсы ең негізгі дәлел: жоқ, сіз айтыңызшы, қауымды жойғыңыз келе ме, әлде жоқ па? солай ма, солай емес пе? — міне, халықшылдың марксиске қарсы барынша мәз болған сыңаймен қойып жүрген сұрағы осы. Ол үшін — барлық мәселе, барлық «орнатылу» түйіні осында. Марксистің көзқарасынша «орнатылу» дегеніңіз әлдеқашан болып кеткен әрі бұлтарыссыз факт; қауымды жою да, оны нығайту да бұл фактіні өзгертпейді,— қазіргі қауымдық деревняда да, жеке үйлерден құралған деревняда да капиталдың бірдей үстемдік етіп отырғаны да дәл сондай факт; міне, осыны халықшыл ешбір түсінгісі келмейді.

Халықшыл «орнатылуға» қарсы ең қатты наразылығын сол орнатылудың дәріптелуі етіп көрсетуге тырысады. Суға кеткен тал қармайды.

ру қамын қарастырады; олар қалаларда техникалық, қолөнер және басқа әр түрлі училищелер ашады, бұларға тағы да сол дәулетті адамдардың ғана балалары кіріп, бұқара мектепсіз қалады; олар көрмелер, сыйлық беру, құнын төлетіп деподан асыл тұқымды мал бергізу, т. т. арқылы бай шаруалардың малын жақсартуына жәрдем көрсетіп жүр. Осы ұсақ әрекеттердің бәрі жиналып келіп айтарлықтай бір күш болып шығады; ол күш деревня қауымына іріткі салады және шаруаларды барған сайын екіге бөле береді».

«Ұсақ әрекеттерге» жақсы сипаттама берілген. Автордың осы ұсақ әрекеттердің бәрі (бұларды қазір «Русское Богатство» мен біздің бүкіл либералдық-халықшыл баспасөз жығыла қолдайды) «жаңа мещандық» жікті, капиталистік тәртіптерді көрсетеді, соларды қорғайды және жүзеге асырады дегені,— өте әділ пікір.

Марксистердің бұл сияқты әрекеттерге қырын қарауына себеп болып отырған да дәл осы жағдай. Ал бұл «әрекеттер» ұсақ өндірушілердің ең жақын desiderata-сы екенінде дау жоқ, бұл факт марксистердің ойынша өздерінің мынадай негізгі қағидасының дұрыстығын дәлелдейді: шаруаны еңбек идеясының өкілі деп қарауға болмайды, өйткені ол шаруашылық капиталистік жолмен ұйымдастырылып отырғанда ұсақ буржуа болып табылады да, сол себептен әлгі тәртіптерді қолдайды, сол себептен өз өмірінің (және өз идеяларының) кейбір жағынан буржуазияға жанасады.

Бұл жерін мына төмендегілерді баса көрсету үшін де пайдалану теріс болмайды. Марксистердің «ұсақ әрекеттерге» қырын қарауы халықшыл мырзаларды қатты ашындырады. Халықшылдарға ата-бабаларын естеріне түсіре отырып біз мұнымен мыналарды көрсетеміз: халықшылдар бұған басқаша қараған, келісімге келуді онша ұнатпаған, оған онша ынталы болмаған кездер де болған [дегенмен осы мақаланың дәлелдеуіне қарағанда, ол кезде де келісімге келу болған], олар бұл сияқты әрекеттердің бәрінің буржуазиялық екенін түсінген деп айта алмаймын,— бірақ қалайда сезген, бұл әрекеттерді теріс деушілерді либералдардың ішіндегі ең аңқаулары ғана бұл «халық жөнінде пессимизм жасағандық» деп айыптаған кездер де болған.

Халықшыл мырзалардың «қоғамның» өкілі ретінде осы либералдармен жасаған сүйкімді қарым-қатынасы, сірә, пайдалы жеміс берген болса керек.

Буржуазиялық прогрестің «ұсақ әрекеттеріне» қанағаттана алмаушылық — әсте жеке-жарым реформаны мүлде теріске шығарғандық болмайды. Марксистер бұл шаралардың біраз (титтей де болса) пайдасы барлығын әсте теріске шығармайды: ол шаралар еңбекшінің жағдайын біраз (титтей де болса) жақсартуы мүмкін; ол шаралар капиталдың, өсімқорлықтың, езудің, т. с. ерекше артта қалған формаларының жоғалуын тездетеді, бұлардың европалық капитализмнің неғұрлым жаңа және адамшылыққа сай келетін формаларына айналуын тездетеді. Сондықтан марксистерден мұндай шараларды қолдану керек пе деп сұраса, әрине, керек деп жауап берер еді, бірақ сонымен бірге осы шаралар арқылы тәуірленіп отырған капиталистік құрылысқа жалпы көзқарасын түсіндірер еді,— сонымен бірге келісетіні осы құрылыстың дамуын, демек, оның ақырын тездеткісі келетінін дәлелдеген болар еді *.

«Егер біз өзіміздегі шаруалар, Германиядағы сияқты, праволары мен меншігіне қарай түрлі категорияларға (мемлекеттік, удельдік, бұрынғы помещиктік шаруалар және олардың ішінен толық, орта және ширек үлес алғандар, үй қызметіндегі шаруалар) бөлінгенін еске алсақ, қауымдық тұрмыс бізде жалпы тұрмыс еместігін; оңтүстік-батыс өлкеде жеке жер иемденуді көргенде біз тағы көлігі бар, қара жаяу ** огородшы, батырақ, чиншевик шаруаларға кездесетінімізді, біреулерінің 100 десятинадан және одан да артық жері барын, енді біреулерінің сүйемдей де жері жоғын; Балтика губернияларында аграрлық құрылыс Германияның аграрлық құрылысына мүлде ұқсас екенін, т. т. еске алсақ,— онда бізде де буржуазияға негіз бар екенін көреміз».

Мұнда қауымның маңызын қиялмен әсірелеу барлығын, бұл халықшылдардың қашаннан бергі дерті екенін айтпай болмайды. Автор сөзін «қауымдық тұрмыста» тіпті буржуазия болмайтындай, шаруалардың бөлшек-

* «Техникалық және басқа училищелер» шаруалар мен майдагерлердің техникасын жақсарту туралы ғана емес, сонымен қатар «шаруалардың жер иеленуін кеңейту», «кредит», т. с. туралы да осыны айтуға болады.

** Осы томның 38—40-беттерін қараңыз. *Ред.*

телуі болмайтындай түйіндейді! Бұл нағыз өтіріктің өзі ғой!

Қауымдық шаруалар да праволары мен үлесті жеріне қарай бөлшектеніп отырғанын жұрттың бәрі біледі; барынша қауымдасқан деревняның қай-қайсысында болсын шаруалар тағы да «праволарына қарай» да (жерсіздер, үлесті жері барлар, айрықша жарна төлеп үлесті жер алған бұрынғы үй қызметіндегілер, тізімге қосылғандар, etc., etc.), «иелігіне қарай» да бөлшектеніп отыр: бұлар үлесті жерлерін тапсырған шаруалар, берешегі үшін, жерді ұқсатпай, тоздырып жібергені үшін үлесті жері тартып алынған шаруалар,— басқаның үлесті жерін жалға алған шаруалар; «мәңгілік» жері бар немесе бірнеше десятинадан «біраз жылға жер сатып алатын» шаруалар; ақырында, үйсіз-жайсыз, ешқандай малсыз, атсыз және көп аты бар шаруалар. Барынша қауымдасқан деревняның қай-қайсысында болсын шаруашылықтың осылай бөлшектенуі мен товар шаруашылығы негізінде өсімқорлық капитал, неше түрлі кіріптарлық мейлінше гүлденіп отырғанын жұрттың бәрі біледі. Ал халықшылдар қайдағы бір «қауымдық тұрмыс» дейтін мезі қылған ертегісін айтуды әлі қоймайды!

«Біздегі жас буржуазия да шынында күн сайын емес, сағат сайын, жалғыз еврейлер тұрған шеткеріректе ғана емес, Россияның ішінде де өсіп келеді. Оның санын цифрмен көрсету әзірше өте қиын, бірақ жер иеленушілер санының ылғи артуына, сауда жөніндегі сенім қағаздардың көбеюіне, алпауыттар мен кулактардың үстінен деревнялардан түсіп жатқан шағымдардың көбеюіне, тағы сондай белгілерге * қарап, буржуазияның саны қазірдің өзінде-ақ едәуір деп ойлауға болады».

Өте дұрыс! 1879 жыл үшін дұрыс, ал 1895 жыл үшін даусыз, өлшеусіз зор дамыған дәл осы факті орыс шындығын маркстік тұрғыдан түсіну негіздерінің бірі болып табылады.

Бұл фактіге біздің екі жағымыз да қарсы көзқарастамыз; бұл фактінің тікелей өндірушілердің мүддесіне

* Бұларға шаруалар банкінің көмегімен зат сатып алуды, «шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдарды» — техника мен мәдениеттің жақсаруын, жақсартылған құралдар қолданылуын, шөп егуді, т. с., ұсақ кредиттің дамуын және майдагерлер үшін зат өткізу мәселесін ұйымдастыруды, т. т. қоса айту керек.

қарама-қарсы құбылыстарды бейнелейтінін екі жағымыз да мойындаймыз,— бірақ бұл фактілерді біз мүлде әр түрлі *түсінеміз*. Осы әр түрліліктің теориялық жағын мен жоғарыда сипаттап өттім, ал енді практикалық жағына келейін.

Халықшыл былай дейді: буржуазия — әсіресе деревня буржуазиясы — бізде әлі әлсіз; ол жаңа ғана өрбіп келе жатыр. Сондықтан онымен әлі күресуге болады. Буржуазиялық бағыт әлі өте нашар — сондықтан оны әлі кейін бұруға болады. Уақыт өткен жоқ.

Бұлай дейтін тек метафизик-социолог (практика жүзінде реакцияшыл қоян-жүрек романтикке айналып бара жатқан) қана болса керек. Мен бұл арада деревня буржуазиясының «әлсіз» болуының себебі оның күшті элементтерінің, шонжарларының қалаға кеткенінен,— деревняларда тек «солдаттар» ғана қалып, «бас штабы» қалаларда орнығып алғанынан дегенді айтпақшы емеспін,— мен осылардың бәрін, халықшылдардың фактіні көрнеу бұрмалағанын айтып жатпаймын. Бұл пікірде оны метафизикалық етіп отырған тағы бір қате бар.

Біз белгілі бір қоғамдық қатынасты, деревнядағы ұсақ буржуаның (бай шаруаның, саудагердің, кулактың, алпауыттың, т. с.) және «еңбекші» шаруаның, әрине, «біреу үшін» еңбек ететін шаруаның арасындағы қатынасты көріп отырмыз.

Мұндай қатынас бар — оның жаппай тарағанын халықшыл теріске шығара алмайды. Бірақ бұл қатынас әлсіз, сондықтан оны *әлі* түзетуге болады,— дейді ол.

Бұл халықшылға: тарихты «жігерлі жеке адамдар» жасайды дейміз біз оның өз сөзін өзіне тарту етіп. Қоғамдық қатынастарды түзету, өзгерту, әрине, мүмкін нәрсе, бірақ бұған *осы түзетілетін немесе өзгертілетін қоғамдық қатынастар мүшелерінің өздері* кіріссе ғана мүмкін болмақшы. Бұл айдан айқын нәрсе. Бұл қатынасты «еңбекші» шаруа өзгерте ала ма? Бұл қатынастың мәнісі неде? — деген сұрақ туады.— Оның мәнісі мынада: товар өндірісі системасы тұсында екі ұсақ өндіруші қожалық етеді, осы товар шаруашылығы олар-

ды «екіге» бөледі, біреуіне *капитал* беріп, екіншісіне «біреу үшін» зорлап жұмыс істеткізеді.

Нақ сол өзгертуге керек негізде бір аяғымен өзі басып тұрса, біздің еңбекші шаруа бұл қатынасты қалай өзгертпекші? өзі жекеленіп, жаман-жақсысын өз мойнына ала қожалық етіп отырғанда, рынок үшін қожалық етіп отырғанда, жекелену мен товар шаруашылығының жарамсыз екенін ол қалай түсіне алмақ? өмірдің бұл жағдайлары жүрегінде рынок үшін жеке-жеке жұмыс істеп отырғандарға тән «ойлар мен сезімдер» туғызып отырса, оны материалдық жағдайлардың өзі, өз шаруашылығының көлемі мен сипаты бөлшектеп отырса, осының салдарынан оның капиталға қарама-қарсылығы әлі де болса дамымағандығы сонша, ол мұның «оңбағандар» мен епті адамдар ғана емес, нақ сол *капиталдың* өзі екенін түсіне алмай отырса,— жекелену мен товар шаруашылығының жарамсыз екенін ол қалай түсіне алмақ?

Дәл осы (nota bene *) қоғамдық қатынас *ақырына дейін* дамыған жерді, осы қоғамдық қатынастың тікелей өндірушілер болып табылатын мүшелерінің өздері буржуазиялық тәртіптерден біржолата «жіктелген» және «қуылған» жерді, қарама-қарсылықтың жете дамығандығы өзінен-өзі айқын болып отырған жерді, мәселені қиялдап, екіұшты қоюдың қандайы болса да мүмкін емес жерді қарастыру керек екендігі айқын емес пе? Ал бұл сияқты алдыңғы қатардағы жағдайда тұрған тікелей өндірушілер буржуазиялық қоғамның «тіршілігінен» *факт жүзінде* ғана емес, *өзінің сана-сезімі* жағынан да «жіктеліп шыққан» кезде,— сол кезде артта қалған, нашар жағдайларға қойылған еңбекші шаруалар да «мұның қалай болатындығын» көріп, «біреу үшін» еңбек етіп жүрген өз жолдастарына қосылады.

«Бізде жұрт шаруалардың жер сатып алатынын сөз қылғанда және шаруалар жерді жеке меншігіне де, қауым болып та сатып алады деп түсіндіргенде де бұған жеке меншікке жер сатып алуға қарағанда қауым болып сатып алу сирек кездесетін және болмашы ғана нәрсе екенін еш уақытта дерлік қоса айтпайды».

---

* — есіңізде болсын. *Ред.*

1861 жылы 103 158-ге жеткен жеке меншікті жер иеленушілер саны 60-жылдардағы мәліметтер бойынша 313 529 болып шыққаны туралы мәліметтер келтіре отырып, бұлай болу себебі — шаруалардың ішіндегі крепостниктік право тұсында саналмай қалған ұсақ меншік иелері екінші рет есепке алынғанынан дегенді айта келіп, автор одан әрі былай дейді:

«бұл — шағын поместьесі бар дворяндарға тікелей жанасып, қосылатын біздегі селолық жас буржуазияның дәл өзі».

Рас, әбден рас,— дейміз бұған біз,— әсіресе оның «жанасып», «қосылатыны» рас! Міне, сондықтан да біз «шаруаның жер иеленуін ұлғайту» ісіне елеулі мән беретін (тікелей өндірушілердің мүдделері мағынасында) адамдарды, яғни 152-бетте осылай деп отырған авторды да ұсақ буржуазияның идеологтары деп есептейміз.

Міне, сондықтан да біз жеке меншігіне және қауымдасып жер сатып алу мәселесін қарастыратын, буржуазиялық тәртіптердің «орнауы» титтей де болса бейне бір осы мәселеге байланысты деп қарайтын адамдарды тек саясатшылдар деп есептейміз. Біз бұл екі жағдайдың екеуін де буржуазиялық деп есептейміз, өйткені екі жағдайдың екеуінде де сатып алудың аты сатып алу, ақшаның аты ақша, яғни мұның өзі «әлеуметтік жағынан өзара үйлесу және ынтымақпен істеу үшін» қауым болып біріксе де, не учаскелік жер иелену арқылы бөлектенсе де, бәрібір ұсақ буржуаның ғана қолына түсетін товар *.

«Ал енді ол (селоның жас буржуазиясы) мұнда мүлде тегіс қамтылып отырған жоқ. «Алпауыт» деген, әрине, Русь елінде жаңа сөз емес, бірақ бұл сөз ешқашан қазіргісіндей мағына алып көрген емес, селоластарға ешқашан да қазіргісіндей қысым көрсеткен емес. Осы кездегісімен салыстырғанда, алпауыт қашан да қауымға бағынып отыратын бір патриархтық адам болған, ал кейде онша пайда қуа қоймайтын жай ғана жалқау болған.— Қазіргі уақытта алпауыт деген сөздің басқаша мағынасы бар, ал губерниялардың көпшілігінде ол шыққан

* Әлбетте, бұл арада әңгіме қажетті тұтыну заттарын алуға ғана жұмсалатын ақша туралы емес, өндіріс құрал-жабдықтарын алу үшін құралуы мүмкін *артық* ақша туралы болып отыр.

тегін білдіретін ұғым ғана болып қалды, бұл сөз біршама аз айтылып, оның орнына — кулак, жатыпішер, копес, шарапханашы, мысықшы, мердігер, закладшы, т. с. сөздер қолданылып жүр. Бір сөздің бұлай бірнеше сөзге бөлшектенуі, бір жағынан, жаңалығы аз сөздерге, ал екінші жағынан, тіпті жаңа сөздерге немесе бұл уақытқа дейін шаруа тұрмысында кездеспеген сөздерге бөлшектенуі, ең алдымен, халықты қанау ісінде еңбек бөлінісі туып отырғандығын, ал одан соң жыртқыштықтың көбейіп, оның мамандыққа айналғанын көрсетеді. Әрбір село мен әрбір деревняда дерлік мұндай қанаушылардың біреуі немесе бірнешеуі бар».

Жыртқыштықтың көбею фактісі дұрыс көрсетілгендігінде дау жоқ. Автор, барлық халықшылдар сияқты, бұл фактілердің бәріне қарамастан, босқа әуреленеді, мынаны түсінгісі келмейді: бұл жүйелеп, жаппай, дұрыс тараған (тіпті еңбек бөлінісі бар) кулакшылдық — егіншілікте капитализмнің коріпіс табуы, капитал үстемдігінің алғашқы формалары болып табылады; бұл капитал, бір жағынан, халықшылдар кірме нәрсе деп есептейтін қалалық, банкілік, жалпы европалық капитализмнің үнемі соліп сығып отырады, ал екінші жағынан, осы капитализмнен жүрегін жалғап, қоректеніп отырады; қысқасы, бұл — орыс халық шаруашылығын капиталистік жолмен ұйымдастырудың бір жағы.

Мұның үстіне алпауыттың «эволюциясын» сипаттау бізге халықшылды тағы да әшкерелеуге мүмкіндік береді.

Халықшыл 1861 жылғы реформаны халықтық өндірістің мақұлданғаны деп есептеп, мұның Батыстағы реформадан айтарлықтай өзгешеліктері бар деп біледі.

Халықшылдың қазіргі көксеп отырған шаралары да — қауымды, т. с. дәл осылай «мақұлдау» ғана, «үлесті жермен» және жалпы өндіріс құрал-жабдықтарымен дәл осылай «қамтамасыз» ету ғана болып шығады.

«Халықтық өндірісті (капиталистік өндірісті емес) мақұлдаған» реформа «патриархтық жалқаудан» едәуір жігерлі, пысық, цивилизация көлегейлеген жыртқыш шығуына ғана әкеліп соғуы неліктен? Батыстағы осындай ұлы реформалар сияқты, жыртқыштықтың тек *формасын* ғана өзгерткені неліктен, халықшыл мырза?

«Мақұлдаудың» бұдан былайғы қадамдары (шаруалардың жер иеленушілігін ұлғайту, қоныс аударту, аренда ісін және басқа да күмәнсыз прогрестерді, бірақ тек буржуазиялық прогрестерді жөнге салу сияқты әбден мүмкін істер) — капиталдың *формасын* онан әрі өзгертуден басқа, *капиталды* онан әрі европалық етуден басқа бірдеңеге әкеліп соғады,— ол сауда капиталынан өндіргіш капиталға, орта ғасырлықтан жаңа замандық капиталға айналуына жеткізеді, деп ойлайтын себебіңіз не?

Бұдан басқаша болуы *мүмкін емес* — мүмкін болмайтын себебі, бұл сияқты шаралар *капиталға* ешбір залал етпейді, яғни адамдардың арасындағы қатынасқа, біреулердің қолына ақшаны — товар шаруашылығы ұйымдастырған *қоғамдық* еңбектің өнімін жинап беретін, ал екінші біреулерде «қолы» босаудан басқа *, дәл әлгі алдыңғы айтылған топтың қолына жиналған өніммен босаудан басқа дәнеңе де жоқ қатынасқа ешбір залал етпейді.

«... Олардың (осы кулактардың, т. т.) ішіндегі капиталы жоқ қиқым-бақайлары, әдетте, өздерін кредитпен қамтамасыз етіп отыратын немесе өз есебіне сатып алу жұмыстарын тапсырып отыратын ірі саудагерлерге жанасады; олардың неғұрлым ауқаттылары істі дербес жүргізеді, сауда жасайтын және порты бар үлкен қалалармен өздері қатынас жасайды, оларға өз атынан вагондар жібереді, жергілікті жерде керекті товарларды іздеп өздері барады. Кез келген темір жолмен жүріп көрсеңіз, сіз III класта (ілуде бірі II класта) өз шаруасымен бір жаққа бара жатқан сондай ондаған адамдарды сөзсіз кездестіресіз. Сіз бұл адамдарды ерекше киімінен де, кісімен сөйлесуінің өте дөрекілігінен де, шылым шекпеуді өтінген қайсыбір ханымды мазақтап, немесе бір жаққа табыс іздеп бара жатқан, коммерция жөнінен еш нәрсе түсінбейтін және аяғына шәрке киген «надан» көрінген мужик пақырды [нақ осылай: «мужик пақыр» деп жазыпты. К. Т.] мазақтап қарқылдап күлуінен де танисыз. Сіз бұл адамдарды әңгімесінен де танисыз. Олар әдетте: «сеңсең елтірі», «өсімдік майлары», тері-терсек, «шабақ», тары, тағы сондайларды сөз қылады. Сіз сонымен бірге олардың кәззәптығы мен товарды алдап өткізетіні жайындағы ұят-

* *Бұқара бұрынғысынша... біреу үшін* еңбек ете бермек» (талқылап отырған мақаланың 135-беті): егер ол «босаған» болмаса (de facto,— ал енді de jure (іс жүзінде,— заң жүзінде. *Ред.*) мүмкін, «үлесті жермен қамтамасыз етілген» болар еді), әлбетте, бұлай болмас еді.

сыз әңгімелерін де естисіз: «әбден иістенген» тұздалған етті қалай «фабрикаға өткізгендерін», «бір көрсетіп берсең, боямалап шай жасау әркімнің де қолынан келетіндігін», «сатып алушы еш нәрсе сезбейтіндей етіп су сеуіп, бір бас қантқа үш қадақтай салмақ қосуға болатындығын», т. т. естисіз. Осының бәрін әбден ашықтан-ашық, именбей әңгіме ететіні сонша, сіз бұл адамдардың тек түрмеге түсіп қалудан қорқатынынан ғана буфеттерден қасық ұрламайтынын, вокзалдардан газ шақшаларын бұрап әкетпейтінін айқын көресіз. Бұл адамдардың мінез-құлық жағы ең жабайы салттан да төмен, бұл жағы түгелдей теңгеге негізделіп, мынадай пақылдармен тәмамдалады: көпес — айлакер; шабаққа көз ілдірмеу — теңіздегі шортанның ісі; қапы қалма; құнтсыз жатқан нәрсеге көзіңді сала жүр; жан көрмесе — іліп кет, әлсізді аяма; керек жерде бас иіп, құрдай жорғала. Ал бұдан соң шарапханашы және өсімқор Волков дейтін біреу көп ақшаға қамсыздандырылған үйін өртегені туралы газет хабарларынан алынған мысал келтіріледі. Бұл адамды «мұғалім мен жергілікті священник ең қадірлі танысымыз деп есептейді», бір «мұғалім араққа сатылып, оған қай-қайдағы жалаға толы қағаздар жазып береді». «Болыстың хатшысы оған мордваны матап беремін деп сөз берген». «Бір земство агенті және земство басқармасының мүшесі оның ескі үйін 1000 сомға қамсыздандырып» отыр, т. т. «Волков — тіпті де бірен-саран кездесетін оқиға емес, ол — тип. Өздерінің Волковтары болмаған жер жоқ, шаруаларды осы сияқты тонау, кіріптар ету былай тұрсын, дәл осы сияқты өртеу оқиғаларын да сізге әңгіме етпейтін жер жоқ...»

«... Ал енді осындай адамдарға шаруалар қалай қарайды? Егер ондайлар Волков сияқты ақымақ, дөрекі-мейірімсіз және ұсақ адам болса, шаруалар оларды жақтырмайды, олардан қорқады, қорқатын себебі олар шаруаларға әрқилы жамандық жасауы мүмкін, ал шаруалар оларға қарсы еш нәрсе істей алмайды; олардың үйлері қамсыздандырылған, олардың арғымақ аттары бар, мықты құлыптары бар, қабаған иттері бар және жергілікті өкімет орындарымен байланыстары бар. Ал егер бұл адамдар Волковтан ақылдырақ, айлалырақ болса, егер олар шаруаларды тонау мен кіріптар етуді боямалай білсе, егер олар ақшаны қалтаға баса отырып, сонымен бірге бүкіл жұртқа әйгілеп тиын-тебенді тастай салса, жарты шөлмек арақ беруге немесе өртке шалынған деревняға деп азын-аулақ тары беруден тартынбаса, онда шаруалар оларды кедейлердің асыраушысы, қамқоршысы сияқты көріп, онсыз кедейлер өліп қалатындай көріп, оларды құрметтейді, беделін көтереді, қадір тұтады. Шаруалар оларды ақылды адамдар деп санап, үйренуге балаларын да береді, баласы дүкенде отырғанын мәртебе санайды, ол келешекте адам болып шығады деп сенеді».

Орыстың қоғамдық шаруашылығының буржуазиялық құрылымы туралы қағидаға *қарсы* адамның біздің

жас буржуазияға берген сипаттамасын көрсету үшін мен автордың пікірін әдейі толығырақ көшіріп жаздым. Мұны талдау орыс марксизмінің теориясынан, *қазіргі заманғы* халықшылдар тарапынан марксизмге көбірек тағылып жүрген жалалардың сипатынан көп нәрсені анықтап береді.

Бұл сипаттаманың бас жағына қарағанда, автор сол буржуазияның тамыры тереңдігін түсінетін тәрізді, оның ұсақ буржуазия «шендесіп отырған» ірі буржуазиямен байланысын, оған «үйренуге балаларын» беріп отырған шаруалармен байланысын түсінетін тәрізді,— бірақ автордың мысалдарына қарағанда, бұл құбылыстың күші мен беріктігін оның тым жеткіліксіз бағалайтыны көрініп тұр.

Оның мысалдары қылмысты істерді, кәззаптықты, өрт қоюшылықты, т. т. сөз қылады. Мұнысы шаруаларды «тонау және кіріптар ету» — қайдағы бір кездейсоқтық (автор ілгеріде осылай деген болатын), өмірдің ауыр жағдайының, «мінез-құлық идеялары дөрекілігінің», «әдебиеттің халыққа жетуін» қыспаққа салудың (152-бет), т. с. нәтижесі сияқты болып көрінеді,— бір сөзбен айтқанда, осының бәрі әсте де біздің қоғамдық шаруашылықтың қазіргі ұйымдасуынан еріксіз туып отырған жоқ сияқты.

Марксист дәл осы соңғы пікірді қостап, былай дейді: бұл әсте кездейсоқтық емес, қажеттілік, Россияда үстем болып отырған капиталистік өндіріс әдісінен туған қажеттілік. Ал шаруа товар өндірушіге айналып келе жатқан болса (қазірдің өзінде-ақ шаруалардың бәрі де товар өндірушіге айналған), — оның «мінез-құлқы» еріксіз «теңгеге негізделеді», ендеше бұл үшін оны айыптауға болмайды, өйткені тұрмыс жағдайының өзі бұл теңгені сауда арқылы неше түрлі қулық-сұмдықтармен * қолға түсіруге мәжбүр етеді. Мұндай жағдайда ешбір қылмыссыз-ақ, ешбір құлдық ұрмай-ақ, ешбір алдаусыз-ақ,— «шаруалардан» байлар мен кедейлер шығып отырады. Бұрынғы теңдік рыноктағы ауытқуларға төзіп тұра алмайды. Бұл — құр сөз емес; бұл —

* *Успенскийді* салыстырыңыз[108].

факт. Мұндай жағдайда азшылықтың «байлығы» *капиталға* айналатыны да, ал бұқараның «кедейлігі» оған өзінің жұмыс күшін сатқызып, бөтен үшін жұмыс істеуге мәжбүр ететіні де факт. Сөйтіп, марксистің көзқарасы тұрғысынан қарағанда, капитализм фабрика-заводтық өнеркәсіпте ғана емес, деревняда да, жалпы Русь елінің барлық жерінде қазірдің өзінде-ақ нық орнығып, қалыптасып, толық айқындалып отыр.

Марксистің деревнялардағы бұл «қасірет құбылыстың» себебі — саясат та емес, жердің аздығы да емес, алым-салық та емес, азған «адамдар» да емес, оның себебі — капитализм, капиталистік өндіріс әдісі өмір сүрген, буржуазия табы үстем жерде мұның бәрі *қажетті* және болмай қалмайтын нәрсе деген дәлеліне жауап ретінде халықшыл провинциялық бикештердің айтатынын, Михайловский мырзаның Струве мырзаға берген жауабын қайталап: — марксистер шаруаларды жерсіз қалдырғысы келеді, «дербес» шаруадан пролетариатты «артық көреді», «адамға» «жиіркене, қатал қарайды» деп даурығатын болса, халықшыл мырзалардың ақылы қандай алғыр екенін енді шамалауға болатын шығар!

Бізге қарсы адамдар жазғандықтан қызғылықты болып шыққан деревняның осы суретінен марксистерге қарсы айтылып жүрген пікірлердің өрескелдігін — фактілерді аттап өтіп, өздерінің бұрынғы айтқандарын ұмытып — ойдан шығарылатындығын,— осының бәрі, бақытымызға қарай, енді ешқандай күш ара түсе алмайтын армандар мен ымырашылдық теорияларын coûte que coûte * қорғап қалу үшін істеліп отырғанын біз айқып көре аламыз.

Россиядағы капитализмді сөз қылғанда, марксистер даяр схемаларды малданып, мүлде басқа жағдайлардың көшірмесі болып табылатын қағидаларды догма ретінде қайталап жүр. Олар Россиядағы даму дәрежесі мен маңызы жағынан болмашы ғана капиталистік өндірісті (біздің фабрикаларымыз бен заводтарымызда небары 1400 мың адам жұмыс істейді) әлі жерге ие болып

* — қалай да болса. *Ред.*

отырған шаруалар бұқарасына да тән нәрсе деп есептейді. Либералдық-халықшыл топтың марксистерге қарсы айтатын жанына жақын пікірлерінің бірі, міне, осындай.

Міне, сөйтіп, біз деревняның дәл осы суретінен халықшылдың «қауымдық» және «дербес» шаруа тәртіптерін суреттегенде дәл жаңағыдай абстракт схемалар мен бөтеннің догмаларын, буржуазияның категорияларын лажсыз малданып отырғанын көреміз, буржуазия бірен-саран емес, деревнялық тип екенін, оның қалалардағы ірі буржуазиямен мықты байланысы барын, «балаларын үйренуге беріп отырған» шаруалармен де, басқаша айтқанда, жас буржуазия шығатын осы шаруалармен де байланысты екенін көрсетпей кете алмайтынын көреміз. Демек, біз бұл жас буржуазия біздің «қауымнан» тысқары жерден емес, соның ішінен шығып жатқанын, оны товар өндіруші шаруалар арасындағы қоғамдық қатынастардың өздері туғызып отырғанын көреміз; тек «1400 мың адам» ғана емес, селодағы орыс адамдарының бәрі бірдей *капиталға* қызмет істеп отырғанын, соның «меңгеруінде» екенін көреміз.— «Триадаға» сенетін қайдағы бір «мистик және метафизик» марксист емес, орыс тұрмысының өзгешеліктерін бағалай білетін, өзгеше жаралған халықшыл айтып отырған осы фактілерден қорытындыны дұрысырақ жасайтын кім? Капитал өзіне керекті жолды таңдап алмағандай-ақ, тәуір жол таңдауды сөз қылып жүрген, басқа бір құрылысқа бет бұруды сөз қылып жүрген, мұнысын «қоғам» мен «мемлекеттен», яғни тек жаңа айтылған таңдау негізінде және *сол үшін* өсіп жетілген элементтерден күтетін халықшыл ма? әлде, басқа жолды қиялдау — аңқау романтик болу деген сөз, өйткені «жол» таңдалып қойғанын өмір шындығы өте айқын көрсетіп отыр, капиталдың үстемдігі айқын факт, бұдан кінәлау, айыптау арқылы құтыла алмайсың,— бұл тек тікелей өндірушілер ғана санаса алатын факт дейтін марксист пе?

Тағы бір көп айтылып жүрген кінәлау. Марксистер Россиядағы ірі капитализмді прогрестік құбылыс деп

таниды. Сөйтіп, олар «дербес» шаруадан пролетарийді артық көреді, халықтың жерсіз қалуына тілектес, ал өндіріс құрал-жабдықтары жұмысшыларға өтуін мақсат тұтатын теория тұрғысынан қарап, жұмысшының өндіріс құрал-жабдықтарынан ажырауын тілейді, яғни шешілмейтін қайшылыққа шырмалады дейді.

Солай, марксистер ірі капитализмді прогрестік құбылыс деп есептейді,— мұның себебі, әрине, капитализм «дербестікті» дербессіздікке алмастырғанынан емес, қайта ол дербессіздікті жоюға жағдай туғызып отырғандығынан. Ал орыс шаруаларының «дербестігіне» келетін болсақ, ол халықшылдық тәтті ертегі, одан басқа түк те емес; шынында, дербестік жоқ. Ілгеріде келтіріліп өткен деревня суреті де (шаруалардың экономикалық жағдайы жөніндегі шығармалар мен зерттеулердің бәрі де) бұл фактіні (шынында дербестік жоқтығын) растап отыр: жұмысшылар сияқты, шаруалар да «біреу үшін» жұмыс істейді. Мұны орыстың бұрынғы халықшылдары мойындаған болатын. Бірақ олар бұл дербессіздіктің себептері мен сипатын түсінбеді, мұның да — *капиталистік* дербессіздік екенін, оның қала дербессіздігінен айырмасы тек аз дамығандығында, орта ғасырлық, жартылай крепостниктік капитал формаларының қалдықтары көптігінде, айырмасы тек осы екенін түсінбеді. Сол халықшыл суреттеп берген деревняны ғана фабрикамен салыстырайық. Айырма (дербестік жөнінен алғанда) тек мынада: біздің көретініміз: онда — «ұсақ қара күйе», мұнда — оның ірісі, онда — бір-бірлеп, жартылай крепостниктік әдіспен қанау, мұнда — бұқараны қанау, таза капиталистік қанау. Әрине, мұның екіншісі прогресшіл жол: деревнядағы да дәл осы капитализм, бірақ ол жетілмеген, дамымай қалған, сондықтан өнбойын өсімқорлық etc. қаптаған; мұнда — жетілген; нақ сол деревняда бар қарама-қарсылық мұнда әбден айқындалған; мұнда толық жіктеліп болған, сондықтан мәселенің бұлайша ұсақ өндіруші (және оның идеологы) қанағаттанатындай жарым-жарты қойылуына мүмкіндік жоқ; ұсақ өндіруші капитализмді сөгуге, ұрсуға және қарғауға қабілетті, бірақ сол капи-

тализмнің нағыз негізінен *, оның қызметшілеріне сенуден, әп-әсем Кривенко мырза айтқандай, «күрессіз болғаны тәуір еді» деген тәтті қиялдан бас тартуға қабілеті жоқ. *Мұнда* енді қиялдарға жол кесілген,— міне, бір ғана осының өзі аса зор ілгері басқандық; мұнда енді күш кімнің жағында екені айқып көрініп тұр, сондықтан жол таңдау жайын мылжыңдауға болмайды, өйткені әуелі бұл күшті «қайта болу» керектігі айқын көрініп тұр.

Струве мырза халықшылдықты «жылымшы оптимизм» деп сипаттаған, мұнысы — өте дұрыс. Деревняда капиталдың толық үстемдік етіп отырғанын елемеу, оны айыптау, кездейсоқтық деп көрсету оптимизм емей не болмақ? «кулактар, жатыпішерлер, көпестер, шарапханашылар, мердігерлер, закладшылар», т. т. бәрі, осы «жас буржуазияның» бәрі қазірдің өзінде «әрбір деревняны» «қолдарында» ұстап отырмағандай-ақ, әр түрлі кредиттер, артельдер, қоғамдық жер жырту дегендерді ұсыну оптимизм емей не болмақ? — Баяу, санасыз, идея арқылы жолын ашпаған күйінде болса да күрес қызып жатқан кезде жұрттың «10 жыл, 20 жыл, 30 және одан да көп жылдар бойы»: «күрессіз болғаны тәуір еді» деп қоймайтыны жылымшылық емей немене?

«Оқушы, енді қалаларға қарай назар аударыңыз. Мұнда сіз жас буржуазияның бұдан да көп, бұдан да ала-құла екенін кездестіресіз. Сауаттанғандар мен өздерін неғұрлым игі жұмыстарға жарамды деп санайтындар түгелінен, өздерін қара шаруаның аянышты өмірінен артық өмірге лайықтымыз деп есептейтіндер түгелінен, ақырында, деревняда осы жағдайларға көне алмайтындар түгелінен енді қалаға ұмтылып отыр...»

---

* Жұрт шатаспауы үшін түсінік бере кетейін,— капитализмнің «негізі» деп мен капиталистік қоғамда әр түрлі формада болатын қоғамдық қатынасты айтамын, оны Маркс: ақша — товар — артып шыққан ақша,— деген формуламен айтқан болатын.

Халықшылдардың шаралары бұл қатынасқа *тимейді,* ақшаны = қоғамдық еңбектің өнімін жеке адамдардың қолына беретін товар өндірісін де, «халықтың» бұл ақшаны иеленуші мен таза тақырларға бөлінуін де өзгертпейді.

Марксист бұл қатынасты басқа формалардың бәрінің түп негізі болып табылатын ең жақсы дамыған формасында алып қарайды, сөйтіп өндірушіге міндет пен мақсатты көрсетеді: бұл қатынасты жойып, оның орнына басқа қатынас орнату керек, дейді.

Солай бола тұрса да, халықшыл мырзалар қала капитализмінің «жасандылығы» дегенді, оны бағып-қақпаса, өзінен-өзі шіріп бітетін «жылылықта өскен өсімдік» дегенді, т. т. тамсана талқылап жүр. *Фактілерге* жай көз салғанның өзінде-ақ бұл «жасанды» буржуазияның — қалаларға келіп орналасқан кәдімгі деревнядағы алпауыттар екені, бұлардың «капиталистік айдың сәулесі» түскен жерде және әрбір қара шаруаны арзанға алып, қымбатқа сатуға мәжбүр ететін жерде тіпті өзінен-өзі өсетіндігі анықталады.

«...Сіз бұл жерде: приказчиктерді, кеңсешілерді, ұсақ саудагерлерді, бақалшыларды, әр түрлі мердігерлерді (сылақшыларды, ағаш ұсталарын, тас қалаушыларды, т. т.), кондукторларды, аға малайларды, қала күзетшілерін, биржа артельшілерін, кіре ұстаушыларды, тамақ үй және мейманхана ұстаушыларды, әр түрлі шеберханалардың қожайындарын, фабрика мастерлерін, т. т. с. кездестіресіз. Осының бәрі де — өзіне тән белгілері бар нағыз жас буржуазия. Оның адамгершілік өрісі бұл жерде де тым тар; оның бар әрекеті еңбекті қанауға негізделген *, ал өмірде алға қойған міндеті капитал жинау немесе уақытты топастық сән-салтанатпен өткізуге пұл жинап алу болып табылады...» «...Осы адамдарға қарай отырып, жұрттың көбі қуанады, оларды ақылды, жігерлі және пысық адамдар, халықтан шыққан ең прогресшіл элементтер деп есептейді, оларды кем-кетігі жүре түзелетін отандық цивилизацияның тура және табиғи түрде ілгері басуының тұлғасы деп таниды, мұны мен жақсы білемін. Бізде білімділерден, көпестерден және 1861 жылғы дағдарысқа шыдай алмай, салы суға кеткен, не уақыттың рухына бой ұрған дворяндардан жоғарғы буржуазия құралғанын, бұл буржуазия қазірдің өзінде-ақ үшінші сословиенің кадрларын тудырғанын, оған халық арасынан шыққан дәл осындай элементтер ғана жетпей отырғанын, оларсыз оның еш нәрсе де істей алмайтынын, сондықтан оған бұлардың ұпап та отырғанын мен әлдеқашаннан бері білемін...»

---

* Дәл емес. Ұсақ буржуаның ірі буржуадан айырмашылығы — өз басының да еңбек етуінде,— автордың атап көрсеткен топтары да солай еңбек етеді. Әрине, еңбекті қанау бар, бірақ ылғи бір ғана қанау емес.

Тағы бір кішкене ескерту: қара шаруаның күнін көруге қанағаттанбайтындардың өмірде алға қойған мақсаты — капитал жинап алу. Халықшыл (есі кірген минуттарда) осылай дейді.— Орыс шаруаларының беталысы қауымдық құрылыс емес, ұсақ буржуазиялық құрылыс. Марксист осылай дейді.

Бұл қағидалардың арасында қандай айырма бар? Айырма тек қана біреуінің тұрмыс тәжірибесін байқауында, ал екіншісінің байқалған фактілерді (нақты «жеке адамдардың» нақты «ой-пікірлері мен сезімдерін» көрсететін фактілерді) саяси экономикалық заң етіп қорытатынында емес пе?

Бұл арада да «жылымшы оптимизмге» саңылау қалдырылған: ірі буржуазияға халық ішіндегі буржуазияшыл элементтер «ғана жетпейді» екен!! Сонда ірі буржуазияның өзі халықтан шықпағанда қайдан шықты? Автор біздің «көпестердің» шаруалармен байланысы барын бекер демесе не қылсын?

Бұл арада жас буржуазияның осы өсуін кездейсоқтық, саясаттың нәтижесі, т. т. деп көрсетуге тырысудың ұшығы көрініп тұр. Құбылыстардың тамыры қоғамның экономикалық құрылымының өзінде жатқанын көруге шамасы жетпейтін,— ұсақ буржуазияның жекелеген өкілдерін тәптіштеп санауға қабілетті, ал шаруа мен майдагердің ұсақ дербес шаруашылығының өзі қазіргі экономикалық тәртіптер тұсында қайдағы бір «халықтық» шаруашылық емес, *ұсақ буржуазиялық* шаруашылық болып табылатынын түсінуге қабілетсіз осы ұғым үстірттігі — халықшылға айрықша тән қасиет.

«... Ертедегі атақты рулардың көптеген ұрпақтары шарап қайнату, шарапхана ұстау, темір жол концессияларымен және кен барлау жұмыстарымен шұғылданғанын, акционерлік банктер басқармаларына орнығып алғанын, тіпті әдебиетке де жұғысқанын, осы күнде жаңа өлеңдер айтып жүргенін мен жақсы білем. Осы әдеби өлеңдерінің көбі өте нәзік, өте әсерлі, онда халықтың мұқтажы мен тілегі айтылатынын білемін; бірақ мен сонымен қатар келелі әдебиеттің міндеті — халыққа ас берудің орнына тас беру ниеті бар екенін көрсетіп беру екенін де білем».

Неткен Аркадия рақаты[109] десеңізші! Әлі тек *«ниет»* білдірмек?!

Мұнысы қалай үйлескен десеңізші: буржуазияның «әлдеқашан-ақ» құралғанын «біледі»,— сөйте тұра әлі өз міндетін буржуазияны құру «ниетін білдіру» деп түсінеді!

«Мейірбандық» деп, міне, осыны айтады,— мобилизацияланып болған армияны көре тұрып, «әлдеқашан» құрылған «бас штаб» біріктіріп отырған саптағы «солдаттарды» көре тұрып,— бұл жұрт мүдделердің әбден ашылып болған күресін сөз қылмай, «ниет білдіру» дегенді әлі айтып қоймайды.

«... Француз буржуазиясы да өзін халықпен бірге санап, өз талаптарын әрқашан халық атынан қойып отырған, бірақ оны әрқашан алдаумен келген болатын. Біз қоғамымыз соңғы жылдарда қабылдаған буржуазиялық бағытты халықтың адамгершілігі мен ауқаттылығы үшін зиянды және қауіпті нәрсе деп есептейміз».

Бұл сөзден автордың ұсақ буржуазияшылдығы бәрінен айқын көрінсе керек. Ол буржуазиялық бағытты халықтың адамгершілігі мен ауқаттылығы үшін «зиянды және қауіпті» деп жариялайды! Құрметті моральшыл мырза, бұл айтып отырғаныңыз қай «халық»? — «от басын», «отырықшылықты» және «еңбек міндетінің қасиеттілігін» * нығайтқан крепостниктік право тұсында помещиктерге қызмет еткен халық па? әлде соңынан төлемге берілетін тиын-тебенді табуға кеткен халық па? Бұл тиын-тебенді төлеу «азаттық алудың» негізгі және басты шарты болғанын, ал бұл тиын-тебенді шаруаның Купон мырзадан [110] басқа еш жерден ала алмайтынын сіз жақсы білесіз. Бұл мырзаның қалай қожайындық еткенін, «мещандардың өмірге өз ғылымын, өз адамгершілік ережесін, өз софизмдерін» қалай «ала келгенін», буржуазияның «ақылы, кәсіпқұмарлығы, жігері» туралы жырлайтын әдебиеттің қалай құралғанын суреттеген өзіңіз едіңіз ғой. Мәселенің бәрі қоғамдық құрылыстың екі формасының орын алмасуына тірелетіні айдан анық; жерге бекітілген крепостной шаруалардың қосымша еңбегін пайдалану жүйесі крепостниктік адамгершілікті туғызды; «біреу үшін», ақша иесі үшін жұмыс істейтін «ерікті еңбек» жүйесі әлгінің орнына буржуазиялық адамгершілікті туғызды.

Ал ұсақ буржуа болған нәрсеге тура қараудан және оны атымен атаудан қорқады: ол осы даусыз фактілерден теріс айналып кетеді де, қиялға шома бастайды. Ол тек ұсақ дербес шаруашылықты ғана (*рынок үшін өндіретін* шаруашылық екені туралы момақансып үндемейді) «адамгершілікке сай», ал жалдама еңбекті «адамгершілікке сай емес», деп есептейді. Ол мұның бір-бірімен байланысты, тіпті айрылғысыз тығыз байланысты екенін түсінбейді, сөйтіп буржуазиялық адам-

* Южаков мырзаның сөзі.

гершілікті товар шаруашылығынан (бұған оның, шынында, ешбір қарсылығы жоқ) өрбіген буржуазиялық тәртіптердің тікелей жемісі деп есептемей, қайдағы бір кездейсоқ дерт деп санайды.

Сөйтеді де ол: «зиянды, қауіпті» деп кемпірлерше уағаз айта бастайды.

Ол қанаудың ең жаңа формасын бұрынғы, крепостниктік формасымен салыстырмайды, ол өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенушіге қатынасына қанау формасының енгізген өзгерістеріне қарамайды,— ол форманы мағынасыз, мещандық қиялмен салыстырады: өзі товар шаруашылығы бола тұрса да, қазір бара жатқан межесіне жеткізе алмайтын «ұсақ дербес шаруашылықпен» салыстырады (жоғарыдағы: «кулактар гүлденіп өсіп келеді, өте әлсіздерді батырақ етіп, кіріптарлыққа ұшыратуға тырысады» деген сөздермен, т. т. салыстырыңыз). Сондықтан оның капитализмге қарсы наразылығы (сол күйінде, наразылық ретінде — өте заңды және өте әділ наразылық) реакциялық налу болып шығады.

Еңбекшіні бір орынға байлап-матаған қанау формасын еңбекшіні бір орыннан екінші орынға айдап, бүкіл елді кездіретін қанау формасымен ауыстырып, «буржуазиялық бағыттың» пайдалы жұмыс істегенін ол түсінбейді; ол қосымша өнімді иемдену ісін қанаушының өндірушіге жеке қатынастары, өзара азаматтық саяси міндеттемелер, «үлесті жермен қамтамасыз ету», т. т. арқылы шырмайтын қанау формасын — осының бәрінің орнына «мейірімсіз таза ақшаны» қоятын қанау формасымен ауыстырып, жұмыс күшін басқа товардың бәрімен, затпен теңестіретінін түсінбейді; сөйтіп «буржуазиялық бағыттың» қанаушылықты оның барлық көмескіліктерінен, елестерінен аршып жалаңаштайтынын, мұның өзі — үлкен еңбек сіңіргендік екенін түсінбейді.

Сонан соң біздің қоғам буржуазиялық бағытты «соңғы жылдарда» қабылдады деген сөзге де көңіл бөліңіз.— Тек «соңғы жылдарда» ғана ма? Бұл бағыт 60-жылдарда да әбден айқын көрінген жоқ па еді? Ол бағыт бүкіл 70-жылдар бойы үстем болған жоқ па еді?

Ұсақ буржуа бұл жерде де істі жеңілдеткісі келеді, реформадан кейінгі бүкіл дәуірдің ішінде біздің «қоғамға» тән буржуазиялықты уақытша бір әуестенушілік, мода деп көрсеткісі келеді. Ағаш тасасынан орманды көрмеу — ұсақ буржуазиялық доктринаның негізгі белгісі. Крепостниктік правоға қарсы наразылық етіп, оған өршелене шабуыл жасай отырып,— ол (ұсақ буржуазияның идеологы) буржуазиялықты көрмейді, өйткені ол осы өршеленген шабуыл тұсында құрылған тәртіптердің экономикалық негіздеріне тура қараудан қорқады. Ол бүкіл алдыңғы қатарлы («либералшылқылымсыған», 129-бет) әдебиеттің кредит, несие-жинақ серіктіктері туралы, алым-салық ауыртпалығы, жер иеленушілікті ұлғайту туралы және «халыққа» жәрдем берудің сол сияқты шаралары туралы дейтіндерінің тасасынан тек «соңғы жылдардағы» буржуазиялықты ғана көреді. Ақырында, «реакция» жөніндегі зарлану, «60-жылдарды» жоқтау тасасынан ол енді осының бәрінің негізінде буржуазиялық жатқанын мүлде көрмейді, сондықтан барған сайын осы «қоғаммен» біріге түседі.

Расында да, біздің шаруалар идеологы реформадан кейінгі тарихтың осы үш дәуірінің өне бойында әрқашан «қоғаммен» қатар тұрды және сонымен бірге болды, бұл «қоғамның» буржуазиялығы оның буржуазиялыққа қарсы наразылығын жұрдай ететінін, сөйтіп оны сөзсіз не қиялға, не ұсақ буржуазиялық ымырашылдыққа апарып саятынын түсінбеді.

Біздің халықшылдардың («принцип жүзінде» либерализмге қарсы халықшылдардың) либералдық қоғамға мұндай жақындығы көп адамдардың көңілін елжіретіп келді, тіпті осы кезге дейін В. В. мырзаның көңілін елжіретіп те отыр («Неделяның» 1894 жылғы 47—49 номерлеріндегі мақаласын салыстырыңыз). Осыдан бізде буржуазиялық интеллигенция әлсіз немесе тіпті жоқ деген қорытынды шығарып, мұны орыс капитализмінің негізі жоқ дегенмен байланыстырады. Ал шынында түптура керісінше шығады: бұл жақындық халықшылдыққа қарсы ең күшті дәлел, оның ұсақ буржуазияшылды-

ғып тура көрсететін дәлел болып табылады. Өмірде ұсақ өндіруші рынокқа арналған товарларды дербес өндіруге мүмкіндігінің барлығы, үлкен жолға шығуға, ірі қожайынға айналуға қашан да үмітін үзбейтіндігі арқылы буржуазияға қалай қосылатын болса,— ұсақ өндірушінің идеологы да әр түрлі кредиттер, артельдер etc. дейтін мәселелерді біріге талқылауымен либералға дәл солай қосылып отыр; ұсақ өндіруші буржуазияға қарсы күресуге қандай қабілетсіз болса және алым-салықтарды азайту, ұлтарақтай жерін ұлғайту, т. с. сияқты көмек шараларына қандай мәз болатын болса,— либералдық «қоғамға» және оның «халық» туралы «ұяты-қиыры жоқ жалғандық пен екіжүзділік» арқылы бүркелген мылжыңына халықшыл да сондай сенеді. Егер ол кейде «қоғамды» балағаттай қалса, соның артынша: ол тек осы «соңғы жылдарда» ғана бұзылды, әйтпесе жалпы алғанда оның өзі жаман емес дегенді қоса қояды.

. . . .

«Бізде реформадан кейін құралған жаңа экономикалық тап жөнінде тоқтала келіп, жуырда «Современные Известия» оны өте жақсы сипаттады: «Ерте уақыттағы етігін майлап киіп, кіші шенді полицейдің алдында қалтырап тұратын сақалды, момын миллионер европалықтарша менмен, тіпті әдепсіз және тәкаппар, кейде жарқыратып орден таққан, үлкен шені бар антрепренерге тез айналды. Күтпеген жерден шыға келген бұл адамдарға жөндеп қарасаң, өзің таңқаласың — бүгінгі бұл маңғаздардың көпшілігі кешегі шарапханашылар, мердігерлер, приказчиктер, т. с. екенін байқайсың. Жаңа келімсектер қала өмірін жандандырды, бірақ оны жақсартқан жоқ. Олар қала өміріне дамылсыз ерсілі-қарсылы сапырылыс енгізіп, ұғымдардың өзін әбден шатастырып жіберді. Айналымның күшеюі, капиталға деген сұраным кәсіпорындардың жанталас қимылын өршітті, бұл қызу ойынға айналды. Ойламаған-күтпеген жерден құралған толып жатқан байлықтар жұрттың байи беруге ұмтылған аранын аша түсті», т. т. ...

«Халықтың мінез-құлқына мұндай адамдардың қатты зиян келтіретінінде күмән жоқ [пәленің бәрі әсте капиталистік өндірістік қатынастарда емес, мінез-құлықтың бұзылуында екен ғой! К. Т.], ал егер қала жұмысшыларының деревнядағыларға қарағанда анағұрлым бұзылғандығында күмән жоқ десек, оның себебі мұндағы жұмысшылар әлгідей адамдардың қоршауында көбірек болуынан, солармен ауаны бірге жұтып, солар жасаған тұрмыспен тұратынынан екеніне де, әрине, күмәндануға болмайды».

Бұл — халықшылдардың реакцияшылдығы туралы Струве мырзаның пікірін растайтын айқын дәлел. Қала жұмысшыларының «бұзылғаны» ұсақ буржуаның үрейін ұшырады; ұсақ буржуа «от басын» (келін айналдыру мен таяғы бар), «отырықшылықты» (басылыпжаншылғандығы мен тағылығы бар) ұнатады, «бейнетқордың» [111] оянуы,— бұл өзі соншама зор және бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар ояну, ол үшін шыққан шығынның бәрі де орынды шығын екенін,— жалпы капиталистік жағдайда, әсіресе орыс капитализмі жағдайында өте қызу формаға айналмай тұра алмайтынын түсінбейді.

«Егер орыс помещигінің өзгешелігі тағылық болып, оны азырақ жона түссе татар болып шыға келсе, мына орыс буржуасын тіпті жонбаса да болады. Егер орыстың ескі көпестері түнек дүние орнатқан болса, енді олар жаңа буржуазиямен тізе қосып, ой-пікір атаулының, адам сезімі атаулының бәрін жоятын қара түнек орнатады».

Автор оңбай қателесіп отыр. Бұл жерде келер шақ емес, өткен шақ айтылуы керек еді, сол кезде, 70-жылдарда да, делінуі керек еді.

«Жаңа басқыншылардың қарақшылары жап-жаққа түгел тарап, еш жерде, еш біреуден қарсылық көрмейді. Помещиктер оларға пана болып, қуанышпен қарсы алады, земство адамдары оларға орасан көп қамсыздандыру қаражатын таратады, халық мұғалімдері оларға өсек арыздар жазып береді, дін адамдары іздеп барып қол береді, ал болыс хатшылары мордваны матауға жәрдемдеседі».

Өте дұрыс сипаттама! «еш біреуден қарсылық көрмейтіні былай тұрсын», қайта «қоғам» мен «мемлекет» өкілдерінің,— әлгінде автор шамамен санап өткендердің,— бәрінен көмек алады. Сондықтан — елден ерек логика! — істің бетін өзгерту үшін басқа жол табуға кеңес беру керек, ол кеңесті әлгі «қоғам» мен «мемлекетке» беру керек.

«Алайда бұл сияқты адамдарға қарсы не істеу керек?»

«... Қанаушылардың ақылы жетіледі, қоғамдық пікір жақсарады деп күту мемлекет сүйенуге тиісті әділеттік тұрғысынан қарағанда да, адамгершілік пен саясат тұрғысынан қарағанда да мүмкін емес».

Көрдіңіздер ме: мемлекет «адамгершілік пен саясат тұрғысында болуға тиіс»! Бұл енді қып-қызыл бос сөз. «Мемлекеттің» әлгі айтылған өкілдері мен агенттері (болыс хатшыларынан бастап, содан жоғары қарай) қазірдің өзінде-ақ «саяси» [жоғарыдағы: «жұрттың көбі қуанады... оларды халықтан шыққан ең прогресшіл элементтер деп есептейді, оларды отандық цивилизацияның тура және табиғи түрде ілгері басуының тұлғасы деп таниды» — дегенді салыстырыңыз] және «адамгершілік» [дәл сол жердегі: «ақыл, жігер, кәсіпқұмарлық» дегенді салыстырыңыз] тұрғыда емес пе? Өмірде «жаңа өркеннің» жаттығы қандай даусыз болса, «буржуазия жұмысқа баруға әмір етіп отырған адамдарға» дәл сондай жат көрінетін адамгершілік пен саяси идеялардың екіге жарылып отырған фактісін сіз неге бүркейсіз? Қоғамдық таптар күресінің қондырмасы ғана болып табылатын осы идеялар күресін неге бүркейсіз?

Мұның бәрі — ұсақ буржуазиялық көзқарастың табиғи және сөзсіз нәтижесі. Ұсақ өндіруші осы күнгі тәртіптерден көп зәбір көріп отыр, бірақ ол турадан-тура және толық айқындалған қайшылықтардан шетте тұр, олардан қорқады, сөйтеді де «мемлекет адамгершілік тұрғысында болуға тиіс» және де дәл ұсақ өндірушіге ұнайтын адамгершілік тұрғыда болуға тиіс деген реакцияшыл-аңқау қиялмен өзін-өзі жұбатады.

Жоқ, сіздікі дұрыс емес. Сіз жалбарынып отырған мемлекет, қазіргі заманғы осы күнгі мемлекет жоғарғы буржуазияға ұнайтын адамгершілік тұрғысында болуға *тиіс, тиіс болатын* себебі — қоғамдағы бар таптардың арасындағы әлеуметтік күштің бөлінуі солай болып отыр.

Сіз ашуланасыз. Бұл «тиістілікті», бұл қажеттілікті қуаттап, марксист буржуазияны қорғайды деп даурыға бастайсыз.

Дұрыс емес. Сіз фактінің өзіңізге қарсы екенін сезесіз, сондықтан түрлі бұлтарысқа саласыз: буржуазия үстемдігі *факт* дей отырып, сіздің жолды буржуазиясыз таңдап алу керек дейтін мещандық қиялыңызды теріске шығарған кісіге,—қоғамның экономикалық құрылы-

сында буржуазия терең тамыр жайған, таптар экономикалық күрес жүргізуде, «қоғам» мен «мемлекет» негізінде осы күрес жатыр дей отырып, сіздің буржуазияға қарсы ұсақ, болмашы шараларыңыздың жарамдылығын теріске шығарған кісіге, еңбекшілер табының идеологынан бұл элементтерден іргені аулақ салуды, сөйтіп тек буржуазиялық қоғамның «өмірінен жігін ажыратқандарға» ғана қызмет етуді талап еткен кісіге — сіз буржуйларды қорғағысы келеді деп, жала жабасыз.

«Біз, әрине, әдебиет ықпалының ешқандай күші жоқ деп есептемейміз, бірақ бұл үшін: біріншіден, ол әдебиет өзінің атқаратын қызметін жақсы түсінуге тиіс, сөйтіп кулактарды тәрбиелеумен ғана (sic!!!) шектелмей, қоғамдық пікірді де оятуға тиіс».

Міне, сізге аумағап таза күйіндегі petit bourgeois! * Егер әдебиет кулактарды тәрбиелеп отырса, мұның себебі әдебиет өзінің атқаратын қызметін жақсы түсінбегенінен екен!! Міне, осындай мырзаларды жұрт аңқау деп атаса, сендер романтиксіңдер десе, олардың жатып таңданатынын қайтерсіз тағы!

Мұның керісінше, құрметті халықшыл мырза: әдебиетті «кулактар» ** тәрбиелеп отыр — оған идея береді (ақыл, жігер, кәсіпқұмарлық туралы, отандық цивилизацияның табиғи қадамы туралы), оған қаражат береді. Егер біреу жауласып, біріне-бірі тап бергелі тұрған екі армияның көз алдында жау жағы фельдмаршалының адъютантынан: «тізе қосып қимылдайық» деп, бас иіп өтініш етсе, мұнысы күлкі болған болар еді, сіздің әдебиетке шағынуыңыз да дәл осындай күлкі нәрсе. Мүлде айырма жоқ.

«Қоғамдық пікірді ояту керек» деген тілектің де жайы осындай.— «Түскі тамаққа тойып маужырап жатып мұраттар іздейтін» қоғамның пікірін ояту керек болғаны ма? Бұл — халықшыл мырзалардың «10 жыл, 20 жыл, 30 жыл және одан да көп жылдар бойы» сон-

* — ұсақ буржуа. *Ред.*

** Бұл — тым тар мағыналы сөз. Буржуазия — деп дәлірек әрі анығырақ айту керек еді.

дай тамаша табыспен айналысып келе жатқан үйреншікті кәсібі.

Тағы да тырысып бағыңдар, мырзалар! Түскі тамақтан кейінгі ұйқы маужыратқан қоғам кейде ыңырсиды,— тегі, мұнысы оның кулактарға қарсы тізе қосып қимылдауға әзірленгені болар. Онымен тағы тілдесіңіз. Allez toujours! *

«...ал, екіншіден, әдебиет сөз бостандығын емін-еркін пайдалануға және халыққа емін-еркін жетуге тиіс».

Жақсы тілек. «Қоғам» бұл «мұратқа» тілектес. Бірақ қоғам оны түскі тамаққа тойып алып маужырап отырып «іздейтін» болғандықтан және ол осы тыныштықты бұзудан өлердей қорқатындықтан, сол себептен... сол себептен ол өте баяу қимылдайды, прогресс жасауының кереметтігі сонша — жылдан-жылға шегіншектеп кейін ығыса береді. Халықшыл мырзалар мұны кездейсоқтық деп ойлайды, түскі тамақтан соңғы ұйқы әлі-ақ бітіп, нағыз прогресс басталады деседі. Күте беріңіздер!

«Біз пақ сондай-ақ тәрбие мен білім әсерін де мүлде дәрменсіз деп санамаймыз, бірақ, біздің ойымызша, ең алдымен: 1) білім тек үздік шыққандарға ғана берілмей, оларды жұрт арасынан екшеп алып, кулакқа айналдырмай, жұрттың бәріне, әрбір адамға берілуге тиіс...»

«Жұрттың бәріне, әрбір адамға»...— марксистер, міне, осыны көздейді. Бірақ марксистер қазіргі қоғамдық-экономикалық қатынастар негізінде бұған қол жетпейді деп біледі, өйткені тегін және міндетті оқу бола қалғанда да «білім алу» үшін ақша керек, ал ақша тек «үздік шыққандардың» қолында. Демек, марксистер бұл арада да «қоғамдық таптардың қатал күресінен» басқа құтылыс жолы жоқ деп біледі.

«... 2) халық мектептерінің есігі ылғи орнынан босаған дьякондарға, чиновниктерге, түрлі азғындарға ғана емес, нағыз байсалды әрі халықты шын сүйетін адамдарға да ашық болу керек».

---

* — Бөгелмеңіз! бөгелмеңіз! *Ред.*

Жан тебірентер сөз! Ал бірақ «ақыл, кәсіпқұмарлық, жігер» дегендер «халық ішінен шыққандарда» дейтіндер де — «халықты сүйеміз» деп ежіктейді (әрқашан да ағынан жарылмай); олардың көбі «нағыз байсалды» адамдар екені де даусыз. Бұл жерде кім төрелік айта алады? Сын көзімен ойлайтын, адамгершілігі жоғары адамдар ма? Ал осы халық ішінен шыққандарға өлердей жек көру арқылы әсер етуге болмайды дегенді айтқан автордың өзі емес пе еді? *

Фактілерден теріс айналу халықшылдықтың негізгі белгісі деп ең баста айтуға тура келген осы белгінің дәл өзіне, ақыр аяғында, тағы келіп тіреліп отырмыз.

Халықшыл фактілерді суреттегенде,—ол өзі әрқашан шындықтың капиталға тиісті екенін, біздегі шын эволюция — капиталистік эволюция екенін, күш буржуазияның қолында тұрғанын мойындауға мәжбүр болады. Мұны, мысалы, жаңа талданған мақаланың авторы да мойындады, ол бізде «мещандық мәдениет» жасалды, халықты бұйрықпен жұмысқа айдап отырған буржуазия, буржуазиялық қоғам тек құрсақ әрекетімен, түскі астан соңғы ұйқымен әуре болып отыр, тіпті буржуазиялық ғылымды да, буржуазиялық адамгершілікті де, саясаттағы буржуазиялық софизмдерді де, буржуазиялық әдебиетті де «мещандар» туғызды дейді.

Ал солай бола тұрса да, халықшылдық пікірдің *бәрі* және *әрқашан* бұған қарама-қарсы болжамға: күш буржуазия жағында емес, «халық» жағында дегенге негізделген. Халықшыл жол таңдауды (шын жолдың капиталистік сипатын мойындаумен қатар), еңбекті (буржуазияның «билігіндегі» еңбекті) қоғамдастыруды, мемлекет адамгершілік пен саясат тұрғысына көшуге тиіс екенін, халықты дұрысында халықшылдар үйретуге тиіс екенін, тағысын-тағыларды сөз қылады; күш қазірдің өзінде дәл еңбекшілердің немесе олардың идеологтарының жағында тұрғандай көреді, ендігі қалғаны тек бұл күшті жұмсаудың «таяудағы», «қолайлы-

* 151-бет: «...өздерін өлердей жек көреді дегендерді олар бұрыннан-ақ (осы «бұрыннан-ақ» дегенді жақсы байқап қойыңыз) өлердей жек көрген жоқ па?»

рақ», тағы сондай тәсілдерін көрсету ғана сияқты көреді.

Мұның бәрі — жылымшы татыған шылғи өтірік. Бұдан жарты ғасыр бұрын сонау Пруссия регирунгсраты[112] Россияда «қауымды» ашқан заманда мұндай жалған елеске raison d'être * бар деуге болатын еді,— ал қазір, «ерікті» еңбектің 30 жылдан астам тарихынан кейін бұл — не мазақ, не бетсіздік, не тілін безеген екіжүзділік болмақ.

Осы ізгі ниетті және көлгірсіген өтірікті талқандау марксизмнің негізгі теориялық міндеті болып табылады. «Адамды бақытқа жеткізетін жолды» іздегісі келетіндердің ең бірінші міндеті — өзінің басын босқа қатырмай, бар нәрсені ашықтан-ашық мойындаудан қашпау болмақ.

Ал еңбекші таптың идеологтары мұны түсініп, жете сезсе, онда мынаған қол қояды: «мұраттардың» мәнісі — ең жақсы, ең төте жол салып беру емес, біздің капиталистік қоғамда көз алдымызда жүріп жатқан «қоғамдық таптардың қатал күресінің» міндеттері мен мақсаттарын тұжырымдап беру болуға тиіс; бұл идеологтардың ұмтылып отырған талап-тілектерінің табысқа жетуінің өлшемі — «қоғам» мен «мемлекетке» кеңес беру емес, қоғамның белгілі бір табына осы мұраттарды тарату дәрежесі болып табылады; сіз мұраттарды экономикалық күреске қатысушылардың өз мүдделерімен тығыз ұштастыра білмесеңіз, осы таптың «еңбекке әділ төлеу» мәселесі сияқты күнбе-күнгі тұрмысына байланысты «тар өрісті», ұсақ-түйек мәселелерімен ұштастыра білмесеңіз, ол мұраттар қаншама асқақ болса да бақыр тиындық құны болмайды; аузымен орақ орған халықшыл мұндай ұсақ-түйек мәселелерге шіреніп осқыра қарайды.

«... Бірақ бұл жеткіліксіз, ақыл-ойдың жетілуі адамды жыртқыштық пен соқыр сезімге бой ұрудан қорғай алмайды, амал не, мұны қадам басқан сайын көріп отырмыз. Сондықтан деревняны жыртқыштықтан қорғау үшін дереу шаралар қолданылуға тиіс, ең алдымен адам табиғатының адамгершілік жағының жетілмеуіне жәрдемдесетін қоғамдық тіршілік форма-

* — негіз. *Ред.*

сы — қауымды қорғау жөнінде шаралар қолданылуға тиіс. Қауым мәңгі-бақи қамтамасыз етілуге тиіс. Бірақ бұл да әлі аз: қауым қазіргі экономикалық жағдайында және салық ауыртпалығының қыспағында тұрғанда өмір сүре алмайды, сондықтан шаруалардың жер иеленуін ұлғайтатын, алым-салықты азайтатын, халықтық өнеркәсіпті ұйымдастыратын шаралар керек.

Кулактарға қарсы қолданылатын шаралар, міне, осы, бүкіл байсалды әдебиет осы шараларға келісіп, соларды қолдауға тиіс. Бұл шаралар, әрине, жаңалық емес; бірақ істің мәні бұлар бірден-бір шаралар екенінде, ал бұған жұрттың бәрінің көзі әлі жете қойған жоқ». (Соңы.)

Аузымен орақ орған халықшылдың программасы, міне, осы! Фактілерді суреттеуден біз барлық жерде де экономикалық мүдделердің толық қайшылығын көрдік,— «барлық жерде» дегенде қалада да, деревняда да, қауымның ішінде де, одан тысқары жерде де, фабрика-завод өнеркәсібінде де, «халықтық» өнеркәсіпте де байқалады деген мағынада ғана емес, сонымен қатар шаруашылық құбылыстардан тысқары жерде де — әдебиетте де, «қоғамда» да, адамгершілік, саясат, заң идеялары, т. т. саласында да байқалатынын көрдік деген мағынада айтылып отыр. Ал біздің сері-Kleinbürger: «деревняны қорғау жөнінде дереу шаралар қолдану керек» деп көз жасын төгіп, зарланады. Құбылыстарды мещандық тұрғыдан үстірт ұғыну, келісе қоюға әзір тұрушылық толығынан айқын көрініп тұр. Бұл деревняның өзі жіктелу мен күрес екенін қарама-қарсы мүдделер құрылысы екенін біз жоғарыда көрдік,— бірақ халықшыл бәленің түп тамыры бұл құрылыстың өзінде емес, оның жеке кемшіліктерінде деп біледі, өзінің программасын болып жатқан күреске идеялық негіз етіп құрмай, деревняны кездейсоқ, заңсыз, сырттан келетін «жыртқыштардан» «қорғау керек» дегенге негіздейді! Құрметті романтик мырза, сонда қорғау шараларын кім қолдануға тиіс? Нақ қорғауға тиіс адамдар есебінен құрсақ қампитып отырған «қоғам» қолдануға тиіс пе? Қосымша құнның үлесімен күн көретін, сондықтан, әлгіде өзіміз көргендей, қарсылық көрсетпей, қайта көмек көрсетіп отыратын земство, болыс агенттері және басқа да сондай агенттер қолдануға тиіс пе?

Халықшыл мұны — өкінішті кездейсоқтық, басқа түк те емес, «өз міндетінің не екенін» теріс «түсінгендіктің» нәтижесі деп біледі; бұларды «келісіп, тізе қоса қимылдауға» шақырса болғаны, барлық осы сияқты элементтер «теріс жолдан қайта қояды» деп біледі. Халықшыл мынаны көргісі келмейді: егер экономикалық қатынастарда Plusmacherei системасы қалыптасса, білім алу үшін қаржы мен бос уақыт тек «халықтан шыққандарда» ғана болатын, ал «бұқара» «надан күйінде қала беруге, біреу үшін еңбек етуге» тиісті болатын тәртіптер қалыптасқан болса,— онда бұлардың турадан-тура және тікелей нәтижесі ретінде «қоғам» қатарына тек алғашқылардың өкілдері ғана қосыла алады, нақ осы «қоғамнан» және «халықтан шыққандардан» болыс хатшылары, земство агенттері, тағысын-тағылар құралады; бұларды халықшыл экономикалық қатынастар мен таптардан *жоғары* тұратын, олардың *үстінде* тұратын бір нәрсе деп есептеп, аңқаулық қылады.

Сондықтан оның: «қорғаңдар» деген үндеуі де эсте тиісті адамдарына жолданып отырған жоқ.

Ол не мещандық шала шаралармен тынады (кулактарға қарсы күрес — несие-жинақ серіктіктері, кредит, зеректікті, еңбек сүю, білім алуды көтермелейтін заң шығару туралы жоғарыда айтылғандарды қараңыз; шаруаның жер иеленуін ұлғайту — жер кредиті мен жер сатып алу туралы жоғарыда айтылғандарды қараңыз; алым-салықтарды азайту — табыс салығы туралы жоғарыда айтылғандарды қараңыз), не болмаса «халықтық өнеркәсіпті ұйымдастыру керек» деген студенттік албырт қиялмен тынады.

Ал бұл қазірдің өзінде-ақ ұйымдастырылып қойған жоқ па екен? Жоғарыда суреттелген бүкіл әлгі жас өспірім буржуазия қазірдің өзінде-ақ осы «халықтық өнеркәсіпті» өзінше, буржуазияша ұйымдастырып қойған жоқ па? Әйтпесе буржуазия «әрбір деревняны уысында ұстап» тұра алар ма еді? ол «халыққа жұмысқа шық» деп «әмір етіп», үстеме құнды иемдене алар ма еді?

Халықшыл асқан адамгершілік күйіпістің шырқау шыңына шығады. Ол өндіріс анархиясына, дағдарыстарға, бұқараның ұдайы, қалыпты және барған сайын өршіген жұмыссыздығына, еңбекшілер жағдайының адам айтқысыз нашарлауына негізделген капитализмді «ұйымдасу» деп тану адамгершілікке жатпайды деп даурығады.

Керісінше. Шындықты боямалау, реформадан кейінгі бүкіл Россияны сипаттайтын тәртіптерді кездейсоқ, байқаусызда болып қалған бір нәрсе деп көрсету адамгершілікке жатпайды. Капиталистік ұлт атаулының бәрі техникалық прогреске, еңбектің қоғамдасуына өндірушіні мүгедек, жарымжан ету азабы арқылы жеткізетіні әлдеқашан анықталған нәрсе. Ал бұл *фактіні* «қоғаммен» мораль жайында әңгімелесу материалына айналдыру және болып жатқан күреске көз жұмып, түскі тамақтан кейін маужыраи: «қорғаңдар», «қамтамасыз етіңдер», «ұйымдастырыңдар» деп міңгірлеу — романтик болу, аңқау, реакцияшыл романтик болу деген сөз.

Бұл түсініктердің оқушыға Струве мырзаның кітабын талдаумен ешқандай байланысы жоқ болып көрінуі ықтимал. Меніңше, бұл — тек сыртқы байланысы жоқтығынан ғана осылай.

Струве мырзаның кітабы орыс марксизмін әсте жаңадан ашып отырған жоқ. Ол тек бұрын қалыптасқан және айтылып келген теорияларды тұңғыш рет біздің баспасөз бетіне шығарып отыр *. Жоғарыда айтып өткеніміздей, осы шығарылуынан бұрын либералдық-халықшыл баспасөз бетінде марксизм қатаң сыналған, бұл сын мәселені әбден шатастырып, бұрмалаған болатын.

Бұл сынға жауап бермейінше, біріншіден, мәселенің қазіргі жағдайына талдау жасауға болмайтын болды; екіншіден, Струве мырзаның кітабын, оның сипаты мен мақсатын түсінуге болмайтын болды.

---

* В. В. «Теориялық экономия очерктері». СПБ. 1895, 257—258-беттерін салыстырыңыз [113].

Жауап беру үшін ескі халықшылдық мақаланың алыну себебі — принциптік мақала керек болды, оның үстіне, бұрынғы орыс халықшылдарының тым болмаса кейбір өсиеттерін, марксизмге бағалы өсиеттерін сақтайтын мақала керек болды.

Біз бұл түсінік арқылы либералдық-халықшыл айтыстардың көп тарап жүрген тәсілдерінің ойдан шығарылғанын және сөлекеттігін көрсетуге ұмтылдық. Бақсақ, марксизм гегельшілдікпен *, триадаға сенумен, фактілер арқылы тексеруді керек қылмайтын абстракт догмалар мен схемаларға сенумен, әрбір ел үшін капитализм кезеңінен өту міндетті дегенмен, т. с. шырмалған дейтін әңгімелер құрғақ кокімс болып шығады.

Марксизм өз межесін қоғамдық таптар мен экономикалық мүдделердің көз алдымызда жүріп жатқан күресін *тұжырымдап* беруде және оны теория жүзінде *түсіндіруде* деп біледі.

Марксизм орыс тарихы мен өмір шындығының фактілерінен басқа ешқандай нәрсеге сүйенбейді; марксизмнің өзі де — еңбекші таптың идеологиясы, бірақ ол орыс капитализмінің өсуі мен жеңістері жөніндегі барша жұртқа мәлім фактілерді мүлде басқаша түсіндіреді, тікелей өндірушілер идеологтарының алдына біздегі өмір шындығы қойып отырған міндеттерді мүлде басқаша түсінеді. Сондықтан марксист орыс капитализмінің қажеттігін, болмай коймайтынын, прогресшілдігін айтқанда, жалпыға бірдей анықталған фактілерге сүйенеді; бұл фактілер осы жалпыға бірдей анықтығынан, ешбір жаңалық еместігінен әрқашан қайталап атала бермейді; марксист халықшыл әдебиеттің айтқандарына және сан рет қайталап айтқандарына басқаша түсінік береді, ал егер халықшыл бұған жауап ретінде: марксист фактілермен санаспайды деп даурығатын болса, оны әшкерелеу үшін 70-жылдардағы халықшылдардың принциптік мақалаларының кез келгенін жай көрсетіп өтудің өзі де жетіп жатыр.

Енді Струве мырзаның кітабын талдауға көшелік.

---

* Мен, әлбетте, марксизмнің тарихи шығу тегін емес, оның қазіргі замандағы мазмұнын айтып отырмын.

II ТАРАУ

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ СОЦИОЛОГИЯҒА СЫН

Автор халықшылдықтың «мәні», оның «негізгі идеясы» «Россияның өзгеше экономикалық дамуы теориясында» деп біледі. Оның айтуынша, бұл теорияның шығатын «негізгі екі көзі бар: 1) жеке адамның тарихи процестегі ролі туралы белгілі ілім және 2) орыс халқының ерекше ұлттық сипаты мен рухына және оның ерекше тарихи тағдырларына тікелей сену» (2). Осы жеріне жасаған ескертуінде автор «халықшылдардың әбден айқын әлеуметтік мұраттары бар» * дейді және халықшылдардың экономикалық көзқарасын төменде баяндайтынын айтады.

Халықшылдықтың мәнін бұлай сипаттау, меніңше, кейбір түзетуді керек етеді. Бұл сипаттама — халықшылдықтың теориялық үстем идеяларына сілтей отырып, оның «мәнін» де, «шығатын көзін» де көрсетпеген тым абстракты, идеалистік сипаттама. Аталған мұраттары өзгеше дамуға сенушілікпен, жеке адамның ролі туралы ерекше іліммен қосылып кетуінің себебі қалай екені, бұл теориялар біздің қоғамдық пікіріміздің «ең ықпалды» ағымы болып алғанының себебі қалай екені мүлде түсініксіз болып қалады. Ал автор «халықшылдықтың социологиялық идеяларын» (1-тараудың аты) айта отырып, таза ғана социологиялық мәселелермен (социологиядағы метод) тынып қоя алмай, орыстың экономикалық өмір шындығына халықшылдардың көзқарастарын да сөз қылған болса, онда осы көзқарастардың мәнін де көрсетуге тиісті еді. Ал оның бер жағында аталған ескертуде бұл тек жарым-жартылай ғана істелген. Халықшылдықтың мәні — өндірушілердің мүдделерін ұсақ өндіруші, ұсақ буржуа тұрғысынан жақтау. Струве мырза өзінің Н.— он мырзаның кітабы

* Әрине, «әбден айқын мұраттары» деген осы сөз тіркесін дәл өз мағынасында, яғни халықшылдар өздерінің не істегісі келетінін «әбден анық» біледі деген мағынада түсінбеу керек. Бұлай түсіну мүлдем теріс болар еді. «Әбден айқын мұраттар» дегенді ең мықтағанда тікелей өндірушілер идеологиясы деп түсіну керек, оның өзі де нағыз қожырағап идеология болды.

туралы («Sozialpolitisches Centralblatt» *, 1893, № 1) немісше жазған мақаласында халықшылдықты «ұлттық социализм» деп атаған («Русское Богатство», 1893, № 12, 185-бет). «Ұлттық» деудің орнына бұрынғы орыс халықшылдығы жөнінде — «шаруа» деу, ал қазіргісі жөнінде — «мещандық» деу керек еді. Халықшылдықтың «шыққан көзі» — реформадан кейінгі капиталистік Россияда ұсақ өндірушілер табының басымдығында.

Бұл сипаттаманы түсіндіру қажет. «Мещандық» деген сөзді мен күнделікті мағынада емес, саяси-экономикалық мағынасында қолданып отырмын. Товар шаруашылығы системасында тіршілік ететін ұсақ өндіруші,— міне, «ұсақ буржуа», Kleinbürger немесе бұдан айырмасы жоқ мещан деген ұғымды беретін белгі осы. Сонымен бұл ұғымға шаруа да, майдагер де үйлеседі, бұл екеуін халықшылдар қашан да бір деп санаған болатын — онысы әбден орынды да, өйткені мұның екеуі де рынок үшін жұмыс істейтін өндірушілер және бұлардың тек товар шаруашылығының даму дәрежесі жағынан ғана айырмасы бар. Сонан соң, менің халықшылдықты бұрынғы ** және қазіргі деп айыруымның себебі — ол уақыттағы халықшылдық Россияда капитализмнің дамуы өте нашар, шаруалар шаруашылығының ұсақ буржуазиялық сипаты әлі мүлде анықталмаған кезде, доктринаның практикалық жағы таза утопия кезінде, халықшылдар либералдық «қоғамнан» жалт беріп, «халық арасына кеткен» кезде құралған бірсыныра жүйелі доктрина болған еді. Ал қазір олай емес: енді Россияның капиталистік жолмен дамуын ешкім бекер демейді, деревняның қожырауы — даусыз факт. «Қауымға» балаша сенген халықшылдықтың жүйелі доктринасынан тек шоқпыты ғана қалды. Ал практикалық жағынан — утопияның орнына ұсақ буржуазиялық «прогрестердің» мүлдем утопиялық емес программасы шықты, сөйтіп тек лепірген жел сөздер

* — «Орталық Әлеуметтік-Саяси Листок». *Ред.*

** Бұрынғы халықшылдар деп мен, мәселен, «Отечественные Запискиді» шығарғандарды емес, нақ «халық арасына барғандарды» айтамын.

ғана бұл бишаралық келісімдердің отан үшін ең жақсы және өзіндік жолдар табу жайындағы армандармен тарихи байланысы бар екенін еске түсіреді. Либералдық қоғамнан алыстау орнына, оған шын ықыласпен жақындасуды көріп отырмыз. Міне, осы өзгеріс шаруалар идеологиясын ұсақ буржуазияның идеологиясынан еріксіз айырып отыр.

Струве мырзаның жоғарыда корсетілген баяндауындағы абстрактылық — оның негізгі кемшілігі, сондықтан халықшылдықтың шын мазмұны жөнінде жаңағы түзетуді айту қажет болды; бұл бір. Ал, екіншіден, Струве мырзаның қатысы жоқ әлгі доктринаның «кейбір негізгі» қағидалары қоғамдық идеяларды қоғамдық-экономикалық қатынастармен байланыстыруды талап етеді.

Сондықтан біз енді осындай байланыстыру болмаса, халықшылдықтың социологиядағы метод туралы мәселе тәріздес таза теориялық идеяларын да түсіне алмайтынымызды корсетуге тырысамыз.

Социологиядағы ерекше метод туралы халықшылдық ілімді бәрінен де Миртов пен Михайловский мырзалар жақсы баяндаған дей келіп, Струве мырза бұл ілімді «субъективтік идеализм» деп сипаттайды және мұны дәлелдеу үшін аты аталған адамдардың шығармаларының бірсыпыра жерін келтіреді, ал бұған тоқталып өтуге болады.

Бұл екі автордың екеуі де тарихты «күрес жүргізуші жеке адамдар» жасап келген деген қағиданы негізге алады. «Тарихты жеке адамдар жасайды» (Миртов). Михайловский мырзада бұл одан да ашық айтылған: «Жігерлі адам өзінің барлық ой-пікірлері мен сезімдері арқылы тәуекелге бел байлап, тарихтың қайраткері болып алады. Тарихта мақсаттар қоятын, табиғи және тарихи жағдайлардың стихиялық күштері туғызатын кедергілерден өткізіп, оқиғаларды осы мақсаттарға қарай жылжытатын — қайдағыдай бір мистикалық күш емес, жігерлі адам» (8). Тарихты жеке адамдар жасайды деген бұл қағидада теориялық жағынан ешқандай мазмұн жоқ. Тарихтың өзі бүтіндей жеке адамдардың әрекетінен құралады, ал қоғамдық ғылымның міндеті

осы әрекеттерді түсіндіру болып табылады, сондықтан «оқиғалардың барысына қол сұғу правосы» дегенді айту (Михайловский мырзаның айтқанынан Струве мырза келтірген цитат, 8-бет) — мағынасыз сылдыр сөз болып шығады. Бұл, әсіресе, Михайловский мырзаның соңғы тирадасында ерекше айқын көрініп отыр. Жігерлі адам тарихи жағдайлардың стихиялық күштері туғызатын кедергілерден өткізіп, оқиғаларды жылжытып отырады,— дейді ол. Ал осы «тарихи жағдайлар» деген немене? Автордың логикасы бойынша бұлар да сол баяғы басқа бір «жігерлі адамдардың» әрекеттерінен құралады. Сонда жігерлі адам басқа бір жігерлі адамдар туғызатын кедергілерден өткізіп, оқиғаларды жылжытып отырады деу, қараңызшы, шынымен-ақ терең мағыналы тарих философиясы емес пе! Ал енді бір жігерлі адамдардың әрекеті стихиялық әрекет аталып, екінші бір адамдар туралы — олар күн ілгері белгіленген мақсаттарға қарай «оқиғаларды жылжытып отырады» деудің себебі қалай? Әлбетте, бұдан қандай да бір теориялық мазмұн іздеу, сірә, түк шықпас дәме болса керек. Барлық әңгіме мынада: біздің субъективистердің «теориясына» материал беріп келген тарихи жағдайлар антагонистік қатынастар болды (қазір де солай), ол өндірушіні экспроприациялауды туғызды. Бұл антагонистік қатынастарды түсіне білмей, *олардың өз ішінен* әлгі «жеке адамдар» барып қосылатын қоғамдық элементтерді таба білмей, субъективистер тарихты «жігерлі адамдар» жасады деп, «жеке» адамдарды жұбатқан теориялар шығарумен тынды. «Социологиядағы» атышулы «субъективтік метод» жақсы тілек пен жаман ұғымнан басқа мүлде түкті де аңғартпайды. Михайловский мырзаның автор келтіріп отырған бұдан былайғы пікірі де мұны айқын дәлелдейді.

Европа өмірі, дейді Михайловский мырза, «табиғаттағы өзеннің ағысы немесе ағаштың өсуі сияқты мағынасыз, әдепсіз қалыптасты. Өзен бөгет ең аз жаққа ағады, ағызып әкете алатынын, мейлі ол алмас кені болса да, ағызып әкетеді, ал ағыза алмайтынын, мейлі ол үйіп қойған көң болса да, айналып өтеді. Шлюздер, плотиналар, судың бағытын әрі-бері бұратын каналдар

адамның парасаты мен сезімі бойынша жасалады. Бұл парасат пен сезім Европадағы қазіргі экономикалық тәртіптің шығуына араласпаса керек (? П. С.) деуге болады. Олар енді ғана қалыптаса бастап еді, сондықтан оқиғалардың табиғи, стихиялық барысына ықпалы да мардымсыз болды» (9).

Струве мырза бір сөзге сұрақ белгісін қойған, ал бұл сұрақ белгісін барлық сөзге қоймай, тек бір созге қойғанына біздің таңымыз бар, өйткені бұл тирада түгелінен мағынасыз сылдыр сөз! Капитализм шыққан кезде парасат пен сезім болмады деген сөз не деген сандырақ? Капитализм адамдар арасындағы белгілі бір қатынастардан құралмағанда неден құралады, ал парасат пен сезімі жоқ адамды біз әлі білген емеспіз. Сонан соң, «оқиғалардың барысына» ол кездегі «жігерлі адамдардың» парасаты мен сезімдерінің ықпалы «мардымсыз» еді деген неткен жалған өтірік? Мүлде олай емес. Сол кезде-ақ адамдардың ақыл-есі түзу болды, қайсар шаруаны капиталистік қанаудың арнасына әкеліп түсірген өте-мөте тамаша шлюздер мен плотиналар салды; олар саяси және финанс шараларының өте-мөте айлакерлікпен құрылған айналма каналдарын жасады; жалаң экономикалық заңдардың әрекетіне қанағаттанбаған капиталистік қорлану мен капиталистік экспроприациялау осылармен (каналдармен) сарқырап ағып отырады. Бір сөзбен айтқанда, Михайловский мырзаның осы сөздерінің түгелдей терістігінің кереметтігі сонша, оларды тек қана теориялық қателер деп түсіндіруге болмайды. Бұлар осы жазушы ұстаған мещандық көзқарасқа толық байланысты. Капитализм өзінің беталысын ашықтан-ашық көрсетті, өзіне тән антагонизмді шегіне жеткізе асқынтты, мүдделердің қайшылығы қазірдің өзінде белгілі формаға түсе бастады, ол тіпті орыс заңында да көрініс тапты, бірақ ұсақ өндіруші бұл күрестен шетте қалып тұр. Ол өзінің мардымсыз шаруашылығы арқылы ескі буржуазиялық қоғамға әлі байлаулы тұр, капиталистік құрылыстың езгісін көріп отырса да, ол әлгі себеп бойынша өзінің езілуінің шын себептерін түсіне алмайды, сөйтеді де — бәленің бәрі адамдардың парасаты мен сезімінің «енді ғана қа-

лыптаса бастағанынан» деп, өзін-өзі жалған үмітпен жұбатады.

«Әрине,— дейді одан әрі осы ұсақ буржуаның идеологы, — адамдар әрқашан да оқиғалардың барысына қалай да ықпал жасауға тырысып отырды».

«Оқиғалардың барысының» өзі адамдардың әрекеті мен «ықпалынан» құралады, басқа ештеңеден де құралмайды, ендеше, мұнысы да бос сөз.

«Бірақ олар бұл ретте ең мардымсыз тәжірибенің мәліметтері мен ең дөрекі мүдделердің жетегіне ерді; сондықтан да бұл басшылардың қазіргі заманғы ғылым мен қазіргі заманғы адамгершілік идеялар көрсеткен жолды мейлінше сирек, әлдеқалай ғана көрсетуі мүмкін екені әбден түсінікті нәрсе» (9).

Бұл — өз «мұраттарын» қайсыбір ынтызар мүдделермен жақындастыра алмау салдарынан «мүдделер дөрекілігін» сөгетін мещандық мораль; болары болған, осы заманғы ғылымда да, осы заманғы адамгершілік идеяларда да ашық көрініп отырған жіктелушілікке мещандық көз жұму.

Михайловский мырза пікірлерінің осы қасиеттерінің бәрі ол Россия туралы мәселеге көшкенде де өзгермей, сол күйінде қалатыны түсінікті. Яковлев деген бір мырзаның: Россия —tabula rasa *, ол істі ең басынан бастай алады, басқа елдердің қателеріне соқпай өте алады, т. т., деген мейлінше таңырқарлық ертегілерін Михайловский мырза «шын жүректен құттықтайды». Ал мұның бәрі ірі жер меншігі бар және орасан зор саяси артық жағдайлары бар «бұрынғы дворяндық» укладтың өкілдері әлі осы tabula rasa-да тастай берік отырғанын, бұл жерде өзінің неше түрлі «прогрестерімен» қоса капитализм тез өсіп келе жатқанын толық біле тұра айтылып отыр. Ұсақ буржуа бұл *фактілерге* үрейлене көз жұмады да, «біз енді ғылым біраз шындыққа да, біраз беделге де ие болған кезде өмір сүре бастадық» деген бейкүнә арманға беріледі.

Сонымен, Струве мырза келтірген Михайловский мырза пікірлерінің өзінен-ақ халықшылдықтың социо-

* — *таза жер. Ред.*

логиялық идеяларының таптық тегі ашық көрініп тұр.

Струве мырзаның Михайловский мырзаға қарсы айтқан мына бір ескертуіне қосылмайтынымызды білдірмей кете алмаймыз. «Оның көзқарасынша,— дейді автор,— өтуге болмайтын тарихи беталыстар жоқ; ол тарихи беталыстар, бір жағынан, бастама пункт болуға тиіс, екінші жағынан — жеке адам мен қоғамдық топтардың мақсатты әрекетінің міндетті шектері болуға тиіс» (11).

Бұл — марксистің (материалистің) тілі емес, объективистің тілі. Бұл ұғымдардың (көзқарас системаларының) арасында айырма бар, оған тоқтап өту керек, өйткені бұл айырманы толық түсіндірмеу Струве мырзаның кітабындағы негізгі кемшілік болып отыр, бұл оның пікірлерінің көпшілігінен-ақ көрініп отырады.

Объективист қазіргі тарихи процестің қажеттігін сөз қылады; материалист қазіргі қоғамдық-экономикалық формацияны және одан туатын антагонистік қатынастарды дәлме-дәл атап көрсетеді. Объективист нақты бірсыпыра фактілердің қажеттігін дәлелдей келіп, әрдайым осы фактілерді жақтаушылардың көзқарасына түсіп кету қаупіне ұшырап отырады; материалист тап қайшылықтарын ашады, сөйтіп өз көзқарасын белгілейді. Объективист «өтуге болмайтын тарихи беталыстарды» сөз қылады; материалист қазіргі экономикалық тәртіпті «меңгеріп», басқа таптардың белгілі бір қарсылық формаларын туғызып отырған тапты сөз қылады. Сонымен, біріншi жағынан, материалист объективистен гөрі дәйектірек және өзінің объективизмін одан гөрі терең, неғұрлым толық қолданады. Ол процестің қажеттігін айтумен ғана тынбайды, сонымен қатар бұл процеске дәл қандай қоғамдық-экономикалық формация мазмұн беретінін, бұл қажеттілікті *дәл қандай тап* белгілейтінін ашады. Бұл арада, мәселен, материалист «өтуге болмайтын тарихи беталыстарды» көрсетумен қанағаттанбас еді, бұл тәртіптердің мазмұнын белгілейтін және өндірушілердің өздері кіріспейінше құтылуға мүмкіндік бермейтін белгілі таптар барлығын көрсетер еді. Екінші жағынан, материализм өз мағынасына, бы-

лайша айтқанда, партиялылықты енгізеді, оқиғаға қандай да болса баға бергенде белгілі бір қоғамдық топтың көзқарасын тікелей әрі ашық жақтауды міндеттейді *.

Михайловский мырзадан соң автор ешқандай дербестігі, қызығы жоқ Южаков мырзаға көшеді. Оның социологиялық пікірлері туралы Струве мырза: бұл — «ешқандай мазмұны жоқ» «көпірме сөздер», деп өте дұрыс айтады. Южаков мырза мен Михайловский мырзаның арасындағы өте ерекше (жалпы халықшылдыққа тән) айырмашылыққа тоқтала кеткен мақұл. Струве мырза бұл айырмашылыққа тоқтап, Южаков мырзаны «ұлтшыл» деп атайды, ал Михайловский мырзаны алсақ, оған «қай уақытта болса да ұлтшылдық атаулының бәрі де мүлде жат болды» және оның өз сөзімен айтқанда, ол көздеген «халықтық шындық туралы мәселе тек орыс халқын ғана емес, бүкіл цивилизациялы дүниенің барлық еңбекші адамдарын қамтиды»,— деп баса көрсетеді. Менің ойымша, бұл айырмашылықтың сыртынан тағы да ұсақ өндірушінің екіжақтылық күйде екенінің сәулесі көрініп тұр; Южаков мырзаның жай айта салған орынды сөзі бойынша, бұл ұсақ өндіруші «қоғамнан жіктеле» бастаған, сол себепті ол — прогресшіл элемент, ал ұсақ қожайын ретінде өз жағдайын сақтап қалу үшін күреседі, экономикалық дамуды бөгеуге тырысады, сол себепті ол — реакциялық элемент болып табылады. Сондықтан орыс халықшылдары да доктринаның прогресшіл, демократиялық белгілерін «Московские Ведомостиге» [114] ұнаған реакциялық белгілермен ұштастыра біледі. Мұның кейінгілеріне келетін болсақ, бұларды Южаков мырзаның Струве мырза келтіріп отырған мына тирадасындағыдан да анық көрсету тегі қиын шығар деп ойлаймын.

«Қашан да және қайда болсып таза еңбек идеясының иесі тек шаруалар болып келді. Қазіргі заманғы тарихтың майданына төртінші сословие дегеннің, қала пролетариатының шығарып отырғаны да, тегі, осы идея

---

* Струве мырзаның материализмді толық қолданбайтындығын және оның тап күресі теориясының терістігін дәлелдейтін нақты мысалдар төменде әрбір жеке ретте өз алдына көрсетіліп отырады.

болса керек, бірақ мұнда оның мәні өзгеріп кеткендігі сонша, шаруа одан өз тұрмысының әдеттегі негізін тани қояр ма екен. Еңбектің қасиетті *міндеті* емес, маңдай терін ағызып нанын табу міндеті емес, еңбек ету *правосы* [«таза еңбек идеясының» тасасында тұрған нәрсе осы екен ғой! Бұл мойнына түскен алым-салықты өтеу үшін... шаруаның нан табу «міндеті» дейтін таза крепостниктік идея емес пе? Осы «қасиетті» міндет өзі әбден діңкесі құрып, титығына жеткен бейнетқорға айтылып отыр-ау!! *]; сонан соң, еңбекті бөліп шығару және еңбекке ақы төлеу, бұл ақының өзі еңбектің өз жемісі арқылы пайда болмайтындай-ақ, еңбекке дұрыс ақы төлеу туралы үгіт жүргізу [«Бұл не?» «sancta simplicitas ** па, әлде басқа бірдеңе ме?» — деп сұрақ қояды Струве мырза. Одан да жаман. Бұл — жерге бекітілген, басқа біреуге тегін дерлік еңбек етуге дағдыланған батырақтың конбістігін мадақтау]; еңбекті өмірден бөлектеп, қайдағы бір дерексіз (?! П. С.) категория етіп шығару, қызметкердің күнделікті мүдделерімен ешбір (?! П. С.) қатынасы жоқ, ешбір байланысы жоқ, тек фабрикада пәлен сағат болғанды ғана бейнелейтін дерексіз категория етіп шығару [бұл — ұсақ өндірушінің таза мещандық жүрексіздігі; ол қазіргі капиталистік құрылыстан кейде өте-мөте қатты қиыншылық көреді, бірақ ол осы құрылыспен қандай болсын қатынас жасаудан біржолата «жігі айрылып кеткен» элементтердің әлгі құрылысқа қарсы елеулі қозғалысынан одан бетер қорқады]; ақырында, отырықшы еместігі, еңбекпен құрылған үй-жайының жоқтығы, еңбек саласының тұрақсыздығы — міне, осының бәрі де шаруа еңбегінің идеясына мүлде жат нәрсе. Әкелерінен, ата-бабаларынан мұраға қалған, еңбекпен келген үй-жайы, өзінің мүдделері арқылы бүкіл өмірге арқау болған және сол өмірдің моралын құрайтын еңбек — көптеген ұрпақтардың маңдай терімен суарыл-

* Батыс Европаның еңбекші халқы «еңбек ету правосын» талап еткен даму сатысынан әлдеқашан өтіп, енді «жалқаулық правосын», өзін мүгедек етіп, титықтатып отырған орасан ауыр жұмыстан дем алу правосын талап етіп отырғанын автор, сірә, білмейтін болса керек — бұл кішкене буржуаға лайық нәрсе.

** — қасиетті қарапайымдық. *Ред.*

ған жерді сүю,— осының бәрі шаруа тұрмысының өзіндік ерекше белгісі, бұл жұмысшы пролетариатқа мүлде бейтаныс нәрсе; сондықтан жұмысшы пролетариаттың тұрмысы еңбекшіл тұрмыс бола тұрса да, буржуазиялық моральға (жекешілдік және қолы жеткен правоның принципіне сүйену), мықтағанда дерексіз-философиялық моральға негізделіп құрылған; шаруа моралының негізінде дәл осы еңбек, оның логикасы мен оның тілектері жатыр» (18). Бұл арада ұсақ өндірушінің реакциялық белгілері таза түрінде көрініс тапқан. Ол белгілер: оның ынжықтығы, осы ынжықтық бейпетқор болу өмір-бақи маңдайына жазылған «қасиетті міндетің» дегенге еріксіз сендіретіні; оның «әкелерінен, ата-бабаларынан мұраға қалған» құлшылығы; оның болмашы жеке шаруашылыққа байлаулы болуы, онысынан айрылып қалу қаупі оны тіпті «әділ ақы төлеу» жайындағы барлық ойдап бездіреді және «үгіт» атаулының бәріне қарсы шығарады; еңбек өнімділігінің төмендігі мен еңбекшіні бір орынға таңатындығы салдарынан осы болмашы шаруашылық оны жабайы адамға айналдырады және оның ынжықтығын, құлшылығын сол шаруашылық жағдайларының өзі сөзсіз туғызады. Бұл реакциялық белгілердің күйреуі дау жоқ біздің буржуазияның сіңірген еңбегі деп танылуға тиіс; буржуазияның прогресшіл жұмысы нақ мынау: ол еңбекшінің крепостниктік тәртіптермен, крепостниктік дәстүрлермен байланысының бәрін жойды. Орта ғасырлық қанау формаларының орнына, мырзаның өз қол астындағы адамына, жергілікті кулак пен алыпсатардың жергілікті шаруалар мен майдагерлерге, патриархтық «кішіпейіл, қаба сақалды миллионердің» өз «жігіттеріне» *жеке* басының қатынастарымен бүркелген және осының арқасында әсіре-реакциялық идеялар туғызған осы орта ғасырлық қанау формаларының орнына,— буржуазия «европалықша тәкаппар антрепренердің» қанауын, қанау болғанда, жөнсіз, ашықтан-ашық, еш нәрсемен бүркелмеген және сол себептен де жалған үміттер мен қиялдардың тас-талқанын шығаратын қанау орнатты және орнатып та келеді. Буржуазия өзінің ұлтарақтай жерінен басқа еш нәрсені білгісі кел-

мейтін және *біле де алмайтын* шаруаның бұрынғы оқшаулығын («отырықшылығын») бұзды, сөйтіп еңбекті қоғамдастыра, оның өнімділігін төтенше арттыра отырып, өндірушіні қоғамдық өмір майданына күшпен итеріп шығарды.

Южаков мырзаның осы пікірі туралы Струве мырза былай дейді: «Сонымен Южаков мырза халықшылдықтың славяншылдық тамырларын мейлінше айқын документтеген» (18), ал төменірек, халықшылдықтың социологиялық идеяларын баяндауын қорыта келіп, ол мынаны қоса айтады: «Россияның өзгеше дамуына» сенушілік «славяншылдық пен халықшылдықтың арасындағы тарихи байланыс» болып табылады, сондықтан марксистердің халықшылдармен айтысы — «славяншылдық пен батысшылдықтың арасындағы алауыздықтың табиғи жалғасы» (29). Осы соңғы қағида, менің ойымша, шек қоюды керек ететін сияқты. Барып тұрған күнсыз (мысалы, Южаков мырза сияқты) топас отаншылдық үшін халықшылдардың өте-мөте кінәлы екені даусыз. Маркстің социологиялық методын және оның тікелей өндірушілер жөніндегі мәселелерді қалай қойғанын елемеу әлгі тікелей өндірушілердің мүдделерін қорғағысы келген орыс адамдары үшін батыс «цивилизациясынан» толық безумен пара-пар екені де даусыз. Бірақ халықшылдықтың мәні тереңіректе жатыр: оның мәні өзгеше даму туралы ілімде де емес, славяншылдықта да емес, орыстың ұсақ өндірушісінің мүдделері мен идеяларын жақтаушылығында. Сондықтан халықшылдардың арасында да, Струве мырзаның өзі мойындағанындай, славяншылдықпен ешбір қатысы болмаған және тіпті Россия сол Батыс Европаның түскен жолына түсті деп таныған жазушылар да болды (және олар халықшылдардың ішіндегі ең тәуірлері еді). Славяншылдық пен батысшылдық сияқты категориялармен орыс халықшылдығы мәселелерін түсіну мүлде мүмкін емес. Халықшылдық орыс өмірінің славяншылдық пен батысшылдық құралып келе жатқан заманда жоққа тән болған фактіні, атап айтқанда: еңбек мүдделері мен *капитал* мүдделерінің қарама-қарсылығын көрсетті. Халықшылдық бұл *фактіні* ұсақ өнді-

рушінің өмір жағдайлары мен мүдделері тұрғысынан көрсетті, сондықтан оны қорқа соғып, бұзып көрсетті, қоғамдық мүдделердің қайшылықтарын алға қоймай, басқаша даму жолына босқа сенушілікті алға қоятын теория шығарды. Ал біздің міндетіміз — халықшылдықтың бұл қатесін түзету, қоғамдық топтың қайсысы тікелей өндірушілердің мүддесіне шын өкіл бола алатындығын көрсету.

Енді Струве мырза кітабының екінші тарауына көшейік.

Автордың баяндау жоспары мынадай: ол әуелі материализмді қоғамдық ғылымның бірден-бір дұрыс методы деп санауға еріксіз көндіретін жалпы пікірлерге тоқтайды; бұдан кейін Маркс пен Энгельстің көзқарастарын баяндайды; ең ақырында, бұдан шыққан қорытындыларды орыс өмірінің кейбір құбылыстарына қолданады. Бұл тараудың мәселесі ерекше маңызды болғандықтан біз қарсылық туғызатын пункттердің бәрін көрсете отырып, оның мазмұнын толық талдауға тырысамыз.

Автор қоғамдық процесті «алдына мақсат қойып», «оқиғаларды жылжытып отыратын» «жігерлі адамдардың» әрекеті дейтін теория — білместіктің салдары деген әбден дұрыс ескертуден бастайды. Әлбетте, «әлеуметтік топ өзі құралатын жеке адамдардан тәуелсіз, дербес өмір сүреді» (31) деп ешкім де ешқашан ойлаған жоқ, бірақ әңгіме мынада: «жеке адам, нақтылы дара адам ретінде, барлық өзінен бұрын өмір сүрген және өзімен замандас жеке адамдардың, яғни әлеуметтік топтың туындысы» (31). Автордың ойын түсіндірейік. Тарихты «өзінің бүкіл ойлары мен сезімдері арқылы жігерлі адам жасайды»,— дейді Михайловский мырза. Әбден дұрыс. Бірақ бұл «ойлар мен сезімдер» қайдан шығады? Бұлар кездейсоқ пайда болады деген пікірді шындап қолдауға бола ма? Бұлар қажетті түрде нақты қоғамдық ортадан тумай ма, жеке адамның рухани өмірінің материалы, объектісі болатын, оның «ойлары мен сезімдерінде» жақсы не жаман жағынан кө-

ріпіс табатын, белгілі бір қоғамдық таптың мүддесін жақтаудан көрінетін де сол қоғамдық орта емес пе? Ал сонан соң: *нақты* жеке адамдардың *нақты* «ойлары мен сезімдерін» қандай белгілері бойынша білуіміз керек? Мұндай белгінің жалғыз-ақ болуы мүмкін екені түсінікті, ол — осы жеке адамдардың *әрекеттері,*— ал енді әңгіме тек қоғамдық «ойлар мен сезімдер» туралы болып отырғандықтан, бұған тағы: жеке адамдардың *қоғамдық әрекеттері, яғни әлеуметтік фактілер* дегенді қосу керек. «Әлеуметтік топты жеке адамнан бөлектегенде,— дейді Струве мырза,— біз әлеуметтік топ деп әлеуметтік өмірдің негізінде шығатын және әдет-ғұрып пен правода, салт пен мінез-құлықта және діни түсініктерде объективтенетін жеке адамдардың арасындағы барлық сол алуан-алуан өзара әрекеттерді айтамыз» (32). Басқаша айтқанда: адамдардың белгілі бір қоғамдық қатынастарын өз зерттеуінің тақырыбы еткен материалист социолог осынысының өзімен-ақ әрекеттерінен әлгі қатынастар құралатын нақты *жеке адамдарды* да зерттейді. Субъективист социолог әңгімесін «жігерлі адамдардан» бастағансып, шынына келгенде, өзі құнарлы деп санайтын «ойлар мен сезімдерді» әлгі адамдарға таңудан бастайды (өйткені ол өзінің «жеке адамдарын» нақтылы қоғамдық жағдайдан оқшаулап, олардың *шын* ойлары мен сезімдерін зерттеу мүмкіндігінен өзі айрылып қалады), яғни «утопиядан бастайды», ал мұны Михайловский мырзаның өзі де * мойындайды. Ал, сонан соң, бұл социологтың құнарлылық туралы өз түсінігі де қазіргі әлеуметтік ортаның көрінісі болғандықтан (оның өзі пайымдамаған), әңгімесінің аяғында жасаған қорытындысы, өзіне «қазіргі заманғы ғылым мен қазіргі заманғы адамгершілік идеялардың» «ең таза» нәтижесі болып көрінген қорытындысы да асылында ... мещандардың көзқарасы мен мүделерін білдіру ғана болып шығады.

Осы соңғы пункт,— яғни жеке адамның ролі туралы немесе субъективтік метод туралы ерекше социологиялық теория сыншыл материалистік зерттеудің орнына

* Шығармалар, III том, 155-бет: «Социология кейбір утопиядан бастауға тиіс».

утопияны қолданады деген пункт — өте маңызды пункт; оны Струве мырза қалдырып кеткен, сондықтан бұған біраз тоқтап өту мақұл.

Мұны түсіндіру үшін майдагер туралы көп айтылатын халықшылдық пікірді алайық. Халықшыл осы майдагердің аянышты жағдайын, өндірісінің мардымсыз екендігін және алыпсатар оның өнімінің көбін өз қалтасына салып, 16—18 сағаттық жұмыс күні үшін тиынтебен ғана қалдырып, майдагерді өрескел қанап отырғанын суреттей келіп,— қорытындысында: майдагердің өндірісі аянышты дәрежеде болуы және оның еңбегінің қаналуы — қазіргі тәртіптердің жаман жағы дейді. Бірақ майдагер жалдама жұмысшы емес; бұл — оның жақсы жағы. Сондықтан жақсы жағын сақтап қалып, жаман жағын құрту керек, ал мұның үшін майдагерлік артель құру керек. Міне — халықшылдық пікірдің сарқып айтары осы.

Марксистің пікірі басқаша. Кәсіпшіліктің жағдайымен танысу марксиске: бұл жақсы ма, жаман ба деген сұраққа қоса тағы да — бұл кәсіпшіліктің ұйымдастырылу жағы қандай, яғни белгілі өнімді өндіру жөнінде майдагерлердің арасындағы қатынастар қалай және *неліктен басқаша болмай, нақ осылай болып отыр,* деген сұрақ туады. Сөйтіп, ол бұл ұйымның товар өндірісі, яғни өзара *рынок* арқылы байланысатын *дара* өндірушілер өндірісі екенін көреді. Жеке өндірушінің бөтеннің тұтынуына арнап шығарған өнімі *ақша* формасына айналғанда ғана, яғни сапа жағынан да, сан жағынан да алдын ала қоғамдық есепке алғанда ғана әлгі өнім тұтынушыға жетеді және өндірушінің басқа бір қоғамдық өнім алуына право береді. Ал бұл есеп өндірушінің билігінен тыс, рынок нарқының ауытқуы арқылы жүргізіледі. Өндірушіге белгісіз, одан тәуелсіз болатын осы рынок нарқының ауытқуы өндірушілер арасында теңсіздік туғызбай тұра алмайды, біреулерін күйзелтіп, екінші біреулерінің қолына ақшаны = қоғамдық еңбек өнімін бере отырып, осы теңсіздікті күшейтпей тұра алмайды. Ақша иесінің, алыпсатардың құдіреті күшті болатын себебі де осыдан келіп шығады, ол себеп мынау: күндегісі күнінен, ең көп дегенде бір апта-

дағысы аптасынан ауыспай отырған майдагерлердің ішінде ақшасы бары, яғни бұрынғы *қоғамдық* еңбек өнімі бары жалғыз алыпсатар ғана; оның қолында бұл ақша *капиталға* айналып, басқа майдагерлердің қосымша өнімін иемдену құралы болады. Сондықтан, дейді қорыта келіп марксист, қоғамдық шаруашылықтың құрылысы осындай болған кезде өндірушінің экспроприациялануы мен қаналуы мүлде болмай қоймайтын нәрсе, жарлылардың дәулеттілерге бағынуы және олардың мүдделерінің қарама-қарсылығы, *таптардың күресі* деген *ғылыми* ұғымға мазмұн беретін қарама-қарсылық мүлде болмай қоймайтын нәрсе. Ал, олай болса, өндірушінің мүддесі тіпті де бұл қарама-қарсы элементтерді келістіру емес, қайта, мұның керісінше, ол қарама-қарсылықты дамыту, осы қарама-қарсылықты білуді дамыту. Товар шаруашылығының дамуы біздің Русь елінде де қарама-қарсылықтың осындай дамуына әкеліп соғатынын көреміз: рыноктың ұлғаюына және өндірістің өрістеуіне қарай сауда капиталы индустриялық капитал бола береді. Машиналы индустрия оқшауланған ұсақ өндірісті біржолата қирата келіп (бұл өндірістің тамырын алыпсатарлар-ақ қопарып тастаған), еңбекті қоғамдастырады. Майдагерлік өндірісте майдагердің бейне бір дербес болып көрінуімен және алыпсатардың үстемдігі бейне бір кездейсоқ болып көрінуімен бүркелген Plusmacherei системасы — енді еш нәрсемен бүркелмей, айқын көрінеді. Майдагерлік кәсіпшілікте де алыпсатарларға қосымша өнім эперуші ғана болып «өмірге» қатысып келген «еңбек» енді буржуазиялық қоғамның «өмірінен» мүлде «жіктеліп» шығады. Бұл қоғам еңбекті аулаққа айдап шығады, өз негізінде жатқан принципті — өндіруші өз еңбегінің қосымша өнімін иемденуге рақымы түскен ақша иесін тапқанда ғана тіршілік қаражатын ала алады деген принципті ақырына дейін ашық айтады,— сөйтіп майдагер [және оның идеологы — халықшыл] түсіне алмаған нәрсе, атап айтқанда: жоғарыда көрсетілген қарама-қарсылықтың таптық терең сипаты өндірушіге өзінен-өзі айқын болады. Міне, сондықтан майдагердің

мүдделерін тек осы алдыңғы қатардағы өндіруші ғана білдіре алады.

Енді осы пікірлерді олардың социологиялық методы жағынан салыстырып көрейік.

Мен реалиспін,— деп ежіктейді халықшыл. «Тарихты жігерлі адамдар жасайды»,— сондықтан да мен қазіргі тәртіпті жаратпайтын майдагердің «сезімдерінен» және оның жақсы тәртіп құру туралы ойларынан бастаймын, ал марксист қайдағы бір қажеттік пен сөзсіздік дегенді айтады; ол — мистик және метафизик.

Бұл мистик былай жауап береді: рас, тарихты «жігерлі адамдар» жасайды,— сондықтан да мен майдагерлік кәсіпшілікте қоғамдық қатынастардың басқаша құрылмай, осылай құрылып отырған себебі не деген мәселені талдай келіп (сіз бұл мәселені тіпті алдыңызға қойған да жоқсыз!), нақ осы «жігерлі адамдардың» *өз тарихын қалай жасағанын* және қалай жасап жатқанын талдадым. Сондықтан менің қолымда «жігерлі», шын адамдарды, шын ойлар мен сезімдерді сөз қылып отырғанымды дәлелдейтін мықты өлшем болды; ол өлшем мынау: олардың «ойлары мен сезімдері» әрекеттерінен көрініс тауып үлгерді, белгілі қоғамдық қатынастар орнатты. Рас, мен еш уақытта «тарихты жігерлі адамдар жасайды» деп айтпаймын (өйткені, меніңше, бұл — бос сөз), бірақ мен *шын* қоғамдық қатынастарды және олардың *шын* дамуын зерттей келіп, нақ сол жігерлі адамдардың істерінің нәтижесін зерттеймін. Ал сіз «жігерлі адамдар» туралы айтуын айтасыз да, бірақ, шынына келгенде, бастама пункт ретінде осы «жігерлі адамдарды», олардың өмір жағдайларынан және өндірістік қатынастардың қазіргі системасынан туатын «ойлары мен сезімдерін» алмайсыз, қуыршақты аласыз да, оның басына өзіңіздің «ойларыңыз бен сезімдеріңізді» тықпалайсыз. Мұндай кәсіптен тек аңғал қиял ғана туатыны түсінікті; өмір сізден аулақ, ал сіз өмірден аулақ қаласыз *. Ол ол ма: сіз осы қуыршақ-

* «Практика оны («тарихи жаңа жолдың болу мүмкіндігін») мейірімсіз тұқыртып отыр»; «ол күн сайын кеміп келеді деуге болады» (Михайловский мырзаның П. Струве мырза келтірген сөзі, 16-бет). Кемігенде, әрине, еш уақытта болып көрмеген «мүмкіндік» кемімейді, жалған үміт кемиді. Оның кемігенінің өзі жақсы.

тың басын *немен* толтырып және қандай шаралар қолдануды уағыздап отырғаныңызды қараңызшы. Сіз «қазіргі заманғы ғылым мен қазіргі заманғы адамгершілік идеялар көрсеткен жол» ретінде еңбекшілерге артельді ұсынғанда бір кішкене ғана жағдайды: біздің қоғамдық шаруашылығымыздың бүкіл құрылысын еске алмайсыз. Мұның капиталистік шаруашылық екенін түсінбегендіктен, сіз *осы негізде* мүмкін болатын артельдердің бәрі мардымсыз шала шаралар болып шығатынын байқамадыңыз; бұл шала шаралар өндіріс құрал-жабдықтарының, оның ішінде ақшаның да азшылықтың қолына шоғырлануын да (бұл шоғырлану — талассыз факт), халықтың анағұрлым көпшілігінің мүлдем қайыршылыққа ұшырауын да ешбір жоя алмайды; бұл шала шаралар ең мықтағанда ат төбеліндей жеке майдагерлер тобын ғана ұсақ буржуазияның қатарына қосады. Сіз еңбекшінің идеологынан ұсақ буржуазияның идеологына айналасыз.

Алайда Струве мырзаға қайта оралайық. Ол халықшылдардың «жеке адам» туралы пікірлерінің мағынасыздығын көрсете келіп, былай дейді: «Социология шынында да әрдайым жеке элементтерді әлеуметтік негіздерге апарып тіреуге тырысады; мұның осылай екенін тарихи эволюцияның қандай ірі кезеңін түсіндірмек болған әрекеттің қай-қайсысы болса да дәлелдеп береді. Істің өзі «тарихи адамға», «ұлы адамға» келіп тірелсе, оны әрдайым белгілі бір заман рухының «иесі», өз заманының өкілі етіп көрсету,— оның әрекетін, табыстары мен сәтсіз істерін оның алдында болып өткен бүкіл өмір ағымының қажетті нәтижесі етіп көрсету көзделеді» (32). Әрекет атаулыға ортақ осы тенденция — әлеуметтік құбылыстарды *түсіндіруге*, яғни қоғамдық ғылым жасап шығаруға тырысу «қоғамдық эволюцияның негізгі процесі болып табылатын тап күресі туралы ілімде әбден айқын көрінді. Жеке адам есептен шығарылып тасталғаннан кейін басқа бір элемент табу керек болды. Мұндай элемент әлеуметтік топ болып шықты» (33). Струве мырзаның, айталық, әлгі «жеке элементтерді әлеуметтік негіздерге» апарып тіреу жөніндегі социологияның жалпы талабын тап күресінің тео-

риясы аяқтап шығады деуі мүлде дұрыс. Ол ол ма: тап күресінің теориясы бұл талаптың өзін тұңғыш рет соншa толық және дәйекті қолданып, социологияны ғылым дәрежесіне көтеріп отыр. Бұған «топ» деген ұғымға материалистік анықтама беру арқылы жеттік. Өз-өзінен алғанда бұл ұғым әлі тым анық және бір жүйеге келмеген: «топтарды» бір-бірінен айыратын өлшемдерді діни құбылыстарда да, этнографиялық құбылыстарда да, саяси құбылыстарда да, юридикалық құбылыстарда да, т. т. көруге болады. Осы салалардың әрқайсысындағы «топтардың» қайсысы қандай топқа жататынын айыруға болатын берік белгі жоқ. Ал тап күресінің теориясы қоғамдық ғылымның орасан үлкен табысы болатын дәл себебі — ол жекелікті әлеуметтікке жатқызу тәсілдерін мейлінше дәл және айқын белгілейді. Біріншіден, бұл теория *қоғамдық-экономикалық формация* деген ұғымды анықтап берді. Бастама пунктіне адам қоғамы атаулының бәріне тән негізгі фактіні — тіршілік құралдарын табу әдісін алып, бұл теория адамдар арасында тіршілік құралдарын табудың орын тепкен нақты әдістерінің ықпалымен құралатын қатынастарды сол әдіспен байланысты деп қарады, сөйтіп бұл қатынастардың (Маркстің терминологиясы бойынша «өндірістік қатынастардың») системасын қоғамның саяси-юридикалық формалары және қоғамдық ойдың белгілі ағымдары арқылы көрінуінің *негізін* анықтады. Маркстің теориясы бойынша өндірістік қатынастардың осындай әрбір системасы ерекше әлеуметтік организм болып табылады, оның пайда болуының, өмір сүруінің және жоғары формаға көшуінің, басқа бір әлеуметтік организмге айналуының ерекше заңдары бар. Бұл теория әлеуметтік ғылымға объективтік, жалпы ғылымдық қайталау өлшемін қолданды, ал субъективистер мұны социологияға қолдану мүмкін емес деп келген болатын. Олар осылай түйген; әлеуметтік құбылыстар орасан күрделі және сан алуан болып келеді, сондеше маңыздысын маңызсызынан айырмай тұрып оны зерттеуге болмайды, ал осылай айыру үшін «сын көзбен қарайтын» және «адамгершілігі жоғары» жеке адамның көзқарасы қажет дейді,— сөйтіп

олар қоғамдық ғылымды аман-есен мещандық мораль өсиеттерінің қатарына тіркеді, біз мұның үлгісін тарихта мақсат жоқ, «ғылымның сәулесі» нұсқайтын жол бар деген философияға басқан Михайловский мырзадан көрдік. Маркстің теориясы, міне, осы пікірлердің тамырын қиды. Маңызды мен маңызсыздың арасындағы айырмашылық орнына қоғамның *мазмұны* — экономикалық құрылымы мен оның саяси, идеялық *формасы* арасындағы айырмашылықты қойды: бұрынғы экономистер көзқарасының терістігі анықталып, экономикалық құрылым деген ұғымның өзі не екені дәлме-дәл түсіндірілді; ал бұрынғы экономистер ерекше, тарихи нақты өндірістік қатынастар системасының заңдары ғана орын теуіп отырған жерден табиғат заңдарын іздеген болатын. Субъективистердің жалпы «қоғам» деп келетін пікірлерінің, мағынасыз, мещандық утопиядан әрі аспайтын пікірлерінің, (өйткені тіпті алуан түрлі әлеуметтік тәртіптерді қорытып, әлеуметтік организмнің ерекше бір түрлеріне келтіру мүмкіндігінің өзі де анықталмаған еді) орнына қоғам құрылысының нақты формаларын *зерттеу* мәселесі қойылды. Екіншіден, сондай әрбір қоғамдық-экономикалық формация шеңберіндегі «жігерлі адамдардың» әрекеттері, шексіз сан алуан, ешбір жүйеге салуға көнбейтіндей көрінетін әрекеттер қорытылып, адамдар топтарының әрекеттеріне айналдырылды, бір-бірінен өндірістік қатынастар системасында атқаратын роліне, өндіріс жағдайларына қарай, демек, өмір сүру жағдайына қарай және осы жағдайдан туатын мүдделеріне қарай жіктелетін адамдар топтарының әрекеттеріне айналдырылды,— бір сөзбен айтқанда, *таптардың* әрекеттеріне айналдырылды; ал таптардың күресі қоғамның дамуын белгілейді. Сөйтіп, тарихты жігерлі адамдар жасайды деген еш нәрсені ашып бере алмайтын қағидамен қанағаттанған және адамдардың әрекеттері қандай әлеуметтік жағдаймен және қалай байланысты екенін анықтағысы келмеген субъективистердің тарих жөніндегі аңқау-балалық, таза механикалық көзқарасы теріске шығарылды. Субъективизмнің орнына әлеуметтік процесті табиғи-тарихи процесс деп танитын көзқарас қойылды,— бұл көзқарас

болмайынша, әрине, қоғамдық ғылымның да болуы мүмкін емес еді. Струве мырза: «социологияда жеке адамды елемеу немесе, дұрысырақ айтқанда, оны социологиядан шығарып тастау асылында ғылыми танымға талпынудың ілуде бір түрі» (33), «жекелік» рухани дүниеде ғана емес, физикалық дүниеде де бар деп өте әділ айтады. Барлық әңгіме мынада: «жекеліктерді» белгілі бір жалпы заңдарға бағындыру физикалық дүниеде әлдеқашан-ақ аяқталған нәрсе, ал әлеуметтік салада оны тек Маркстің теориясы ғана берік анықтады.

Россия субъективистерінің социология теориясына қарсы Струве мырзаның бұдан былайғы жердегі пікірі мынадай: жоғарыда келтірілген дәлелдердің бәрінен басқа — «біздің жекелік деп атайтынымызды социология *ешбір ретте* бастауыш факт деп білмейді, өйткені жекелік деген (бұдан былай түсіндіруге жатпайтын) ұғымның өзі және оған сәйкес келетін факт — ұзақ уақытқа созылатын әлеуметтік процестің нәтижесі» (36) деген пікірі. Бұл — өте дұрыс пікір, бұған тоқталған жөн, бұған тағы бір себеп автордың дәлелдерінде кейбір теріс жерлер бар. Ол *Зиммельдің* көзқарастарын келтіреді, ол «Әлеуметтік жіктелу туралы» деген шығармасында жеке адамның дамуы мен осы жеке адамның өзі жататын топтың жіктелуінің арасында тікелей тәуелділік бар екенін дәлелдейді. Струве мырза бұл қағиданы Михайловский мырзаның жеке адамның дамуы мен қоғамның жіктелуінің («әртектілігінің») арасындағы кері тәуелділік туралы теориясына қарсы қояды. «Жіктелмеген ортада,— дейді оған қарсы шығып Струве мырза,— жеке адам өзінің «бір түрлілігі мен көптің бірлігі» жағынан... «жарасты бір тұтастықта» болады. «Нақты адам «жалпы адам организміне тән барлық қасиеттердің жиынтығы» бола алмайды, өйткені мұндай мазмұн толықтығы нақты адамның шама-шарқына сыймайды» (38—39). «Жеке адам жіктеле алатын болуы үшін оның өзі жіктелген ортада болуы тиіс» (39).

Бұл баяндаудан Зиммельдің мәселені дәл қалай қойып, қалай дәлелдегені айқын көрінбейді. Ал Струве мырзаның баяндауында мәселенің қойылысы Михай-

ловский мырзада да кездескен кемшілікке ұшырап отыр. Жеке адамның дамуы (және әл-ауқаты) қоғамның жіктелуіне қаншалықты тәуелді дейтін абстракт пікір,— мүлдем ғылыми пікір емес, ойткені қоғам құрылысының кез келген формасына жарамды боларлық ешбір арақатынас белгілеуге болмайды. «Жіктелу», «әртектілік», тағы сол сияқты ұғымның өзі дәл қандай әлеуметтік жағдайға қолданылуына қарай мүлде әр түрлі мағына береді. Михайловский мырзаның негізгі қатесі де дәл осы абстракт догматтық пікірінде, нақтылы бір қоғамдық формацияның нақтылы «прогресін» зерттеудің орнына жалпы «прогресс» атаулыны қамтуға тырысуында болып отыр. Струве мырза озінің (жоғарыда жазылған) жалпы қағидаларын Михайловский мырзаға қарсы қойған кезде өзі де нақтылы прогресті суреттеуден және анықтаудан гөрі көмескі, дәлелсіз догма саласына кетіп, Михайловский мырзаның қатесін қайталайды. Мысал келтірейік: «Жеке адамның жарасты тұтастығы өзінің мазмұны жағынан топтың дамуы, яғни жіктелуі дәрежесіне қарап белгіленеді»,— дейді және осы сөзін курсивпен жазады. Алайда бұл жерде топтың «жіктелуі» деп нені түсінуге болады? Крепостниктік правоның жойылуы бұл «жіктелуді» күшейтті ме әлде оны бәсеңдетті ме? Михайловский мырза мәселені соңғы мағынасында шешеді. («Прогресс дегеніміз не?»); ал Струве мырза қоғамдық еңбек бөлінісінің күшеюіне сүйенсе, мұны, тегі, алғашқы мағынасында шешкен болар еді. Бұлардың біреуі сословиелік айырмашылықтардың жойылғанын, екіншісі — экономикалық айырмашылықтардың тууын айтпақ болған. Көріп отырсыздар, терминнің көмескілігі сонша, оны қарама-қарсы нәрселерге таңуға болады. Тағы бір мысал. Капиталистік мануфактурадан машиналы индустрияға көшуді «жіктелудің» кемуі деп тануға болар еді, өйткені маманданып болған жұмысшылар арасында еңбектің талдап бөлінуі тоқталады. Дегенмен жеке адамның даму жағдайы (жұмысшы үшін) тап осы соңғы ретте анағұрлым қолайлы екенінде ешбір күмән болмасқа тиіс. Бұдан шығатын қорытынды сол — мәселенің қойылуының өзі дұрыс емес. Жеке адам мен топтың ара-

сында антагонизм бар екенін автордың өзі де мойындайды (Михайловский де осыны айтады). «Бірақ,— дейді тағы ол,— өмір еш уақытта тек *абсолюттік* қайшылықтардан құралмайды: өмірде бәрі де *өзгермелі* және *относительді* болады, сонымен бірге оның түрлі жақтарының бәрі де өзара әрекеттес келеді» (39). Егер осылай болса,— онда топ пен жеке адамның арасына абсолюттік арақатынас қоюдың қажеті қанша еді? — белгілі бір қоғамдық формация дамуының дәл бір кезеңіне тура келмейтін арақатынастың қажеті қанша еді? осы дәлелдердің бәрін Россия эволюциясының нақтылы процесі туралы мәселеге жатқызуға болмайтын ба еді? Мәселені дәл солай қоюға автордың талабы болған, ал егер мұнысын дәйекті қолданса, оның дәлелдері көп ұтқан болар еді. «Тек еңбек бөлінісі,— Михайловский мырзаның ілімі бойынша,— адам баласының осы күнәға батуы,— «жеке адамның» дамуына жағдай жасады, Михайловский мырза сол жеке адамның қамын жеп, еңбек бөлінісінің қазіргі формаларына қарсы шыққаны орынды» (38). Бұл өте жақсы айтылған сөз; жалғыз-ақ «еңбек бөлінісі» дегеннің орнына «капитализм» деу, тіпті одан да гөрі ықшам: *орыс капитализмі* деу керек еді. Капитализмнің прогрестік маңызының өзі де нақ мынада: ол ақыл-ой топастығын туғызған, өндірушілердің өз тағдырын өз қолдарына алуына мүмкіндік бермеген адам өмірінің бұрынғы тар өрісті жағдайларын күйретті. Сауда қатынастары мен дүние жүзілік айырбастың орасан зор дамуы, орасан көп халықтың үздіксіз орын ауыстыруы, рудың, семьяның және территориясына қарай құрылған қауымның ежелгі байланыстарын бұзып, Батыстың ең жаңа тарихында соншама зор роль атқарып отырған дамудың әрқилылығын, «таланттардың әрқилылығын, қоғамдық қатынастардың байлығын» * туғызды. Россияда бұл процесс реформадан кейінгі заманда, еңбектің ескі формалары барынша тез күйреген кезде, сөйтіп шаруаны патриархтық, жартылай крепостниктік семьядан, оны мүлде

* *K. Marx.* «Der achtzehnte Brumaire», S. 98 u. s. w. (*К. Маркс.* «Он сегізінші брюмер», 98 және одан кейінгі беттері. *Ред.*)[115].

меңіреу қылатын деревня жағдайынан айырып алған және қосымша құнды иемденудің жартылай крепостниктік формаларының орнына оның таза капиталистік формаларын орнатқан жұмыс күшін сатып алу-сату бірінші орынға шығарылған кезде әбден кемеліне келді. Бұл экономикалық процесс әлеуметтік салада «жеке адам сезімінің жалпы көтерілуі» арқылы, әртектілердің помещиктер табын «қоғамнан» ығыстыруы арқылы, жеке адамға мағынасыз, орта ғасырлық қысым жасауға қарсы әдебиеттің қызу күресі, т. с. арқылы көрінді. Жеке адам сезімінің бұл көтерілуін, адамның өз басының бағасын сезінуін дәл осы реформадан кейінгі Россия туғызды,— бұған халықшылдар, тегі, таласпаса керек. Бірақ олар бұған қандай материалдық жағдайлар жеткізді деген сұрақ қоймайды. Крепостниктік право тұсында, әлбетте, мұндайлардың болуы мүмкін емес еді,— ал халықшыл «бостандық әперген» реформаны құттықтайды, өзінің буржуазияшыл тарихшылар түскен соқыр оптимизмге түсіп отырғанын сезбейді. Маркс: олар шаруалар реформасына «азаттықтың» clairobscur *-нен қарайды, бұл «азаттық» тек бір форманың екінші формаға ауысуы, феодалдық қосымша өнімнің буржуазиялық қосымша құнға алмасуы ғана болғанын сезбейді деген болатын. Дәл осының өзі бізде де болды. Халықты жерге матап қойған, оны бытыратып, вотчинашыларға құл еткен дәл осы «ескі дворяндық» шаруашылық системасы жеке адамның ынжықтығын туғызды. Бұдан соң,— жеке адамды крепостниктік бұғаулардың бәрінен босатқан дәл осы капитализм оны рынокпен дербес қатынас жасайтын етті, товар иесіне айналдырды (және осы санатында кез келген басқа товар иелерімен тең етті), сөйтіп жеке адамның сезімін арттырды. Егер біреу орыс капитализмінің прогресшіл екенін сөз қылғанда, халықшыл мырзалар фарисейлікпен үрейлене түсетін болса, мұның жалғыз себебі — олар реформадан кейінгі Россияны сипаттайтын «прогресс игіліктерінің» материалдық жағдайлары туралы мәселеге ой жүгіртпейді. Егер Ми-

* — пердесі. *Ред.*

хайловский мырза өзінің «социологиясын» Россияның дұрыс жолдан кездейсоқ және уақытша таюы деп қарап, орыс капитализміне қарсы шығатын «жеке адамнан» бастайтын болса, мұнысы жеке адамның бұлай қарсылық білдіруіне мүмкіндік берген жағдайды туғызған тек капитализм екенін түсінбей, өзін-өзі сойылдағаны.— Біз бұл мысалдан Струве мырзаның дәлелдері қандай өзгертуді керек ететінін тағы көреміз. Мәселені бүтіндей орыс өмір шындығының негізіне, қазіргі бар нәрсені түсіндіру негізіне және бұл бар нәрсенің басқа түрде болмай, нақ осылай болу себебін түсіндіру негізіне салу керек еді: халықшылдар барлық социологиясын өмір шындығына талдау жасау орнына «болуы мүмкін» нәрсені әңгімелеуге негіздеп отырғаны тегін емес; өмір шындығы жалған үмітін аяусыз талқандап отырғанын олардың көрмеуі мүмкін емес.

Автор «жеке адамдар» теориясына жасаған талдауын мынадай тұжырыммен қорытады: «социология үшін жеке адам — ортаның функциясы», «бұл жерде жеке адам — формальды ұғым, оның мазмұны әлеуметтік топты зерттеу арқылы беріледі» (40). Осы соңғы қарсы ереже субъективизм мен материализмнің қарама-қарсылығын ерекше жақсы көрсетеді: субъективистер «жеке адамды» әңгімелегенде, бұл ұғымның *мазмұнын* (яғни бұл жеке адамның «ойлары мен сезімдерін», оның әлеуметтік әрекеттерін) *a priori* түйеді, яғни «әлеуметтік топты зерттеудің» орнына өз утопияларын тықпалайды.

Материализмнің екінші бір «маңызды жағы»,— дейді сонан соң Струве мырза,— «экономикалық материализм идеяны фактіге, сана мен тиістілікті болмысқа бағындырады» (40). «Бағындырады» дегеніміз, әрине, бұл жерде: қоғамдық құбылыстарды түсіндіруге бағынышты орын береді деген сөз. Ал субъективист халықшылдар мұның дәл керісінше істейді; олар өздерінің әңгімелерінде «мұраттарды» негізге алады, бұл мұраттардың өзі де өмір шындығының белгілі көрінісі ғана екенін, демек, оларды фактілер арқылы тексеріп, фактілерге жүгіндіру керектігін мүлде ойға алмайды. Анықтап айтпасақ, осы соңғы ереже халықшылға түсініксіз

болып қалады. Бұл қалай?—деп ойлайды халықшыл,— фактілерді мұраттар кінәлауға тиіс қой, оларды қалай өзгерту керек екенін көрсетуге тиіс қой, фактілер арқылы тексерілмей, қайта фактілерді тексеруге тиіс қой. Бұлттан жоғары әлемде самғап дағдыланған халықшылға осы соңғы ереже фактіге тізе бүгу болып көрінеді. Түсініп көрейік.

«Бөтеннің есебінен қожалық ету» бар, қанау бар жерде қашан да болса қаналушылардың өздері тарапынан да, «интеллигенцияның» кейбір өкілдері тарапынан да бұл системаға қарама-қарсы мұраттар туғызады.

Марксист үшін бұл мұраттар аса бағалы; марксист халықшылдармен тек осы мұраттар негізінде ғана айтысады, осы мұраттардың құралуы және олардың жүзеге асырылуы туралы мәселе жөнінде ғана айтысады.

Халықшыл үшін тек осындай мұраттарды туғызатын фактіні көрсетсе, сонап соң «қазіргі заманғы ғылым мен қазіргі заманғы адамгершілік идеялар» тұрғысынан мұраттың орынды екенін айтып берсе [айта кету керек, бұл «қазіргі заманғы идеялар» батыс европалық «қоғамдық пікірдің» жаңа туып келе жатқан күшке жол беруі ғана екендігін халықшыл түсінбейді]; одан кейін «қоғам» мен «мемлекетке»: қамтамасыз етіңдер, қорғаңдар, ұйымдастырыңдар! — деп жалбарынса болды, осының өзі жетіп жатыр.

Марксист те сол мұратты негізге алады, бірақ оны «қазіргі заманғы ғылыммен де, қазіргі заманғы адамгершілік идеялармен де салыстырмайды» *, *қазіргі тап қайшылықтарымен* салыстырады, сөйтіп оны «ғылымның» талабы деп емес, пәлендей таптың талабы деп, оны пәлендей қоғамдық қатынастар (объективтік түрде зерттелуге тиісті қатынастар) туғызады және осы қатынастардың пәлендей қасиеттері салдарынан, тек пәлендей еткенде ғана жүзеге асады деп тұжырымдайды. Егер мұраттар *осылайша* фактілерге жүгіндірілме-

* Энгельс өзінің «Herrn E. Dührings Umwälzung der Wissenschaft» («Е. Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі». *Ред.*) деген кітабында бұл өзінің ұғымын оны бейнелеп отырған фактімен салыстырмай, басқа ұғыммен, басқа фактінің бедерімен салыстыру — ескі психологиялық метод [116],— деп өте дұрыс көрсетеді.

се, онда бұл мұраттар нәрестелік тілек болып қала береді, оларды бұқара қабылдайды деп, олай болса жүзеге асырылады деп ешбір үміттенуге болмайды.

Сонымен, материализм қоғамдық ғылымның бірденбір дұрыс методы деп еріксіз мойындауға көндіретін жалпы теориялық қағидаларды көрсете келіп, Струве мырза Маркс пен Энгельстің көзқарастарын баяндауға көшеді, көбінесе Энгельстің шығармаларынан цитаттар келтіреді. Бұл — кітаптың аса қызықты және тағылым аларлық бөлегі.

Автордың: «Маркстi орыс публицистеріндей түсінбеушілік басқа ешбір жерде кездеспейді» (44),— деуі өте дұрыс. Ол ең алдымен «Маркстің тарихи-философиялық теориясын» тек «капиталистік құрылыстың генезисін» анықтау деп танитын Михайловский мырзаны мысалға алады. Струве мырза бұған әбден орынды қарсы шығады. Шынында да, бұл айтарлықтай айрықша факт. Михайловский мырза Маркс туралы көп жазды, бірақ *Маркстің методы* «социологиядағы субъективтік методпен» қандай қатынаста тұрғаны туралы еш уақытта жұмған аузын ашқан емес. Михайловский мырза «Капитал» туралы жазып, Маркстің экономикалық доктринасына «қосылатынын» (?) айтты, бірақ ол — мысал үшін айтсақ — Россия субъективистері товар шаруашылығын өзінің әділеттілік мұраты бойынша қайта құрғысы келген * Прудонның методына дәл келмей ме?— деген мәселе жөнінде тіл қатқан жоқ. Бұл өлшемнің (әділеттілік — justice éternelle) Михайловский мырзаның «қазіргі заманғы ғылым мен қазіргі заманғы адамгершілік идеялар» деген өлшемінен қандай айырмашылығы бар? Сонан соң, қоғамдық ғылымдардың методы мен жаратылыс тану ғылымдарының методын бір деуге әрқашан бар жігермен қарсы шығып жүрген Михайловский мырза Маркстің: егер химиктің «заттар алмасуының шын заңдарын зерттеудің орнына бұл алмасуды «тектестік» заңдары бойынша қайта жасағысы келгені қандай сорақылық болса, Прудонның бұл сияқты методы да сондай барып тұрған

* «Das Kapital», I. B., 2-te Aufl., S. 62, Anm. 38 («Капитал», I том, 2-басылуы, 62-бет, 38-ескерту. *Ред.*) [117].

сорақылық деген сөзіне неге қарсы шықпады? Маркстің әлеуметтік процесс дегеніміз «табиғи-тарихи процесс» деген көзқарасына неге қарсы шықпады? Мұны оның әдебиетпен таныс еместігінен еді дей алмайсың: әңгіме, сірә, оның мүлде түсінбеуінде немесе түсінгісі келмеуінде болса керек. Мұны әдебиетімізде ең бірінші айтқан Струве мырза болды-ау деймін — міне, оның сіңірген зор еңбегі де осында.

Енді автордың марксизм жөніндегі сын туғызып отырған сөздеріне келейік. «Бұл ілімнің *таза философиялық негіздемесі*,— дейді Струве мырза,— әлі берілген жоқ, бүкіл дүние жүзілік тарих беріп отырған орасан көп нақтылы материалды зерттеу оның әлі қолынан келмей отыр; мұны бізге мойындамауға болмайды. Тегі, фактілерді жаңа теория тұрғысынан қайта қарау керек болар; теорияны фактілер арқылы сынау керек. Мүмкін, көптеген сыңаржақтылықтар мен тым асығыс қорытындылар шығарылып тасталар» (46). Автор «таза философиялық негіздеме» деп нені айтып отыр? бұл онша айқын емес. Маркс пен Энгельстің көзқарасы бойынша, дербес жеке өмір сүруге философияның ешбір правосы жоқ, оның материалы дұрыс ғылымның түрлі салаларына бөлініп, бытырап отырады. Ендеше, философиялық *негіздеме* деп *не* оның қағидаларын басқа ғылымдардың әбден анықталған заңдарымен салыстыруды айтуға болады [психология қазірдің өзінде-ақ субъективизмнен бас тартып, материализмді қабылдауға еріксіз көндіретін ережелер шығарып отырғанын Струве мырзаның өзі де мойындап отыр], *не* бұл теорияны қолданудың тәжірибесін айтуға болады. Ал бұл жөнінде Струве мырзаның былай дегені бар: «материализм толып жатқан (бұл NB) аса маңызды тарихи фактілерге ғылыми терең, шын мәнісінде *философиялық* (курсив автордікі) түсінік берді, оның бұл еңбегі мәңгі өшпейді» (50). Автордың соңғы мәлімдемесінде: материализм — социологияның бірден-бір ғылыми методы, сондықтан, әрине, осы тұрғыдан «фактілерді қайта қарап шығу» керек, әсіресе, Россия субъективистері белсене бұрмалаған орыс тарихы мен орыс өмірінің фактілерін қайта қарап шығу керек деп мойындаған-

дық бар. Ал оның «сыңаржақтылықтар» мен «тым асығыс қорытындылар» болуы мүмкін деген соңғы ескертуіне келсек, біз жалпылама, сондықтан да көмескі ескертуге тоқтамастан, «ортодоксияға шалдықпаған» автордың Маркстің «тым асығыс қорытындыларына» енгізген түзетулерінің біріне тікелей көшеміз.

Мәселе мемлекет жөнінде болып отыр. «Маркс пен оның ізбасарлары» мемлекетті бекерге шығарып, *«қазіргі заманғы мемлекетті* сынауда тым алысқа сермеумен» «әуестенді», сөйтіп «сыңаржақтылыққа» ұрынды. «Мемлекет дегеніміз,— дейді Струве мырза бұл әуестенушілікті түзете отырып,— ең алдымен *тәртіп ұйымы;* өз ішіндегі бір топтың екінші топқа бағынуы өзінің экономикалық құрылысына байланысты болған қоғамда ғана мемлекет үстемдік (таптық) ұйымы болады» (53). Автордың ойынша, рулық тұрмыста да мемлекет болған, ол таптар жойылған кезде де болмақ, өйткені мемлекеттің белгісі — күштеу өкіметі.

Автор өзінің профессорлық тұрғысынан Маркстi осыншама түк дәлелсіз сынағанына тек қайран қаласың. Оның ең алдымен мемлекеттің айрықша белгісі — күштеу өкіметі деуі мүлдем дұрыс емес: күштеу өкіметі адам қоғамы атаулының бәрінде — рулық құрылыста да, семьяда да болды, бірақ мұнда мемлекет болған жоқ. Струве мырза мемлекет туралы цитат алып отырған сол шығармада Энгельс: «мемлекеттің мәнді белгісі халық бұқарасынан бөлек ашықтан-ашық өкімет болуында» дейді [«Ursprung der Familie u. s. w.», 2-te Aufl., S. 84 *; орысша аудармасы, 109-бет [118]], және бұдан біраз жоғарырақта навкрариялардың [119] мекемесі туралы былай дейді: «ол рулық құрылысты екі түрлі жолмен бұзды: біріншіден, ол ашықтан-ашық өкімет құрды (öffentliche Gewalt — орысша аудармасында қоғамдық күш, деп қате алынған), ол өкімет енді қарулы халықтың тұтас жиынына мүлдем сай келмейді» (ib. ** S. 79; орысша аудармасы, 105-бет [120]). Сонымен, мемлекеттің белгісі — *өкімет* билігін қолына түгел алған

* — «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы», 2-басылуы, 84-бет. *Ред.*

** — ibidem — бұл да сонда. *Ред.*

адамдардың ерекше бір табының болуы. «Тәртіп ұйымын» оның өз мүшелері *түгелінен* кезектесіп басқаратын қауымды ешкім, әлбетте, мемлекет деп атай алмаса керек. Сонан соң, Струве мырзаның қазіргі заманғы мемлекет туралы пікірі онан бетер қисынсыз. Қазіргі заманғы мемлекетті «ең алдымен (sic!?!) тәртіп ұйымы» деудің өзі Маркс теориясының өте маңызды пункттерінің бірін түсінбегендік болады. Қазіргі заманғы қоғамда қолында өкімет билігі тұрған ерекше топ — бюрократия. Бұл органның қазіргі заманғы қоғамда үстемдік етіп отырған буржуазия табымен тікелей және өте тығыз байланысты екені тарихтан да көрініп отыр (бюрократия буржуазияның феодалдарға қарсы, жалпы алғанда «ескі дворяндық» укладтың өкілдеріне қарсы жұмсаған бірінші саяси құралы болды, асыл текті жер иелерінің емес, әртектілердің, «мещандардың» саяси үстемдік майданына бірінші рет шығуы болды), мұның өзі таптың құрылуы мен іріктелу жағдайларының өзінен де көрініп отыр; бұл тапқа кіруге «халықтан шыққан» буржуаларға ғана есік ашық және бұл тап осы буржуазиямен сан мың дәнекерлер арқылы берік байланысты *. Авторда халықшылдарға шүйілмекші болған жақсы пікір болды, ал бюрократия атаулының бәрі өзінің тарихи тегі жағынан да, қазіргі шығып отырған қайнар бұлағы жағынан да, алатын орны жағынан да тек қана таза буржуазиялық мекеме екенін, бұған өндірушілер мүддесі тұрғысынан жалбарыну тек ұсақ буржуазия идеологтарына ғана тән қылық екенін дәл осы Россия халықшылдары мүлдем түсінбейді, сондықтан да автордың қатесі өкінерлік іс болып отыр.

Марксизмнің этикаға көзқарасына тағы біраз тоқтап өткен абзал. Автор 64—65-беттерде бостандықтың қажеттілікке қатынасы жөнінде: «Бостандық дегеніміз

* Салыстырыңыз: *К. Marx.* «Bürgerkrieg in Frankreich», S. 23 (Lpz. 1876) (*К. Маркс.* «Франциядағы азамат соғысы», 23-бет, Лейпциг, 1876. *Ред.*) және «Der achtzehnte Brumaire», S. 45—46 (Hmb. 1885) («Он сегізінші брюмер», 45—46-беттер, Гамбург, 1885. *Ред.* [121]; «Француз буржуазиясының материалдық мүддесі осы кең механизмді және кең таралып келе жатқан механизмді (әңгіме бюрократия туралы болып отыр) сақтап қалумен өте тығыз байланысып жатыр. Буржуазия өзінің артық халқын осыған өткізеді, сөйтіп пайда, процент, рента, қаламақы түрінде ала алмаған нәрсесін қазыналық жалақы түрінде толықтырады».

қажеттілікті ұғыну»[122] деген Энгельстің тамаша түсіндіруін келтіреді. Детерминизмде фатализмнің жоқтығы былай тұрсын, қайта оның өзі саналы қимылға негіз жасап береді. Бұған қоса Россия субъективистерінің ерік бостандығы туралы мәселе сияқты соншалықты жеңіл мәселені де ұғына алмағанын айтпасқа болмайды. Михайловский мырза далбасалап детерминизмді фатализммен шатастырды, сөйтіп онан... екі орындықтың арасына отыру тәсілімен құтылды: заңға сәйкестілікті теріске шығарғысы келмей, ол ерік бостандығы дегеніміз біздің санамыздың фактісі (шынында, бұл — Михайловский мырза үйреніп алған Миртовтың идеясы), міне, сондықтан этикаға негіз бола алады, деді. Социологияға қолданғанда бұл идеялар утопиядан басқа немесе қоғамда болып жатқан тап күресін елемейтін, түкке тұрғысыз моральдан басқа еш нәрсе бере алмайтыны түсінікті нәрсе. Сондықтан Зомбарттың «марксизмнің өзінде басынан аяғына дейін этиканың жұрнағы да жоқ» — деген тұжырымының әділдігін мойындамасқа болмайды: марксизм теория жөнінен «этикалық көзқарасты» «себептілік принципіне» бағындырады; практика жөнінен — оны тап күресіне апарып саяды.

Материализмді баяндауын Струве мырза «халықшылдық қағидалардың бәрінде аса маңызды роль атқаратын екі факторды» — «интеллигенция» мен «мемлекетті» (70) материалистік тұрғыдан бағалаумен толықтырады. Осы бағалауда автордың объективизмі жөнінде жоғарыда көрсетілген «ортодокс еместігі» тағы да көрініп отыр. «Егер... жалпы қоғамдық барлық топтар қоғамдық таптармен үйлес келсе немесе ол таптарға қосылса ғана нақтылы күшке айналады десек, онда, тегі, «сословиесіз интеллигенция» нақтылы қоғамдық күш болып табылмаса керек» (70). Абстракт теория мағынасында автордікі, әрине, дұрыс. Ол, айталық, халықшылдарды сөзінен ұстайды. Сіздер Россияны «басқа жолға» интеллигенция түсіруге тиіс дейсіздер,— бірақ тапқа қосылмаса, ол интеллигенцияның түкке тұрмайтынын түсінбейсіздер. Сіздер орыстың сословиесіз интеллигенциясы қашан да болса идеяларының «тазалығымен» көзге түскен деп мақтанасыздар,— әне, сон-

дықтан да ол әрдайым дәрменсіз болып келді ғой. Автордың сыны интеллигенцияның құдіреттілігі туралы халықшылдық соразы *идеяларды* өзінің «экономикалық процесте интеллигенцияның дәрменсіздігі» (71) туралы мүлде әділ *идеясымен* салыстырумен ғана тынады. Бірақ бұл салыстыру жеткілікті болмайды. Орыс қоғамының ерекше тобы ретінде, бүкіл реформадан кейінгі дәуірде — дворянды әртекті біржолата ығыстырып шығарған дәуірде соншама айқын көрінген, даусыз айтарлықтай тарихи роль атқарған және атқарып отырған тобы — орыстың «сословиесіз интеллигенциясы» туралы пікір айту үшін, міне, бұл үшін біздің «сословиесіз интеллигенцияның» идеяларын, әсіресе программаларын *орыс қоғамының нақты таптарының жағдайымен, мүдделерімен* салыстыру керек. Әділін айтпай отыр деп сезіктенуге мүмкіндік бермеу үшін біз бұл салыстыруды өзіміз істемей, тек мақаласы I тарауда түсіндірілген халықшылды куәға тартумен ғана тынамыз. Оның барлық пікірлерінен шығатын мейлінше айқын қорытынды: орыстың алдыңғы қатарлы, либералдық, «демократияшыл» интеллигенциясы буржуазиялық интеллигенция болды. Интеллигенция идеяларының таптық тегін «сословиесіздік» ешбір жоққа шығармайды. Қашан және қай жерде болса да буржуазия осы сословиесіздік үшін деп феодализмге қарсы шығып келді,— ал бізде де сословиесіз интеллигенция ескі дворяндық, сословиелік құрылысқа қарсы шығып отырды. Қашан және қай жерде болса да буржуазия өз ішінде тап қайшылықтары әлі жетілмеген бүкіл «халық» үшін дәуренi өткен сословиелік шеңберлерге және басқа да орта ғасырлық мекемелерге қарсы шығып отырды; буржуазияның мұнысы Батыста да, Россияда да дұрыс еді, өйткені сыналып отырған мекемелер шынында да *жұрттың бәрін* қысып келді. Россияда сословиешілдікке батыл соққы берілісімен (1861) дереу «халық» ішінде антагонизм шыға бастады, ал сонымен қатар және соның салдарынан сословиесіз интеллигенцияның ішінде либералдар мен халықшылдар, шаруа идеологтары арасында да антагонизм шыға бастады (шаруалар ішінде қарама-қарсы таптардың құ-

рылуын тікелей өндірушілердің алғашқы орыс идеологтары көрмеді және көре алмайтын да еді). Бұдан былайғы экономикалық даму орыс қоғамындағы әлеуметтік қарама-қарсылықтардың неғұрлым толық көрінуіне әкеліп соқты, шаруалардың деревня буржуазиясы мен пролетариат болып бөліну фактісін еріксіз мойындатты. Марксизмді өзінен шеттеткен соң халықшылдық мүлде дерлік ұсақ буржуазияның идеологиясына айналып кетті. Сондықтан орыстың «сословиесіз интеллигенциясы» «шын қоғамдық күш» болып табылады, *өйткені ол жалпы буржуазиялық мүдделерді жақтайды**. Дегенмен, егер бұл күш өзі қорғап отырған мүдделеріне лайықты мекемелер жасап *ала алмаса,* «қазіргі россиялық мәдениеттің атмосферасын» (В. В. мырза) қайта жасай алмаса, егер «саяси күрес дәуіріндегі белсенді демократизм» «қоғамдық селқостыққа» ауысқан болса (В. В. мырза, «Неделя», 1894 ж., № 47),— онда мұның себебі отандық «сословиесіз интеллигенцияның» тек қиялшыл сипатында ғана емес, сонымен бірге көбінесе бұл интеллигенция шыққан таптардың және ол күш алып отырған таптардың жағдайында, олардың екіжүзділігінде жатыр. Россиялық «атмосфераның» оларға көп зиян келтіргені, сонымен қатар оларға бірсыпыра пайда келтіргені де даусыз.

Россияда халықшылдар «еңбектің таза идеяларының» иесі емес дейтін таптың атқаратын тарихи ролі өте зор; оның «белсенділігін» «тұз сепсең де» баса алмайсың. Сондықтан марксистердің ол тапты атап көрсетуі әлгі марксистер туралы барып тұрған қисынсыз сорақылықтарды табуға маманданып алған В. В. мырза ежіктейтіндей «демократиялық арқауды үзеді» деу қате екені былай тұрсын, қайта селқос «қоғам» уысынан шығарған бұл «арқауға» қол жалғайды, оны дамытуды, нығайтуды, өмірге жақындатуды талап етеді.

* Халықшылдық тілектердің орасан көпшілігінің ұсақ буржуазиялық сипаты I тарауда көрсетілген. Бұл сипатқа сәйкеспейтін («еңбекті қоғамдастыру» сияқты) тілектер қазіргі халықшылдықта мүлдем аз кездеседі. Кредиттер, жер иелігін кеңейту, қоныс аудару, т. б. сияқты тозығы жеткен ем туралы «қатал» (Южаков мырзаның сөзі) сөккен Н.— он мырзаға «Русское Богатство» да (1893, № 11—12, *Южаковтың* «Россияның экономикалық даму мәселелері» деген мақаласы), В. В. мырза да («Теориялық экономияның очерктері», СПБ. 1895) қарсы шығып отыр.

Интеллигенцияны жете бағалай алмауына байланысты Струве мырзаның мына бір қағидасы да оңды тұжырымдалмаған. «Ескі экономикалық құрылыстың іріп-шірітіні сөзсіз екенін дәлелдеу керек» (71),— дейді ол. Біріншіден, автор «ескі экономикалық құрылыс» деп нені айтып отыр? Крепостниктік құрылысты айтып отыр ма?— бірақ оның іріп-шірігенін дәлелдеп жатудың ешбір қажеті жоқ. Әлде «халықтық өндірісті» айтып отыр ма?— бірақ оның өзі де төменде: бұл сөз тіркесі «ешбір шын тарихи тәртіпке үйлеспейді» (177), басқаша айтқанда бұл — құр ертегі, өйткені «крепостник право» жойылғаннан кейін бізде товар шаруашылығы жедел қарқынмен дами бастады,— деп өте әділ, дұрыс айтады. Тегі, автор капитализмнің орта ғасырлық мекемелерден толық құтылып болмаған кездегі, сауда капиталы әлі күшті кездегі және өндірушілердің көпшілігінде ұсақ өндіріс бар кездегі даму сатысын айтып отырған болу керек. Екіншіден, автор болмай қоймайтын бұл іріп-шірудің себебі неде деп біледі? Пәлендей бір таптардың үстемдігінен деп біле ме? өндірістік қатынастардың қазіргі системасының қасиеттерінен деп біле ме? Осы екі реттің екеуінде де мәселе белгілі бір (капиталистік) тәртіптердің *барлығын көрсетумен* бітеді; мәселе *фактіні көрсетумен* бітеді; сондықтан мұны ешбір ретте болашақ турасындағы әңгімеге айналдырудың керегі жоқ еді. Мұндай әңгімені «отап үшін басқа жолдар» іздеп жүрген халықшыл мырзалардың басы бүтін нелепуіне қалдыру керек еді. Келесі бетінде автордың өзі де мемлекет атаулының бәрі — «белгілі қоғамдық таптар үстемдігінің көрінісі», «мемлекет өз бағытын түбегейлі өзгертуі үшін жеке таптардың арасындағы әлеуметтік күштің қайта бөлінуі керек» (72) дейді. Мұның бәрі — өте дұрыс және халықшылдарға қарсы өте дәл айтылған, сондықтан мәселені осыған сәйкес басқаша қою керек еді: Россияда («іріп-шіру болмай қоймайтынын», т. т. емес) капиталистік өндірістік қатынастардың *бар екенін* дәлелдеу керек; «товар шаруашылығы дегеніміз капиталистік шаруашылық» деген заңның дұрыстығын орыс деректерінің де растап отырғанын, яғни бізде де

товар шаруашылығының барлық жерде капиталистік шаруашылыққа ұласып бара жатқанын дәлелдеу керек; барлық жерде де өзінің мәнісі жөнінен буржуазиялық тәртіптер үстем болып отырғанын, өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан жұрдай еткен және барлық жерде бөтеннің еңбегін пайдаланып, буржуазияның қожалық құруын туғызған атышулы халықшылдық «кездейсоқтық» немесе «саясат», т. с. емес, дәл осы таптың үстемдігі екенін дәлелдеу керек.

Осымен Струве мырза кітабының жалпы сипаттағы бірінші бөлімін талдауды аяқталық.

III ТАРАУ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ХАЛЫҚШЫЛДАР ЖӘНЕ СТРУВЕ МЫРЗА ҚАЛАЙ ҚОЯДЫ

Автор социологияны тәмамдағаннан соң бұдан гөрі «нақтылы экономикалық мәселелерге» (73) көшеді. Мұнда ол өзінің алғы сөзінде айтқанындай, мәселені «жалпы қағидалар мен тарихи анықтамалардан», «жалпы адам баласының тәжірибесінде анықталған, күмәнсыз жайттардан» бастауды «табиғи және заңды» деп санайды.

Талданып отырған кітаптың негізгі кемшілігі деп әуел бастан-ақ көрсетілген абстрактылық бұл әдісте де бар екенін айтпасқа болмайды. Біз енді сөз қылғалы отырған тарауларда (үшінші, төртінші және бесінші тараулар) бұл кемшілік екі түрлі ұнамсыз жағдайға әкеліп соқтырған. Бір жағынан, бұл кемшілік автор халықшылдарға қарсы қойған белгілі теориялық қағидаларды әлсіретіп жіберген. Струве мырза мәселені *жалпы алады,* натуралды шаруашылықтан товар шаруашылығына көшуді суреттейді, дүниеде істің өзі көбінесе былай да былай болған дейді, онысын жеке-жарымдап, сыдыртып айтады да, Россияға көшеді, «шаруашылық тұрмыстың тарихи дамуының» жалпы процесін Россияға да қолданады. Дау жоқ, мұны Россияға қолдануы әбден заңды және автордың «тарихи анықтамалары» тек жалғыз Россияның тарихын ғана теріс ту-

сінбейтін халықшылдарды сынау үшін өте қажет нәрсе. Бірақ бұл қағидаларды дәлірек айту керек еді, жалпы даму процесін Россияға қолданудың дұрыс екенін мойындамайтын халықшылдардың дәлелдеріне бұл қағидаларды қарсы қоюды айқынырақ айту керек еді; орыстың өмір шындығы жөніндегі халықшылдардың қайсыбір ұғымын *дәл сол* өмір шындығы жөніндегі *басқа* ұғыммен, марксистердің ұғымымен салыстыру керек еді. Екінші жағынан, автордың пікірлерінің жалпы сипаты оның қағидаларының жете айтылмауына, сонан мынаған әкеліп соғады: автор қайсыбір процестің бар екенін дұрыс көрсете келіп, онда қандай таптар құралғанын, процесті қандай таптар туғызғанын, мұнда халықтың сол таптарға бағынышты басқа жіктерін көлеңкеде қалдырғанын анықтап ашпайды; қысқасы, бұл арада автордың объективизмі осы терминдердің жоғарыда айтылған мағынасында материализмге дейін барып жетпейді *.

Струве мырза шығармасының көрсетілген тарауларында мұндай баға берудің дәлелдерін біз қазір жекелеген, неғұрлым мәнді қағидаларды талдай отырып келтіреміз.

Автордың «тікелей өндірушілердің қожайындарға тәуелділігі (юридикалық және экономикалық жағынан) «халықтық өндірісті» дәріптеудің тарихи серігі сияқтанып орыс тарихының басынан-ақ ұшырасып отырады десе болғандай» (81) деуі өте дұрыс. Натуралды шаруашылық заманында шаруа жер иесіне құл болды, ол өзіне емес, боярға, монастырьге, помещикке

---

* Айта кетейік, объективизм мен материализмнің мұндай арақатынасын Маркс өзінің: «Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte» («Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері». *Ред.*) деген шығармасының алғы сөзінде көрсеткен. Онда Маркс дәл осы тарихи оқиға туралы Прудон да (Coup d'état (Төңкеріс. *Ред.*)) жазған болатын дей келіп, өз көзқарасына Прудонның көзқарасы қарама-қарсы екені туралы былай деген:

«Прудон, өз тарапынан, мемлекеттік төңкерісті [2 декабрьдегі] өткен тарихи дамудың нәтижесі етіп көрсетуге тырысады. Бірақ оның айтуынша мемлекеттік төңкерістің тарихи құрылымы осы төңкерісті бастаған батырды тарихи мадақтауға айналып кетеді. Сөйтіп, ол біз *объективтік* тарихшылар дейтіндеріміздің қатесіне ұрынып отыр. Мен мұны керісінше көрсетем, қарапайым және кісі күлерлік адамға батырдың ролін атқаруға мүмкіндік берген шарттар мен жағдайларды Франциядағы *тап күресінің* қалай жасағанын көрсетемін» (Vorwort) [123].

жұмыс істеді,— сондықтан Струве мырзаның бұл *тарихи фактіні* өзгеше жаралған біздің социологтардың «өндіріс құрал-жабдықтары өндірушінікі болды» (81) дейтін сандырақтарына қарама-қарсы қоюы әбден орынды. Бұл сандырақтар мещандық утопияның пайдасына орыс тарихын баяғы бұрмалаудың бірі болып отыр, бұған келгенде халықшылдар мейлінше жомарт. Шындыққа тура қарауға қорқып, сонау езушілікті өзінің шын атымен атауға қорқып, олар тарихқа жүгінді, істің жайын: өндіріс құрал-жабдықтарының өндірушіге тиістілігі шаруа еңбегінің «атам заманғы» негізі, «ежелгі тірегі» болатын, сондықтан да шаруалардың қазіргі экспроприациялану себебі феодалдық қосымша өнімнің буржуазиялық үстеме құнмен ауыстырылуында емес, біздің қоғамдық шаруашылықтың капиталистік жолмен ұйымдастырылуында емес, оның себебі тек сәтсіз саясаттың кездейсоқтығында, «ұлттың бүкіл тарихи өмірі міндеттеген жолдан» уақытша «тайғандықта» (Южаков мырза, П. Струве цитат етіп келтірген, 15-бет) жатыр деп суреттейді. Міне, осындай сорақы ертегі ұялмай-қызармай шаруаларды ең өрескел, азиялық түрдегі крепостниктік жолмен қанау осы жуық арада ғана тоқталған * ел туралы, шаруаларды қанаудың ең өрескел, азиялық түрінің үстем кезінде өндіріс құрал-жабдықтары өндірушінікі болмағаны былай тұрсын, тіпті өндірушілердің өздерінің де қайсыбір «өндіріс құрал-жабдығынан» айырмасы шамалы болған ел туралы айтылып отыр. Струве мырза осындай «жылымшы оптимизмге» Салтыковтың «халықтық өндіріс» пен крепостниктік правоның байланысы барлығын қатты мінегенін қарсы қойғаны өте өткір шыққан: Салтыков «ежелгі тірек» заманының «молшылығы» «лейб-кампанияшылар [124] мен тағы басқа дружинниктер ұрпағының ғана [мұны ұмытпаңыз) үлесіне» қалай «тигенін» айтқан болатын (83).

---

* Әлі тіпті біржола тоқтады деуге болмайды. Бір жағынан, сатып алу төлемдері барлығын (ал бұған тек жердің бағасы ғана емес, сонымен қатар крепостниктік праводан босану төлемі де кіріп отырғаны мәлім); екінші жағынан, мысалы, «кесіліп берілген жерлер» үшін шаруалардың ақыны жұмыс істеп өтеуі — феодалдық өндіріс әдісін тура бастан кешіру болып табылатынын көріп отырмыз.

Онан соң, Струве мырзаның орыс өмірінің нақты фактілеріне даусыз нақты қатысы бар және өте дұрыс пікір айтылған төмендегі сөздеріне тоқталып өтейік. «Өндірушілер жергілікті, шет-шегі белгілі рынок үшін істемей, алыстағы және белгісіз рынок үшін істей бастаса, бәсеке де, рынок үшін күрес те күшейсе, онда бұл жағдай техникалық прогреске жеткізеді... Еңбек бөліпісі мүмкін болған жерде ол барынша кең жүргізілуге тиіс, бірақ өндіріс техникалық жағынан қайта құрылып алғанша, айырбастың (өткізудің) жаңа жағдайларының ықпалымен өндіруші экономикалық жағынан саудагерге (алыпсатарға) тәуелді болады, сондықтан бұл жағдайдың әлеуметтік жағынан шешуші маңызы бар. Мұны таза техникалық прогрестің маңызына көзі тұнған В. В. мырза тәрізденіп, біздің «шын марксистеріміз» де есінен шығарып отыр» (98). Алыпсатар шығуының шешуші маңызы бары осылай көрсетілгені өте дұрыс. Оның шешуші маңызы болатыны мына жағынан: ол қазірдің өзінде-ақ өндірістің капиталистік жолмен ұйымдастырылғанын сөзсіз дәлелдейді, «товар шаруашылығы — ақша шаруашылығы дегеніміз капиталистік шаруашылық» дейтін қағиданы Россияға да қолдануға болатынын дәлелдейді; бұл өзі өндірушінің капиталға бағыныштылығын туғызады, өндірушінің өз әрекеті болмаса басқа жолмен ол бағынушылықтан құтылуы мүмкін емес. «Тұтынушы мен өндірушінің арасына кәсіпкер-капиталист кіріскен кезден бастап,— ал бұл кең және белгісіз рынок үшін товар өндіру кезінде созсіз пайда болады,— біз капиталистік өндірістің бір формасы туғанын көреміз». Ал мұның үстіне автор: «егер біз белгісіз және алыстағы рынок үшін жұмыс істесе, өндіруші *экономикалық жағынан толық дербес* болатын өндірісті *майдагерлік* өнеркәсіп деп түсінетін болсақ, онда, сірә, мұндай нағыз майдагерлік өнеркәсіп орыс өмірінде жоқ дерлік болып шығар еді»,— деп, дұрыс айтып отыр. Бұл жерде «сірә» деген сөз бен келер шақ бекер-ақ қолданылған: ірі өндірістің үйде істелетін түрі мен алыпсатарлардың майдагерлерді толық кіріптар етуінің басым болуы біздің майдагерлік өнеркәсіптің шын құрылы-

мының жалпыға тараған және басым *фактісі* болып отыр. Бұл ұйымның капиталистік ұйым екені былай тұрсын, сонымен қатар бұл ұйым, автордың дұрыс айтқанындай, «капиталистер үшін аса пайдалы» да ұйым, олардың орасан көп пайда түсіруін, жалақыны масқара аз төлеуін қамтамасыз ететін және жұмысшылардың ұйымдасуын, жетілуін мейлінше қиындататын ұйым (99—101-беттер). Біздің майдагерлік кәсіпшіліктерде капиталистік қанаудың басымдығы әлдеқашаннан мәлім екенін, бірақ халықшылдар мұны нағыз арсыздыққа салынып елемейтінін айтпай кетуге болмайды. Олардың журналдары мен газеттерінің осы мәселе әңгіме болатын әрбір номерінде дерлік сіздер: үкімет «жасанды» ірі капитализмді қолдайды [оның бар «жасандылығы» ұсақ емес, ірі капитализм, майдагерлік емес, фабрикалық, қолмен істейтін емес, механикалық капитализм екендігінде], *«халықтық* өнеркәсіптің мұқтаждары» үшін еш нәрсе де істемейді, деп зарлапуды кездестіресіз. Ұсақ *капиталды* жақтап, ірі *капиталға* қарсы күресетін және нақ сондай мүдделер қарамақарсылығы «халықтық» өнеркәсіпте де бар екенін, олай болса, істі шешу жолы мардымсыз кредитте, тағы сондайларда еместігін — осындай даусыз анықталған фактіні тіптен көргісі келмейтін ұсақ буржуаның өресінің тарлығы бұл арада әбден айқын көрініп отыр. Өз шаруашылығына жіпсіз байланған және одан айрылып қалам ба деп үнемі қауіптеніп жүретін ұсақ қожайынға мұның бәрі қайдағы бір сұмдық, «еңбекке дұрыс ақы төлеу» дейтін қайдағы бір «үгіт» сияқты көрінеді; «еңбектің өзі бұл ақыны өз жемістері арқылы туғызбайтын тәрізді» болып көрінеді, сондықтан фабрика-завод өнеркәсібінің «жасанды», «жанға жайлы» жағдайында тұрған өндіруші ғана майдагер еңбекші бұқараның бірден-бір өкілі бола алатыны да түсінікті нәрсе *.

Енді Струве мырзаның егіншілік жөніндегі пікіріне тоқталып өтейік. Бу транспорты айырбас шаруашылы-

* «Бүкіл процестің мәні мынада: ұсақ өндіріс (қолөнер) өзінің бір элементтері арқылы «капитализмге» жақындайды, ал екінші элементтері арқылы — өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылған жалдама еңбекке» жақындайды (104-бет).

ғына көшуге мәжбүр етеді, ол ауыл шаруашылық өндірісін товар өндірісі етеді. Ал өндірістің товарлы сипаты «оның экономикалық және техникалық жағынан жетілуін» (110) сөзсіз керек қылады. Автор бұл қағиданы халықшылдарға қарсы ерекше маңызды дәлел деп есептейді; халықшылдар егіншілікте ірі өндірістің артықшылығы дәлелденбеген (дәлелденбепті-міс) деп масайрайды. Автор оларға былай жауап береді: «Ауыл шаруашылық өндірісінің экономикалық және техникалық өзгешеліктерін теріске шығару Маркстің іліміне сүйенетіндерге лайық іс емес,— Маркстің өзі бұл өзгешеліктердің маңызын теріске шығарғанмен де,— осы өзгешеліктердің арқасында белгілі бір жағдайда ұсақ кәсіпорындарының ірі кәсіпорындарынан экономикалық жағынан артықшылықтары болады» (111). Бұл жері тіпті айқын емес. Мұнда автор қандай өзгешеліктерді айтып отыр? Оларды неге дәл көрсетпейді? Маркс бұл туралы өз пікірін қай жерде, қалай айтқанын және бұл пікірді түзету керек дерлік қандай негіз барын неге көрсетпейді?

«Ұсақ егіншілік өндірісі,— дейді автор бұдан соң,— барған сайын товарлы сипат алуға тиіс, сөйтіп өміршең *кәсіпорындар* болу үшін ұсақ егіншілік шаруашылықтары экономикалық және техникалық жағынан жетілудің жалпы талаптарына сай болуға тиіс» (111). «Ұсақ егіншілік кәсіпорындарын ірілері жұтып қоя ма, жоқ па, мәселе тіпті мұнда емес,— экономикалық эволюцияның ондай болып шығуын күтуге бола қоймас,— мәселе айырбастың ықпалымен бүкіл халық шаруашылығы ушырап отырған өзгерісте болып отыр. Жоғарыда айтылып өткен «өнеркәсіптің бытырауына» байланысты айырбас шаруашылығының натуралды шаруашылықты ығыстырып шығаруы қоғамның бүкіл құрылымын мүлде өзгертіп жібереді, мұны халықшылдар естен шығарып жүр. Егінші (село халқы) мен егінші емес (қала халқы) халықтың арасындағы бұрынғы қарым-қатынас соңғысының пайдасына өзгеріп отыр. Ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің экономикалық кейпі мен мінез-құлқының өзі шаруашылық

өмірдің жаңа жағдайларының ықпалымен түбірінен өзгеріп отыр» (114).

Осы келтіріліп өткен сөздер автор өзінің бұл тирадасымен Маркс туралы не айтқысы келгенін бізге түсіндіріп беріп отыр, ал сонымен бірге мәселені баяндаудың нақтылы процесті суреттеуге сүйенбеген догмалық әдісі автордың пікірін көмескілеп, түгел айтқызбайды деп, жоғарыда жасалған ескертуге айқын сипаттама болып отыр. Халықшылдар көзқарасының терістігі жөніндегі оның қағидасы өте дұрыс, бірақ толық емес, өйткені онда тиімсіз өндірістің орнын тиімді өндіріс басқан кезде өрістеген таптық антагонизмнің жаңа формалары қоса көрсетілмеген. Автор, мысалы, «экономикалық тиімділік» «ең жоғары рентаны» көрседі (110) дегенді үстірт ескертумен шектеледі, бірақ бұған: *рента егіншіліктің буржуазиялық жолмен ұйымдастырылуын,* яғни, біріншіден, егіншіліктің рынокқа толық бағынуын, ал, екіншіден, капиталистік индустрияға да тән болатын буржуазия мен пролетариат сияқты таптардың егіншілікте де құралуып көздейді,— дегенді қоса айтуды ұмытып отыр.

Халықшылдар біздің егіншілігіміз капиталистік емес жолмен құрылыпты-мыс дей отырып, мәселені жөнсіз тар көлемде және мейлінше теріс қояды, істің бәрін тек ұсақ шаруашылықтарды ірілерінің ығыстырып шығаруына ғана тірейді, бұдан әрі бармайды. Мұндай пікірлерді айтып, халықшылдар мынаны естен шығаратынын Струве мырза әбден әділ көрсеткен: егіншілік өндірісінің жалпы сипаты ұсақ өндіріс барда да буржуазиялық болуы мүмкін (шындығында бізде солай); ал Батыс Европа шаруаларының шаруашылығы да сондай буржуазиялық шаруашылық болып отыр. Ұсақ дербес шаруашылықтың (Россия интеллигенциясының терминологиясы бойынша — «халық» шаруашылығының) буржуазиялық шаруашылыққа айналатын шарттарының қандай екені жұртқа мәлім: ол шарт, біріншіден, товар шаруашылығының үстем болуы; өндірушілер бір-бірінен оқшау * болған кезде товар шаруашылығы

* Бұл арада әңгіме *шаруашылық* жөніндегі оқшаулану туралы болып отырғаны түсінікті. Қауымдасып жер *иеленушілік* ол оқшаула-

олардың арасында бәсеке туғызады да, бұқараны күйзелтеді, ат төбеліндей азшылықты байытады; ол шарт, екіншіден, жұмыс күшінің товарға, өндіріс құрал-жабдықтарының капиталға айналуы, яғни өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылуы және өнеркәсіптің ең маңызды салаларының капиталистік жолмен ұйымдасуы. Осы айтылған шарттар болса ұсақ дербес өндіруші өндірушілер бұқарасына қарағанда ерекше жағдайда болады,— ал қазір бізде де *шын мәнісіндегі дербес* қожайындар біреу үшін жұмыс істейтін, «дербес» шаруашылығы жоғы былай тұрсын, тіпті бір аптаға жететін күн көріс қаражаты да жоқ бұқара арасында осындай ерекше жағдайда тұр. Дербес қожайынның жағдайы мен мүдделері оны *көбінесе* жалақымен күн көретін өндірушілер бұқарасынан оқшаулата береді. Ал оның бер жағында өндірушілер бұқарасы қоғамдық шаруашылықты басқаша құру жайындағы негізгі мәселенің қажетті бастамасы болып табылатын мәселені — «еңбекке дұрыс ақы төлеу» мәселесін алға қоятын болса,— дербес қожайынның өте-мөте көңіл аударатын мәселесі тіптен басқа мәселе, оған керегі: кредит, әсіресе «халықтық» ұсақ кредит, жақсартылған арзан құрал-саймандар, «өнім өткізу ісін ұйымдастыру», «жер иеленушілікті ұлғайту», тағы сол сияқтылар.

Ұсақ шаруашылықтан ірі шаруашылық артық дейтін заңның өзі тек товар өндірісіне тән заң, олай болса, товар өндірісіне әлі біржола тартыла қоймаған, рынокқа бағындырылмаған шаруашылықтарға ол заңның қолданылуы мүмкін емес. Сондықтан реформадан кейін дворян шаруашылықтарының құлдырауы және жеке меншіктегі жерлерді шаруалардың арендаға алуы біздің егіншілігіміз капиталистік жолмен дамуда деген пікірді теріске шығарады дейтін дәлел (айта кету керек, бұған В. В. мырза да жаттыққан болатын),— міне, бұл дәлел оған жармасатындардың істі мүлде түсінбейтінін ғана сипаттайды. *Егіс* шаруалардың қолында

нуды титтей де жоя алмайды. Нағыз «теңбе-тең» жер бөлісі болғанның өзінде де шаруа өз жерінде жеке-дара қожалық етеді, олай болса, оқшауланған, бөлектенген өндіруші болып табылады.

болған кезде крепостниктік қатынастардың бұзылуы помещиктердің дағдарысын туғызғаны түсінікті. Бұл дағдарыс жартылай феодалдық еңбектің күні өткен формаларын (жұмыспен өтеу) ауыстырған батырақтар мен күндікшілер еңбегін барған сайын кең мөлшерде пайдалануға соқтырғанын айтпағанның өзінде,— міне, осыны айтпағанның өзінде де шаруалар шаруашылығының өзі де сипатын айтарлықтай өзгерте бастады: ол рынок үшін жұмыс істеуге мәжбүр болды, шаруалардың ұсақ деревня буржуазиясы және село пролетариаты болып екіге жіктелуін тездетті. Бұл жіктелу Россиядағы капитализм туралы мәселені біржола шешеді. Жоғарыда көрсетілген процесті Струве мырза өз кітабының V тарауында түсіндіреді, онда былай дейді: «ұсақ егінші жіктеледі: бір жағынан, «экономикасы әлді» шаруалар [буржуазиялық шаруалар деу керек еді], екінші жағынан, пролетариат типтегі шаруалар көбейеді. Халықтық өндірістің белгілері капиталистік белгілермен қосылып бір түрге келіп, «байшыкеш келе жатыр» деген айқын сөз жазылады» (177-бет).

Міне, істің осы жағына, жаңа, «тиімді» егіншіліктің *буржуазиялық жолмен ұйымдасуы* жағына көңіл аудару керек еді. Халықшылдардың айтылып өткен процесті елемей, шаруалардың идеологынан ұсақ буржуазияның идеологына айналып отырғанын көрсету керек еді. Шаруалар шаруашылығы осылай ұйымдастырылып отырғанда халықшылдар көксеп жүрген «халықтық өндірісті көтеру ісі» ұсақ буржуазияны «көтеру» ғана болып шығуы мүмкін. Ал, мұның керісінше, кімде-кім неғұрлым дамыған капиталистік қатынастарда тұрған өндірушіге сүйенем десе, ол жалғыз осы өндірушінің ғана емес, бүкіл «пролетарлық» шаруалардың орасан көпшілігінің мүддесін де дұрыс көрсетеді.

Струве мырзаның мәселені баяндауының қанағаттанғысыздығы, толық еместігі мен түгел айтылмағаны мынаған әкеліп соқты: ол тиімді егіншілік туралы айта келіп, оның қоғамдық-экономикалық жағынан ұйымдасуын сипаттамады,— бу транспортының тиімсіз өндірісті тиімді өндіріспен, натуралды шаруашылықты товар шаруашылығымен алмастыратынын көрсете ке-

ліп, осымен бірге қалыптасатын таптық антагонизмнің жаңа формасын сипаттап бермеді.

Мәселенің қойылысындағы осы кемшілік талданып отырған тараулардағы пікірлердің көп жерінен байқалады. Мұны айқын бейнелеу үшін тағы бірнеше мысал келтірейін. Товар шаруашылығы және кең түрдегі қоғамдық еңбек бөлінісі — дейді автор — «жеке меншік тәртібіне, экономикалық еркіндік принциптері мен жекешілдік сезімге сүйеніп дамып келеді» (91). Ұлттық өндірістің прогресі «жеке меншік тәртібінің қоғамға үстемдік етуінің шамасына» байланысты. «Мүмкін, бұл өкінішті болар, бірақ өмірде істің жайы осылай болып отырады, бұл — тәжірибе, тарих жүзінде анықталған қатар өмір сүрушілік. Қазіргі уақытта, XVIII ғасырдың идеялары мен принциптері соншама жеңіл-желпі қаралып тәлкекке салынып отырғанда, ал шын мәнінде дәл соның қатесі қайталанып отырғанда,— экономикалық прогрестің жеке меншік тәртібімен, экономикалық еркіндік принциптерімен және жекешілдік сезімімен осындай мәдени-тарихи байланысы екінің бірінде ұмытыла береді. Осы байланысты елемеген күнде ғана аталып өткен негіздерді жүзеге асырмай-ақ экономика және мәдениет жағынан мешеу қалған қоғамның шаруашылық прогреске жетуі мүмкін деп есептеуге болады. Біз бұл негіздерді соншама ұнатып отырғанымыз жоқ және олардың тарихи-*өткінші* сипатын жақсы түсінеміз, бірақ сонымен қатар оларда орасан зор мәдени күш,— керексіз ғана емес, керекті де күш бар екенін көрмей тұра алмаймыз. Ол күшті өзінің ой-пікірлерін ешқандай тарихи сабақтастықпен байланысты емес деп қарайтын идеализм ғана көрмеуі мүмкін» (91).

Автордың «тарихи қатар өмір сүруді» «объективті» түрде көрсетуі өте дұрыс, бірақ солай бола тұрса да оның дәлелінің жеткізе айтылмағанына қапа боласың. Оған былай дегіңіз келеді де тұрады: жеткізе айтсаңызшы! осы жалпы қағидалар мен тарихи анықтамаларды біздің орыс тарихының нақты дәуіріне қолданып, оларды сіздің ұғымыңыздың халықшылдар ұғымынан не себепті және дәл қандай айырмашылығы барын көр-

сететіндей етіп тұжырымдап берсеңізші, оларды орыс марксисі үшін өлшем болып табылатын шындықпен салыстырып, осы прогрестер мен мәдениет атаулының бәрі бүркемелеп отырған таптық қайшылықтарды көрсетсеңізші,— дегіміз келеді*.

Реформадан кейінгі Россия дүниеге келтірген «прогресс» пен «мәдениеттің» «жеке меншік тәртібімен» байланысты екені күмәнсыз нәрсе,— бұл тәртіп дәл сонау «азат еңбек» және оның капиталға сатылуы өмірге енгізген сот алдындағы «теңдікті» қамтамасыз еткен жаңа «айтысты» азаматтық процесс орнату арқылы тұңғыш рет мейлінше толық жүзеге асырылып қойған жоқ; бұл тәртіп әрі мемлекеттік алым-салықтар мен міндеттердің бәрінен құтқарылған помещиктердің жер иелігіне де, әрі *меншік иесі* шаруаларға айналған шаруалардың жер иелігіне де жайылды; бұл тәртіп жергілікті басқару орнына қатысатын «азаматтардың» саяси праволарының негізіне алынды (цензі), т. т. Біздің «прогресіміздің» «экономикалық еркіндік принциптерімен» «байланыстылығы» одан да гөрі күмәнсыз: бұл «еркіндік» дегеннің мәнісі орыс жерін біріктіруші «кішіпейілдер мен қабасақалдарды» «полицияның шені төмен қызметшісі алдында бас ию» қажеттігінен босату екенін біз I тарауда біздің халықшылдан есіткен де едік. Товар шаруашылығының дамуына қарай «жекешілдік сезімнің» қалай туғанын біз жоғарыда айтып өттік. Отандық прогрестің осы белгілерінің бәрін бір жерге жинақтай келіп: бұл прогресс пен мәдениет түгелінен буржуазиялық болды деген қорытындыға келмей болмайды (70-жылдардағы халықшыл да осындай қорытынды жасаған). Қазіргі Россия реформаға дейінгі Россиядан анағұрлым жақсы, бірақ бұл жақсартудың бәрі бүтіндей және тек буржуазияның, оның агенттерінің, идеологтарының арқасында болды да, өндірушілер оларды пайдаланған жоқ. Өндірушілер үшін

* Contra principia negantem disputari non potest (негізгі қағидаларды теріске шығарушымен таласып болмайды. *Ред.*) — дейді автор халықшылдармен болған талас жөнінде. Бұл осы principia-ларды қалай тұжырымдауға байланысты,— жалпы қағидалар және анықтамалар ретінде тұжырымдала ма, немесе орыс тарихының және оның өмір шындығының пәлендей-түгендей *фактілерін басқаша түсіну* деп тұжырымдала ма, міне, осыған байланысты.

бұл жақсартулар тек қосымша өнім формаларының өзгеруі ғана болды, өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан айырудың жақсартылған және жетілдірілген тәсілдері ғана болды. Сондықтан халықшыл мырзалар орыс капитализмі мен буржуазиялыққа қарсы наразылық білдіргенде сол наразылығын әлгі капитализм мен буржуазиялықты таратушылар мен жүзеге асырушылардың нақ өздеріне айтып, мүлде адам айтқысыз «ұшқалақтығын», ұмытшақтығын көрсетіп отыр. Оларға айтар сөз қысқа — бұл «өзін-өзі танымастың» кебі.

Реформадан кейінгі Россия мен «қоғамға» осындай баға берілгеніне көну қазіргі халықшылдың өресі жетпейтін іс. Ал бұған қарсы дау айту үшін оған реформадан кейінгі Россияның буржуазиялық сипатын теріске шығару керек болады, өзінің арғы атасы, 70-жылдардағы халықшылдың көксеп аттанған ісін, сөйтіп «келешектің тұтқасын» тікелей өндірушілердің өзінен табу үшін «халық ішіне барған» ісін теріске шығару керек болады. Әрине, *қазіргі* халықшыл тәуекелге басып, мұны теріс деуі де, онымен де қоймай, тіпті осы қарастырылып отырған мәселеде жақсылыққа бастаған өзгерістер бар деп дәлелдеуі де ғажап емес; бірақ ол мұнысымен өзінің нағыз кәдімгі *кішкене буржуадан* басқа еш нәрсе де емес екендігін әлі көрмей жүрген жұрттың бәріне көрсетіп берген болар еді.

Маған тек Струве мырзаның қағидаларын жеткізе айтуға, «сөзі бір болғанмен сарыны басқа» дегендей, әлгі қағидаларды басқаша тұжырымдауға тура келгенін оқушы көріп отыр. Мұның қажеті бар ма? Бұл қосымшалар мен қорытындыларға соншама толық тоқталып жатудың керегі не? Олар өзінен-өзі түсінікті емес пе? — деген сұрақтар туады.

Меніңше,— қажет, бұған екі себеп бар. Біріншіден, автордың өрісі тар объективизмі өте қауіпті, өйткені бұл объективизм отанымыздың алған бағыты мен тағдыры жөнінде біздің әдебиетімізде әбден орын тепкен ескі, профессорлық пікірлер мен белгілі таптар жасап отырған шын процесті дәл сипаттау арасындағы межені ұмытуға дейін барып отыр. Осы өрісі тар объективизм, марксизм жөнінде осы тиянақсыздық — Струве

мырзаның кітабының негізгі кемшілігі, сондықтан ол кемшілікке ерекше толық тоқтап, оның неден туғанын көрсету қажет: ол, асылында, марксизмнен емес, оны жеткіліксіз қолданудан; автор өз теориясының шындықтан басқа өлшемдері бар деп білгенінен емес, доктринадан басқа бір практикалық қорытындылар шығарайын дегендігінен емес (ондай қорытынды жасау мүмкін емес, тағы да айтамын, доктринаның ең басты қағидаларының бәрін бүлдірмейінше, ондай қорытынды жасау ақылға сыймайды),— автор теорияның бір ғана неғұрлым жалпы жағымен шектеліп, оны толық дәйектілікпен қолданбауынан туып отыр. Екіншіден, халықшылдарды жеке-жарым мәселе жөнінен сынға алудан бұрын «принципті айтыс» арқылы «алауыздықтың шын негіздерін ашу» (VII) қажет болды, дейді автор алғы сөзінде, бұл пікіріне қосылмауға болмайды. Сондықтан автордың нақ осы мақсаты орындалмай қалмас үшін оның қағидаларының барлығына дерлік неғұрлым нақтылы мағына беру қажет, оның тым жалпы пікірлерін орыс тарихы мен орыс өмірінің нақтылы мәселелеріне ұштастыру керек. Осы мәселелердің бәрі жөнінде орыс марксистерінің алдында зор жұмыс тұр: материалистік көзқарас тұрғысынан «фактілерді қайта қарап шығу»,— «қоғам» мен «мемлекет» қызметінде, «интеллигенция» теорияларының тасасында тұрған таптық қайшылықтарды ашу,— ақырында, Россияның «халықтық» өндірістерінде қосымша өнімді иемденудің барлық жеке-жеке, шексіз әр алуан формалары мен сол иемденудің алдыңғы қатарлы, анағұрлым дамыған капиталистік формасының арасындағы байланысты анықтау, «келешектің кепілі» осы формада екенін, «өндірушінің» идеясы мен тарихи міндетін қазір бірінші кезекке шығарып отырған осы форма екенін анықтау жұмысы тұр. Сондықтан осы мәселелерді шешу жолын көрсетуге талпыну қаншама батылдық болып көрінетініне, бұдан былайғы талдап зерттеу ісі қаншама өзгеріс, қаншама түзетулер енгізетініне қарамастан,—мәселені мүмкіндігінше жалпылама әрі кеңірек талқыға салу үшін нақты мәселелерді белгілеуден қашпаған абзал.

Струве мырзаның мәселелерді теріс қоюшылығын туғызып отырған сонау өрісі тар объективизмінің шарықтау шегі — оның Лист туралы пікірі, оның «ұлттық өндіргіш күштердің конфедерациясы» жайындағы «тамаша ілімі» туралы, фабрикалық өнеркәсіптің дамуының ауыл шаруашылығы үшін маңызы туралы, мануфактуралық-егіншілік мемлекеттің егіншілік мемлекеттен артықшылығы туралы, тағы сол сияқты пікірлері. Бұл «ілім» «сөздің кең мағынасында алғанда капитализмнің тарихи сөзсіздігі мен заңдылығын» (123), «салтанат құрған товар өндірісінің мәдени-тарихи күшін» (124) өте-мөте «дәлелді баяндайды»,— деп санайды автор.

Автордың белгілі елдердің, белгілі тарихи дәуірлердің, белгілі таптардың қандайынан болса да жоғары тұрған сияқты көрінетін пікірлерінің профессорлық сипаты осы арада әсіресе айқын көрініп отыр. Бұл пікірді осылай бағалау қай жағынан қарасақ та,— таза теориялық жағынан немесе практикалық жағынан қарасақ та,— бәрібір дұрыс болады. Біріншісінен бастайық. Фабрикалық өнеркәсіптің маңызы жайындағы абстракт, догмалық қағидалармен белгілі бір елде «капитализмнің тарихи сөзсіздігі мен заңдылығына әлдекімді «сендіруге» болады деп ойлау қисынсыз-ақ емес пе? «Русское Богатстводағы» либерал профессорларға әбден ұнайтын осы негізге сүйеніп, мәселе қою қате емес пе? Істің бәрін болған нәрсені ашуға және оның басқаша болмай, нақ осылай болғанының себебін ашуға әкеліп тіреу марксист үшін міндетті іс емес пе?

Халықшылдар біздің капитализмді жасанды, теплицада өсірілген өсімдік деп есептейді, себебі олар капитализмнің біздегі қоғамдық шаруашылықтың түгелімен товарлық жолмен ұйымдасуына байланысты екенін түсінбейді, оның тамырлары біздегі «халықтық өндірісте» жатқанын көрмейді. Оларға осы байланыстар мен тамырларды көрсетіп берсеңіз, капитализм жете дамымаған, сондықтан да ең нашар түрде халықтық өндірісте де үстемдік құрғанын көрсетіп берсеңіз,— сонда сіз оларға орыс капитализмінің «заңды екенін» дәлелдеп бересіз. Бұл капитализмнің еңбек өнімділігін

ленуші» шаруаларын сүйсіне қарама-қарсы қоюы да капитализм дегеннің не екенін олардың бәз-баяғы түсінбейтіндігін ғана көрсетеді, бұған да дау жоқ. Автордың өте дұрыс айтқанындай, «шаруалардың жартылай натуралды шаруашылығы кей жерлерде Батыста да сақталып келеді» (124), бірақ бұл факт товар өндірісінің басымдығын да, өндірушілердің басым көпшілігінің капиталға бағынушылығын да Батыста да, Россияда да жоя алмайды,— бұл бағынушылық өзінің ең жоғарғы, ақырғы даму шегіне жеткенге дейін көп сатылардан өтеді; істің жайын Маркстің мейлінше айқын түсіндіруіне қарамастан, әдетте халықшылдар мұны елемейді. Бұл бағынушылық *сауда капиталы* мен *өсімқорлық капиталдан* басталады; содан кейін индустриялық капитализмге ауысады; бұл капитализмнің өзі әуелі техникалық жағынан өте мешеу болады, өндірістің ескі системаларынан оның ешбір айырмашылығы болмайды; онан кейін мануфактураны ұйымдастырады,— бұл мануфактура әлі де болса қол еңбегіне негізделеді, жалдама жұмысшының жермен байланысын бұзбай, басым болып отырған майдагерлік кәсіпшіліктерге сүйенеді,— сөйтіп ол бағынушылық өзінің өрістеуін ірі машиналы индустриямен аяқтайды. Өндірушілердің капиталға бағынуының осы ең соңғы, ең жоғарғы сатысы ғана капитализм дамуының ең биік шыңы болып табылады, *тек сол саты ғана* мүлде экспроприацияланған, ұшқан құс секілді еркін жұмысшыны * жасақтайды, *тек сол саты ғана* капитализмнің «біріктіруші маңызын», халықшылдар капитализм атаулыға таңа беруге дағдыланып алған «біріктіруші маңызын» туғызады (материалдық жөнінен де, әлеуметтік жөнінен де), *тек сол саты ғана* капитализмге оның «бел баласын» қарама-қарсы қояды.

Кітаптың «Экономикалық прогресс пен әлеуметтік прогресс» деген төртінші тарауы — үшінші тараудың тура жалғасы, кітаптың «жалпы адамзат тәжірибесінің деректерін халықшылдарға қарсы қоятын бөліміне

* Халықшылдар әрқашан да істің жайын: жерсіз қалған жұмысшы тек машиналы индустрияның ғана емес, капитализм *атаулының* қажетті шарты,— деп көрсетеді.

жатады. Бізге бұл жерде, біріншіден, Маркстің ізбасарлары жөнінде автордың бір теріс көзқарасына [немесе сәтсіз айтылған сөзіне?] және, екіншіден, халықшылдықты экономикалық жағынан сынаудың міндеттерін тұжырымдауына толығырақ тоқтап өтуге тура келеді.

Маркс капитализмнен жаңа қоғамдық құрылысқа көшу капитализмнің күрт құлауы, күйреуі түрінде болады деп түсінді,— дейді Струве мырза. (Автор бұл Маркс еңбектерінің «кейбір жерлерінде» ғана бар деп ойлауға дәлел болады деп есептейді, ал шынына келгенде бұл көзқарас Маркстің *барлық шығармаларында* бар). Маркстің ізбасарлары *реформа үшін* күреседі. Маркстің 40-жылдардағы көзқарасына «маңызды корректив енгізілді»: капитализмді жаңа құрылыстан бөлетін «тұңғиықтың» орнына «бірсыпыра өткелдер» болатыны анықталды.

Біз мұны әсте дұрыс деп тани алмаймыз. «Маркстің ізбасарлары» оның көзқарасына ешқандай маңызды да, маңызсыз да «корректив» (біздің тілімізше — *түзету*) енгізген емес. Реформа үшін күрес — «корректив» енгізгендікті ешбір көрсетпейді, тұңғиық және күрт құлау туралы ілімді ешбір түзетпейді, өйткені бұл күрес ашықтан-ашық, көзделген нақты мақсатпен — дәл сол «құлауға» жеткенше жүргізіледі; ал бұл үшін «бірсыпыра өткелдер» керек екенін — күрестің бір кезеңі, бір сатысы келесісіне өту керек екенін 1840-жылдарда Маркс те мойындаған болатын, ол «Манифесте» жаңа құрылысқа бет алған қозғалысты жұмысшы қозғалысынан (олай болса, реформа жолындағы күрестен де) *бөліп қарауға* болмайды деп, қорытындысында өзі бірқатар практикалық шаралар ұсынған болатын [126].

Егер Струве мырза Маркс көзқарасының дамуын көрсеткісі келген болса, онда, әрине, мұнысы дұрыс. Бірақ олай болғанда мұның аты Маркстің көзқарастарына *«корректив»* енгізу болмайды, қайта керісінше, оларды *қолдану, жүзеге асыру болады.*

Біз автордың халықшылдық жөніндегі көзқарасына да қосыла алмаймыз.

«Біздің халықшылдық әдебиет ұлт байлығы мен халық дәулетін, әлеуметтік прогресті, бөліс прогресін қа-

рама-қарсы қоюшылықты іліп әкетті» (131),— дейді автор.

Халықшылдар бұл қарама-қарсы қоюшылықты «іліп әкеткен» жоқ, ол тек реформадан кейінгі Россияда прогресс, мәдениет, байлық және өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылуы, өндірушінің халық еңбегінің өнімінен алатын үлесінің кемуі, қайыршылық пен жұмыссыздықтың артуы арасында қарама-қарсылық барын, бұл Батыста да әлгі қарама-қарсы қоюшылықты туғызғанын тек қана *атап өтті.*

«...Бұл әдебиет адамгершіл және халықты сүйгіш болғандығынан мәселені бірден халықтың әл-ауқаты пайдасына шешті, бірақ халықтық-экономикалық формалардың кейбіреулері (қауым, артель), тегі, экономикалық теңдік мұратын бейнелеп, бұл арқылы халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етіп отырған тәрізді болды, ал өндіріс прогресі айырбастың күшеюі әсерімен бұл формаларды дамытуға үміттендірмеді, қайта олардың экономикалық және психикалық негіздерін жоятын болды, міне, сондықтан халықшылдар жеке меншік пен экономикалық еркіндікке сүйенген өндіріс прогресінің Батыстағы өкінішті тәжірибесін көрсете келіп, товар шаруашылығына — капитализмге халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ететін қоғамдық-экономикалық мұрат ретінде «халықтық өндіріс» дегенді қарама-қарсы қойды; орыс интеллигенциясы мен орыс халқы сол халықтық өндірісті сақтап және онан әрі дамыта беру үшін күресуі керек».

Бұл пікірде Струве мырза баяндауының кемшіліктері мейлінше айқын көрініп отыр. Халықшылдық «адамгершіл» теория ретінде көрсетіледі, бұл теория ұлттық байлық пен халықтың жарлылығын бір-біріне қарама-қарсы қоюды «іліп әкетті», «мәселені» сол байлықты бөлісу пайдасына «шешті», өйткені «Батыстың тәжірибесі» халықтың ауқатты болуына «үміттендірмеді». Сөйтіп, автор мәселені осылай «шешуге» қарсы таласа бастайды, мұнымен ол өзінің халықшылдықтың мазмұнына қарсы күреспей, оның тек идеалистік және мұның өзінде тек аңқаулық-қиялшылдық пердесіне ғана қарсы күресіп отырғанын, мәселені халықшыл мыр-

залардың дағдысымен профессорларша қоюының өзімен үлкен қатеге ұрынып отырғанын естеп шығарады.— Жоғарыда ескертіп өткеніміздей, халықшылдықтың *мазмұны* — оның орыстың ұсақ өндірушісінің көзқарастары мен мүдделерін бейнелеуінде. Теорияның «адамгершілдігі мен халықты сүйгіштігі» «ескі дворяндық тәртіптер мен дәстүрлерден де, ірі капиталдың езуінен де қатты зәбір көрген біздің ұсақ өндірушінің ауыр жағдайынан туған. Халықшылдықтың «Батысқа» және оның Россияға тигізген ықпалына көзқарасы, әрине, оның Батыстың қайсыбір идеясын «іліп әкетуден» тумаған, ұсақ өндірушінің өмір жағдайларынан туған: ұсақ өндіруші батыс европалық техниканы қолданған ірі капитализмнің өзіне қарсы тұрғанын көрді *, сөйтті де өзі оның езгісіне ұшырап отырғандықтан капиталистік саясат капиталистік шаруашылықтан туып отыр демей, капитализм саясаттан туып отыр деп түсіндіретін, ірі капитализмді орыс өміріне жат, кірме нәрсе деп жариялайтын аңқау теориялар шығарды. Өзінің кішкене жеке шаруашылығына жіпсіз байлаулы болғандығынан мемлекеттің шын сипатын түсінуге ұсақ өндірушінің мұршасы келмеді, сөйтті де ол ұсақ («халықтық») өндірісті қолдауды және дамытуды сұрап, мемлекетке жалбарынды. Орыстың капиталистік қоғамына тән таптық қарама-қарсылықтың жетілмегендігі мынаны туғызды: мещандықтың әлгі идеологтарының теориясы жалпы еңбектің мүддесін көксейтін теория сықылды болып шықты.

Халықшылдардың мәселені қойысының өзі сорақы екенін көрсету орнына және олардың бұл мәселені ұсақ өндірушінің материалдық тұрмыс жағдайларымен «шешетінін» түсіндірудің орнына автордың өзі мәселені қойысында догматизмге ұрынып отыр, онысы халықшылдардың экономикалық прогресс пен әлеуметтік прогрестің бірін *«таңдау»* керек дейтініне ұқсайды.

«Халықшылдықтың экономикалық негіздерін сынаудың міндеті... мына төмендегілерді дәлелдеу... болады:

1) Экономикалық прогресс дегеніміз әлеуметтік про-

* «Отечественные Запискиден» жоғарыда келтіріліп өткен мақаланы салыстырып қараңыз.

грестің қажетті шарты; әлеуметтік прогресс тарихи түрде экономикалық прогрестен туады, ал белгілі бір даму сатысында осы екі процестің арасында біріне-бірі тығыз әсер етушілік, өзара шарттастық пайда болуға тиіс, шынында да пайда болады» (133).

Жалпы айтқанда, бұл қағида, әрине, әбден дұрыс. Бірақ бұл қағида халықшылдықтың экономикалық негіздерін емес, көбінесе социологиялық негіздерін сынау міндеттерін белгілейді: асылына келгенде, бұл — қоғамның дамуын өндіргіш күштердің дамуы белгілейді деп қарайтын және I, II тарауларда сөз болған ілімнің басқаша тұжырымдалуы. «Халықшылдықтың *экономикалық негіздерін*» сынау үшін бұл жеткіліксіз. Мәселені дәлірек тұжырымдау керек, оны жалпы прогресс деп қарамай, орыстың капиталистік қоғамының «прогресі» мағынасында алу керек, *бұл* прогресті түсінуде tabula rasa дейтін, «халықтық өндіріс», орыс капитализмінің негізсіздігі дейтін, тағы сол сияқты кісі күлерлік халықшылдық ертегілерді туғызған теріс түсініктер мағынасында алу керек. Экономикалық прогресс пен әлеуметтік прогресс біріне-бірі әсер етуі керек деудің орнына Россиядағы әлеуметтік прогрестің белгілі құбылыстарын көрсетіп беру керек (немесе ең болмағанда белгілеп беру керек); ал халықшылдар бұл құбылыстардың *пәлендей* экономикалық тамырларын көрмейді деу керек *.

« 2) Сондықтан өндірісті ұйымдастыру мен еңбек өнімділігінің дәрежесі жөніндегі мәселе — бөліс мәселесінен бұрын тұратын мәселе; белгілі тарихи жағдайларда, халық еңбегінің өнімділігі абсолюттік жағынан да, относительдік жағынан да өте төмен болып тұрғанда өндірістік жағының маңызының басымдығы айрықша айқын сезіледі».

Автор бұл арада Маркстің бөлістің бағынышты ма-

* Жұрт: сен босқа алға орағытып отырсың, жалпы мәселелерден бірте-бірте нақтылы мәселелерге көшетінін автордың өзі-ақ айтты ғой, сол нақтылы мәселелерді автор VI тарауда талдап та отыр ғой деп, маған қарсы шығар. Бірақ істің мәні мынада: Струве мырзаның сынауының жоғарыда айтылған абстрактылығы *бүкіл* кітабының VI тарауының, тіпті қорытынды бөлімінің де айрықша белгісі болып отыр. Ең алдымен Струве мырзаның нақ *мәселе қойысының* өзі түзетуді керек қылады.

ңызы туралы іліміне сүйенеді. IV тарауға эпиграф ретінде келтірілген сөздер Маркстің Гота программасына [127] жасаған ескертпелерінен алынған: онда Маркс ғылыми социализмді тұрпайы социализмге қарама-қарсы қояды; ғылыми социализм бөліске мәнді маңыз бермейді, қоғамдық құрылысты *өндірістік қатынастардың* ұйымдасуына қарай түсіндіреді және өндірістік қатынастардың сол ұйымдасуының өзі бөлістің белгілі бір системасын қамтиды деп сапайды. Бұл идея автордың әбден дұрыс айтқанындай, Маркстің бүкіл іліміне сіңген идея, сондықтан халықшылдықтың мещандық мазмұнын ашу үшін мұның өте зор маңызы бар. Бірақ Струве мырзаның сөзінің екінші бөлімі ол идеяны өте көмескілеп жібереді, әсіресе «өндірістік жағы» деген дүдәмал термин көмескілеп отыр. Бәлкім, бұл терминді қай мағынада түсіну жөнінде ұғыныспаушылық тууы мүмкін. Халықшыл өзінің қасіретін өте үстірт түсіндіретін ұсақ өндірушінің көзқарасын қуаттайды: ұсақ өндіруші өзінің қасіретін өзінің «кедей», ал алыпсатар көршісінің «бай» болғандығынан, «әкімдердің» ірі капиталға ғана жәрдемдесетіндігінен, тағы сол сияқтылардың себебінен деп, қысқасы, бөлістің өзгешеліктерінен, саясаттың қателіктерінен, тағы сондайлардан болған деп түсіндіреді. Ал автор халықшылға қандай көзқарасты қарсы қояды: майдагер шаруаның болмашы шаруашылық құруына жирене қарайтын және өз өндірісінің жоғары дәрежеде дамуына масаттанатын, халық еңбегінің абсолюттік жағынан да, относительдік жағынан да төмен болған өнімділігін арттырған «еңбегіне» масаттанатын ірі капиталдың көзқарасын қарама-қарсы қоя ма? әлде қарым-қатынастардың өте-мөте дамыған кезінде өмір сүріп отырған, сондықтан саясатты, бөлісті дәлел қылумен қанағаттана алмайтын, мұның себебі тереңірек жатқанын — өндірістің ұйымдастырылуының (қоғамдық жолмен) өзінде екенін, қоғамдық шаруашылық рыноктың бақылауымен, басқаруымен істейтін болып жеке меншік негізінде құрылғандығында екенін ұғына бастаған оның антиподының көзқарасын қарсы қоя ма? Оқушылар тарапынан мұндай сұрақтар өз-өзінен тумақ, неге десе-

ціз автор кейде «шаруашылық» деген сөзбен қатар «өндірістік жағы» деген сөзді қолданады (171-бетті қараңыз: «шаруашылықтың қандайын болса да мойындамауға дейін» баратын халықшылдардың «өндірістік жағын елемеуі»), оның үстіне автор кейде «тиімді» өндіріс пен «тиімсіз» өндірістің арақатынасын көрсетем деп, ұсақ өндіруші мен өндіріс құрал-жабдықтарынан біржола айырылған өндірушінің арасындағы қатынасты тасада қалдырып қояды. Дау жоқ, *объективтік жағынан* алғанда автордың баяндауының дұрыстығы мұнан ешбір кемімейді; капиталистік құрылыстың антагонистік құрылыс екендігін түсінетін әрбір адам істің жайын осы соңғы қатынастың тұрғысынан қарап оп-оңай ұғынатындығында талас жоқ. Бірақ Россиядағы халықшыл мырзалардың мұны түсінбей жүргендігі жұрттың бәріне мәлім, сондықтан олармен таласқанда айтатын сөздердің мейлінше айқын, толық айтылғаны, тым абстракты жалпы қағидалардың мүмкіндігінше аз болғаны оңды болар еді.

Халықшылдықтың марксизмнен *барлық* айырмасы *орыс капитализмін осынау сипатында* екенін біз I тарауда нақтылы мысалмен көрсетуге тырысқанбыз. Халықшыл капитализмді сынау үшін қанау бар екенін, қанау мен саясаттың арасындағы өзара байланысты, тағы сондайларды атап өту жеткілікті болады деп есептейді. Марксист қанаудың осы құбылыстарын бірімен-бірін байланыстырып, оларды белгілі бір өндірістік қатынастардың системасы ретінде, атқаратын қызметі мен дамуының заңдары объективті түрде зерттелуге тиіс болатын айрықша бір қоғамдық-экономикалық формация ретінде түсіндіру қажет деп есептейді. Халықшыл капитализмді өз мұраттарының тұрғысынан қарап, «осы заманғы ғылым мен осы заманғы адамгершілік идеялары» тұрғысынан қарап айыптаса, капитализмді сынау үшін соның өзі жеткілікті болады деп есептейді. Марксист капиталистік қоғамда құралатын таптарды егжей-тегжейіне дейін қалдырмай зерттеп шығу қажет деп есептейді, «жеке адамның» моральдық пікірлерін негізге алып сынамай, белгілі бір таптың тұрғысынан сынауды, іс жүзінде болып жатқан

қоғамдық процесті дәл сипаттап беруге негізделген сынауды ғана келелі сын деп есептейді.

Егер осыған сүйеніп, халықшылдықтың экономикалық негіздерін сынау міндеттерін сипаттап бермекші болсақ, ол міндеттер шамалап айтқанда мынадай болып шығар еді:

Мынаны дәлелдеу керек: Россиядағы ірі капитализмнің «халықтық өндіріске» қатынасы әбден жетіліп дамыған құбылыс пен дамып жетілмеген құбылыс арасындағы, капиталистік қоғамдық формацияның дамуының ең жоғарғы сатысы мен оның төменгі сатысының арасындағы қатынас деу керек *;— фабрикада болсын, тіпті қауымдасқан деревняның өзінде болсын өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылуы және оның еңбегінің өнімін ақша иесінің иемдену себебі саясаттан, бөлістен емес, товар шаруашылығында қажетті түрде қалыптасатын өндірістік қатынастардан, капиталистік қоғамға тән, мүдделері жағынан қарама-қарсы таптардың құрылуынан болатынын түсіндіру керек **; — халықшылдар капитализмге соқтырмастан жоғарғы сатыға көтермек болған өмір шындығы (ұсақ өндіріс) қазірдің өзінде-ақ капитализмге ұласқан, оның бойында сол капитализмге тән таптардың қарама-қарсылығы мен қақтығысуы бар,— бірақ бұл әлі өндірушінің өздігінен әрекет жасауын қиындататын ең нашар формасында болып отыр, міне, сондықтан қазірдің өзінде қалыптасып болған әлеуметтік қарама-қарсылықтарды елемей, «отан үшін басқа жолдар» іздеуді арман

---

* Экономикалық жағына талдау жасауды, әрине, әлеуметтік, юридикалық-саяси және идеялық қондырмаларға талдау жасаумен толықтыру керек. Капитализмнің «халықтық өндіріспен» байланысты екенін түсінбеушілік халықшылдардың арасында шаруалар реформасының, мемлекеттік өкіметтің, интеллигенцияның, тағы-тағылардың *таптық* сипаты *жоқ* деген идеялар туғызады. Бұл құбылыстардың бәрін тап күресіне сайып, материалистік талдау біздің орыс елінің реформадан кейінгі «әлеуметтік прогресі» капиталистік «экономикалық прогрестің» нәтижесі ғана болғанын нақты көрсетуге тиіс.

** Орыстың экономикалық өмір шындығының «фактілерін қайта қарау», әсіресе халықшылдар өздерінің шәкірттік армандары үшін керекті материал алып отырған шындықтың, басқаша айтқанда, шаруа шаруашылығы мен майдагерлік шаруашылықтың «фактілерін қайта қарау»,— мынаны көрсетуге тиіс: өндірушінің езілу себебі бөлісте емес («мужик кедей, алыпсатар бай»), өндірістік қатынастардың дәл өзінде, қазіргі заманғы шаруа шаруашылығы мен майдагерлік шаруашылықтың қоғамдық ұйымдастырылуының өзінде екенін көрсетуге тиіс. Бұдан «халықтық» өндірісте де «өндірісті ұйымдастыру мәселесінің бөліс туралы мәселеден басым екендігі» айқындалады.

етуші халықшылдар утопист-реакционерлер болып табылады, өйткені Россияның барлық жерінде орын алып отырған осы қарама-қарсылықтардың мазмұнын тек ірі капитализм ғана дамытып, тазартып және анықтап береді.

Автордың орыс капитализмінің емес, батыс европалық капитализмнің «қажеттігі» мен «прогресшілдігін» дәлелдейтін мұнан былайғы баяндауы да халықшылдықты экономикалық жағынан сынаудың міндеттерін тым абстракты түрде тұжырымдауымен тікелей байланыста жатыр. Халықшылдар доктринасының экономикалық мазмұнын тікелей қамтымағанымен, бұл баяндауда, алайда, қызықты және сабақ аларлық көп нәрсе бар. Біздің халықшыл әдебиетте батыс европалық жұмысшы қозғалысына сенімсіздік білдірген үндер талай рет естілді. Бұл Михайловский және оның сыбайластары мырзалардың («Русское Богатство», 1893—1894) марксистерге қарсы бағытталған соңғы айтыстары кезінде әсіресе айқын көрінді. Ол кезде Михайловский мырза: біз капитализмнен әлі ешбір жақсылық көргеніміз жоқ, деп жазған *. Бұл мещандық көзқарастардың сорақылығын Струве мырзаның мәліметтері тамаша әшкерелейді, мұның мәнісі де бар, өйткені бұл мәліметтер ең жаңа буржуазиялық әдебиеттен алынған, бұл әдебиетте асыра айтушылық бар деудің ешбір жөні келмейді. Автордың келтірген цитаттары капитализмнің жаңа қоғамдық-экономикалық формацияға көшпей қоймайтынына Батыста жұрттың бәрінің, тіпті буржуаның да көзі жеткенін көрсетеді.

* Қазіргі заманды өзге заманның қай-қайсысынан болсын жақсы ететін, оның шығу тарихын ақтайтын қазіргі заманның ең басым және орасан зор фактісі Батыстағы жұмысшы қозғалысы болып табылады дейтін Энгельсте «өзіне-өзі сүйсінушілік» бар, бұл Струве мырзаның жауабынан байқалып отыр, мұны көрсетіп өтпеске болмайды дейді,— Михайловский мырза.

Энгельске осындай өрескел кінә тағылуының өзі қазіргі замангы орыс халықшылдығын бағалау үшін өте-мөте айқын сипаттама болса керек.

Бұл мырзалар «халық шындығы» дегенді мылжыңдай біледі, отан үшін дұрыс жол таппадың деп күңкілдеп, «біздің қоғаммен» тілдесе біледі, «болса қазір болсын, болмаса ешқашан болмасын» деп тәтті тілмен жырлай біледі, жырлағанда «10 жыл, 20 жыл, 30 жыл, тіпті оған да көп уақыт» жырлайды,— бірақ осы тәтті жырлар арналып отырғандардың дербес қимылының арғы-бергіні түгел қамтитын маңызы бар екенін мүлде түсінбейді.

Капитализмнің еңбекті қоғамдастыруының ілгерілегендігі сонша, тіпті буржуазиялық әдебиетте де «халық шаруашылығын жоспарлы түрде ұйымдастыру» қажеттігі үлкен сөз болып жүр. Автордың мұны — «замана белгісі», капиталистік тәртіптердің толық ыдырауының белгісі деуі әбден дұрыс. Россия радикалдары осы уақытқа дейін таныгысы келмей келген нәрсені, атап айтқанда, жұмысшы қозғалысын туғызған нәрсе «жай ғана» мәдениет немесе өзге саяси жағдайлар емес, капитализм ала келген материалдық жағдайлар екенін буржуазиялық профессорлардың ғана емес, консерваторлардың да лажсыз мойындап айтқан сөздерін автордың келтіре кеткені өте-мөте қызықты.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін бізге автордың бөліс тек тиімді өндіріске сүйенгенде ғана ілгері баса алады деген пікіріне тоқталып жатудың қажеті бола қояр ма екен. Бұл қағиданың мәнісі мынау екені анық: тиімді өндіріске негізделген ірі капитализм ғана өндірушіні оның бас көтеруіне мүмкіндік беретін жағдайға қояды және өзі жөнінде де, артта қалған өндірістің салдарынан осы жағдайға жете алмай жүргендер жөнінде де ойлауына, қам жеуіне мүмкіндік беретін жағдайға қояды.

Біз Струве мырзаның: «экономикалық прогреске кедергі жасап отырған тым әркелкі бөлісті капитализм туғызған жоқ: бұл оған романтиктер жұртты қарық қылатын заман деп есептеген заманнан мұра болып қалған» (159-бет),— деген сөзіне ғана бір-екі ауыз ескерту жасаймыз. Егер автор бұлай дегенде халықшыл мырзалар ұмыта беретін бөлістің әркелкілігі капитализмге дейін де болғанын айтқысы келсе, онда мұнысы дұрыс. Ал егер капитализмнің бұл әркелкілікті күшейткенін теріске шығаратын болса, онда мұнысы дұрыс болмайды. Банк, темір жол, өнеркәсіп шонжарлары мен мүлде қайыршыланған шаруаның немесе қара табан кедейдің арасында реформадан кейінгі капиталистік Россия туғызған теңсіздіктей зор теңсіздік крепостниктік право тұсында болған емес және болуы да мүмкін емес еді.

Енді V тарауға көшейік. Мұнда автор «халықшылдық дегеніміз экономикалық дүние тану көзқарасы» деген жалпы сипаттама береді. Струве мырзаның ойынша, «халықшылдар натуралды шаруашылық пен алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі теңдіктің идеологтары» (167-бет).

Мұндай сипаттамаға қосылуға болмайды. Халықшылдар дегеніміз ұсақ өндірушінің идеологтары деп, I тарауда келтірген дәлелдерімізді біз бұл жерде қайталап жатпаймыз. Халықшылдардың таптық қайшылықтарды түсінбеушілігін де, олардың программасының прогресшіл пункттері мен реакцияшыл пункттерінің жөнсіз былығуын да туғызып отырған нәрсе — ұсақ өндірушінің дәл материалдық тұрмыс жағдайлары, оның «қожайындар» мен «жұмысшылар» аралығындағы өтпелі, әрі-сәрі күйі екені сол тарауда көрсетілген болатын.

Бұл жерде оған қосатынымыз тек мынау ғана: өзінің бірінші, яғни прогресшілдігі жағынан орыс халықшылдығы батыс европалық демократизмге жуықтайды, сондықтан да осыдан 40 жылдан аса уақыт бұрын француз тарихының оқиғалары жайында демократизмге берілген мына данышпандық баға орыс халықшылдығына да толығымен сай келеді:

«Демократ — ұсақ буржуазияның өкілі, яғни екі таптың мүдделері шалыс түсіп көмескіленген *өтпелі таптың* өкілі, сондықтан ол, тегі, таптық антагонизмнен жоғары тұрмын деп ойлайтын болса керек. Демократтар өздеріне артықша жағдайдағы таптың қарсы тұрғанын мойындайды, бірақ ұлттың бүкіл қалған бөлігімен бірге өздерін *халықпыз* деп есептейді. Олар *халық правосын* жақтайды; олар *халық мүдделерін* көксейді. Сондықтан оларға әр түрлі таптардың мүдделері мен жағдайын зерттеп жатудың қажеті жоқ. Оларға өздерінің күш-қуатын таразыға тартып тым дәл есептеп жатудың қажеті жоқ *... Егер де олардың мүдделеріне

* Россия халықшылдарының дәл өзі. Олар Русь елінде өндірушіге антагонистік қарама-қарсы таптар бар екенін бекер демейді, бірақ «халық» алдында бұл «жыртқыштар» болмашы ғана нәрсе деген пікірмен өздерін жұбатады және әрбір жеке таптың жағдайы мен мүдделерін дәл зерттеу ісімен шұғылданғысы келмейді, өндірушілердің

жұрт көңіл қоймаса, ал күштері *дәрменсіздік* болып шықса, онда бұған не *біртұтас халықты* біріне-бірі жау түрлі лагерьлерге бөліп отырған жауыз софистер кінәлы *,.. не істің бәрі бір нәрсенің сәл дұрыс орындалмағанынан бүлінген, немесе, ақырында, күтпеген жерден тап болған бір кездейсоқ нәрсе сәтсіздікке ұшыратқан болып шығады. Қалай дегенмен де демократ нағыз масқара жеңіліске әуел баста бейкүнә күйде қалай тап болса, онан нақ солай тап-таза боп шыға келеді, ол жеңіп шығуға тиіс, оның өзі де, партиясы да бұрынғы көзқарасын өзгертпеуге тиіс, қайта жағдайлар сол көзқарастың дәрежесіне дейін өсіп жетуге тиіс деген берік сеніммен шыға келеді» (ihm entgegenzureifen haben. «Der achtzehnte Brumaire u. s. w.», S. 39) [128].

Халықшылдар натуралды шаруашылық пен алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі теңдіктің идеологтары деген сипаттаманың терістігін автордың өзі келтірген мысалдары көрсетіп отыр. «Н.— он мырзаның Васильчиковты осы күнге дейін либерал экономист деп атауы *сөкет* нәрсе екенін атап өту керек»,— дейді Струве мырза (169). Егер осы атақты *шын мағынасында* алсақ, ол эсте де сөкет емес. Васильчиков өзінің программасында арзан және кең тарайтын кредитті қолдап отыр. Орыс қоғамы секілді капиталистік қоғамның негізінде кредит тек буржуазияны ғана күшейтетіндігін, «капиталистік қатынастардың дамуына және нығаюына» бастайтынын Н.— он мырзаның көрмеске шарасы жоқ («Очерктер», 77-бет). Барлық халықшылдар сияқты, Васильчиков та өзінің практикалық шаралары арқылы жалғыз ғана ұсақ буржуазияның мүделерін көксейді. Мұндағы сөкет нәрсе тек мынау болар: Н.— он мырза «Русское Богатствоның» публицистерімен қатар отырса да, олардың да нақ князь Васильчиков сияқты кішігірім «либерал экономистер» екенін

кейбір топтарының мүделері «жыртқыштардың» мүделерімен ұштасып жатқан жоқ па, сөйтіп өндірушілердің кейбір топтарының жыртқыштарға қарсыласу күшін әлсіретіп отырған жоқ па,— міне осыны анықтағысы келмейді.

* Россия халықшылдарының айтуынша,— «әлеуметтік өзара бейімделушіліктің» және «ынтымақпен іс істеудің» гүлдері әбден жайқалып өскен жерге капитализм мен оның таптық антагонизмдерін қолдан егіп отырған қаскүнем марксистер айыпты (В. В. мырза, Струве кітабының 161-беті).

«осы күнге дейін» көрмей отыр. Утопизм теориясы іс жүзінде мещандық прогрестермен оп-оңай бітіседі. Жұрттың бәріне тегіс үлесті жер берудің мағынасыз нәрсе екенін мойындап отырған және «жұмысшы адамдарға арзан кредит» берілуін ұсынып отырған Головачев халықшылдыққа берілген осы бағаны онан сайын қуаттайды. Струве мырза осы «ғажап» теорияны сынай келіп, оның тек теориялық мағынасыздығына ғана көңіл бөледі де, оның ұсақ буржуазиялық мазмұнын байқамағансиды.

Енді V тарауда Щербина мырзаның «орта мөлшердегі тұтыну заңына» тоқталып өтпей болмайды. Бұл Струве мырзаның VI тарауда өте-мөте айқын көрінген мальтусшылдығын бағалауға керекті маңызды нәрсе. «Заңның» мәні мынада: шаруаларды *үлесті жеріне қарай* топқа бөлгенде шаруа семьясының тұтынуына керекті қаражатының (яғни түрлі мұқтажына жұмсайтын шығындардың) сәл ғана айырмасы бар (топ бойынша) орта мөлшері шығады, ал Щербина мырза ол шығындарды жан басына шағады.

Струве мырза бұл «заңның орасан зор маңызы бар», өйткені ол Мальтустің: «халықтың әл-ауқаты мен өсіп-өнуі оның пайдаланатын тіршілік заттарына байланысты» дейтін «жалпыға мәлім» заңын растайды-мыс, деп риза болады.

Струве мырзаның бұл заңға қуана кетуінің себебі қалай екені түсініксіз. Әсіресе Щербина мырзаның есептерінен заң, оның үстіне «орасан зор маңызы бар заң» қалай шығарылатыны да түсініксіз. Жекелеген шаруа семьяларының тұрмыс халінде оншама зор айырма жоқ жерде шаруаларды топқа бөлсек, әсіресе шаруаларды топқа бөлгенде үлесті жер мөлшерін, семьяның ауқаттылығын тікелей көрсетпейтін (өйткені үлесті жер арендаға берілуі де мүмкін, арендаға тағы жер алынуы да мүмкін) және салық түсетін жандарының саны бірдей ауқатты шаруаға да, кедей шаруаға да бірдей тиетін жер мөлшерін негізге алсақ, тұтынудың шамалы ғана айырмасы болатын орта мөлшері шығатыны әбден табиғи нәрсе. Щербина мырзаның есептері ол шаруаларды топқа бөлудің теріс тәсілін қолдан-

ғанын дәлелдейді. Егер Щербина мырза бұл арада қайсыбір заң таптым дейтін болса, мұнысы мүлде ерсі қылық. Аренданы да, «табысты» да, шаруаның помещик пен алыпсатарға экономикалық жағынан тәуелділігін де еске алмастан, үлесті жерінің көлеміне қарап «шаруаның пайдаланатын тіршілік заттарын» білуге бола қоятындай-ақ, бұл жерде Мальтустің заңы расталып отыр деп қарау одан бетер ерсі қылық.— Щербина мырзаның осы «заңы» жөнінде (Щербина мырзаның оны баяндауы мүлде еш нәрсені дәлелдеп көрсете алмайтын орта цифрларына «заңның» авторы шектен тыс зор мән беретінін көрсетеді) Струве мырза былай дейді: «Бұл ретте «халықтық өндіріс» жалдама еңбек қолданылмаған жай шаруашылық болып шығады. Ал шаруашылық осылай ұйымдастырылып отырған жағдайда «қосымша құн» өндірушінің қолында қалады — бұл даусыз» (176-бет). Сөйтіп, автор еңбек өнімділігі төмен болған жерде бұл ондай «халықтық өндірістегі» адамның жұмысшыдан нашар тұруына бөгет болмайды дейді. Мальтусшілдікпен әуестенушілік авторға көшіріп алған қағидасын дәл тұжырымдатпаған. Сауда капиталы мен өсімқорлық *капитал* әрбір орыс деревнясында еңбекті өзіне бағындырып отыр және — өндірушіні жалдама жұмысшыға айналдырмай-ақ — өндірушіден индустриялы капиталдың қызметкерден алатын қосымша құнынан кем түспейтін қосымша құн алып отыр. Капиталист дербес (сырттан қарағанда дербес) өндірушіден тек даяр товар ғана сатып алғанымен, өндіруші мен тұтынушының арасына *капиталист* келіп араласқан сәттен бастап капиталистік өндіріс басталады (99-бет және 2-ескерту), ал орыстың «дербес» өндірушілерінің арасынан капиталиске (көпеске, алыпсатарға, кулакқа, тағы басқаларға) жұмыс істемейтіндерін табу оңай болмас еді, деп Струве мырза жоғарыда дұрыс айтып өтті. Халықшылдардың ең ірі қателерінің бірі мынау: олар орыстың қоғамдық шаруашылығының капиталистік жолмен ұйымдасуы мен сауда капиталының деревняда толық үстемдік етуінің арасындағы өте тығыз, айрылғысыз байланысты көрмейді. Сондықтан автордың мына сөзі өте дұрыс айтылған:

«халықшыл мырзалардың қолданып жүрген мағынасында алғанда «халықтық өндіріс» деген сөз тіркесінің өзі ешбір нақтылы тарихи тәртіпке үйлеспейді. Біздің Россияда 1861 жылға дейін «халықтық өндіріс» крепостниктік құрылыспен тығыз байланысты болды, ал соңынан 1861 жылдан кейін товар шаруашылығының дамуы жеделдеді, бұл халықтық өндірістің тазалығын бұзбай тұра алмады» (177). Халықшыл өндіріс құрал-жабдықтарының өндірушіге тиістілігі — орыс тұрмысының атам заманғы негізі еді дейді, сөйтіп өз утопиясының пайдасына бола тектен-тек тарихты бұрмалайды, мұны құйтырқы сөздермен бұрмалайды: крепостниктік право тұсында помещик өндіріс құрал-жабдықтарын өндірушіге оның помещикке беретін барщиналық парызын өтеуі *үшін* беріп отырған; үлесті жер еңбек ақының заттай берілген түрі,— қосымша өнімді иемденудің «атам заманғы» әдісі тәрізді еді, деседі. Крепостниктік правоның күйреуі өндірушіні ешбір «азат еткен» жоқ; оның күйреуі қосымша өнімнің *формасын өзгерту* ғана болды. Егер Англияның бір жерінде крепостниктік правоның құлауы шын дербес және еркін шаруаларды туғызған болса, мына біздің реформамыз крепостниктік «масқара» қосымша өнімнен буржуазиялық «еркін» үстеме құнға бірден көшті.

IV ТАРАУ

РОССИЯНЫҢ РЕФОРМАДАН КЕЙІНГІ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР БЕЛГІЛЕРІН СТРУВЕ МЫРЗАНЫҢ ТҮСІНДІРУІ

Струве мырзаның кітабының соңғы (алтыншы) тарауы ең маңызды мәселеге — Россияның экономикалық дамуына арналған. Тараудың теориялық мазмұны мына бөлімдерден тұрады: 1) егіншілік Россияда артық халықтың көбеюі, оның сипаты мен себептері; 2) шаруалардың жіктелуі, оның маңызы және себептері; 3) шаруалардың күйзелуінде өнеркәсіп капитализмінің ролі; 4) жеке меншікті шаруашылық; оның даму сипаты және 5) орыс капитализміне керекті рыноктар туралы мәселе. Струве мырзаның бұл мәселелердің әр-

қайсысы жөніндегі дәлелдерін талдап көруге көшуден бұрын оның шаруалар реформасы жөніндегі ескертулеріне тоқталайық.

Автор реформаны «идеалистік» мағынада ұғынушылыққа қарсы шығып, мемлекеттің еңбек өнімділігін арттыруды талап еткен тілектерін, *құнын төлеушілікті*, «төменнен» болған қысымды көрсетеді. Амал не, автор орынды қарсылығын жеткізе айтпаған. Халықшылдар реформаны «қоғамда» «адамгершілік» және «азаттық» идеялары дамуының жемісі деп түсіндіреді. Бұл фактіде күмән жоқ, бірақ реформаны осыдан деп *түсіндіру* «азат етуді» «азаттық» идеяларына сайып, мағынасыз мылжыңдыққа салыну болып табылады. Материалиске идеяларға бола жүзеге асырылған шаралардың *мазмұнын* ерекше алып қарау қажет болады. Тарихтағы маңызды «реформалардың» ішінде, тіпті таптық сипатта болған реформалардың ішінде де, оны дәріптеп жақсы сөздер мен жақсы идеялар айтылмаған бірде-бір реформа болған емес. Шаруалар реформасында да дәл осындай. Егер реформа жасаған өзгерістердің шын мазмұнына үңілсек, оның сипаты мынадай болып шығады: шаруалардың бір бөлегі жерсіз қалдырылды және ең бастысы — жерінің бір бөлегі өз еншісіне тиген басқа шаруалар оны тіпті басқа біреудің бұйымын алғандай помещиктерге *ақысын төлеп* алуына тура келді, оның үстіне әдейі қымбаттатылған бағамен алды. Бұл сияқты реформалар тек бізде Россияда ғана емес, Батыста да «бостандық» және «теңдік» теорияларымен бүркелді, «Капиталда» бостандық пен теңдік идеяларын шығаруға негіз болған дәл товар шаруашылығының өзі деп көрсетілуі де осыдан. Россияда реформаны жасаған бюрократтық механизм қандай күрделі болғанымен, *сірә* *, ол буржуазияның өзінен қаншама алыс болғанымен, қалай дегенмен де *буржуазиялық тәртіптер* тек *осы* реформа негізінде ғана орнағанында да күмән жоқ. Струве мырза орыстың шаруалар реформасын Батыс Европадағы реформаларға қар-

* Шынында, бұл механизм құрамы жағынан да, шыққан тарихи негізі жағынан да тек буржуазияға ғана қызмет еткен механизм болды, біз мұны жоғарыда да айттық.

сы қойылып жүрген пікір дұрыс емес деп өте орынды айтқан: «Батыс Европада шаруалар жерсіз босатылды немесе, басқаша айтқанда, шаруалар заң жолымен жерсіз қалдырылды (*соншама жалпы түрде*) деу мүлде теріс» (196). Мен «соншама жалпы түрде» деген сөзді баса айтып отырмын, өйткені шаруаларды заң жолымен жерсіз қалдыру — шаруалар реформасы жүргізілген жердің барлығына бірдей талассыз тарихи факт, бірақ бұл жалпылама факт емес, өйткені шаруалардың *бір бөлегі* крепостниктік тәуелділіктен азат етілгенде помещиктерден алған жеріне Батыста *ақы төледі,* бізде де ақы төлеп отыр. Бұл *ақы төлеу* фактісін тек буржуа ғана бүркемелей алады, сөйтіп «шаруаларды жерімен азат ету * Россияны tabula rasa-ға айналдырды-мыс» деп түйеді (Яковлев деген мырзаның сөздері, бұл сөздерді Михайловский мырза «жан-тәнімен қарсы алған» — П. Струвенің кітабының 10-бетінен қараңыз).

I

Струве мырзаның «егіншілік Россияда артық халықтың көбею сипаты» жөніндегі теориясына көшейік. Бұл — ең мәнді пункттердің бірі: мұнда Струве мырза марксизм «доктринасынан» мальтусшілдік доктринаға шегінген. Оның Н.— он мырзаға қарсы таласта дамытқан көзқарастарының мәнісі мынау: егіншілік Россияда артық халықтың көбеюі «капиталистік түрдегі емес, былайша айтқанда, тек жай натуралды шаруашылыққа сай арту» ** дейді.

Струве мырза менің Н.— он мырзаға қарсы пікірім «халықтың относительді түрде артуы жөніндегі Маркстің теориясына Ф. А. Ланге айтқан жалпы қарсылыққа толық үйлеседі» (183-ескерту) дейді, сондықтан

* Шынына көшетін болсақ, шаруалардың *бір бөлегіне* помещиктерден олардың үлесті жерінің *бір бөлегін екі есе қымбат* төлеп сатып алуға жол берілді деу керек еді. Тіпті «жол беру» деген сөздің өзі дұрыс болмайды, өйткені шаруа «үлеспен» осылай «қамтамасыз етуден» бас тартатын болса, болыстық басқармадан дүре алар еді.

** Струве мырза «Sozialpolitisches Centralblatt»-та (1893, № 1, 2 октябрь) бастырған мақаласында осылай тұжырымдайды. Ол бұл көзқарасты «мальтусшілдік көзқарас» деп есептемеймін деп қоса айтады.

біз мұны тексеру үшін әуелі Лангенің осы «жалпы қарсылығына» тоқталамыз.

Ланге Маркстің халықтың өсіп-өнуі туралы заңын өзінің «Жұмысшы мәселесі» деген еңбегінің V тарауында (орысша аудармасының 142 — 178-беттерінде) баяндайды. Ол Маркстің «тегі, әрбір тарихи ерекше өндіріс әдісіне халықтың өзіндік өсу заңы сай келеді, бұл заңның тек тарихи маңызы бар. Өсіп-өнудің абстракт заңы тек өсімдіктер мен хайуанаттарға ғана тән»[129] деген негізгі қағидасынан бастайды. Бұған Ланге былай дейді:

«Анығын айтқанда, өсімдіктер мен хайуанаттар үшін де ешқандай өсіп-өнудің «абстракт» заңы жоқ дегенді айтсақ айып болмаса керек, өйткені жалпы абстракция дегеніміз толып жатқан біртектес құбылыстардан тек бір ортақ құбылысты бөлу болады» (143) дейді де, Ланге абстракцияның не екенін Маркске егжей-тегжейлі түсіндіріп өтеді. Тегі, ол Маркс сөзінің мағынасын мүлдем түсінбеген болса керек. Маркс бұл жөнінде өсімдіктер мен хайуанаттарға адамды мынадай дәлелмен қарсы қояды: адам тарихи ауысып отыратын, *түрлі әлеуметтік организмдерде* өмір сүреді, бұл организмдер қоғамдық өндіріс, демек, бөліс системасы арқылы белгіленеді. Адамның өсіп-өну шарттары түрлі әлеуметтік организмдердің табиғатына тікелей байланысты, сондықтан халықтың өсіп-өну заңын қоғамдық құрылыстың тарихи түрлі формаларынан тыс, «абстракты» түрде зерттемей, осы айтылған организмдердің бас-басына бөлек зерттеу керек. Лангенің абстракция дегеніміз біртектес құбылыстардан тек бір ортақ құбылысты бөлу деген түсінігі бүтіндей оның өзіне қарсы шығады: біз тек хайуанаттар мен өсімдіктердің өмір сүру шарттарын біртектес дей аламыз, адам жөнінде мұны тіпті де айта алмаймыз, өйткені біз адам өзінің ұйымдасуы жағынан түрліше әлеуметтік одақтарда өмір сүріп келгенін білеміз.

Ланге мұнан соң Маркстің капиталистік елде халықтың относительді түрде артуы туралы теориясын баяндай келіп, былай дейді: «алғаш қарағанында бұл теория адамға дейінгі бүкіл органикалық табиғаттағы

ұзақ байланысты үзетіндей болып көрінуі мүмкін, ол теория жұмысшы мәселесінің негіздерін түсіндіргенде адамзаттың өмір сүруі, өсіп-өнуі мен жетілуі туралы жалпы зерттеулердің біздің мақсатымызға, яғни жұмысшы мәселесін түсіну мақсатына мүлде керексіз сияқты етіп түсіндіретіндей болып көрінеді» (154) *.

Маркстің теориясы адамға дейінгі бүкіл органикалық табиғаттағы ұзақ байланысты тіпті де үзбейді: Маркстің теориясы «жұмысшы мәселесінің» — бұл мәселе капиталистік қоғамда ғана болатындықтан — адамның өсіп-өнуі туралы «жалпы зерттеулер» негізінде шешілмей, қайта капиталистік қатынастардың заңдары туралы ерекше зерттеулер негізінде шешілуін ғана талап етеді. Бірақ Ланге басқа пікірде: «шынына келгенде бұл олай емес. Фабрикалық еңбек әуел бастанақ *жоқшылықты* туғызатыны айқын нәрсе» (154),— дейді ол. Сөйтеді де, Ланге өз-өзінен түсінікті және бізді титтей де алға бастырмайтын осы қағиданы бір жарым бет бойына дәлелдеумен болған; біріншіден, өндіріс фабрикалық түрге айналмай тұрған кездегі капитализмнің даму дәуірінің өзінде, машиналар артық халықты туғызудан бұрын-ақ жоқшылықты капитализмнің өзі туғызғанын, екіншіден, қоғам құрылысының капитализмнен бұрынғы формасы — феодалдық, крепостниктік форма өзінің ерекше жоқшылығын өзі туғызғандығын, оның бұл жоқшылықты мұра етіп капитализмге қалдырғанын біз жақсы білеміз.

«Бірақ тіпті осындай күшті көмекшімен де [яғни жоқшылықпен де] алғашқы кәсіпкердің айтарлықтай жұмыс күшін қызметтің жаңа түріне тартуы ілуде бірде ғана кездеседі. Әдетте, бұл былай болады. Фабрикалық өнеркәсіп орныққан жерден кәсіпкер өзімен бірге жұмысшыларды ала келеді; бұған сол кезде жұмыссыз тентіреп жүрген бірнеше бобыльды ** қосады,

* Ал осы «жалпы зерттеулер» дегеніміз не болмақ? Егер бұл зерттеулер адам қоғамының ерекше экономикалық формацияларын елемейтін болса,— онда жалған зерттеулерге айналады. Ал егер бұл зерттеулер бірнеше формацияны қамтитын болса, онда мұның алдында әрбір формацияның жеке-жеке ерекше зерттеулері болуы тиіс екені анық.

** Ал енді осы «бобыльдар» қайдан шыққан? Лангенің ойынша, тегі, бұл крепостниктік тәртіптің қалдығы да емес, капитал ус-

ал бұдан былай фабрика жұмысшыларының қатары *жас өспірімдермен* толықтырылады» (156). Ланге соңғы екі сөзді курсивпен жазады. Тегі, «адамзаттың өмір сүруі, өсіп-өнуі және жетілуі туралы жалпы зерттеулер» нақ осы фабриканттың жұмысшыларды өлмелі кәрілерден алмай, «жас өспірімдерден» алатындығында бейнеленсе керек. Қайырымды Ланге кітабының тағы тұтас бір бетінде (157) осы «жалпы зерттеулерді» әңгіме қылады,— ата-аналар өз балаларын қамтамасыз етуге тырысады, еріккен моралистер адамның туғандағы халден құтылуға ұмтылған әрекетін босқа кінәлайды, бала-шағаның өз табысы болуына тырысу — табиғи нәрсе дегенді айтады. Міне, осы жаттығу жазуынан басқаға жарамсыз көпірменің бәрінен өткен соң ғана істің шындығына келеміз:

«Жері ұсақ және ірі жер иелеріне қарайтын егіншілік басым елде бала табуды ерікті түрде тежеу ниеті халықтың салтына сіңбеген болса, сол территориядағы өндіріс есебінен күп көргісі келетін басы артық жұмыс қолы мен тұтынушылар, сөз жоқ, үнемі кездесіп отырады» (157—158). Бұл нағыз мальтустік қағиданы Ланге ешбір дәлелсіз ұсынады. Ол осы қағиданы қайта-қайта айта береді,— «қалай дегенмен де ондай елдің халқы абсолют жағынан өте сирек болғанмен, онда әдетте относительді артық халық бар екені байқалады», «рынокта еңбек ұсынымы *ұдайы басым* түсіп отырады, ал оның бер жағында сұраным мардымсыз күйінде қалады» (158),— дейді, бірақ мұның бәрі мүлде бос сөз болып қала береді. «Басы артық жұмысшылардың» шынында да «сөзсіз» болуы қайдан туып отыр? Бұл басы артық жұмысшы болуы бала табуды ерікті түрде тежеу ниеті халықтың салтында жоқ болуымен байланысты екені неден көрініп тұр? «Халық салтын» әңгімелеуден бұрын сол халық өмір сүріп отырған өндірістік қатынастарға көз салу керек емес пе? Мәселен, Ланге сөз қылып отырған ұсақ және ірі жер иелері материалдық игіліктер өндірісінде өзара былайша бі-

темдігінің жемісі де емес, қайта «бала табуды ерікті түрде тежеу ниеті халықтың салтына сіңіп болмауының (157-бет)?» нәтижесі болар.

ріккен екен делік: ұсақ жер иелері күн көріс үшін ірі жер иелерінен жер алып, бұл үшін оларға барщинада жұмыс істеп, жерлерін өңдеп берді. Опан соң, бұл қатынастар бұзылды, адамгершілік идеялар ірі жер иелерінің басып айналдырғаны сонша, олар «өз шаруаларын жерімен азат етті», *яғни* шаруалардың үлесті жерінің, шамалап айтқанда, 20 процентін кесіп алып, қалған 80 процентіне жердің сатылатын құнын екі есе өсіріп ақы төлетті делік. Сөйтіп, «пролетариат мерезінен» осылайша құтылған шаруалар күн көріс үшін ірі жер иелеріне бұрынғыдай жұмыс істей беруге тиіс екені, бірақ шаруалардың енді бұрынғыдай крепостник бурмистрдің наряды бойынша емес, ерікті шарт бойынша істейтіні, олай болса, шаруалар енді өзара байланысты болмағандықтан және әрқайсысы өз бетінше қожалық ететін болғандықтан, біреуінің жұмысын біреуі қағып әкететіні түсінікті нәрсе. Жұмысты бірбірінен қағып әкетудің бұл тәртібі кейбір шаруаларды ығыстырып шығармай қоймайды: өйткені үлесті жерінің азайып, жерге ақы төлеудің көбеюі салдарынан шаруалар помещиктерге қарағанда әлсіз бола бастайды, ал олардың бәсекелесуі қосымша өнім нормасын көбейтеді, сондықтан помещик аздаған шаруалармен де іс істей алады. Бала табуды ерікті түрде тежеу ниеті халық салтына қаншама сіңе тұрса да, бәрібір «басы артық жұмысшы» болмай тұрмайды. Лангенің қоғамдық-экономикалық қатынастарды елемейтін пікірлері оның қолданған тәсілдері жарамсыз екенін онан бетер айқын дәлелдейді. Ал Ланге осы сияқты пікірлерден басқа еш нәрсе де айтпайды. *«Қай жұмысқа болса да әрқашан дайын тұрған балалар еңбегі керегінше табылады»* (161), сондықтан фабрика иелері өндірісті алыс түкпірдегі деревняға өзі тілеп көшіреді, дейді Ланге, бірақ өз балаларын кіріптарлыққа түсіруге әкешешелерінің «дайындығын» қоғамдық өндірістің қандай тарихы, қандай әдісі туғызғанын ол зерттемейді. Лангенің тәсілдері бәрінен гөрі оның мынадай пікірлерінен анық көрінеді: ол Маркстің машиналы индустрия капиталдың әйелдер мен балалар еңбегін сатып

алуына мүмкіндік берумен қатар жұмысшыны «құл сатушы» етеді деген сөзін келтіреді.

«Мінеки, сөздің төркіні қалай қарай бет алды!» — деп лепіреді Ланге елірген қалыппен.— «Егер, бір жағынан, жоқшылық, екінші жағынан, табысқа қызығушылық итермелемесе, өзінің жұмыс күшін жоқшылықтың зардабынан ғана сататын жұмысшы мұның үстіпе әйелі мен балаларын саудаға салуға оп-оңай бара қояды деп ойлауға болар ма?» (163).

Қайырымды Ланге жұмысшыны Маркстен қара тер болғанша қорғайды, Маркске жұмысшыны «жоқшылық итермелейді» дегенді дәлелдемекші болады.

«... Шынында да барған сайын өршіген осы жоқшылық тіршілік үшін күрестің өзгерген бір түрі емей немене?» (163).

«Адамзаттың өмір сүруі, өсіп-өнуі және жетілуі туралы жалпы зерттеулер», міне, қандай жаңалық ашуға әкеліп соғып отыр! Егер бізге мұны тіршілік үшін күрестің өзгерген бір түрі деп отырса, бұдан біз «жоқшылықтың» себептері туралы, оның саяси-экономикалық мазмұны мен даму барысы туралы бір нәрсе ұғып біле аламыз ба? Мұны не болса соған, жұмысшының капиталиске, жер иесінің фабрикант пен крепостной шаруаға көзқарасы, тағысын-тағылар туралы да айта беруге болады ғой, Лангенің Марксті түзеймін деген әрекеті бізге осы сияқты бос сөзден немесе аңқаулықтан басқа еш нәрсе бермейді. Лангенің ізбасары Струве мырзаның нақты мәселеде, атап айтқанда егіншілік Россиядағы артық халық туралы пікірінде бұл түзетуді қуаттау жөнінен не айтар екен, енді сопы көрейік.

Товар өндірісі елдің өрісін кеңейтеді,— деп бастайды Струве мырза.— «Айырбастың бұл әрекеті өндірісті техникалық және экономикалық жағынан толық қайта құру жөнінен ғана емес, сонымен бірге өндіріс техникасы бұрынғы қалпынша қалып, натуралды шаруашылық халықтың жалпы экономикасында бұрынғы басым күйінде қалғанның өзінде де бола береді. Бірақ бұлай болған күнде де аз уақыт өрлеуден соң «артық халық» болмай қоймайды; бірақ бұған товар өндірісі кінәлы болған күнде тек: 1) *дем беруші* ретінде,

2) қиындатушы ретінде ғана кінәлы» (182). Артық халық товар шаруашылығынсыз да орын тебер еді; онда капиталистік сипат жоқ, дегенді айтады.

Автордың ұсынып отырған қағидалары, міне, осылар. Бұлары біздің Лангеден көргеніміз сияқты бастан-аяқ құрғақ сөздігімен таңқалдырады: натуралды шаруашылықта артық халық болмай қоймайды деп дәлелденеді, бірақ мұның нақ қандай процесс арқылы болатыны түсіндірілмейді. Автор өз көзқарасын дәлелдейді деп білетін фактілерге тоқталайық.

1762—1846 жылдардың деректері жалпы алғанда халықтың тіпті де тез өспегенін көрсетеді: жылма-жылғы өсімі — 1,07—1,5 процент болған. Оның бер жағында, Арсеньевтің айтуынша, халық «егіншілік» губернияларында тезірек өскен. Осыдан келіп Струве мырза мынадай қорытынды шығарады; бұл «факт халық шаруашылығының тым қарапайым формаларына өте-мөте тән келеді, онда өсіп-өну жердің табиғи құнарлылығына тікелей тәуелді, бұл тәуелділікті, былайша айтқанда, қолмен ұстағандай боласың». Бұл — «халықтың өсіп-өнуі мен тіршілік құралдары арасындағы сәйкестілік заңының» (185) әрекеті. «Жер көлемі неғұрлым кең және табиғи құнарлылығы неғұрлым жоғары болса, халықтың табиғи өсімі де соғұрлым көп болады» (186). Мүлде дәлелсіз қорытынды: Европалық Россияның орталық өңіріндегі губерниялардың ішінде 1790 жылдан 1846 жылға дейін халықтың өсуі бәрінен де Владимир және Калуга губернияларында аз болды деген жалғыз фактіге сүйеніп, халықтың өсіп-өнуі мен тіршілік құралдарының арасындағы сәйкестілік туралы тұтас бір заң шығарылады. Жер көлемінің кеңдігіне сүйеніп, халықтың тіршілік құралдары туралы (соншалықты аз деректер жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік береді дегеннің өзінде) қорытынды шығаруға бола ма екен? Бұл халық «табиғи құнарлылықтан» өндірген өнімдерді керегіне тікелей жаратпай, оны помещиктермен, мемлекетпен бөлісіп отырады ғой. Халықтың қолындағы «тіршілік құралдарының» аз-көптігіне өндірушілердің түгелдей және еркін иелігіндегі жер көлемінен гөрі помещик шаруашылығының белгі-

лі системасы — оброк немесе барщина, алым-салық мөлшері және оларды алу тәсілдері, т. т.— анағұрлым зор әсер ететіні айқын емес пе? Ол ол ма. Крепостниктік правода бейнеленген қоғамдық қатынастарға қарамастан, халық сол кезде де айырбаспен байланысты болған: «өңдеу өнеркәсібінің егіншіліктен бөлінуі, яғни қоғамдық, ұлттық еңбек бөлінісі реформаға дейінгі дәуірде де болды» (189),— деп автор дұрыс айтады. Олай болса, «жері табиғи құнарлы» тамбовтық күйкі егіншіге қарағанда батпақты жерді мекендеген владимирлік майдагердің немесе малмен сауда жасаушының «тіршілік құралдары» аз болады дегенге қалайша келіспекпіз? — деп, сұрауға болады.

Бұдан соң Струве мырза азат ету алдында крепостной халықтың азайғандығы туралы деректер келтіреді. Экономистер бұл құбылысты «әл-ауқаттың нашарлауынан» (189) көреді, ал автор осы экономистердің пікірін айтады. Сөйтіп, ол мынадай қорытынды жасайды:

«Біз азат ету алдында крепостной халықтың азаю фактісіне тоқтадық, өйткені, біздің ойымызша, бұл факт Россияның сол замандағы экономикалық жағдайын айқын сипаттайды. Елдің едәуір жерінде сол кездегі техникалық-экономикалық және әлеуметтік-юридикалық жағдайларда... халық тығыз болды: соңғы жағдайлар бүкіл халықтың 40 процентінің дерлік азды-көпті жылдам өсіп-өнуіне мүлде қолайсыз болды» (189). Өсіп-өнуі зерттеліп отырған қалың бұқараны аттап өтіп, крепостниктік қоғамдық тәртіптер тіршілік құралдарын ат төбеліндей ірі жер иелерінің қолына беріп отырғанда өсіп-өнудің тіршілік құралдарымен сәйкестігі туралы Мальтус «заңының» бұл араға қандайлық қатысы бар? Мәселен, автордың өнеркәсібі нашар дамыған, жерінің құнары кем губернияларда, немесе халқы тығыз қоныстанған таза егіншілік губернияларда халық мүлде аз өсті деген пікірінде титтей бір түйін бар деуге болар ма? Бұдан Струве мырза «артық халық капитализмге байланысты емес» дегенді көргісі келеді, ол товар шаруашылығынсыз-ақ болуға тиіс еді, «натуралды шаруашылыққа сәйкес болуға

тиісті еді» дегісі келеді. Бірақ мұны былай айтуға да әбден болады: артық халықтың болуы крепостниктік шаруашылыққа сай келеді, халықтың баяу өсуі бәрінен гөрі шаруа еңбегін қанаудың күшеюінен болды; помещиктердің барщиналық еңбекті тек өз қажетін өтейтін астықты ғана емес, *сататын астық* өндіруге қолдануы салдарынан помещик шаруашылықтарында товар өндірісінің өсуі бұл қанауды күшейте түсті. Автордың мысалдары оның өзіне қарсы шығады: бұл мысалдар қоғамдық қатынастардың тарихи ерекше системалары мен олардың даму сатыларын елемей, өсіп-өну тіршілік құралдарына сәйкес болады дейтін тұжырым бойынша халықтың өсіп-өнуінің абстракт заңын шығара қою мүмкін еместігін көрсетеді.

Реформадан кейінгі дәуірге көше келіп, Струве мырза былай дейді: «азат етілгенге дейінгі болған негізгі белгілерді халықтың крепостниктік право жойылғаннан кейінгі тарихынан да көріп отырмыз. Өсіп-өну қарқыны жалпы алғанда жердің және үлесті жердің көлеміне тікелей байланысты» (198). Мұның өзі шаруаларды үлесті жерінің көлеміне қарай топтайтып және үлесті жерінің көлемі неғұрлым үлкен болса, халықтың өсуі де соғұрлым көп болады деп көрсететін кесте арқылы дәлелденеді. «Бұл өндірушінің өз мұқтаждарын тікелей өтеуіне қызмет ететін *натуралды*, «өзі өндірген өнімді өзі тұтынатын»... шаруашылық *жағдайында басқаша болуы мүмкін де емес»* (199).

Шынында, *бұл осылай болған болса,* үлесті жерлер ең алдымен өндірушінің мұқтаждарын тікелей өтеуіне қызмет ететін болса, олар осы мұқтаждарды өтеудің бірден-бір көзі болса,— тек сонда, тек сонда ғана бұл сияқты деректерден өсіп-өнудің жалпы заңын шығаруға болар еді. Бірақ біз мұның бұлай емес екенін білеміз. Үлесті жерлер «ең алдымен» помещиктер мен мемлекеттің мұқтаждарын өтеуге қызмет етеді: бұл «мұқтаждар» мезгілінде өтелмесе, үлесті жерлер иесінің қолынан тартып алынады да, оларға келтіретін табыстан артып түсетін мөлшерде салық салынады. Онан соң, бұл — шаруаның бірден-бір қоры емес. Автор былай дейді: шаруашылықтағы шеккен зиян әрі халыққа

сабақ, әрі жаза ретінде әсер етуі тиіс. Ересек ер адамдардың шетке кәсіп іздеп кетуі халықтың өсіп-өнуіне кедергі болады (199). Ал егер үлесті жердегі шаруашылықтың шеккен зияны арендамен немесе кәсіптік табыспен жабылса, онда шаруаның тіршілік құралдары «қарқынды өсіп-өнуге» толық жеткілікті болуы мүмкін. Дау жоқ, жағдайдың мұндай қолайлы қалыптасуы шаруалардың тек азшылығына ғана мүмкін нәрсе, бірақ шаруалардың ішіндегі өндірістік қатынастарға арнайы талдау жасамайынша, бұл өсудің біркелкі болатыны, оның көбінесе азшылықтың әл-ауқаттылығынан туған нәрсе еместігі ешқайдан көрінбейді. Ақырында, автор өз қағидасының дәлелділігінің шарты етіп натуралды шаруашылықты келтіреді, ал реформадан кейін, оның өз мойындауы бойынша, бұрынғы өмірге товар шаруашылығы кеңінен енді. *Өсіп-өнудің жалпы заңын анықтау үшін* автордың деректері мүлде жеткіліксіз екені өзінен-өзі көрініп тұр. Ол ол ма, талданып отырған қоғамда өндіріс құрал-жабдықтары «ең алдымен өндірушінің өз мұқтаждарын тікелей өтеуге қызмет етеді» дейтін бұл заңның абстракт «қара дүрсіндігі» сондайлық күрделі фактілерді мүлде теріс, ешбір дәлелсіз көрсетеді. Мәселеп: шаруаларды азат еткеннен кейін,— дейді Струве мырза,— оларға жерді арендаға беру помещиктерге тиімді болды. «Сөйтіп, шаруалардың азық-түлік алатын жер көлемі, яғни оның тіршілік құралдары өсті» (200). Барлық арендасы турадан-тура «азық-түлік алатын жер көлемінің» есесіне жатқызу мүлде бос сөз және мүлде дұрыс емес. Помещиктер өз жерінде өндірілген өнімнің денін өздеріне алып қоятынын (200) автордың өзі айтып отыр, ендеше ондай аренда (мысалы, жұмыспен өтеу үшін алған аренда) арендаторлардың жағдайын нашарлатқан жоқ па, ақыр аяғында арендаторлардың мойнына азық-түлік алатын жер көлемін азайтуға әкеп соғатын міндеттер жүктеген жоқ па,— бұл әлі шешуді керек қылады. Онан соң, автор арендаға тек ауқатты (216) шаруалардың қолы жетеді, сондықтан ауқатты шаруалардың қолындағы аренда «өзі тұтынатын» шаруашылықты нығайтудан гөрі товар шаруашылығын ұлғайту

құралы болуы тиіс, дейді. Тіпті жалпы алғанда аренда «шаруалардың» жағдайын жақсартты деп дәлелдеген күнде де, автордың өзі айтқандай, кедейлер арендадан күйзеліп отырса (216) — яғни әлгі жақсару біреулер үшін жақсы, енді біреулер үшін жаман болып отырса, сонда бұл жағдайдың қандай маңызы болмақ? Шаруа арендасында ескі крепостниктік қатынастар мен жаңа капиталистік қатынастар, тегі, араласып жатса керек; осының екеуіне де көңіл қоймайтын автордың жалпылама пікірі бұл қатынастарды түсінуге көмектеспейтіні былай тұрсын, қайта мәселені шатастыра түседі.

Автор өз көзқарастарын дәлелдейді-міс деп келтірген деректеріне нұсқаған тағы бір пікірі қалып отыр. Ол дәл мынаған сілтейді: *«жер тапшылығы* дейтін бұрынғы ескі сөз — ғылым артық халық деп атайтын құбылысқа қойылған жай қарапайым термин» (186). Сөйтіп, автор біздің бүкіл халықшылдық әдебиетке сүйенгендей болады, ал ол әдебиет шаруалардың үлесті жерлері «жетімсіз» екенін даусыз дәлелдеді, халық көбейді — үлесті жерлер ұсақтап кетті, сондықтан шаруалардың күйзелуі табиғи нәрсе дейтін «қарадүрсін» пікірге сүйеніп, «шаруалардың жер иеленуін кеңейту» керек деген тілегін мың рет «дәлелдеумен» келеді. Бірақ «жер тапшылығы» туралы әбден тозығы жеткен бұл халықшылдық пікірдің қандайда болса бір ғылыми* маңызы бола қояр ма екен, бұл пікір отанның басына ауыртпалық түсірмей тура жолмен өрлету мәселесін қарайтын комиссияда айтылатын «ізгі ниетті сөзден» басқа еш нәрсеге жарай қояр ма екен. Бұл пікірден ағаштың тасасынан орман көрінбейді, құбылыстың сыртқы бейнесі тасасынан өмірдің негізгі қоғамдық-экономикалық суреті көрінбейді. Бір жағынан, орасан көп жер қорының «ескі дворяндық» уклад өкілдерінің қолында болуы, екінші жағынан, жерді сатып алу арқылы иелену — негізгі сурет, міне, осы; мұндайда «жер

* Яғни жердің «жеткіліксіз» болуы да, сондай-ақ халықтың өсуі салдарынан бұл тапшылықтың асқына түсуі де талассыз факт болғанмен, бұл пікір шаруалардың күйзелуі мен артық халықтың болу себебін *түсіндіруге* мүлде жарамайды. Факт тек айтып қана қоймай, оның қайдан шыққанын түсіндіруді де керек қылады.

иеленушілікті ұлғайту» әрекетінің бәрі құр далбаса болып қала бермек. Сондықтан жердің жетімсіздігі туралы халықшылдық пікір де, өсіп-өнудің тіршілік құралдарына сәйкестігі туралы мальтустік «заңдар» да белгілі бір, нақтылы қоғамдық-экономикалық қатынастарды елемейтін өзінің абстракт «қарадүрсіндігімен» жаңсақ болып отыр.

Струве мырзаның дәлелдеріне жасалған осы шолу бізді мынадай қорытындыға әкеп тірейді: оның егіншілік Россияда артық халықтың болуы өсіп-өнудің тіршілік құралдарына сәйкес келмеуінен болады-мыс дейтін қағидасы еш нәрсемен мүлде дәлелденбеген. Ол өз дәлелдерін былай қорытады: «товар шаруашылығы жағдайлары және крепостниктік заманның әлеуметтік құрылысынан мұра болып қалған басқа да маңызды белгілер асқындыра түскен натуралды шаруашылықтағы артық халықтың суреті,— міне, осындай» (200). Әрине, «натуралды» шаруашылықтан «товар» шаруашылығына көшуді бастан кешіріп жатқан елде экономикалық фактінің қандайы туралы болса да, бұл — «товар шаруашылығының жағдайлары асқындыра түскен натуралды шаруашылық» құбылысы ғой дей салуға болады. Мұны, керісінше: «натуралды шаруашылық жағдайлары күрделендіре түскен товар шаруашылығы құбылысы» деуге де болады. Бірақ мұның *бәрі де белгілі қоғамдық-экономикалық қатынастар негізінде* артық халық қалай пайда болатынының «суретін» бермейтіні былай тұрсын, тіпті ол туралы титтей түсінік те бере алмайды. Автордың Н. — он мырзаға, оның Россияда халықтың капиталистік жолмен артық өсуі туралы теориясына қарсы қойған түйінді қорытындысы: «біздің шаруалар азық-түлікті жеткіліксіз өндіреді» (237) деген сөздер.

Шаруалардың егіншілік өндірісі мемлекет арқылы жердің ақысын алып отыратын помещиктерге баратын өнімді осы кезге дейін беріп келеді,— бұл өндіріс шаруалардың басым көпшілігінен өнімнің орасан көп бөлігін жырып алып отырған сауда және өсімқорлық *капитал* операцияларының тұрақты объектісі болып табылады,— ақырында, бұл өндірістің «шаруалардың» өз

арасында бөлінуінің күрделілігі сонша, жалпы және орта пайда (аренда) бұқара үшін зиян болып шығады, ал қоғамдық қатынастардың бүкіл осы желісінің гордий түйінін [130] Струве мырза «өндіріс жетімсіз» деген абстракт әрі түкке тұрғысыз ұйғарындымен бір-ақ кеседі. Жоқ, бұл теория ешқандай сынды көтермейді: бұл теория тек зерттеуді керек ететін нәрсені,— шаруалардың егіншілік шаруашылығындағы өндірістік қатынастарды шатастырады. Мальтусшілдік тұжырым бізге істің жайын орыстың шаруалар шаруашылығының қазіргі құрылысында араласып жатқан крепостниктік және буржуазиялық қатынастар түрінде емес, tabula rasa сияқты етіп көрсетеді.

Әлбетте, біз тек Струве мырзаның көзқарастарын сынаумен қанағаттана алмаймыз. Біз сонымен қатар өзімізге: оның қателерінің негіздері неде? және артық халықтың себебін түсіндіру жөнінде айтысушылардың (Н.— он мырза мен Струве мырза) қайсысыпікі дұрыс? — деген сұрақ қоюға тиіспіз.

Н.— он мырза артық халық жөніндегі түсінігін кәсіптерді капиталистіктендіру салдарынан көптеген жұмысшылардың «босап қалу» фактісімен негіздейді. Мұның үстіне ол фабрика-заводтық ірі өнеркәсіптің өсуі туралы деректерді ғана келтіріп, қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдей түскенін көрсетіп майдагерлік кәсіптердің жарыса өскен фактісін ескерусіз қалдырады *. Ол егіншілікті түсіндіруге көшеді, ал оның қоғамдық-экономикалық ұйымдасуын және *сол ұйымдасудың даму дәрежесін* дәл суреттеу дегенді тіпті ойына да алмайды.

Струве мырза бұған жауап ретінде: «Маркстің тұрғысынан алсақ, халықтың капиталистік жолмен артық өсуі техника прогресіне тығыз байланысты» (183) — дейді де, Н.— он мырза екеуі шаруа «шаруашылығының техникасы жөнді ілгері басқан жоқ» (200) деп та-

* Реформадан кейін біздің майдагерлік кәсіптердің өсуі және толып жатқан жаңа түрлерінің жарыққа шығу фактісі жұртқа мәлім. Маркстің «өнеркәсіптік капитал үшін ішкі рыноктың құрылуын» түсіндіргенде басқа кәсіптердің капиталистіктенуімен қатар бұл фактіні теория жүзінде түсіндіргені де мәлім [«Das Kapital», 2. Aufl., S. 776 u. ff. («Капитал», 2-басылуы, 776 және келесі беттер. *Ред.*)] [131],

бады, сөйтеді де ол егіншілік Россиядағы артық халықты капиталистік жолмен артық өсу деп танудан бас тартады, сөйтіп бұған басқаша түсінік іздестіреді.

Струве мырзаның Н.— он мырзаға жауап ретінде айтқаны дұрыс. Халықтың капиталистік жолмен артық өсуі *капиталдың* өндірісті меңгеріп алып және қажетті (белгілі бір мөлшерде өнім өндіруге) жұмысшы санын азайта келіп, артық халық шығаратынынан туады. Егіншілікте халықтың капиталистік жолмен артық өсуі туралы Маркс былай дейді:

«Капиталистік өндіріс ауыл шаруашылығын меңгеріп алысымен немесе оны меңгеруіне қарай бұл салада қызмет ететін капиталдың қорлануымен бірге село жұмысшыларына деген сұраным абсолютті түрде азаяды, бірақ жұмысшыларды ығыстыру егіншілікке қатысы жоқ өнеркәсіптегі сияқты оларды көптеп тарту арқылы жүргізілмейді. Сондықтан село халқының бір бөлегі қалалық немесе мануфактуралық халыққа айналуға қашан да дайын тұрады *. (Бұл жерде мануфактура — егіншілікке қатысы жоқ өнеркәсіп атаулының мағынасында айтылып отыр). Сөйтіп халықтың относительді түрде артық өсуінің бұл қайнар бұлағы ұдайы ағып жатады. Бірақ оның ұдайы ағысының өзі деревняда артық халықтың үнемі байқалмай өсуін керек етеді, оның мөлшері айналма каналдар ерекше кең ашылған кезде ғана көріне бастайды. Осының салдарынан село жұмысшысы жалақының ең аз мөлшеріне қанағаттануға мәжбүр болады да, бір аяғы ұдайы пауперизм батпағында тұрады» («Das Kapital», 2. Aufl., S. 668) [132].

Н.— он мырза егіншілік Россиядағы артық халықтың капиталистік сипатын *дәлелдей алмаған,* себебі ол бұл мәселені егіншіліктегі капитализммен байланыстыра қоймаған: ол жеке иеліктегі шаруашылықтың капиталистік эволюциясын үстірт жәпе шала-шарпы көр-

* Айта кетелік. Лангенің өзі жете түсінбеген Маркс теориясына түзету енгізуіне, бәлкім, осы фактіні байқағаны себеп болған шығар. Бұл фактіні талдай отырып, қоғамдық өндірістің қазіргі (капиталистік) әдісін бас пункт етіп алу орнына және егіншілікте оның пайда болуын қадағалау орнына «халық салттарының» түрлі өзгешеліктері дегендерді өз ойынан шығарған.

сетумен қанағаттанып, шаруа шаруашылығы ұйымдасуының буржуазиялық белгілерін мүлде көрмеген. Н.— он мырзаның баяндауындағы өте маңызды бұл нашар жерін Струве мырзаның түзетуі керек еді, өйткені егіншіліктегі капитализмді, оның үстемдігін және сонымен қатар оның әлі нашар дамығанын елемеу ішкі рынок жоқ немесе ол тарылуда дейтін теорияға әкеліп соққан. Н.— он мырзаның теориясын біздің егіншіліктегі капитализмнің нақтылы мәліметтерімен ұштастырудың орнына Струве мырза артық халықтың нағыз капиталистік сипатын мойындамай, тағы бір қатеге ұрынды.

Бүкіл реформадан кейінгі тарих *капиталдың* егіншілік шаруашылығына енуімен сипатталады. Помещиктер ерікті жалдама еңбекке көшті (бұл көшу баяу болды ма әлде жылдам болды ма,— ол басқа мәселе), бұл ерікті жалдама еңбек өте кең тарап, шаруалар табысының басым көпшілігінің сипатын да анықтайтын болды; олар техниканы жоғары сатыға көтеріп, машина қолдануды енгізді. Тіпті шаруашылықтың құрып бара жатқан крепостниктік системасы — шаруаларға жерді жұмыспен өтейтін етіп беру — шаруалар бәсекесінің салдарынан буржуазиялық сипат алды: ол бәсеке жалға жер алушылар жағдайының нашарлауына, неғұрлым ауыр жағдайға ұшырауына *, демек, жұмысшылар санының азаюына әкеліп соқты. Шаруалар шаруашылығында шаруалардың деревня буржуазиясы және деревня пролетариаты болып жіктелгені әбден ашық көрінді. «Байлар» егісін кеңейтті, шаруашылығын жақсартты [*В. В.*-ның «Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар» дегенін салыстырыңыз], сөйтіп жалдама еңбекті қолдануға мәжбүр болды. Мұның бәрі әлдеқашан анықталған, жұрттың бәрі мойындаған фактілер, мұны Струве мырзаның өзі де айтып отыр (оны қазір көреміз). Мысалмен көрсету үшін

* Мәселен, Карышевті қараңыз. («Земство статистикасының қорытындылары», II том, 266-бет) — жинақта Дондағы Ростов уезінде шаруалардың шөмелелік [133] үлесінің біртіндеп азая беруін көрсеткенін қараңыз. Жарналас аренда кезінде шаруалардың жұмыспен қосымша ақы төлеуі туралы да сол кітаптың V тарауындағы 9-параграфтан қараңыз.

орыс деревнясындағы тағы бір ең дағдылы жағдайды алайық: «кулак» «қауымынап», дұрысырақ айтқанда, пролетариат типтес қауымдастардан үлесті жердің шұрайлы бөлегін жырып алып, ол жерде сол баяғы «үлесті жермен қамтамасыз етілген» шаруалардың еңбегімен, құрал-саймандарымен шаруашылық жүргізеді, ал бұл шаруалар борыштармен, міндеттемелермен шырмалған, сойтіп халықшылдарға қатты ұнаған қауымдық негіздердің — әлеуметтік өзара ыңғайласу және ынтымақтасып іс істеудің күшімен өзінің жарылқаушысына жінсіз байланған. Кулактың шаруашылығы күйзеліске ұшыраған шаруалардың шаруашылығынан, әлбетте, жақсы жүргізіледі және жердің шұрайлы бөлегі бірнеше ұсақ жер иесінің қолында болған кездегіден жұмысшыны әлдеқайда аз тілейді. Бұл сияқты фактілердің бірен-саран емес, жаппай кездесетінін бірде-бір халықшыл теріс дей алмайды. Халықшылдар теорияларының өзгешелігі сол — олар бұл фактілерді ішын атымен атағысы келмейді, бұл теориялар — *егіншілікте капиталдың үстемдік етіп отырғанын* бейнелейтінін көргісі келмейді. Халықшылдар *капиталдың* бастама формасы әрқашан және барлық жерде сауда, ақша капиталы болғанын, капитал қашан да өндірістің техникалық процесін әуелгі кездескен күйінде алатынын, сөйтіп тек соңынан ғана техникалық жағынан қайта құратынын ұмытады. Сондықтан олардың қазіргі егіншілік тәртіптерді «төніп келе жатқан» (?!) капитализмнен «қорғауы» (әрине, сөзбен қорғайды,— онан басқа еш нәрсе де емес) капиталдың *орта ғасырлық* формаларын капиталдың ең жаңа, таза буржуазиялық формаларының қысымынан қорғау ғана болып шығатынын көрмейді.

Сонымен, капиталдың егіншілікте үстемдік етіп отырғанын теріске шығаруға болмайтыны сияқты, Россиядағы артық халықтың капиталистік сипатын да теріске шығаруға болмайды. Бірақ Н.— он мырза сияқты *капиталдың даму дәрежесін* елемеушілік, әрине, мүлде сорақы нәрсе; ол капиталды әбден дерлік кемеліне келіп болған деп түсінуге әуестеніп алған, сондықтан ішкі рынок тарылды немесе жоқ дейтін теория

шығарған, ал шындығына келсек, капитал қазірдің өзінде-ақ үстемдік құрып, бірақ біршама жетілмеген формада үстемдік құрып отыр; капитализм әбден дамығанға дейін, өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан толық айырғанға дейін әлі көптеген аралық сатылар бар, ал егіншілік капитализмнің алға басқан әрбір қадамы ішкі рыноктың *өсуін* білдіреді, Маркстің теориясы бойынша, бұл рынокты құратын да егіншілік капитализм,— ішкі рынок Россияда тарылып бара жатқан жоқ, қайта қалыптасып, дамып келеді.

Онан соң, тым жалпылама болғанымен, біздің егіншілік капитализмге* берілген осы сипаттамадан капитализмнің деревнядағы қоғамдық-экономикалық қатынастардың *барлығын* қамтымағанын көреміз. Онымен қатар крепостниктік қатынастардың шаруашылық саласында әлі де бар екенін (мысалы, кесінді жерді жалға бергенде ақысын жұмыспен және заттай өтейтін етіп беру—мұнда крепостниктік шаруашылықтың барлық белгілері көрініп тұр: өндіруші мен өндіріс құрал-жабдықтарын иеленушінің арасында болатын заттай «өзара қызмет етушілік» те, өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан айыру арқылы емес, жерге *жіпсіз байлау* арқылы қанау да бар), ал әлеуметтік және юридикалық-саяси саласында бұл қатынастардың одан да басым екенін (міндетті түрде «үлесті жермен қамтамасыз ету», жерге байлау, яғни бір жерден екінші жерге кету бостандығының жоқтығы, жердің төлемін өтеу, яғни помещикке сол бәз-баяғы оброк төлеу, сот және басқару ісі жөніндегі артықша жағдайдағы жер иелеріне бағыну, т. т.) көреміз; бұл қатынастар да шаруалардың күйзелуіне, жұмыссыздыққа, жерге жіпсіз байланған батырақтардың «артық өсуіне» әкеліп соқтыратыны күмәнсыз. Қазіргі қатынастардың капиталистік негізі «ескі дворяндық» жіктердің әлі құдіреті күшті осы қалдықтарын жасырмауға тиіс, капитализмнің жете дамымауы салдарынан бұл қалдықтарды капитализм *әлі талқандаған жоқ*. Капитализмнің жете дамымағанын, «Россияның мешеулігін» халықшылдар

* Ол туралы төменде толығырақ айтылады, шаруалар мен помещиктер жөнінде жеке айтылады.

«бақыт» * деп санайды, ал шынында бұл ізгі атаққа не қанаушылар үшін ғана «бақыт» болып табылады. Сонымен, қазіргі заманғы «артық халықта» негізгі капиталистік белгілермен қабат крепостниктік белгілер де бар.

Егер біз бұл соңғы қағиданы Струве мырзаның «артық халықта» натуралды шаруашылықтың белгілері мен товар шаруашылығының белгілері бар деген қағидасымен салғастырсақ, онда біріншісі екіншісін жоққа шығармайтынын, қайта бірінші екіншінің ішіне кіретінін көреміз: крепостниктік право «натуралды шаруашылық» құбылысына, капитализм «товар шаруашылығы» құбылысына жатады. Струве мырзаның қағидасы, бір жағынан, нақты қандай *қатынастар* натуралды шаруашылыққа, қандай *қатынастар* товар шаруашылығына жататынын дәл көрсетпейді, ал, екінші жағынан, бізді кері қарай, Мальтустің мәнсіз, мазмұнсыз «заңдарына» қарай тартады.

Әлбетте, осы кемшіліктерден оның мұнан былайғы баяндауының қанағаттанғысыздығы келіп шығады. Автор «біздің халық шаруашылығымызды қалай, қандай негіздерде қайта құруға *болады?»* (202),— деп сұрақ қояды. Бұл тағы да сол бұрынғы нағыз профессорларша, қазіргі жағдайдың нашарлығын көрсетіп, отан үшін жақсы жол іздейтінін халықшыл мырзалардың мәселе қоюдағы дағдысынша тұжырымдалған сөкет сұрақ. «Біздің халық шаруашылығымыз» — капиталистік шаруашылық, бұл шаруашылықты ұйымдастыру және «қайта ұйымдастыру» ісін осы шаруашылықтың «меңгерушісі» буржуазия шешеді. Қайта құру мүмкіндігі туралы мәселенің орнына осы буржуазиялық шаруашылық дамуының дәйекті сатылары туралы мәселе қою керек еді,— автордың Н.— он мырзаны «даусыз марксист» деп бағалайтын В. В. мырзаға бұл «даусыз марксистің» тап күресі туралы және мемлекеттің таптық тегі туралы түк түсінігі жоқ,— деп тамаша жауап беруде пайдаланған теория тұрғысынан қою керек еді. Мәселе қоюды осы көрсетілген мағынада өзгерткенде

* «Русское Богатствода» Южаков мырза жазған болатын.

автор «шаруалар» туралы қате пікірлерден аулақ болар еді, бұл қате пікірлерді біз оның кітабының 202—204-беттерінен оқып отырмыз.

Автор сөзін мынадан бастайды: шаруаларға берілген үлесті жер жетпейді, бұл жетімсіздіктің орнын олар арендамен толтырған күннің өзінде де «шаруалардың едәуір бөлегі» бәрібір *әрқашан* тапшылық көреді; шаруаларды сөз қылғанда, оны бір тұтас нәрсе деп қарауға болмайды, өйткені бұл жоқ нәрсені * сөз қылу болып шығады (203-бет). Сөйтіп, мұнан тұп-тура мынадай қорытынды шығарады:

«Қалай дегенмен де, өндірістің жетімсіздігі — біздің халық шаруашылығының *негізгі, басым* фактісі болып табылады» (204-бет). Бұл нағыз барып тұрған бос сөз және мұның алдындағы айтқандарымен ешбір байланысы жоқ: шаруалар арасында бір-біріне дұшпан таптар қалыптасып жатыр, сондықтан шаруаларды бір тұтас нәрсе деудің жоқ нәрсені сөз қылу екені неліктен «негізгі, басым факт» болып табылмайды? Автор бұл қорытындысын ешқандай деректерге сүйенбей, «өндірістің жетімсіздігіне» [алайда бұл жетімсіздік азшылықтың көпшілік есебінен баюына кедергі жасамайды] немесе шаруалардың жіктелуі жөніндегі фактілерге ешқандай талдау жасамай, мальтусшілдікті жақтайтын қайдағы бір теріс ұғымға сүйеніп жасап отыр. Автор онан соң былай дейді: «сондықтан егіншіліктегі еңбек өнімділігінің артуы орыс шаруалары үшін тікелей пайдалы және игілікті іс» (204). Біздің таңымыз бар: автор «жоқ нәрсені сөз қылғаны» — жалпы «шаруалар» туралы пікір айтқаны үшін халықшылдарға қарсы жаңа ғана елеулі (және өте әділ) кінә тағып еді, ал енді сол жоқ нәрсені сөз қылуды өз зерттеуіне өзі енгізіп отыр! Егер осы «шаруалардың» ішіндегі қатынастар «азшылықтың экономикалық жағынан күшейіп», көпшіліктің пролетариатқа айналуына, азшылықтың жерге иелігі ұлғайып, байи беруіне, ал көпшіліктің әрқашан тапшылық пен күйзеліске

* «Голубев мырзаның тамаша жазылған мақалаларында айтылған пікірлерінің басты кемшілігі — оның нақ осы жоқ нәрсені сөз қылудан арыла алмауында» (203).

ұшырауына соқтырып отырса, мұндайда жалпы процестің «тиімділігі мен пайдалылығы» туралы сөз қылуға бола ма? Автор, сірә, процесс шаруалардың екі бөлегінің екеуіне де пайдалы дегісі келген болар. Бірақ олай болған күнде ол, біріншіден, әрбір жеке топтың жағдайын жеке алып қарап, оны өз алдына бөлек зерттеуге тиісті еді, ал, екіншіден, топтар арасында антагонизм болып отырғанда «тиімділік пен пайдалылық» туралы сөз *қай* топтың тұрғысынан айтылғандығын анықтау қажет еді. Струве мырзаның объективизмінің қанағаттанғысыздығы, жеткізе айтылмағандығы бұл мысалда тағы да дәлелденіп отыр.

Н.— он мырза бұл мәселе жөнінде қарсы пікірде, ол «егер өнім товар түрінде өндірілетін болса, егіншіліктегі еңбек өнімділігінің артуы * халықтың әл-ауқатын көтеруге қызмет етпейді» («Очерктер», 266-бет) дейді, ал Струве мырза енді осы пікірді теріске шығаруға кіріседі.

Біріншіден, дейді Струве мырза, қазіргі дағдарыстың барлық ауыртпалығын мойнымен көтерген шаруа астықты өзінің тұтынуы үшін өндіреді; ол астық сатпайды, қайта өзі қосымша сатып алады. Мұндай шаруа үшін еңбек өнімділігінің артуы, астық бағасының арзандауына қарамастан, қалайда тиімді болады, ал ондайлар (жалғыз аттылар мен аты жоқтар) 50 процентке дейін барады, ал (аты жоқтар) қазірде 25 проценттен тіпті де кем емес.

Әрине, егер мұндай шаруа өз шаруашылығын ұстап тұра алатын және оны жоғары сатыға көтере алатын болса, онда еңбек өнімділігінің артуы ондай шаруаға тиімді болар еді. Бірақ жалғыз атты, аты жоқ шаруаларда бұл жағдай жоқ қой, құрал-саймандары қарапайым, жерді салақ өңдейтін, тағы сондай жағдайлары бар мұндай шаруалардың техниканы көтермек түгіл, қазіргі шаруашылығын ұстап тұруға да шамасы келмейді. Ал техниканың бұлай көтерілуі товар шаруашылығы өсуінің нәтижесі болып табылады. Сондықтан

* «Қалай болғанмен де» ол «керек және қажет»,— деп қосады Н.— он мырза.

товар өндірісі дамуының бұл сатысында астық сату ісі қосымша астық сатып алуына тура келетін шаруалар үшін де қажетті болып отырса, онда келесі сатысы осы астық сату ісін одан бетер міндетті етеді (натуралды шаруашылықтан товар шаруашылығына көшудің қажеттігін автордың өзі де мойындайды), сөйтіп егіншілік мәдениетін жоғарылатқан қожайындардың бәсекесі әлгі шаруаны сөзсіз және дереу титығына жеткенше тонайды, жерге байланған пролетарийдан қайда барса басы бос пролетарийға айналдырады. Менің тіпті де мұндай өзгеріс әлгі *шаруаға* тиімсіз болды дегім келмейді. Қайта, өндіруші капиталдың шеңгеліне іліккен екен—ал бұл шаруалардың әңгіме болып отырған осы тобы жөнінде талассыз факт — енді оған толық бостандық өте «тиімді және игілікті» болады, бұл бір қожайыннан шығып, екіншісіне жалдануға мүмкіндік береді, қолын байлаудан босатады. Бірақ Струве мен Н.— он мырзалардың айтысы тіпті де *осындай* пікір төңірегіпде болып отырған жоқ.

Екіншіден,— дейді бұдан соң Струве мырза,— Н.— он мырза «егіншіліктегі еңбек өнімділігінің артуы *техниканы* және шаруашылықтың немесе егін шаруашылығының *жүйесін* өзгерту арқылы ғана мүмкін болатынын ұмытады» (206). Шынында да, Н.— он мырза мұны ұмытып отыр, бірақ бұл пікір әлсіз, «пролетарлық типтегі» шаруалардың біржолата экспроприацияланбай қалмайтыны жөніндегі қағиданы тек күшейте түседі. Техниканы өзгертіп, жақсарту үшін ақшалай қосымша қаржы керек, ал әлгі шаруалардың керек десе азық-түлікке де қаржысы жоқ.

Үшіншіден, Н.— он мырзаның егіншіліктегі еңбек өнімділігінің артуы бәсекешілерге бағаны төмендеткізеді дегені дұрыс емес,— деп қорытынды жасайды автор. Бағаны бұлай төмендету үшін біздің егіншіліктегі еңбек өнімділігі Батыс Европадағы еңбек өнімділігін қуып жетіп қана қоймай [бұлай болған күнде біз өнімді қоғамдық-қажетті еңбек мөлшеріне сәйкес сататын боламыз], басып озуы қажет,— деп Струве мырза дұрыс айтқан.— Оның бұл қарсылығы әбден орынды, бірақ бұл қарсылық техниканың жақсаруы, атап айтқанда,

«шаруалардың» қай бөлегіне және не себепті тиімді болатындығы туралы еш нәрсені әлі аңғартпайды.

«Жалпы айтқанда — Н.— он мырза егіншіліктегі еңбек өнімділігінің артуынан босқа қорқып жүр» (207). Струве мырзаның ойынша, бұлай болатын себебі: Н.— он мырза ауыл шаруашылығының прогресі дегенді ылғи машиналардың жұмысшыларды барған сайын көптеп ығыстыруымен қатар жүргізілетін экстенсивті егіншілік прогресі деп түсінеді.

Автор Н.— он мырзаның егіншіліктегі техниканың өсуіне көзқарасын: «қорқу» деген сөзбен өте дәл сипаттайды; оның бұл қорқу — сорақылық деуі өте дұрыс. Бірақ, оның келтірген дәлелдері, біздің ойымызша, Н.— он мырзаның негізгі қатесін ашпайтын сияқты.

Н.— он мырза марксизм доктринасынан ешбір шапшау шықпағансиды, сөйте тұрса да капиталистік қоғамдағы капиталистік егіншілік эволюциясын өңдеуші өнеркәсіп эволюциясынан мейлінше ажыратып қарайды,— ол ажырату мынада: мұның соңғысы үшін капитализмнің прогрестік жұмысын, еңбекті қоғамдастыратынын мойындайды, ал біріншісі үшін мойындамайды. Сондықтан ол өңдеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігінің артуынан «қорықпайды», ал егіншілікте — еңбек өнімділігінің артуынан «қорқады», бірақ *істің қоғамдық-экономикалық жағы мен бұл процестің қоғамның түрлі таптарына жасайтын ықпалы осы екі жағдайдың екеуінде де мүлде бірдей болады...* Маркс бұл қағиданы мына ескертпесінде ерекше ашып айтқан: «Құдайдың Каиннан бауырың Авель қайда деп сұрағаны сияқты, ағылшынның Милль, Роджерс, Гольдвин Смит, Фаусетт және басқа филантроп экономистері мен Джон Брайт пен оның сыбайластары секілді либерал фабриканттары ағылшынның жер иеленуші аристократтарынан: біздің мыңдаған шаруаларымыз қайда кетті? — деп сұрайды.— Ал сіздердің өздеріңіз қайдан шықтыңыздар? Сол шаруалардың жойылуынан шықтыңыздар. Ал сіздер дербес тоқымашылар, жіп иірушілер, қолөнершілер қайда кетті деп неге сұрамайсыздар?

(«Das Kapital», I. S., 780, Anm. 237 *). Соңғы сөздер егіншіліктегі ұсақ өндірушілердің тағдыры өндеуші өнеркәсіптегі ұсақ өндірушілердің тағдырымен бірдей екенін айқындайды, бұл екі жағдайдың екеуінде де буржуазиялық қоғамның таптары құрылатынын баса көрсетеді. ** Н.— он мырзаның негізгі қатесі нақ мынада: ол осы таптарды елемейді, олардың біздің шаруалар арасынан шыққанын елемейді, бұл таптардың қарама-қарсылығы дамуының біріне-бірі жалғасып жататын әрбір сатысын барынша мұқият қадағалап зерттеуді мақсат етпейді.

Бірақ Струве мырза мәселені мүлде бұлай қойып отырған жоқ. Оның Н.— он мырзаның аталған қатесін түзетпегені былай тұрсын, қайта, таптардан *жоғары* тұрған профессорша қарап, прогрестің «шаруаларға» «тиімділігі» туралы пікір айтып, *бұл қатені өзі қайталап отыр.* Автордың таптардан жоғары тұруға әрекеттенуі оның қагидаларының мейлінше күңгірттенуіне апарып соғады, күңгірттенетіні сонша, бұл қағидалардан буржуазиялық қорытындылар шығаруға да болады: егіншіліктегі капитализм (индустриядағы капитализм секілді) өндірушінің жағдайын нашарлатады деген талассыз дұрыс қағидаға қарсы автор әлгі өзгерістердің *жалпы* «тиімділігі» туралы қағиданы ұсынады. Мұның өзі мынаған: біреу буржуазиялық қоғамдағы машиналар жайын әңгімелей келіп, экономист-романтиктің сол машиналар еңбекшілердің жағдайын нашарлатады деген теориясын жалпы прогрестің «тиімділігі мен игіліктілігі» дейтін дәлелдер арқылы теріске шығармақ болатынына ұқсайды.

Струве мырзаның пікіріне, тегі, халықшыл: Н.— он мырза еңбек өнімділігінің артуынан емес, оның буржуазиялық сипатынан қорқады, деп жауап беретін болар.

Біздегі капиталистік тәртіптер тұсында егіншіліктегі техниканың прогресі буржуазиялықпен байланысты,— бұл күмәнсыз нәрсе, ал халықшылдар көрсетіп

---

* — «Капитал». I том, 780-бет. 237-ескерту [134]. *Ред.*

** Әсіресе, XXIV тараудағы «Капиталистік арендаторлардың генезисі» деген 4-параграфын қараңыз. 773—776-беттер [135].

отырған «қорқақтық», әрине, мүлде сорақылық болып табылады. Буржуазиялық — қазірдің өзінде-ақ өмір шындығының фактісі болып отыр, егіншілікте де қазірдің өзінде-ақ еңбек капиталға бағынып отыр,— сондықтан буржуазиялықтан «қорықпау» керек, өндірушінің бұл буржуазиялықты тани алмай отырғанынан, өндірушінің буржуазиялыққа қарсы өз мүдделерін қорғауға қабілетінің жоқтығынан қорқу керек. Сондықтан капитализмнің дамуын бөгеуді емес, қайта оның толық дамуын, ақыр аяғына дейін дамуын көздеу керек.

Струве мырзаның капиталистік қоғамдағы егіншілік туралы пікір айтқанда жіберген қатесінің неге негізделгенін толығырақ және дәлірек көрсету үшін пікір туғызуға себеп болған техникадағы өзгерістермен қатар таптардың құрылу процесін (мейлінше жалпы түрде) суреттеп көрейік. Струве мырза бұл арада егіншілікті экстенсивті және интенсивті деп мүлде екіге бөледі де, Н.— он мырзаның адасуының түпкі тамыры — оның экстенсивті егіншіліктен басқа еш нәрсені білгісі келмейтіндігінде деп есептейді. Біз Н.— он мырзаның *негізгі* қатесі мұнда еместігін, егіншілік интенсивті егіншілікке көшерде буржуазиялық қоғам таптарының құрылуы асылына келгенде экстенсивті егіншілік дамыған кездегімен біртектес болатынын дәлелдеуге тырысамыз.

Экстенсивті егіншілік туралы көп айтуға тура келмейді, өйткені мұнда буржуазияның «шаруаларды» ығыстыратынын Струве мырза да мойындайды. Тек екі пунктін атап өтелік. Біріншіден. Техника прогресін товар шаруашылығы туғызады; техника прогресін жүзеге асыру үшін қожайынның қолында бос, артық [оның тұтынуынан және оның өндіріс-жабдықтарын ұдайы өндіруінен артылған] *ақша* қаржысы болу керек. Бұл қаржы қайдан алынады? Анығында, бұл қаржы басқа еш жерден емес, тек мынадан алынады: товар — ақша — товар айналысы ақша — товар — өсінді ақша айналысына айналады. Басқаша айтқанда, бұл қаржыларды тек капиталдан, *сауда және өсімқор капиталдан* ғана алуға болады, Россияның аңқау халық-

шылдары капитализмге *емес, қайта* «жыртқыштыққа» жатқызып жүрген «жатыпішерлердің, кулактардың, көпестердің», тағы сондайлардың нағыз өзінен алуға болады (оларша капитализм жыртқыштық емес секілді! бұл «жыртқыштықтың» ең тұрпайы және ертедегі кулактарынан бастап, ең жаңа, тиімді кәсіпкерлікке дейінгі алуан түрлерінің өзара байланыстылығын орыстың өмір шындығы бізге көрсетпей отырған секілді!).* Екіншіден, Н.— он мырзаның бұл мәселеге ерсі көзқарасын айта кетелік. Ол 233-беттегі 2-ескертуде «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітаптың авторы В. Е. Постниковтың айтқанын теріске шығарады; Постников машиналар бір шаруа үйі ұқсататын егіс көлемін жұмысшы басына дәл екі есе, 10 десятинадан 20 десятинаға дейін өсірді, сондықтан «Россияның кедей болуының» себебі — «шаруалар шаруашылығы көлемінің шағындығында» дейді. Басқаша айтқанда: буржуазиялық қоғамда техниканың өсуі ұсақ және мешеу шаруашылықтарды экспроприациялауға әкеп соғады. Н.— он мырза бұған қарсы: ертең техника жұмыс алаңын тағы үш есе көбейте алады. Олай болғанда 60 десятиналы шаруашылықтарды 200 немесе 300 десятиналы шаруашылықтарға айналдыру керек болады, дейді.— Егер біреу бүгінгі бу машинасын «ертең» электр машинасымен ауыстыруға тура келеді дегенді негізге алып, фабрикалық капитализмнің нашарлығы мен дәрменсіздігін дәлелдегені қандай кісі күлерлік болса, жаңағы дәлелдемені біздің егіншілігіміз буржуазиялық егіншілік дейтін қағидаға қарсы қою да нақ сондай кісі күлерлік нәрсе. Н.— он мырза «босап қалған миллиондаған жұмыс күшінің қайда кететі-

* Халықшыл мырзалардың «халықтық өндірісте», яғни «халық» өсімқорлығы мен кулактықта біздегі өнеркәсіп капитализмінің тамырлары бар екенін көмескілей беретін тағы бір өте терең тәсілі бар. Кулак өзінің «жиған-тергенін» мемлекеттік банкке салады; оның апарып салған ақшасы халық байлығының, халықтың жиған-тергенінің, халықтың кәсіпқұмарлығының, халықтың борыш өтеуге қабілеттілігінің өсуіне сүйеніп, банктің ағылшыннан қарызға ақша алуына мүмкіндік беріп отырады. Қарызға алған ақшаны «мемлекет» ...*капиталистерге* көмекке жұмсайды...— қандай тайыз саясат! «қазіргі ғылым» мен «қазіргі адамгершілік идеяларын» қандай аянышты қорлау! Егер мемлекет бұл ақшаларды (капиталистердің ақшаларын) капитализмге емес, «халықтық өндіріске» жұмсаған болса,— онда бізде, Русь елінде, капитализм емес, «халықтық өндіріс» болатыны енді анық емес пе? — деген сұрақ туады.

ні де белгісіз болып отыр» деп, буржуазияны сотқа шақырмақшы болады, сөйтіп буржуазияны өндірушінің өзінен басқа соттайтын ешкім жоқтығын ұмытады. Басы бос жұмыссыздар армиясының пайда болуы, буржуазиялық индустриядағы сияқты, буржуазиялық егіншілікте де машиналарды қолданудан туатын нәтиже болып табылады.

Сөйтіп, экстенсивті егіншіліктің дамуы жөнінде мынаған талас жоқ: товар шаруашылығы тұсында техника прогресі «шаруаны», бір жағынан, фермерге (фермер деп кәсіпкерді, егіншіліктегі капиталисті есептегенде), екінші жағынан,— батырақ пен күндікшіге айналдырады. Енді экстенсивті егіншілік интенсивті егіншілікке айналатын кезде болатын жағдайды қарап көрейік. Струве мырза нақ осы процестен «шаруа» үшін «тиімділікті» күтеді. Біздің осы айналуды суреттеуде қолданған материалдың жарамды-жарамсыздығы жөнінде талас туғызбау үшін Струве мырза тым асыра мақтап отырған А. И. Скворцов * мырзаның «Бу транспортының ауыл шаруашылығына ықпалы» деген шығармасын пайдаланайық.

А. Скворцов мырза өз кітабының IV бөлімінің 3-тарауында экстенсивті және интенсивті егіншілігі бар елдерде «бу транспортының ықпалымен егіншілік техникасы өзгеруін» зерттеп шығады. Бұл өзгерістің *халқы тығыз экстенсивті елдердегі* суреттелуін алып қарайық. Орталық Европалық Россия осы сипаттамаға тура келеді деп ойлауға болады. Струве мырзаның ойынша, Россияда да сөзсіз болуға тиісті өзгерістер, атап айтқанда, дамыған фабрикалық өндірісі бар интенсивті егіншілік еліне айналу әлгіндей елде де болады деп, Скворцов мырза болжау айтады.

* Біздің әдебиетте оны марксистер қатарына қосып жүр. Н.—он мырзаны марксистер қатарына жатқызуға дәлел қандай аз болса, бұған да дәлел сондай аз. А. Скворцов мырза да тап күресі туралы және мемлекеттің таптық сипаты туралы іліммен таныс емес. Оның «Экономикалық этюдтерде» жасаған практикалық ұсыныстарының кәдімгі буржуазиялық ұсыныстардан ешбір айырмасы жоқ. Егер ол орыстың өмір шындығына халықшыл мырзалардан едәуір естиярлықпен қарайтын болса, онда *жалғыз* осы негізге сүйеніп марксистер қатарына Б. Чичерин мырзаны да, тағы басқа адамдарды да қосу керек болар еді.

А. Скворцов мырзаға ілесіп қарайық (§§ 4—7, 440—451-беттер).

Экстенсивті ел *. Халқының өте көп бөлегі егіншілікпен айналысады. Кәсіптің бірыңғайлығы рыноктың жоқтығын туғызады. Біріншіден, шаруашылықтардың көлемі шағын болуы, екіншіден, айырбастың болмауы салдарынан халқы кедей: «егіншінің өзі өндіретін тамақтан басқа керегінің барлығы бізде майдагерлік кәсіп делініп жүрген, атам заманнан келе жатқан қолөнер кәсібінің заттарымен қанағаттандырылады деуге болады».

Темір жолдың салынуы егін өнімдерінің бағасын көтереді, демек, халықтың сатып алу қабілетін де арттырады. «Темір жолмен бірге ел мануфактуралар мен фабрикалардың арзан бұйымдарына лық толады», бұлар жергілікті майдагерлерді күйзелтеді. Бұл — «көптеген шаруашылықтар күйреуінің» бірінші себебі.

Бұл құбылыстың екінші себебі — егіннің шықпай қалуы. «Егіншілік те осы уақытқа дейін атам заманғы тәсілмен, яғни әрқашан тиімсіз жүргізіліп келді, сондықтан егіннің шықпай қалуы сирек кездесетін нәрсе емес, ал темір жол жүргеннен кейін астықтың қымбаттауы, бұрын тек егін шықпай қалғанда ғана болып тұратын қымбаттауы не тіпті болмайды, немесе, қайткенде де едәуір азаяды. Сондықтан мұнда егіннің алғашқы жылғы шықпай қалуының табиғи салдары әдетте көптеген шаруашылықтардың күйреуі болып табылады. Жалпы егіннің жайшылықтағы шығымынан басы артық қалдығы неғұрлым аз болса және халық майдагерлік кәсіп табысына көбірек сүйенуге тиісті болса, мұндай нәтиже соғұрлым жиірек кездеседі».

Майдагерлік кәсіпсіз-ақ күнелту үшін және егіннің шықпай қалуынан интенсивті (тиімді) егіншілікке көшу арқылы өзін қамтамасыз ету үшін, біріншіден, көп артық ақшалай қаржы (егін өнімдерін неғұрлым қым-

* А. Скворцов мырза экстенсивті ел деп әдетте халқы аз елді айтады дейді (439-бет, ескерту). Бұл анықтаманы теріс деп санап, ол экстенсивтіліктің мынадай белгілерін көрсетеді: 1) егін өнімінің қатты ауытқи беруі; 2) дақылдардың бірыңғайлығы және 3) ішкі рыноктардың, яғни өңдеуші өнеркәсіп шоғырланған үлкен қалалардың болмауы.

бат бағамен сату арқылы түскен) болуы қажет, ал, екіншіден, халықтың интеллигенттік күші болуы қажет, мұндай күш болмайынша, тиімділік пен интенсивтілікті көтеру мүмкін емес. Қалың бұқарада бұл жағдайлар, әрине, жоқ: бұлар халықтың азшылығында ғана болады.*

«Осылайша [яғни майдагерлік кәсіптердің құлдырауы және егіншілікке неғұрлым жоғары талаптар қойылуы салдарынан күйзеліске ұшыраған көптеген шаруашылықтардың «жойылуы» салдарынан] құралған артық халықтың бір бөлегі бұл жағдайдан сәттірек шығатын және өндірістің интенсивтілігін арттыруға мүмкіндік алатын шаруашылықтарға сіңеді» (яғни, әрине, олар жалдама жұмысшылар, батырақтар және күндікшілер болып «сіңеді». А. Скворцов мырза мұны айтпайды, мүмкін, ол мұны онсыз да айқын мәселе деп санайтын шығар). Адам күшін көп жұмсауға тура келеді, өйткені қатынас жолдарының жақсаруы арқылы рыноктың жақындағаны тасымалдауға қиын өнімдерді өндіруге мүмкіндік береді, «мұндай өнімдерді өндіру көбінесе жұмыс күшін едәуір жұмсауды талап етеді». Онан соң Скворцов мырза былай дейді: «Алайда әдетте шаруашылықтың күйреу процесі сақталып қалған шаруашылықтардың жақсару процесінен анағұрлым тез болып отырады, сондықтан шаруашылығы күйзелген қожайындардың бір бөлегі елден безіп кетпесе, ең берісі қалаларға барып тұруға тиісті болады. Темір жол салынғаннан бастап европалық қалалардың тұрғындары халықтың нақ осы бөлегі есебінен өсті».

Онан соң. «Артық халықтың болуы жұмыс қолының арзандығын көрсетеді». «Жер құнарлы болса (және климат қолайлы болса...), дақылдар егу үшін және жалпы егіншілік өнімдерін өндіру үшін егіс көлемінің бір өлшеміне келетін жұмыс күшін көп жұмсауды талап ететін барлық жағдайлар бар» (443), оның үстіне шаруашылықтар шағын болса («ол шаруашылықтар,

* «Біз мұндай елде (шаруашылық мәдениетінің қазіргі сатысында халықпен лық толған елде), бір жағынан, артық ақшаның аз болуы, екінші жағынан — халықтың білім дәрежесінің төмен болуы жағдай өзгеріп кеткен кезде көптеген шаруашылықтарды жойылуға мәжбүр етеді деуге тиіспіз» (442).

мүмкін, бұрынғысына қарағанда ұлғайып кете тұрса да»), бұл машина қолдануды қиындатады. «Осымен қатар негізгі капитал да өзгеріссіз қала бермейді, ең алдымен бұрынғы құрал-саймандар өзінің сипатын өзгертуге тиісті болады». Ал машинамен қатар «жерді жақсы баптау қажеттілігі қарадүрсін құралдардың орнына неғұрлым жақсартылған құралдарды, ағаш орнына темір мен болатты қолдануға итермелейді. Бұл өзгерістің өзі мұнда осындай құрал-саймандар шығаратын фабрикалар құруды қажетті түрде туғызады, өйткені мұндай құрал-саймандарды майдагерлік жолмен біркелкі тәуір етіп шығару мүмкін емес». Өнеркәсіптің бұл саласын дамытуға мына жағдайлар сеп болады: 1) машинаны немесе оның бөлшегін тезірек алу қажеттігі; 2) «мұнда жұмыс қолы өте көп және арзан»; 3) отын, құрылыс және жер арзан; 4) «жеке шаруашылықтардың ұсақтығы құрал-саймандарды көп қолдануға әкеп соғады, өйткені ұсақ шаруашылықтардың құрал-саймандарды біршама көп тілейтіні мәлім». Басқа түрлі өндірістер де дамиды. «Жалпы алғанда қалалық өмір өркендейді». Қажетті болғандықтан *тау-кен кәсіптері дамиды,* «неге десеңіз, бір жағынан, толып жатқан бос жұмысшылар пайда болады, ал, екінші жағынан — темір жолдың арқасында және өңдеуші машиналы өнеркәсіптің және басқа өнеркәсіп салаларының дамуы арқасында тау-кен кәсібінің өнімдерін қажетсіну күшейеді.

Сөйтіп, осындай аудан, темір жол жүргенге дейін халқы тығыз, экстенсивті егіншілік ауданы, міне, осындай аудан азды-көпті өркендеген фабрикалық өндірісі бар өте интенсивті егіншілік ауданға біршама тез айналады». Интенсивтіліктің артуы егін шаруашылығының жүйесін өзгерту арқылы жүзеге асады. Егін шығымының ауытқып отыруы салдарынан үш танапты егісті қолдану мүмкін емес. Егін шығымының ауытқушылығын жоятын «егіншіліктің дақылдарды алмастырып себу жүйесіне» көшу қажет болады. Әрине, өте жоғары интенсивтілікті тілейтін *дақылдарды алмастырып себудің толық* жүйесін * бірден қолдана қою мүм-

* Оның белгілері: 1) жердің барлығы егістік жерге айналады; 2) мүмкіндігінше пар жойылады; 3) ауыспалы егісте өсімдіктер ду-

кін емес. Сондықтан алдымен *дәнді дақылдарды алмастырып себудің ауыспалы егісі* [дақылдарды дұрыс кезектестіріп егу] қолданылады, мал шаруашылығы дамиды, *мал азығына шөп егу дамиды.*

«Сөйтіп, ең ақыр-аяғында, біздің халқы тығыз экстенсивті ауданымыз қатынас жолдарының дамуына қарай азды-көпті жедел түрде өте интенсивті шаруашылық ауданына айналады, сонымен қатар оның интенсивтілігі, жаңа айтылғанындай, ең алдымен ауыспалы капиталдың көбеюі есесінен артады».

Интенсивті шаруашылықтың даму процесін мұндай толық суреттеу бұл ретте де товар өндірісі тұсында техниканың прогресі буржуазиялық шаруашылыққа әкеліп соғатындығын, тікелей өндірушіні интенсивтіліктің, құрал-саймандар жақсаруының, тағы сондайлардың бар пайдасын көретін *фермерге,*— және өзінің «еріктілігімен», өзінің «арзандығымен» «бүкіл халық шаруашылығының прогрестік дамуына» барынша «қолайлы жағдайлар» туғызатын *жұмысшыға* бөлетіндігін айқын көрсетеді.

Н.— он мырзаның негізгі қатесі оның бір ғана экстенсивті егіншілікпен қанағаттанып, интенсивті егіншілікті елемегендігінде емес, орыстың егіншілік өндірісі саласындағы тап қайшылықтарына талдау жасаудың орнына оқушыны: «біз» теріс жолға түсіп кеттік деген мағынасыз қыңжылыспен сыйлауында. Струве мырза осы қатені қайталап отыр, тап қайшылықтарын «объективтік» пікірлердің тасасында қалдырып, ол Н.— он мырзаның тек кішігірім қателерін ғана түзеткен. Бұл «күмәнсыз марксисті» тап күресінің теориясын түсінбейсің деп өте әділ кінәлап отырған Струве мырзаның бұлай істеуі тіпті ерсі нәрсе. Бұл өте өкінішті, өйткені осындай қате жібергендіктен, Струве мырза егіншіліктегі техника прогресінен «қорқу» — сорақылық деген өте дұрыс ойының дәлелділік маңызының күшін әлсіретіп алып отыр.

Егіншіліктегі капитализм туралы осы мәселені тәмамдау үшін жоғарыда айтылғандарды қысқаша қоры-

рыс кезектестіріліп отырылады; 4) жер мүмкіндігінше ұқыпты бапталады; 5) мал қолда күтіледі.

талық. Струве мырза мәселені қалай қойып отыр? Ол халықтың артық өсуі халықтың өсіп-өнуінің тіршілік құралдарына сай келмеуінен болады деген жалған, ешбір дәлелсіз түсінікке сүйенеді, онан соң, біздің шаруаның тамақ өндірісі «жетімсіз» дейді де, мәселені техника прогресі «шаруаларға» пайдалы, «егіншіліктегі еңбек өнімділігі артуға тиіс» (211), деп шешеді. Егер ол марксизм «доктринасына байланысты» болса, мәселені қалай қоюға тиісті еді? Ол орыс егіншілігіндегі қазіргі өндірістік қатынастарға талдау жасаудан *бастауға* тиісті еді, сөйтіп өндірушінің қаналуы кездейсоқтықтан және саясаттан емес, товар шаруашылығы негізінде қажетті түрде құралатын *капитал* үстемдігінен екенін көрсетуге тиіс еді, онан кейін бұл капиталдың ұсақ өндірісті қалай күйрететіндігін және сонымен қатар тап қайшылықтарының қандай формалар алатындығын қадағалауға тиіс еді. Онан соң бұдан былайғы даму таптық қарама-қарсылықтың ескі формасы тұсында негізі қалыптасып болған қарама-қарсылығын дамыта және шиеленістіре отырып, «ерікті» еңбекті «тиімді» өндіріске біржолата қарсы қоя отырып, капиталдың сауда капиталынан индустриялық капиталға ұласуына (экстенсивті шаруашылық тұсында пәлендей, интенсивті шаруашылық тұсында түгендей түрде) қалай жеткізетіндігін көрсетуге тиіс еді. Сонда өзгерістің «прогрестік» сипатын, оның өндіруші үшін «пайдалылығын» әбден ашық көрсету үшін, буржуазиялық өндіріс пен буржуазиялық қанаудың жалғасып, сабақтасып жатқан осы екі формасын жай ғана салыстырудың өзі жеткілікті болар еді: бірінші ретте еңбектің капиталға бағынуы орта ғасырлық қатынастардың мыңдаған қалдықтарымен бүркемеленген, бұл қалдықтар өндірушінің істің мән-жайын түсінуіне бөгет жасап, оның идеологының «қоғамнан» көмек күтуге болады дейтін, *тағы сол сияқты* сорақы, реакциялық идеяларын туғызады; екінші ретте еңбектің капиталға бағынуы орта ғасырлық матаудан мүлде арылады, сөйтіп өндіруші өзінің «антиподына» қарсы өз алдына дербес, саналы қимылдауға мүмкіндік алады және мұның қажеттілігін түсінеді. Капитализмге «көшудің қи-

ындығы, ауыртпалығы» дейтін пікірлердің орнына тап қайшылықтарын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге тап қайшылықтарын «тиімсіз» және «тиімді» өндірістің, «экстенсивті» және «интенсивті» шаруашылықтың әрбір формасынан шын ашып көрсететін теория келіп шыққан болар еді.

Струве мырза кітабының VI тарауының «егіншілік Россиядағы халықтың артық өсуі сипатына» арналған бірінші бөлімін талдаудан шыққан нәтижелерді былайша тұжырымдауға болады: 1) Струве мырзаның мальтусшілдігі ешқандай нақты деректермен дәлелденбеген және методология жөнінен дұрыс емес догмалық дәлелдерге негізделген.— 2) Егіншілік Россиядағы халықтың артық өсуі халықтың өсіп-өнуі мен тіршілік құралдарының арасында сәйкестілік жоқтығынан емес, капиталдың үстемдік етуінен болып отыр.— 3) Струве мырзаның халықтың артық өсуінде натуралды шаруашылықтың сипаты бар дейтін қағидасы егіншіліктегі капитал крепостниктік қатынастарды бастап кешіру салдарынан дамымаған және сол себептен де өндірушіге өте ауыр соққан формаларда кешеуілдеп отыр деген мағынада ғана дұрыс.— 4) Н.— он мырза Россияда халықтың артық өсуінің капиталистік сипатын дәлелдей алған жоқ, өйткені ол капиталдың егіншілікте үстемдік етуін зерттеген жоқ.— 5) Н.— он мырзаның Струве мырза да қайталап отырған негізгі қатесі буржуазиялық егіншіліктің дамуы кезінде қалыптасқан таптарға талдау жасамауында болып отыр.— 6) Струве мырзаның тап қайшылықтарын елемеуі мынаған соқтырғаны табиғи нәрсе: оның техникалық жетілдірулердің прогрестігі мен керектігі туралы өте дұрыс пікірі өте сәтсіз және күңгірт айтылған.

II

Енді VI тараудың шаруалардың жіктелуі туралы мәселеге арналған екінші бөліміне көшейік. Бұл бөлімі егіншіліктегі капитализм туралы мәселеге қосымша болып, осының алдындағы бөлімімен тура және тығыз байланысты.

Реформадан кейінгі алғашқы 20 жылдың ішінде ауыл шаруашылық өнімдері бағасының көтерілгенін, егіншіліктегі товар өндірісінің ұлғайғанын көрсете келіп, Струве мырза бұдан «көбінесе жер иелері мен ауқатты шаруалар ұтты» (214) деп өте дұрыс айтады. «Шаруа халқының арасындағы жіктелу күшеюге тиісті еді және оның алғашқы табыстары да сол заманға жатады». Темір жолдардың салынуы шаруалардың ауқатты бөлегінің ғана дәулетін көтерді, аренда шаруалар арасында «нағыз шайқас» туғызады, ал бұл шайқаста экономикасы күшті элементтер әрқашан жеңіп шығады (216—217), деп көрсеткен жергілікті зерттеушілерден автор цитат келтіреді. Ол Постниковтың зерттеуінен цитат келтіреді, оның зерттеуі бойынша ауқатты шаруалар шаруашылығының қазірдің өзінде-ақ рынокқа бағыныштылығы соншалық, тіпті егіс көлемінің 40 проценті сатуға түсетін өнім береді, ал бұған қарама-қарсы жақтағы шаруалар «экономикалық дербестігінен айрылып және өзінің жұмыс күшін сатып, батырақтықтың шегінде тұрғанын» айта келіп, былай деп дұрыс қорытынды жасайды: «Экономикасы күшті шаруалар шаруашылығының әлсіз шаруалардың күйзелуінен пайда көруі тек айырбас шаруашылығы енуінен болып отыр» (223). «Ақша шаруашылығының дамуы және халықтың өсуі,— дейді автор,—шаруалардың екі жікке бөлінуіне әкеп соқтырады: біріншісі экономикалық жағынан мықты, жаңа күштің, барлық формадағы және барлық дәрежедегі капиталдың өкілдерінен құралған жік, ал екіншісі жартылай дербес егіншілерден және нағыз батырақтардан құралған жік» (239).

Автордың осы «жіктелушілік» туралы пікірі қаншама қысқа болғанымен, әңгіме болып отырған процестің мынадай маңызды белгілерін атап айтуымызға мүмкіндік береді: 1) Іс тек мүлік теңсіздігін туғызумен шектелмейді: «жаңа күш» — *капитал* жасалады. 2) Бұл жаңа күштің жасалуы шаруалар шаруашылықтарының жаңа типтерінің шығуымен қат-қабат жүреді: біріншіден, ауқатты, экономикалық жағынан күшті, дамыған товар шаруашылығын жүргізетін, аренданы кедейдің қолынан тартып әкететін, басқа біреудің еңбе-

гін * қанайтын шаруашылық шығады;— екіншіден, капиталға өзінің жұмыс күшін сататын «пролетарлық» шаруалар шығады. 3) Бұл құбылыстардың бәрі тура және тікелей товар шаруашылығының негізінде туған. Товар өндірісінсіз бұлар мүмкін емес еді, ал товар өндірісі енгеннен кейін бұлар қажет болды,— деп Струве мырзаның өзі көрсеткен болатын. 4) Бұл құбылыстар («жаңа күш», шаруалардың жаңа типтері) айырбас, товар айналысы салаларымен шектелмейді, *өндіріс* салаларында болады: капитал егіншілік *өндірісінде* көрінеді; жұмыс күшін сату да солай болады.

Процестің осы белгілері біздің таза капиталистік құбылыспен істес болып отырғанымызды, шаруалардың ішінде капиталистік қоғамға тән *таптар* — буржуазия және пролетариат құралып отырғанын тура анықтап беретін тәрізді еді. Ол ол ма: бұл фактілер капиталдың егіншілікте үстемдік етіп отырғанын ғана емес, сонымен қатар, егер бұлай айту мүмкін болса, капиталдың қазірдің өзінде-ақ екінші қадам жасағанын да сипаттайды. Ол сауда капиталынан индустриялы капиталға, рынокта үстемдік етуші капиталдан өндірісте үстемдік етуші капиталға айналады; бай алыпсатар мен кедей шаруаның таптық қарама-қарсылығы істі тиімді жүргізетін буржуазиялық қожайын мен ерікті қолын еркін сатушылардың қарама-қарсылығына айналады.

Бірақ Струве мырза бұл арада да өзінің мальтусшілдігіне басады; оның пікірінше, көрсетілген процесте істің тек бір-ақ жағы («тек прогресшіл жағы») көрінеді, ал онымен қатар екінші жағы да бар: ол «бүкіл шаруалар шаруашылығының техникалық жағынан тиімсіздігі»: «мұнда, былайша айтқанда, бүкіл процестің регресшіл жағы көрінеді», бұл «халықтың өсуіне байланысты» ықпал жасап, шаруаларды «теңестіреді», теңсіздікті жұмсартады (223—224).

Осы өте күңгірт пікірден тек мына жағдай ғана көрінеді: автор нағыз абстракт қағидаларды нақтылы дә-

* Струве мырза осы белгі туралы түк айтпайды. Бұл белгі ауқатты шаруалар шаруашылығында зор роль атқарып отырған жалдама еңбектің қолданылуынан да және нақ сондай дәрежеде өндірушіден үстеме құнды тартып алып отыратын өсімқор және сауда капиталының қолындағы операциялардан да көрініп отыр. Бұл белгісіз «капитал» туралы сөз қылуға да болмайды.

лелдерден артық көреді, өніп-өсудің тіршілік заттарына сәйкестігі туралы «заңды» не болса соған жабыстыра береді. Жабыстыра береді деймін: өйткені егер тіпті автордың өзі келтіріп отырған фактілермен шектелгеннің өзінде айтылған процестің марксизмнің «доктринасына» үйлеспейтін, сөйтіп мальтусшілдікті мойындауды талап ететін нақтылы белгілерін көрсетерліктей бір нәрсе табу мүмкін емес. Бұл процесті тағы бір рет атап өтелік: біз ең әуелі шамамен біртектес натуралды өндірушілерді, шаруаларды, көреміз *. Товар өндірісінің енуі жеке үйдің байлығын рынокқа тәуелді етеді, сөйтіп рыноктың ауытқуы арқылы теңсіздік туғызады және оны шиеленістіреді, артық ақшаны біреулердің қолына жинайды да, екінші біреулерді күйзелтеді. Әрине, бұл ақшалар кедейлерді қанау үшін қызмет атқарады, капиталға айналады. Күйзелудегі шаруалар өзінің шаруашылығына жармасып отырған кезде капитал оларды қанай алады, оларды шаруашылық жүргізуде бұрынғыша ескі, техникалық жағынан тиімсіз негізде қалдыра отырып, еңбектерінің өнімдерін сатып алу арқылы қанайды. Бірақ күйзелушілік, ақырында, соншама асқынады да, шаруа өз шаруашылығын мүлде тастап кетуге мәжбүр болады: ол енді өз еңбегінің өнімін сата алмайды, оған тек өзінің еңбегін сату ғана қалады. Сол кезде капитал шаруашылықты өз қолына алады, сонымен қатар оны — бәсекенің қысымымен — тиімді етіп ұйымдастыруға мәжбүр болады; күні бұрын «жинаған» артық ақша қаражатының арқасында ол енді қожайынды емес, батырақты, күндікшіні қанауға мүмкіндік алады. Автор бұл процестегі қандай екі жақты айтып отыр? — деген сұрақ туады. «Біздің шаруалардың аузындағы нанын тартып алып отырған дұшпан капитализм емес [мұны байқаңыздар, «емес»], қайта шаруашылықтың техникалық жағынан тиімсіздігі» (224) деген мұндай адам айтқысыз сорақы мальтусшілдік қорытынды жасауға оның қалайша аузы ба-

* *Помещикке жұмыс істейтіндер.* Натуралды шаруашылықтан товар шаруашылығына көшуді айқынырақ ұғындыру үшін бұл жағы шет қалдырылады.— «Ескі дворяндық» қатынастардың қалдықтары өндірушінің жағдайын нашарлатып, күйзелушіліктің ерекше ауыр формасына ұшыратады,— бұл туралы жоғарыда айтып өттік.

рып отыр? Осы ауыздағы нан қажетті өнімге және помещик, кулак, «әлді» шаруа, капиталист алатын қосымша өнімге бөлінбей, бір кезде өндірушінің қолына түгел тиген ғой, сонда!

«Теңестірушілік» туралы мәселе жөнінде автордың тағы біраз түсініктері бар екенін айтпай кетуге болмайды. Ол былай дейді: «көп жерлерде *шаруа халқының орта тобының кеміп кетуі* немесе *тіпті жоқ болып кетуі»* «жоғарыда көрсетілген теңестірушіліктің нәтижесі» болып табылады. (225) «Село байларын жері жоқ, аты жоқ пролетариаттан бөліп тұратын шектің бұрынғыдан да қашықтағанын» көрсететін земство кітабынан цитат келтіріп, ол мынадай қорытынды жасайды: «*Теңестірушілік* бұл ретте, әрине, сонымен қатар *жіктелушілік* те болып табылады, бірақ мұндай жіктелушілік негізінде экономикалық прогреске кедергі жасайтын *кіріптарлық* қана күшейеді» (226).— Сонымен, енді, товар шаруашылығы туғызып отырған жіктелушілікті «теңестірушілікке» емес, сол жіктелушіліктің өзіне, бірақ *басқа түрлі* жіктелушілікке, атап айтқанда кіріптарлыққа қарама-қарсы қою керек болып шығып отыр. Кіріптарлық «экономикалық прогреске» «кедергі» жасайтын болғандықтан, автор істің бұл «жағын» «регрестік» деп атайды.

Бұл пікір нағыз сорақы және маркстік тәсілге мүлде жатпайтын әдіске сүйеніп құрылған. «Кіріптарлық» пен «жіктелушілік» салыстырылады, бұл екеуі өз алдына дербес, ерекше «системалар» сықылды: біреуін «прогреске» жәрдемдеседі деп мақтайды; ал екіншісін прогреске кедергі жасайды деп жазғырады. Струве мырзаның таптық қарама-қарсылықтарға талдау жасау керек дейтін талабы, осыны орындамадың деп Н.— он мырзаны орынды кінәлаған талабы мен өзі соншалықты өте жақсы айтқан «стихиялық процесс» туралы ілімі қайда кеткен? Кертартпалығы үшін Струве мырза жаңа ғана түгін қалдырмаған бұл кіріптарлық егіншіліктегі капитализмнің алғашқы көрінісі, одан басқа еш нәрсе де емес; ол капитализм болғанда бұдан былай техниканы прогресшіл жолмен өрлететін капитализм ғой. Шынында да, кіріптарлық деген не?

Бұл — рынок үшін жұмыс істеуге мәжбүр болған, өз өндіріс құрал-жабдықтарына өзі ие қожайынның ақша иесіне тәуелді болуы, бұл қандай формада көрінгенімен (өсімқор капитал формасында немесе зат өткізуді өз монополиясы етіп алған алыпсатардың капиталы формасында), еңбек өнімінің орасан зор бөлімін өндірушіге бермей, әрқашан ақша иесінің қолына түсіріп отыратын тәуелділік. Ендеше, оның мәні — таза капиталистік * мән, ал мұндағы бүкіл өзгешелік — капиталистік қатынастардың осы алғашқы және бастама формасының бұрынғы, крепостник қатынастармен бүтіндей шырмалып отырғандығында: мұнда еркін жасалған шарт жоқ, тек амалсыздан жасалған келісім (кейде «әкімдердің» бұйрығымен, кейде шаруашылықты сақтап қалу ниетімен, кейде ескі борыштан қысылып және т. т.) ғана бар; өндіруші мұнда белгілі орынға және белгілі қапаушыға жіпсіз байланып отыр: таза капиталистік қатынастарға тән товарлық келісімнің нақты кісіге байланыссыз сипатына қарама-қарсы, мұндағы келісім сөз жоқ нақты адамның «жәрдем» беруі, «қайырымдылық» етуі сықылды сипатта болады,— сондықтан келісімнің бұл сипаты өндірушіні жеке, жартылай крепостниктік тәуелділікке ұшыратпай қоймайды. Автордың «теңестірушілік», «прогреске кедергі жасаушылық», «регрестік» деген сияқты сөздері капиталдың әуелі өндірісті ескі негізінде меңгеріп алып, техникалық жағынан артта қалған өндірушіні бағындырып алады дегеннен басқа еш нәрсені көрсетпейді. Автордың капитализм өмір сүріп отырса, бұл «барлық апатқа айыпты» сол деп санауға әлі право бермейді дегені тек мына мағынада дұрыс: біздің басқаға жұмыс істеп жүрген шаруамыз тек капитализмнен ғана

* Бұл арада белгілердің бәрі де бар: негізі — товар өндірісі, нәтижесі — қоғамдық еңбек өнімдерін ақша формасында монополияландыру және бұл ақшаның капиталға айналуы.— *Капиталдың* осы алғашқы формалары жеке реттерде капиталистік тәртіпке дейін де кездесіп отырғанын мен ешқандай естен шығармаймын. Бірақ мәселе нақ мынада: бұл формалар орыстың қазіргі заманғы шаруалар шаруашылығында бірен-саран емес, дағдылы нәрсе, қатынастардың үстем системасы болып отыр. Олар қазірдің өзінде-ақ ірі фабрикалы-заводтық машиналы капитализммен (сауда айналымдарымен, банктермен) байланысып, өзінің беталысын көрсетті; — бұл «кіріптарлықтың» өкілдері — буржуазияның бірыңғай және бөлінбейтін армиясының тек жауынгер солдаттары ғана болып табылатынын көрсетті.

емес, капитализмнің жеткілікті дамымағандығынан да азап шегіп отыр. Басқаша айтқанда: шаруалардың орасан көп бұқарасында өзіне арналған дербес өндіріс мүлде жоқ десе болғандай; «тиімді» буржуазиялық қожайындармен қатар біз тек ақша капиталы иелеріне де жұмыс істелетіндікті көреміз, яғни мұнда да капиталистік қанауды, бірақ тек жетілмеген, жабайы қанауды, солай болғандықтан да, біріншіден, еңбекшіні ерекше, қосымша қыспақ торымен шырмап, оның жағдайын он есе нашарлататын қанауды, ал, екіншіден, оның (және оның идеологы — халықшылдың да) өзіне істеліп отырған «қиянаттардың» таптық сипатын ұғыну және өз ісін осы сипатқа сәйкес жүргізу мүмкіндігінен айыратын қанауды көреміз. Ендеше, «жіктелудің» «прогресшіл жағы» (Струве мырзаның тілімен айтқанда) мынада: бұл жіктелу кіріптарлық түрде бүркемеленген қарама-қарсылықты жарыққа шығарады, сөйтіп оны «ескі дворяндық» белгілерінен айырады. Шаруалардың тең болуын (кулактың... алдында) қорғайтын халықшылдықтың «регресшілдігі» мынада: халықшылдық капиталды орта ғасырлық формасында, қанаушылықты бөлшектенген, техникалық жағынан мешеу қалған өндіріспен ұштастырып отыратын, өндірушіге тікелей қысым жасайтын формасында да қалдыруды қалайды. Бұл екі реттің екеуінде де («кіріптарлық» ретте де, «жіктелушілік» ретте де) езушіліктің себебі *капитализм* болып табылады, ал автордың іс «капитализмде емес», «техникалық тиімсіздікте», «шаруалардың кедейлігіне айыпты капитализм емес» дейтін, тағы сол сияқты қарама-қарсы мәлімдемесі Струве мырзаның дамымаған капитализмнен дамыған капитализм артық дейтін дұрыс пікірді қорғаумен тек тым әуестеніп кеткенін және өз қағидаларының абстрактылығы салдарынан бұл екеуін осы құбылыстың дамуының жалғасты екі сатысы ретінде емес, ерекше жағдайлар ретінде қарсы қойғанын көрсетеді *.

* Мұны не себепті Струве мырзаның тек *әуестенуі* дейміз? — деп сұрауы мүмкін оқушының. Мұның себебі, автор капитализм негізгі орта, суреттеліп отырған құбылыстардың бәрі осы ортада болып жатады дегенді әбден айқын мойындайды. Ол, бір жағынан, товар шаруашылығының тез өсіп келе жатқанын, шаруалардың жіктелуін,

III

Автордың бұл әуестенуі шаруалардың күйзелу себебін тура ірі өнеркәсіп капитализмінен көруге болмайды дейтін келесі пікірінен де көрініп отыр. Ол бұл арада Н. — он мырзамен айтысқа түседі.

Фабрика өнімдерін арзан өндіру ісі — дейді Н.— он мырза фабрикалық киім-кешек жөнінде — ол өнімдердің үйде жасалуын азайтты. (Струве мырза кітабының 227-беті).

«Бұл арада мәселенің тұп-тура өңін айналдырған, мұны ашып көрсету қиын емес,— деп лепіреді Струве мырза.— Шаруалардың жіп иіретін материалдарды өндіруінің кемуі капиталистік мақта-мата өнеркәсіп өнімдерінің өндірілуі мен тұтынылуының кемуіне емес, артуына әкеліп соқты» (227).

Автордың мәселе қойысы сәтті шықпаған тәрізді, ұсақ-түйек нәрселерді үйіп-төгіп, істің мәнін қиындатып жіберген. Егер фабрикалық өнеркәсіптің даму фактісін бақылаудан алынған негіздерге сүйенетін болсақ (Н.— он мырза да нақ осы фактіні бақылаудан алынған негізге сүйенеді), онда фабрикалық өнімдердің арзандауы да товар шаруашылығының өсуін, үйде істелетін өнімдерді ығыстыруды жеделдетінін теріске шығару мүмкін емес. Струве мырза Н.— он мырзаның мұндай мәлімдемесіне қарсы шығып, мұнысымен сол авторға қарсы айтқан дәлелдерін тек қана әлсіретіп алып отыр; Н.— он мырзаның негізгі қатесі мынада: ол «фабриканы» «шаруалардан» аулақ тұрған, кездейсоқ, оларға сырттан жапсырылған бір нәрсе сияқты етіп көрсетуге тырысады, ал шынында «фабрика» бүкіл қоғамдық шаруашылықтың, демек, шаруалар шаруашылығының да товарлы жолмен ұйымдасып дамуының аяқталғандығы (Н.— он мырза бұлжытпай ұстағысы келіп отырған теория бойынша да, орыс тари-

---

«жақсартылған құрал-саймандардың тарап отырғанын» (245), тағы сол сияқтыларды, екінші жағынан, «шаруалардың жерден босағанын, село пролетариатының құралғанын» (238) өте айқын көрсетті. Ақырында, ол мұны жаңа күш — *капиталдың* туу деп, өзі сипаттады және өндіруші мен тұтынушының арасында капиталистің пайда болуының шешуші маңызын атап көрсетті.

хының мәліметтері бойынша да) болып табылады. «Фабрикадағы» буржуазиялық ірі өндіріс — деревнядағы, атышулы «қауымдағы» немесе майдагерлік кәсіптегі ұсақ буржуазиялық өндірістің тура және тікелей жалғасы. ««Фабрикалық форма» «неғұрлым арзан» болуы үшін ақша шаруашылығы тұсында шаруа шаруашылықты экономикалық жағынан тиімді етіп жүргізу тұрғысында болуға тиіс»,— деп Струве мырза өте дұрыс айтады. «Егер шаруалар натуралды шаруашылықтан айнымаса... ешқандай шыт мата... оны қызықтыра алмаған болар еді».

Басқаша айтқанда: «фабрикалық форма» дегеніміз *дамыған* товар өндірісінің дәл өзі, ол өзіміз көріп отырған шаруа және майдагерлік шаруашылықтағы *дамымаған* товар өндірісінен өсіп шықты. Автор «фабрика» мен «шаруалар» өзара байланысты, олардың тәртіптерінің шаруашылық «негіздері» антагонистік емес *, қайта біртектес,— деп, Н.— он мырзаға дәлелдегісі келеді. Бұл үшін ол мәселені шаруалар шаруашылығының экономикалық ұйымдасуына апарып саюы керек еді, біздің ұсақ өндіруші (егінші-шаруа мен майдагер) ұсақ буржуа болып табылады деген қағиданы Н.— он мырзаға қарсы қоюы керек еді. Мәселені осылай қойса, сонда мәселені болуға «тиіс», болуы «мүмкін», тағы сондайлар дейтін пікір саласынан шығарып, *не нәрсе бар екенін* анықтау және оның *басқаша болмай, неліктен нақ сондай болғанын* түсіндіру саласына түсірген болар еді. Бұл қағиданы теріске шығару үшін халықшылдарға не товар шаруашылығының өсуі және шаруалардың жіктелуі туралы жалпы жұртқа мәлім және даусыз фактілерді теріске шығаруға [*ал бұл фактілер* шаруалардың ұсақ буржуазиялығын *дәлелдейді*], немесе саяси экономияның жұртқа мәлім ақиқатын теріске шығаруға тура келген болар еді. Бұл қағиданы қабылдау дегеніміз «халықтық құрылысқа» «капитализмді» қарсы қоюдың сорақылығын мойындау, «отанға басқа жол іздеу» және «қоғамдастыру» туралы ті-

* Халықшылдар мұны ашық және тура айтқан болатын, ал «күмәнсыз марксист» Н.— он мырза нақ осы қоқысты Маркстен толып жатқан цитаттар келтіріп, «халықтық құрылыс» және «халықтық өндіріс» туралы көмескі, күңгірт сөздермен баяндаған.

лектерін айтып, буржуазиялық «қоғамға» немесе әлі тең жартысы «ескі дворяндық» болып отырған «мемлекетке» жалбарыну керек дейтін сәуегейлердің реакцияшылдығын мойындау болып шығады.

Ал Струве мырза істі басынан бастаудың * орнына аяғынан бастайды: «Россияның экономикалық дамуы жөніндегі,— дейді ол,— халықшылдық теорияның ең негізгі қағидаларының бірін біз теріске шығарамыз, ол — өңдеуші ірі өнеркәсіптің дамуы егінші-шаруаны күйзелтеді дейтін қағида» (246). Міне, бұл немістердің айтатынындай, астаудағы баланы сумен қоса тогудің дәл өзі! «Өңдеуші ірі өнеркәсіптің дамуы» капитализмнің дамуын көрсетеді, соны бейнелейді. Ал шаруаларды күйзелтетін капитализмнің дәл өзі дейтін негізгі қағида мүлде халықшылдық қағида емес, бұл — *марксизмнің* қағидасы. Халықшылдар өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан айырудың себебін орыстың қоғамдық шаруашылығының ерекше жолмен — капиталистік деп аталатын жолмен ұйымдасуында емес, ойдағыдай болып шықпаған үкімет саясатында («біз» теріс жолмен жүрдік, т. т.), талаушыларға, сұрқияларға, тағы сол сияқтыларға қарсы жеткілікті дәрежеде топтаспаған қоғамның енжарлығында деп білді және солай деп білуде. Сондықтан олардың «шаралары» да «қоғам» мен «мемлекеттің» әрекетіне тіреледі. Мұның керісінше, экспроприациялаудың себептері қоғамдық шаруашылықтың капиталистік жолмен ұйымдасуында жатыр деп көрсетілсе, бұл сөзсіз *таптар күресі туралы* ілімге жеткізеді (Струве мырзаның кітабын салыстырыңыз, 101, 288-беттер, тағы басқа көп беттері). Автордың пікірінің анық еместігі мынада: ол жалпы «*егінші*» деп келеді, буржуазиялық егіншіліктегі қарама-қарсы таптарды сөз қылмайды. Халықшылдар капитализм *егіншілікті* апатқа ұшыратады, сондықтан елдің бүкіл өндірісін қамтуға қабілеті жетпейді және бұл өндірісті теріс жолға салады дейді, ал марксистер капитализм өңдеуші өнеркәсіпте де, егіншілікте де *өн-*

* Яғни ірі капитализмнің «сөзсіз болатынын және заңдылығын» дәлелдеу үшін «егінші-шаруаның» ұсақ буржуазиялығынан бастаудың орнына.

дірушіні жаныштап отырады, бірақ өндірісті ең жоғары сатыға көтере отырып, «қоғамдастыруға» керекті жағдайлар мен күштерді туғызады *, дейді.

Бұл мәселе жөнінде Струве мырзаның қорытындысы мынадай: «Н.— он мырзаның ең негізгі қателерінің бірі: ол *қалыптасқан* капиталистік құрылыстың ұғымы мен категорияларын түгелімен қазіргі заманғы, осы кезге дейін ақша шаруашылығынан гөрі неғұрлым натуралды болып келген шаруалар шаруашылығына қолданып отыр» (237).

Орыстың егіншілік капитализмінің нақтылы мәліметтерін мүлде елемеушілік Н.— он мырзаны масқара қатеге ұрындырып, ішкі рыноктың «азайғандығы» дейтінді әңгімелетіп отырғанын біз жоғарыда көріп өттік. Бірақ бұл қате оның капитализмнің барлық категорияларын шаруалар жөнінде қолданғанынан емес, егіншілік туралы мәліметтерге ешқандай *капитализм категориясын* қолданбағанынан болып отыр. Буржуазия мен пролетариат таптары, әрине, капитализмнің ең маңызды «категориясы» болып табылады. Н.— он мырзаның ол категорияларды «шаруаларға» «қолданбағаны» былай тұрсын (яғни бұл категорияларды шаруалардың қандай топтарына немесе қандай разрядтарына қолдануға болатынын және олар қаншалықты дамығанын талдаған жоқ), қайта «қауым» ішіндегі қарама-қарсы элементтерді елемей, жалпы «шаруалар» туралы әңгімелеп, нағыз халықшылдарша толғады. Осының нәтижесінде артық халықтың капиталистік сипаты туралы, егіншінің экспроприациялануына себеп болып отырған капитализм туралы қағидасы дәлелденбей қалды, сондықтан тек реакциялық утопияға қызмет етті.

---

* «Капиталистік өндіріс әдісінің сіңірген аса зор еңбегі, бір жағынан, егіншілікті тиімді еткенінде, оны қоғамдық жолмен жүргізу мүмкіндігін тек осы өндіріс әдісі туғызады,— ал, екінші жағынан, жерге меншіктілікті сорақылыққа дейін жеткізуінде болып отыр. Капитализм өзінің басқа да тарихи прогрестері сықылды, бұл прогресті де тікелей өндірушіні толық қайыршылыққа ұшырату арқылы сатып алды». («Das Kapital, III B., 2. Th.; S: 157 («Капитал», III том; 2-бөлім, 157-бет. *Ред.*)) [136].

IV

Струве мырза алтыншы тараудың VIII параграфында жеке меншікті шаруашылық туралы өз ойларын баяндайды. Ол шаруалардың күйзелуі салдарынан болатын осы шаруашылық формаларының өзара тығыз және тікелей тәуелділігін өте дұрыс көрсетеді. Күйзелген шаруа енді «шамадан тыс аренда бағасымен» помещикті «қызықтыра алмайды», сондықтан помещик батырақ еңбегін пайдалануға көшеді. Бұған дәлел ретінде помещиктік шаруашылықтың земство статистикасының мәліметтерін зерттеген Распопиннің мақаласынан, сонымен қатар экономикалық мақсатпен айдалған жерлердің «амалсыздан» көбейтілгенін көрсететін ағымдағы статистика жөніндегі земство кітабынан үзінділер келтіріледі. Егіншіліктегі капитализмнің «болашағы» мен «мүмкіндігі» туралы пікірлер айтып, капитализмнің қазірдің өзінде үстемдік етіп отырғанын бар ынтасымен бүркемелейтін халықшыл мырзаларға жауап ретінде автор *шындықты* дәл көрсетіп береді.

Біз бұл арада тек автордың осы құбылысқа берген бағасына ғана тоқтап өтуге тиіспіз, автор былай дейді: бұл — «жеке меншікті шаруашылықтағы прогресшіл ағымдар» (224), бұл ағымдарды «экономикалық эволюцияның бұлтартпас логикасы» туғызады (240). Осы өте дұрыс қағида тым жалпы баяндалуының салдарынан марксизммен таныстығы жоқ оқушыларға түсініксіз болып қала ма деп қорқамыз: шаруашылықтың пәлендей бір системасы, таптық қарама-қарсылықтың пәлендей бір формасы ауысатынын айқын көрсетпейінше,— дәл осы ағымның неліктен «прогресшіл» ағым екенін (әрине, мәселені тек марксистер қойып жүрген тұрғыдан қарағанда, белгілі таптың тұрғысынан қарағанда), болып жатқан эволюцияның «бұлтартпастығы» неде екенін оқушы түсінбейді деп қорқамыз. Сондықтан бұл ауысушылықты (нағыз жалпы түрде болғанымен) істі халықшылдардың баяндауымен қатар қойып, суреттеп көрелік.

Халықшыл батырақ шаруашылығының даму процесін «дербес» шаруалар шаруашылығының еріксіз ша-

руашылыққа көшуі деп суреттейді, сондықтан — әрине — мұны регресс, құлдырау, т. т. деп есептейді. Процесті бұлайша суреттеу *іс жүзінде мүлде дұрыс емес*, шындыққа мүлде жанаспайды, сондықтан одан шығарылған қорытынды да сорақы. Халықшыл істі осылай оптимистік түрде (өткен заман жөнінде де, қазіргі заман жөнінде де) суреттеп, халықшылдық әдебиеттің өзі анықтаған *фактілерден теріс айналады*, утопия мен мүмкіндік жағына қарай ауытқиды.

Бастама пункт ретінде реформаға дейінгі крепостниктік шаруашылықты алайық.

Крепостниктік шаруашылық тұсында өндірістік қатынастардың негізгі мазмұны мынадай болды: помещик шаруаға жер, құрылыс үшін ағаш берді, жалпы айтқанда әрбір жеке үйге өндіріс құрал-жабдықтарын (кейде тіпті зәру құралдарын да) берді, сонымен қатар ішіп-жеміне керекті қорегін тауып алуды шаруалардың өзіне қалдырып, *қосымша уақытының бәрін* помещикке барщина ретінде жұмыс істеуге күштеп көндірді. Мұндай система тұсында шаруаның «дербестігі» жөнінде әңгіме де болуы мүмкін еместігін айту үшін «қосымша уақыттың бәрін» деген сөздерді баса көрсетіп отырмын *. Помещик шаруаны «қамтамасыз еткен» «үлесті жер» шаруаның өзін шын қамтамасыз етуге еш уақытта қызмет еткен жоқ, ол *заттай төленетін жалақы* ғана болды, помещиктің шаруаны түп-түгел қанауына, помещикті жұмысшымен «қамтамасыз» етуге ғана қызмет етті **.

Міне, енді кимелеп товар шаруашылығы да жетті. Помещик астықты өзі үшін емес, сату үшін өндіре бастайды. Бұл шаруалардың еңбегін қанауды күшейтеді,— одан кейін үлесті жерлер системасы қиыншылығын туғызады, өйткені шаруалардың жаңа өспірім ұрпақтарына үлес бөліп беру енді помещикке тиімсіз болады, сөйтіп еңбегіне ақыны ақшалай төлеу мүмкіндігі келіп туады. Шаруа жері мен помещик жерінің арасын түпкілікті етіп біржола бөлу (әсіресе үлесті жер-

* Мен істің *тек қана* шаруашылық жағына тоқтаймын.

** Сондықтан өндірушіге өндіріс құрал-жабдықтарының тиістілігі «ежелден келе жатқандығын» дәлелдеу үшін «жерді» крепостниктік жолмен «бөлуге» сүйену бүтіндей жалған өтірік болып табылады.

лердің бір бөлігін кесіп алып, «әділ» төлем алу үшін) және *сол* шаруалардың еңбегін пайдалану қолайлы бола бастайды; бұл шаруалар материалдық жағынан нашар жағдайға қойылған және бұрынғы крепостной шаруалармен де, «сыйлықтылармен» де [137], анағұрлым мықты бұрынғы мемлекеттік және удельді шаруалармен де, т. т. бәсекеге түсуге мәжбүр болады.

Крепостниктік право күйрейді.

Енді рынокқа арналған (бұл өте маңызды) шаруашылық системасы өзгереді, бірақ бірден өзгермейді. Ескі белгілер мен «негіздерге» жаңа белгілер мен негіздер келіп қосылады. Бұл жаңа белгілер мынадай: Plusmacherei-дің негізі енді шаруаны өндіріс құрал-жабдықтарымен жабдықтау емес, қайта оның өндіріс құрал-жабдықтарынан «босауы», ақшаға мұқтаждығы болып табылады; енді негіз — натуралды шаруашылық емес, заттай айырбас «қызметі» емес (помещик шаруаға жер береді, ал шаруа — қосымша еңбегінің өнімдерін — астық, кенеп, тағы сол сияқтылар береді), қайта товарлық, ақшалық «ерікті» шарт бола бастайды. Россияда реформадан кейін ескі және жаңа белгілерді ұштастырған шаруашылықтың нақ осы формасы орнады. Жұмыс істегені үшін жер берудің ескі әдісіне (мысалы, жер кесіп бергені үшін шаруашылыққа жұмыс істеу), «қысқы жалдау» әдісі — шаруа ақшаға ерекше мұқтаж, еңбегін үш есе арзан сататын кезде, кейіннен жұмыс істеу үшін қарызға ақша, астық, т. т. беру әдісі келіп қосылды. Көріп отырсыздар, бұрынғы «вотчинадағы» қоғамдық-экономикалық қатынастар нағыз үйреншікті *өсімқорлық* келісімге айналды: ал бұл операцияның алыпсатарлардың майдагерлермен жасайтын операцияларынан мүлде айырмашылығы жоқ.

Реформадан кейін нақ осындай шаруашылық кәдуілгі тип болғанында дау жоқ, ал крепостниктік дәстүрлермен және қатынастармен, «үлесті жеріне» жіпсіз байланған шаруаның мүлдем дәрменсіздігімен ұштасқан Plusmacherei-дің осы өте-мөте ұнамсыз формасын біздің халықшылдық әдебиет тамаша *суреттеген* болатын.

Ал осы қатынастардың экономикалық негізі неде? Халықшылдар мұны көргісі келмеді және көргісі де келмей отыр.

Енді мұндағы үстемдік негізі — бұрынғы кездегідей тек жерге иелік емес, оның үстіне шаруа мұқтаж болып отыратын ақшаға да (ал ақша дегеніміз товар шаруашылығы ұйымдастырған қоғамдық еңбектің жемісі) иелік ету және шаруаның тіршілік құралдарынан «босауы». Әрине, бұл — капиталистік, буржуазиялық қатынас. «Жаңа» белгілер де егіншіліктегі *капитал* үстемдігінің бастапқы формасы, «ескі дворяндық» бұғаудан әлі құтылып болмаған формасы, капиталистік қоғамға тән таптық қарама-қарсылық туғызған, бірақ оны әлі нығайтып жетпеген формасы, одан басқа ешнәрсе де емес.

Ал товар шаруашылығының дамуымен бірге капитал үстемдігінің осы бастапқы формасының тірегі босай бастайды: шаруалардың күйзелуі енді толық күйреу шегіне жетеді, бұл шаруалардың өз құрал-саймандарынан айрылғанын көрсетеді,—еңбектің крепостниктік формасы да, кіріптарлық формасы да бұрын осы негізге сүйеніп келген болатын; ал мұның өзі помещикті өз құрал-сайманына көшуге, шаруаны батырақ болуға мәжбүр етеді.

Реформадан кейінгі Россияда осы көшу басталды,— бұл да даусыз факт. Бұл факт сонау кіріптарлық форманың тенденциясын көрсетеді, ал халықшылдар бұл формаға таза метафизиктік тұрғыдан қарайды, оны өткендегісімен, дамуға ұмтылған беталысымен байланыстыра қарамайды; бұл факт капитализм *онан әрі* дамығанын, біздің капиталистік қоғамымызға тән таптық қарама-қарсылықтың онан әрі дамығанын көрсетеді, өткен заманда бұл қарама-қарсылық «кулактың» шаруаға қатынасынан көрінетін, ал енді істі тиімді жүргізетін қожайынның батыраққа, күндікшіге қатынасынан көріне бастады.

Халықшылдың құтын қашырып, үрейлендіріп отырған да, міне, нақ осы соңғы өзгеріс; ол енді «жерсізденү» дегенді, «дербестіктен айрылу» дегенді, «капи-

тализмнің енуі» және онан «төнген» қатерлер, т. с. және т. с. дегендерді айтып даурыға бастайды.

Осы пікірлерге әділ қараңызшы,— сонда сіз одан, біріншіден, ізгі тілекті бола тұрса да, *өтірікті* көресіз, өйткені бұл батырақтық шаруашылықтың алдында шаруаның «дербестігі» емес, қосымша өнімді оны жасау ісіне қатыспаған адамға берудің басқа формалары болған. Екіншіден, сіз халықшылдық наразылықтың үстірттігін, ұсақтығын көресіз, бұл оны тұрпайы социализмге айналдырады деп Струве мырза дәл айтқан. Ал осы «ену» екі форманың екеуінде де болмай, тек екіншісінде ғана болады деп қаралатыны қалай? наразылықтың мұнда өндіріс құрал-жабдықтарын «жеке жер иеленушілердің» қолына топтаған негізгі тарихи фактіге қарсы бағытталмай, тек бұл монополияны пайдалану тәсілдерінің біреуіне ғана қарсы бағытталатыны қалай? бәленің тамыры барлық жерде және барлығында еңбекті ақша иесіне бағындыратын өндірістік қатынастарда деп қаралмай, тек осы қатынастардың *соңғы* формасында соншалықты айқын көрінетін бөліс теңсіздігінде деп қаралатыны қалай? Нақ осы негізгі жағдай — капитализмге қарсы, бірақ сол капиталистік қатынастар негізінде қала отырып жасалатын наразылық,— міне, бұл халықшылдарды буржуазиялықтан емес, тек буржуазиялықтың шиеленісуінен қорқатын ұсақ буржуазия идеологтарына айналдырып отыр, ал түбірлі өзгеріске жеткізетін де тек осы шиеленіс.

V

Струве мырзаның теориялық ой-пікірлерінің соңғы пунктіне, «орыс капитализміне керекті рыноктар туралы мәселеге» (245) көшелік.

Бізде рынок жоқ дейтін халықшылдар шығарған теорияны талдауды автор: «В. В. мырза капитализм дегенді қалай түсінеді?» — деген сұрақтан бастайды. Мұндай сұрақ өте орынды қойылған, өйткені В. В. мырза әрқашан (жалпы алғанда, халықшылдардың бәрі де) орыс тәртіптерін капитализмнің әрбір елде өз бейнесін өзгертіп отыратын негізгі белгілерімен емес, оның

қайсыбір «ағылшындық формасымен» (247) салыстырып келді. Бір өкіліштісі, Струве мырза капитализмге толық анықтама бермейді, жалпы алғанда, «айырбас шаруашылығының үстемдігін» [бұл — бір белгісі; екінші белгісі — қосымша құнды ақша иесінің иемденуі, ақша иесінің еңбекке үстемдігі] «Европаның батысында өзіміз көріп отырған құрылысты» (247), «оның барлық зардаптарын», «өнеркәсіп өндірісінің шоғырлануын, тар мағынасындағы капитализмді» (247) көрсетеді.

«В. В. мырза,— дейді автор,— «капитализм» деген ұғымды егжей-тегжейлі талдамаған, оны Маркстен ала салған, ал Маркс капитализмді тар мағынасында, көбінесе өндірістің айырбасқа бағынуы негізінде дамыған қатынастардың әбден қалыптасқан жемісі ретінде көрсеткен еді» (247). Мұнымен келісуге болмайды. Біріншіден, егер В. В. мырза шынында капитализм туралы ұғымын Маркстен алған болса, оны дұрыс ұғынған болар еді де, «ағылшындық форманы» капитализммен шатастырмаған болар еді. Екіншіден, Маркс көбінесе «өнеркәсіп өндірісінің орталықтандырылуын немесе шоғырландырылуын» [мұны Струве мырза тар мағынасындағы капитализм деп біледі] көрсеткен деу мүлде әділ емес. Қайта, ол товар шаруашылығының дамуын алғашқы қадамынан бастап қадағалап қарап шықты, ол капитализмге жай кооперация және мануфактуралық қарапайым формаларында, өндірісті машина арқылы шоғырландырудан тұтас ғасырлар бойы алыс жатқан формаларында алып, талдау жасады,— ол өнеркәсіп капитализмінің егіншілік капитализмімен байланысын көрсетті. Струве мырза «В. В. мырзаның зерттеу объектісі халық шаруашылығының натуралды шаруашылық түрінде ұйымдасуынан товар шаруашылығы түрінде ұйымдасуына өтуі жолындағы *алғашқы* қадамдары болған» дегенді айтып, капитализмнің ұғымын өзі тарылтып отыр. *Соңғы* қадамдары деу керек еді. Біздің білуімізше, В. В. мырза Россияның реформадан кейінгі шаруашылығын ғана зерттеді. Струве мырзаның өзі көрсеткеніндей (189—190), *товар* өндірісінің *басталуы* реформаға дейінгі дәуірге жатады, ал тіпті мақта-мата өнеркәсібінің *капиталистік* жолмен

ұйымдасуы шаруаларды азат етуден бұрын қалыптасқан болатын. Реформа осы мағынада *біржола* дамуға түрткі болды; реформа бірінші орынға еңбек өнімінің товар формасын емес, жұмыс күшінің товар формасын қойды; реформа енді товар өндірісінің емес, капиталистік өндірістің үстемдігін баянды етті. Кең және тар мағынадағы * капитализмге берген айырмасының айқын еместігі Струве мырзаны мынаған ұрындырды: ол, сірә, орыс капитализміне қазіргі уақыттағы, қазірдің өзінде-ақ әбден және біржола қалыптасқан нәрсе емес, келешектегі бір нәрсе деп қарайтын болса керек. Мысалы, ол былай дейді:

«В. В. мырза ағылшындық формадағы капитализм Россия үшін болмай қоймайтын нәрсе ме деп сұрақ қоюдан бұрын басқа сұрақ, неғұрлым жалпы және сол себептен де неғұрлым маңызды сұрақ: натуралды шаруашылықтан ақша шаруашылығына көшу Россия үшін болмай қоймайтын нәрсе ме және sensu stricto ** капиталистік өндірістің жалпы товар өндірісіне қатынасы қандай? — деген сұрақты қойып, шешуге тиіс еді» (247). Мәселені бұлай қою қолайлы болмаса керек. Егер қазіргі Россияда болып отырған өндірістік қатынастардың нақты системасы анықталса, онда белгілі бір даму формасының «болмай қоймайтындығы» туралы мәселе eo ipso *** шешілген болар еді. Егер ол анықталмаса, онда бұл шешілмейтін нәрсе. Келешекті әңгімелеудің (халықшыл мырзалар сүйетін) орнына қазіргіні *түсіндіру* керек. Реформадан кейінгі Россияда, айталық, капитализмнің сыртқы көрінісі, яғни оның «шыңдарының» көрінісі (фабрикалық өндіріс, темір жолдар, банктер, тағы сондайлар) жарыққа шықты да, сол сағатта теориялық пікір үшін Россиядағы капитализм туралы мәселе туды. Халықшылдар бұл шыңдар кездейсоқ нәрсе, бүкіл экономикалық құрылыспен байланысты емес,

* Автордың бұл ұғымдарды қандай белгі бойынша айыратыны көрінбейді. Егер тек машиналы индустрияны ғана тар мағынадағы капитализм деп білетін болса, онда мануфактураны да өз алдына неге жеке бөліп шығармайды? Бұл да түсініксіз. Егер тек товар шаруашылығын ғана кең мағынадағы капитализм деп білетін болса, онда бұл арада капитализм жоқ.

** — тар мағынадағы. *Ред.*

*** — соның өзімен. *Ред.*

негізсіз, сол себептен де дәрменсіз нәрсе деп дәлелдеуге тырысты; бұл ретте олар капиталдың еңбекті құл етуі сауда капиталынан «ағылшындық формаға» дейін өте ұзақ және түрлі сатылар арқылы өтетінін ұмытып, «капитализмнің» тым тар мағынадағы ұғымына сүйенді. Сондықтан марксистер бұл шындар Россияда әлдеқашан және *барлық жерде*, өндірістің барлық саласында қалыптасқан, еңбектің капиталға бағынуын туғызып отырған товар шаруашылығы дамуының соңғы қадамы екенін, онан басқа еш нәрсе де емес екенін дәлелдеуге тиіс.

Струве мырзаның орыс капитализміне қазіргі уақыттағы емес, келешектегі бір нәрсе деп қарайтыны оның мына пікірінен өте-мөте айқын көрініп тұр: «заңмен баянды етілген және нығайтылған қазіргі заманғы қауым өмір сүріп тұрғанда «халық игілігімен» ешқандай байланысы жоқ қатынастар сол қауым негізінде дамымақ. [Қалайша тек әлі «дамымақ», тіпті әлдеқашаннан бері-ақ дамып келе жатқан жоқ па, бүкіл халықшылдық әдебиет өзі жарыққа шыққаннан бастап, бұдан ширек ғасырдан астам бұрын, осы құбылыстарды суреттеп, оған қарсылық білдірген жоқ па?] Біз Батыста ірі капиталистік шаруашылықпен қатар өте ұсақ шаруашылықтың да өмір сүріп отырған бірнеше мысалын білеміз. Біздің Польша және біздің оңтүстік-батыс өлкеміз пақ солай болып отыр. Күйзелген шаруалар жерден кеткен жоқ және олардың арасындағы теңестірушілік ықпалы жіктелушілік ықпалынан күштірек, сол себептен жеке үй болып та, қауымдасып та отырған Россия да осы типке жақындап келеді» (280). Қалайша тек әлі жақындап келеді, қазірдің өзінде-ақ дәл осы тип емес пе? «Типті» анықтау үшін тәртіптердің, әрине, юридикалық формаларын емес, негізгі экономикалық белгілерін алу керек. Егер біз орыс деревнясы экономикасының осы негізгі белгілеріне қарасақ, онда біз шаруа үйлерінің шағын учаскелі жерлерде бөлектеніп отырған шаруашылықтарын көреміз, қазірдің өзінде-ақ басты роль атқарып отырған товар шаруашылығының өсуде екенін көреміз. Атап айтқанда, «ұсақ шаруашылық» ұғымына мазмұн беретін де осы

белгілер. Біз бұдан әрі шаруалардың өсімқорларға бәз-баяғы сол берешегін, Батыстың мәліметтері дәлелдеп отырған бәз-баяғы сол экспроприациялауды көреміз. Бар айырмасы — бізде капитализмнің неғұрлым нашар дамуы салдарынан «ескі тәртіптің іздерін» бүтінірек сақтап отырған юридикалық тәртіптеріміздің өзгешеліктерінде (шаруалардың азаматтық тең праволы еместігі; жер иелену формалары) болып отыр. Бірақ біздегі шаруалар жөніндегі тәртіптер *типінің* Батыстағы тәртіптердің типімен біртектестігін бұл өзгешеліктер ешбір бұзбайды.

Струве мырза рыноктар туралы теорияның өзіне көшіп: В. В. мен Н.— он мырзалар капитализмнің дамуы үшін рыноктың өсуі керек, ал капитализм халықты күйзелтеді деген қырсықты шеңберде маталып отыр дейді. Автордың осы қырсықты шеңберді өзінің мальтусшілдігімен түзеткені өте орынсыз,— шаруалардың күйзелу себебі капитализмнен емес, «халықтың өсуінен»!! — дейді ол. Ілгеріде көрсетілген авторлардың қатесі мүлде басқаша: капитализм шаруаларды тек күйзелтіп қана қоймайды, оларды буржуазия мен пролетариатқа бөліп *жіктейді*. Бұл процесс ішкі рынокты жоймайды, қайта оны *құрады:* товар шаруашылығы жіктеліп отырған шаруалардың екі жағында да — «ерікті еңбекті» сатуға мәжбүр болған «пролетарлық» жағында да, өз шаруашылығының техникасын көтеріп (машиналар, саймандар, тыңайтқыштар, т. т. В. В. мырзаның «Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар» деген кітабын салыстырыңыз) және тұтынуды дамытып отырған буржуазиялық жағында да өсіп келеді. Процестің мұндай ұғымы индустриялық капитализм мен егіншілік капитализмінің арақатынасы туралы Маркстің теориясына тікелей негізделгеніне қарамастан, Струве мырза мұны елемейді,— елемеуі, бәлкім, оны В. В. мырзаның «рыноктар теориясы» адастырғандығынан болар. В. В. мырза Маркске сүйенген болып, Россия жұртшылығына дамыған капиталистік қоғамда «артық товар» сөзсіз болады-мыс: ішкі рынок жеткілікті бола алмайды, сыртқы рынок қажет деген теорияны көлденең тартты. «Бұл теория дұрыс (?!), өйт-

кені ол қосымша құн капиталистердің де, жұмысшылардың да тұтынуынан асып қалатынын, оны үшінші адамның тұтынуы керек болатынын көрсетеді» (251),— дейді Струве мырза. Бұған ешқандай келісуге болмайды. В. В. мырзаның «теориясы» (егер бұл арада оны теория деуге келетін болса) жеке тұтыну мен өндірістік тұтынудың айырмашылығын, өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарының айырмашылығын, онсыз (айырмашылықсыз) капиталистік қоғамдағы бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісін ұғынуға болмайтын айырмашылықты тіптен елемейді. Маркс мұны «Капиталдың» II томында егжей-тегжейлі толық көрсетті (үшінші бөлім: «Бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысы») және классикалық саяси экономияның қағидасын сынай отырып, мұны Маркс I томда да айқын дәлелдеді: ол қағида бойынша капиталдың қорлануы дегеніміз үстеме құнды тұрақты капиталға (өндіріс құрал-жабдықтарына) және оған қоса жалақыға айналдыру емес, тек жалақыға ғана айналдыру болады. В. В. мырзаның теориясына жоғарыдағыдай сипаттама берілуін дәлелдеу үшін Струве мырза көрсеткен мақалалардан екі цитат келтірумен шектелейік.

«Әрбір жұмысшы,— дейді В. В. мырза «Рынокты товармен артық жабдықтау» деген мақаласында,— өзі тұтынатынынан көп өндіреді, ал осы артық өнімнің бәрі аз ғана адамдардың қолына жиналады; осы артық өнімнің иелері оны өздері тұтынады, бұл үшін оны ел ішінде және шетелдерде алуан түрлі қажетті өнімдер мен сән-салтанат өнімдеріне айырбастайды; бірақ олар қанша ішкенімен, қанша жегенімен, қанша думандағанымен (sic!!) — қосымша құнның бәрін жұмсап бітіре алмайды» «(Отечественные Записки», 1883 ж., № 5, 14-бет), ал мұны «айқын көрсету үшін» автор капиталистің тамақ, жолаушылау, тағы басқалары секілді «басты-басты шығындарын қарастырады». «Милитаризм және капитализм» деген мақаласында бұдан да айқын айтады: «Өнеркәсіпті капиталистік жолмен ұйымдастырудың ең осал жері кәсіпкерлердің өздерінің бүкіл табысын тұтына алмауында» («Русская Мысль»,

1889 ж., № 9, 80-бет). «Ротшильд өз табысы өсімінің бәрін керегіне жаратып бітіре алмайды... Өйткені бұл өсім... соншама көп тұтыну заттарына жетеді, онсыз да тілегенінің бәрі орындалып жатқан Ротшильд бұл өсімді пайдаланып үлгеру үшін қатты қиналған болар еді», т. т.

Осы пікірлердің бәрі, көріп отырсыздар, капиталистің көздейтін мақсаты үстеме құнды қорландыру емес, өз басының тұтынуы болады-мыс дейтін аңқау жорамалға негізделген,— қоғамдық өнім $c+v+m$-ге (тұрақты капитал, өндіріс құрал-жабдықтары, ал содан кейін барып жалақы мен үстеме құн) бөлінеді деп Маркстің көрсеткеніндей емес, $v+m$-ге (өзгермелі капитал және оған қоса үстеме құн) бөлінеді-міс деп А. Смит және Маркске дейінгі бүкіл саяси экономия үйретіп келген қатеге негізделген. Бұл қателер түзетілсе, сөйтіп капиталистік қоғамда өндіріс құрал-жабдықтары (қоғамдық өнімнің жеке бастың тұтынуына емес, өнім беретін тұтынуына, адамдардың тұтынуына емес, капиталдың тұтынуына жұмсалатын бөлімі) барған сайын орасан зор және өскелең роль атқаратыны ескерілсе, онда әлгі атышулы «теория» да түгелінен мүлде күйрейді. Байлығының қорлануы барған сайын өсе беретін капиталистік өндіріс сыртқы рыноксыз-ақ және ешбір «үшінші адамның» қатысуынсыз-ақ болуы әбден мүмкін екенін Маркс II томда дәлелдеген-ді, Струве мырзаның осы үшінші адамды қатыстыруы өте орынсыз болған. Струве мырзаның бұл мәселе туралы пікірінің ерсі көрінетін тағы бір себебі: Россия үшін ішкі рыноктың маңызы басым,— деп оның өзі көрсетіп отыр және «әлді шаруаларға» сүйенген «орыс капитализмінің даму программасынан» В. В. мырзаны тұзаққа түсіріп отыр. Қазіргі уақытта біздің деревняда жүріп жатқан осы «әлді» (атап айтқанда, буржуазиялық) шаруалардың құрылу процесі капиталдың пайда болғанын, өндірушінің пролетариатқа айналуын және *ішкі рыноктың өсуін* айқын көрсетіп отыр: мысалы, «жақсартылған құрал-саймандардың көбейгені» дәл өндіріс құрал-жабдықтары есебінен капиталдың қорлануын көрсетеді. Бұл мәселе бойынша «мүмкіндіктерді» ба-

яндаудың орнына орыс капитализміне керекті ішкі рыноктың құрылуынан көрініп отырған шын процесті баяндап, оны түсіндіру өте-мөте қажет еді *.

Струве мырза кітабының теориялық бөлімін талдауды осымен аяқтап, біз енді оның пікірлерінің негізгі әдістеріне, жалпы, былайша айтқанда, жинақталған сипаттама беруге кірісуімізге, сөйтіп әуел баста қойылған төмендегі мәселелерге көшуімізге болады: «атап айтқанда, бұл кітапта марксизмге нені жатқызуға болады?», «автор доктринаның (марксизмнің) қандай қағидаларын теріске шығарады, қандайын толықтырады немесе түзетеді, сонда ол не болып шығады?»

Автордың әуел бастан айтылып келе жатқан пікірлерінің негізгі белгісі — процестің болмай қоймайтынын және қажеттілігін дәлелдеумен шектеліп, осы процестің әрбір нақтылы сатысында оған тән таптық антагонизмнің формасын ашуға тырыспайтын тар көлемді объективизмі,— объективизм болғанда, күрестерінен процесс туып отырған антагонистік таптарды жеке-жеке сипаттамай, процесті жалпы сипаттайтын объективизмі.

Өзінің «ескертпелерін» бір ғана «объективтік» және неғұрлым жалпылама бөліммен бұлай шектеуге автордың өз дәлелі бар екенін біз әбден түсінеміз: біріншіден, жат көзқарастардың негізін халықшылдарға қарсы қоймақ ниетімен автор бір principia **-ны баяндаған, ол принциптерді дамытуды және неғұрлым нақтырақ етіп ашуды кейінгі айтысқа қалдырған, екіншіден, біз халықшылдықтың марксизмнен *барлық* айырмасы орыс капитализмін *сынау сипатында,* оны басқаша *түсіндіруінде* екенін I тарауда көрсетуге тырысқан болатынбыз,— марксистердің кейде бір ғана «объективтік» қағидалармен шектелетіні де, біздің ұғымымыздың *(жалпыға мәлім фактілерді)* халықшылдық тұрғыдан

---

* Бұл өте маңызды да күрделі мәселе, сондықтан біз оған жеке мақала арнамақпыз [138].

** — принциптерді. *Ред.*

ұғынудан айырмашылығын баса көрсетуді ғана көздейтіні де, әрине, осыдан.

Бірақ, біздің байқауымызша, Струве мырза бұл жөнінде тым әрірек кеткен тәрізді. Баяндауының абстрактылығы түсінбестікті туғызбай тұра алмайтын қағидаларды жиі беріп отырады; мәселенің қойылуында да профессорпіа, жоғарыдан — отанның жолы мен тағдыры туралы әңгімелеп, мынадай, мынадай жолдармен келе жатқан жеке таптар туралы айтпайтын біздің әдебиетімізде кең тарап, өктем болып жүрген тәсілдерден айырмашылық жоқ; автордың пікірлері неғұрлым нақты болған сайын жалпы абстракт қағидалардың тұрғысында қалып, марксизм principia түсіндіруге соғұрлым жарамсыз болып шыққан, орыс қоғамының пәлендей таптарының пәлендей жағдайын, өндірушілер мүддесіне Plusmacherei-дің түрлі формаларының түгендей арақатынасын айқын көрсету соғұрлым қажет болды.

Сондықтан автордың қағидасын толықтыруға, түсіндіруге, баяндауының ізіне түсуге, сөйтіп мәселені *басқаша* қоюдың қажеттігін, тап қайшылықтарының теориясын *неғұрлым дәйекті* қолдану қажеттігін көрсетуге ұмтылу бізге онша орынсыз көрінген жоқ.

Ал Струве мырзаның мемлекет туралы, артық халық туралы, ішкі рынок туралы мәселелер жөнінде марксизмнен тікелей тайғанына келетін болсақ,— бұл жөнінде жоғарыда жеткілікті айтылды.

VI

Оның бер жағында Струве мырзаның кітабында халықшылдықтың теориялық мазмұнын сынауға қоса халықшылдық экономикалық саясат жөнінде айтылған тағы біраз ескертпелер бар. Автор бұл ескертпелерін тиіп-қашты айтып, дамытпаған, дегенмен біз ешқандай ұғыныспастыққа орын қалдырмау үшін оған соқпай өте алмаймыз.

Бұл ескертпелерде халықшылдық саясатқа қарағанда либералдық, яғни буржуазиялық саясаттың «пара-

саттылығы», прогресшілдігі, «ақылға қонымдылығы», тағы сол сияқтылар көрсетілген *.

Автор, тегі, қазіргі қатынастар негізінде қалып отырған екі саясатты салыстырғысы келген болу керек,— міне, *осы мағынада* оның капитализмді бөгейтін емес, оны дамытатын саясат «парасатты» саясат дегені өте дұрыс, мұның «парасатты» болатын себебі, әрине, буржуазияға қызмет етіп, өндірушіні оған барған сайын мықтап бағындырып отырғандығынан емес [түрлі «аңқаулар» немесе «екіжүзділер» осылай түсіндіруге тырысады], оның себебі капиталистік қатынастарды шиеленістіре және тазарта отырып, осы саясат өзгеріс туғызу кімге байланысты болса, тек соның *көзін* ашып, тек соның қолын босататындығында.

Алайда біз Струве мырзаның осы мүлде дұрыс қағиданы шала-шарпы, өзіне тән абстрактылықпен айтқанын, сондықтан оған кейде: өліктерін көмуді өліктердің өздеріне берсеңші дегің келетінін айтпасқа болмайды. Біздің буржуазияның мүдделерін көксейтін, күшті және ірі капиталдың кішкене капиталды жаныштауға және оның қанауының дөрекі, ескірген тәсілдерін қиратуға бүкіл «тиістілігін» көрсететін теория мен программа жасауға жанын салған адамдар жөнінде Россия еш уақытта кенде болған емес.

Егер автор мұнда да баяндауы шын процесті тұжырымдауға әкеліп тіреуге міндеттейтін, «парасатты», «тиімді» және прогресшіл саясаттың әрбір формасының сыртында тұрған таптық қайшылықтарды ашуға міндеттейтін марксизм «доктринасының» талабын қатаң қолданған болса,— онда әлгі пікірді басқаша айтқан болар еді, мәселені басқаша қойған болар еді. Ол

* Бұл ескертпелердің үлгісымақтарын көрсетейік: «Егер мемлекет... ірі жер иеленушілікті емес, ұсақ жер иеленушілікті нығайтқысы келсе, онда мемлекет бұған қазіргі экономикалық жағдайда шаруалар арасында жүзеге аспайтын экономикалық теңдік орнатамын деп әурелену арқылы жетпейді, қайта тек оның өміршең элементтерін қолдау, олардан экономикалық жағынан мықты шаруалар жасақтау арқылы жетеді» (240). *«Осындай* шаруаларды (атап айтқанда, «экономикалық жағынан мықты, товар өндірісіне бейімделген») жасақтап шығаруды көздеген саясат бірден-бір парасатты және прогресшіл саясат болатындығын мен атамай тұра алмаймын» (281). «Россия кедей капиталистік елден бай капиталистік елге айналуға тиіс» (250) және т. т. «капитализмнен үйренейік» деген қорытынды сөзіне дейін.

Россияда капитализмнің дамуы туралы нақты мәліметтермен қатар ұлы реформадан кейін либерализмнің, яғни буржуазияның жаңбырдан кейін дүркірей өскен саңырауқұлақтай қаптаған теориялары мен программаларын келтірген болар еді. Сөйтіп ол қоғамдық идеялардың экономикалық дамумен байланысын орыс мысалы арқылы көрсеткен болар еді: автор бұл байланысты алғашқы тарауларда дәлелдеген болатын, ал бұл байланыс тек орыс деректеріне материалистік жолмен талдау жасау арқылы ғана біржола анықталуы мүмкін. Сөйтіп ол, екіншіден, өз әдебиетінде буржуазиялық теорияларға қарсы күресіп, бұл теорияларды құдіретті таптың мүддесін қорғайтын теориялар емес, тек қате пікірлер деп қарап, халықшылдардың соншама аңқаулық жасайтынын, бұл тапқа ақыл айту есуастық болатынын, оған тек екінші бір таптың құдіретті күші ғана «ақыл кіргізетінін» көрсеткен болар еді. Сөйтіп ол, үшіншіден, шынында бізде «тиістілік» пен «прогресті» қай таптың шешетінін, ал қандай «жолды» «таңдау» керек дейтінді сөз қылатын халықшылдардың қандай күлкіге ұшырайтынын көрсеткен болар еді.

Халықшыл мырзалар Струве мырзаның осы сөздеріне құлшына жабыса кетті, өйткені әлгі сөздердің нашар тұжырымдалғаны түрлі буржуазияшыл экономистердің (Янжула мырза сияқты) және крепостниктердің (Головин мырза сияқты) жалпы байланыстан жырып алып, жеке сөздерге жармаса кетуіне мүмкіндік берді. Дұшпанның қолына сондай қару берген Струве мырзаның кемшіліктерінің неде екенін біз жоғарыда көрдік.

Халықшылдықты отанға керекті жолды теріс көрсететін * теория ретінде жадағай сынау әрекеті авторды халықшылдықтың «экономикалық саясаты» жөніндегі көзқарасын көмескі тұжырымдауына әкеліп соқтырды. Бұл арада, бәлкім, осы саясаттың тек бір бөлегін емес, күллісін беталды теріске шығарған деп қалушылық бо-

* «Сын заметкалардың» авторы халықшылдықтың экономикалық негізін көрсетеді (166—167-беттер), бірақ оның көрсетуі біз үшін жеткіліксіз сияқты.

луы ықтимал. Сондықтан бұл пунктіне тоқтап өту қажет болады.

«Отан үшін басқа жолдар» табу мүмкіндігі туралы философиялық ой қозғау дегеніміз халықшылдықтың тек сыртқы бейнесі ғана. Ал оның мазмұны — орыстың ұсақ өндірушісінің, ұсақ буржуаның мүдделері мен көзқарасын қорғау. Сондықтан теориядағы халықшыл бір бетімен өткенге, екінші бетімен болашаққа қарайтын дәл Янустың [139] өзі болып табылады. Ұсақ өндіруші де өмірде дәл сол Янус. Ол бір бетімен өткенге қарайды, өзінің ұсақ шаруашылығын нығайтқысы келеді, жалпы экономикалық құрылыс туралы және оны меңгеріп отырған таппен санасу қажеттігі туралы еш нәрсе білмейді және білгісі де келмейді, ал екінші бетімен болашаққа қарайды, өзін күйзелтіп отырған капитализмге қарсы дұшпандық ниетте болады.

Ешбір талдаусыз бүкіл халықшылдық программаны бүтіндей теріске шығару мүлде дұрыс болмайтыны осыдан да түсінікті. Программаның реакцияшыл жағы мен прогресшіл жағын мықтап ажырата білу керек. Халықшылдық — реакцияшыл, өйткені ол шаруаны жерге жіпсіз байлау және үлесті жерінен айырмау, тағы сондайлар сияқты ескі өндіріс әдістеріне таңу шараларын ұсынады *, өйткені олар ақша шаруашылығының дамуын бөгемек болады, өйткені олар ішінара жақсартуларды емес, жолдың «қоғам» тарапынан және бюрократия өкілдерінің ықпалымен өзгертілуін күтеді (бір земство әкімі жобалаған қоғамдық егістер жөнінде «Русское Богатствоның» 1894 жылғы 7-номерінде пікір айтқан және осы жобаларға түзетулер енгізумен әуреленген Южаков мырза бұған мысал бола алады). Халықшылдық программаның осы секілді пункттеріне қарсы, әрине, сөзсіз соғыс ашу қажет болады. Бірақ олардың өзін-өзі билеу, «халықтың» қолын білімге еркін және кеңінен жеткізу, арзан кредиттер, техниканы жақсарту, зат өткізу ісін жөнге салу, т. т., т. с. с. арқылы «халық» шаруашылығын (атап айтқанда, ұсақ

* Бұл шаралар тек «батыс европалық және россиялық кейбір жер иелерінің жерге мықты батырақтар туралы жалынды арманын» (279) ғана жүзеге асырған болар еді деп, Струве мырза өте-мөте дұрыс айтқан.

шаруашылықты) «көтеру» туралы баяндайтын басқа пункттері де бар. Бұл секілді жалпы демократиялық шаралар — прогресшіл шаралар,— мұны, әрине, Струве мырза да әбден мойындайды. Бұлар Россияның капиталистік жолмен экономикалық дамуын бөгемейді, қайта жеделдетеді, ішкі рыноктың құрылуын жеделдетеді, еңбекшінің жағдайын жақсартып, тұтыну дәрежесін арттыра отырып, техника мен машиналы индустрияның өсуін тездетеді, еңбекшінің өзінше ойлауы мен әрекеттенуін тездетеді әрі жеңілдетеді.

Бұл арада мынадай сұрақ туып қалуы ықтимал: осы секілді сөзсіз керекті шараларды неғұрлым дұрыс және жақсы көрсететін кім,— халықшылдар ма, әлде техникалық прогресті барынша жақтайтын және Струве мырза өте-мөте жақсы көріп отырған à la А. Скворцов мырза тәрізді публицистер ме? Меніңше, маркстік тұрғыдан қарағанда *бұл жөнінде* халықшылдықтың мүлде артықтығына күмәндануға болмайды. «Московские Ведомостидің» программасы ірі буржуазияның мүдделеріне қалай сай келсе, Скворцов тәріздес мырзалардың шаралары да бүкіл ұсақ өндірушілер табының, ұсақ буржуазияның мүдделеріне нақ сондай сай келеді. Ол шаралар жұрттың бәріне * емес, тек әкімдердің назары түскен жекелеген таңдаулы адамдарға ғана арналған. Ақырында, ол шаралар сондайлық өрескел, өйткені шаруалар шаруашылығына полицияның араласуын көздейді. Бәрін қосып алғанда, бұл шаралар «шаруалар шаруашылығының өндірістік прогресіне» айтарлықтай ешқандай кепіл болмайды, сенім туғызбайды.

Халықшылдар *бұл жөнінде* ұсақ өндірушілердің мүдделерін әлдеқайда дұрыс түсінеді және қорғайды, сондықтан марксистер олардың программасының реакциялық сипаттарын теріске шығара отырып, жалпы демократиялық пункттерін қабылдап қана қоймай, сонымен қатар оларды дәлірек, тереңірек және онан әрі жүзеге асыруға тиіс. Россияда ондай реформалар неғұрлым батылырақ жүргізілген сайын, еңбекшілер бұқарасының тұрмыс дәрежесі неғұрлым жоғары көте-

* Яғни, әрине, техникалық прогреске *кімнің қолы жетсе*, соның бәріне арналған.

рілген сайын,— орыс өмірінің ең маңызды және негізгі (қазірдің өзінде солай болып отырған) әлеуметтік қарама-қарсылықтары соғұрлым ашық және таза болып жарыққа шығады. В. В. мырза қаншама жала жапқанымен, марксистер «демократиялық арқауды» немесе ағымды «үзбейтіні» былай тұрсын, қайта олар бұл ағымды дамытқысы, күшейткісі, оны өмірге жақындатқысы келеді, «қоғам» мен «интеллигенция» қолынан түсіріп алғалы тұрған «арқауды» қайтадан көтергісі келеді *.

«Арқауды» тастамай, қайта оны нығайта беру керек дейтін бұл талап қайсыбір «марксистердің» жеке басының ниетінен қалай болса солай туа салатын талап емес, олар қызмет еткісі келетін таптың жағдайы мен мүдделерінен қажетті түрде туатын, олардың «доктринасының» түбегейлі талаптары қажетті және сөзсіз міндеттеп отырған талап. Мен бұл арада түсінікті жағдайлар себебінен осы қағиданың бірінші бөлімін, «жағдай» мен «мүдделердің» сипатын талдауға тоқталып жатпаймын; өйткені істің жайы бұл арада өзінен-өзі айқын болса керек. Тек екінші бөліміне, атап айтқанда, «үзіліп бара жатқан арқауды» көрсететін мәселе жөніндегі маркстік доктринаның көзқарасына тоқтап өтемін.

Марксистер бұл мәселені халықшыл мырзалардың істегеніндей және істеп отырғанындай емес, *басқаша қоюға* тиіс. Халықшылдар мәселені «қазіргі заманғы ғылым, қазіргі заманғы адамгершілік идеялары» тұрғысынан қояды; істі былай суреттейді: ондай реформаларды жүзеге асырудың *өндірістік қатынастардың* өздерінде жатқан пәлендей терең себебі жоқ, кедергі тек сезімнің өрескелдігінде: «парасат сәулесінің» нашарлығында, тағы сол сияқтыларда тәрізді, Россия —

* «Неделяның» 1894 жылғы 47-номерінде В. В. мырза былай дейді: «Біздің тарихымыздың реформадан кейінгі дәуіріндегі әлеуметтік қатынастар кейбір белгілері жөнінен саяси күрес дәуірінде күшті демократизмі және одан кейінгі уақытта қоғамдық индифферентизмі болған батыс европалық қатынастарға жақындап қалды». Бұл «индифферентизмнің» кездейсоқ нәрсе емес екенін, ол «қоғамның» өкілдері шығатын және қазіргі қатынастардан зиян көрумен қатар пайданы да соншама көп тауып отырған таптың жағдайы мен мүдделерінің болмай қоймайтын нәтижесі екенін біз I тарауда көрсетуге тырысқанбыз.

tabula rasa тәрізді, оған қалып отырғаны тек дұрыс жолды дұрыс белгілеу тәрізді. *Мәселе бұлай қойылса,* бұл оны В. В. мырза мақтанатын «тазалықпен» қамтамасыз ететіні түсінікті, бұл тазалық шынында институт шәкірттері қиялының «тазалығын» ғана көрсетеді, бұл тазалық халықшылдық ой-пікірлерді кабинетте жасалатын әңгімелер үшін сондайлық қолайлы етеді.

Ал дәл осы мәселелерді марксистердің қойысы мүлде басқаша болуға тиіс *. Өндірістік қатынастардағы қоғамдық құбылыстардың тамырын іздеп табуға міндетті, оларды белгілі бір таптардың *мүдделеріне* әкеліп тіреуге міндетті марксистер әлгі сол desiderata-ны пәлендей бір басқа элементтер мен таптардың қарсылықтарына кездесетін пәлендей бір қоғамдық элементтердің «тілегі» ретінде тұжырымдауға тиіс. Мәселе осылай қойылса, олар өздерінің теорияларын таптардан жоғары тұрып қарайтын профессорлық пікір айту үшін, «тамаша табыстарға» ** жеткізуге уәде ететін қайсыбір жобалар мен баяндамалар үшін мүлде пайдалана алмайтын болады. Бұл, әрине, жоғарыда көрсетілген көзқарастың өзгеруінің тек жанама қасиеті, бірақ *қазіргі дәуірдегі* халықшылдықтың қандай биік жардан оппортунизм батпағына қарай домалап бара жатқанын еске алсақ, осының өзі де өте зор қасиет. Бірақ бір ғана жанама қасиетпен іс бітпейді. Егер дәл осы мәселелер таптық антагонизм теориясына үйлес қойылса [бұл үшін, әрине, орыс тарихы мен орыс өмірінің «фактілерін қайта қарау керек»],— онда бұған берілген жауап пәлендей таптардың шұғыл мүдделерін тұжырымдап шығады,— бұл жауаптар нақ осы мүдделі таптардың, тек сол таптардың практика жүзінде пайдалануына *** арналады,— бір марксистің тамаша

---

* Егер олар өздерінің теориясын дәйекті қолданатын болса, Струве мырзаның баяндауының қанағаттанғысыздығы оның дәл осы теорияны барынша қатаң қолданбағанынан болды, деп біз әлденеше рет айтқан болатынбыз.

** Южаков мырзаның сөзі.

*** Әрине, *осы* «пайдалану» үшін орасан зор дайындық жұмысы керек болады, бұл өзі шын мәнінде көзге түспейтін жұмыс. Бұл пайдалануға дейін азды-көпті едәуір уақыт өтуі мүмкін, бұл уақыттың ішінде біз: күш бар, сондықтан сол күштерге «теріс жолдан тай» деп кеңес беру ғана қалып отыр, деп сендірмекші болатын халықшыл мырзалардың «жылымшы оптимизміне» қарама-қарсы: отанға жақ-

сөзімен айтқанда, ол таптар «интеллигенцияның тар кабинетінен» шығып, неғұрлым дамыған және таза түрдегі өндірістік қатынастарға қатысушылардың өз ортасына жетуге ұмтылады, «арқау үзілгендігінен» көбірек зәбір көргендерге ұмтылады, «мұраттар» кім үшін «керек» болса, соларға қарай ұмтылады, ойткені онсыз олардың ісі жаманға айналады. Мәселенің бұлай қойылуы бүкіл осы ескі мәселелерге жаңа күш береді,— алым-салықтар, паспорттар, қоныс аудару, болыстық басқармалар, тағы сол сияқтылар туралы мәселелерге, біздің «қоғамымыз» талай талқылаған және тексерген, бір емес, қайта-қайта шешкен, ал қазір одан өзі жеріп отырған мәселелерге жаңа күш береді.

Сөйтіп, мәселеге қай жағынан келсек те — Россияда үстем болып отырған экономикалық қатынастар системасының мазмұнын және осы системаның тарихи байланысындағы түрлі формаларын және олардың еңбекшілер мүддесіне қатынасын зерттеу арқылы келсек те,— немесе «арқау үзілуі» және бұл «үзілудің» себебі туралы мәселені зерттеу арқылы келсек те,— осы екі ретте де біз бір қорытындыға келеміз, бастан кешіріп отырған заманымыз алға ұсынған «өмірден жіктелген еңбектің» тарихи міндетінің ұлы маңызы туралы қорытындыға, осы таптың бәрін қамтитын идеяларының маңызы туралы қорытындыға келеміз.

сы жол көрсете аларлықтай әлі ешқандай күш жоқ дегенді ашық айтамыз.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

В. Е. ПОСТНИКОВТЫҢ «ОҢТҮСТІК ОРЫС ШАРУАЛАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ» [140] ДЕГЕН КІТАБЫНДАҒЫ В. И. ЛЕНИННІҢ ҚОЙҒАН БЕЛГІЛЕРІ, ШЫҒАРҒАН ЕСЕПТЕРІ ЖӘНЕ АСТЫН СЫЗҒАН ЖЕРЛЕРІ

. . . . . .

[9] *

Земствоның үй басы санағының деректері бойынша, шаруалардың жеке топтарының нақтылы үй саны және бөлінген жердің орташа мөлшері мынадай цифрлармен бейнеленеді:

ШАРУАЛАР ТОПТАРЫ	*Днепр уезі*		*Мелитополь уезі*		*Бердянск уезі*	
	Үй саны	Нақты 1 үйге келетін дес.	Үй саны	1 үйге келетін жарамды жер	Үй саны	1 үйге келетін жер
Бұрынғы неміс колонистері	113	84	1 874	46	3 075	37.9
Бұрынғы болгар колонистері	—	—	285	75.7	4 149	38.1
Бұрынғы мемлекеттік шаруалар	16 708	20.4	28 758	19.8	21 057	18.3
Бұрынғы помещиктік меншікті шаруалар	2 351	11.6	2 764	11.5	187	8.9
Бұрынғы помещиктік сыйлықты шаруалар	414	3.1	1 297	3.2	326	2.3
Уездер бойынша	19 586	19.3	34 978	20.5	28 794	23

Қорытындысында 3 уездегі 83 358 үйден колонистер 9496 үй, яғни $>{}^1/_9$ бөлегі.

* Осы жерде және бұдан былай шаршы жақшалар ішінде В. Е. Постников кітабының беттері көрсетілген. *Ред.*

. . . . . .

[107]

...Қазіргі уақытта біздің земстволық-статистикалық әдебистімізде шаруалар бюджеті туралы деректер мардымсыз, ал Воронеж губерниясының бірнеше уезі бойынша мұндай деректер тіпті әр үйді аралап, сұрау арқылы жиналды... Алайда Воронеж статистикасының бір ғана санақ жылына катысы бар бұл мәліметтері шаруалар шаруашылығы бойынша орташа деректер бола алмайтынын айту керек, өйткені шаруа семьясы бюджетінің толып жатқан шаруашылық шығындары бар, (мәселен, мерекелік киімкешекке, жасауға, ұлдарына енші бөлгенде шаруашылығын жабдықтауға кететін шығын, құрылысқа және ірі құрал-саймандарға жұмсалатын шығын болады) бұл шығындар әр жыл сайын, әсіресе шаруалардың барлық осындай төтенше шығындарына қаражат беретін егін шығымдылығына қарай соншама күшті ауытқып отырады.

?? неге?

. . . . . .

[117]

Тавриялық 3 уезд шаруаларында

Өгіздер %:		*Егіс*	*Аттар*	*Өгіздер*	*Бір пар жұмыс көлігіне келетін егіс*
1/3 жуық	5 дес. дейін егетіндерде	34 070 дес.	6 467	3 082	$7._{1}$ дес.
1/4 »	5—10 » »	140 426 »	25 152	8 924	$8._{2}$ »
< 1/4	10—25 » »	540 093 »	80 517	24 943	$10._{2}$ »
< 1/4	25—50 » »	494 095 »	62 823	19 030	$12._{5}$ »
< 1/3	50 дес. артық »	230 583 »	21 003	11 648	$14._{5}$ »
	Барлығы	1 439 267 »	195 962	67 627	$10._{9}$ »

Егер жұмыс күштерін егіс көлеміне шағып есептейтін болсақ, онда әр түрлі топтар бойынша 100 десятина егіске келетіні:

	Жалданушылармен бірге адам саны			Жұмыс көлігінің саны
	Үйлер	*Жан саны*	*Қызметкерлер*	
5 дес. дейін егетіндер	28.7	136	28.5	28.2
5—10 » » »	12.9	67	12.6	25
10—25 » » »	6.1	41.2	9.3	20
25—50 » » »	2.9	25.5	7	16.6
50 дес. артық »	1.3	18	6.8	14
Орта есеппен	5.4	36.6	9	18.3

Сонымен, шаруалар шаруашылығының мөлшері мен жыртылатын жер көлемі артқан сайын ауыл шаруашылығындағы ең басты шығын саналатын жұмыс күшін, адамдарды және малды ұстау шығындары үдемелі түрде азая береді, ал бұл шығындар егінді көп егетін топтарда бір десятина егіске шаққанда егінді аз егетін топтардағыдан екі есе дерлік аз болады.

. . . . . .

[134]

Таврлялық земство санағы барлық 3 уезді қосып есептегенде мынадай цифрларды береді:

	Колониялар	Басқа селолар	
Үйлердің жалпы саны	9 496	74 539*	84 035
Жұмыс көлігі жоқ үйлер саны	972	11 555	
Егісі жоқ үйлер саны	865	5 477	

* Бұл үйлердің құрамына санақ жүргізілген кезде болыстарға тіркелмеген селолар да енгізілген.

. . . . . .

[145]

Бір үйге орта есеппен келетіні

	Бердянск уезі	Үлесті жер	Сатып алынған жер	Арендаға алынған жер
		Жыртылған жер дес. есебімен		
10[141]	Егін екпейтіндер	6.8	3.1	0.09
8.0	5 дес. дейін егетіндер	6.9	0.7	0.4
10.1	5—10 » » »	9	—	1.1
18.7	10—25 » » »	14.1	0.6	4
39.5	25—50 » » »	27.6	2.1	9.8
116.4	50 дес. артық »	36.7	31.3	48.4
21.4	Уезд бойынша	14.8	1.6	5
	Мелитополь уезі			
9.4	Егін екпейтіндер	8.7	0.7	—
7.7	5 дес. дейін егетіндер	7.1	0.2	0.4
10.6	5—10 » » »	9	0.2	1.4
17.6	10—25 » » »	12.8	0.3	4.5
38.4	25—50 » » »	23.5	1.5	13.4
100	50 дес. артық »	36.2	21.3	42.5
22.2	Уезд бойынша	14.1	1.4	6.7
	Днепр уезі			
7.4	Егін екпейтіндер	6.4	0.9	0.1
6.1	5 дес. дейін егетіндер	5.5	0.04	0.6
10.3	5—10 » » »	8.7	0.05	1.6
18.9	10—25 » » »	12.5	0.6	5.8
36.3	25—50 » » »	16.6	2.3	17.4
91.4	50 дес. артық »	17.4	30	44
19.9	Уезд бойынша	11.2	1.7	7.0*

* Үш уезд бойынша көрсетілген арендаға алынған жердің цифрына үлестен тыс жерлер де, сондай-ақ үлесті жерлер де кіреді.

. . . .
[150]

...Статистика мәліметтері бойынша, 1884—1886 жылдары қазыналық жыртылатын жердің шаруалар арасында бөлінуі төмендегідей болды*.

ШАРУАЛАР ТОПТАРЫ	Бердянск уезі			Мелитополь уезі			Днепр уезі			3 уезд бойынша барлығы[142]	
	арендалаушы үйлер саны	дес. саны	арендаға алушы әр үйге келетіні	арендалаушы үйлер саны	дес. саны	арендаға алушы әр үйге келетіні	арендалаушы үйлер саны	дес. саны	арендаға алушы әр үйге келетіні	Арендалаушы үйлер	Десятина
5 дес. дейін егетіндер	39	66	1.7	24	383	16	20	62	3.1	83	511
5—10 » » »	227	400	1.8	159	776	4.8	58	251	4.3	444	1 427
10—25 » » »	687	2 642	3.8	707	4 569	6.4	338	1 500	4.4	1 732	8 711
25—50 » » »	387	3 755	9.7	672	8 564	12.7	186	1 056	5.7	1 245	13 375
50 дес. артық »	113	3 194	28.3	440	15 365	34.9	79	1 724	21.8	632	20 283
Жиынтығы	1 476	10 107	7	2 002	29 657	14.8	681	4 595	6.7	4 136	44 307
	1 453	10 057						4 593			

* Аренда шарттары бойынша шаруалардың арендаға алынған жердің тек 1/3 бөлегін ғана жыртуына правосы бар. Қалған бөлегі олардың өздерінің қалауы бойынша шабындық немесе мал жайылымы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

. . . . . .

[279]

1. Бердянск уезінің Орлов колониясындағы *меннонит Яков Нейфельдтің* үш жыл ішіндегі (1886—1888) *бюджеті.*

. . . . . .

[280—281]

Үш жыл ішіндегі *орташа* кірісі мен шығысы төмендегідей болды:

Кірісі

Бидай сатудан	894 с. 03 т.
Астықтың басқа түрлері мен овощ сатудан	151 » 33 »
Жылқы, ірі қара және қой сатудан	198 » 35 »
Жүн сатудан	52 » 25 »
Жұмыртқа мен май сатудан	24 » 63 »
Сабан сатудан	35 » 92 »
Тезек сатудан	8 » 83 »
Құрал-сайман сатудан	63 » 33 »
Басқалай түрлі кірістер	30 » 80 »
Барлығы	1 459 с. 47 т.

Шығысы

	Қауымдық және қазыналық төлемдер	168 с. 32 т.
	Жерді арендалауға	70 » — »
	Қызметкерлерге	146 » 66 »
	Бақташыларға	25 » 14 »
	Мал сатып алуға	54 » 75 »
	Картоп және бидай тұқымына	15 » 08 »
	Құрылыстарды жөндеуге	32 » 18 »
	Машиналарды жөндеуге және сатып алуға	77 » 13 »
37.61 (	Ет пен балыққа	6 » 43 »
	Кофе мен қантқа	25 » 20 »
	Шарап пен арақққа	5 » 98 »
	Киімге	363 » 92 »
	Аяқ киімге	38 » 72 »
	Басқалай түрлі шығыстар	99 » 92 »
	Барлығы	1 129 с. 43 т.

Орташа жылдық қалдық 330 с. 4 т.

. . . . . .

[282—283]

Енді осы бір ерекше сипатты колонистік бюджетті талдауға біршама тоқталайық.

72 десятина жері бар шаруашылықтың жылдық ақшалай табысы 1 459 сом 47 тиын болды. Соның ішінде:

Егіншілік өнімдерінен	1 081 с. 28 т.
Мал шаруашылығы өнімдерінен	284 » 06 »
Басқалай түрлі кірістерден	94 » 13 »

Шаруашылық жерінің бір десятинасына 20 с. 27 т. табыс келген. Бірақ бұл ақшалай табыс қана. Бүтіндей жалпы табыстың цифрын шығару үшін оған шаруашылықтың ішінде тұтынылған өнімдердің бүкіл құнын қосу қажет. Осы қожайынның айтуынша, оның жыл бойына өз шаруашылығының өнімдерін тұтынуы төмендегідей мөлшерде болған:

1) Семьясы мен қызметкердің тамағына:	*сомасы*
10 ширек бидай, 8 с. 25 тиыннан	82 с. 50 т.
6 ширек қара бидай, 5 сомнан	30 » — »
Картоптан, овощтан және бақшадан	36 » — »
Барлығы	148 с. 50 т.

2) Өнімді малдың қажетіне:

а)	сиырларға: 250 пұт пішен, 30 тиыннан	75 с.
	30 пұт қара бидай ұны, 70 тиыннан	21 »
	100 пұт бидай және арпа сабаны	08 »
	10 десятина жайылым, 5 сомнан	50 »
в)	шошқаларға 18 ширек арпа, 4 сомнан	72 »
	Барлығы	226 с.

Шаруашылықта өнімді мал ұстау ет-сүт тағамдарын тұтынуға қызмет етеді, сондықтан жоғарыдағы екі жалпы қорытындыны қосып есептеуге болады. Сөйтіп өз шаруашылығының өнімдерінен алынатын барлық азық-түлік 374 с. 50 т. түседі, мұның өзі жан басына келетін шығынға шаққанда 46 с. 81 т., ал соның 18 с. 56 т. өсімдік тағамдарына және 28 с. 25 т. ет-сүт* тағамдарына жұмсалатын шығын.

3) 8 жұмыс атына:

109 ширек арпа мен сұлы, 4 сомнан	436 с.
100 пұт пішен, 30 тиыннан	30 »
400 пұт ұнтақталған сабан, 10 тиыннан	40 »
4 дес. жайылым, шабындық бағасымен	20 »
Барлығы	526 с.

Шаруашылықта бір атты жемдеуге жұмсалған шығын 65 с. 75 т. болды.

4) Егіске:

12 ширек бидай, 8 с. 25 тиыннан	99 с.
6 ширек арпа, 4 сомнан	24 »
1 ширек қара бидай, 5 сомнан	5 »
3 ширек сұлы, 4 сомнан	12 »
Барлығы	140 с.

Үй жылытуға:

2 текше сажын көң тезек, 10 сомнан	20 с.
$^1/_4$ текше сажын ағаш	7 »
500 пұт сабан, 8 тиыннан	40 »
Барлығы	67 с.

* Шаруашылықта тұтынылған үй құсы да көрсетілмей қалып отыр. Оның құны бұл жерде есепке алынбаған, яғни шаруашылықтан сатылған майды өндіруге жұмсалған мал азығы бұл құнды балансылауы мүмкін.

Шаруашылықта жұмсалатын барлық өнімдердің құны 1 107 с. 50 т. дейін жетеді, бұл шаруашылықтың әр десятинасына — 15 с. 38 т. келеді деген сөз.

Шаруашылықтың өнімдей және ақшалай алғандағы барлық жалпы табысы 2 666 с. 97 т. болады, бұл әр десятинага 35 с. 65 т. келеді деген сөз.

$$\begin{array}{r} + \begin{array}{r} 1\,459.{\scriptstyle 47} \\ 1\,107.{\scriptstyle 5} \end{array} \\ \hline 2\,566.{\scriptstyle 97} \end{array}$$

Өнімдей және ақшалай шығындарды бірге қоса отырып, біз жеке статьялар бойынша төмендегідей шығындарды есептеп шығарамыз:

	Барлығы	*1 десятинаға*	
1. Жер үшін төлемдер	238 с. 32 т.	3 с. 31 т.	
2. Егістік тұқым	140 » — »	1 » 95 »	
3. Құрылыстарға	32 » 18 »	— » 45 »	109.31
4. Құрал-сайманға	77 » 13 »	1 » 07 »	
5. Мал санын толықтыруға	54 » 75 »	— » 76 »	
6. Жұмыс көлігіне	526 » — »	7 » 31 »	
7. Қызметкерлердің жалақысы	171 » 80 »	2 » 40 »	
8. Семья мен қызметкерлердің тамағы	412 » 11 »	5 » 72 »	
9. Киім мен аяқ киім	402 » 64 »	5 » 60 »	
10. Үй жылыту	67 » — »	— » 91 »	
11. Басқадай шығындар	115 » — »	1 » 60 »	
Барлығы	2 236 с. 93 т.	31 с. 07 т.	

. . . . . .

[286]

3. Мелитополь уезінің Веселое селосындағы *шаруа Степан Масловтың бюджеті...*

. . . . . .

[287]

Шығысы

26 десятина жыртылатын жер үшін аренда ақысы, 6 сомнан	156 с.
3 жан үшін алым-салық және қауымдық төлемдер	34 »
Маусымдық қызметкерге 2 ай үшін	45 »
Бақташыға әр сиыр басына 50 т. және қой басына 40 т.	8 »

Ұстаға аттарды тағалағаны және құрал-саймандарды жөндегені үшін	32 с.	
6 жанның киімі мен аяқ киіміне	284 »	333 с.
Шай 3 сомға және 1 пұт қант	9 »	
Ораза күндері үшін 3 шелек өсімдік майы, 5 сомнан және кептірілген балық	25 »	
Арақ	15 »	
Барлығы	608 с.	

Белгілер мен есептер ерте дегенде 1893 ж. мартта жасалған

Бірінші рет толық емес күйінде 1940 ж. Лениннің XXXIII жинағында басылған

Түпнұсқа бойынша басылып отыр

ҚОСЫМШАЛАР

В. И. УЛЬЯНОВТЫҢ (ЛЕНИННІҢ) ӨТІНІШТЕРІ
1887—1893 жылдар

1

Жоғары мәртебелі мырза Симбирск Классикалық гимназиясының Директорына

Симбирск Классикалық гимназиясының
VIII класының оқушысы
Владимир Ульяновтан

ӨТІНІШ

Кәмелеттік сыннан өтуге тілек білдіре отырып, соған рұқсат етуді Жоғары мәртебелі Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

Симбирск. 1887 жылғы апрельдің 18 күні.

Симбирск гимназиясының
VIII класс оқушысы
Владимир Ульянов

№ 468 кәмелеттік аттестатты [143] және көшірмелерімен қоса басқа да барлық документтерді алдым *Владимир Ульянов.*

Бірінші рет 1924 ж. январьда «Молодая Гвардия» журналының 1-номерінде толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

Жоғары мәртебелі мырза Императорлық
Қазан Университетінің Ректорына

Симбирск гимназиясында курс
бітірген, чиновник баласы
Владимир Ильин Ульяновтан

ӨТІНІШ

Білім алуды жалғастыру үшін Қазан Университетіне түсуге тілек білдіре отырып, мені заң факультетінің бірінші курсына қабылдау жөнінде тиісті жарлық беруіңізді Жоғары мәртебелі Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын; бұған негіз ретінде төменде аталған документтерді көшірмелерімен қоса жолдаймын, атап айтқанда: а) кәмелеттік аттестат, б) туған және шоқындырылған уақытым туралы метрикалық куәлік, в) әкемнің қызметі туралы формулярлық тізім, г) әскери міндетті өтеу жөнінде шақыру учаскесіне тіркелгенім туралы куәлік және д) екі фотосурет.

Сонымен бірге Императорлық Россиялық Университеттердің Патша ағзам бекіткен уставтың 100-параграфы негізінде өзімнің Университетте болатын кезімнің бәрінде университеттік ережелер мен қаулыларға бағынуға міндеттенемін.

Симбирск гимназиясында курс бітірген
Владимир Ульянов

Қазан қаласы. 1887 жылғы июльдің 29 күні [144].

Бірінші рет 1929 ж.
«Красное Студенчество»
журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

3

Жоғары мәртебелі мырза Императорлық
Қазан Университетінің Ректорына

Заң факультетінің
1-семестрінің студенті
Владимир Ульяновтан

ӨТІНІШ

Университет өмірінің қазіргі жағдайларында менің Университетте білім алуымды жалғастыру мүмкін емес деп санай отырып, мені Императорлық Қазан Университеті студенттерінің қатарынан шығару жөнінде тиісті жарлық беруіңізді Жоғары мәртебелі Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

Заң факультетінің
1-семестрінің студенті
Владимир Ульянов

Қазан. 1887 жылдың 5 декабрі [145].

Бірінші рет 1946 ж. 24 сентябрьде «Известия» газетінің 225-номерінде басылған.

Қолжазба бойынша басылып отыр

4

Биік мәртебелі мырза
Халық Ағарту Министріне

Императорлық Қазан
Университетінің
бұрынғы студенті
Владимир Ульяновтан

ӨТІНІШ

Өзімнің білім алуымды жалғастыру үшін мүмкіндік алуға тілек білдіре отырып, менің Императорлық Қазан Университетіне түсуіме рұқсат етуді Биік мәртебелі Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

Императорлық Қазан
Университетінің
бұрынғы студенті
Владимир Ульянов

Қазан. 1888 жыл, майдың 9 күні.

Менің адресім: Профессор шолақ көшесі,
Завьялованың үйі, Веретенникованың пәтері [146].

*Бірінші рет 1929 ж.
17 октябрьде «Красное Студенчество»
журналының 4-номерінде
басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

5

Шапағатты мырза
Ішкі Істер Министріне

Бұрынғы студент
Владимир Ульяновтан

ӨТІНІШ

Күн көріске қаржы табу үшін және өз семьяма қолғабыс тигізу үшін менің жоғары білім алуым аса қажет болып отыр, сол себептен де, Россияда жоғары білім алуыма мүмкіндік болмағандықтан, шетелдік университетке түсуім үшін менің шетелге жүруіме рұқсат беруіңізді Шапағатты мырза Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

Бұрынғы студент
Владимир Ульянов

Қазан, 1888 жылғы сентябрьдің 6 күні.

Менің адресім: Қазан, Профессор шолақ көшесі, Завьялованың үйі, Веретенникованың пәтері [147].

*Бірінші рет 1957 ж.
«В. И. Лениннің жастық шағы. Замандастарының естеліктері және документтер бойынша» деген кітапта басылған. «Жас гвардия» баспасы*

Қолжазба бойынша басылып отыр

6

Шапағатты мырза
Халық Ағарту Министріне

Императорлық Қазан
Университетінің
бұрынғы студенті
Владимир Ульяновтан

ӨТІНІШ

Арнаулы білім алмаған адамның кәсіп табуы тіпті мүмкін емес екен деп айтпағанмен, мұның өте қиын екеніне гимназия курсын бітіргеннен бергі екі жылдың ішінде менің көзім әбден жетті.

Сол себепті мен, семьяма — қартайған анама және кішкентай інім мен қарындасыма — өз еңбегіммен көмектесуге мүмкіндік беретіндей қандай да болсын бір кәсіп табуға әбден мұқтаж болып жүргенімді білдіре отырып, жоғары оқу орнының бірінде экстерн ретімен заң ғылымының кандидаты атағын алуға емтихан тапсыруыма рұқсат беруді Шапағатты мырза Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

Императорлық Қазан
Университетінің
бұрынғы студенті
Владимир Ульянов

Самара қаласы, 1889 жылғы октябрьдің 28 күні.
Воскресенская көшесі, Катковтың үйі [148].

Бірінші рет 1925 ж. «Красная Летопись» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

7

Шапағатты мырза
Халық Ағарту Министріне

Дворянин [149] Владимир Ульяновтан

ӨТІНІШ

1884 жылғы устав бойынша басқарылатын университеттердің біріндегі сынақ комиссиясына заң факультетінің пәндерінен экстерн ретімен ақырғы емтихан тапсыруыма Шапағатты мырза Сіздің рұқсат етуіңізге байланысты осы емтиханды Императорлық С.-Петербург Университеті жанындағы сынақ комиссиясына тапсыруыма рұқсат беруіңізді Шапағатты мырза Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

Дворянин *Владимир Ульянов*

Самара, 1890 жылғы июньнің 12 күні.

Почтовая және Сокольничья көшелерінің бұрышы. Рытиковтың үйі [150].

Бірінші рет 1924 ж. «Красная Летопись» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

8

Жоғары мәртебелі мырза Императорлық Санкт-Петербург Университеті жанындағы Сынақтан өткізетін Заң Комиссиясының Председателіне

Дворянин Владимир Ильин Ульяновтан

ӨТІНІШ

Фотосуретімді, маған Императорлық Қазан Университетінен берілген куәлікті, менің экстерн ретімен сынақ комиссиясына заң факультетінің пәндерінен ақырғы емтихан тапсыруыма Шапағатты мырза Халық Ағарту Министрінің рұқсат еткені туралы Халық Ағарту министрлігі Департаменті берген куәлікті, сынақ комиссиясының пайдасына 20 сом жарна төлегенім туралы университет казначейлігінің квитанциясын және ереже бойынша талап етілетін қылмысты істер правосы бойынша жазылған шығармамды қоса тапсыра отырып, менің Заң Комиссиясында сынаққа түсуіме рұқсат етуіңізді Жоғары мәртебелі Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

С.-Петербург, 1891 жылғы марттың 26 күні.

Дворянин *Владимир Ильин Ульянов* [151]

Бірінші рет 1924 ж. «Красная Летопись» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

9

Самара Округтік Сотына

Самара қаласындағы Сокольничья көшесіндегі Рытиковтың үйінде тұратын, Самара Округтік Соты жанындағы қорғаушы адвокаттың көмекшісі Владимир Ильич Ульяновтан

ӨТІНІШ

Менің қорғаушы болуға праволы екенім туралы куәлік беруді Самара Округтік Сотынан өтініп сұраймын. Осымен бірге, сот ережелерінің (1883 жылы басылған) 406-статьясының [5] талабына сәйкес, менің қорғаушы болуға право алуым үшін азаматтық сот ісі уставының 246-статьясында көрсетілген бөгеттердің бірде-бірі жоқ екенін куәландырамын.

Қорғаушы адвокаттың көмекшісі

Владимир Ульянов

Самара, 1892 жылғы февральдың 28 күні [152].

Бірінші рет 1957 ж. «В. И. Лениннің жастық шағы. Замандастарының естеліктері және документтер бойынша» деген кітапта басылған. «Жас гвардия» баспасы

Қолжазба бойынша басылып отыр

10

Жоғары мәртебелі мырза Полиция
Департаментінің Директорына

Самара Округтік Соты жанындағы
қорғаушы адвокаттың көмекшісі
Владимир Ильич Ульяновтан

ӨТІНІШ

1892 жылғы 30 январьда болған Самара Округтік Соты Жалпы Жиналысының ұйғарымы бойынша қорғаушы адвокаттың көмекшілері қатарына алынғаннан кейін маған қорғаушы болу правосының куәлігін беру жөнінде Сотқа өтініш жазған едім. Ал менің жеке басым жөнінде өздерінде дерек болмауы себепті Самара Округтік Соты менің өтінішіме нақты жауап беруге қиналып отырғандықтан, менің қорғаушы болуыма право беретін куәлік алуыма Полиция Департаменті тарапынан бөгет жоқ екені туралы Самара Округтік Сотының председателі мырзаны хабардар етуіңізді Жоғары мәртебелі Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

Қорғаушы адвокаттың көмекшісі
Владимир Ульянов

Самара, 1892 жылғы июньнің 1 күні.

Почтовая және Сокольничья көшелерінің
бұрышы, Рытиковтың үйі [153].

*Бірінші рет 1924 ж.
«Красная Летопись» журналының
1-номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

11

Жоғары мәртебелі мырза
Самара Округтік Сотының Председателіне

Қорғаушы адвокаттың көмекшісі
В. И. Ульяновтан

ӨТІНІШ

Осы жылғы март айында маған қорғаушы * болуға право беретін куәлік беру жөнінде Самара Округтік Сотына жолдаған өтінішіме қосымша ретінде, менің сенімділігім туралы куәлікті мынадай себептер бойынша тапсыра алмайтынымды Жоғары мәртебелі Сізге іштипатпен баяндаймын: маған курс бітіргенім жөнінде аттестат берген Императорлық С.-Петербург Университетінің басшылары менің сенімділігім туралы куәлік бере алмайды, өйткені мен бұл университеттің студенті болған жоқпын және 1890 жылғы май айында осы университет жанындағы Сынақтан өткізетін Заң Комиссиясында экстерн ретімен емтихан тапсыруым Шапағатты мырза Халық Ағарту Министрінің рұқсатымен болған-ды. Ал енді менің сенімділігім туралы полиция тарапынан куәландыру жайына келетін болсақ, Полиция Департаменті мұндай куәліктерді жеке адамдардың өтініші бойынша бермейді, тек қызмет орындарының сұрауы бойынша ғана береді. Жоғарыда баяндалған жағдайға байланысты маған қорғаушы болу правосын беретін куәлік берілуіне өз тарапынан бөгет жоқ екені туралы Полиция Департаменті Директо-

* Қараңыз: осы том, 587-бет. *Ред.*

ры мырзаның пікірін алдыруыңызды Жоғары мәртебелі Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

Самара, 1892 жылғы июньнің 11 күні.

Қорғаушы адвокаттың көмекшісі
Влад. Ульянов [154]

*Бірінші рет 1957 ж.
«В. И. Лениннің жастық шағы.
Замандастарының естеліктері
және документтер бойынша»
деген кітапта басылған.
«Жас гвардия» баспасы*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

12

Самара Округтік Сотына

Қорғаушы адвокаттың көмекшісі
Владимир Ильич Ульяновтан

ӨТІНІШ

Басқалардың істерін жүргізуге право беретін куәлік үшін 75 сом төлегенім жөнінде Самара губерниялық казначейлігінің осы 1893 жылғы январьдағы № 75 квитанциясын, сондай-ақ 1892 жыл бойына іс жүргізуге рұқсат беретін куәлікті осымен қоса тапсыра отырып, маған 1893 жыл бойына басқалардың істерін жүргізуге право беретін куәлік беруді ілтипатпен өтініп сұраймын. Сонымен бірге маған куәлік беруге азаматтық сот ісі уставының 246-статьясында көрсетілген бөгеттердің жоқ екенін куәландырамын.

Самара, 1893 жылғы январьдың 5 күні.

Қорғаушы адвокаттың көмекшісі
Владимир Ульянов [155]

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

13

Жоғары мәртебелі мырза
Самара Округтік Сотының Председателіне

Қорғаушы адвокаттың көмекшісі
Владимир Ильич Ульяновтан

ӨТІНІШ

Санкт-Петербург Сот Палатасы округіне қорғаушы адвокаттың көмекшісі болып ауысқым келетіндіктен менің Самара Округтік Соты жанында қорғаушы адвокаттың көмекшісі болып істейтінім, 1892 және 1893 жылдары басқалардың істерін жүргізуге право беретін куәлік алғандығым жайында маған куәлік беруіңізді Жоғары мәртебелі Сізден ілтипатпен өтініп сұраймын.

Қорғаушы адвокаттың көмекшісі
В. Ульянов

Самара, 1893 жылғы августың 16 күні [156].

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ 1891—1894 ЖЫЛДАРДА ЖАЗЫЛҒАН, ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1891 ж.

ҚЫЛМЫСТЫ ІСТЕР ПРАВОСЫНАН КУРСТЫҚ ШЫҒАРМА

Шығарманы Владимир Ильич 1891 жылғы 26 мартта Петербург Университеті жанындағы сынақтан өткізетін заң комиссиясы председателінің атына жазған өтінішімен бірге тапсырған (осы томның 586-бетін қараңыз).

1893 ж.

В. В.-ның «РОССИЯДАҒЫ КАПИТАЛИЗМНІҢ ТАҒДЫРЫ» ДЕГЕН КІТАБЫ ЖӨНІНДЕ В. И. ЛЕНИННІҢ САМАРАДА ЖАЗҒАН ЕҢБЕГІ

А. А. Ганшин өзінің естеліктерінде былай деп жазады: Владимир Ильичтің еңбегі *«В. В. еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі»* деп аталған тәрізді еді және ол Петербургке Самарадан 1893 жылы әкелінді (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 138-бет).

В. В.-ның «Россиядағы капитализмнің тағдыры» атты кітабы сынға алынған В. И. Лениннің еңбегі туралы М. Г. Григорьев (қараңыз: «Пролетарская Революция», 1923, № 8, 61-бет), С. И. Мицкевич (қараңыз: Н. Ленин. ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?», «Московский рабочий» және «Новая Москва» баспалары, 1923, XV, XVIII беттер), И. Х. Лалаянц (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 105-бет) өздерінің естеліктерінде хабарлайды.

Н. Е. ФЕДОСЕЕВПЕН ЖАЗЫСҚАН ХАТТАР

В. И. Лениннің Н. Е. Федосеевпен хат жазысуы 1893 немесе 1894 жылы басталған.

В. И. Ленин «Н. Е. Федосеев туралы бірер сөз» деген мақаласында былай деп жазды: «Ұмытпасам, менің Федосеевпен жазысқан хаттарым дүниеге маркстік немесе социал-демократиялық көзқарастың сол кезде туған мәселелері туралы болды... Менде Федосеевтің хаттарының немесе қолжазбаларының кейбір үзінділері бір жерлерде қалуы мүмкін, бірақ олар

сақталды ма және оларды іздеп табу мүмкін бе — бұл жөнінде мен нақтылы еш нәрсе айта алмаймын» (Шығармалар, 33-том, 454-бет).

1894 ж.

««ХАЛЫҚ ДОСТАРЫ» ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОЛАР СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРҒА ҚАРСЫ ҚАЛАЙ КҮРЕСЕДІ?»

II бөлім. 1894 жылдың жазында жазылған.

«МАРКСИЗМНІҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕ БАЯНДАЛУЫ» ДЕГЕН РЕФЕРАТ (1894 ж. КҮЗІ)

«12 жыл ішінде» атты жинаққа алғы сөзінде В. И. Ленин «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы» деген тақырыптағы рефератты Петербург марксистерінің үйірмесінде оқығанын жазған еді. «Мұнда Струвеге қарсы айтыстың 1895 жылдың көктемінде басылған мақаладағыдан гөрі әлдеқайда-ақ қатаң және айқын (социал-демократиялық қорытындылар бойынша) болғандығы рефераттың атынан да көрініп тұр,— деп атап көрсетті В. И. Ленин,— жұмсартудың біразы цензура жөніндегі пікірден барып, біразы халықшылдыққа қарсы бірігіп күресу үшін жария марксизммен «одақ» жасауға бола істелді» (Шығармалар, 13-том, 88—89-беттер). Социал-демократтар тобынан үйірмеде В. И. Ленин, В. В. Старков және С. И. Радченко, жария әдебиетші-марксистерден — П. Б. Струве, А. Н. Потресов және Р. Э. Классон болды.

1894—1895 ж. ж.

СЕМЯННИКОВ ЗАВОДЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЛИСТОК

Листок Петербургтегі Нева механикалық заводында (бұрынғы Семянников заводы) 23 декабрьде болған толқулар жөнінде 1894 жылғы 24 декабрьден (1895 жылғы 5 январьдан) кейінірек жазылған.

Н. К. Крупская өзінің естеліктерінде орыс марксистерінің осы тұңғыш үгіт листогын В. И. Ленин жазды деп көрсетеді (қараңыз: Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 19-бет; «Творчество» журналы, 1920, № 7—10, 5-бет).

В. И. Ленин «Иван Васильевич Бабушкин» (1910) деген мақала-некрологында Семянников заводының жұмысшыларына арналған листокты жазуға И. В. Бабушкин белсене қатысты және осы листокты өз қолымен таратты деп жазды.

В. И. ЛЕНИН АУДАРҒАН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

1889 жылдың аяғы — 1890 жыл

К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (немісшеден аударма). Аударма сақталмаған.

М. И. Ульянова самаралық (алакаевкалық) кезең жөніндегі өзінің естеліктерінде А. И. Ерамасовтың мынадай сөздерін келтіреді: «Ол кезде Владимир Ильич К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік манифесінің» тамаша аудармасын жасады,— деп жазады ол.— Бұл аударма қолжазба күйінде қолдан-қолға көшіп жүрді, оны біз Сызраньға да жеткіздік. Мұнда мен осы дәптерді бастықтар сенімсіз деп санайтын, өзіме таныс бір мұғалімге бердім. Бұл мұғалім әлдеқандай бір іспен Симбирскіге, халық училищелерінің директорына шақырылды. Мұғалімнің шешесі тінту бола ма деп қорыққанынан дәптерді жойып жібереді. Ильичтің бұл аудармасының тағдыры осындай болды. Осы оқиғаны еске түсіргенде мен қатты ұяламын, өйткені тамаша аударманың жойылып кеткеніне ішінара мен кінәлымын» (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 57-бет). А. И. Ерамасовтың осы сөздері жайлы өзінің естеліктерінде М. И. Семенов та (М. Блан) айтады (қараңыз: «80—90-жылдардағы революциялық Самара». Куйбышев баспасы, 1940, 55-бет).

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер. В. Е. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітабы жөнінде»* деген мақала В. И. Лениннің бізге мәлім барлық еңбектерінің ішіндегі ең ерте жазылғаны. Бұл мақала 1893 жылдың көктемінде Самарада жазылып, осындағы маркстік жастардың үйірмелерінде қолжазба күйінде оқылып жүрді. Ленин бұл еңбегін Москвада шығатын либералдық «Русская Мысль» журналында бастырмақ болған еді, бірақ редакция мақаланы «журналдың бағытына сай келмейді» деп қабылдамады. 1894 жылғы 30 майдағы хатында Ленин бұл мәселе жөнінде былай деп хабарлады: «Мен оны тіпті «Русская Мысльге» жіберіп те аңқаулық жасадым, одан мен, әрине, баспаймыз деген жауап алдым: мен «Русская Мысльдің» 2-номерінен «біздің белгілі» либерал пасығымыз, В. В. мырзаның Постников туралы мақаласын оқығанымда әлгі жағдай маған әбден түсінікті болды. Тамаша материалды мүлдем бүлдіріп, фактілердің бәрін бос мылжыңмен былықтыру үшін қаншама өнерлі болу керек десеңізші!» (Лениннің XXXIII жинағы, 1940, 17-бет).

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтында Лениннің «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақаласының екі қолжазбасы бар. Бірінші (алғашқы) қолжазба Лениннің өз архивінен алынды; Владимир Ильич ақырғы рет қайта көшіріп жазғанда кейбір қосымшалар енгізген екінші қолжазбаны ол С. И. Мицкевичке берген; 1894 жылғы 3 декабрьде С. И. Мицкевичтің үйін тінткен кезде қолжазба одан тартып алынған. Қолжазба 1923 жылы Москваның сот палатасының архивінен табылып, сол кезде-ақ «Партияның бірінші съезінің жиырма бес жылдығына (1898—1923)» деген жинақта бірінші рет басылды. Ал мына басылуда «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақала В. И. Ленин түзетіп жазған екінші қолжазба бойынша жарияланып отыр.

Марксизм-ленинизм институтында В. Е. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітабы да сақтаулы; оның беттерінде Лениннің жасаған ескертпелері бар, бұл ескертпелер осы томның «Дайындық материалдар» деген бөлімінде басылып отыр.

Ленин бұл мақаланың негізгі материалдарын 1896—1899 жылдарда жазылып, 1899 жылғы мартта басылып шыққан өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының екінші тарауында пайдаланды.—*1.*

2 *Земство статистикасы* — земство мекемелері ұйымдастырған статистика. Губерниялық және уездік земство басқармаларының жанындағы статистика бөлімшелері, бюролары, комиссиялары статистикалық зерттеулер (шаруалар шаруашылықтары мен кәсіпшілік шаруашылықтарының үй басына санақ жүргізу, жердің табыстылығын анықтау, земство алымдары түсетін жер мен мал-мүлікті қайта бағалау, шаруалардың бюджеттерін зерттеу және т. т.) жүргізіп, уездер мен губерниялар бойынша нақты материалы мол толып жатқан шолулар мен статистикалық жинақтар шығарып отырды.

Земство статистикасының мәліметтерін жоғары бағалай отырып, В. И. Ленин былай деп атап көрсетті: «европалықтар біздің земство статистикасымен жақсы таныса, мұның өзі, сірә, жалпы әлеуметтік статистиканың дамуына зор себепші болар еді» (Шығармалар, 5-том, 224-бет). Сонымен бірге Ленин земство статистиктерінің статистикалық мәліметтерді өңдеу және топтау әдістерін сынға алды. «Жұмысының мұқияттылығы және толықтығы жағынан тамаша жақсы біздің земство статистикамыздың ең бір осал жері осында болып отыр» (Шығармалар, 20-том, 74-бет),— деп жазды Ленин. Земство статистиктерінің ішінде көптеген адамдар халықшылдық позицияда болды, сондықтан олар статистикалық мәліметтерге екінің бірінде әдейі бір жақты қарады. Олар капитализмнің дамуы барысында пайда болған шаруалардың жеке топтарының елеулі айырмашылықтары мен белгілерін жыпырлаған цифрлардың тасасынан байқамады.

Ленин земство статистикасының деректерін зерттеді, тексерді, талдады. Ол есептеуді өзінше жүргізіп, мәліметтер мен кестелер жасады, шаруалар мен кәсіпшілік шаруашылықтары туралы алынған деректерге маркстік талдау жасап, ғылыми тұрғыдан топтады. Земство статистикасының мол материалын пайдалана отырып, Ленин халықшылдардың ойдан шығарған схемаларын әшкереледі, Россияның экономикалық дамуының шын бейнесін көрсетіп берді. Ленин земство статистикасының материалдарын өзінің еңбектерінде, әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында кеңінен пайдаланды (земство статистикасы туралы В. И. Лениннің 1914 жылы жазылған «Земство статис-

тикасының міндеттері туралы мәселе жөнінде» деген еңбегін қараңыз).— *3*.

³ Бұл арада «Земство статистикасының мәліметтері бойынша Россияны экономикалық жағынан зерттеудің қорытындылары» деген жинақ жөнінде айтылып отыр: 1 том — *В. В.* «Шаруалар қауымы», Москва, 1892 ж., II том — *Н. Карышев*. «Шаруалардың жерді үлестен тыс арендалауы», Дерпт, 1892 ж. Екеуі де — либерал-халықшылдық бағыттағы еңбектер.— *4*.

⁴ *Қауым* (жер қауымы) — Россияда шаруалардың жерді бірлесіп пайдалану формасы; онда ауыспалы егіс тәртібі еріксіз енгізілді, ормандар мен жайылымдар бөлмей пайдаланылды. Жаппай кепілдік (ақша төлемдерін мезгілінде әрі толық өтеп отыру және мемлекет пен помещиктердің пайдасына алуан түрлі міндеткерлікті орындау үшін шаруалардың ықтиярсыз коллективтік жауапкершілігі), жерді үнемі қайта бөліп отыру және жерден бас тарту правосының болмауы, жерді сатып алуға және сатуға тыйым салу орыс жер қауымының аса маңызды белгілері болды.

Россияда қауым ерте заманнан бері-ақ мәлім. Тарихи дамудың барысында қауым бірте-бірте Россиядағы феодализм тіректерінің біріне айналды. Помещиктер мен патша үкіметі қауымды крепостниктік езгіні күшейту үшін және халықтан сатып алу төлемдері мен алым-салықтар жинау үшін пайдаланды. В. И. Ленин былай деп көрсетті: Қауым «шаруаларды пролетарлanудан сақтап қала алмай, іс жүзінде шағын одақтарға және «өмір сүру мәнісін» бүтіндей жойған разрядтарға тура матап қойғандай болған шаруаларды бытырататын орта ғасырлық кедергінің ролін атқарып отыр» (Шығармалар, 15-том, 68-бет).

Қауым проблемасы қызу айтыстар туғызып, қыруар экономикалық әдебиетті дүниеге келтірді. Қауымды Россияның социализмге қарай дамуының ерекше жолының кепілі деп білген халықшылдар қауымға ерекше көп көңіл бөлді. Фактілерді бір беткей іріктеу және бұрмалау, «орташа цифрлар» дейтіндерді тілге тиек ету арқылы халықшылдар Россиядағы қауымдық шаруалардың ерекше «тұрақтылық» сипаты бар және қауым шаруаларды олардың тұрмысына капиталистік қатынастардың енуінен қорғайды-мыс, шаруаларды күйзелуден және таптарға жіктелуден «құтқарады-мыс» деп дәлелдеуге тырысты. XIX ғасырдың 80-жылдарында-ақ Г. В. Плеханов «қауымдық социализм» туралы халықшылдық жалған үміттердің қисынсыздығын көрсетіп берген болатын, ал 90-жылдары В. И. Ленин халықшылдардың теорияларын ақырына дейін талқандады. Ленин орыс деревнясында капиталистік қатынастардың қалай дамығанын, капиталдың патриархтық село қауымына ене отырып, соның ішінде шаруаларды антагонистік тап-

тарға: кулактар мен кедейлерге қалай жіктегенін орасан мол нақты және статистикалық материалдар негізінде көрсетіп берді.

1906 жылы патша үкіметі помещиктер мен кулактардың мүддесін көздеген заң шығарды; бұл заң бойынша шаруалардың қауымнан шығуына және үлесті жерін сатуына рұқсат етілді. Деревнядағы қауымдық құрылысты ресми түрде жоюды бастап беріп, шаруалардың жіктелуін күшейткен осы заң шығарылғаннан кейінгі тоғыз жылдың ішінде екі миллионнан астам үй иесі қауымнан шықты.—*10.*

5 *Ревизиялық жандар* — крепостниктік Россиядағы жан басына салық салынатын және осы мақсатпен айрықша санақтармен («ревизия» дейтіндермен) есепке алынатын еркек адамдар (негізінен алғанда шаруалар мен мещандар). Россияда мұндай «ревизиялар» 1718 жылдан жүргізіле бастады; 1857—1859 жылдары соңғы, оныншы, «ревизия» жүргізілді. Бірқатар аудандарда ревизиялық жандарға қарай селолық қауымдардың ішінде жерді қайта бөлу жүзеге асырылып отырды.— *11.*

6 В. И. Ленин кестеде В. Е. Постниковтың жинақты цифрлардағы қателерін: 1476-ны 1453-ке; 10 107-ні 10 057-ге; 4595-ті 4593-ке түзетті (қараңыз: осы том, 571-бет).— *17.*

7 *Меннониттер* — XVIII ғасырдың аяқ шенінде Россияға қоныс аударған, Батыс Европадан шыққан сектанттар. Олар сектаның негізін қалаушы голланд Менно Симонстың есімі бойынша аталған. Меннониттер негізінен алғанда Екатеринослав және Таврия губернияларында қоныстанды. Меннонит колонистері шаруашылықтарының көбі ауқатты, кулак шаруашылықтары болды.— *26.*

8 *1861 жылғы «Шаруалар реформасы»* — Россияда крепостниктік правоны жойған реформа; патша үкіметі бұл реформаны крепостник-помещиктердің мүддесіне сай жүргізді. Реформаны жүргізу қажеттігі елдің экономикалық дамуының бүкіл барысынан және крепостниктік қанауға қарсы шаруалардың бұқаралық қозғалысының өсуінен туды. «Шаруалар реформасы» буржуазиялық реформа болды. Россияны капитализм жолына тартқан экономикалық дамудың күші реформаға капиталистік мазмұн берді, сөйтіп «шаруалар жері неғұрлым *аз* кесіліп алынса, олардың жері помещиктердің жерінен неғұрлым *толық* бөлектелсе, крепостниктерге төленетін алымның мөлшері неғұрлым *аз* болса, реформаның ол мазмұны соғұрлым күштірек бола түсті» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 105—106-беттер). «Шаруалар реформасы» Россияның буржуазиялық монархияға айналуы жолындағы ілгері басқан қадам болды. 1861 жылғы 19 февральда II Александр крепостниктік тәуелділіктен құтылған шаруалар туралы Манифест пен «Ережелерге» қол

қойды. Барлығы 22,5 миллион помещиктік шаруа «азат етілді». Алайда помещиктік жер иелену сақталып қалды. Шаруалардың жерлері помещиктің меншігі деп жарияланды. Шаруа жер үлесін заңда белгіленген норма бойынша ғана (оның өзінде помещиктің келісімі бойынша) сатып алатын болды. Шаруалар төлемді патша үкіметіне өткізді, ал патша үкіметі одан тағайындалған соманы помещиктерге төледі. Шамалап шығарылған есептерге қарағанда, реформадан кейін дворяндардың жері 71,5 миллион десятина, шаруалардың жері 33,7 миллион десятина болды. Реформаның арқасында помещиктер шаруалар жерінің $^{1}/_{5}$ бөлігінен астамын, тіпті $^{2}/_{5}$ бөлігін өздеріне кесіп алды.

Реформа шаруашылықтың байырғы, барщиналық жүйесінің іргесін сөкті, бірақ оны жойған жоқ. Шаруалардың үлесті жерлерінің ең жақсы бөліктері («кесіп алынған жерлер», ормандар, шалғындар, суаттар, жайылымдар және басқалары) помещиктердің қолында қалды, ал мұндай жерлерсіз шаруалар дербес шаруашылық жүргізе алмайтын еді. Жерді сатып алу туралы келісім жасасқанға дейін шаруалар «уақытша міндеттілер» болып есептелді де, оброк пен барщина түрінде помещиктің пайдасына салық төлеп отырды. Шаруалардың үлесті жерлерін өз меншіктеріне сатып алуы олардың помещиктер мен патша үкіметіне тікелей тоналуы болды. Шаруалардың патша үкіметіне борышын 6 процент өсіммен бөліп-бөліп өтеуге 49 жыл мерзім белгіленді. Жерді сатып алу жөніндегі берешектер жылдан-жылға өсе берді. Тек бұрынғы помещиктік шаруалар ғана патша үкіметіне сатып алу операциясы бойынша 1,9 миллиард сом төледі, ал оның бер жағында шаруалардың қарамағына көшкен жердің рыноктық бағасы 544 миллион сомнан аспайтын. Іс жүзінде шаруалар өз жерлері үшін жүздеген миллион сом төлеуге мәжбүр болды, мұның өзі шаруалар шаруашылықтарының күйзелуіне, шаруалардың жаппай қайыршылануына әкеліп соқтырды.

Н. Г. Чернышевский бастаған орыс революцияшыл демократтары крепостниктік сипаты үшін «шаруалар реформасын» сынға алды.

В. И. Ленин 1861 жылғы «шаруалар реформасын» егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүддесін көздеп, шаруаларға тұңғыш рет жаппай зорлық жасағандық, капитализм үшін помещиктік тұрғыдан «жерді тазалағандық» деп атады.

1861 жылғы реформа туралы Ф. Энгельстің «Германиядағы социализм» деген мақаласын (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 252—254-беттер) және В. И. Лениннің «Крепостниктік право құлауының елу жылдығы», «Мереке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетар-шаруа революциясы» деген еңбектерін (Шығармалар, 17-том, 71—74, 94—102, 103—112-беттер) қараңыз.— *26*.

9 Қолжазбада дәлел үшін келтірілген есептерде жеке дәлсіздіктер кетіп қалған: бүкіл егіс көлемі 1651 десятина болады, үй басына шаққанда 5 десятинадан астам егісі бар шаруашылықтарды ғана есептегенде, рынокқа ұсынылатын ақшадай сұранымның мөлшері 22 498 сом болады. Үй басына шаққанда 5 десятинадан астам егісі бар шаруашылықтардың егіс көлемі 1603 десятина болады. Алайда бұл дәлсіздіктер жалпы қорытындыларға әсер етпейді.

В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуының бірінші томында ілгеріде айтылған арифметикалық дәлсіздіктер В. И. Ленин алған бастапқы деректерді өзгерту арқылы түзетілді.

Бұл басылуында дәлел үшін келтірілген есеп В. И. Лениннің қолжазбасы бойынша қалпына келтірілді.— *35.*

10 *Мойынсерік* — деревня кедейлерінің бірлесіп жұмыс істеуінің ежелгі қарапайым түрі; мойынсерік болғанда бірнеше шаруа үйі ауыл шаруашылығы жұмыстарын атқару үшін жұмыс малы мен басқа да өндіріс құрал-жабдықтарын біріктіреді. В. И. Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының екінші тарауында мойынсерікті «шаруа буржуазиясы ығыстыратын, кері кетіп бара жатқан шаруашылықтардың кооперациясы» (Шығармалар, 3-том, 69-бет) деп атады.— *38.*

11 *Селолық расправа* — 1838 жылғы ереже бойынша мемлекеттік шаруалар үшін патшалы Россияда құрылған арнаулы сот, оның құрамында село старшинасы (председатель) және сайланып қойылған екі шаруа болған. Бірінші сатыдағы сот болған село расправасы жеңіл-желпі азаматтық істер мен теріс қылықтарды қараған, айып салу, еріксіз жұмыс істету және дүре соғу жазаларына кесіп отырған. Селолық соттың екінші сатысы болыстық расправа болды. 1858 жылы болыстық және селолық расправалар таратылды, алайда «расправа» деген терминнің өзі төменгі селолық соттар үшін сақталып қала берді.— *43.*

12 *«Русская Мысль»* («Орыс Ойы») — ай сайын шығып тұрған, либералдық-халықшылдық бағыттағы журнал; Москвада 1880 жылдан шыға бастады. 90-жылдары марксистердің либерал халықшылдармен айтысы кезінде журналдың редакциясы халықшылдық позицияда қала отырып, кейде журналда марксистердің мақалаларын да басып тұрды. Журналдың көркем әдебиет бөлімінде прогрессшіл жазушылардың — А. М. Горькийдің, В. Г. Короленконың, Д. Н. Мамин-Сибиряктың, Г. И. Успенскийдің, А. П. Чеховтың және басқаларының шығармалары басылды.

1905 жылғы революциядан кейін журнал кадет партиясының оңшыл қанатының органына айналып, П. Б. Струвенің

редакциясымен шығып тұрды. 1918 жылдың орта шенінде жабылды.— *48.*

[13] *Ұзын алқапты жер* — шаруалардың талай километрге (кейде әр жағына 25—30 километрге дейін) созылып жатқан үлесті жерлері. Ұзын алқапты жер Россияның оңтүстігі мен шығысындағы далалық аудандарында жиі кездесетін; бұл аудандарда бірнеше жүз шаруа үйі бар үлкен селолар басым болатын (ұзын алқапты жердің сипаттамасын В. Е. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітабынан қараңыз. М., 1891, III тарау. Шаруалардың ұзын алқапты жері, 69—105-беттер).— *53.*

[14] *«Вестник Европы»* («Европа Хабаршысы») — ай сайын шығып тұрған буржуазиялық-либералдық бағыттағы тарихи-саяси және әдеби журнал; 1866 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журналда революцияшыл марксистерге қарсы бағытталған мақалалар басылды.— *57.*

[15] *Шаруа істері жөніндегі уездік мекеме* патшалы Россияда 1874 жылы «шаруалар қоғамдық басқармасының» селолық және болыстық органдарын бақылау үшін құрылған болатын. Уездік дворян жетекшілері басқарған бұл мекеме исправниктерден, келістіруші соттардан және уездік земство басқармаларының председательдерінен құралды. Шаруа істері жөніндегі уездік мекеме губернатор басқаратын губерниялық мекемелерге бағынды.— *62.*

[16] Бұл арада Россияның шығыс және оңтүстік-шығыс губернияларын ерекше қатты шарпыған 1891 жылғы аштық туралы әңгіме болып отыр. Өзінің көлемі жағынан 1891 жылғы аштық елдегі мұнан бұрын болып келген осындай стихиялық апаттардың бәрінен де асып түсті. Еңбекші халықты қисапсыз көп ауыртпалыққа ұшыратқан аштық шаруаларды жаппай күйзелтті және сонымен бірге Россияда капитализмнің дамуы үшін ішкі рынок құру процесін тездетті (Россиядағы 1891 жылғы аштық туралы қараңыз: Ф. Энгельс. «Германиядағы социализм» деген мақаласы, К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 253—254-беттер; сондай-ақ В. И. Ленин. Шығармалар, 3-том, 166, 614-беттер).— *65.*

[17] В. И. Лениннің *«Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде»* деген еңбегі Петербургте 1893 жылдың күзінде жазылды.

Бұл еңбектегі аса маңызды қағидаларды Ленин алғашында Петербург марксистері үйірмесінің («қарттар» үйірмесі дейтіннің) жиналысында Г. Б. Красиннің «Рыноктар туралы мәселе» атты рефератын талқылаған кезде баяндаған болатын. Үйірмеге қатысушылардың пікіріне қарағанда, Лениннің сөзі қатысып отырғандарға аса күшті әсер еткен.

Н. К. Крупская Лениннің осы сөзі туралы еске ала келіп, былай деп жазды: «Рыноктар туралы мәселе бізге келген марксистің баяндауында өте-мөте нақты қойылды, бұқараның мүдделерімен байланыстырылды, мәселенің бүкіл қойылысынан құбылыстарды нақты жағдайға және даму тұрғысынан алып қарайтын жанды марксизм айқын сезіліп тұрды» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 10-бет).

Үйірме мәжілісінде сөйлеген сөзінде, одан кейін «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген рефератында Ленин Г. Б. Красиннің сыртқы рыноктардың болуын капиталистік өндірістің қажетті шарты деп есептеген және қоғамдық өндірістің екі бөлімі арасындағы байланысты теріске шығарған қателерін көрсетіп берді. Сонымен бірге Ленин либерал халықшылдардың Россиядағы капитализмнің тағдыры жөніндегі көзқарастарын, сондай-ақ жаңадан туып келе жатқан «жария марксизм» өкілдерінің ой-пікірлерін де қатты сынға алды.

Лениннің «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген еңбегі Петербург пен басқа да қалалардың социал-демократиялық үйірмелерінде таратылды; бұл еңбек халықшылдық пен «жария марксизмге» қарсы күресте күшті қару болды. Бұл еңбектің негізгі қорытындыларын Ленин кейінірек өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында дамытты.

Лениннің «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» атты еңбегінің жоғалған деп есептеліп келген қолжазбасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтына 1937 жылы ғана келіп түсті.

Еңбек бірінші рет «Большевик» журналының 1937 жылғы 21-номерінде басылды, 1938 жылы Институт оны жеке кітапша етіп шығарды; кейін В. И. Ленин Шығармаларының төртінші басылуының бірінші томына енді.— *71.*

18 *Үстеме құн* — қосымша құн (Маркште Mehrwert). В. И. Ленин 90-жылдардағы еңбектерінде «қосымша құн» деген терминмен қатар «үстеме құн» деген терминді де қолданды. Кейінірек ол тек «қосымша құн» деген терминді ғана қолданатын болды.— *77.*

19 Техникалық прогресс ескерілген ұлғаймалы ұдайы өндірістің схемасы В. И. Лениннің қолжазбасы бойынша дәл беріліп отыр; схемадағы жекелеген цифр дәлсіздіктері пайымдаудың барысы мен жалпы қорытындыларға әсер етпейді.— *83.*

20 «Тұтыну заттарына арналған өндіріс құрал-жабдықтары» деген графада қор жинауға арналған бөлікті қамтитын I $(v+m)$ толық сома келтірілген. Мынаны есте ұстаған жөн: I бөлімде жаңадан жасалған құнның бір бөлегі II бөлімге

арналған өндіріс құрал-жабдықтары болмай, қайта I бөлімге арналған қосымша (есесін өтегеннен тысқары) өндіріс құрал-жабдықтары болатын құралдар мен материалдарға сіңеді. Өндірілген өндіріс құрал-жабдықтарының қай бөлегі II бөлімге арналған жәпе қай бөлегі I бөлімде қалады,— мұны келесі жылы екі бөлімде де қызмет атқаратын тұрақты капиталдың мөлшеріне қарап білуге болады.

В. И. Лениннің қолжазбасында екі қате кетіп қалған, атап айтқанда: 3172 ½-дің орнына 3172 деп, ал 10 830-дың орнына 10 828 ½ деп жазылған, мұның өзі текстіде келтірілген схемадан айқын көрініп тұр.— *83.*

21 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 496—497-беттер.— *86.*

22 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 121-бет.— *98.*

23 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 362-бет (32-ескерту).— *104.*

24 Арифметикалық дәлсіздіктер түзетілді. Қолжазбада 7014 және 28 275 деп қате жазылып кеткен. В. И. Ленин бұл қатені «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде түзеткен (қараңыз: Шығармалар, 3-том, 75-бет).— *111.*

25 Арифметикалық дәлсіздік түзетілді. Қолжазбада 149 703 деп қате жазылып кеткен.— *111.*

26 В. И. Лениннің *««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі? («Русское Богатствоның» марксистерге қарсы мақалаларына жауап)»* деген кітабы 1894 жылы жазылды (бірінші бөлімі апрельде, екінші және үшінші бөлімдері — жазда жазылып бітті). Ленин бұл кітабын 1892—1893 жылдары Самарада жаза бастады. Марксистердің Самарадағы үйірмесінде ол марксизмнің жаулары — либерал халықшылдар: В. В.-ны (Воронцовты), Михайловскийді, Южаковты, Кривенконы қатты сынға алған рефераттарын оқыды. Бұл рефераттары ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітапқа дайындық материал болды.

1894 жылдың күзінде Ленин өзінің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегін марксистердің Петербургтегі үйірмесінде оқыды. «Бұл кітаптың барша жұрттың назарын бірден өзіне аударып алғаны әлі есімде,— деп жазды Н. К. Крупская естеліктерінде.— Онда күрестің мақсаты соншама айқын алға қойылған еді. «Халық достары» кейін гектографқа басылған күйінде «сарғылт дәптерлер» деген атпен қолдан-қолға көшіп жүрді. Бұларды жазған адамның аты-жөні көр-

сетілмеген еді. Бұл дәптерлерді жұрт соншама көп оқыды, сондықтан олардың сол кездегі марксшіл жастарға қатты әсер еткенінде ешбір күмән жоқ» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер М., 1957, 12-бет).

Ленин кітабының әр бөлімі жеке-жеке шығарылған. Бірінші бөлімі 1894 жылғы июньде Петербургте гектографта басылып, Петербург пен басқа да қалаларда жасырын түрде таратылды. 1894 жылғы июльде бірінші бөлімі сол тәсілмен екінші рет басылып шықты. Бірінші және екінші бөлімдерінің 100-ге жуық данасын А. А. Ганшин августа Горкиде (Владимир губерниясы) және сентябрьде Москвада басып шығарды. Сол жылдың сентябрінде бірінші бөлімінің (бұл төртінші рет басылуы болатын) тағы да 50 данасын және үшінші бөлімінің сол шамалы данасын А. А. Ванеев Петербургте басып шығарды. Кітаптың бұл басылуының мұқабасында «Социал-демократтардың провинциялық тобының басылымы» деген жазу болды. Бұл құпиялықты сақтау мақсатымен жазылған еді. Жергілікті ұйымдар Лениннің еңбегін алуан түрлі әдіспен көбейтті: кейбір бөлімдері қолдан көшірілді, машинкаға басылды, т. т. Чернигов губерниясының Борзенск уезіндегі социал-демократтар тобы 1894 жылы ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітапты гектографта басып шығарды. Бұл кітаптың даналары Черниговта, Киевте және Петербургте таратылды. 1894 жылдың аяғында кітапты жұрт Вильнода, 1895 жылы Пензада, шамамен сол кезде Владимирде де оқыды. 1895—1896 жылдары кітап Томскідегі марксшіл студенттердің арасында таратылды. Дәл осы кезде жұрт оны Дондағы Ростовта, 1896 жылы Полтавада және басқа қалаларда оқыды.

Лениннің кітабы «Еңбекті азат ету» тобына, сондай-ақ шетелдегі басқа да орыс социал-демократиялық ұйымдарына жақсы мәлім болды.

««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітаптың гектографта басылған бірінші және үшінші бөлімдері 1923 жылдың бас кезінде Берлиннің социал-демократиялық архивінен және дәл сол кезде дерлік Ленинградтағы М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасынан табылды.

В. И. Ленин Шығармаларының бірінші, екінші және үшінші басылуларында бұл еңбек 1923 жылы табылған 1894 жылғы гектографиялық басылулар бойынша жарияланды.

1936 жылы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтына Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабының 1894 жылы гектографта басылған данасы келіп түсті. Бұл данасында толып жатқан редакциялық түзетулер бар, бұл түзетулерді, сірә, кітапты шет-

елде басып шығармақ болып дайындаған кезде Лениннің өзі енгізген болу керек.

В. И. Ленин Шығармаларының төртінші басылуының бірінші томында ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбек Институтқа 1936 жылы келіп түскен гектографта шығарылған данасы бойынша басылды және бұл еңбекте жасалған түзетулер ескерілді. Автордың жөндеген данасына сәйкес, тиісті жерлерде тырнақшалар курсивпен өзгертілді, ал негізгі тексте жақшамен берілген бірқатар қосымшалар беттің аяғына сілтеме ретінде жазылды. Бұдан бұрынғы басылуларына кіргізілмеген, Лениннің кестеге берген түсінігі де (кітапқа I қосымша) басылып отыр.

Осы басылуында кітаптың бірінші және үшінші бөлімдері төртінші басылуында пайдаланылған түпнұсқа бойынша жарияланып отыр.

Кітаптың екінші бөлімі осы уақытқа дейін табылған жоқ.— *129.*

27 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — ай сайын шығып тұрған журнал; Петербургте 1876 жылдан 1918 жылдың ортасына дейін шығып тұрды. 90-жылдардың бас кезінде журнал либерал халықшылдардың органына айналып, оны С. Н. Кривенко мен Н. К. Михайловский редакциялады. Журнал патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздап, марксизмге және орыс марксистеріне қарсы өршелене күрес жүргізді. Журналдың әдебиет бөлімінде прогресшіл жазушылар — В. В. Вересаев, В. М. Гаршин, А. М. Горький, В. Г. Короленко, А. И. Куприн, Д. Н. Мамин-Сибиряк, Г. И. Успенский және басқалары өз шығармаларын бастырып тұрды.

1906 жылдан бастап жартылай кадеттік эпестер («халықтық социалистер») партиясының органы болды.— *133.*

28 Бұл арада Н. К. Михайловскийдің «Русское Богатство» журналының 1893 жылғы 10-номерінде басылған «Әдебиет және өмір» деген мақаласы туралы айтылып отыр. Марксистер бұл мақалаға оның авторына хаттар жазу арқылы үн қосты. Хаттардың бір бөлегі «Былое» журналының 1924 жылғы 23-номерінде басылды.—*133.*

29 Бұл арада Н. К. Михайловскийдің «Ю. Жуковский мырзаның төрелігіне түскен Карл Маркс» деген мақаласы туралы айтылып отыр; бұл мақала «Отечественные Записки» журналының 1877 жылғы октябрьдегі 10-номерінде басылған болатын.— *135.*

30 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963. Немісше бірінші басылуына алғы сөз. 16-бет.— *137.*

31 Бұл арада К. Маркстің «Гегельдік право философиясының сынына» деген еңбегі туралы айтылып отыр; Маркс бұл еңбегін 1843 жылдың жазында Крейцнахта жазған болатын. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтында бұл еңбектің аяқталмаған қолжазбасы сақтаулы, онда Гегельдің «Право философиясының негіздері» деген еңбегінің 261—313 параграфтарын кең көлемде сынап, талдау жасаған. Маркс «Гегельдік право философиясының сынына» деген көлемді еңбегін оның «Кіріспесі» 1844 жылы «Deutsch-Französische Jahrbücher»-де («Неміс-Француз Әржылдығында») жарық көрісімен баспаға дайындап, жарияламақ болған еді. Алайда Маркс бұл ниетін іске асыра алмады. Маркстің қолжазбасын түпнұсқа тілінде бірінші рет Марксизм-ленинизм институты 1927 жылы бастырып шығарды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 219—368, 414—429-беттер).— *139.*

32 В. И. Ленин «Саяси экономия сынына» жазылған алғы сөзден цитат келтіріп отыр. В. И. Ленин «Карл Маркс» деген мақаласында (1914) келтірілген цитаттың жаңа аудармасын береді. (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, 1-том, 1955, 321—323-беттер).— *140.*

33 *«Contrat social»* («Қоғамдық шарт») — Жан-Жак Руссоның негізгі еңбектерінің бірі. Шығарманың толық аты: «Du Contract social; ou, Principes du droit politique» («Қоғамдық шарт туралы, немесе Саяси правоның принциптері»); 1762 жылы Амстердамда басылып шықты; 1906 жылы орыс тіліне аударылды. Қоғамдық құрылыс атаулының бәрі адамдар арасындағы еркін келісімнің, шарттың нәтижесі болуға тиіс дейтін пайымдау — бұл еңбектің негізгі идеясы. Өзінің негізі жағынан идеалистік теория бола тұрса да, XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революциясы қарсаңында алға тартылған «қоғамдық шарт» теориясы дегенмен революциялық роль атқарды. «Қоғамдық шарт» теориясы буржуазиялық теңдік талаптарының көрінісі, феодалдық сословиелік артықшылықтарды жойып, буржуазиялық республика орнатуға шақырған үндеу болды.— *140.*

34 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз., мемл. баспасы, 1963, 382-бет.—*149.*

35 *Карл Маркстің «Отечественные Записки» («Отандық Жазбалар») редакциясына жазған хаты* Н. К. Михайловскийдің «Ю. Жуковский мырзаның төрелігіне түскен Карл Маркс» деген мақаласына байланысты 1877 жылдың аяғында жазылған болатын. Маркс қайтыс болғаннан кейін Ф. Энгельс бұл хатты көшіріп жазып, Россияға жіберді. Энгельстің айтуына қарағанда, бұл хат «француз тіліндегі түпнұсқасы-

нап қолмен көшіріліп, Россияда ұзақ уақыт бойы қолдан-қолға көшіп жүрген, соңынан орыс тіліне аударылып, 1886 жылы Женевада «Вестник Народной Волиде» (№ 5—*Ред.*), ал кейінірек Россияның өзінде жарияланған. Маркстің қаламынан шыққан дүниелердің бәрі сияқты, бұл хат та өзіне орыс жұртшылығының назарын аударды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 396-бет). Россияда Маркстің хаты бірінші рет «Юридический Вестник» журналының 1888 жылғы 10-номерінде басылып шықты (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 337—339-беттер).— *149.*

[36] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» (Екінші бөлім. Саяси экономия. Бірінші тарау. Предмет және әдіс), 1957, 140-бет.— *149.*

[37] Бұл арада еске алынып отырған шығарма — «Неміс идеологиясы» — К. Маркс пен Ф. Энгельстің 1845—1846 жылдары бірігіп жазған шығармасы.

Көлемі 50 баспа табаққа жуық қолжазба екі томнан құралады; бірінші томда негізінен алғанда тарихи материализмнің негізгі қағидалары тұжырымдалды және Л. Фейербахтың, Б. Бауэрдің және М. Штирнердің философиялық көзқарастары сыналды, ал екінші томда «ақиқат социализмнің» түрлі өкілдерінің көзқарастары сыналды.

1846—1847 жылдары Маркс пен Энгельс бұл еңбекті шығарту үшін Германиядан кітап бастырушы табуға талай рет әрекет жасады. Алайда полиция тарапынан жасалған бөгеттердің және Маркс пен Энгельс күрес жүргізген бағыттардың өкілдері болып саналатын кітап бастырушылардың бас тартуы салдарынан бұл әрекеттер нәтиже бермеді. Маркс пен Энгельстің көзі тірісінде «Неміс идеологиясының» II томының тек жалғыз IV тарауы ғана «Das Westphälische Dampfboot» («Вестфалия Пароходы») журналының 1847 жылғы август және септябрь айларындағы номерлерінде жарияланды. Қолжазба ондаған жылдар бойы герман социал-демократиясының архивінде жатты. «Неміс идеологиясын» КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты бірінші рет 1932 жылы неміс тілінде толық жариялады. Бұл шығарманың орысша аудармасы 1933 жылы жарық көрді (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том).

Энгельстің «Неміс идеологиясына» берген, осында келтіріліп отырған сипаттамасы оның «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» деген еңбегінің алғы сөзінен алынды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 340-бет).— *150.*

[38] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Семьяның, жеке меншіктің және

мемлекеттің шығуы» деген еңбектің немісше бірінші басылуына алғы сөз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 161-бет).— *151.*

39 *Қоғамның гентильдік, рулық ұйымы* — алғашқы қауымдық құрылыс, немесе адамзат тарихындағы тұңғыш қоғамдық-экономикалық формация. Рулық құрылыстың шығуы мезгілі жағынан осы заманғы адам типі қалыптасуының аяқталуымен тұспа-тұс келді. Рулық қауым шаруашылық жәпе қоғамдық байланыстармен біріккен қаны бір туыстар коллективі болды. Рулық құрылыс өз дамуында екі дәуірден: матриархат және патриархат дәуірлерінен өтті. Патриархат алғашқы қауымдық қоғамның таптық қоғамға айналып, мемлекеттің шығуымен аяқталды. Алғашқы қауымдық құрылыстың өндірістік қатынастарының негізі өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік және өнімдерді теңгере бөлу болды. Мұның өзі сол дәуірдегі өндіргіш күштер дамуының төмен дәрежесіне және олардың сипатына негізінен алғанда сай келді. Тастан жасалған құралдар, кейінірек садақ пен жебе табиғат күштерімен және жыртқыш аңдармен жеке-дара күресуге мүмкіндік бермеді.

Алғашқы қауымдық құрылыс туралы мыналарды қараңыз: К. Маркс. «Льюис Г. Морганның «Ежелгі қоғам» деген кітабының конспектісі» (Маркс пен Энгельстің архиві, IX том, 1941) жәпе Ф. Энгельс, «Семьяның, жеке меншіктің жәпе мемлекеттің шығуы».— *154.*

40 *Поместьелік система* — феодалдық жер иелігінің ерекше системасы; бұл система XV ғасырда, әсіресе XVI ғасырда Россияда пайда болып, орнықты. Поместьелік система орталықтандырылған мемлекеттің қалыптасуымен және орталықтандырылған армияның құрылуымен ажырағысыз тығыз байланысты. Феодалдық патшаның меншігі деп есептелген поместьелік жерді үкімет қызмет адамдарына әскери немесе сарай қызметін атқарғаны үшін беріп отырған. Жер үлесінің көлеміпе оны иеленушінің қызмет бабы сәйкес болған. Боярдың толық және мұраға қалатын меншігі саналған вотчинадан поместьенің өзгешелігі — ол қызмет атқарған дворянның шартты және уақытша иелігі болған.

XVI ғасырдың орта шенінен былай поместье бірте-бірте мұраға қалатын иелікке айнала бастады да, поместье вотчинаға жақындаса түсті. XVII ғасырда феодалдық жер иелігінің екі формасының — вотчина мен поместьенің — арасындағы айырмашылық жойылады; вотчина мен поместье иелерінің феодалдық праволары теңеседі. I Петрдің 1714 жылғы бірыңғай мұрагерлік туралы указынан кейін поместье біржолата дворян-помещиктердің жеке меншігіне айналады. «Поместье» деген термин Россияда бүкіл феодалдық заманның өн бойында қолданылып келді.— *157.*

41 *I Интернационал — Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі,* пролетариаттың тұңғыш халықаралық ұйымы; оның негізін К. Маркс 1864 жылы Лондонда ағылшын және француз жұмысшылары шақырған халықаралық жұмысшы жиналысында қалаған болатын. I Интернационалдың құрылуы — К. Маркс пен Ф. Энгельстің жұмысшы табының революцияшыл партиясын құру жолында жүргізген көп жылғы табанды күресінің нәтижесі. В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, I Интернационал «жұмысшылардың капиталға қарсы революциялық тегеурінін дайындау үшін олардың халықаралық ұйымының іргетасын қалады», «социализм жолындағы пролетарлық, халықаралық күрестің іргетасын қалады» (Шығармалар, 29-том, 302, 303-беттер).

I Интернационалдың орталық басшы органы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас советі болды; К. Маркс Бас советтің тұрақты мүшесі болды. Ол кезде жұмысшы қозғалысында үстем болған ұсақ буржуазиялық ықпал мен сектанттық тенденцияларды (Англиядағы тред-юнионизм, роман елдеріндегі прудонизм мен анархизм) жеңе отырып, Маркс Бас советтің неғұрлым саналы мүшелерін (Ф. Лесснер, Э. Дюпон, Г. Юнг және басқаларын) өз төңірегіне топтастырды. I Интернационал түрлі елдер жұмысшыларының экономикалық және саяси күресіне басшылық етіп, олардың халықаралық ынтымағын нығайтты. I Интернационал марксизмді тарату, социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастыру ісінде орасан зор роль атқарды.

Париж Коммунасы жеңіліске ұшырағаннан кейін жұмысшы табының алдында I Интернационал алға қойған принциптер негізінде бұқаралық ұлттық партиялар құру міндеті тұрды. «Европадағы істердің жағдайын еске ала келіп,— деп жазды К. Маркс 1873 жылы,— мен Интернационалды формальды түрде ұйымдастыруды уақытша кейінгі қатарға жылжыту сөзсіз пайдалы деп есептеймін» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1953, 288-бет). 1876 жылы Филадельфияда болған конференцияда I Интернационал ресми түрде таратылды.— *160.*

42 В. И. Ленин реакцияшыл «Новое Время» газетінің қызметкері В. Бурениннің есімін айтыстың арам ниетті әдістерін көрсету үшін жағымсыз мағынада қолданып отыр.— *160.*

43 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте күн сайын шығып тұрған газет; әр түрлі бастырушылардың қолынан өтіп, өзінің саяси бағытын әлденеше рет өзгерткен. Бастапқы кезде бірсыдырғы либералдық газет болған ол 1876 жылдан реакцияшыл дворяндық және чиновниктік — бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүзділіктердің органы. Фев-

раль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын толық қолдап, большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитеттің шешімі бойынша газет 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) жабылды. В. И. Ленин «Новое Время»-ны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады.

1894 жылғы 4 февральда басылған «Сын очерктер» деген фельетонында В. Буренин марксистерге қарсы жүргізген күресі үшін Н. К. Михайловскийді мадақтады.— *163.*

44 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбектің бірінші басылуына алғы соз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 160-бет).— *166.*

45 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 19-бет.— *167.*

46 Бұл арада «Deutsch-Französische Jahrdücher» («Неміс-Француз Әржылдығы») журналы туралы айтылып отыр; журнал К. Маркс пен А. Рұгенің редакциялауымен Парижде неміс тілінде шықты. 1844 жылғы февральда журналдың тек қана бірінші, қосарланған номері жарық көрді. Журналдың шығарылуын тоқтатуға басты себеп Маркс пен буржуазияшыл радикал Ругенің арасындағы принциптік мәні бар келіспеушілік болды.— *167.*

47 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 379—380-беттер.— *168.*

48 *Триада* (грекше trias) философияда — үш сатылы дамудың формуласы. Үш сатылы даму идеясын тұңғыш рет ежелгі грек философтары— жаңа платоншылдар, атап айтқанда Прокл айтқан болатын. Триада немістің идеалист философтары Фихте мен Шеллингтің еңбектерінде бейнеленді. Триада Гегельдің идеалистік философиясында неғұрлым жан-жақты дамытылды; Гегель даму процесінің бәрі үш сатыдан: тезис, антитезис, синтезден өтеді деп есептеді. Екінші саты бірінші сатыны терістеуді білдіреді, ал оған өту қарама-қарсылыққа айналғандық болып табылады; үшінші саты екінші сатыны терістеуді білдіреді, яғни терістеуді терістеу болып табылады; ол шын мәнінде тек қана жаңа мазмұнмен байыған және жаңа неғұрлым жоғары негіздегі бастапқы формасына қайтып оралғандықты білдіреді. Гегельдің триадасы — шындық еріксіз түрде тықпаланып сыйдырылатын схема; триада схемасын қалай болса солай құрай салу табиғат пен қоғамның шын дамуын бұрмалады. К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин Гегель диалектикасының құнарлы жақтарын жоғары бағалай отырып, оның диалек-

тикалық методын сын көзімен қарап, қайта өңдеді және объективтік дүние мен адам ойы дамуының негұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.— *169.*

49 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг» (Бірінші бөлім. Философия. Он үшінші тарау. Диалектика. Терістеуді терістеу).— *169.*

50 В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм», «Философиялық дәптерлер», «Карл Маркс» және басқа шығармаларында маркстік диалектикалық метод жүйелі түрде баяндалып, одан әрі дамытылды.— *172.*

51 Заметканың авторы (И. К — н) — Петербург университетінің профессоры И. И. Кауфман. Бұл заметканы Маркс диалектикалық методты сәтті баяндаудың бірі деп бағалады (қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, 1955. Екінші басылуына соңғы сөз. 17—19-беттер).— *172.*

52 В. И. Ленин төмендегі текстіде (осы томның 175—181-беттерінде) Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» деген еңбегінен өзі аударып үзінді келтіріп отыр (Бірінші бөлім. Философия. Он үшінші тарау. Диалектика. Терістеуді терістеу). Қараңыз: КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының басылымы, 1957, 121—126-беттер.— *175.*

53 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 94—95-беттер.— *178.*

54 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 769-бет.— *179.*

55 Бұл арада К. Маркстің «Капиталының» бірінші томының екінші басылуына арналған «Соңғы сөз» туралы айтылып отыр.— *181.*

56 *«Отечественные Записки»* («Отандық Жазбалар») — әдеби-саяси журнал, 1820 жылы Петербургте шыға бастады; 1839 жылдан бастап сол замандағы таңдаулы, прогресшіл журнал болды. Журналдың жұмысына В. Г. Белинский, А. И. Герцен, Т. Н. Грановский, Н. П. Огарев және басқалары қатысты. 1846 жылдан бастап, Белинский редакциядан кеткеннен кейін, «Отечественные Запискидің» маңызы төмендей берді. Журнал Н. А. Некрасов пен М. Е. Салтыков-Щедриннің қолына көшкен 1868 жылдан бастап «Отечественные Запискидің» қайта көркею дәуірі туды; бұл кезде журнал өз төңірегіне революцияшыл-демократияшыл интеллигенцияны топтастырды. Некрасов қайтыс болғаннан кейін (1877) журналда халықшылдардың ықпалы басым болды.

Журнал үнемі цензураның қудалауына ұшырап отырды да, 1884 жылғы апрельде патша үкіметі оны жауып тастады.— *182.*

[57] Бұл арада К. Маркс пен Ф. Энгельс «Коммунистік партияның манифесінде» тұжырымдаған мына қағидалар туралы айтылып отыр:

«Коммунистердің теориялық қағидалары дүниені жаңартушылардың қандайының болса да ойдан шығарған немесе тапқан идеяларына, принциптеріне ешбір сүйенбейді.

Олардың теориялық қағидалары жүріп жатқан тап күресінің шын мәніндегі қатынастарының жалпы бейнесі ғана, көз алдымызда болып жатқан тарихи қозғалыстың бейнесі ғана болып табылады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 438-бет.)— *186.*

[58] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг» (Бірінші бөлім. Философия. Тоғызыншы тарау. Мораль және право. Мәңгілік ақиқаттар), 1957, 88-бет.— *188.*

[59] Бұл арада Н. К. Михайловскийдің «Карл Маркс кітабының орысша басылып шығуы жөнінде» («Отечественные Записки», № 4, апрель, 1872 ж.) және «Ю. Жуковский мырзаның төрелігіне түскен Карл Маркс» («Отечественные Записки», № 10, октябрь, 1877 ж.) деген мақалалары туралы айтылып отыр.— *191.*

[60] В. И. Ленин К. Маркстің А. Ругеге жазған хатын (1843 жылғы сентябрь) цитатқа келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 381-бет).— *194.*

[61] В. И. Ленин С. Н. Южаков туралы айтып отыр; оның саяси-экономикалық көзқарастары әсіресе ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітаптың екінші бөлімінде сынға алынған болатын. Бұл кітаптың екінші бөлімінің қолжазбасы да, гектографта басылғаны да табылған жоқ.— *195.*

[62] Бұл арада *«Еңбекті азат ету»* тобы туралы айтылып отыр; «Еңбекті азат ету» тобы — 1883 жылы Женевада (Швейцария) Г. В. Плеханов құрған орыстың тұңғыш маркстік тобы. Топқа Плехановтан басқа П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, В. Н. Игнатов кірді.

«Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді насихаттау жөнінде зор жұмыс жүргізді. Ол марксизмнің негізін салушылардың еңбектерін: Маркс пен Энгельстің «Коммунистік партияның манифесін», Маркстің «Жалдама еңбек пен капиталын», Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуын» және басқа шығармаларын орыс

тіліне аударып, шетелде бастырып шығарып, Россияда таратты. Плеханов пен оның тобы халықшылдыққа елеулі соққы берді. 1883 және 1885 жылдары Плеханов жазған және «Еңбекті азат ету» тобы бастырып шығарған орыс социал-демократтары программасының екі жобасы Россияда социал-демократиялық партия құруға әзірлену және оны құру жолындағы маңызды қадам болды. Плехановтың «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген еңбектері маркстік көзқарастарды таратуда үлкен роль атқарды. Бірақ «Еңбекті азат ету» тобының халықшылдық көзқарастардың қалдықтарынан арылмауы, шаруалардың революцияшылдығын жете бағаламауы, либерал буржуазияның ролін асыра бағалауы сияқты елеулі қателері де болды. Бұл қателер Плехановтың, топтың басқа да мүшелерінің болашақтағы меньшевиктік көзқарастарының ұрығы болды. «Еңбекті азат ету» тобының іс жүзінде жұмысшы қозғалысымен байланысы болмады. В. И. Ленин былай деп көрсетті: ««Еңбекті азат ету» тобы социал-демократияны тек теориялық жағынан ғана негіздеп, жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты» (Шығармалар, 20-том, 281-бет).

1903 жылғы августа РСДРП екінші съезінде «Еңбекті азат ету» тобы өзінің өмір сүруін тоқтататыны туралы мәлімдеді.— *205.*

63 *«Бастырушылардан»* — В. И. Лениннің ««Халық достары» деген пе және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінің бірінші бөлімінің бірінші басылуына жазылған соңғы сөз.— *213.*

64 *«Ұсынылып отырған басылым жөнінде»* — 1894 жылғы июльде ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбектің бірінші бөлімінің екінші басылуына жазылған соңғы сөз.— *214.*

65 *«Юридический Вестник»* («Заң Хабаршысы») — буржуазиялық-либералдық бағыттағы ай сайын шығып тұрған журнал; 1867 жылдан 1892 жылға дейін Москвада шығып тұрды.— *221.*

66 Бұл арада Россияда крепостниктік правоны жою туралы Манифест айтылып отыр; бұл Манифеске II Александр патша 1861 жылғы 19 февральда қол қойды.— *235.*

67 В. И. Ленин айтып отырған шаруалардың жіктелуі туралы *бірнеше уезд бойынша берілген мәліметтер* ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітаптың екінші (табылмаған) бөліміне кірген.

Шаруалардың жіктелуі туралы мәселені Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде, әсіресе оның «Шаруалардың жіктелуі» деген екінші тарауында толық талдаған болатын.— *240.*

68 *Ширек жерлі шаруалар* — патшалы Россияда бұрынғы мемлекеттік шаруалардың, XVI—XVII ғасырларда Москва мемлекетінің шет аймақтарында қоныстанған төменгі қызмет адамдары ұрпағының бір тобы осылай аталған. Шекараны күзету жөніндегі қызметі үшін қоныстанушылар (казактар, стрелецтер, солдаттар) уақытша немесе мұра ретінде пайдалануға «ширектеп» өлшенетін шағын жер учаскелерін алып отырған. Қазына есебінен қоныстанғандар 1719 жылдан бастап жеке мекенділер деп аталды. Жеке мекенділер бұрын артықшылықтармен пайдаланды, шаруаларды иеленуге праволы болды. XIX ғасырда жеке мекенділер право жағынан бірте-бірте шаруалармен теңестірілді. 1866 жылғы ереже бойынша жеке мекенділердің жері (ширек жер) олардың жеке меншігі деп танылды.— *243.*

69 Бұл арада және осы томның басқа жерлерінде де В. И. Ленин И. А. Гурвичтің «Орыс деревнясының экономикалық жағдайы» дейтін 1892 жылы Нью-Йоркте ағылшын тілінде шыққан кітабынан цитат келтіреді; бұл кітап орыс тілінде 1896 жылы басылып шықты. Кітапта бағалы нақты материал бар; Ленин бұл кітапты жоғары бағалаған.— *243.*

70 В. И. Ленин К. Маркстің «Гегельдік право философиясының сынына» деген еңбегінен цитат келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 415-бет).— *254.*

71 *Помпадурлар* — М. Е. Салтыков-Щедрин «Помпадурлар мен помпадуршалар» деген шығармасында жасаған жиынтық сатиралық образ; орыстың ұлы сатирик жазушысы бұл шығармасында патшаның жоғары әкімшілік орнын, министрлер мен губернаторларды өлтіре мінеген болатын. Салтыков-Щедриннің бұл өте дәл анықтамасы әкімшілік озбырлықты, есерсоқтықты білдіретін сөз ретінде орыс тіліне берік енді.— *265.*

72 Г. И. Успенскийдің «Бірге теңелу» деген мақаласы оның «Қарттар» деген әңгімесінің жалғасы және соңы болып табылады; бұл әңгіме «Русская Мысльдің» 1881 жылғы XI кітабында басылды.— *276.*

73 *Гладстон ландбилльдері* — XIX ғасырдың 70 және 80-жылдарында Англияда Гладстонның либералдық министрлігінің жер жайында шығарған заңдары. Гладстон үкіметі арендаторлар мен жер иелері-лендлордтардың арасында-

ғы күресті бәсеңдету мақсатымен және арендаторлардың дауысын күні бұрын өз жағына аудару үшін арендаторларды жаппай қонысынан қуып жатқан лендлордтардың озбырлығына кейбір болымсыз шектеулер қойды. Үкімет сондай-ақ арендаторлардың төлейтін берешектері туралы мәселені реттеуге, «әділетті» арендалық ақы белгілеу үшін жер жөніндегі ерекше соттар құруға уәде берді және т. т. Гладстон ландбилльдері — либерал буржуазияның әлеуметтік демагогиясының үлгісі.— *280.*

74 *«Неделя»* («Апта») — либералдық-халықшылдық саяси және әдеби газет; 1866 жылдан 1901 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Газет самодержавиемен күресуге қарсы болды, «ұсақ істер» теориясы дейтінді уағыздады, яғни интеллигенцияны революциялық күрестен бас тартып, «мәдениетшілдікпен» шұғылдануға шақырды.— *285.*

75 Бұл арада XIX ғасырдың бас кезінде кең тараған және сол дәуірдегі басты идеялық ағымдардың бірі болған француз утопиялық социализмі туралы айтылып отыр.

Еңбекшілер бұқарасын қанаудың күшеюі, пролетариат пен буржуазия арасындағы ымырасыз қайшылықтардың ашылуы француз утопиялық социализмінің пайда болуының әлеуметтік-экономикалық негізі болды. Француз утопиялық социализмінің аса көрнекті өкілдері А.-К. Сен-Симон мен Ш. Фурье еді; олардың көзқарастары тек Францияда ғана емес, басқа елдерде де кеңінен тарады. Алайда француз утопист социалистері капиталистік қатынастар мен капиталистік қанаудың мәнін дәйекті түрде аша алмады, капиталистік өндіріс әдісінің негізгі қайшылығын түсіндіре алмады. Олар қоғамды социалистік жолмен қайта құру қажеттігін өздерінің әлеуметтік-саяси мұраттарының утопиялық сипатына, ақылдың нааандықты, ақиқаттың жалғандықты жеңу қажеттігіне сүйеніп дәлелдеді. Олардың көзқарастарының жетілмегендігі сол заманның әлеуметтік жағдайларына, ірі капиталистік өндіріс пен өнеркәсіп пролетариатының жеткілікті дәрежеде дамымауына байланысты еді. Француз социализмі туралы Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» және «Анти-Дюринг» деген еңбектерімен егжей-тегжейлі қараңыз. В. И. Ленин француз утопист социалистерінің ілімін француздың жалпы революциялық ілімдерімен байланыстыра отырып, оны марксизмнің негіздерінің бірі ретінде сипаттады.

Француз ағартушыларының идеяларын қабылдаған орыстың революцияшыл демократтары А. И. Герцен, В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов, Батыс Европадағы утопиялық социализмнің көптеген бағыттарынан өзгеше, бұқараның самодержавиені құлату жолындағы күресі идеясын, шаруалар революциясы идеясын қорғады. Алайда олар социализмге жартылай феодалдық шаруалар

қауымы арқылы өтуге болады деп қате жорамалдады. Россияның экономикалық дамуының нашарлығы салдарынан Чернышевский бастаған орыстың революцияшыл демократтары жұмысшы табының социалистік қоғам орнату ісіндегі шешуші ролін ашып көрсете алмады.— *285.*

76 Бұл арада В. В.-ның (В. П. Воронцовтың) 1893 жылы шыққан «Біздің бағыттарымыз» деген кітабы туралы айтылып отыр.— *286.*

77 «Русское Богатствоның» 1893 жылғы 10-номерінде басылған «Әдебиет және өмір» деген мақаласында Н. К. Михайловский В. В.-ға жауап қайтарды.— *286.*

78 *Бакунистер мен бүлікшілер* — анархизмнің идеологы, марксизм мен ғылыми социализмнің қас жауы М. А. Бакуниннің (1814—1876) жақтастары мен ізбасарлары. Бакунистер маркстік теорияға, жұмысшы қозғалысының тактикасына қарсы қасарыса күрес жүргізді. Мемлекет атаулыны, соның ішінде пролетариат диктатурасын да мойындамау, пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін түсінбеу бакунизмнің негізгі қағидасы болды. Бакунин таптарды «теңестіру», «еркін ассоциацияларды» төменнен біріктіру идеясын ұсынды. Бакунистердің пікірінше, «аса көрнекті» жеке адамдардан құралған революциялық құпия қоғам дереу жасалатын халық бүліктеріне басшылық етуге тиіс. Мәселен, бакунистер Россияда шаруалар дереу көтеріліске шығуға әзір отыр деп жорамалдады. Олардың қаскүнемдік, дереу бүлік шығару және террорлық әдісті қолдану тактикасы авантюристік тактика еді және көтеріліс туралы маркстік ілімге жат болатын. Бакунизм күйзеліске ұшыраған ұсақ меншік иесінің идеологиясын бейнелеген ұсақ буржуазиялық ағым — прудонизмге жақын. Бакунистердің Россиядағы өкілдерінің бірі С. Г. Нечаев болды; ол шетелде тұрған Бакунинмен тығыз байланыс жасады. Заговор жасаушылар қоғамының программасын олар «Революциялық катехизисте» баяндады. 1869 жылы Нечаев Россияда «Халық жазалауы» атты шағын заговоршыл ұйым құруға тырысты. Алайда Нечаев Москвада тек бірнеше үйірме ғана құра алды. «Халық жазалауы» көп кешікпей ашылып, 1869 жылғы декабрьде патша үкіметі оны талқандады. К. Маркс пен Ф. Энгельс бакунистердің теориясы мен тактикасын қатал айыптады. В. И. Ленин бакунизмді «өзін сақтап қалудан үмітін үзген буржуаның көзқарасы» (Шығармалар, 18-том, 12-бет) деп сипаттады. Бакунизм халықшылдардың идеялық қайнар көзінің бірі болды.

Бакунин мен бакунистер туралы К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Социалистік демократияның альянсы және Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі» (1873), Ф. Энгельстің «Бакунистер жұмыс үстінде» (1873), «Эмиграттық әде-

биет» (1875) деген еңбектерін, сондай-ақ В. И. Лениннің «Уақытша революциялық үкімет туралы» (1905) деген еңбегін және басқа шығармаларын қараңыз.— *287.*

79 *Халық ерікшілері* — террорист халықшылдардың «Халық еркі» деген құпия саяси ұйымының мүшелері; бұл ұйым «Жер және ерік» деген құпия қоғамның жікке бөлінуі салдарынан 1879 жылғы августа құрылды. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды; оның құрамына А. И. Желябов, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, С. Л. Перовская, А. А. Квятковский және басқалар енді. «Халық еркінің» ең таяудағы мақсаты патша самодержавиесін құлату болды. «Халық еркінің» программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» құруды, демократиялық бостандықтар жариялауды, жерді халыққа беруді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына беру жөнінде шаралар белгілеуді көздеді. Алайда халық ерікшілері қалың бұқараға жол таба алмай, саяси заговор және жеке террор жасау жолына түсті. Халық ерікшілерінің террорлық күресін бұқаралық революциялық қозғалыс қолдамады, мұның өзі үкіметтің аяусыз қудалау, өлтіру және арандату шаралары арқылы ұйымды талқандауына мүмкіндік берді.

1881 жылдан кейін «Халық еркі» бытырап кетті. 80-жылдар бойы «Халық еркін» қайта құруға тырысқан талай әрекеттер нәтижесіз болды. Мәселен, 1886 жылы А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) пен П. Я. Шевырев бастаған, «Халық еркінің» дәстүрлерін қолдаған террористік топ құрылды. III Александрге қастандық жасамақ болған сәтсіз әрекеттен кейін топ әшкереленді де, оның белсенді мүшелері дарға асылды.

Халық ерікшілерінің қате, утопиялық программасын сынай отырып, В. И. Ленин «Халық еркі» мүшелерінің патша үкіметіне қарсы жанқиярлық күресіне зор құрметпен қарады. 1899 жылы, «Россия социал-демократтарының наразылығында» ол былай деп көрсетті: «Аз ерлерді қолдаған бұрынғы қоғамдық топтардың өрісі тар болса да, революциялық теория әсте қозғалыс туы болмаса да, бұрынғы «Халық еркінің» қайраткерлері орыс тарихында зор роль атқара білді» (Шығармалар, 4-том, 186-бет).— *287.*

80 Бұл арада өкілдігі бар орталық мекеме айтылып отыр.

К. Маркс пен Ф. Энгельс 1873 жылы бұл мәселе жөнінде былай деп жазды: «Ол кезде Россияда жұрт Земство жиынын шақыруды талап етті. Біреулері оны финанс қиыншылықтарын шешу үшін талап етсе, екінші біреулері монархияны жою үшін талап етті. Бакунин оны Россияның бірлігін паш ету үшін және патшаның өкіметі мен ұлылығын нығайту үшін керек етті» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIII том, II бөлім, 1940, 645-бет).

Көптеген орыс революционерлері үшін Земство жиынын шақыру патша әулетін құлатумен бірдей еді.

Конституция шығару үшін барлық азаматтардың өкілдері қатысатын Земство жиынын шақыру орыс социал-демократиялық партиясының программалық талаптарының бірі болды.— *287.*

81 Бұл арада Н. Г. Чернышевский мен А. И. Герцен туралы айтылып отыр. Қараңыз: К. Маркстің «Отечественные Запискидің» редакциясына жазған хаты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 337-бет).— *288.*

82 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 388-бет.— *289.*

83 *«Sozialpolitisches Centralblatt»* («Орталық Әлеуметтік-Саяси-Листок») — герман социал-демократиясының оңшыл қанатының органы. 1892 жылдан шыға бастады.— *295.*

84 Бұл арада сатқын баспасөз органдары — патша үкіметіне сатылған және оның алдында құрдай жорғалаған журналдар мен газеттер туралы айтылып отыр.— *298.*

85 Бұл арада Н. И. Утин, А. Д. Трусов, В. И. Бартенев бастаған орыстың революцияшыл эмиграциясынан шыққан *социалист-халықшылдар тобы* туралы айтылып отыр. Бұл топ Женевада «Народное Дело» журналын шығарды. 1870 жылдың бас кезінде топ Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің (I Интернационал) орыс секциясын құрды. 1870 жылғы 22 мартта Интернационалдың Бас советі орыс секциясын Интернационалдың құрамына алды. Секцияның тілегі бойынша оның Бас совет жанындағы өкілі міндетін К. Маркс өз мойнына алды. «Сіздер маған ұсынып отырған құрметті міндетті, сіздердің Бас совет жанындағы өкілдеріңіз болу міндетін мен құлшына қабыл аламын»,— деп жазды Маркс 1870 жылғы 24 мартта Орыс секциясы комитетінің мүшелеріне (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельстің орыстың саяси қайраткерлерімен жазысқан хаттары, 2-басылуы, 1951, 38-бет). I Интернационалдың орыс секциясының мүшелері Маркстің анархист-бакунистерге қарсы күресінде оны қолдап отырды, Интернационалдың идеяларын революциялық тұрғыдан насихаттады, орыстың революциялық қозғалысының батыс европалық революциялық қозғалыспен байланысын нығайтуға ұмтылды, Швейцария мен Францияның жұмысшы қозғалысына ат салысты. Алайда орыс секциясы мүшелерінің көзқарастарында халықшылдық утопизм әлі де басым еді, атап айтқанда олар қауымды «орыс халқының ұлы жетістігі» деп атап, оны дәріптеді. Секция Россиядағы революциялық қозғалыспен тығыз

байланыс орната алмады, мұның өзі, сайып келгенде, оның 1872 жылы тарап кетуінің негізгі себебі болды.— *302.*

86 В. И. Ленин А. Н. Энгельгардтың шаруашылығына сипаттаманы «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында (III тарау, § VI) берген.— *304.*

87 *«Социал-Демократ»* — әдеби-саяси шолу, оны «Еңбекті азат ету» тобы 1890—1892 жылдары шетелде (Лондон — Женева) шығарып тұрды; шолу Россияда марксизм идеяларын таратуда зор роль атқарды; барлығы төрт кітап шықты. «Социал-Демократқа» Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич белсене қатысты.

В. И. Ленин Плехановтың «Н. Г. Чернышевский» деген мақаласынан цитат келтіріп отыр (қараңыз: «Социал-Демократ», № 1, 1890, 138—139-беттер, сондай-ақ Н. Г. Чернышевский. Шығармаларының толық жинағы, XIII том, 1949, 187—188-беттер).— *306.*

88 В. И. Ленин Н. Г. Чернышевскийдің «Пролог» деген романынан цитат келтіріп отыр (қараңыз: Н. Г. Чернышевский. Шығармаларының толық жинағы, XIII том, 1949, 106-бет).— *307.*

89 В. И. Ленин I Павел мен I Александр патшалар тұсындағы қатал пәрменші Аракчеевтің есімін жағымсыз мағынада қолданып отыр; реакцияшыл полициялық озбырлық пен дөрекі әскери қысымшылық дәуірі Аракчеевтің қызметіне байланысты еді. Езілген бұқараның революциялық қозғалысына және бостандықтың қандай да болсын көрінісіне қарсы қатаң шаралар қолдану — аракчеевтік тәртіпке тән белгі болды.— *317.*

90 Бұл арада *«Народное право»* («Халық правосы») партиясы — орыстың демократияшыл интеллигенциясының жасырын ұйымы туралы айтылып отыр; бұл ұйым бұрынғы халық еріктілері О. В. Аптекманның, А. И. Богдановичтің, А. В. Гедеоновскийдің, М. А. Натансонның, Н. С. Тютчевтің және басқаларының қатысуымен 1893 жылдың жазында құрылған болатын. Халық правошылары саяси реформалар жасау жолында күрес жүргізу үшін барлық оппозицияшыл күштерді біріктіруді өздерінің алдына міндет етіп қойды. Ұйым «Манифест» және «Толғағы жеткен мәселе» деген екі программалық документ бастырып шығарды. 1894 жылдың көктемінде ұйымды патша үкіметі талқандады. Саяси партия ретінде халық правошыларына Лениннің берген бағасын осы томның 362—365-беттерінен, сондай-ақ «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапша-

дан (Шығармалар, 2-том, 380—382-беттер) қараңыз. Халық правошыларының көбі кейін эсерлер партиясына кірді.— *318.*

91 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 771-бет.— *341.*

92 В. И. Ленин И. А. Крыловтың «Мысық пен Аспаз» деген мысалынан алынған сөздерді келтіріп отыр.— *342.*

93 В. И. Ленин бұл арада және бұдан былай Ф. Энгельстің «Тұрғын үй мәселесіне» деген еңбегінің екінші басылуына арналған алғы сөзден өзі аударып цитат келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 508-бет).— *348.*

94 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 511—512-беттер.— *349.*

95 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 456—457-беттер.— *349.*

96 В. И. Ленин бұл арада Маркстің «Философия қайыршылығы» деген кітабының П.-Ж. Прудонға қарсы бағытталған екінші тарауында тұжырымдалған қағидаларды айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 146-бет).— *351.*

97 В. И. Ленин К. Маркстің «Гота программасына сын» деген еңбегінен цитат келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 21-бет).— *351.*

98 *Маниловшылдық* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» деген шығармасындағы кейіпкерлердің бірі — Маниловтың мінезіне тән белгілердің жиынтығы. Кінәмшыл, «таза жанды» помещик Маниловтың образы арқылы жазушы ынжық қиялшылға, көкіген көк езуге, қаракетсіз мылжыңға тән белгілерді көрсетіп берді. В. И. Ленин либерал халықшылдарға сипаттама беру үшін Маниловтың есімін жағымсыз мағынада қолданып отыр.— *354.*

99 *Прокруст аясы* — мифологиядағы Прокруст дейтін алып қарақшының атынан шыққан сөз; Прокруст жолаушыларды алдап-арбап қолға түсіріп, оларды аядай тар орынға жатқызады екен; оған сыйғызу үшін бойы ұзындарының аяғын шауып қысқартып, аласаларын созып жеткізеді екен. *Прокруст аясына сыйғызу* деген сөз, яғни қайсыбір нәрсені бір қалыпқа жөн-жосықсыз зорлап икемдеу деген ұғым осыдан шыққан.— *359.*

100 Қараңыз: К. Маркстің «Капиталының» бірінші томының екінші басылуына арналған соңғы сөз (К. Маркс. «Капитал», I том, 1955, 20-бет).— *360.*

101 В. И. Ленин К. Маркстің А. Ругеге жазған хатынан (1843 жылғы сентябрь) цитат келтіріп отыр. Ленин бұл хатты осы томның 194-бетінде толығырақ келтіреді (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 381-бет).— *361.*

102 *«Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы). П. Струвенің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген кітабы туралы. Спб. 1894 ж.»* деген мақаланы В. И. Ленин 1894 жылдың аяғы мен 1895 жылдың басында жазған. Бұл — Лениннің жария баспаханада басылған тұңғыш еңбегі. Бұл еңбегінде Ленин халықшылдық көзқарастарға осыдан бұрынғы еңбектерінде берілген сынды жалғастырды және «жария марксистердің» қате көзқарастарын кең көлемде сынға алды. Ленин «жария марксизмнің» либералдық-буржуазиялық табиғатын басқалардан бұрын таныды. 1893 жылдың өзінде «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген еңбегінде Ленин либерал халықшылдардың көзқарастарын әшкерелеумен бірге сол кезде туып келе жатқан «жария марксизм» өкілдерінің көзқарастарын да сынады.

1894 жылдың күзінде Ленин марксистердің Петербургтегі үйірмесінде Струвенің және басқа «жария марксистердің» көзқарастарына қарсы бағытталған рефератын оқыды; бұл реферат кейін «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген мақаласына негіз болды. Осы мақала туралы және Петербург марксистерінің үйірмесінде сөйлеген сөзі туралы Ленин 1907 жылы былай деп жазды: «Мен бұл үйірмеде «Марксизмнің бужуазиялық әдебиетте баяндалуы» деп аталған реферат оқыдым. Рефераттың атынан көрініп тұрғанындай, мұнда Струвеге қарсы айтыс 1895 жылдың көктемінде басылған мақаладағыдан гөрі әлдеқайда өткір әрі айқын (социал-демократиялық қорытындылар бойынша) болды. Жұмсартудың біразы цензураға байланысты пікірден болса, біразы халықшылдыққа қарсы бірлесіп күресу үшін жария марксизммен «одақ» жасауға бола істелді. Петербург социал-демократтарының сол кезде Струве мырзаны «солға қарай итермелеуі» мүлдем нәтижесіз қалған жоқ, мұны Струве мырзаның өртелген жинақтағы (1895 ж.) мақаласы және оның «Новое Словодағы» кейбір мақалалары (1897 ж.) айқын дәлелдейді» (Шығармалар, 13-том, 88—89-беттер).

«Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген мақала «Біздің шаруашылық дамуымызды сипаттайтын материалдар» деген жинақта (*К. Тулин* деген бүркеншік атпен) басылды. Жинақ 2000 дана болып 1895 жылы апрельде басылып шықты. Патша үкіметі жинақты таратуға тыйым салды, оны бір жыл бойы осылай ұстады да, кейін кәмпескелеп өртеп жіберді. Петербургте және басқа қалаларда социал-демократтар арасына құпия түрде таратылған 100 шамалы данасы ғана сақталып қалды.

Жинақтағы ең айбынды әрі саяси жағынан өткір мақала Лениннің еңбегі болды. «Біздің шаруашылық дамуымызды сипаттайтын материалдар» деген жинақ туралы баяндамасында цензор әсіресе Лениннің еңбегіне ерекше толық тоқталған еді. Цензор жинақтың авторлары капиталистік процестің даму барысы туралы Маркстің доктринасын уағыздайды дей келіп, К. Тулиннің мақаласы марксистердің мейлінше ашық әрі толық программасы екенін атап айтты.

1907 жылдың аягында «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген мақаласын Ленин «12 жыл ішінде» атты жинақтың бірінші томында «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы» деген тақырыпша қойып жариялады. Жинақтың бірінші томын «Зерно» кітап баспасы 1907 жылғы ноябрьдің орта шенінде (титул парағында 1908 ж. деп көрсетілген) басып шығарды. Жорамалданған үш томның тек бірінші томын және екінші томның бірінші бөлімін ғана бастырудың сәті түсті. Бірінші томның құрамына Лениннің аталған мақаласынан басқа «Орыс социал-демократтарының міндеттері», «Земствоны қуушылар және либерализмнің Аннибалдары», «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Земство науқаны және «Искраның» жоспары», «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбектері де кірді. Бірінші том жарық көргеннен кейін көп кешікпей кәмпескеленді, бірақ тиражының едәуір бөлігін сақтап қалудың сәті түсті, сөйтіп кітап жасырын түрде таратыла берді.— *367.*

103 *Truck-system* — фабриканттың меншігіндегі фабрикалық дүкендерден жұмысшыларға жалақыны товар және өнім түрінде төлеу жүйесі. Жұмысшыларды қанаудың қосымша құралы болған бұл жүйе Россияда әсіресе майдагерлік кәсіпшілік аудандарында көп тараған болатын.— *380.*

104 В. И. Ленин И. А. Крыловтың «Қасқыр мен Бақташылар» деген мысалынан алынған сөздерді келтіріп отыр.— *384.*

105 *Ас ішіп, аяқ босатарлар, ас ішіп, аяқ босатушылық* — М. Е. Салтыков-Щедрин өз шығармаларында буржуазиялық-

либералдық баспасөз бен оның өкілдеріне сипаттама беру үшін талай рет қолданған кекесін сөз. «Петербургке келген провинция адамының күнделігі» деген шығармасының V тарауында Салтыков-Щедрин либералдарды өлтіре әжуалай келіп, «істеуге тұрарлық іс болмағандықтан және уақытты көңілді өткізу үшін «Ас ішіп, аяқ босатарлардың Еркін Одағы» деген атпен ғылыми-әдеби қоғам құрылады» деп жазды. Салтыков-Щедрин бұл «Одақтың» «міндеттерін» мына сөздермен сипаттады: «Осы замангы бірде-бір мәселені бос жібермей, барлық нәрсе туралы пайымдағанда одан ешқашанда еш нәрсе шықпайтындай есеппен пайымдау».— *387.*

106 *«Весть»* («Хабар») — реакцияшыл-крепостниктік бағыттағы газет; 1863 жылдан 1870 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.— *388.*

107 *«Жүрек диктатурасы»* 1880 жылы әуелі «бүлікке» қарсы күресу жөніндегі «Жоғарғы жарлық комиссиясының» бастығы, кейін ішкі істер министрі болып тағайындалған патша сановнигі Лорис-Меликовтың либералдармен аз уақыт жүргізген амалдау саясаты кекесінді түрде осылай аталды. Либералдарға «кеңшілік» жасауға уәде беру және революционерлерге қарсы аяусыз жазалау шараларын қолдану — Лорис-Меликов өз саясатын осыған құруға тырысты. 1879—1880 жылдардағы революциялық жағдай туғызған осы амалдау саясатының көздеген мақсаты революциялық қозғалысты әлсірету және оппозициялық пиғылдағы либерал буржуазияны патша өкіметі жағына тарту болды. 1879—1880 жылдардағы революциялық толқын кері серпіліп тасталғаннан кейін патша үкіметі «жүрек диктатурасы» саясатынан бас тартты да, самодержавиенің «мызғымайтыны» туралы манифест шығаруға асықты. 1881 жылғы апрельде Лорис-Меликов орнынан түсуге мәжбүр болды.—*388.*

108 Мәселен, Г. И. Успенскийдің «Деревня күнделігінен», «Чек кітапшасы», «Жол үстінде жазылған хаттар», «Үзілмеген дәнекерлер», «Нақты цифрлар» деген әңгімелері мен очерктерің қараңыз.— *416.*

109 *Аркадия рақаты* — бақытты, алаңсыз өмірдің, бақытты елдің баламасы ретінде әдебиетте қолданылатын кекесін сөз. Аркадия — Пелопоннестің (Греция) орталығындағы таулы аймақ; оның халқы ерте заманда негізінен мал шаруашылығымен шұғылданған. Ерте дүние әдебиеті мен классикалық әдебиетте Аркадия малшылар мен егіншілердің бақытты, рақат өмір суретін жері ретінде суреттелген.— *422.*

110 *Купон мырза* — капитал мен капиталистерді атау үшін XIX ғасырдың 80 және 90-жылдарындағы әдебиетте алынған

бейнелі сөздер. «Купон мырза» деген сөздерді жазушы Глеб Успенский «Ауыр күнәлар» атты очерктерінде қолданды.— *423.*

111 *«Бейнетқор»* — діңкені құртатын ауыр еңбектен жаншылып, азап шеккен кедей шаруаның аллегориялық образы; бұл образды М. Е. Салтыков-Щедрин «Бейнетқор» деген сатиралық ертегісінде жасаған болатын. Бұл ертегіде автор адам «ғажайып күшті» тұтқыннан босатқанға дейін оны бұғауда ұстай беретін «даланың дәу алыбы» туралы тұспалдап айтады. Сонымен бірге Салтыков-Щедрин «бейнетқордың» өзіне тауып алған «нағыз еңбегі» шаруаның бекемдігінің, рухани ұстамдылығының, ашықтығы мен орнықтылығының кепілі болып табылады дейтін халықшылдардың пасық пайымдауларын әжуалайды.— 427.

112 *Пруссия регирунгсраты* (статс советнигі) — бұл арада әңгіме XIX ғасырдың 40-жылдарында Россияға келіп қайтқан неміс экономисі барон А. Гакстгаузен туралы болып отыр. Гакстгаузен «Россияның халық тұрмысының, әсіресе селолық мекемелерінің қарым-қатынастарына жасалған зерттеулер» деген кітабында орыс шаруалар қауымын егжей-тегжейлі суреттеген болатын. Ол шаруалар қауымын крепостниктік құрылысты нығайтудың құралы деп білді. Ол николайлық Россияны мадақтап, оның Батыс Европамен салыстырғандағы артықшылығы онда «пролетариат кеселінің» жоқтығы деп есептеді. К. Маркс пен Ф. Энгельс Гакстгаузеннің жасаған қорытындыларының реакцияшылдығын атап өтті. А. И. Герцен мен Н. Г. Чернышевский Гакстгаузеннің көзқарастарын қатты сынады.— *432.*

113 В. И. Ленин цензурадан сақтану ниетімен «Еңбекті азат ету» тобы шығарған маркстік еңбектерді тура атай алмады. Ленин оқушыны В. В.-ның (Воронцовтың) «Теориялық экономияның очерктері» (Петербург, 1895) деген еңбегіне нұсқап отыр; бұл еңбектің 257—258-беттерінде Плехановтың «Социал-Демократта» басылған (екінші кітабы, август, 1890) «Ішкі жағдайға шолу» деген мақаласынан үлкен цитат келтірілген болатын (қараңыз: Г. В. Плеханов. Шығармалар, III том, 1923, 258—259-беттер).— *435.*

114 *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — ең байырғы орыс газеті; бастапқы кезде (1756 жылдан) шағын листок ретінде Москва университеті шығарып тұрды; XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап өзінің бағыты жөнінен помещиктер мен дін басыларының ең реакцияшыл топтарының көзқарастарын уағыздаған монархистік ұлтшылдық орган болды; 1905 жылдан — қаражүзділіктердің басты органдарының бірі. 1917 жылғы Октябрь революциясына дейін шығып тұрды.— *444.*

115 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 207-бет.— *458.*

116 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі», 1957, 90-бет.— *461.*

117 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 100-бет (38-ескерту).— *462.*

118 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 257-бет.— *464.*

119 *Навкрариялар* — ежелгі Афины республикасындағы шағын территориялық округтер. Навкрариялар филдерге бірікті. Навкрарлар (навкрариялардың бастықтарының) коллегиясы Афины мемлекетінің финансын басқарды. Әрбір навкрария бір соғыс кемесін жасап, оны қару-жарақпен, экипажбен қамтамасыз етуге және мемлекеттің әскери мұқтажын өтеу үшін екі атты әскер беруге міндетті болды.— *464.*

120 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 254-бет.— *464.*

121 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 474—475, 247-беттер, сондай-ақ Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 157—158-беттер.— *465.*

122 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1957, 107-бет.— *466.*

123 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 209-бет.

Прудонның тексте айтылатын шығармасы «Мемлекеттік төңкеріс көрсеткен әлеуметтік революция» деп аталады.— *471.*

124 *Лейбкампанияшылар* — «лейб-кампания» деген сөзден шыққан, Преображенск полкі гренадер ротасының құрметті атағы; ротаға бұл атақты Елизавета Петровна өзін патша тағына отырғызғаны үшін 1741 жылы берген. Лейбкампанияшылар сыйлық ретінде поместье алды, неше түрлі жеңілдіктер мен артықшылықтарға ие болды, дворян еместер ата-бабасынан бері дворян деген атақ алды. «Лейбкампанияшылар» деген атауды М. Е. Салтыков-Щедрин өзінің «Пошехон әңгімелерінде» қолданды.— 472.

125 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 140—141-беттер.— *485.*

126 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 446—447-беттер.— *487.*

127 *Гота программасы* — герман социал-демократиялық партиясының программасы; 1875 жылы Готада болған съезде оған дейін жеке-жеке өмір сүріп келген немістің социалистік екі партиясын: эйзенахшылар (Бебель мен Либкнехт басшылық еткен, Маркс пен Энгельстің идеялық ықпалында болған) мен лассальшылар біріккенде қабылданған программа. Программаға эклектизмнің әсері тиді және ол оппортунистік программа болды, өйткені эйзенахшылар аса маңызды мәселелер жөнінен лассальшылардың ырқымен кетіп, лассальдық тұжырымдарды қабылдады. К. Маркс пен Ф. Энгельс Гота программасының жобасын өлтіре сынап, оны тіпті 1869 жылғы Эйзенах программасымен салыстырғанда едәуір кері кеткендік деп бағалады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 5—38-беттер).— *491.*

128 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 151-бет.— *497.*

129 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 643-бет.— *503.*

130 *Гордий түйіні* — ежелгі грек аңызына қарағанда, Фригия патшасы Гордий өз күймесінің дертесіне мойынтұрықты байлағанда шым-шытырық етіп, шатастыра түйіпті. Осы түйінді шешкен адам бүкіл Азияның патшасы болады екен деген аңыз да болған. Александр Македонский бұл түйінді шешуге әуреленген жоқ, оны семсермен бір-ақ шапты: «Гордий түйінін шауып тастау керек» — шым-шытырық мәселені, күрделі істі тез, тікесінен, ақырына дейін шешу керек деген сөз осыдан шыққан. В. И. Ленин бұл арада әлгі сөзді кекесінді мағынада қолданып, Струве мырзаның мальтусшілдік көзқарастарын әжуалайды.— *514.*

131 В. И. Ленин бұл арада «Капиталдың» бірінші томының жиырма төртінші тарауын (§ 5 — «Егіншілік революциясының өнеркәсіпке кері әсері. Өнеркәсіп капиталы үшін ішкі рынок жасау») айтып отыр (қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 753-бет).— *514.*

132 К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 654-бет.— *515.*

133 *Шөмелелік* — Россияның оңтүстік аудандарында заттай, кіріптарлық аренда осылай аталған; бұл ретте арендатор жер иесіне «шөмеледен» өнімнің белгілі бір бөлегін (жартысын, кейде одан да көбін) төлеген, әдетте, мұның үстіне өз еңбегінің тағы бір бөлігін «жұмыспен өтеу» түрінде де беріп отырған.— *516.*

134 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 757-бет (237-ескерту).— *524.*

135 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 751—753-беттер.— *524.*

136 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, 1955, 630, 631-беттер.— *543.*

137 *«Сыйлықтылар» немесе сыйлық алушы шаруалар* — бұрынғы помещиктік шаруалардың бір бөлігі; бұлар 1861 жылғы реформа кезінде помещикпен жасасқан «келісім» бойынша ұлтарақтай жер үлесін сыйлыққа (ақы төлемей) алды; бұл үлес «жоғары» немесе «указдық» деп аталатын үлестің, яғни сол өңір үшін заң бойынша белгіленген шаруа үлесінің не бары төрттен бір бөлегі болатын. Шаруалардың бұрынғы үлестерінің бүкіл қалған бөлігін помещик өз қолына жинап алды, сөйтіп ол өзінің «сыйлық берген», зорлықпен жерлерінен айырған шаруаларын крепостниктік право жойылғаннан кейін де экономикалық кіріптарлықта ұстады. Халық арасында «сыйлықтылар» үлесі «ширек үлес», «жетім үлес», «мысық үлесі» және «гагариндік үлес» («сыйлықтылар» үлесі туралы заңның жобасын ұсынған князь П. П. Гагариннің есімі бойынша) деп аталып кетті.— *546.*

138 Бұл мәселеге В. И. Ленин өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» (1899) деген кітабында толық талдау жасады.— *555.*

139 *Янус* — ежелгі Рим мифологиясында уақыт құдайы, сондай-ақ кез келген нәрсенің басталуы мен аяқталуының, кіруі мен шығуының құдайы, қарама-қарсы екі жаққа қараған екі беті бар адам түрінде бейнеленген; алға, болашаққа қараған беті жас кісінің беті, ал артқа, өткендегіге қараған беті қарт кісінің беті болған. «Янус», «екі жүзді Янус» деген сөздер қайсыбір адамның екі ұшты, қайшылықты позициясын немесе жағдайын білдіру үшін қолданылады.— *559.*

140 В. Е. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітабы 1891 жылы Москвада басылып шықты. В. И. Лениннің кітапқа қойған белгілері ерте дегенде 1893 жылғы мартта жасалған. Ленин «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деп аталатын мақаласында Постниковтың кітабына толық талдау жасайды. Кітаптың IX және X тарауларының материалын Ленин «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» (қараңыз: осы томның 113—116-беттері) атты еңбегінде де пайдаланды. Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» атты кітабына талай рет сілтеме жасайды. Ленин Постниковтың кітабына П. Масловқа жазған хаттарында баға бе-

реді; бұл хаттар Шығармалардың осы басылуына енгізіліп отыр.— *567.*

141 В. И. Ленин бұл есептерді өзінің «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақаласындағы кестеде келтіреді (қараңыз: осы томның 13-беті).— *570.*

142 В. И. Ленин бұл есептерді өзінің «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақаласындағы кестеде келтіреді (қараңыз: осы томның 18-беті).— *571.*

143 Бұл *кәмелеттік аттестатқа* он бір пәннен баға қойылған, соның он пәнінен Ленин жоғары баға — 5, ал бір пәнінен— 4 алған. Сонымен бірге аттестатта былай деп жазылған: «Үлгілі тәртібі мен оқуға өте ынталы болғанын, ғылымдарды меңгеруде, әсіресе көне тілдерді үйренуде үздік табыстарға жеткенін ескере келіп, Педагогикалық Совет, оны, *Ульяновты,* АЛТЫН МЕДАЛЬМЕН наградтауға және оған *Патша ағзам* 1871 жылғы 30 июльде бекіткен гимназиялар мен прогимназиялар уставының 129—132-параграфтарында көрсетілген барлық праволармен пайдаланатын аттестат беруге қаулы етті...» Аттестатқа қойылған дата 1887 жылғы 10 июнь. Аттестатты алғаны туралы қосымшаны В. И. Ленин 10 июньнен кейін жазған.— *579.*

144 Өтініште, сірә, университет ректорынікі болуы керек, мынадай тұжырым бар: «Мінездеме алынғанға дейін кейінге қалдырылсын». Одан бір жол төменіректе: «Алынсын» делінген.

Симбирск гимназиясының директоры Қазан университететіне жіберген мінездемеде былай делінген:

«Өте дарынды, ұдайы ынталы әрі ұқыпты болған Ульянов барлық кластарда үздік оқушы болды, сөйтіп курсты бітірердегі табыстары, ой-өрісінің өсуі және тәртібі жөнінен ең лайықты оқушы ретінде *алтын медальмен* наградталды...».— *580.*

145 Ленин бұл өтінішін 1887 жылғы 4 декабрьде Қазан университетінде болған студенттер жиынына қатысушыларды жандармдардың жазалауына және революцияшыл студенттерді патша өкіметінің қудалауына қарсы наразылық білдіру ретінде берген болатын.— *581.*

146 Өтініште жоғары оқу орындары департаментінің вице-директорының: «Бұл өтініш Қазан оқу округінің Қамқоршысы мырзаның пікірін сұрауға жіберіледі» деген тұжырымы бар.

Қазан оқу округінің Қамқоршысы 1888 жылғы 14 июньде халық ағарту департаментіне жолдаған хабарламасында Лениннің 1887 жылғы 4 декабрьдегі студенттер жиынына

қатысқаны туралы хабарлап, «Владимир Ульяновты Қазан университетіне қайтадан қабылдаудың өте-мөте қолайсыз болатынын» жазды. Хабарламаның жиегінде «Мәлімдеу үшін» деп жазылған да, одан төменіректе: «Мынаның өзі анау Ульяновтың інісі болып жүрмесін. Бұл да Симбирск гимназиясынан ғой? Иә, солай екені қағаздың соңынан көрініп тұр. Әсте қабылдауға болмайды»,— делінген. Хабарламаның жоғарғы жағына мынадай тұжырым жазылған: «Министр мырзаға 22 июнь күнгі баяндау бойынша, Ұлы мәртебелі тақсыр өтініш берушінің тілегін қабылдамау жөнінде бұйрық берілсін деді. Директор Н. Аничков».— *582.*

147 Өтінішке екі тұжырым жазылған. Өтініштің жоғарғы жағындағы бұрышына жазылған тұжырымда: «Евреинов мырзаға. Полицияның бақылауында бар ма» делінген. Төменіректегі екіншісінде: «Өтініші қабылданбасын» делінген. Ульяновтың фамилиясының асты қарындашпен сызылған.

Осы өтінішке байланысты полиция департаментінің директоры Дурново 1888 жылғы 16 сентябрьде Қазан губернаторының атына мынадай қатынас қағаз жіберген: «Қазан Университетінің бұрынғы студенті Владимир *Ульянов* Ішкі Істер Министрі мырзаға шетелдік Университеттердің біріне оқуға түсу үшін өзінің шетелге баруына рұқсат етуді сұрап өтініш берді.

Өз тарапымнан Ульяновтың өтінішін қанағаттандыруды мүмкін деп санамай, Ұлы Мәртебелі Сізден оған шетелдік паспорт бермеуді және Полиция Департаменті оның шетелге баратын уақыты жеткен жоқ деп санайтынын оған айтуға бұйыруды қатты өтініп сұраймын.

Сонымен бірге Ұлы Мәртебелі Сізден ілгеріде аталған Ульянов Қазаннан жүріп кеткен жағдайда оның дәл қайда кеткенін Департаментке хабарлауды және оған паспорт бермеуді тиісті Губернаторға тікелей өз атыңыздан хабарлауды қатты өтініп сұраймын».— *583.*

148 Осы өтінішке байланысты халық ағарту министрлігі 1889 жылғы 11 ноябрьдегі қатынас қағазында полиция департаментінен «Ульяновтың саяси сенімділігі туралы» оған хабарлауды және жіберілген өтініші жөнінде пікір білдіруді сұрады. Бұл сұрауға жауап ретінде полиция департаменті 1889 жылғы 4 декабрьде былай деп хабарлады: «Қазанда тұрған кезінде Ульяновтың саяси жағынан сенімсіз адамдармен байланыс жасағаны байқалды, ал әлгі адамдардың кейбіреулері қазір мемлекеттік қылмыс жасады деп айыпталып, тергеуге алынып отыр». 1889 жылғы 10 декабрьде халық ағарту департаменті Лениннің өтінішін қабылдамай тастады.

Тек 1890 жылдың жазында ғана, Лениннің анасы М. А. Ульянованың халық ағарту министріне жазған өтінішіне жауап ретінде Владимир Ильичке, ақыры, университет-

тердің бірінде заң факультетінің пәндері бойынша экстерн ретімен емтихан тапсыруға рұқсат етілді.— *584.*

149 Лениннің әкесі Илья Николаевич Ульянов дворян атағын 1882 жылы алды.— *585.*

150 Өтініште: «Мәлімдеу үшін. Қазанда ұстағаны жөн» және «18 июльде мәлімделді. Бұл өтінішін сынақ комиссиясының председателіне беруге тиіс екенін өтініш иесіне айту бұйырылды. Директор үшін Эзов»,— деген екі тұжырым бар.— *585.*

151 Өтініште «Халық Ағарту Министрі мырзаның рұқсаты бойынша» деген тұжырым бар.

1891 жылдың көктемі мен күзінде Петербург университетінде заң факультеті бойынша Ленин мемлекеттік емтихандардың бәрін өте жақсы тапсырды. 1892 жылғы январьда Владимир Ильич бірінші дәрежелі диплом алды; онда былай деп атап көрсетілген: «Өте қанағаттанарлық деп табылған шығармасын тапсырып, жазбаша жауабын бергеннен кейін, ауызша сынақта мынадай: *Рим правосының догмасы, Рим правосының тарихы, азаматтық право және сот ісін жүргізу, сауда правосы және сот ісін жүргізу, қылмысты істер правосы және сот ісін жүргізу, орыс правосының тарихы, шіркеу правосы, мемлекеттік право, халықаралық право, полициялық право, саяси экономия және статистика, финанс правосы, право энциклопедиясы және право философиясының тарихы жөнінде* — өте қанағаттанарлық табыстарға жетті».— *586.*

152 Өтініште мынадай анықтама жазылған: «Ульянов 1892 жылғы 30 январьдан бері Хардин мырзаның жанындағы қорғаушы адвокаттың көмекшісі болып істейді.— Істе Ульяновтың адамгершілік қасиеттері туралы деректер жоқ. Секретарьдың міндетін атқарушы», одан әрі қойылған қолды тану қиын.— *587.*

153 Өтініште мынадай тұжырым бар: «Іс қарайтын сот бастығы сұрау салдырған жағдайда тиісті пікір жіберілетіні айтылсын. 5/VI».— *588.*

154 Өтініште мынадай тұжырым бар: «Ішкі Істер Министрлігінің Мемлекеттік Полициясының Департаментіне. 18 июнь, № 1556».

Осы өтінішке байланысты Самара округтік сотының председателі 1892 жылғы 18 июньде полиция департаментіне қатынас қағаз жолдап, онда «Ульяновтың қорғаушы ретінде сот істеріне барып жүруіне правосы болатын куәлік берілуіне бөгеттер бар ма»,— деп сұрады. Қатынас қағазға

мынадай тұжырым жазылған: «Ульянов құпия бақылауда қалдырылсын және сот істеріне араласуына правосы болатын куәлік берілуіне бөгет жоқ екені хабарландырылсын. 2 июль».

Самара округтік соты бөлімшелерінің 1892 жылғы 23 июльде болған жалпы жиналысында мынадай қаулы қабылданған: «Ульяновқа сұраған куәлігі берілсін, бұл жөнінде Губерния Ведомостарында хабар басылсын және Юстиция Министрі мырзаға хабарлансын».— *590.*

155 Өтініште мынадай тұжырым бар: «1893 жылғы 7 январьда осы Сот бөлімшелерінің Жалпы Жиналысында мынадай *қаулы* шығарылды: Қорғаушы Адвокаттың Көмекшісі Ульяновтың сұраған куәлігі берілсін және бұл жөнінде Юстиция Министрі мырзаға хабарлансын».— *591.*

156 Өтініште мынадай тұжырым бар: «Сұраған куәлігі берілсін».— *592.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

*_Анненский, Н. Ф. Доклад по вопросу о положении кустарей Павловского района._— «Нижегородский Вестник Пароходства и Промышленности», 1891, № 1, стр. 10—16; № 2, стр. 40—45; № 3, стр. 58—62.— _222, 269._

[_Богданович, А. И._] _Насущный вопрос._ [Смоленск], изд. партии «Народного права», 1894, 41 стр. (Вып. 1).— _362—364._

Буренин, В. П. Критические очерки.— «Новое Время», Спб., 1894, № 6443, 4(16) февраля, стр. 2.— _163._

В. В.— қараңыз: [Воронцов, В. П.]

«Вестник Европы». Спб., 1872, № 5, стр. 427—436.— _172._

— 1893, № 1, стр. 55—92.— _99._

— 1893, № 3, стр. 296—318.— _56—57._

«Весть». Спб.— _388._

* _Военно-статистический сборник._ Вып. IV. Россия. Под общ. ред. Н. Н. Обручева. Спб., 1871. XXX, 922, 235 стр.— _101, 344—345._

Вопрос о рынках — қараңыз: [Красин, Г. Б.]

[_Воронцов, В. П._] _В. В. Излишек снабжения рынка товарами._— «Отечественные Записки», Спб., 1883, № 5, стр. 1—39.— _553._

[_Воронцов, В. П._] _В. В. Крестьянская община._ Общий обзор земской статистики крестьянского хозяйства А. Фортунатова.

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар жұлдызшамен белгіленді. Бұл кітаптар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы.

М., 1892. XLVI, 600, VI стр. (В изд.: Итоги экономического исследования России по данным земской статистики. Т. I).— *4.*

— *Милитаризм и капитализм* — «Русская Мысль», М., 1889, № 9, стр. 70—90.— *553.*

— *Наши направления.* Спб., 1893. VI, 215 стр.— 285, 399.

— *Немецкий социал-демократизм и русский буржуаизм.* (П. Струве. Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России).— «Неделя», Спб., 1894, № 47, 20 ноября, стр. 1504—1508; № 48, 27 ноября, стр. 1543—1547; № 49, 4 декабря, стр. 1587—1593.— *387, 399, 425, 468, 561.*

— *Очерки теоретической экономии.* Спб., 1895, 319 стр.— *435, 468.*

— *Прогрессивные течения в крестьянском хозяйстве.* Спб., 1892. VI, 261 стр.— *107, 274, 277, 516.*

* — *Судьбы капитализма в России.* Спб., 1882, 312 стр.—*291.*

Гакстгаузен, А. Исследования внутренних отношений народной жизни и в особенности сельских учреждений России. Пер. с нем. и изд. Л. И. Рагозин. Т. I. М., 1870. XXII, 490 стр.— *432.*

Гоголь, Н. В. Мертвые души.— 354.

Горбунова, М. К. Кружевной промысел.— В кн.: Боголепов, И. Промыслы Московской губернии. Вып. II. М., 1880, стр.1—91. (В изд.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. VI. Вып. II).— *117—122.*

Григорьев, В. Н. Кустарное замочно-ножевое производство Павловского района. (В Горбатовском уезде Нижегородской губ. и в Муромском уезде Владимирской губ.).—В кн.: Рагозин, В. Материалы к изучению кустарной промышленности Волжского бассейна. Прил. к изд. «Волга». М., 1881, стр. XI—XVI, 1—124.— *269.*

[*Даниельсон, Н. Ф.*] *Николай — он. Нечто об условиях нашего хозяйственного развития.*— «Русское Богатство», Спб., 1894, № 4, стр. 1—34; № 6, стр. 86—130.—*339—340, 341, 343, 344—345, 346, 350, 353, 354, 355, 356, 357.*

— *Очерки нашего пореформенного общественного хозяйства.* Спб., 1893, XVI, 353, XVI стр.— *99, 102, 122—123, 343, 344, 346, 357—358, 438, 497, 521, 525.*

Дементьев, Е. М. Фабрика, что она дает населению и что она у него берет. М., 1893, VIII, 246 стр.— *225.*

Ермолов, А. С. Неурожай и народное бедствие. Спб., 1892. 270 стр.— *316.*

Зибер, Н. И. Давид Рикардо и Карл Маркс в их общественно-экономических исследованиях. Опыт критико-экономического исследования. Спб., 1885. VII, 598 стр.—*233.*

Исаев, А. А. Промыслы Московской губернии. Т. II. 1. Металлические промыслы. 2. Гончарный промысел. М., изд. Моск. губ. земской управы, 1876. 200, IV стр.— *230.*

Итоги экономического исследования России по данным земской статистики. Т. I—II. М.— Дерпт, 1892. 2 т.— *4—5, 15, 516.*

К — н, И. — *қараңыз:* [Кауфман, И. И.]

Каблуков, Н. А. Вопрос о рабочих в сельском хозяйстве. М., ред. «Юридического Вестника», 1884. X, XXIV, 299 стр.—*382.*

— *Очерк хозяйства частных землевладельцев.* М., изд. Моск. губ. земства, 1879. V, 200, 103 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Московской губернии. Отдел хозяйственной статистики. Т. V. Вып. I).— *262.*

Кареев, Н. И. Старые и новые этюды об экономическом материализме. Материалы для истории и критики экономического материализма. Спб., 1896. VI, 162 стр.— *145.*

* *Карышев, Н. А. Крестьянские вненадельные аренды.* Дерпт, 1892. XIX, 402. LXV стр. (В изд.: Итоги экономического исследования России по данным земской статистики. Т. II).— *4, 15, 20—21, 516.*

— *Народно-хозяйственные наброски.* XII. Современные течения в крестьянском хозяйстве Нижегородской губернии.— «Русское Богатство», Спб., 1894, № 2, стр. 1—19.— *255, 273—275.*

[*Кауфман, И. И.*] *Точка зрения политико-экономической критики и Карла Маркса.*— «Вестник Европы», Спб., 1872, № 5, стр. 427—436.— *172.*

Короленко, С. А. Вольнонаемный труд в хозяйствах владельческих и передвижение рабочих, в связи с статистико-экономическим обзором Европейской России в сельскохозяйственном и промышленном отношениях. Спб., 1892. XX, 844 стр. (Деп. земледелия и сельской пром-сти. С.-х. и стат. сведения по материалам, полученным от хозяев. Вып. V).— *346—347.*

Орлов, П. А. и Будагов, С. Г. Указатель фабрик и заводов Европейской России. Материалы для фабрично-заводской статистики. [По сведениям за 1890 г., дополненным сведениями за 1893 и 1894 гг.]. Изд. 3-е, испр. и знач. доп. Спб., 1894. II, XVI, 827 стр.— *344—345.*

«Отечественные Записки». Спб.— *182, 185, 197, 270, 308, 347, 438.*

— 1872, № 2, стр. 202—236.— *270, 308—309.*

— 1872, № 4, стр. 176—184.— *194, 279.*

— 1877, № 10, стр. 321—356.— *135—136, 177—178, 182, 189, 190—191.*

— 1879, № 2, стр. 125—152.— *374—408, 411—417, 420—436, 466, 480, 489.*

— 1883, № 5, стр. 1—39.— *553.*

— 1883, № 7, стр. 97—112.— *182.*

Памятная книжка Таврической губернии. Сост. стат. бюро Таврического губ. земства. Под ред. К. А. Вернера. Симферополь, 1889. 678 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Таврической губернии. Т. IX).— *19.*

Плеханов, Г. В. Н. Г. Чернышевский.— «Социал-Демократ», Лондон, 1890, кн. 1, февраль, стр. 88—175; Женева, 1890. кн. 2. август, стр. 62—142; 1890, кн. 3, декабрь, стр. 71—110; 1892, кн. 4, стр. 144—194.— *306, 307—308.*

— *Наши разногласия.* Женева, тип. группы «Освобождение труда», 1884, на обл.: 1885. XXIV, 322 стр. (Б-ка современного социализма. Вып. III).— *203, 204, 205, 296.*

Плутократия и ее основы.— «Отечественные Записки», Спб., 1872, № 2, стр. 202—236.— *270, 308—309.*

* *Постников, В. Е. Южно-русское крестьянское хозяйство.* М., 1891. XXXII, 391 стр.— *1, 3, 5—70, 112—113, 115, 526, 567—576.*

Посторонний — қараңыз: Михайловский, Н. К.

Распопин, В. Частновладельческое хозяйство в России. (По земским статистическим данным).— «Юридический Вестник», М., 1887, № 11, стр. 460—486; № 12, стр. 629—647.— *544.*

Рецензия на книгу: Давид Рикардо и Карл Маркс в их общественно-экономических исследованиях. Опыт критико-эконо-

Сборник статистических сведений по Таврической губернии. Т. I—II. Симферополь, изд. Таврического губ. земства, 1885—1886. 2 т.— *50—51, 53, 54—57, 59, 110, 111, 112.*

Свод законов гражданских.— В кн.: Свод законов Российской империи. Т. 10. Ч. I. Спб., 1887, стр. 27.— *156.*

Сельскохозяйственный обзор Нижегородской губернии за 1892 год. Вып. III. Н.-Новгород, изд. Нижегородского губ. земства, 1893. 188, 12 стр. (Стат. отд-ние Нижегородской губ. земской управы).— *107.*

Скворцов, А. И. Влияние парового транспорта на сельское хозяйство. Исследование в области экономики земледелия. Варшава, 1890. VIII, VI, 703 стр.— *527—531.*

— *Экономические этюды. I.* Экономические причины голодовок в России и меры к их устранению. Спб., 1894. VIII, 185, II стр.— *210, 527.*

Слонимский, Л. З. Крестьянские нужды и их исследователи.— «Вестник Европы», Спб., 1893, № 3, стр. 296—318.— *56—57.*

«Социал-Демократ». Лондон, 1890, кн. 1, февраль, стр. 88—175.— *306, 307—308.*

— Женева, 1892, кн. 4, стр. 25—29.— *166—167, 194, 361.*

Статистические таблицы о хозяйственном положении селений Днепровского уезда. Сост. стат. бюро Таврического земства. Симферополь, изд. Таврического губ. земства, 1886. III, 253 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Таврической губернии. Т. II).— *50—51, 52, 54—57, 59, 109, 110, 111.*

**Статистические таблицы о хозяйственном положении селений Мелитопольского уезда.* Вып. I. Сост. стат. бюро Таврического губ. земства. Симферополь, изд. Таврического губ. земства, 1885. VII, 280 стр. (В изд.: Сборник статистических сведений по Таврической губернии. Прил. к 1-му т. сб.)— *50—51, 52, 59.*

Струве, П. Б. Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России. Вып. I. Спб., 1894. X, 293 стр.— *367, 371—373, 378, 391, 394, 435—443, 444—449, 452, 453, 454—458, 460—464, 465, 466, 468—476, 478—493, 495—502, 507—514, 519—525, 527, 531—543, 548—552, 553, 554—559.*

Судебные уставы. Спб., 1883, 632 стр.— *587, 591.*

— *Предисловие к первому изданию 1884 года* [книги «Происхождение семьи, частной собственности и государства»]. Конец мая 1884 г.— *151, 166.*

— *Происхождение семьи, частной собственности и государства.* (Пер. с 4-го нем, изд.). Спб., Тиханов, 1894. XVII, 175 стр.— *464.*

— *Развитие социализма от утопии к науке.* Начало 1880 г.— *171.*

Южаков, С. Н. Вопросы экономического развития России.— «Русское Богатство», Спб., 1893, № 11, стр. 202—227; № 12, стр. 186—209.— *133, 195, 255—256, 257, 270—271, 467.*

— *Министерство земледелия.* (Заметка по поводу слухов о его организации).— «Русское Богатство», Спб., 1893, № 10, стр. 29—40.— *255, 279—280, 281—282.*

— *Нормы народного землевладения в России.* (Опыт экономического исследования о нормальной величине крестьянских наделов в России).— «Русская Мысль», М., 1885, № 9, стр. — 1—40.— *48, 264.*

— *Хроника внутренней жизни.*— «Русское Богатство», Спб., 1894, № 7, стр. 127—153.— *386, 559.*

«Юридический Вестник». М., 1883, № 11, стр. 414—441; № 12, стр. 543—597.— *221.*

— 1888, № 10, стр. 270—273.— *287—288.*

Dühring, E. Kritische Geschichte der Nationalökonomie und des Sozialismus. 3-te Aufl. Leipzig, Fucs (R. Reisland), 1879. XIV, 574 S.— *175—176, 177, 178, 181, 182.*

Engels, F. Herrn E. Dührings Umwälzung der Wissenschaft. 1876—1878.— *152—461.*

— *Der Ursprung der Familie, des Privateigentums und des Staats.* Im Anschluß an Lewis H. Morgan's Forschungen. 2-te Aufl. Stuttgart, Dietz, 1886. VI, 147 S.— *464.*

— *Vorwort* [zur 2-ten Auflage der Arbeit: «Zur Wohnungsfrage»]. 10. Januar 1887.— *348—349.*

— *Zur Wohnungsfrage.* Zweite Hälfte 1872 — Januar 1873.— *348—349.*

Goethe, J.-W. Zahme Xenien.— 283—284.

Hourwich, I. A. The economics of the russian village. New York, 1892. VI, 182 p.— *248, 275—276.*

Kautsky, K. Karl Marx's Ökonomische Lehren.— 134—135.

Marx, K. Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte. 3-te Aufl. Hamburg, Meißner, 1885. VI, 108 S.— *458, 464—465, 471—472, 496—497.*

— *Der Bürgerkrieg in Frankreich.* Adresse des Generalrats der Internationalen Arbeiter — Assoziation an alle Mitglieder in Europa und den Vereinigten Staaten. Neuer Abdruck. Leipzig, Genossenschaftbuchdruckerei, 1876. 56 S.— *464—465.*

* — *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I. Buch I: Der Produktionsprozeß des Kapitals. 2-te Aufl. Hamburg, Meißner, 1872. 830 S.— *98, 177—180, 349—350, 462, 514—515, 523—524.*

* — *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. II. Buch II: Der Zirkulationsprozeß des Kapitals. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1885. XXVII, 526 S.— *85, 104, 484—485.*

* — *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 2. Buch III. Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. IV, 422 S.— *543.*

— *Vorwort zur 2-te Auflage* [der Arbeit: «Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte»]. 23. Juni 1869.— *471—472.*

Mayer, S. Die soziale Frage in Wien. Studie eines Arbeitgebers. Wien, Becksche Universitätsbuchhandlung, 1871. XIV, 32 S.— *166—167.*

Proudhon, P.-J. Revolution sociale, demontrée par le coup d'état.— 471.

Rousseau, J.-J Du Contract social; ou, Principes du droit politique.— 140.

Simmel, G. Über soziale Differenzierung. Soziologische und psychologische Untersuchungen. Leipzig, Duncker & Humblot, 1890. VII, 147 S.— 456.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Б

Баранов, Н. М. (1836—1901) — 1882 жылдан 1897 жылға дейін Нижегород губернаторы; 1891—1892 жылдардағы аштық кезінде өзінің есерсоқтығымен аты шықты. В. Г. Короленконың әшкерелеуі арқасында оның есімі провинциялық делқұлыларға тән жағымсыз мағынаға ие болды.— 284.

Бисмарк (Bismarck), *Отто-Эдуард-Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлері» деп аталған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас герман империясын құру Бисмарктің негізгі мақсаты болды. 1871 жылғы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері болып тағайындалды. 1871 жылдан 1890 жылға дейін Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты.

1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салуға тырысқан әрекеттен нәтиже шықпады. 1890 жылы мартта орнынан түсті.— 280.

Блос (Blos), *Вильгельм* (1849—1927) — немістің ұсақ буржуазияшыл тарихшысы әрі публицисі, Герман социал-демократиялық партиясының оңшыл қанатының өкілі. 1872—1874 жылдары социал-демократиялық «Der Volksstaat» («Халық Мемлекеті») газеті редакторларының бірі болды. 1877—1878 жылдары және 1890 жылдан былай — рейхстагтың социал-демократиялық фракциясының мүшесі. Маркс пен Энгельс Блостың оппортунистік саясатын қатты сынады. 1789 жылғы француз революциясының тарихы мен 1848 жылғы герман революциясының тарихы жөніндегі еңбектерімен аты шықты.

1918—1920 жылдары Блос — Вюртемберг үкіметінің министр-президенті, коммунистерді аяусыз жазалағаны үшін қанішер деп аталып кеткен. Кейінірек саясат майданынан шеттеп кетті.— 148.

Брайт (Bright), *Джон* (1811—1889)— ағылшын буржуазиялық қайраткері, фабрикант-мануфактурашы, фритредер қозғалысы көсемдерінің бірі және «Астық заңдарына қарсы күрес лигасының» (яғни шеттен әкелінген астыққа жоғары баж салығын

Вернер, К. А. (1850—1902) — халықшылдық бағыттағы земство статистигі. 1880—1889 жылдары Москва және Таврия губерниялық земство басқармаларының статистика бөлімінде істеді. 1895 жылдан бастап — Москва ауыл шаруашылық институтының ауыл шаруашылық экономиясының профессоры. Вернердің басты еңбектері мыналар: «Мелитополь уезіндегі шаруалар шаруашылығы» (1887), «Таврия губерниясы туралы естелік кітапша» (1889), «Москва губерниясының Богородск уезіндегі майдагерлік кәсіпшіліктер» (1890) және басқалар.— 19.

Витте, С. Ю. (1849—1915) — XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы орыстың мемлекет қайраткері; Витте патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін қорғады, самодержавиені жанын сала жақтады, либерал буржуазияға шамалы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты қаталдықпен қудалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август 1892), финанс министрі (1892—1903), министрлер Советінің председателі (1905 жылдың аяғы — апрель 1906) бола отырып, Витте ірі буржуазияның мүддесіне сай жүргізген финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрика заңы және т. с. саласындағы шаралары арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне себепші болды. «Министр-делдал» — В. И. Ленин оған осындай сипаттама берді.— 299.

Воронцов, В. П. (В. В.) (1847—1918) — орыс экономисі әрі публицисі, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдар идеологтарының бірі, «Россиядағы капитализмнің тағдыры» (1882), «Россиядағы майдагер өнеркәсіп очерктері» (1886), «Шаруалар шаруашылығындағы прогрестік ағымдар» (1892), «Біздің бағыттарымыз» (1893), «Теориялық экономия очерктері» (1895) және басқа кітаптардың авторы; бұл кітаптарында ол капитализмнің дамуы үшін Россияда жағдайлар жоқ деп пайымдады, ұсақ товар өндірушіні қорғады, шаруалар қауымын дәріптеді. Воронцов патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздады және марксизмге үзілді-кесілді қарсы болды. Г. В. Плеханов «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896) деген шығармасында Воронцовтың көзқарастарын сынға алды. В. И. Ленин 90-жылдары сөйлеген сөздері мен еңбектерінде Воронцовтың реакцияшыл көзқарастарын ақырына дейін әшкереледі.— 4, 105, 107, 124, 164, 262, 274, 277, 286, 291, 316, 340, 381, 387, 399, 425—426, 435, 468, 477, 497, 516, 519, 548—549, 552—553, 554, 561, 562.

Г

Гальвани (Galvani), *Луиджи* (1737—1798) — итальян анатомы әрі физиологы, электр туралы ілімнің негізін салушылар-

дың бірі, мал организмінде электр тогының бар екенін анықтаушы. Гальванидің жүргізген тәжірибелері физикада Гальвани тогын ашуға мүмкіндік берді, мұның өзі жаратылыс тану ғылымы мен техниканы дамытуға зор ықпал жасады. Гальванидің тәжірибелері электр физиологиясының бастамасы болды. Гальванидің негізгі еңбегі — «Бұлшық ет қозғалысы кезіндегі электр күштері туралы трактат» (1791).—168—169.

Гегель (Hegel), *Георг-Вильгельм-Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы — объективтік идеалист. Гегельдің философиясы XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы неміс идеализмінің аяқталуы әрі шыңы еді. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі идеалистік диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы болды, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі еді. Гегельдің пайымдауына қарағанда, бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүние үздіксіз қозғалыста, өзгерісте, қайта тууда және дамуда болады; алайда Гегель объективтік дүниені, өмір шындығын абсолюттік рухтың, абсолюттік идеяның жемісі деп қарайды. В. И. Ленин абсолюттік идеяны идеалист Гегельдің теологиялық ойдан шығарған өтірігі деп атады. Диалектикалық метод пен шын мәнінде дамуды тоқтатуды талап еткен консервативтік, метафизикалық система арасындағы терең қайшылық — Гегель философиясына тән сипат. Әлеуметтік-саяси көзқарастары жөнінен Гегель реакционер болды.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин Гегельдің диалектикалық методын сын көзбен қайта қарап, объективтік дүние мен адам ойы дамуының неғұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.

Гегельдің басты еңбектері мыналар: «Рух феноменологиясы» (1806), «Логика ғылымы» (1812—1816), «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» (1817), «Право философиясы» (1821). Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген еңбектері: «Эстетика жөніндегі лекциялар, немесе өнер философиясы» (1836—1838) және «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» (1833—1836).—139, 168—169, 171, 174, 177.

Герцен, А. И. (1812—1870) — орыстың ұлы революционер демократы, философ-материалист, публицист әрі жазушы; «орыс» социализмінің негізін салушы. Герцен азаттық қозғалысына декабристердің дәстүрлерін жалғастырған дворян революционері ретінде енді. 1829—1833 жылдары Москва университетінде болған кезінде XVIII ғасырдағы революцияшыл ойшылдар мен утопист социалистердің саяси және теориялық ілімдерін оқып-үйренген алдыңғы қатарлы революциялық пиғылдағы жастардың үйірмесін басқарды. 1834 жылы үйірменің басқа мүшелерімен бірге тұтқынға алынып, 1835 жылы Пермьге, соңынан Вяткаға, Владимирге және Новгородқа жер аударылды. 1842 жылы айдаудан қайтып оралғаннан кейін Москвада тұрды. Герценнің бұл кезде жазған «Ғылымдағы дилетантизм»

(1842—1843) және «Табиғатты зерттеу туралы хаттар» (1844—1846) деген философиялық еңбектері орыстың материалистік философиясын дамытуда маңызды роль атқарды. В. И. Ленин Герценге диалектикалық материализмге әбден таяу келіп, тарихи материализмнің алдына жеткенде тоқтап қалған аса көрнекті ойшыл деген сипаттама берді. 1847 жылғы январьда патша үкіметінің қуғындауына байланысты Герцен шетелге эмиграцияға кетті. Әуелде Парижде, Ниццада тұрды, ал 1852 жылы Лондонға келді, мұнда орыс баспаханасын ашып, шетелдегі орыстың еркін баспасөзін құрды. Революциялық бірнеше прокламация, кітапша және мақала бастырып шығарғаннан кейін 1855 жылы «Полярная Звезда» альманағын, ал 1857 жылдан бастап Н. П. Огаревпен бірге «Колоколды» шығара бастады. 1848 жылғы қозғалыстың буржуазиялық-демократиялық мәнін және Маркске дейінгі социализмді түсінбеген Герцен орыс революциясының буржуазиялық табиғатын ұғына алмады, демократизм мен либерализм арасында ауытқумен болды. 60-жылдары Герцен либерализмнен батыл қол үзді де, революцияшыл демократия жағына шығып, «өзінің назарын... *Интернационалға,* Интернационал болғанда, кәдімгі Маркс басшылық еткен Интернационалға... аударды» (В. И. Ленин. Шығармалар; 18-том, 12-бет). Огаревқа жазған хатында Герцен Маркс еңбектерінің орыс тілінде аударылуып құттықтады.

В. И. Ленин «Герценді еске түсіру» деген мақаласында (1912) Герценнің орыс азаттық қозғалысының тарихында атқарған роліне баға берді.— 285, 287—288, 295.

Гладстон (Gladstone), *Уильям — Юарт* (1809—1898) — ағылшын саяси және мемлекет қайраткері, либералдардың басшысы. 1859 жылдан Гладстон Пальмерстонның либералдық үкіметінің финанс министрі болды, кейіннен барлық либералдық үкіметтерге қатысты; 1868 жылдан бастап бірнеше жыл бойы либералдар кабинетін басқарды. Айлакер саясатшы, дарынды шешен болған ол халықтың ұсақ буржуазиялық топтары мен жұмысшы табының жоғарғы топтарын өз жағына тарту үшін саяси сөзуарлық пен сырттай тартымды шала реформалардың барлық амалын қолданып отырды. Басқыншылық отарлау саясатын жүргізді. К. Маркстің сөзімен айтқанда, Ирландия жөнінде Гладстон үкіметі ұлт-азаттық қозғалысын асқан қаталдықпен жаныштай отырып, зорлық жасау және күшті күзет қою саясатын жүргізді. 1894 жылы Гладстон орнынан түсті де, белсенді саяси қызметтен қол үзді. Лениннің сөзімен айтқанда, «либерал буржуа мен топас мещандардың батыры болған» (Шығармалар, 20-том, 146-бет) Гладстон саяси қайраткер ретінде мейлінше принципсіз, сұрқия әрі екіжүзді еді. К. Маркс Гладстон жөнінде «ұлы» (тырнақшаның ішіне алып) деген теңеуді қолдана келіп, оны «барып тұрған екіжүзді әрі сұм» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 129-бет) деп атады.— 280.

Головачев, А. А. (1819—1903) — либералдық бағыттағы қоғам қайраткері әрі публицист; шаруаларға еркіндік беру жөніндегі Тверь губерниялық комитеті қайраткерлерінің бірі; крепостниктік правоны жою жобасын жасауға қатысты, бұл жобаның едәуір бөлігі 1861 жылғы 19 февральдағы «Ережелердің» негізіне алынды. 1858 жылдан бастап «Русский Вестник», «Вестник Европы», «Русская Мысль», «Спб. Ведомости», «Московские Ведомости» және басқа газеттер мен журналдарға шаруа мәселесі және басқа мәселелер жөнінде публицист ретінде қатысып жүрді.— 498.

Головин, К. Ф. (1843—1913) — беллетрист (бүркеншік аты К. Орловский), реакцияшыл сыншы әрі публицист. Мақалалары «Русский Вестник», «Русское Обозрение», «Вестник Европы» және басқа баспасөз органдарында басылып тұрды. «Русский Вестниктің» 1894 жылғы 12-номерінде «Қауымға жаңадан қарсы шыққан екі адам» деген мақала жазып, онда А. Скворцовтың «Экономикалық этюдтары» мен П. Струвенің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкаларына» талдау жасады. Бұл мақаласында Головин марксистермен, яғни «жария марксистермен» «қоян-қолтық жүру» мүмкіндігі туралы мәлімдеді. Кейіннен — барып тұрған реакционер әрі крепостник, ірі жер иеленушілер мен монархияның мүдделерін қорғаушы.— 558.

Григорьев, В. Н. (1852—1925) — халықшылдық бағыттағы статистик, экономист және қоғам қайраткері. Революциялық жұмысқа қатысқаны үшін бірнеше рет жер аударылды. 1886 жылдан 1917 жылға дейін Москва қалалық басқармасының статистика бөлімшесінде істеді. Нижегородта айдауда жүрген кезінде жазған тұңғыш еңбегі — «Павлов ауданындағы майдагерлік құлып-пышақ өндірісі» (1881). Жергілікті жерлерде жинаған материалдары негізінде Григорьев 1885 жылы «Рязань губерниясы шаруаларының қоныс аударуы» деген өзінің ең үлкен еңбегін жазды. 1897 жылы «Егіннің шығымдылығы мен астық бағаларының орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына тигізген әсері» деген либералдық-халықшылдық жинаққа қатысты. Григорьевтің «1860 жылдардан 1917 жылға дейінгі земстволық-статистикалық еңбектердегі материалдардың атаулар көрсеткіші» (2 бөлім, 1926—1927) деген еңбегінің статистика тарихын зерттеу үшін зор маңызы бар. В. И. Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында Григорьевтің еңбектерінен алынған кейбір материалдарды пайдаланды, сонымен бірге ұсақ өндірісті дәріптегені үшін оны сынға алды.— 269.

Гурвич, И. А. (1860—1924) — экономист. 1880 жылы халықшылдық баспахананың ісі бойынша тұтқынға алынып, 1881 жылы Сибирьге жер аударылды. Айдауда жүрген кезінде шаруалардың қоныс аударуын жергілікті жерде тұңғыш рет зерт-

болып табылады. Дарвин былай деп пайымдады: өзгергіштік және тұқым қуалаушылық организмдерге тән қасиет, хайуанның немесе өсімдіктің тіршілік үшін күресінде өзіне пайдалы деген өзгерістер баянды болып қалады да, бойға сіңе келе тұқым қуалап, жаңа хайуандар мен өсімдік формаларының дүниеге келуінің шартына айналады. Бұл ілімнің басты принциптері мен дәлелдемелерін Дарвин «Түрлердің шығуы» (1859) деген кітабында баяндады. Дарвиннің ілімі мен оның кітабының маңызын жоғары бағалай келіп, Маркс былай деп жазды: «мұнда тұңғыш рет тек жаратылыс тану ғылымдарындағы «телеологияға» өлтіре соққы беріліп қана қойған жоқ, сонымен қатар оның рационалдық мәні эмпирикалық тұрғыдан анықталды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1953, 132-бет).—143.

Дементьев, Е. М. (1850—1918) — дәрігер әрі статистик, прогресшіл қоғам қайраткері, еңбек статистикасы мен санитарлық статистиканы талдап жасаған тұңғыш орыс ғалымдарының бірі. Москва губерниялық земствосының тапсыруы бойынша Москва губерниясының бірқатар фабрикалары мен заводтарының 1879—1885 жылдардағы санитарлық жағдайын тексерді және жұмысшылардың осы тексеру нәтижесінде анықталған ауыр еңбек жағдайларын егжей-тегжейлі баяндап жазды. Дементьевтің «Фабрика, ол халыққа не береді және халықтан өзі не алады» (1893) деген еңбегінің қоғамдық-саяси маңызы зор болды. Бұл еңбегінде ол халықшылдардың Россияда фабрика жұмысшылар табы жоқ дейтін жалған пайымдауын теріске шығарып, Россияда да, Батыстағы капиталистік елдердеде ірі машиналы индустрия жұмысшыны жерден қол үздірмей қоймайтынын дәлелдеді. Ол капиталистердің жұмысшыларды аяусыз қанап отырғанын, капитализм тұсында фабрикалардағы ауыр еңбек жағдайлары жұмысшылар мен олардың семьяларының денсаулығына өте зиянды екендігін көрсетіп берді.— 225—226.

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономист. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Ол ұсынған «социалитарлық» шаруашылықтың реакциялық-утопиялық системасы пруссиялық жартылай крепостниктік шаруашылық формаларын дәріптеді. Дюрингтің философия, саяси экономия және социализм мәселелері жөніндегі зиянды әрі жаңсақ көзқарастары Германияның кейбір социал-демократтары арасында қолдау тапты, мұның өзі әлі нығая қоймаған партия үшін зор қауіп еді. Осыны ескере келіп, Энгельс Дюрингке қарсы шығып, «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» (1877—1878) деген кітабында оның көзқарастарын сынға алды. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген кітабында және басқа бірқатар

Е

Ж

З

нымен бірге К. Маркстің экономикалық ілімін оны «сынаушыларға» қарсы күресте қорғап отырды.

Алайда Зибер марксизмді бір жақты түсінді, Маркс ілімінің революциялық-сыншыл жағы оған жат болып қала берді. 1871 жылы ол «Ең соңғы толықтырулар мен түсініктемелерге байланысты Д. Рикардоның бағалы заттар және капитал теориясы» деген диссертация жазды; бұл диссертацияға К. Маркс «Капиталдың» бірінші томының 2-басылуына жазған соңғы сөзінде жылы лебіз білдірді. Зибердің бұл еңбегі «Давид Рикардо мен Карл Маркс, олардың қоғамдық-экономикалық зерттеулері» деген атпен 1885 жылы қайта өңделіп және толықтырылып басылды. Оның «Маркстің экономикалық теориясы» (1876—1878 жылдары «Знание» және «Слово» журналдарында жарияланды), «Алғашқы қауымдық экономикалық мәдениет очерктері» (1883) деген және басқа еңбектері де жұрт арасына кең тарады.— 233.

Зиммель (Simmel), *Георг* (1858—1918) — немістің идеалистік бағыттағы философы әрі социологы, Канттың ізбасары. Берлин және Страсбург университеттерінің профессоры. Зиммельдің негізгі еңбектері мыналар: «Әлеуметтік жіктелу» (1890), «Тарих философиясының проблемалары» (1892), «Социология» (1908) және басқалар.—456.

Зомбарт (Sombart), *Вернер* (1863—1941) — немістің тұрпайы буржуазиялық экономисі, герман империализмінің басты идеологтарының бірі. Бреславль, соңынан Берлин университеттерінің профессоры. Өз қызметінің бастапқы кезінде Зомбарт «аздап маркстік түрге боялған социал-либерализмнің» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 57-бет) шын идеологтарының бірі болды. Кейінірек марксизмнің ашық жауына айналды, капитализмді үйлесімді шаруашылық системасы ретінде бейнеледі, Маркстің еңбек құны теориясын бекерге шығаруға тырысты, тап күресі, капиталдың шоғырлануы теориясын, қайыршылану теориясын теріске шығарды. Өмірінің соңғы жылдарында ол фашизмнің позициясына көшіп, гитлерлік тәртіпті мадақтады. Зомбарттың басты шығармалары мыналар: «XIX ғасырдағы социализм және әлеуметтік қозғалыс» (1896), «Қазіргі капитализм» (1902).— 466—467.

И

Ильин, Вл. — қараңыз: Ленин, В. И.

Исаев, А. А. (1851—1924) — буржуазиялық экономист әрі статистик. Москва губерниялық земствосында жұмыс істей жүріп, Москва губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктерін зерттеді. Бірқатар жоғары оқу орындарында саяси экономиядан лекция оқыды. Бірнеше журналға жазып тұрды, 1917 жылға дейін кеңінен тараған саяси экономия курсының және са-

яси экономия мен социология мәселелері жөніндегі көптеген кітаптар мен кітапшалардың авторы. К. Маркстің экономикалық ілімін буржуазиялық реформизм рухында баяндады, жер қауымы, кәсіпшілік артельдері мен кооперативтер ұсақ шаруашылыққа ірі шаруашылықтың артықшылықтарын беріп, оның социализмге өтуін жеңілдететін формалар болып табылады-мыс деп есептеп, оларды жақтады. Оның еңбектері мыналар: «Москва губерниясының кәсіпшіліктері» (1876—1877), «Саяси экономия негіздері» (1894), «Орыс қоғамдық шаруашылығының қазіргісі мен болашағы» (1896) және басқалар.— 230—231.

К

К. Т. — *қараңыз:* Ленин, В. И.

Каблуков, Н. А. (1849—1919) — экономист және статистик, Москва университетінің профессоры. 1885 жылдан 1907 жылға дейін Москва губерниялық земствосының статистика бөлімшесін басқарды. Оның басшылығымен «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтердің жинақтары» (1877—1879) құрастырылды. Бірқатар газеттер мен журналдарға жазып тұрды. Экономикалық және статистикалық еңбектерінде ұсақ шаруа шаруашылығының «тұрақтылығы» идеясын уағыздады, жер қауымын шаруалардың жіктелуіне бейнебір жол бермейтін форма ретінде қорғады. Тап күресінің ролі мен маңызы туралы мәселе жөнінде де марксизмге қарсы шығып, таптық ынтымақты уағыздады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде, әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында Каблуковтың көзқарастарын қатты сынға алды. 1917 жылы Каблуков буржуазиялық Уақытша үкімет жанындағы жер жөніндегі бас комитеттің жұмысына қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Орталық статистика басқармасында істеді, оқытушылық және әдеби жұмыстар атқарды. Басты шығармалары мыналар: «Ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар туралы мәселе» (1884), «Ауыл шаруашылығының экономиясы жөніндегі лекциялар» (1897), «Россияда шаруалар шаруашылығын өркендету жағдайлары туралы» (1899), «Саяси экономия» (1918) және басқалар.— 262—263, 382.

Кареев, Н. И. (1850—1931) — либерал-буржуазияшыл тарихшы әрі публицист; социологтардың субъективтік мектебі өкілдерінің бірі, эклектик-идеалист. 1879 жылдан — Варшава, кейіннен — Петербург университеттерінің профессоры. 1905 жылдан — кадеттер партиясының мүшесі. 90-жылдардан бастап марксизмге қарсы қасарыса күрес жүргізді. Толып жатқан еңбектердің авторы; бұлардың ішінен құндылары — француз шаруаларының тарихы жөніндегі мына еңбектері: «XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі Франциядағы шаруалар және шаруа мәселесі» (1879), бұл еңбекті Маркс жақсы бағалады; «Француз шаруалары тарихының очеркі» (1881). Польшаның тари-

хы жөнінде де бірқатар еңбектер бастырып шығарды. «Жаңа замандағы батыс Европа тарихының» курсы (7 том) (1892—1917) жұртқа кең мәлім болды. 1910 жылы Петербург ғылым академиясының корреспондент мүшесі болды, 1929 жылы СССР Ғылым академиясының құрметті мүшесі болып сайланды.— *145.*

Карышев, Н. А. (1855—1905) — экономист және статистик, земство қайраткері. 1891 жылдан Юрьев (Тарту) университетінің, одан соң Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры. Көптеген экономикалық және статистикалық кітаптар мен журнал мақалаларының авторы. Оның 1892 жылы шыққан «Шаруалардың жерді үлестен тыс арендалауы» деген докторлық диссертациясы «Земство статистикасының мәліметтері бойынша Россияны экономикалық зерттеудің қорытындылары» деген кітаптың 2-томы болды. «Русские Ведомости» газетіне, «Земство», «Русское Богатство» журналдарына және басқа баспасөз органдарына жазып тұрды. Карышевтің еңбектері негізінен алғанда Россияның шаруалар шаруашылығының экономикасы мәселелеріне арналған. Бұл еңбектерде едәуір статистикалық материалдар жинақталған. Либерал халықшылдардың көзқарастарын қолдай отырып, Карышев қауымдық жер иеленуді, кәсіпшілік артельдерін және басқа кооперативтерді жақтады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектері мен сөйлеген сөздерінде Карышевтің халықшылдық көзқарастарының буржуазиялық мәнін сынап, әшкереледі.— *4, 15, 16, 20, 255, 273—274, 275, 516.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал басшыларының бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, центризмнің идеологы; жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — каутскийшілдіктің негізін салушы. Каутский 1874 жылдан былай социалистік қозғалысқа қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, жаңа мальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы ол К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшеді, алайда сол кездің өзінде-ақ Каутский оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны талай рет қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары Каутский маркстік теорияның жекелеген мәселелері жөнінде бірқатар теориялық және тарихи еңбектер жазды; олар: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және басқалар; бұл еңбектері Каутскийді жұртқа кең мәлім етті. «Біз Каутскийдің көп еңбектерінен,— деп жазды Ленин,— оның тарихшы марксист бола *білгенін* білеміз, кейінірек келіп ренегат болып кеткенінс қарамастан, Каутскийдің *ондай* еңбектері пролетариаттың берік мұрасы болып қалады» (Шығармалар, 28-том, 266-бет). 900-жылдардың бас кезінде, революциялық қозғалыс кең өріс алған дәуірде, Ка-

утский пролетариаттың революциялық күресі мен социалистік революцияға қарсы шықты. «Өкімет билігіне жеткізетін жол» (1909) деген кітапшасында Каутский революция заманының туып келе жатқанын мойындады, бірақ *«саяси* революция» туралы мәселені талдауға арналған осы еңбегінде де ол мемлекет туралы мәселені мүлдем ауызға алмады. «Мәселені осылайша ауызға алмаудың, үндемей өте шығудың, жалтаруышлықтың бәрін түгел қосқанда... оппортунизмге сөзсіз толық ауып кетушілік шықты» (В. И. Ленин. Шығармалар, 25-том, 504-бет).

Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Каутский центрист, соғыс басталысымен социал-шовинист болды. Каутский әсіре империализм теориясының авторы болды; Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген еңбектерінде және басқа шығармаларында әсіре империализм теориясының реакциялық мәнін әшкереледі. Октябрь революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына қарсы, Совет өкіметіне қарсы ашықтан-ашық күрес жүргізді.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) деген шығармаларында және басқа бірқатар еңбектерінде каутскийшілдік теорияларды өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды.» (Шығармалар, 21-том, 316-бет).— 135, 161, 285, 352.

Короленко, С. А.— экономист-статистик, мемлекеттік мүлік министрлігінде жұмыс істеді, одан кейін мемлекеттік бақылаушы жанындағы ерекше тапсырмалар жүктелетін чиновник болды. 1889 жылдан 1892 жылға дейін мемлекеттік мүлік министрлігінің тапсыруы бойынша «Европалық Россияны ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп жағынан статистикалық-экономикалық шолуға байланысты жеке меншікті шаруашылықтардағы ерікті жалдама еңбек және жұмысшылардың орын ауыстыруы» (1892) деген кітапты жазумен шұғылданды; бұл кітапты егіншілік және село өнеркәсібі департаменті бастырып шығарды.— 346—347.

Косич, А. И. (1833 ж. туған) — 1887—1891 жылдардағы Саратов губернаторы.— 284.

Кривенко, С. Н. (1847—1906) — публицист, либерал халықшылдықтың өкілі, «Жалғыз-жарым мәдениетті адамдар жөнінде» (1893), «Жол үстінде жазылған хаттар» (1894), «Халық өнеркәсібінің мұқтаждары туралы мәселе жөнінде» (1894) және басқа еңбектердің авторы; «Отечественные Записки» жур-

налының қызметкері, либерал-халықшылдық «Русское Богатство» журналы, ал кейінірек либерал-буржуазиялық «Сын Отечества» газеті редакторларының бірі. Өзінің еңбектерінде Кривенко патша өкіметімен ымыраласуды уағыздады, таптардың антагонизмін және еңбекшілердің қаналуын бүркемеледі, Россияның капиталистік даму жолын теріске шығарды. В. И. Ленин, ал кейінірек Г. В. Плеханов өзінің «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген еңбегінде Кривенконың көзқарастарын қатты сынға алды.— 133, 213, 219—304, 338, 344, 349, 386, 420.

Л

Лавров, П. Л. (Миртов) (1823—1900) — халықшылдықтың көрнекті идеологы, социологиядағы субъективтік мектептің өкілі; орыстың халықшыл интеллигенциясына зор ықпал жасаған «Тарихи хаттар» (1868—1869) деген кітаптың және қоғамдық ойдың, революциялық қозғалыстың тарихы мен мәдениеттің тарихы жөніндегі бірқатар кітаптардың («1873—78 жылдардағы халықшыл-насихатшылар», «Интернационалдың тарихы жөніндегі очерктер» және басқалар) авторы. Лавров «ерлер» мен «тобыр» жөніндегі реакцияшыл халықшылдық теорияның негізін қалаушы болды; бұл теория қоғам дамуының объективтік заңдылықтарын теріске шығарып, адамзаттың прогресін «сын тұрғысынан ойлайтын жеке адамдар» қызметінің нәтижесі деп санады.

Лавров «Жер және ерік» қоғамының, кейінірек «Халық еркі» партиясының мүшесі болды. 1870 жылдан эмиграцияда болған ол «Вперед» журналын (Цюрих — Лондон, 1873—1876) шығарып тұрды, «Вестник Народной Волидің» (1883—1886) редакторы болды, халық еркшілерінің «Орыстың әлеуметтік-революциялық қозғалысының тарихына арналған материалдар» (1893—1896) деген жинақтарын редакциялауға қатысты; I Интернационалдың мүшесі болды, Маркспен және Энгельспен таныс болып, олармен хат жазысып тұрды.— 439, 466.

Ланге (Lange), *Фридрих-Альберт* (1828—1875) — немістің буржуазияшыл жаңа кантшыл философы, Цюрих және Марбург университеттерінің профессоры. Буржуазиялық профессураның «Кантқа қарай шегінейік» дейтін реакцияшыл қозғалысы инициаторларының бірі. Ланге материализмнің жауы болды; ол материализм табиғатты зерттеу әдісі ретінде жарамды болғанмен, философиялық ілім ретінде қанағаттанғысыз, сондықтан идеализмге апаруға тиіс деп есептеді. Ланге «өзіндік затты» субъективтік ұғымға айналдыру арқылы Кант философиясының дуализмін жоюға тырысты. Биологияның заңдарын адамзат қоғамына көшіре салып, социал-дарвинизм позициясында тұрды, артық халық туралы мальтустік заңды жақтаушы болды. «Жұмысшы мәселесі. Оның қазіргі және болашақ-

тағы маңызы» (1865), «Материализмнің тарихы және оның мәнінің қазіргі уақытта сыналуы» (1865) және басқа шығармалардың авторы. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде, әсіресе «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында Лангені материализмді бұрмалап, шатастырушы деп сипаттады. Лангенің ғылымға жат философиялық және социологиялық көзқарастарын қазіргі буржуазиялық философия пайдаланып отыр.— 502—508, 515.

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Вл. Ильин, К. Т., К. Тулин, В. Ульянов, Владимир Ульянов, Владимир Ильин Ульянов, Владимир Ильич Ульянов) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— 5, 213—214, 219, 367, 379, 380, 397, 414, 426, 554, 579, 580, 581, 582, 583, 584, 585, 586, 587, 588, 589—590, 591, 592.

Либкнехт (Liebknecht), *Вильгельм* (1826—1900) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, герман социал-демократиялық партиясының негізін салушылары мен көсемдерінің бірі, Карл Либкнехттің әкесі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға белсене қатысты, революция жеңіліске ұшырағаннан кейін әуелі Швейцарияға, кейін Лондонға эмиграцияға кетіп, мұнда Маркспен және Энгельспен жақын танысты. Маркс пен Энгельстің ықпалымен Либкнехт социалист болды, ал 1862 жылы Германияға қайтып оралған соң және I Интернационал құрылғаннан кейін оның революциялық идеяларын ең белсенді насихаттаушылардың бірі және Германияда Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы болды. 1875 жылы Германияның бір тұтас социал-демократиялық партиясы құрылғаннан кейін Либкнехт өмірінің ақырына дейін Орталық Комитеттің мүшесі және Орталық Органның — «Vorwärts»-тің («Алға») жауапты редакторы болды. 1867 жылдан 1870 жылға дейін — Солтүстік-герман рейхстагының депутаты, ал 1874 жылдан Герман рейхстагының депутаты болып бірнеше рет сайланды; Пруссия юнкерлерінің реакцияшыл сыртқы және ішкі саясатын әшкерелеу үшін парламент мінбесін шебер пайдаланды. Революциялық қызметі үшін талай рет түрмеде отырды. II Интернационалды құруға белсене қатысты. Маркс пен Энгельс Либкнехтті өте жоғары бағалады, оны өздерінің Германиядағы басты жәрдемшілерінің бірі деп есептеді, оның қызметіне бағыт беріп отырды, сонымен бірге Либкнехттің оппортунистік элементтер жөнінде жүргізген ымырашылдық саясатын да қатты сынға алды.— 326.

Лист (List), *Фридрих* (1789—1846) — немістің тұрпайы буржуазиялық экономисі және саяси қайраткері; фабрикант. 1817 жылдан — Тюбинген университетінде профессор, 1819 жылдан — неміс сауда одағының басшысы. Листтің көзқарастары юнкерлермен ымыраға келуге ойысқан неміс буржуазиясының

реакциялық сипатын бейнеледі. 1841 жылы ол өзінің «Саяси экономияның ұлттық системасы» деген еңбегін жариялап, мұнда буржуазияның классик экономистерінің теориясын сынауға тырысты. Ұлттың экономикалық дамуының негізі — мануфактура деп есептеген Лист Германияның жас капиталистік өнеркәсібі үшін оны шетелдік бәсекелестерінен қорғайтын баж салығын белгілеуді талап етті. Листтің пікірінше, баж салығы мануфактураның дамуын тездетіп, ұлттың экономикалық дамуына және мемлекеттің күш-қуатының өсуіне жағдай жасауға тиіс болды. Лист Германияның жас өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін қызғыштай қорғаушы болды.— 483—484.

М

Мальтус (Malthus), *Томас-Роберт* (1766—1834) — ағылшынның реакцияшыл буржуазиялық экономисі, халықтың өсіп-өнуі жөніндегі адамға өшпенділік теорияның негізін салушылардың бірі. «Халықтың өсіп-өнуінің заңы туралы тәжірибе» (1798) деген еңбегінде Мальтус еңбекшілердің қайыршылығының себебін капитализмнің экономикалық жағдайларынан емес, қайта табиғаттан, жер бетінде тіршілік құралдарының мүлдем таппшылығынан іздеу керек дегенді дәлелдеуге тырысты. Мальтустың «теориясы» — схемасы бойынша тіршілік құралдарын өндіру бейнебір арифметикалық прогрессия бойынша, ал халық геометриялық прогрессия бойынша өседі-міс. Осындай желеумен Мальтус соғыстар мен жұқпалы ауруларды халықтың санын азайту құралдары ретінде ақтады, еңбекшілерді некелесуден тартынуға шақырды. «Мальтустың ғылыми мәселелер жөніндегі қорытындылары, — деп жазды Маркс,— жалпы алғанда үстем таптарға, әсіресе осы үстем таптардың реакцияшыл элементтеріне *«жалтақтай қарап»* жасалған; ал бұдан мынадай мағына шығады: Мальтус осы таптардың мүдделеріне бола ғылымды *бұрмалайды»* (К. Маркс. «Қосымша құн теориялары», II бөлім, 1957, 113-бет). Россияда Мальтустың көзқарастарын Струве, Булгаков және басқалары қолдады. Осы күнгі империалистік буржуазия мальтустік теорияларды жаңғыртып, оларды еңбекшілерге қарсы күрестің құралы ретінде және империалистік саясатты ақтау мүддесіне сай пайдалануда.— 498—499, 509, 519.

Маркс, (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, революциялық ғылымның кемеңгері, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз.— Шығармалар, 21-том, 34—81-беттер.— 75, 76—80, 82—86, 97—98, 103—104, 134—140, 142—145, 147—151, 161—163, 166—182, 185—186, 190—197, 200, 203—207, 224, 233, 254, 287—289, 320, 338—339, 341, 347—349, 350, 352, 355, 360, 361, 420, 447, 448, 454—455, 458, 459,

дармасына жазған ескертулерінде (1860—1861) және «Саяси экономиядан очерктер (Милль бойынша)» (1861) деген еңбегінде оның экономикалық көзқарастарын сынға алды.—523—524.

Миртов — қараңыз: Лавров, П. Л.

Михайловский, Н. К. (Посторонний) (1842—1904) — либерал халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. Михайловскийдің әдеби қызметі 1860 жылы басталды, 70-жылдары ол халықшылдардың басылымдарын құрастырып, редакциялады. Михайловский «Отечественные Записки» журналы басшыларының бірі болды, «Русские Ведомости» газетіне, «Северный Вестник», «Русская Мысль» журналдарына қатысып тұрды. 1892 жылдан «Русское Богатство» журналының редакторы болды, оның беттерінде марксистерге қарсы кескілескен күрес жүргізді.

В. И. Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (1894) деген еңбегінде және басқа шығармаларында Михайловскийдің көзқарастарын сынға алды.— 133—212, 213, 219—220, 258—259, 278, 286—289, 290, 292, 293, 341—342, 350—351, 360, 361—362, 391, 394, 405, 417, 439—443, 444, 448—449, 452, 455, 456—458, 459—460, 462, 466, 494, 502.

Морган (Morgan), *Льюис-Генри* (1818—1881) — аса көрнекті американ ғалымы, этнограф, археолог және тарихшы. Американ үндістерінің қоғамдық құрылысы мен тұрмысын зерттеу процесінде жиналған мол этнографиялық материал негізінде алғашқы қауымдық құрылыстың негізгі формасы ретінде рудың дамуы туралы ілімді негіздеп берді. Морганның ілімі қоғамның ұрығы және негізгі ұясы ретінде патриархтық семья мәңгі-бақи бола береді деп дәлелдеген, талай ғасыр бойына үстем болып келген патриархтық теорияға соққы берді. Морганның ашқан бұл жаңалығын Энгельс ғылым үшін маңыздылығы жөнінен Дарвиннің түрлердің шығуы теориясы немесе Маркстің қосымша құн теориясы сияқты жаңалықтарға теңеді. Сонымен бірге Морган таптар пайда болғанға дейінгі қоғамның тарихын дәуір-дәуірге бөлуге де талпынды. Маркс пен Энгельс Морганның еңбектерін жоғары бағалады. Маркс оның «Ежелгі қоғам» (1877) деген кітабынан толық конспекті жасады, ал Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген кітабын жазу үстінде Морганның жинаған нақты материалын пайдаланды.— 151, 154, 191—192.

Н

Н.— он, Ник.— он, Николай—он—қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

Наполеон I (Бонапарт) (1769—1821) — француздың аса көр-

некті қолбасшысы, Француз республикасының 1799—1804 жылдардағы бірінші консулы, 1804—1814 және 1815 жылдардағы француз императоры.— 175.

О

— *он* — *қараңыз:* Даниельсон, Н. Ф.

Орлов, В. И. (1848—1885) — статистик, Россиядағы земство статистикасының негізін салушылардың бірі. Москва губерниялық земствосының статистика бөлімшесінің меңгерушісі. Тамбов, Курск, Орел, Воронеж және Самара губернияларында да Орловтың басшылығымен статистикалық жұмыс жүргізілді. «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинақтарын» жазысуға Орлов едәуір еңбек сіңірді. К. Маркс, В. И. Ленин және Г. В. Плеханов Орловтың еңбектеріндегі деректерді пайдаланды.— 262—263.

П

П. С.— *қараңыз:* Струве, П. Б.

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы, материалистік дүние тану көзқарасы жолындағы табанды күрескер, орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық жұмысқа араласты. 1877 жылы «Жер және ерік» деген халықшылдық ұйымына кірді, 1879 жылы бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» атты ұйымын басқарды. 1880 жылы шетелге эмиграцияға кетіп, Плеханов халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясының мәселелері жөнінде ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болып табылатын көптеген еңбектер жазды. «20 жылдың ішінде, 1883—1903,— деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді». (Шығармалар, 20-том, 369-бет). Плехановтың философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі ең таңдаулы еңбектер деп атады. Алайда Плехановтың елеулі қателіктері болды; ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп білді; пролетариаттың гегемониясы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунистермен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде тактиканың түбегейлі мәселелері жөнінен Плеханов пен большевиктер арасында үлкен алауыздықтар болды. Ол кейінірек бірнеше рет меньшевиктерден қол үзіп, меньшевизм мен большевизм арасында ауытқумен болды; 1908—1912 жылдары, меньшевиктер партияның астыртын ұйымдарын жою жолына түскен кезде, Плеханов жойымпаздыққа қарсы шығып, «партияшыл меньшевиктер» тобын басқарды. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып оралып, Уақытша үкіметті қолдау позициясын ұстады; Ұлы Октябрь социалистік революциясына теріс ниетте болды.

Плехановтың аса маңызды теориялық еңбектері мыналар: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және басқалар.— 190, 204—206, 236, 296—297, 306, 317.

Победоносцев, К. П. (1827—1907) — патшалы Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, синодтың обер-прокуроры, іс жүзінде үкіметтің басшысы, III Александр патшалық құрған кездегі өршелепген крепостниктік реакцияның басты дем берушісі, ол II Николай тұсында да зор роль атқарды. Бүкіл өмір бойы революциялық қозғалысқа қарсы қасарысып күрес жүргізді. 60-жылдардағы буржуазиялық реформаларға үзілдікесілді қарсы шықты, шексіз билік ететін самодержавиені жақтады, ғылым мен оқу-ағарту ісінің жауы болды. Буржуазиялық-демократиялық революцияның өрлеуі кезінде, 1905 жылғы октябрьде орнынан түсуге мәжбүр болды да, саяси қызметтен қол үзді.— 296.

Постников, В. Е. (1844—1908) — экономист-статистик, егіншілік және қазына жерлеріне орналастыру жөніндегі мемлекеттік мүлік министрлігінде қызмет істеді, Ерікті-экономикалық қоғамның мүшесі. «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» (1891) деген кітаптың авторы; онда Екатеринослав, Таврия және Херсон губернциялары бойынша земство статистикасының мәліметтерін жинап, өңдеді. В. И. Ленин өзінің «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер», «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» (қараңыз: осы томның 1—125-беттері), «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбектерінде Постниковтың кітабына талдау жасайды. Постниковтың бұл еңбегіне сипаттама бере келіп, В. И. Ленин былай деп жаз-

ті жақтады. Өзінің «Англиядағы егіншілік пен бағаның тарихы» (1866) деген негізгі еңбегінде мол статистикалық материал жинап, өңдеді, К. Маркс оны «Капиталдың» I томында пайдаланды.— 523—524.

Руге (Ruge), *Арнольд* (1802—1880) — неміс публицисі, жас гегельшіл; буржуазиялық радикал. 1844 жылы Парижде Маркспен бірге «Deutsch-Französische Jahrbücher» («Неміс-Француз Әржылдығы») журналын шығарып тұрды. Көп кешікпей Маркс Ругемен байланысын үзді. 1848 жылы Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаттығына сайланды, солшыл қанаттың қатарында болды; 50-жылдары — Англиядағы неміс ұсақ буржуазияшыл эмиграциясы басшыларының бірі, 1866 жылдан кейін— ұлтшыл-либерал, Бисмаркты жақтаушы, баспасөз бетінде Пруссияның билеуімен Германияны қайта біріктіруді жақтады.— 167.

Руссо (Rousseau), *Жан-Жак* (1712—1778) — француздың аса көрнекті ағартушысы; ол өзінің шығармаларында ұсақ буржуазияның идеологиясын бейнеледі; XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революциясын идеологиялық жағынан әзірлеуде маңызды роль атқарды: француздың буржуазиялық-демократиялық әдебиетінің негізін салушылардың бірі; буржуазиялық педагогиканың дамуына зор ықпал жасады. Руссо қоғамдық теңсіздік туралы мәселені ерекше батыл көтерді. Жеке меншікті халық бұқарасын әлеуметтік езудің көзі деп есептей отырып, ол сонымен бірге жеке меншікті бүтіндей жою жағында болмады, жеке меншікті болудің утопиялық, теңгермешіл теориясын ұсынды. Руссоның философиялық көзқарастары дәйекті болмады. Ол барлық табиғи құбылыстардың басы рух пен материя деп есептеді, соның өзінде материяны енжар бастамаға жатқызып, белсенділікті құдайдың үлесіне берді. Руссо философиясының басым тенденциясы идеализм болды, алайда бірқатар реттерде ол материалистік қағидалар айтты. Руссоның қоғамдық теңсіздіктің шығуы және өсуі туралы ілімінде қоғамның дамуында экономиканың шешуші роль атқаратыны жайында болжам айтылды. Ф. Энгельс «Анти-Дюринг» деген еңбегінде Руссоны диалектик деп сипаттады.

Руссоның негізгі шығармалары: «Ғылымдар мен өнерлердің қайта көркеюі мінез-құлықты жақсартуға себепші болды ма?» (1750), «Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығуы және негіздері туралы пайымдаулар» (1755), «Юлия, немесе Жаңа Элоиза» (1761), «Қоғамдық шарт туралы, немесе Саяси правоның принциптері» (1762), «Эмиль, немесе Тәрбие туралы» (1762) және басқалар.— 181.

С

Салтыков-Щедрин, М. Е. (1826—1889) — орыстың ұлы сатирик-жазушысы, революцияшыл демократ. Өзінің шығармаларында сатира әдісін қолдана отырып, Россиядағы самодержа-

виелік-крепостниктік құрылысты өлтіре сынады, есерсоқ помещиктердің, патша бюрократиясы өкілдерінің, қоян жүрек либералдардың образдарының тұтас бір галереясын жасады және көркем әдебиетте тұңғыш рет буржуазиялық жыртқыштардың кескіндерін сомдап соқты. «Қайшылықтар» (1847) және «Шытырман іс» (1848) деген тұңғыш повестері үшін 1848 жылы апрельде Вяткаға жер аударылды, мұнда ол 7 жылдан астам уақыт болды. 1856 жылдың бас кезінде Петербургке қайта оралып, Салтыков «Н. Щедрин» деген бүркеншік атпен «Губерния очерктерін», ал кейінірек, 60—80-жылдары «Бір қаланың тарихы» (1869—1870), «Ізгі ниетті сөздер» (1872—1876), «Головлев мырзалар» (1875—1880) және басқа бірқатар ірі шығармалар жазды. «Головлев мырзалар» романының бас кейіпкері — Иудушканың образын Ленин мәңгі жасайтын образ деп атады, Салтыков шығармаларындағы басқа да образдар сияқты, оны да өзінің еңбектерінде талай рет пайдаланып, халыққа қас әлеуметтік топтар мен саяси партияларды әшкереледі. Салтыковтың шығармаларын К. Маркс те жоғары бағалады. 1863—1864 жылдары Салтыков революциялық-демократиялық бағыттағы «Современник» журналының жетекші публицисі болды, ал 1868 жылдан «Отечественные Записки» журналы редакциясының құрамына кірді. Некрасов қайтыс болғаннан кейін, 1878 жылы журналдың жауапты редакторы және 60-жылдардағы революцияшыл демократияның ұлы дәстүрлерін жалғастырған демократияшыл интеллигенцияның нағыз рухани көсемі болды.— 282, 472.

Сениор (Senior), *Нассау-Уильям* (1790—1864) — ағылшынның тұрпайы экономисі, ол фабриканттардың мүдделерін қорғады және Англияда (XIX ғасырдың 30-жылдары) жұмыс күнін қысқартуға қарсы болуға фабриканттарды үгіттеуге белсене ат салысты. К. Маркс «Капиталдың» I томында Сениордың «Фабрикалық заңның мақта-мата өнеркәсібіне жасайтын ықпалы туралы хаттар» (1837) деген памфлетін қатты сынға алды.— 85.

Скворцов, А. И. (1848—1914) — буржуазиялық экономист, агроном, Новоалександрийск ауыл шаруашылық және орман шаруашылық институтының профессоры, саяси экономия және ауыл шаруашылығының экономикасы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, В. И. Ленин өзінің шығармаларында Скворцовтың буржуазиялық көзқарастарын талай рет сынға алды. Скворцовтың басты-басты еңбектері мыналар: «Бу транспортының ауыл шаруашылығына ықпалы» (1890), «Экономикалық этюдтер» (1894), «Саяси экономия негіздері» (1898) және басқалар.— 210, 527—531, 560.

Слонимский, Л. З. (1850—1918) — публицист, «Вестник Европы» журналының тұрақты қызметкері. 90-жылдары марксистерге қарсы айтысқа қатысты, либералдық-буржуазиялық

көзқарасты жақтады. Оның бұл тақырыптарға жазған мақалалары «Карл Маркстің экономикалық ілімі» (1898) деген кітабында және басқа еңбектерінде жинақталған.— 355.

Смит (Smith), *Адам* (1723—1790) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілі. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» (1776) деген еңбегінде өндірістің қай саласына жұмсалса да еңбек атаулының бәрі құнның қайнар көзі деп тұңғыш рет жариялады. Осы қағидаға сүйене отырып, Смит жұмысшының жалақысы оның өнімінің бір бөлегі және ол жұмысшының тіршілік құралдарының құнымен анықталады, капиталистер мен жер иелері табыстарының қайнар көзі де жұмысшылардың еңбегі деген өте маңызды қорытынды жасады. Смит капиталистік қоғамның үш таптан: жұмысшылардан, капиталистерден және жер иелерінен құралатынын тұңғыш рет көрсетіп берді. Бірақ буржуазиялық дүние тану көзқарасы шегінде қалған ол бұл қоғамда тап күресінің бар екенін бекерге шығарды. Смиттің саяси экономияны дамытудағы еңбектерін атап айта келіп, Маркс сонымен бірге оның көзқарастарының буржуазиялық тар өрістілігін, қайшылықтарын және қателігін көрсетіп берді. Товар құнының оған жұмсалған жұмыс уақытымен дұрыс анықталуын Смит еңбектің өз құнымен шатастырды. Капитализм тұсында құн тек қана табыстардан — жалақыдан, пайдадан және рентадан құралады деп пайымдай отырып, товар өндірген кезде пайдаланылған тұрақты капиталдың құнын қалдырып кетіп, қате жасады. Смиттің қате қағидаларын буржуазиялық тұрпайы экономистер капитализмді идеологиялық жағынан қорғау үшін пайдаланды. В. И. Ленин Смитті алдыңғы қатарлы буржуазияның ұлы идеологы деп сипаттай келіп, өзінің бірқатар еңбектерінде оның ілімінің жекелеген қағидаларын сынға алды.— 554.

Смит (Smith), *Гольдвин* (1823—1910) — ағылшын тарихшысы, публицист, әрі экономист; Оксфорд университетінде жаңа тарих профессоры болды, 1868 жылдан Итактағы (Нью-Йорк штаты) университетте ағылшын тарихы кафедрасын басқарды. 1871 жылы Канадаға көшіп барды. Ирландияға, Канадаға және Америка Құрама Штаттарына қатысы бар мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— 523.

Спенсер (Spencer), *Герберт* (1820—1903) — ағылшын философы, психолог әрі социолог, позитивизмнің көрнекті өкілі, қоғамның органикалық теориясы дейтіннің негізін салушылардың бірі. Әлеуметтік теңсіздікті ақтауға тырысып, Спенсер адам қоғамын хайуанаттар организміне ұқсатты және тіршілік үшін күресу жөніндегі биологиялық ілімді адамзат тарихына көшіре салды. Спенсердің реакцияшыл философиялық және социологиялық көзқарастары оны ағылшын буржуа-

У

Ульянов, В. И. — қараңыз: Ленин, В. И.

Успенский, Г. И. (1843—1902) — орыстың аса көрнекті жазушысы әрі публицисі, революцияшыл демократ. Баспасөзде тұңғыш рет 1862 жылы «Идиллия» деген әңгімесімен көрінді, 1865 жылы «Современник» журналының қызметкері, бұл журнал жабылғаннан кейін «Отечественные Записки» журналының тұрақты қызметкері болды. «Растеряев көшесінің әдет-ғұрыптары» (1866), «Күйзеліс» (1869—1871), «Деревня күнделігінен» (1877—1880), «Шаруа және шаруа еңбегі» (1880), «Жер құдіреті» (1882) және басқа шығармаларында жазушы қала кедейлері мен шаруалардың езілуі мен правосыздығын аса зор реалистік шеберлікпен суреттеді. Өзінің халықшылдық көзқарастарына қарамастан, капиталистік қатынастардың дамуын, деревняның патриархтық өмірі негіздерінің құрып бітуін, қауымның күйреуін шынайы көрсетіп берді. В. И. Ленин Успенскийді жоғары бағалап, оны «шаруа өмірін суреттеп берген таңдаулы жазушылардың» бірі деп есептеді, өзінің еңбектерінде Успенскийдің шығармаларына жиі сілтеме жасап отырды.— 276, 374—376, 382—383, 416.

Ф

Фаусетт (Fawcett), *Генри* (1833—1884) — ағылшын саяси қайраткері, экономист, Мальтусты жақтаушы, 1863 жылдан — Кембриджде саяси экономия профессоры. 1865 жылы парламентке сайланып, мұнда виги жағына қосылды. 1880 жылдан Гладстонның министрлігіне енді. Оның еңбектері мыналар: «Британ жұмысшыларының экономикалық жағдайы» (1865), «Пауперизм: оның себептері және оны жою құралдары» (1871) және басқалар.— 523.

Х

Харизоменов, С. А. (1854—1917) — орыстың көрнекті земство статистигі, экономист. XIX ғасырдың 70-жылдарында «Жер және ерік» атты халықшылдық ұйымның мүшесі болды, ол жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліске» қосылды; 1880 жылы революциялық қозғалыстан шеттеп, статистикамен шұғылдана бастады. Харизоменов Владимир губерниясының майдагерлік кәсіпшіліктерін зерттеді, Таврия губерниясын үй басы зерттеу жөнінде жұмыс жүргізді, Саратов, Тула және Тверь губернияларында земстволық статистикалық зерттеулерге басшылық етті, экономика мәселелері жөнінде «Русская Мысль» және «Юридический Вестник» журналдарына бірқатар мақалалар жазды.

В. И. Ленин 90-жылдары жазған еңбектерінде Харизоменовтың мәліметтерін жиі пайдаланды.— 221.

Ч

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россияның 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалысының идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Социалист-утопист болуы себепті ол социализмге шаруалар қауымы арқылы өтуге болады деп санады, бірақ сонымен бірге революцияшыл демократ ретінде «ол — цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан — шаруа революциясының идеясын, бұқараның барлық ескі өкіметтерді құлату жолындағы күресінің идеясын тарата отырып, өз заманындағы саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 107-бет). Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкерелеп айыптады, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавловск қамалына отырғызды, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский қартайған шағында ғана айдаудан босатылды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болды.

Чернышевский орыстың материалистік философиясын дамыту саласында орасан зор еңбек сіңірді. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы еді. Чернышевскийдің материализмі революциялық пәрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатты сынға алып, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта өңдеуге ұмтылды. Саяси экономия, эстетика, көркем сын, тарих саласында Чернышевский өмір шындығын зерттеуге диалектикалық тұрғыдан қараудың үлгілерін көрсетті. Чернышевскийдің еңбектерін оқыған К. Маркс бұл шығармаларды өте жоғары бағалады және Чернышевскийді орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский 50-жылдардан бастап 88-жылға дейін сындарлы философиялық материализмнің дәрежесінде бола білген... орыстың бірден-бір шын ұлы жазушысы. Бірақ орыс өмірінің артта қалуы себепті,— деп атап көрсетті Ленин,— Чернышевский Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмінің дәрежесіне көтеріле білмеді, дұрысырақ айтқанда, көтеріле алмады» (Шығармалар, 14-том, 397-бет).

Чернышевскийдің қаламынан философия, саяси экономия, тарих, этика, эстетика саласында бірқатар тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерін дамытуға орасан зор ықпал жасады. Россиядағы және шетелдердегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышев-

скийдің «Не істеу керек?» (1863) деген романын оқып, тәлім алды.— 285, 288, 295, 305—308.

Чичерин, Б. Н. (1828—1904) — мемлекет туралы ғылымның маманы, юрист, тарихшы әрі философ, либералдық қозғалыстың көрнекті қайраткері. 1861 жылдан 1868 жылға дейін — Москва университетінің профессоры. 1882—1883 жылдары — Москва қаласының бастығы. Саяси көзқарастары бойынша — конституциялық монархияны жақтаушы. Философияда — кәнігі идеалист әрі метафизик. Негізгі еңбектері: «Меншік және мемлекет» (1882—1883), «Саяси ілімдер тарихы» (1869—1902), «Право философиясы» (1900) және басқалар.— 390, 527.

Щ

Щедрин — қараңыз: Салтыков-Щедрин, М. Е.

Щербина, Ф. А. (1849—1936) — земство статистигі, халықшыл; орыс бюджет статистикасының негізін салушы. 1884—1903 жылдары Воронеж земстволық статистика бөлімшесін басқарды. 1907 жылы халықтық социалистер партиясынан II Мемлекеттік думаның мүшесі болды. Россия ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті. 100-ге жуық статистикалық еңбектерді құрастырып, редакциясын өзі басқарып бастырып шығарды, олардың ішінде мынадай еңбектер бар: «Острогожск уезіндегі шаруалар шаруашылығы» (1887), «Воронеж земствосы. 1865—1889 ж. Тарихи-статистикалық шолу» (1891), «Шаруалар бюджеттері» (1900). В. И. Ленин өз шығармаларында Щербинаның еңбектерін пайдаланды, бірақ оны халықшыл ретінде қатты сынға алды.— 236, 237, 238—242, 245, 498—499.

Э

Энгельгардт, А. Н. (1832—1893) — публицист, халықшыл; өзінің қоғамдық-агрономиялық қызметі және Смоленск губерниясындағы Батищево деген имениесінде тиімді шаруашылық ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесі арқылы аты шықты. В. И. Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» атты кітабында (III тарау, §VI) Энгельгардттың шаруашылығы арқылы халықшылдық теориялардың бүкіл утопиялылығын көрсете келіп, бұл шаруашылыққа сипаттама берді. Энгельгардт «Отечественные Записки» журналында басылған «Деревнядан» деген хаттардың (1882 жылы жеке кітап болып шықты) және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі басқа да бірқатар еңбектердің авторы; орыстың тұңғыш «Химический Журналының» (1859—1860) редакторы болды.— 304.

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариат-

тың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (өмірбаяндық деректерді В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласынан қараңыз,— Шығармалар, 2-том, 5—15-беттер).— 105, 149—154, 161, 166, 169—171, 175—181, 188, 190, 191—192, 348—349, 448, 462—466, 494.

Ю

Южаков, С. Н. (1849—1910) — либерал халықшылдық идеологтарының бірі, социолог әрі публицист. «Отечественные Записки», «Вестник Европы» және басқа журналдарға жазып тұрды. «Русское Богатство» журналы басшыларының бірі. Марксизмге қарсы қасарыса күрес жүргізді. В. И. Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінде (қараңыз: осы томның 129—366-беттері), әсіресе оның екінші (табылмаған) бөлімінде, сондай-ақ «Гимназия шаруашылықтары және құлық түзету гимназиялары» және «Халықшылдардың қияли жобаға әуестігінің кереметтері» деген мақалаларында (Шығармалар, 2-том, 67—75, 507—542-беттер) Южаковтың саяси-экономикалық көзқарастарын қатты сынға алды.— 48—49, 133, 196, 213, 219—220, 223, 235, 246, 255, 257, 264, 271, 279, 281—282, 305, 316, 386, 405, 423, 444—448, 468, 472, 519, 559, 562.

Я

Яковлев, А. В. (1835—1888) — ұсақ жер кредиті, артельдер және басқа мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. Струве «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген еңбегінде Яковлевтің «Апта» деген жинақта 1872 жылы басылған «Ассоциация және артель» деген мақаласынан үзінділер келтіреді.— 442, 502.

Янжул, И. И. (1846—1914) — буржуазиялық экономист әрі статистик. Москва университетінің финанс правосы кафедрасының профессоры. 1882 жылдан — Москва округінің бірінші тағайындалған фабрика инспекторы, бірқатар публицистикалық мақалалардың, сондай-ақ фабрикалық заң және фабрика тұрмысы жөніндегі еңбектердің авторы. Өзінің фабрика инспекторы ретіндегі жұмысы туралы «Бірінші тағайындалған фабрика инспекторының естеліктері мен жазысқан хаттарынан» (1907) деген кітап жазды.— 558.

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ
(1870—1894 жылдар)

1870

10 (22) апрель.	Симбирскіде (қазіргі Ульяновск) Владимир Ильич Ульянов (Ленин) туды.

1879

16 (28) август.	Ленин Симбирск классикалық гимназиясының бірінші класына қабылданды.

1886

12 (24) январь.	Лениннің әкесі — Илья Николаевич Ульянов қайтыс болды.

1887

1 (13) март.	Лениннің ағасы — Александр Ильич Ульянов III Александрдың өміріне қастандық жасауға қатысқаны үшін тұтқынға алынды.
18 (30) апрель.	Ленин Симбирск гимназиясының директорына өтініш жазып, оған кәмелеттік аттестат алу үшін емтихан тапсыруына рұқсат етуді сұрайды.
5 (17) май— 6 (18) июнь	Ленин Симбирск гимназиясын бітіру емтиханын тапсырады.
8 (20) май	III Александрдың өміріне қастандық жасау жөніндегі іс бойынша сотталған А. И. Ульянов және басқалар дарға асылды.

10 (22) июнь.	Ленин Симбирск гимназиясын алтын медальмен бітірді.
Июньнің ортасы.	Ленин Қазан университетінің заң факультетіне оқуға түсуге ұйғарады.
Июньнің аяғы.	Ульяновтардың семьясы Қазанға көшіп барады.
29 июль (10 август).	Ленин Қазан университетінің ректорына заң факультетінің бірінші курсына қабылдауды сұрап өтініш береді.
13 (25) август.	Ленин Қазан университетіне оқуға түседі.
Сентябрь — ноябрь	Ленин Қазанда студенттердің революциялық үйірмесіне және Самара-Симбирск жерлестерінің жиынына қатысып жүреді.
6 (18) октябрь.	Ленин Қазан университетінің инспекторына арыз жазып, онда 1887—1888 оқу жылының бірінші жарты жылдығында өзін лекция тыңдауға тіркетіп қоюды өтінеді. Арнаулы пәндер: орыс правосының тарихы, рим правосының тарихы, право энциклопедиясынан басқа арызда діни оқу және ағылшын тілі көрсетілген.
4 (16) декабрь.	Ленин Қазан университетінде студенттердің жиынына қатысады.
Декабрьдің 4-нен 5-не (16-нан 17-не) қараған түні.	Ленин студенттердің толқуларына қатысқаны үшін тұтқынға алынады.
5 (17) декабрь.	Ленин Қазан университетінің ректорына университет өмірінің қазіргі жағдайында білім алуды жалғастыра берудің мүмкін болмауына байланысты өзін студенттер қатарынан шығару туралы өтініш береді. Ленин университеттен шығарылады.
7 (19) декабрь.	Ленин Қазаннан Қазан губерниясындағы Кокушкино деревнясына полицияның жасырын бақылауымен жер аударылады.

1888

9 (21) май.	Ленин халық ағарту министріне Қазан университетіне қайтадан түсуге рұқсат сұрап өтініш береді. Өтінішті қабылдамайды.

6 (18) сентябрь.	Ленин ішкі істер министріне білімін толықтыру үшін шетелге баруға рұқсат сұрап өтініш береді. Өтініші қабылданбайды.
Октябрьдің басы.	Ленин Кокушкино деревнясынан Қазанға қайтуға рұқсат алады; Ульяновтардың семьясы сонда көшіп барады. Ленинді полиция сырттай бақылауға алады.
Күз.	Ленин К. Маркстің «Капиталын» оқып үйренеді, Н. Е. Федосеев ұйымдастырған маркстік үйірмелердің біріне кіреді.

1889

3 — 4 (15—16) май	Ленин Қазаннан Самара губерниясына, Алакаевка деревнясына жақын жердегі хуторға көшіп барады.
Май.	Ленин «емделу үшін» шетелге баруга рұқсат сұрайды. Полиция департаменті оған шетелдік паспорт беруден бас тартады.
Май — июнь.	«Самарская Газетаның» 1889 жылгы 107, 109, 111, 113, 115, 117, 119, 121, 123, 125-номерлерінде Лениннің (В. Ульяновтың) сабақ бергісі келетіні туралы хабарландырулар басылады.
13 (25) июль.	Н. Е. Федосеев және ол Қазанда ұйымдастырган маркстік үйірмелердің мүшелері, оның ішінде Ленин қатысқан үйірменің мүшелері де тұтқынга алынады.
11 (23) октябрь.	Ленин Алакаевка деревнясына жақын жердегі хутордан Самараға көшіп барады.
11 (23) октябрьден кешірек.	Ленин Самарада сабақ береді.
1889 жылғы 11 (23) октябрь мен 1893 жылғы 17 (29) август аралығында.	Ленин В. В.-ның (В. П. Воронцовтың) «Россиядағы капитализмнің тағдыры» деген кітабымен танысады; кітапқа кейбір белгілер қойып, есептер шығарып, кейбір жерлерінің астын сызып қояды. Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» және «Россияда капитализмнің дамуы» деген шығармаларында осы кітапты сынға алады.

28 октябрь (9 ноябрь). Ленин халық ағарту министріне өтініш беріп, онда қандай да болсын бір жоғары оқу орнында заң ғылымының кандидаты атағын алу үшін экстерн ретімен емтихан тапсыруға рұқсат сұрайды. Өтініші қабылданбайды.

1890

1889 жылдың аяғы — 1890 жыл. Ленин Самарада Маркс пен Энгельстің шығармаларын оқып үйрене береді, «Коммунистік партияның манифесін» аударады, кейін бұл аударма Самараның жасырын үйірмелерінде оқылады (бұл аударма сақталмаған). Ленин А. П. Скляренкомен, В. А. Ионовпен танысып, Самара жастары арасында марксизмді насихаттайды.

12 (24) май. Лениннің анасы — Мария Александровна Ульянова ұлының университеттердің біріне оқуға түсуіне немесе мемлекеттік емтиханды экстерн ретімен тапсыруына рұқсат сұрап полиция департаментіне өтініш береді.

17 (29) май. М. А. Ульянова халық ағарту министріне ұлының университеттердің бірінде оқу бітіру емтиханын тапсыруына рұқсат сұрап өтініш береді. Өтініші қанағаттандырылады.

12 (24) июнь. Ленин халық ағарту министріне өтініш жазып, онда Петербург университетінде заң факультетінің пәндері бойынша экстерн ретімен емтихан тапсыруға рұқсат етуді сұрайды. Өтініші қанағаттандырылады.

1890 жылғы 12 (24) июнь мен 1891 жылғы 5 (17) апрель аралығында. Мемлекеттік емтиханға дайындалуына байланысты Ленин А. Д. Градовскийдің «Орыс мемлекеттік правосының негіздері» (I—III томдар) деген кітаптарын оқиды; кітаптардың кейбір жерлерінің астын сызып қояды, тұс-тұсына пікір жазады.

Жаз. Ленин Алакаевка деревнясына жақын жердегі хуторда тұрады, Самараға барып-қайтып жүреді.

Августың аяғы. Петербург университетінде заң факультетінің курсы бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру туралы сөйлесу мақсатымен Ленин тұңғыш рет Петербургке барады.

26 август — 1 сентябрь (7 — 13 сентябрь).	Петербургке бара жатып Ленин Қазанга аялдайды.
1890 жылғы 19 (31) октябрь мен 1891 жылғы 10 (22) апрель аралығында.	Мемлекеттік емтиханға дайындалуына байланысты Ленин Ю. Янсонның «Статистика теориясы» деген кітабын оқиды: кітаптың кейбір жерлерінің астын сызып қояды, тұс-тұсына пікір жазады.
24 октябрь (5 ноябрь).	Ленин Петербургтен Самараға аттанады.

1891

Марттың аяғы.	Ленин емтихан тапсыру үшін Петербургке келеді.
26 март (7 апрель).	Ленин Петербург университеті жанындагы сыннан өткізетін заң комиссиясының председателіне университет курсы бойынша экстерн ретімен емтихан тапсыруына рұқсат сұрап өтініш береді. Өтінішіне қылмысты істер правосы жөніндегі шығармасын қоса тапсырады.
Марттың аягы — апрель.	Ленин Қыздар жоғары (Бестужевтік) курсы жатақханасындағы қарындасы —Ольга Ильинична Ульяноваға бірнеше рет барып жолығады.
4—24 апрель (16 апрель — 6 май).	Ленин Петербург университетінде заң факультетінің курсы бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады (көктемгі сессия).
Апрель.	Ленин іш сүзегімен ауырған қарындасы — О. И. Ульянованы Александровск ауруханасына апарып орналастырып, оған үнемі барып тұрады.
Апрельдің аяғы — майдың басы.	Ленин қарындасы — О. И. Ульянованың науқасы туралы анасы — М. А. Ульяноваға хабарлайды. О. И. Ульянова қайтыс болады.
10(22) май.	Ленин қарындасы О. И. Ульянованы Волков зиратына жерлеуге қатысады.
Көктем мен күз.	Ленин технология институтының оқытушысы Л. Ю. Явейнге барып тұрады, одан маркстік әдебиет алады.

Көктем немесе күз.	Ленин ағасы А. И. Ульяновтың өмірі мен ғылыми жұмысы туралы және қарындасы О. И. Ульянова туралы кейбір егжей-тегжейлі жайттарды білу үшін Петербург университетінің приват-доценті С. Ф. Ольденбургке барып жолығады.
17(29) май.	Ленин Петербургтен Самараға аттанады.
Жаз — сентябрьдің басы.	Ленин Самарада және Алакаевка деревнясына жақын жердегі хуторда тұрады.
Сентябрьдің бірінші жартысы.	Ленин Петербург университетінде қалған емтихандарды тапсыру үшін Петербургке келеді.
10 және 15 (22 және 27) сентябрь аралығы.	Ленин право саласынан жазбаша емтихан тапсырады.
16(28) сентябрь — 9(21) ноябрь.	Ленин Петербург университетінде мемлекеттік емтихан тапсыруды аяқтайды (күзгі сессия).
20 октябрь — (1 ноябрь).	Ленин шетелге бару туралы мәселе жөнінде полиция департаментінің вице-директорының қабылдауында болады. Тілегі қабылданбайды.
12(24) ноябрь.	Ленин Петербургтен Самараға оралады.
15(27) ноябрь.	Петербург университеті заң факультетінің сынақ комиссиясы Ленинге бірінші дәрежелі диплом береді.

1892

14(26) январь.	Ленин Петербург оқу округінің басқармасынан бірінші дәрежелі университет дипломын алады.
30 январь (11 февраль).	Ленин Самарада А. Н. Хардинге адвокаттың көмекшісі болып қызметке алынады.
28 февраль (11 март).	Ленин адвокат болуға право беретін куәлік сұрап Самара округтік сотына өтініш жазады.
Март — апрель.	Ленин Самара округтік сотында шаруалар Муленковтың, Опариннің, Тишкиннің, Зориннің

	және басқа адамдардың істері бойынша қорғаушы ретінде сөз сөйлейді.
Май.	Ленин А. И. Ульянованың ері — М. Т. Елизаровпен бірге Сызраньға және Бестужевка деревнясына барып қайтады.
1(13) июнь.	Ленин полиция департаментінің директорына өтініш жолдап, онда өзіне адвокат болуға право беруге полиция департаменті тарапынан бөгет жоқ екені туралы Самара округтік сотының председателіне хабарлауды сұрайды.
11(23) июнь.	Ленин Самара округтік сотының председателіне өтініш жазып, онда өзіне адвокат болуға право алатын куәлік беруге полиция департаменті тарапынан бөгет жоқ екені туралы одан сұрап білуді өтінеді.
Июнь.	Ленин Самара округтік сотында шаруалар Бамбуровтың, Чиновтың және басқалардың істері бойынша қорғаушы ретінде сөз сөйлейді.
23 июль (4 август).	Ленин 1892 жыл бойына сот істерін жүргізуге право алады.
Жаз.	Ленин Алакаевка деревнясына жақын жердегі хуторға барып-қайтып тұрады.
1892 жылдың жазы — 1892—1893 жылдардың қысы.	Ленин халықшылдардың көзқарастарын сынап рефераттар жазады және оларды жасырын үйірмелерде оқиды. Бұл рефераттары ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегіне дайындық материал болды.
Сентябрь — декабрь.	Ленин Самара округтік сотында жекелеген адамдардың сот істері жөнінде қорғаушы ретінде сөз сөйлейді.

1893

5(17) январь.	Ленин Самара округтік сотына өтініш беріп, онда 1893 жыл бойына сот істерін жүргізуге праволы болатын куәлік беруді өтінеді.
12(24) 13(25) январь.	Ленин Самара округтік сотында бір сот ісі жөнінде қорғаушы ретінде сөз сөйлейді.

Ерте дегенде март. Ленин В. Е. Постниковтың «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» деген кітабын оқиды; кітапқа белгілер қояды, есептер шығарады және кейбір жерлерінің астын сызады. Ленин «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақаласында бұл кітапқа егжей-тегжейлі талдау жасады. Ленин «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген мақаласында, кейінірек «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында Постниковтың кітабына сілтеме жасайды.

Март — апрель. Ленин Самара округтік сотында жекелеген адамдардың сот істері жөнінде қорғаушы ретінде сөз сөйлейді.

Көктем. Лениннің төңірегінде Самара марксистерінің (А. П. Скляренко, И. Х. Лалаянц) үйірмесі құрылады. Ленин «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер (В. Е. Постниковтың кітабы жөнінде)» деген реферат-мақала жазып, оны осы үйірмеде оқиды. Үйірме Поволжьенің алдыңғы қатарлы жастарына үлкен ықпал жасайды.

20 майдан (1 июньнен) кешірек — 31 августан (12 сентябрьден) ертерек. Ленин Н. А. Карышевтің «Халық шаруашылық нұсқалары» деген мақаласын («Русское Богатство», № 5, 1893) оқып, оның кейбір жерлерінің астын сызып қояды, тұс-тұсына пікір жазады.

Жаз. Ленин Алакаевка деревнясына жақын жердегі хуторға барып-қайтып жүреді.

16(28) август. Ленин Петербург сот округіне ауысу ниетімен Самара округтік сотының председателіне өтініш жазып, онда өзінің адвокаттың көмекшісі болып істегені, 1892 және 1893 жылдары сот істерін жүргізуге праволы болған куәліктер алғаны туралы куәлік беруді сұрайды.

17(29) августан кешірек. Ленин Самарадан Петербургке бара жатып Нижний Новгородқа тоқтап, жергілікті марксистермен танысады, Петербургтегі жасырын кездесетін үйдің адресін алады.

Августың аяғы. Ленин Петербургке бара жатып, Москвада кідіреді, жергілікті марксистермен танысады.

26 август (7 сентябрь).	Ленин Румянцов музейі кітапханасының (қазір В. И. Ленин атындағы СССР Мемлекеттік кітапханасы) оқу залында жұмыс істейді.
31 август (12 сентябрь).	Ленин Петербургке келеді.
3(15) сентябрь.	Ленин адвокат М. Ф. Волкенштейнге көмекші болып алынады.
Ерте дегенде 21 сентябрь (3 октябрь)— кеш дегенде 25 сентябрь (7 октябрь).	Ленин Н. Е. Федосеевпен кездесу үшін Владимирге келеді. Федосеевпен кездесе алмайды, өйткені бұл кезде ол түрмеден босатылған жоқ еді.
Сентябрь, 1893—1895 жылдар.	Ленин Петербург округтік соты жанындағы адвокаттар көмекшілерінің конференциясына, сондай-ақ қорғаушы адвокаттар Советіне қатысады, мұнда заң консультациясын өткізеді және сот істерін жүргізеді.
	Ленин Мемлекеттік көпшілік кітапханасына (қазір Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы), сондай-ақ Еркін экономикалық қоғамның кітапханасына үнемі барып тұрады.
5(17) октябрь.	Ленин анасы — М. А. Ульяноваға хат жазып, өзінің тұрмыс жағдайын, заң консультациясынан орын алуды күтіп жүргенін хабарлайды.
Октябрь.	Ленин қарындасы — М. И. Ульяноваға хат жазып, Көпшілік кітапханасында жұмыс істейтіндігі туралы хабарлайды, оның және інісінің сабақтары қалай өтіп жатқанын білгісі келетінін айтады.
1893 жылдың күзінен ертерек.	Ленин «Саратов губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы, XI том, Камышин уезі» деген кітапты оқиды; кітапқа белгілер қояды, есептер шығарады, жолдардың тұс-тұсын сызып қояды. Ленин бұл жинақты «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» және «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбектерінде пайдаланды.
Күз.	Ленин Петербургте технолог студенттердің (С. И. Радченко, В. В. Старков, П. К. Запо-

рожец, Г. М. Кржижановский, А. А. Ванеев, М. А. Сильвин және басқалар) маркстік үйірмесіне кіреді. Үйірменің жиналысында Г. Б. Красиннің «Рыноктар туралы мәселе» деген рефератын сынап сөз сөйлейді.

Ленин «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген реферат-мақала жазып, оны маркстік үйірмеде оқып береді.

Ленин мына кітапты оқиды: «Әскери-статистикалық жинақ», IV бөлім. Россия. Редакциясын басқарған Н. Н. Обручев; кітапқа белгілер салып, кейбір жерлерінің астын сызады. Ленин бұл жинақты «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде», ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» және «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбектерінде пайдаланады.

1893—1894 жылдардың күзі мен қысы. Ленин Петербург фабрикалары мен заводтарының алдыңғы қатарлы жұмысшыларымен (В. А. Шелгуновпен, И. В. Бабушкинмен және басқалармен) байланыс жасайды.

Декабрьдің екінші жартысы. Ленин П. П. Масловқа хат жазып, оның хатын алғанын, оған Н. Е. Федосеевтің шаруалар реформасы туралы мақалаларын жібергенін және «Русская Мысль» журналының «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақаланы басудан бас тартқанын хабарлайды; осы мақала жөнінде ескертпелер айтуды өтінеді.

1893 немесе 1894 жыл. Ленин Н. Е. Федосеевпен маркстік дүние тану көзқарасының мәселелері жөнінде хат жазыса бастайды.

1894

Январьдың басы. Ленин Москваға келеді.

9(21) январь. Ленин Москвадағы жасырын жиналыста халықшыл В. В.-ның (В. П. Воронцовтың) көзқарастарын өлтіре сынап сөз сөйлейді.

Январь. Ленин Нижний Новгородқа барып, жергілікті маркстік үйірмеде В. В.-ның «Россиядағы капитализмнің тағдырлары» деген кітабы туралы рефератты оқиды.

	Ленин Петербургке қайтып оралып, мұнда Петербургтегі марксистер тобына және орталық жұмысшылар үйірмесіне басшылық етеді, Нева заставасының арғы бетіндегі және басқа аудандардағы жұмысшылар үйірмелерінде сабақ береді.
Февральдің аяғы.	Ленин Питер марксистерінің инженер Классонның пәтерінде (Охтада) өткен кеңесіне қатысады. Кеңеске Владимир Ильичтен басқа Н. К. Крупская, Р. Э. Классон, Я. П. Коробко, С. И. Радченко, Серебровский және басқалар қатысады. Мұнда Ленин тұңғыш рет Крупскаямен кездеседі.
	Ленин «жария марксистердің» өкілдерімен — А. Н. Потресовпен, П. Б. Струвемен, М. И. Туган-Барановскиймен және басқалармен танысады. Кейінірек олармен халықшылдарға қарсы күресу үшін уақытша келісім жасайды.
Апрельден ертерек.	Ленин Ф. Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген кітабын оқып үйренумен шұғылданады және кітаптың кейбір жерлерін неміс тілінен орысшаға аударады.
Көктем — жаз.	Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегін жазады; бұл еңбектің бірінші бөлімі июнь айында Петербургте гектографта басылып шықты.
30 май (11 июнь).	Ленин «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» деген мақалаға П. П. Масловтың жасаған ескертпелеріне байланысты оған хат жазады.
Жылдың бірінші жартысы.	Ленин халықшыл Н. А. Карышевтің «Шаруалардың жерді үлестен тыс арендалауы» деген кітабын оқиды, бұл кітапқа белгілер қойып, кейбір жерлерінің астын сызады. Бұл кітап Лениннің «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер» және «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген еңбектерінде аталады; кейінірек «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде сынға алынды.

	Ленин Петербургтегі маркстік үйірмеде реферат оқып, халықшыл Н. Карышевтің «Шаруалардың жерді үлестен тыс арендалауы» деген кітабына сын тұрғысынан талдау жасайды.
14(26) июнь.	Ленин Москваға барады. Жазды Москва түбіндегі дачада, Кузьминкада тұратын туыстарында өткізеді.
Июль.	Петербургте Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінің бірінші бөлімі екінші рет гектографта басылып шықты.
Июль — август.	Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінің жасырын түрде басылып шығуына байланысты Горкидегі (Владимир губерниясы) А. А. Ганшинге барады.
27 август (8 сентябрь).	Ленин Москвадан Петербургке оралады.
Августың аяғы.	Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінің бірінші бөлімі үшінші рет (Горкиде, Владимир губерниясы), екінші бөлімі бірінші рет Москвада басылып шықты.
Сентябрь.	Петербургте Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінің үшінші бөлімі бірінші рет және бірінші бөлімі төртінші рет құпия түрде басылып шықты.
Октябрь — ноябрь.	Петербургте Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінің екінші бөлімі екінші рет құпия түрде басылып шықты.
Күз.	Ленин Петербург марксистерінің үйірмесінде өзінің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегін оқиды.
	Ленин Петербург марксистері үйірмесінің жиналысында «Марксизмнің буржуазиялық әде-

биетте баяндалуы» деген реферат оқып, Струвенің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген кітабында марксизмнің буржуазиялық тұрғыдан бұрмалануын қатты сынға алады.

Күз — қыс. Ленин Нева заставасының арғы бетінде, Петербург және Выборг жағында жұмысшылар үйірмелерінде сабақ береді.

13(25) декабрь. Ленин М. И. Ульяноваға хат жазып, оның өзінің және анасының денсаулығын сұрайды, Москва университетінің өмірі жайлы білгісі келетінін айтады, «Капиталдың» үшінші томын табудың қиындығына шағынады және бұл жөнінде М. Т. Елизаровқа хабарлауды өтінеді.

24 декабрь (5 январь, 1895 ж.). Ленин М. И. Ульяноваға хат жазады; хатта оның денсаулығын ойлап алаңдайтындығын айтады, тым қатты шаршамау керек деп кеңес береді; Н. В. Шелгуновтың еңбектері туралы оның пікірін сұрайды.

Декабрьдің аяғы. Ленин Қыздар жоғары (Бестужевтік) курсының тыңдаушысы, Петербург социал-демократиялық тобының мүшесі, науқас С. П. Невзороваға барып, оның хал-жайын біледі.

24 декабрьден (1895 жылғы 5 январьдан) кешірек. Ленин жұмысшы И. В. Бабушкиннің белсене қатысуымен Семянников заводында болған толқулар жөнінде сол заводтың жұмысшыларына арнап листовка жазады; бұл орыс марксистерінің тұңғыш үгіт листогы еді.

1894 жылдың аяғы — 1895 жылдың басы. Ленин «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы)» деген еңбегін жазады.

МАЗМҰНЫ

1894 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ҚОСЫМШАЛАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-бас. аударма. 55 томдық. т. I — Алматы, «Қазақстан», 1973.
т. I 1893—1894. 696 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар:
А. Д. Копцева (дайындаушы),
Е. Б. Струкова, В. В. Горбунов.
В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің
кезеңдері туралы материалды
және әдебиет көрсеткішін дайындаған:
А. П. Щербакова.

Редакторлар: *Г. Д. Обичкин* және *К. А. Остроухова.*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 9/VII—1973 г. Подписано к печати 26/X—1973 г. Формат 84×108¹/₃₂. Бумага типографская № 1.— 22,625=38,01 усл. п. л.+5 цв. вкл. ⁵/₁₆ п. л. (38,8 уч.-изд. л.). Тираж 15 000 экз. Цена 65 коп.

Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 1150. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

1

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫ

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ